

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы



**2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫНДА
ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ
ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ БЕРЕТІН ҰЙЫМДАРЫНДА
ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ
ТУРАЛЫ**

Әдістемелік нұсқау хат

Астана
2017

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы Ғылыми кеңесімен баспаға ұсынылды (2017 жылғы 21 сәуірдегі № 5 хаттама).

2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы: Әдістемелік нұсқау хат. – Астана: Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы, 2017. – 340 б.

Жинаққа 2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін мектептерінің мектепалды даярлық және 1-11-сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру бойынша материалдар енгізілген.

Жинақ жалпы орта білім беретін мектептердің басшылары мен пән мұғалімдеріне, білім саласының қызметкерлеріне арналған.

ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

Қазақстан Республикасы Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес білім сапасын арттыру жөніндегі жұмыстың негізгі бағыттары білім беру процесіне қатысушылардың үздік білім беру ресурстары мен технологияларына бірдей қолжетімділікті қамтамасыз ету, жылдам өзгермелі әлемде табыстылығын қамтамасыз ететін білім алуға деген білім алушылардың сұраныстарын қанағаттандыру, Қазақстан Республикасы азаматтарының жалпы білім беретін мектептерде интеллектуалдық, рухани және дене бітімі дамуын қалыптастыру болып табылады.

Бүгінгі күні білім беру жүйесі түбегейлі жаңаша ойлауға негізделген іргелі реформалар кезеңіне қадам басты.

Дүниежүзілік экономикалық форум XXI ғасырдағы табысты адамның білімі мен іскерлігінің 16 түрін атап көрсетті. Олар:

- командадағы жұмыс дағдылары;
- көшбасшылық қасиет;
- бастамашылық;
- IT-құзыреттілік (айти-құзыреттілік);
- қаржылық және азаматтық сауаттылық және т.б.

2015 жылы Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) Білім беру саясаты комитеті «Білім мен дағдылардың болашағы: Білім беру-2030» атты жаңа жобаны іске асыруды бастады.

ЭЫДҰ әлемнің бұрын белгісіз жаһандық сын-қатерлермен көбірек бетпе-бет келіп отырғанын, барынша тартысты және осал болып келетінін негізге алады.

XVII (он жетінші) ғасырдағы адамның бүкіл өмірі бойындағы алған ақпаратты қазіргі заманғы адам 1 айда ғана алады және өңдейді. Әлемде ақпарат әрбір екі жыл сайын екі еселенеді, бұл оны қарапайым жаттаудың мүмкін еместігін және пайдасыз екендігін көрсетеді.

Мұндай жағдайларда білім алушыны өмір сүруге дайындау үшін академиялық білім, функционалдық дағдылар, жеке тұлғалық қарым-қатынастар мен құзыреттіліктер жеткіліксіз. Мүлдем жаңа сапа – метабілімділік, метақұзыреттілік қажет.

Озық экономика білім беру мақсаттарын «білетін адамнан» «шығармашылықпен ойлайтын, әрекет ететін, өзін-өзі дамытатын адамға» ауыстыруды талап етеді.

Сондықтан XX ғасырдың 80-ші жылдары әлемнің алдыңғы қатарлы мемлекеттері білімді орталыққа дәлдеуден - практикалық-бағдарланған білім беруге бет алды.

Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымының (ЭЫДҰ) 2014 жылы өткізген Қазақстандағы орта білім беру шолуында академиялық пәндер теорияға назар аудара отырып оқытылады, олардың практикада

қосымша қолданылуына жеткілікті көңіл бөлінбейді, осының салдарынан білім алушылар жеткілікті дәрежеде алған білімдерін стандартты емес жағдайларда тиімді қолдануға және пайдалануға қабілетті емес деген қорытынды жасалған.

Жалпы алғанда, біздің мектептің білім алушылары пәндік сапалы, нақты айтсақ, дәйекті білім алады, бірақ оларды өмірлік жағдаяттарда қолдану дағдылары жоқ.

Дәстүрлі оқыту қазақстандық мектеп білім алушыларының академиялық білімдерінің жеткілікті деңгейін қамтамасыз етеді, бірақ сол білімді өз бетімен алуды, талдауды және оларды тиімді пайдалана білу үшін дайындамайды.

Отандық білім беруде дәстүрлі оқыту жүйесінен ауысу әрекеті бірнеше рет болғаны рас, бірақ жекелеген фрагментті өзгерістерді енгізу кезінде ол ескі білім беру мазмұнына сәйкестендірілді. Бұл оқу процесінің шамадан тыс болуына және дайын ақпараттың үлкен көлемде берілуіне алып келді. Әлі күнге дейін білім алушы білімді енжар «алушы» болып қалып отыр.

Қазіргі таңда Қазақстанның мектептік білім беруі жаңа бастау алу сатысында. Қазіргі уақытта инфрақұрылымдық дамыту мен жаңартылған мазмұнға көшу басты басымдықтар болып тұр.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаевтың бастамасымен «100 нақты қадам» Ұлт жоспарын іске асыру аясында ЭБДҰ елдерінің стандарттары негізінде адам капиталының сапасын көтеруге бағытталған білім беру саласындағы 5 қадам жоспарланған. Оның 3-уі жалпы орта білім беру жүйесіне қатысты.

76-қадам. 12 жылдық білім беруді кезең-кезеңімен енгізу, функциялық сауаттылықты дамыту үшін мектептегі оқыту стандарттарын жаңарту. Жоғары сыныптарда жанбасылық қаржыландыруды енгізу, табысты мектептерді ынталандыру жүйесін құру.

79-қадам. Білім беру жүйесінде - жоғары сыныптар мен ЖОО-ларда ағылшын тілінде оқытуға кезең-кезеңімен көшу.

89-қадам. «Нұрлы Болашақ» ұлттық жобасын әзірлеу және жүзеге асыру. Мектептік білім берудің қолданыстағы оқу бағдарламаларына «Мәңгілік ел» құндылықтарын енгізу.

2017-2018 ОҚУ ЖЫЛЫ НЕСІМЕН ЕРЕКШЕЛЕНЕДІ?

2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшеді.

Жаһандық өзгерістер мен әлемдік трендтер мектептегі білім беру мазмұнының жылдам қарқында жаңаруын талап етеді. 2018-2019 оқу жылында жаңартылған білім мазмұнына 3, 6, 8, 10-сыныптар көшеді. 2019-2020 оқу жылында – 4, 9, 11-сыныптар.

Жаңа оқу жылында:

1) мектепалды даярлық сыныптарында және 1,2 -сыныптарда білім беру процесі:

✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі - МДТОМЖС);

✓ ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама);

✓ Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы №391 бұйрығына 1-қосымша);

✓ ҚР Үкіметінің 2015 жылғы 25 сәуірдегі № 327 қаулысымен бекітілген Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2015);

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 15 шілдедегі № 453 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 8 сәуірдегі № 266 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

2) 3-4, 6, 8-11-сыныптарда білім беру процесі:

✓ ҚР Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2012);

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 25 шілдедегі № 296 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 27 қарашадағы № 471 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы № 500 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 25 ақпандағы № 61 бұйрығымен бекітілген Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары;

✓ ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы

3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің, таңдау курстарының және факультативтердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен бекітілген Жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

3) *5,7-сыныптарда білім беру процесі:*

✓ ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Негізгі орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (бұдан әрі – ҚР МЖМБС-2016);

✓ Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген жалпы білім беретін пәндердің үлгілік оқу бағдарламалары;

✓ «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 4 сәуірдегі №150 бұйрығымен бекітілген оқу басылымдары негізінде жүзеге асырылады.

Барлық жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бастауыш, негізгі, жалпы орта білім беру) және оқу бағдарламалары Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылған. **Мектеп үшін барлық МЖМБС және оқу бағдарламаларының қағазға шыарылған бір нұсқасы болса жеткілікті. Мұғалім МЖМБС және оқу бағдарламаларының электронды нұсқаларымен жұмыс істеуіне болады.**

Қазақстан Республикасы Президентінің «Қазақстанның әлеуметтік жаңғыртылуы: «Жалпыға Ортақ Еңбек қоғамына қарай 20 қадам» бағдарламалық мақаласында берілген тапсырмаларын іске асыру мақсатында ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары бойынша «Өлкетану» (7-сынып), «Абайтану» (9-11-сыныптар) таңдау курстарын оқыту ұсынылады.



Назар аударыңыз! 2017-2018 оқу жылында «Қазақстан тарихы», «География» және «Қазақ әдебиеті» пәндері бойынша

білім беру ұйымдарында «Туған ел» кең ауқымды мақсатқа бағытталған «Туған жер» бағдарламасын іске асыру барысында сабақты мұражайларда, мәдени ұйым салаларында, тарихи ғимараттарда өткізу үшін жылына 5 сағат бөлініп отыр (мектептен тыс жерлерде). Қажетті ғимараттардың болмауы себепті мұндай сабақтарды ұйымдастыра алмайтын ауыл мектептері үшін арнайы бейнематериалдар әзірленеді. Бұл бейнематериалдар әзірленуіне қарай білім басқармаларына жіберіледі.

Вариативті компоненттен 9-сыныптар үшін міндетті түрде «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсына оқытуға 1 сағат апталық жүктеме беріледі. ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі № 281 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламалары бойынша аталған курсты біліктілікті арттыру курстарынан өткен тарих пәні мұғалімдері жүргізуі тиіс.

Мектеп және білім алушы компонентінің пәндері бойынша емтихан жүргізілмейді.

Білім мазмұнын жаңарту аясында мектеп білім алушыларының функционалдық сауаттылығын дамыту білім берудің басым мақсаттарының бірі ретінде айқындалып отыр.

Функционалдық сауаттылық әр мектеп пәнінің негізінде қалыптасады. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту және оның қалыптасуын тексеру құралы шығармашылық сипаттағы тапсырмалар (зерттеу жұмыстарына бейімделген тапсырмалар; экономикалық, тарихи мазмұндағы тапсырмалар; тәжірибеге бағытталған тапсырмалар т.б.) болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау (ОЖСБ) аясында білім алушылардың функционалдық сауаттылығы бағаланады. Функционалдық сауаттылықты тексеруге арналған тест тапсырмалары алғаш рет 2014 жылы ОЖСБ тапсырмаларына қосылды.

Функционалдық сауаттылық, кеңінен алғанда, тұлғаның мектепте алған білімі, білігі мен дағдысын адамзат қызметінің әртүрлі саласында, сонымен бірге тұлғааралық қатынастар мен әлеуметтік байланыстарда кездесетін тіршілік міндеттерін жан-жақты шеше білу қабілеті ретінде түсіндіріледі.

Білім алушылардың оқу жетістігін сырттай бағалау аясында функционалдық сауаттылықтың мынадай түрлері бағаланады: оқу сауаттылығы (қазақ тілі, орыс тілі); математикалық сауаттылық; ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы (физика, химия, биология, география).

2016-2017 оқу жылында мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау және ұлттық бірыңғай тестілеуді тапсыру форматы өзгерді. Мектеп бітірушілер жоғары оқу орнына түсу үшін міндетті үш пәннің қатарында «Математикалық сауаттылық», «Оқу сауаттылығынан» емтихан тапсырды.

Оқу сауаттылығы – білім алушылардың мәтін мазмұнын түсіне білу және оларға ой жүгірте білу, мәтін мазмұнын өз мақсаттарына жету үшін пайдалана білу, қоғам өмірінде белсенділік таныту мақсатында білімдері мен мүмкіндіктерін дамыту қабілеттері. Оқу жылдамдығы мен мәтінді дәлме-дәл түсіну бағаланбайды, мәтінге арналған рефлексия мен ұғым, оқылғанды өмірлік мақсаттарды жүзеге асыруы үшін пайдалануы бағаланады.

Математикалық сауаттылық – әлемдегі математиканың рөлін айқындау және түсіне білу, математикалық тұжырымдарды дәлелді негіздей білу және қызығушылығы бар, ойлы азаматқа тән қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін математиканы қолдана білу қабілеттері.

Ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы – жаратылыстану ғылымындағы білімін қолдана білу, қоршаған ортаны және адамзат енгізген өзгерістерді түсіну үшін, табиғи-ғылыми мәселелерге қатысты және ғылыми дәлелдермен негізделген сұрақтарды анықтап тану және негізделген қорытынды жасай білу қабілеттері.

Білім алушылардың функционалдық сауаттылығының қалыптасуын тексеруге арналған тапсырмалардың үлгілері ОЖСБ мен ҰБТ-ға дайындық оқу-әдістемелік құралдарында қамтылған.

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылады; 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 12 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады. Өмір қауіпсіздігінің негіздері бойынша сабақтар міндетті болып табылады және оқу процесі кезінде жүргізіледі.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты мен факультатив сабақтар есебінен әрбір сыныпта 10 сағат көлемінде іске асырылады.

1-8-сыныптарға арналған сабақтардың үлгілік тақырыптары қоса беріліп отыр (қосымша-4).

Оқу жылының ұзақтығы мектепалды даярлық сыныптарында – 32 оқу аптасы, 1-сыныпта – 33 оқу аптасы, 2-11 (12) сыныптарда – 34 оқу аптасы



Назар аударыңыздар!

Мереке күндеріне сәйкес келген сабақтар, сабақ кестесінде көрсетілген, қайталауға берілген сағаттардың есебінен, оқу пәндерінің мазмұнына кіріктіру арқылы келесі жұмыс күндеріне ауыстырылады.

Оқу жылы барысында каникул күндері белгіленді:

1) 1-11 (12)-сыныптарда: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 10 күн (2017 жылғы 29 желтоқсан – 2018 жылғы 7 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 13 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 2 сәуірді қоса алғанда);

2) мектепалды даярлық сыныптарында: күзгі каникул – 7 күн (2017 жылғы 30 қазан - 5 қарашаны қоса алғанда), қысқы – 14 күн (2017 жылғы 25 желтоқсан – 2018 жылғы 5 қаңтарды қоса алғанда), көктемгі – 15 күн (2018 жылғы 21 наурыз - 4 сәуірді қоса алғанда);

3) мектепалды даярлық сыныптары мен 1-сыныптардағы қосымша

каникулдар: 7 күн (2018 жылғы 5-11 ақпанды қоса алғанда).

2-4-сыныптарда пәндік нәтижелер базалық деңгейде белгіленеді, келесі сыныптарда – үш деңгейде: базалық (міндетті), 5-11 сыныптарда ілгері мүмкіндік деңгейі (таңдау пәндері бойынша 1 сағат көлеміндегі вариативті компонентті меңгеру үшін) және 8-9-сыныптарда ілгері бейіналды, 10-11-сыныптарда ілгері бейін деңгейінде (жалпы білім беру ұйымдарының пәндерді тереңдетіп меңгеру үшін оқытатын типтік оқу жоспарларының таңдалған нұсқалары).

Қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда 1-2-сыныптардың толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда, шағын жинақты мектептерде білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі;
- 2) оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі;
- 3) ағылшын тілі;
- 4) ақпараттық-коммуникациялық технология;

5) өзін-өзі тану сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

Қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда 3-4, 6, 8-11-сыныптар толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда, шағын жинақты мектептерде білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі;
- 2) оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ әдебиеті;
- 3) оқыту қазақ, ұйғыр, тәжік және өзбек тілдерінде жүргізілетін сыныптардағы орыс тілі;
- 4) шет тілі;
- 5) информатика;
- 6) бейінді пәндер;
- 7) технология (сынып толымдылығына қарамастан ұл және қыз балалар топтарына);

8) дене шынықтыру сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

Қалалық жалпы орта білім беретін ұйымдарда 5,7-сыныптар толымдылығы 24-ке жеткенде немесе одан асқанда, ауылдық жерлерде – 20-ға жеткен кезде немесе одан асқанда, шағын жинақты мектептерде білім алушылар 10-нан кем болмаған жағдайда:

- 1) оқыту қазақ тілді емес сыныптардағы қазақ тілі мен әдебиеті;
- 2) оқыту орыс тілді емес сыныптардағы орыс тілі мен әдебиеті;
- 3) шет тілі;
- 4) информатика;

5) дене шынықтыру гендер бойынша (қалалық жерлерде – әр топта 8 ер (немесе қыз) баладан кем емес, ауылдық жерлерде – 5 ер (немесе қыз) баладан кем емес болған жағдайда) сабақтарын өткізуде сыныпты екі топқа бөліп оқыту жүзеге асырылады.

Білім алушылардың апталық оқу жүктемесінің ең жоғары көлемі сыныптағы және сыныптан тыс (факультативті, жеке және үйірме сабақтары) оқу жұмыстарының барлық түрлерін қоса алғанда, 1-сыныпта – 24 сағаттан, 2-сыныпта – 25 сағаттан, 3-сыныпта – 29 сағаттан, 4-сыныпта – 29 сағаттан, 5-сыныпта – 33 сағаттан, 6-сыныпта – 33 сағаттан, 7-сыныпта – 34 сағаттан, 8-сыныпта – 36 сағаттан, 9-сыныпта – 38 сағаттан, 10-сыныпта – 39 сағаттан, 11-сыныпта – 39 сағаттан аспауы тиіс.

Үй тапсырмасы

Үй тапсырмасы – білім алушылардың тапсырмаларды мұғалімнің бекітіп беруі бойынша өз бетімен орындауы және оқып-үйренетін материалды терең меңгеруге, сондай-ақ оны іс жүзінде қолдануға, шығармашылық қабілеттерін дамытуға және оқу біліктіліктері мен дағдыларын жетілдіруге бағытталған.

Үй тапсырмасын ұйымдастыру кезінде:

1) орта білім беру ұйымының түрі және білім алушылардың контингенті;
2) сабақ кестесіне сәйкес басқа да пән бойынша берілген үй тапсырмасының көлемі;

3) жоғары сыныптарда әр сабақ бойынша берілетін үй тапсырмасынан оқу тоқсанына берілген тапсырмалар жүйесіне өту мүмкіндігі (немесе бөлімді аяқтағаннан кейін);

4) бірнеше оқу мақсаттарын ұйымдастыру негізінде жекелеген пәндер бойынша үй тапсырмасының оқу жобасының нысаны;

5) шығармашылық сипаттағы үй тапсырмасын орындау мерзімі (мысалы, модель жасау, жоба дайындау, еліктіргіш тарих, өз ертегісі бойынша киносценарий жазу) бір білім алушыға айына кемінде бір апта және бір тапсырмадан артық емес шегінде беру ескеріледі;

6) бейнелеу өнері, көркем еңбек, музыка, өзін-өзі тану, еңбекке баулу, технология, алғашқы әскери дайындық, алғашқы әскери және технологиялық дайындық және дене шынықтырудан үй тапсырмасын басқа пәндермен кіріктіру ұсынылады;

7) білім алушылар сабақта оқыту мақсаттарына жетсе ("біледі", "түсінеді", "қолданады", "талдайды", "бағалайды" және "жинақтайды") үй тапсырмасын орындау қажеттілігі болмайды.

Үй тапсырмасын:

1) мерекелік және демалыс күндері (жалпы дамуы үшін көркем, қосымша әдебиеттерді оқу, математикалық мектептер үшін жобалық жұмыстар орындау мен есептер шешуден басқа);

2) бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін;

3) бірінші сынып білім алушыларына (екінші жартыжылдықтан бастап көлемі 20 минуттан аспайтын уақытта оқу бойынша тапсырмалар болуы мүмкін) бермеу ұсынылады.



Назар аударыңыз!

Қазақстан Республикасының орта білім беру ұйымдарында үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі әдістемелік ұсынымдама ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығымен бекітілді.

Осы ұсынымдамаға сәйкес үй тапсырмасын дайындау уақытын қысқарту үшін 5-11-сыныптарда қосарланған сабақтар өткізуге болады.

Үй тапсырмасын (бір оқу күніне) орындауға жұмсалатын уақыт шығынын ескере отырып, тапсырманың көлемі бойынша нормативтер өзгертілді.

Үй тапсырмасын орындау 2-сыныпта 50 минуттан, 3-4-сыныптарда 70 минуттан, 5-6-сыныптарда 90 минуттан, 7-9-сыныптарда 110 минуттан, 10-11-сыныптарда 130 минуттан аспауы тиіс.

Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитарлық-эпидемиологиялық талаптары» ережесіне оқу жылы басталғанға дейін тиісті өзгерістер енгізілетін болады.

Орта білім беру ұйымдарының басшыларына педагогикалық қызметкерлердің үй тапсырмасын ұйымдастыру бойынша жұмыстарының кезеңділігі мен мерзімдерін басқаруды мектепшілік бақылау жоспарында, мектеп директорының бұйрығымен жыл сайын бекітіп отыру ұсынылады.

Үй тапсырмасын беру кезінде бастауыш сынып мұғалімдеріне, пән мұғалімдеріне:

- 1) сабақ аясында қоңырауға дейін білім алушыларды үй тапсырмасы бойынша хабардар ету;
- 2) үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беру;
- 3) білім алушылардың орындайтын аз көлемді тапсырмалар (орындалуы міндетті) мен көп көлемді тапсырмаларды (орындалуы ерікті түрде) байланыстыру;
- 4) сабақта үй жұмысы бойынша қателермен жұмыс жүргізу ұсынылады.

2016-2017 оқу жылынан бастап республика мектептерінің бірте-бірте бес күндік оқытуға көшуі басталды. 2016-2017 оқу жылы бес күндікке республиканың бірінші сыныптары көшті. 2017-2018 оқу жылы бес күндік оқу аптасына 2, 5, 7-сыныптар көшеді.



Назар аударыңыз! Сенбі күндері вариативтік компоненттегі сабақтар өткізіледі.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы **2017-2018** оқу жылы басталғанға дейін Бес күндік оқу аптасы аясында сабақ кестесін құру туралы әдістемелік ұсынымдама әзірлейді.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу бағдарламасындағы «Спорттық ойындар» бөліміне бөлінген сағаттар аясында детті түрде оқу

бағдарламасындағы материалдарды орындау кезінде барлық сыныптарда үнемі футбол, волейбол, баскетбол бойынша жарыстар өткізу ұсынылады. Ол үшін сабақ кестесін құру барысында біріншіден, қосарланған сабақтарды, екіншіден, бір параллелдегі екі сыныпқа дене тәрбиесі сабақтарын қатар өткізуді қарастыру қажет. Екі сыныптан артық сыныптарды қосып оқыту үшін оқыту айларына, футбол, волейбол және баскетболға арналған спорт алаңдарына, спорт залының көлеміне қарай және т.б. жағдайларға байланысты қарастыру қажет.

Сонымен қатар, дене шынықтыру сабақтарын сенбі күндері таза ауада спорттық жарыстар түрінде өткізу және ол жарысқа балалардың ата-аналарын шақыру ұсынылады.

Сабақ уақытында немесе сенбі күндері спорттық жарыстар түрінде өткізілген сабақтар дене шынықтыру мұғалімдерінің жүктемесіне енеді. Егер дене шынықтыру сабақтарын бір параллелдегі сыныптарға әртүрлі мұғалім өткізетін болса, онда бұл сағаттар әрбір мұғалімнің оқу жүктемесіне енгізіледі.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысымен бекітілген Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім) қызметінің үлгілік қағидаларының 19-тармағына сәйкес білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мүдделерін ескере отырып және жергілікті білім беруді басқару органдарымен келісу бойынша білім беру ұйымдарында инклюзивті сыныптар (бір сыныпта ерекше білім беру қажеттілігі бар екі баладан артық оқытылмауы тиіс) және (немесе) бұзушылық түрлері бойынша арнайы сыныптар ашылуы мүмкін.

Инклюзивтік сыныптарда оқитын ерекше білім беру қажеттілігі бар балалар психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның қорытындысы мен ұсынымдары бойынша жалпы білім берудің оқу бағдарламасы немесе жеке бағдарлама бойынша білім алуы мүмкін.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 8-бабы 5-тармағына сәйкес денсаулық жағдайына қарай ұзақ уақыт бойы бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беретін ұйымдарға бара алмайтын азаматтар үшін үйде немесе стационарлық көмек, сондай-ақ қалпына келтіру емін және медициналық оңалту көрсететін ұйымдарда тегін жеке оқыту ұйымдастырылады.

Мемлекет инклюзивті білім берудің мақсаттарын іске асыра отырып, даму мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың білім алуы, даму бұзылыстарының түзетілуі және әлеуметтік бейімделуі үшін жағдайды қамтамасыз етеді.

Ата-аналар қоғамдастығында адамгершілікті, толеранттылықты тәрбиелеу мақсатында инклюзия тәртібінде білім алушы ерекше білім беруді қажет ететін балалар бойынша әр мектептің әкімшіліктері жылына бір рет әр параллель сыныптарда барлық адамдарға бірдей қарым-қатынас жасау қамтамасыз етілетіндігі, алайда денсаулық мүмкіндігі шектеулі балаларға ерекше жағдай жасау қажеттілігі туралы және инклюзивті білім берудің идеологиясын түсіндіру мақсатында ата-аналар жиналысын өткізу ұсынылады. Мұндай

жиналыстардың мақсаты – барлық ата-аналар *инклюзивті білім берудің 8 принципін меңгеруге қол жеткізуі:*

1. Адами құндылық оның қабілеті мен жеткен жетістіктеріне байланысты емес;

2. Әрбір адам сезінуге және ойлауға қабілетті;

3. Әрбір адамның қарым-қатынас жасауға, тыңдалуға құқығы бар;

4. Барлық адамдар бірін-бірі қажет етеді;

5. Шынайы білім беру нақты контекстегі қарым-қатынас жағдайында ғана жүзеге асуы мүмкін;

6. Барлық адамдар құрдастарының қолдауы мен достығына мұқтаж;

7. Барлық білім алушылардың прогреске қол жеткізуі үшін біреу жасай алмайтын нәрсені жасауы болар;

8. Адам өмірінің барлық жағын алуан түрлілік күшейте түседі .

Жиналыс тақырыбы мен өткізу форматын мектептер өздері анықтайды.

Білім беру ұйымдары оқу процесін қашықтықтан білім беру технологиялары (бұдан әрі – ҚБТ) бойынша өз бетінше іске асыра алады.

Оқу процесін ұйымдастыру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 22 қаңтардағы № 61 бұйрығымен бекітілген Экстернат нысанында оқытудың ережесімен реттеледі.

ҚБТ Қағидалары барлық білім беру деңгейлерінде мүмкіндіктері шектеулі тұлғалар, оның ішінде мүгедек балалар, I және II топтағы мүгедектер, бала кезінен мүгедек болып табылатын білім алушылар үшін қолданылады. ҚБТ бойынша оқуға ниет білдірген білім алушылар білім беру ұйымы басшысының атына растаушы құжаттарды ұсына отырып, оқуда ҚБТ пайдалану мүмкіндігі туралы уәждемелі негіздемелері бар еркін түрде өтініш жазады. Мүгедек балалар ҚБТ бойынша оқу процесіне қатысу мүмкіндігі туралы психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация ұсынымдарын береді. Жалпы білім беру ұйымдарында ҚБТ бойынша оқыту бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің оқу жоспарлары бойынша жүргізіледі.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес экстернат - білім алушы сабаққа үнемі қатыспай-ақ тиісті білім беру бағдарламасының оқу пәндерін өз бетімен оқитын оқыту нысандарының бірі болып табылады. Жергілікті атқарушы орган негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында, сондай-ақ мамандандырылған және арнайы жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат береді.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттар қабылдау және оқуға қабылдау, негізгі орта, жалпы орта білім беру ұйымдарында экстернат нысанында оқытуға рұқсат беру және негізгі орта, жалпы орта білім туралы құжаттардың төлнұсқаларын беру Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру саласында жергілікті атқарушы органдармен мемлекеттік көрсетілетін қызметтер стандарттарымен реттеледі.

Жалпы білім беру мектептерінің әкімшілігі үшін оқыту процесін және мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыруға арналған келесі нормативтер ұсынылады.

1-кесте – Оқу процесі мен мектепшілік бақылауды ұйымдастыруды жүзеге асыру нормативтері

№ р/с	Бақылау нысаны	Норма
1	Сабақтарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау	Айына 8-10 сабақ (директордың орынбасарлары үшін); Айына 2-3 сабақ (мектеп директорлары үшін)
2	Сынып журналдарын тексеру	Тоқсанына 1 рет
3	Білім алушылардың күнделіктерін тексеру	Тоқсанына 1 рет
4	Пәндер бойынша оқу бағдарламаларының орындалуын тексеру	Тоқсанына 1 рет, жылына 4 рет
5	Білім алушылардың жеке істерін тексеру	Жылына 2 рет (сынып жетекшілері үшін)
6	Пәндер бойынша тақырыптық және күнтізбелік жоспарларды тексеру	Жылына 2 рет

Бақылаудың негізгі түрлері ауызша, жазбаша нысанда және олардың байланысы арқылы жүзеге асырылады. Бақылаудың формасын таңдау оқу пәнінің мазмұны мен ерекшелігіне, оқуға бөлінетін сағат санына, оқу кезеңіне, жопарланған оқу нәтижесіне, білім алушылардың жас және жеке ерекшелігіне байланысты.

Бақылау жұмыстары білім беру ұйымының жетекшісі бекіткен кестеге сәйкес өткізілуі қажет. Бақылау жұмыстарын дүйсенбі, жұма және соңғы сабақтарда өткізу ұсынылмайды.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу процесіне қатысушыларды кешенді қолдауды Академия сайты (www.nao.kz) қамтамасыз етеді. Мұғалімдерге көмек ретінде сайттың келесі бөлімдері ұсынылады:

- «*Білім беруді оқу-әдістемелік қамтамасыз ету*» (әдістемелік-нұсқау хат, Мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттары (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім), бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламалары, нормативтік-құқықтық база);

- «*Білім беруді ғылыми-әдістемелік қамтамасыз ету*» (әдістемелік құралдар, ұсынымдар мен нұсқаулықтар, тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері, Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері);

- «Семинарлар, конференциялар» (Академияда өткізілетін іс-шаралар туралы ақпараттар: ғылыми-практикалық конференциялар, тақырыптық семинарлар және т.б.);

- «Журналдар» (Академияда шығарылатын «12 жылдық білім беру – 12-летнее образование», «Білім – Образование», «Қазақстан кәсіпкері – Профессионал Казахстана» ғылыми-әдістемелік журналдар туралы ақпараттар);

- «Сұрақ-жауап» (оқыту мен тәрбиенің өзекті мәселелерін талқылау, Академия мамандарына сұрақтар қоюға болады).

Академия Жаңартылған білім мазмұнына көшу жағдайында 1-сынып мұғалімдеріне көмек ретіндегі Әдістемелік ұсынымдама дайындады. Ұсынымдама Академия сайтына орналастырылған.

Білім беру қызметін ұйымдастыру кезінде жалпы білім беру ұйымдары басшылыққа алатын нормативтік-құқықтық құжаттар Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің сайтындағы (<http://www.adilet.gov.kz>) «Әділет» ақпараттық-құқықтық жүйе» (<http://adilet.zan.kz>) блогында орналастырылған.

Жаңартылған білім мазмұнына көшетін мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету үшін «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы НЗМ сайтында ұсынылған (sk.nis.edu.kz сілтемесі арқылы кіру) Жүйелі-әдістемелік кешенді (ЖӘК) әзірледі.

Оқу процесін ұйымдастыруда қолданылатын педагогикалық тәсілдер, әдістемелер, технологиялар

Білім алушылардың оқу әрекетін ұйымдастыру және оның нәтижелерін бақылауды жүзеге асыру үшін педагог әртүрлі әдістер мен құралдарды пайдаланады. Білім беру мазмұнын жаңарту аясында оқу процесі оқушылардың өздерінің белсенді қызметімен сипатталатынын атап өткен маңызды. Бұл жағдайда мұғалім білім алшылардың танымдық іс-әрекеттерінің ұйымдастырушысы ретінде болады.

Жаңа стандарттар құзыреттілік тәсіліне негізделген, соған сәйкес оқу бағдарламаларының құрылымы өзгерді: міндетті меңгерілуі тиіс белгіленген оқу материалынан емес, күтілетін нәтижеге қарай әрекет жасаймыз. Бұл білім алушының қабылдауы өзгергенін, яғни басым авторитарлықтан ынтымақтастық оқытуға көшуді білдіреді.

Мұғалім назар аударуы қажет мына бір сәтті атап өткен жөн.

Өйткені, кестеге сәйкес 2017-2018 оқу жылында 2, 5, 7-сыныптар, 2018-2019 оқу жылында 3, 6, 8,10-сыныптар, 2019-2020 оқу жылында 4, 9 және 11-сыныптар жаңартылған білім мазмұнына көшеді. Демек, мұғалім балаларды осы жаңартылған білім мазмұнына көшуге дайындау керек. Оның бір жолы – білім алушы қызметін жандандыру тәсілдерін пайдалану, оларға барынша дербестік беру.

Практик-мұғалімге көмек ретінде оқу процесін ұйымдастырудың қазіргі заманғы тәсілдеріне, әдістеріне, технологияларына қысқаша сипаттама ұсынылған.

1. Зерттеушілік тәсілі.

Зерттеушілік тәсілі негізінде білім берудің жаңартылған мазмұнына көшу іске асырылады.

Зерттеушілік тәсілі:

- оқу процесінің барлық кезеңдеріне ғылыми зерттеулердің жалпы және жеке әдістерін енгізуді (қабылдаудан практикада қолдануға дейін);

- шығармашылық-ізденіс қызметтерін оқу және оқудан тыс уақытта ұйымдастыруды жобалайды.

Зерттеушілік тәсілі «мұғалім – білім алушы» өзара қарым-қатынасы сипатының ынтымақтастық жағдайына қарай өзгеруіне, сондай-ақ танымдық қызығушылығына тәрбиелеуге, білім алу мен оқуға деген оң уәждеме құруға, терең, сапалы білім алуды қалыптастыруға ықпал етеді.

Зерттеушілік тәсілді қолдану жеке тұлғаның интеллектуалдық дамуына, өзіндік білім алу дағдыларын, белсенді танымдық іс-әрекетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

2. Құндылықтарға бағытталған тәсіл.

Оқытудағы құндылықтарға бағытталған тәсіл – ол оқу әрекетін белгілі бір құндылықтар тұрғысынан ұйымдастыру және жүзеге асыру, нәтижелерге қол жеткізу және пайдаланудың тәсілі. Құндылыққа бағытталған оқу процесі білім алушының бойында тұлғалық құндылықтар жүйесін қалыптастырады.

Құндылықты бағдарлау – тұлғаның өз әрекетінде жекелеген құндылықтарды (құндылықтарға бағдарлану қабілеттілігі) бағдар ретінде таңдап алу қабілеттілігі (қасиеті), сондай-ақ оларды өзінің жеке әлеуметтік маңызды құндылықтары ретінде сезіну және қабылдау қабілеттілігі.

Құндылықтарды іске асыру құндылықтардан шығатын талаптарға сай болу және күнделікті өмірді сол талаптарға бағындыру. Құндылықтардың мәні белгілі бір қоғамның сәтті әрекет етуі үшін қажетті ережелерді, дағдыларды, өмір салтын, мінез-құлық мәнерін қалыптастыруда көрініс табады.

Құндылықтар – қоғам қолдайтын және адамдардың көпшілігі бөлісетін белгілі нысандардың және құбылыстардың, адамдық қасиеттері мен өзін-өзі ұстау ережелерінің тұлғалық және әлеуметтік-мәдени маңыздылығы. Құндылықтар тұлғаны ынталандырудың өте маңызды факторы ретінде мінез-құлығы мен іс-әрекеттерін көтермелейді.

Орта білім берудің құндылықтары «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарына негізделген. Орта білім берудің құндылықтары ретінде:

- 1) қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік;
- 2) құрмет;
- 3) ынтымақтастық;
- 4) еңбек пен шығармашылық;
- 5) ашықтық;
- 6) өмір бойы білім алу белгіленді.

3. Тұлғаға бағдарланған тәсіл.

Тұлғаға бағытталған тәсілдің мақсаты оқу процесін дараландыру, оның жеке психикалық және дене бітімі ерекшеліктерін, қажеттіліктері мен мінез-құлық уәждерінің әлеуетті мүмкіндіктерін ескере отырып білім алушыны

тұлға ретінде үйлесімді қалыптастыру және жан-жақты дамыту, оның шығармашылық қабілеттерін толық ашу болып табылады.

4. Іс-әрекеттік тәсіл.

Іс-әрекеттік тәсілдің негізгі мазмұнында білім алушының білімді дайын күйінде алмай, оны өзі өндіруі, өзінің оқу әрекетінің мазмұны мен түрлерін ұғынатыны, оның ережелер жүйесін түсінуі мен қабылдауы жатыр, бұл өз кезегінде оның білімінің, біліктерінің және кең ауқымды дағдыларының белсенді әрі табысты қалыптасуына ықпал етеді.

Білім алушылардың оқу әрекеттері «білу», «түсіну», «қолдану», «талдау», «жинақтау», «бағалау» сияқты категорияларға топтастырылған.

Іс-әрекеттік тәсіл өз бетінше ізденуді, түсіндіруді, талдауды, түрлі дереккөздерден алынған ақпаратты тарату мен бағалауды, графикалық мәліметтер мен басқа үйретуші ресурстарды қолданады.

5. Саралап оқыту тәсілі.

Саралап оқыту тәсілі – білім алушылардың әртүрлі топтары үшін оқу процесін мамандандыруды, білім алушылардың ерекшеліктерін есепке алу мақсатында әртүрлі топтар үшін әртүрлі оқыту жағдайларын жобалайды.

Саралап оқыту тәсілі әртүрлі білім алушылар тобының оқу әрекетін ұйымдастыру үшін арнайы оқыту әдістерін және іс-әрекеттерді саралау тәсілдерін кіріктіреді. Күрделілігімен, оқу-танымдық қызығушылықтарымен, мұғалім тарапынан көмек сипатымен ерекшеленетін сараланған тапсырмаларды қолдану - сараланған оқу іс-әрекеттерін ұйымдастырудың шарты болып табылады.

6. Құзыреттілік тәсілі.

Құзыреттілік тәсілдің мақсаты дәстүрлі емес және типтік жағдаяттарда шешім қабылдау және іс-әрекет жасау, өз мақсатын анықтай алу дағдыларын меңгеру болып табылады.

Құзыреттілік тәсілінің басты міндеті білім алушылардың бастамашылдығы мен өз бетінше жұмыс істей алатынын көрсетуге деген ынтасы болып табылады. Ол білім алушылардың жеке әрекет ете алуына, өз қабілеті мен қызығушылығын ұйымдастыруына мүмкіндік береді.

Құзыреттілік тәсілі білім алушылардың білім, білік дағдыларын жеке-жеке емес, кешенді түрде меңгертуді жобалайды.

7. Жүйелі-әрекеттік тәсілі.

Жүйелі-әрекеттік тәсілі білім алушының оқу әрекеттерін өз бетінше ұйымдастыру негізінде құрылады, оларда әмбебап оқу әрекеттері жүйесін қалыптастыру мен дамыту мүмкіндігін қамтамасыз етеді. Ол өз бетімен оқу, өздігінен даму, өздік ұйымдастыру режимінде оқу процесін ұйымдастыру мүмкіндігін қамтамасыз етеді.

Жүйелі-әрекеттік тәсіл курстың тарауларын жеке-жеке емес, өзара байланыста оқуды ұсынады.

8. Коммуникативтік тәсіл.

Оқытудағы коммуникативтік тәсіл - ақпаратты тарату мен жариялау, екі немесе одан да көп адамдар өзара сөйлесім процесіне түскенде білім, білік және дағдымен алмасу. Коммуникативтік тәсілдің нәтижесі тілдік және сөйлеу

нормаларын дұрыс пайдалана және коммуникативтік әрекетті дұрыс таңдай отырып, қарым-қатынасқа қатысушы басқа адаммен өзара әрекет ету процесінде тіл арқылы қарым-қатынасты жүзеге асыру қабілеттілігі болып табылады.

Оқыту процесінде коммуникативті тәсілдерге сәйкес қарым-қатынас жасай білуін қалыптастыруға ықпал ететін тапсырмалар және шынайы коммуникация шарттарына барабар жұмыс режимі (жұптық және топтық жұмыс) пайдаланылады.

9. Интегративтік тәсіл.

Білім алушыларды дамытуға арналған интегративтік тәсіл барысындағы оқыту процесі әртүрлі құралдар мен бірнеше іс-әрекеттерді біріктіру қағидатына сай құрылады. Интегративтік тәсілге көптеген белсенді қозғалыс түрлері жатады: сергіту сәттері, театрландырылған ойындар, қозғалыс үзілістері (кідіріс).

Интегративтік оқыту тәсілі білім алушылардың сөздік қорын кеңейтуге, коммуникативтік біліктіліктерін дамытуға, эстетикалық талғамдарын дамытуға, көркемөнер туындыларын түсіну және бағалауға мүмкіндік береді. Аталған оқыту тәсілі психикалық процестерге әсер етіп қиындықтарды жоюға, оқу материалын тиімді, қолжетімді, жаңа деңгейде қабылдауға мүмкіндік береді.

10. Ойын арқылы оқыту.

Оқыту әдісі ретінде ойын түрлерін қолдану білім алушылардың танымдық қызығушылық белсенділігін арттыруға мүмкіндік береді. Ойын түріндегі оқыту технологиясының басты элементтері:

- ойын алдында нақты оқу мақсаты қойылады;
- ойын арқылы белгілі педагогикалық нәтижеге қол жеткізу жоспарланады, оқыту іс-әрекеттері ойын ережелеріне бағынады, оқу материалдары ойын құралы болып табылады.

Ұжымдық іс-әрекет түрлерін ұйымдастыруға бағытталған ойын тәсілдері арқылы білім алушылар басқа шағын топ мүшелерінің пікірін сыйлауды, соңғы нәтиже мен өзіндік іс-әрекетін жобалай алуды, мақсатқа жету әдістерін анықтауды үйренеді.

11. Жобалау тәсілі.

Оқу жобасы – білім алушылармен немесе білім алушылардың тобымен ғылыми-зерттеушілік, шығармашылық немесе практикалық сипаттағы проблемаларды шешуге бағытталған оқу-танымдық іс-әрекеті. Проблемаларды кең тұрғыда шешу әрекетімен және келісілген әдістерімен, жалпы ортақ мақсатының болуымен сипатталады.

Жобалау әдісінің элементтерін қолдану арқылы білім алушылар алға қойған проблеманы шешудің өзіндік жолдарын іздеп табады. Жобалау әдісі білім алушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес іске асырылады. Жобалау әдісін қолдану барысында білім алушылардың ұжымдық, топтық жобалар дайындау бойынша атқаратын іс-әрекеттерін ұйымдастыру ұсынылады. Жобалау жұмыстарын ұйымдастыру сабақпен ғана шектелмейді, сабақтан тыс уақытта да бірлесіп жұмыс жасаулары қарастырылады.

12. Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) қолдану құзыреттілігі базалық АКТ дағдылар негізінде құрылады және жұмысқа, қарым-қатынасқа, бос уақытқа арналған технологияларды дұрыс шығармашылықпен қолданудан тұрады. Білім алушылар өздерінің АКТ бойынша дағдыларын білім алу процесіндегі барлық оқу пәндері арқылы дамытады, яғни ақпаратты табу, құру, мәліметтермен, идеялармен алмаса отырып, кең спектрлі жабдықтар мен қосымшаларды пайдалану арқылы бірлесіп қызмет жасау барысында өзінің жұмысын бағалайды және жетілдіреді.

Орта мектепте АКТ-ні БАҚ және мультимедиялық құралдарды пайдалануға қойылатын талаптар:

- дерекқордан және интернеттен ақпаратты іздеу, табу;
- сандық, интернет жүйелері арқылы алынған ақпараттарды өңдеу және оның нақтылығын, сенімділігін, құндылығын бағалай алу;
- сандық, мәтіндік және визуалдық ақпаратпен және дерекқормен, оның ішінде гиперсілтемелерді, электрондық кестелерді, графикалық және басқа да қосымшаларды пайдаланып жұмыс істеу арқылы мәліметті жүйелеу;
- заңдылықтар мен үрдістерді зерттеу; модельдер мен модельдеуді пайдалану мүмкіндіктерін зерделеу, сонымен қатар жылжымайтын және қозғалыстағы бейнелерді, дыбыстарды және мәтіндерді мультимедиялық таныстырылымдар құру үшін біріктіру, басқа нұсқаларды зерделеуде, нақтылауда және нәтижелерді жақсартуда сандық ақпараттың икемділігін толығымен пайдалану;
- электронды байланыс арқылы басқа білім алушылармен және оқытушылармен ынтымақтаса онлайн форумдарға, виртуалдық оқыту орталарына қатысып, қарым-қатынас жасау және ақпарат алмасу;
- интерактивті тақтаны белсенді оқытуға техникалық қолдау көрсету мақсатында қолдану;
- аяқталған жұмыс бойынша мектептің шеңберінде немесе одан тыс жерде мультимедиялық таныстырылым жасау.

13. Кейс-стади.

Кейс-стади - бұл нақты оқиға мен жағдаятты талдауға арналған іскерлік ойын. Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылар топтық сұрақ-жауап кезінде шығарылған мәселенің маңызын түсіндіріп, жағдайды бағалайды, оқиға немесе процеске талдау жасайды, өзіндік шешу жолдарын көрсетеді.

Кейс-стадиді қолдану:

- жүйелі, корреляциялық, факторлық, статистикалық және тағы басқа талдау біліктіліктерін шыңдауға мүмкіндік береді;
- білім алушылармен қосымша тапсырмалар жасау нұсқаларын жобалайды;
- «ми шабуылы» пікірталасын өткізу, ғылыми дауласу, негізгі және әр жақты шешім бойынша дебаттар дайындалып өткізіледі деп жобалайды.

Кейс-стадиді қолдану барысында білім алушылардың дайын білімді меңгеруі емес оны өндіруге, яғни теориялық білімін практикалық міндеттерді шешуге қолдану дағдыларын дамыту және мұғаліммен білім алушылардың ынтымақтаса шығармашылықпен жұмыс жасауына басты назар аударылады.

14. Дамыта оқыту.

Дамыта оқытудың мақсаты білім алушының күнделікті өмірге тәуелсіз, сонымен қатар ақиқатты іздей отырып, өзіндік оқуы арқылы білім алуға қол жеткізуі.

Дамыта оқыту әр білім алушының дербес танымдық әрекеттерге ұмтылуға құштарлығын, белсенді өмірлік қағидаттарын қалыптастырады. Білім алушының жеке басын дамытатын басты құрал – ол өзінің әрекеті. Ол оқытуда қолданылатын дидактикалық ойындар, пікірталастар, сонымен қатар шығармашылық қиялы мен ойлауына, есте сақтауына, сөйлеуіне бағытталған түрлі іс-әрекеттерге білім алушыларды рту түріндегі оқыту әдістерін қолдану арқылы жүзеге асырылады.

Дамыта оқыту білім алушының жан-жақты тұлғалық сапасының дамуына, өзіндік ой-тұжырымын жасауына, өзіндік оқу іс-әрекетіне талдау жасауға және оны басқара білуіне бағытталған.

15. Модульдік оқыту.

Модульдік оқыту – оқу ақпаратын блокты – модуль негізінде беру арқылы оқу процесін ұйымдастыру тәсілі. Оқу мазмұны ақпаратты блоктарда беріледі де меңгеру мақсатқа сәйкес жүзеге асырылады.

Модульдік оқыту барысында білім алушылар үшін оқытылатын білім көлемі ғана емес, оны меңгеру деңгейінің дидактикалық мақсаты тұжырымдалады. Модульдік оқыту білім алушылардың базалық дайындығының деңгейіне, жеке сұраныстары мен икемділігіне қарай оқытуды қамтамасыз етеді. Оқытуды дараландыруды: оқу мазмұнын, меңгеруін, өзіндік деңгейі, әдісі мен тәсілі, бақылау, өзін-өзі бақылауы бойынша қамтамасыз етеді.

16. Проблемалық оқыту.

Проблемалық оқыту – өзіндік дүниетанымын қалыптастырудың барынша өзекті құралы. Проблемалық оқытудың тиімділігі ол білім алушылардың сыни, шығармашылық, диалектикалық ойлауын қалыптастыру міндетін шешуден тұрады.

Проблемалық оқыту логикалық тәсілдер жүйесін немесе жекелеген шығармашылық іс-әрекеттерін, жаңа жағдаятта білімін шығармашылықпен қолдану біліктілігін қалыптастыруға мүмкіндік береді. Ол шығармашылық тәжірибесінің молаюына, зерттеушілік әдістерді меңгеруіне, практикалық проблемаларды шешуге мүмкіндік береді.

Проблемалық оқыту оқудың қажеттілігін, уәжін қалыптастыруға, яғни әлеуметтік құзыреттілігін, адамгершілік, танымдық қажеттілігін құруға мүмкіндік береді.

17. Дербес оқыту тәсілі.

Дербес оқу – оқу-тәрбие процесін дараландыруға, білім алушылардың жеке ерекшелігін ескеріп оқыту мен тәрбиелеуге, өзіндік танымдық іс-әрекеті тәжірибесін қалыптастыруға, өзіндік білімін көтеруге дайын болуы мен қажетсінуіне, білім алушылардың ұйымшылдығын, дербестігін тәрбиелеуге мүмкіндік береді. Бәрі бірдей ортақ қарқынды жұмыс жасау арқылы барлық

сыныпқа арналған тапсырманы білім алушының өзіндік орындау іс-әрекетін көрсетеді.

Білім, білік, дағдыларын жетілдіруде және қалыптастыруда өтілген материалды бекітуге дербес оқытуды тиімді пайдалануға болады. Дербес оқытуды тиімді пайдаланғанда әрбір білім алушының белсенді оқу әрекеті қамтамасыз етіледі. Ол әрбір білім алушының жеке қарқынды жұмыс істеуіне; білімде кеткен ақтаңдақтарды жоюға, саралап оқуға, әрбір білім алушының жұмысын жандандыруға мүмкіндік береді. Сонымен қатар дербес оқыту білім алушының өзіндік бақылауын күшейтеді, өздігінен білім алушының негізі болып табылады.

18. Көркем-эстетикалық циклі пәндері бойынша оқу процесін ұйымдастыру барысында көркем-технологиялық тәсіл қолданылады.

Көркем-технологиялық тәсіл материалдар мен құралдардың негізін, композициялық заңдылықтарын, түстердің кіріспе негіздерін, көркем еңбек объектілерін құрастырудың технологиялық реттілігі туралы білімдерін қолдануға бағытталған білім алушының немесе топтың оқу-танымдық іс-әрекетін қамтамасыз етеді.

Нақты тәсілмен ресімделген іс-әрекеттің нәтижесін, реттілігін, келісілген оқыту әдістерінің көркем-технологиялық тәсілін қамтамасыз етеді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі

Білім беру мазмұнын жаңарту аясында критериалды бағалау жүйесіне көшу қарастырылған. 2017-2018 оқу жылында жаңа бағалау жүйесіне 1, 5, 7-сыныптар көшеді. 2-сыныптарда критериалды бағалау жүйесін енгізу жалғасатын болады, негізгі мақсаты сапалы бағалау мен тұлғаны дамытуды қамтамасыз етуге мүмкіндік беретін, қоршаған әлеммен тиімді өзара әрекет етуге, өздігінен білім алуға және дамуға дайын, алдына ала белгілі және нақты критерийлер бойынша объективті бағалау болып табылады.

Жаңа бағалау жүйесі білім алушыда өз әрекетін бақылау мен бағалау, туындаған қиындықтардың себептерін анықтау мен қалпына келтіру қабілетін қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту процесі білім алушылардың бойында функционалдық сауаттылықты және кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталған. Бұл оқыту процесінде оқу процесін дәстүрлі ұйымдастырудан алшақтап, білім берудің 6 саласы бойынша айқындалып күтілетін нәтижелерге негізделеді және білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды», яғни іс-әрекеттік аспектіні болжайтынын ескеру маңызды.

Оқыту мақсаттары күтілетін нәтижелер түрінде ұсынылып отыр. Әрбір бөлімшелерге дәйекті түрде енгізілген оқыту мақсаттары, мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың жетістіктерін бағалауға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау оқыту мақсаттарымен жоспарланған, қол жеткізген нәтижелері дәрежесіне сай алдын ала белгіленген нақты критерийлерге сәйкес жүзеге асырылады.

Осыған байланысты, білім алушының жеке тұлғасы емес, оның жұмысы ғана бағаланады; білім алушының жұмысы басқа білім алшылардың жұмыстарымен емес, оларға алдын ала белгілі (өте жақсы орындалған жұмыс түрінде) эталонмен салыстырылады. Не нәрсеге үйретеді, соны ғана бағалауға болады, сондықтан бағалау критерийі – оқу мақсаттарының нақты көрсетілуі.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін барынша тиімді ұйымдастыруға болатындай түрде пайдалану, білім алушыларға дер кезінде қолдау көрсету және олардың оқудағы алға жылжуын қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқу нәтижелері туралы ақпаратты беріп отыру ұсынылады. Мұндай бағалау жүйесі алдымен білім алушыларды табысты оқуға ынталандыруға, білімдегі олқылықтарын анықтауға және олардың өсуін көрнекі түрде көрсетіп отыруға бағытталған.

Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы бағалау мен ішкі жиынтық бағалаудан тұрады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалаудың жаңа жүйесін педагогтер мен ата-аналар әртүрлі қабылдады. Сол себепті, жыл бойы сұрақтар туындады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі:

- оқыту мен бағалаудың біртұтастығына негізделеді;
- білім алушылардың ілгерілеушілігі мен үлгерімін қамтамасыз етуде біртұтас тәсілді қалыптастыруға бағытталады;
- оқу бағдарламаларына сәйкес дағдыларды дамыту және білім алуға дәлелдемелер жинақтау мен оқыту мақсаттарын жүзеге асыруды қамтамасыз етеді;
- әрбір сынып үшін пән бойынша оқу бағдарламасының мазмұны негізінде бағалау түрлері мен әдіс-тәсілдерінің алуан түрлерін қамтиды.

Критериалды бағалау жүйесі оқыту, оқу мен бағалаудың өзара байланысына негізделгенін есте сақтау маңызды. Критериалды бағалаудың нәтижелері білім беру процесін тиімді жоспарлау мен ұйымдастыру үшін пайдаланылады.

Критериалды бағалау білім алушылардың дағдыларының даму дәрежесін бағалауға мүмкіндік береді.

Әрбір сабақ оқыту мақсаттары мен оларға жету критерийлерін айту/көрсетуден басталуы керек. Білім алушы қойылған оқу мақсатын түсінуі, ұғынуы және оған қалай қол жеткізуге болатынын білуі тиіс.

Критериалды бағалау технологиясын пайдалану қандай да бір практикалық дағдының қалыптастырылғанын, оқу материалының қаншалықты табысты меңгерілгенін анықтауға мүмкіндік беретін анық айқындалған, алдын ала белгілі критерийлермен білім алушылардың жетістіктерін салыстыру. Осыған сәйкес, әрбір білім алушының жалпы дайындық деңгейінің өзгерістері сияқты, оның алдыңғы жетістіктерімен салыстырғандағы табыстарының динамикасын да тіркеуге мүмкіндік бар.

Мұғалімге критериалды бағалауды оқу процесін неғұрлым тиімді ұымдастыру, білім алушыларға уақытылы қолдау көрсету және олардың оқудағы жетістіктерін қамтамасыз ету, мүдделі тараптарға оқытудың

нәтижелері туралы ақпарат ұсыну үшін қолдану ұсынылады. Бағалаудың бұндай жүйесі біріншіден балаларды табысты оқуға ынталандыруға, біліміндегі олқылықтарды анықтауға және олардың өсуін көрнекті түрде көрсетуге бағытталған

Критериалды бағалау жүйесінің үлкен артықшылығы білім алушыға түсетін күйзеліс жүктемесінің төмендеуі болып табылады. Бірлескен ынтымақтастықта өзіндік, жұптық, топтық жұмыс дағдыларын иелену процесі белгісінен, маңызды әлеуметтік құзыреттілікті дамытуға өзгереді.

Критериалды бағалау білім алушылардың оқуға деген қызығушылығын дамыту, оқытудың ізгілікті, достық ортасын құру, оқу процесінде білім алушыларды қолдау, білім алушылардың оқуға деген ынтасын одан әрі нығайту, зерттеу, шығармашылық іс-әрекеттерге қатысу үшін пайдаланылады.

Бағалаудың жаңа жүйесі мұғалімнің ата-аналармен түсіндіру жұмыстарын жүргізуді және ата-аналармен тығыз байланыс орнатуды талап етеді.

Білім алушылардың ата-аналарына бағалаудың жаңа жүйесінің мақсаты мен негізгі принциптері түсіндіріледі, ата-аналар үшін практикалық тренинг немесе шеберлік сыныптары өткізіледі.

Мұғалім ата-аналар жиналысын критерийлері алдын-ала белгілі тапсырмалар тарату, дескрипторларды талқылау және ата-аналармен топтық немесе жұптық жұмыс жүргізу арқылы, сабақ түрінде өткізуіне болады. Сабақта ата-аналарға да олардың балаларына берілген сияқты өзін-өзі бағалауға, өзара бағалауға, нәтижелерді талқылауға мүмкіндіктер беріледі. Мұндай жағдайда, ата-аналар жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқу процесімен танысады, бағалау механизмдерін түсінеді, өз балаларының жетістіктерімен бөліседі, жаңартылған бағдарлама туралы практикаға бағытталған нақты ақпарат алады. Бұл тәжірибе жаңа білім стандартын ата-аналардың түсінуі мен қанағаттануын қамтамасыз етудің үлгісі болып табылады.

Ата-аналарға бағалаудың жаңа жүйесі білім алушылар үшін қолайлы білім ортасын құруға ықпал ететінін түсіндірудің маңызы зор.

Мұғалім бағалауды өткізу кезінде тек мұғалімдерге ғана емес, сонымен қатар ата-аналар мен білім алушыларға да көмек ретінде әзірленген кешенді әдістемелік материалдарды міндетті түрде пайдалануы керек:

✓ Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидалары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы № 125 бұйрығына қосымша, 2017 жылғы сәуір);

✓ «2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік нұсқау хат;

✓ Бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау бойынша нұсқаулық;

✓ Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;

✓ Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинағы;

✓ Сыныптар, пәндер және тілдер бөлінісінде жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдама.

Әдістемелік нұсқаулықтар, жинақтар мен басқа да материалдар мектеп кітапханаларында бар, олардың nao.kz, smk.edu.kz сайттарынан табуға болады. Барлық туындаған мәселелер бойынша өз басшыларыңызға, әдіскерлеріңізге, критериалды бағалау бойынша үйлестірушілеріңізге хабарласып әрқашан жауап алуға, көрсетілген сайттардағы қолданыстағы айдарларға сұрақ жолдауларыңызға болады.

Оқытудағы ілгерілік туралы деректер жинау үшін әр сабақ барысында қалыптастырушы бағалау жүзеге асырылады. Оны ағымдағы немесе қалыптастырушы бағалау деп те атауға болады.

Қалыптастырушы бағалау оқу процесінде білім алушылардың білімді меңгеруі мен дағдылары қалыптасуы деңгейін анықтау үшін қызмет атқарады, білім беру процесін түзетуге мүмкіндік береді, мұғаліммен кері байланысты жүзеге асыру үшін жүргізіледі. Кері байланыстың формаларын, түрлерін мұғалім өзінің жинақтаған тәжірибесін пайдаланып өз қалауы бойынша таңдайды. Осыған байланысты, кері байланыс ұсынуда тиімді және дұрыс түрлеріне көңіл аударған жөн.

Қалыптастырушы бағалауды өткізер алдында білім алушыларды оқыту мақсаттары және бағалау критерийлерімен таныстыру маңызды. Тапсырманы орындау кезінде неге назар аудару қажет екенін білім алушыларға түсінікті болу үшін бағалау критерийлерінің мағынасын түсіндіру қажет.

Оқыту процесінде білім алушының қойылған оқыту мақсаттарын түсінгендігін растау ретінде басқа да оқу міндеттері қойылып және тиімді сыныптық пікірталас қалыптасқаны маңызды. Мұғалімнің тұрақты түрде кері байланыс жасауы білім алушыларды алға қарай жылжуға, жақсы нәтижеге жетуге ынталандыратын болады.

Ойлау дағдыларын деңгейін дәл бағалай білу критериалды бағалаудың маңызды аспектісі болып табылады. Кестеде оқу бағдарламасына енгізілген ойлау дағдыларының деңгейлері және қалыптастырушы және жиынтық бағалау барысында қарастырылған даму немесе қалыптасу дәрежесі берілген.

2-кесте – Блум таксономиясы бойынша ойлау әрекетінің деңгейлері

Дағдылар	Сипаттамасы
Білім	Нақты фактілерді, ақпараттарды және олардың сипаттамасын білу және көрсету
Түсіну	Ақпаратты дұрыс көрсету, болжау немесе түсіндіру арқылы ұғынуды көрсету
Қолдану	Ақпаратты және бұрын алынған білімдерді жаңа немесе таныс емес мәнмәтінде немесе жағдаятта қолдану

Талдау	Ақпараттық материалдарды құрылымдық бөліктерге бөлу қабілетін көрсету, дәлелін немесе себебін анықтау арқылы түрлі қорытынды алу үшін ақпаратты зерделеу, жалпы ережелерді негіздеу үшін ой қорытындысын және/немесе дәлелдер табу
Синтез	Бұрын алынған білімдердің түрлі бөліктерін жаңа мәнмәтінде қайта қарау қабілетін көрсету
Бағалау	Белгіленген критерийлер бойынша идеялардың немесе фактілердің маңыздылығы туралы пікір қалыптастыру

Білім алушылардың дайындық деңгейі әрбір білім беру саласы бойынша жобаланған оқытудың күтілетін нәтижелері арқылы анықталады.

Төмендегі кестеде ойлау дағдыларының барлық деңгейлері бойынша күтілетін нәтижелерді анықтауға арналған етістіктерді қолдану үлгілері берілген (3-кесте).

3-кесте – Блум бойынша ойлау дағдылары деңгейінің таксономиясы

№ р/с	Ойлау дағдыларының деңгейі	Ойлау дағдылары деңгейіне сәйкес келетін етістіктердің тізбесі
1	Білім	Атап өту, есте сақтау, атау, көрсету, аяқтау, қайталау, елестету, әңгімелеу, еске түсіру және т.б.
2	Түсіну	Талқылау, анықтау, әңгімелеу, сұрау, түсіндіру, тұжырымдау, түрлендіру, көрсету және т.б.
3	Қолдану	Қолдану, есептеу, өзгерту, таңдау, жіктеу, аяқтау, көрсету, табу, сахналау, қатыстыру, зерттеу, эксперимент өткізу, суреттермен суреттеу, түсіндіру, сүйену, жаттықтыру, ара қатынасын белгілеу, жоспарлау, көрсету, нобай жасау, шығару, пайдалану және т.б.
4	Талдау	Талдау, топтастыру, есептеу, санаттау, жіктеу, салыстыру, байланыстыру, қарама-қарсы қою, талқылау, саралау, ажырату, бөлу, зерттеу, эксперимент жасау, түсіндіру, қорытынды шығару, реттеу, күдіктену, ара қатынасын белгілеу, таңдау, бөлу, тексеру және т.б.
5	Синтез	Топтастыру, жинау, араластыру, құрастыру, жасау, әзірлеу, тұжырымдау, жинақтау, біріктіру, ойластыру, түрлендіру, ұйымдастыру, жоспарлау, дайындау, ұсыну, қайта топтастыру, көшіру, белгілеу, алмастыру, қайта анықтау және т.б.
6	Бағалау	Дәлелдеу, таңдау, салыстыру, қорытынды жасау, сендіру, дәлел келтіру, шығару, негіздеу, түсіндіру, өлшеу, болжау, ұсыну, белгілеу, жинақтау, қолдау,

		тексеру, бағалау, кеңес беру, эксперименттеу, рецензиялау, зерттеу, шығару
--	--	--

Мұғалім білім алушылармен бірлесе отырып оқу мақсатына жетудің табыс критерийлерін талқылай алады және қажет болған жағдайда оларды толықтырады.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім белгілі дағдыларды бағалаудың тиімді тәсілі ретінде топтық жұмыстарды қолдана алады.

Топтық жұмыс барысында мұғалім әрбір топтағы білім алушылардың талқылауын тындайды және бақылайды: кейбір білім алушылар бағалау критерийлеріне сәйкес оқу мақсатына жеткендігін жылдам көрсете алады.

Мұғалім одан әрі оқу мақсатына жетуге ұмтылған білім алушылардың іс-әрекетін бақылауы және қосымша сұрақтар қоюы тиіс:

- Бұл туралы не ойлайсыздар?
- Сіздің топта не талқыланды туралы түсінік бере аласыз ба?

Егер білім алушылар практикалық жұмыс орындаса, онда сұрақты әр тапсырма бойынша қоюға болады:

- Сіздер қазір не істеп жатырсыздар?
- Сіздің ойыңызша бұдан әрі не болады?
- Сіз бұл тапсырманы орындау барысында ерекше бірдеңені байқадыңыз ба?

Топтық жұмыс барысында мұғалім барлық топтардың жұмысын бақылауы тиіс. Топты бақылауды тапсырманы орындауға қатысумен бірге жүргізуге де болады.

Жауаптарды бағалаудан кейін мұғалім оқу мақсатына жетуге ұмтылған топтарға қайтадан келіп, олардың оқу мақсатына жетулеріне тағы бір мүмкіндік беруіне болады. Бұл жағдайда білім алушыларға:

- жаңа идеяны тұжырымдауды;
- екі (немесе одан да көп) идеяны салыстыруды;
- идеяларды бағалауды;
- топтық талқылаулар негізінде қорытынды жасауды;
- сұрақтарға жауап беруді ұсынады.

Жоғарыда айтылған барлық тармақтар оқытудың нақты мақсатына жетудің дәлелі болады.

Осылайша, қалыптастырушы бағалау негізгі бес стратегиядан тұрады:

- күтілетін нәтижелерді және бағалау критерийлерін түсіндіру;
- білім алушылардың түсінігі туралы дәлел беретін сыныптағы тиімді талқылау және қарым-қатынасты қалыптастыру;
- білім алушыларды нәтижеге жетуге ынталандыратын кері байланыс орнату;
- білім алушыларды өзара оқытудың дереккөзі және ресурсы ретінде қатыстыру;
- білім алушының өз білімінің «негізін қалаушы» ретінде қалыптасуы.

Қалыптастырушы бағалау барысында мұғалім бағалаудың жекелеген тәсілін қолдануы тиіс. Егер мұғалім кейбір білім алушыларға қандайда бір дағдыны дамыту үшін көп уақыт қажеттігін байқаса, онда оқудың бұл мақсатын бағалау туралы шешім қабылдауы және білім алушылардың жетістіктерін бағалау критерийлерін әзірлеу барысында түзетулер енгізуі тиіс.

Сонымен қатар мұғалім тілдік пәндер бойынша сөйлеу әрекетінің 4 түрін бағалауы тиіс екенін есте сақтауы қажет: тыңдалым, айтылым, жазылым және оқылым. Кестеде оқыту процесінде білім алушылардың жетуі тиіс тілдік дағдылар сипатталған.

4-кесте – Сөйлеу әрекетінің түрлері

Дағдылар	Сипаттама
Тыңдалым арқылы коммуникация (тыңдалым)	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға қатысты айтылған ауызша пікірлердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты бөліп алу; сөйлеушінің пікірін түсіну; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; түрлі стратегияларды қолдану арқылы білім алушылардың деңгейіне сәйкес келетін әртүрлі мәтіндердің мазмұнын қабылдау және түсіну: тыңдалған мәтіннің негізгі мазмұнын түсіну, таныс сөздерге, фразаларға және сөйлемдерге сүйенумен қажетті/нақты ақпаратты, мәтіннің бөліктерін таңдау және түсіну.
Жазылым	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптарға байланысты жазбаша жұмыстарды жоспарлау, жазу, редакциялау және түзету; нақты және ойдан шығарылған оқиғалар туралы жаза білу, оқылғаны туралы сыни пікірлер беру білігі; орфографиялық және грамматикалық қателер жібермей барынша сауатты жазу; белгілі стильді ұстану; түрлі байланыстырушы сөздерді қолдану арқылы параграфтағы сөйлемдерді байланыстыру.
Оқылым арқылы коммуникация	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы әдеби және ғылыми мәтіндердің негізгі мазмұнын түсіну және олардан негізгі ақпаратты белгілеу, ақпаратты іздеудің түрлі стратегияларын қолдану; мәнмәтін бойынша сөздердің мағынасын анықтау; автордың қарым-қатынасын және пікірін түсіну; сөздердің мәнін тексеру және оқығанды терең түсіну үшін қағаз және электронды тасымалдағыштардағы түрлі дереккөздерді қолдану.
Айтылым	Оқу бағдарламасы аясындағы түрлі тақырыптардағы сұхбаттасу барысында ресми және ауызша сөйлесу стильдерін қолдану; қажетті ақпаратты алу үшін неғұрлым күрделі сұрақтар қоя білу білігі; өз пікірін айту; күтпеген түсінікке жауап беру; тапсырманы орындау барысында құрдастарымен қарым-қатынас жасау; арнайы лексиканы

сауатты пайдалану; хикаялар мен оқиғаларды мазмұндау.

Қалыптастырушы бағалауға арналған тапсырманы мұғалім өздігінен құрастыра алады немесе қалыптастырушы бағалау бойынша ұсынылған тапсырмалар жинағын қолданады. **Қалыптастырушы бағалау бойынша есептік құжаттама талап етілмейді.**

Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелерін тіркеу нысанын мұғалімнің өзі анықтайды (сандық, графикалық, балдық). Қалыптастырушы бағалаудың нәтижелері мұғалімнің есеп беру құжаттамасы болып саналмайды.

Тоқсандық және жылдық жиынтық бағалау өз кезегінде, бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау тәртібін қамтиды.

Жиынтық бағалау оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптарды оқуды аяқтағаннан кейін және тоқсан соңында білім алушылардың ілгерілеуі туралы ақпаратты балл және баға қоя отырып, мұғалімдерге, білім алушыларға және ата-аналарға (білім алушыларды жетістіктерін бағалау 3-тоқсанда басталатын 1-сыныптан басқаларында) жеткізу мақсатында өткізіледі. Белгілеу процесінде білім алушылардың оқу бағдарламасы мазмұнына сәйкес білімдері мен дағдыларын көрсететін дәлелдер жинау жүзеге асырылады.

Бағалау тәсілдері пәннің мазмұнына және критериалды бағалаудың түріне байланысты ерекшеленуі мүмкін.

«Өзін-өзі тану», «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Оның қорытындысы бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы қойылады. Дене шынықтыру пәнінен әр тоқсанның және оқу жылының соңында, ал қалған үш пәннен жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы журналға қойылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары білім алушылардың оқу бағдарламаларындағы тек өткен материалдарын қамтуы тиіс.

Жиынтық бағалау бойынша жұмыстарды орындау барлық білім алушылар үшін міндетті.

Бөлім/ортақ тақырыптар және тоқсан бойынша жиынтық бағалауды қайта орындауға рұқсат етілмейді.

Тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың тапсырмалары тоқсандық жиынтық бағалаудың ерекшеліктері негізінде әзірленеді. Ерекшеліктер барлық орта білім беру ұйымдары үшін тоқсандық жиынтық бағалаудың құрылымы мен мазмұнына және оны өткізуге қойылатын бірыңғай талаптар түрінде беріледі.

Ерекшеліктерде тоқсандық жиынтық бағалаудың мақсаты, шолу, өткізу бойынша нұсқаулық, тоқсандық жиынтық бағалау тапсырмаларының үлгілері, тапсырмалардың орындалуына қойылатын балдардың кестесі қамтылады.

Жиынтық бағалаудың тапсырмаларын мұғалім өз бетінше дайындайды немесе «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ әзірлеген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдамаларда ұсынылған тапсырмаларды

пайдаланады. Мұғалім жиынтық жұмыстардың бірнеше нұсқаларын пайдалана алады.

Тілдік пәндер бойынша жиынтық бағалау сөйлеу әрекетінің төрт түрі (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) бойынша өткізіледі. Тыңдалым мен айтылымды бағалау жиынтық бағалауды өткізу жоспарланған апта ішінде сабақ барысында жүргізіледі.

Білім берудің барлық деңгейлеріндегі мұғалімдер үшін әзірленген Жиынтық бағалау бойынша әдістемелік ұсынымдама (НЗМ мен Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының сайтына орналастырылған) бөлімдер/ортақ тақырыптар және тоқсандық жиынтық бағалауды ұйымдастыру мен өткізудің тәсілдерін көрсетеді. Құжаттан келесі ақпаратты табуға болады:

- бөлім/ортақ тақырыптар үшін жиынтық бағалауға арналған тапсырмаларды әзірлеу бойынша ұсынымдар;
- дескрипторлары мен балдары берілген бөлім/ортақ тақырыптардан жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың үлгілері;
- тоқсандық жиынтық бағалаудың тапсырмаларын әзірлеу және рәсімді өткізуге арналған ерекшелік;
- балды қою кестесі берілген тоқсандық жиынтық бағалауға арналған тапсырмалардың үлгілері.

Тоқсандық жиынтық бағалау бойынша білім алушылардың оқу нәтижелерін бағалаудың анықтығы мен дәлдігін қамтамасыз ету үшін мұғалімдер модерация процесін өткізеді.

Модерацияны бағалауды стандарттау мақсатында бір пән және параллель сыныптар бойынша білім алушылардың жиынтық жұмысының нәтижелерін талқылау үшін мұғалімдер жүргізеді.

Модерация процесін пән мұғалімдері бір пәннің және бір сыныптың ішінде бағаны стандарттау мақсатында жартыжылдықтың соңында және жылдық қорытынды баға қоюдың алдында өткізеді. Жиынтық бағалауды өткізу мен модерацияны өткізудің арасындағы уақыт 3 жұмыс күнінен артық болмауы тиіс.

Модерация нәтиже мен білім беру процесінің сапасын арттыруға мүмкіндік береді.

Модерация бойынша өткізілетін отырыста мұғалімдер балл қою кестесіне сәйкес жиынтық жұмыстарды талқылайды, қажет болған жағдайда балл қою кестесіне ұжымдық түрде өзгерістер және/немесе толықтырулар енгізеді. Модерация аяқталған соң хаттама толтырылады.

Модерация қорытындысы бойынша балдарын өзгертуге жататын білім алушылардың жиынтық жұмыстары қайта тексеріледі. Модерация қорытындысы бойынша жиынтық жұмысқа қойылған балл жоғары балға, сондай-ақ, төмен балға да өзгертілуі мүмкін.

Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын жүзеге асыратын білім беру ұйымдарында білім алушылардың үлгеріміне ағымдық бақылау, аралық және қорытынды аттестаттау өткізудің үлгілік қағидаларына сәйкес жиынтық бағалауды өткізу күні белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына,

конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) келмеген білім алушы мектепке келген соң екі апта ішінде жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Білім алушы екі аптадан артық белгілі себептермен (ауыруына, жақын туыстарының қайтыс болуына, конференцияға, олимпиадаға және ғылыми жарыстарға қатысуына байланысты) болмаған жағдайда, мектеп құрған жеке кестеге сәйкес жиынтық бағалаудан өтуі тиіс.

Бөлім (ортақ тақырып) және тоқсан бойынша жиынтық бағалаудың нәтижелері болмаған жағдайда білім алушы уақытша аттестатталмаған болып есептеледі.

Үлгерім бойынша есеп беру кезінде уақытша аттестатталмаған білім алушылар ескерілмейді, олардың үлгерімі бойынша есеп қосымша тапсырылады.

Білім алушылардың жиынтық бағалау бойынша балл түріндегі нәтижелері балдарды бағаға ауыстыру шкаласына сәйкес тоқсандық және жылдық бағаға ауыстырылады.

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері туралы ақпарат білім алушылар мен ата-аналарына немесе олардың өзге де заңды өкілдеріне қағаз немесе электрондық түрде беріледі (айдарлар, шолулар және т.б.).

1-сыныпта бірінші жартыжылдықтың оқу материалын меңгеру деңгейіне жиынтық бағалау жүргізілмейді, тиісінше тоқсандық бағалар тек 3-ші және 4-ші тоқсандарда қойылады.

Тоқсандық баға 50% де 50% пайыздық қатынасында бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде қойылады. Бұл білім алушы тоқсандық бағаның 50%-ын бөлімдер/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау нәтижелері, 50%-ын – тоқсандық жиынтық жұмыстың нәтижелері бойынша жинайтынын білдіреді. Осы екі бөліктің қосындысы тоқсанға қойылатын қорытынды бағаны көрсетеді.

1-сыныпта жылдық баға 3-ші және 4-тоқсандардағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау және тоқсандық жиынтық бағалау нәтижелерінің негізінде 50% де 50% пайыздық қатынасында қойылады. Жылдық бағаны есептеу үшін білім алушының бөлімдер/ортақ тақырыптар үшін алған жиынтық бағалауының және тоқсандық жиынтық бағалауының жалпы балдары қосылады. Бұдан әрі оқу жылының балдық пайыздық мазмұны пайыздық қатынаста (50%:50%) анықталады. Бағаларды санау электрондық журналға енгізілген формула бойынша автоматты түрде жүзеге асырылады.

Тоқсандық және жылдық бағаларды қайта қарауға рұқсат етілмейді.

Білім алушыларды денсаулығына байланысты дене шынықтыру сабағынан босату олардың келесі сыныпқа көшірілуіне әсер етпейді.

Электронды журналдың формасы кесте түрінде берілген, бұл кестеге білім алушылардың тоқсан барысындағы жетістіктері енгізіледі (бөлімдер бойынша және тоқсандық жиынтық бағалауының балдары), сонымен қатар балдарды бағаға ауыстыруды қарастыратын шкалаға сәйкес автоматты түрде

бағаны санау жүзеге асырылады (тек тоқсан және оқу жылының қорытындысы бойынша) (1-сурет).

Білім берудің барлық деңгейлері бойынша әрбір оқу пәні үшін әр тоқсандағы бөлімдер бойынша жиынтық жұмыстардың саны көрсетілген электронды журналдың өзіндік форматы әзірленген.

Школа: _____																											
Временная форма электронного журнала по _____ за 1 четверть для 1 класса																											
№	ИИН	Ф.И.О. ученика	Класс	Суммативное оценивание по разделам учебной программы						Суммативное оценивание за четверть		Расчет оценки за четверть															
				50%						50%		100%		Сумма %	Оценка												
				Раздел 1. СОр 1		Раздел 2. СОр 2		Раздел 3. СОр 3		СОч		% СОр (приравненный к 50%)	% СОч (приравненный к 50%)														
				Макс. балл:	10	Макс. балл:	20	Макс. Балл:	30	Макс. Балл:	50																
1	1234567891011	Ученик 1	1А	10	10	20	20	30	30	50	50	50,0%	50,0%	100%	5												
2	1234567891012	Ученик 2	1А	9	10	18	20	27	30	45	50	45,0%	45,0%	90%	5												
3	1234567891013	Ученик 3	1А	8	10	16	20	24	30	40	50	40,0%	40,0%	80%	4												
4	1234567891014	Ученик 4	1А	7	10	14	20	21	30	35	50	35,0%	35,0%	70%	4												
5	1234567891015	Ученик 5	1А	6	10	12	20	18	30	30	50	30,0%	30,0%	60%	4												
6	1234567891016	Ученик 6	1А	5	10	10	20	15	30	25	50	25,0%	25,0%	50%	3												
7	1234567891017	Ученик 7	1А	4	10	8	20	12	30	20	50	20,0%	20,0%	40%	3												
8	1234567891018	Ученик 8	1А	3	10	6	20	9	30	15	50	15,0%	15,0%	30%	3												
9	1234567891019	Ученик 9	1А	2	10	4	20	6	30	10	50	10,0%	10,0%	20%	2												
10	1234567891020	Ученик 10	1А	1	10	2	20	3	30	5	50	5,0%	5,0%	10%	2												
Учитель: _____										Количество:				<table border="1"> <tr> <th>Процент</th> <th>Оценка</th> </tr> <tr> <td>81% - 100%</td> <td>«5»</td> </tr> <tr> <td>51% - 80%</td> <td>«4»</td> </tr> <tr> <td>21% - 50%</td> <td>«3»</td> </tr> <tr> <td>1% - 20%</td> <td>«2»</td> </tr> <tr> <td>0%</td> <td>«1»</td> </tr> </table>		Процент	Оценка	81% - 100%	«5»	51% - 80%	«4»	21% - 50%	«3»	1% - 20%	«2»	0%	«1»
Процент	Оценка																										
81% - 100%	«5»																										
51% - 80%	«4»																										
21% - 50%	«3»																										
1% - 20%	«2»																										
0%	«1»																										
										«5» - 2																	
										«4» - 3																	
										«3» - 3																	
										«2» - 2																	
										«1» - 0																	

1-сурет – Электронды журналдың үлгісі

Мұғалім электронды журналдың келесі тор көздерін толтырады:

1. Мектеп
2. Білім алушының жеке сәйкестендіру нөмірі (ЖСН) туралы мәліметтер берілген баған
3. Білім алушының Т.А.Ә. берілген баған
4. Сынып/литер
5. Бөлім бойынша жиынтық бағалаудың максималды балын енгізу өрісі
6. Бөлім үшін жиынтық бағалау бойынша жиналған балдарын енгізу бағаны
7. Тоқсан үшін жиынтық бағалау бойынша жиналған балдарын енгізу бағаны
8. Мұғалім туралы мәліметтер
9. Директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасары туралы мәліметтер (2-сурет).

Әдістемелік-нұсқау хат/2017-2018 оқу жылы

Временная форма электронного журнала по предмету "МУЗЫКА" для 1 класса (3 четверть)											
№	ИИН	Ф.И.О. ученика	Класс/ литер	Суммативное оценивание за раздел				Суммативное оценивание за четверть		Расчет оценки за 3 четверть	
				50%		50%		100%		Сумма %	Оценка
				Раздел 1. СОр 1	Раздел 2. СОр 2	СОч		% СОр	% СОч		
				Макс. балл:	Макс. балл:	Макс. балл:	15				
1				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
2				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
3				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
4				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
5	2	3	4	6	6	7	15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
36				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
37				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
38				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
39				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	
40				0	0		15	#ДЕЛ/0!	0,0%	#ДЕЛ/0!	

Учитель: 8
Заместитель директора по учебно-воспитательной работе: 9

Процент	Оценка	Количество
81% - 100%	«5»	0
51% - 80%	«4»	0
21% - 50%	«3»	0
1% - 20%	«2»	0
0%	«1»	0

2-сурет – Электронды журналдың мұғалімдер толтыруға арналған тор көздері

Төменде жаңартылған білім мазмұны аясындағы білім алушы күнделігінің үлгісі берілген, бұл күнделікте бес күндік оқу аптасына өту ескерілген және алтыншы күн мұғалімнің түсіндірмесін жазуды қарастырған (3-сурет).

МЕСЯЦ <u>Март</u>		
Дни и Числа	ПРЕДМЕТ	ДОМАШНЕЕ ЗАДАНИЕ
ПОНЕДЕЛЬНИК 4	Матем. Физ. ез. Тар. ез. Матем. УЗО	с. 97 в тетрадь
ВТОРНИК 5	Толқын. Физ.-ра. Тар. ез. Матем. Матем.	
СРЕДА 6	УКЖТ Матем. Тар. ез. Англ. ез.	с. 22 жағ 1(а,б) с. 112 № 131, 126 с. 41 жағр. 3
КОММЕНТАРИИ УЧИТЕЛЯ 4 марта 😊 Вопрос отвечали на вопросы по тексту. 4 марта 😞 Допускались ошибки при выполнении заданий в работе с таблицей словесей.		
Подпись классного руководителя _____ Подпись родителей _____		

3-сурет – Білім алушы күнделігінің үлгісі

Үш тілде оқыту туралы

Заманауи жағдайда үш тілде білім берудің әдіснамасы алдымен, тарихи және әлеуметтік-педагогикалық алғышарттармен, сондай-ақ лингводидактикалық тұжырымдамалармен анықталады. Алғашқылары:

1) кеңестік Қазақстандағы тілдік жағдай орыс-қазақ (қазақ-орыс емес) қостілділігін тарихи қалыптастырды, сондықтан орыс тілін ана тілі және ана тілінен өзге тіл ретінде оқытудың ғылыми-әдістемелік базасы өте жоғары деңгейде әзірленген;

2) Тәуелсіздікке дейін Қазақстанда орыс тілінде оқытатын мектептер басым болған және ол мектептерде қазақ тілі оқытылмаған, бұл оның функционалдық белсенділігін дамытудың тежеуші факторына айналды және қазақ тілін (сонымен қатар ана тілінен өзге тіл ретінде) оқыту мәселесіндегі педагогикалық тәжірибенің жетіспеушілігіне апарды;

3) қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы және оның іс жүзіндегі қолданыс деңгейі Типтік оқу жоспарында оқу сағаттарының мөлшерін көбейтуге мүмкіндік берді, дегенмен қазақ тілінің лингводидактикалық аспектілерін теориялық және қолданбалы ғылыми зерттеулер бүгінгі күнге дейін жеткіліксіз;

4) Әлемдік экономикаға бірігуге қажетті көлемде оқытуды талап ететін ағылшын тілінің қазақстандық қауымдастықтың лингвокоммуникативтік кеңістігіне белсенді еніп келе жатқаны да, қазіргі кездегі тілдік жағдайды күрделендіре түсті.

Барлық көрсетілген ұстанымдар Қазақстанда тілдердің үштұғырлылығы идеясын енгізудің алғышарты болып, келесі формуламен айқындалды: мемлекеттік тілді дамытамыз, орыс тілін қолдаймыз және ағылшын тілін үйренеміз.

Бұл ретте қазақ тілі Қазақстан халқының бірігуінің жетекші факторы болып табылады. Қазақ тілі мемлекеттік тіл ретінде бірлік жолында азаматтық бірлікті қалыптастыру үшін маңызды. Қазақ тілін білу – қазіргі әр қазақстандықтың өзіндік ерекшелігінің кепілі.

Дәл осы идея қазақ тілін оқытудың тиімді әдістерін іздеу қажеттілігін туғызды.

Үш тілде білім берудің негізгі стратегиялық мақсаты – қазақстандықтардың бір уақытта үш мақсатты тілді халықаралық стандартқа сай меңгеруіне қажетті жағдай жасау, нақты айтқанда:

-қазақ тілін мемлекеттік тіл ретінде білу, ол азаматтардың үйлесімді бірлесуіне ықпал етеді;

- орыс тілі, қазақ тілімен қатар қолданылатын ресми тіл ретінде;

- ағылшын тілін әлемдік экономикаға бірігу құралы ретінде үйрену.

Білім процесінде барлық үш тіл (екінші және үшінші тілдер, яғни, қазақ тілі (Т2), орыс тілі (Т2), ағылшын тілі (Т3) бәсекелестікте емес, бірлікте дамуы тиіс. Осыған орай, үш мақсатты тілге оқытудың негізгі тәсілдемесі белгіленді.

Ең біріншісі – мақсатты тілдерді деңгейлеп оқыту. Бұл – мақсатты үш тілде оқыту CEFR («Common European Framework of Reference: Learning,

Teaching, Assessment» - «Шетел тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттіліктері: меңгеру, оқыту, бағалау») деңгейлік оқыту моделіне сәйкес жүргізілетінін және білім жүйесінің барлық деңгейлерінде бірлік, сабақтастық және үздіксіздік қамтамасыз етілетінін білдіреді. Үш тілде білім берудің қазақстандық моделі CEFR-дің аналогы емес, бірақ бұл құжат негізге алынып және оның идеялары мен негізгі ережелері ұлттық білім беру жүйесінің нақты жағдайларына бейімделеді.

Осыған сәйкес мақсатты үш тілде оқытудың деңгейлері төменгідей белгіленген:

5-кесте – CEFR сәйкес үш тілде оқытудың салыстырмалы деңгейлері (Common European Framework of Reference – Шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттіліктері)

CEFR деңгейлері			Сынып-тар	Ағылшын тілі (Т3)	Сыныптар	Қазақ тілі (Т2) Орыс тілі (Т2)	
Базалық	A1	Қарапайым деңгейі	1-сынып	A1 бағытындағы жұмыс	A1	1-сынып	A1 бастапқы
			2-сынып	A1 төмен		2-сынып	A1 орта
			3-сынып	A1 орта		3-сынып	A1 ілгері
			4-сынып	A1 жоғары		4-сынып	A2 бастапқы
	A2	Негізгі деңгей	5-сынып	A2 төмен	A2	5-сынып	A2 орта
			6-сынып	A2 орта		6-сынып	A2 ілгері
			7-сынып	A2 жоғары		7-сынып	B1 бастапқы
Орта	B1	Орта деңгей	8-сынып	B1 төмен	B1	8-сынып	B1 орта
			9-сынып	B1 орта		9-сынып	B1 ілгері
			10-сынып	B1 жоғары		10-сынып	B2 бастапқы
	B2	Ортадан жоғары деңгей	11-сынып	B2 төмен	B2	11-сынып	B2 орта

Ағылшын тілі бір қадамға артта екеніне назар аудару қажет, өйткені қазақ тілі мен орыс тілі табиғи лингвистикалық ортада оқытылады. Заманауи Қазақстанның тілдік жағдайына орыс-қазақ және қазақ-орыс қостілділігі тән және соңғысының қолданыс аясы кеңейтілуде. Оған қазақ тілінің мемлекеттік тіл мәртебесін алуы себеп болды. Сонымен қатар, Қазақстан тәуелсіздігінің 25 жылы ішінде бір миллионнан астам этностық қазақтар тарихи отанына қайта оралды.

Деңгейлік оқытуда сөйлеу қызметінің төрт дағдысын дамытуға көңіл бөлінеді: тыңдалым (ауызекі тілді тыңдап отырып түсіну), айтылым, оқылым және жазылым.

Үш тілде оқытудың келесі әдісі – коммуникативтік тәсіл. Ол мыналарды білдіреді:

біріншіден, мақсатты тілдерді оқыту оқытылатын тілдің ауызекі сөйлеу нормасын меңгеруге бағытталған, сондықтан бірінші сыныпта, ең алдымен,

тыңдалым мен айтылым дағдыларына көңіл бөлінеді; оқылым мен жазылым дағдыларын ана тілінде немесе оқу тілінде (мектептің оқу тілі) дамыту арқылы жүзеге асырылады;

екіншіден, тілді оқыту грамматикалық ережелермен шектелмейді, яғни өзге тілді алғаш үйренушілерге «бастауыш», «баяндауыш», «морфология», «синтаксис» т.б. білу маңызды емес. Бала грамматикалық құрылымдарды білмей тұрып, оқу мен жазуды білмесе де сөйлей бастайды, тіпті сөйлемдерді де дұрыс құрайды. Ол жай ғана сөздерді айтады, сөздердің мағынасын түсінеді, айналасындағы адамдармен тілдесе бастайды. Уақыт өте келе оның сөздік қоры молаяды, қоршаған адамдардың басым бөлігі оны түсінетіндей деңгейде сөйлесе алады. Содан кейін ғана бала оқу мен жазуды үйренеді. Мектепте ана тілінен өзге тілді үйренудің негізі осында жатыр.

Ана тілінен өзге тілдерді оқытқанда ана тілін (немесе бірінші тілді) қолдану орынды, бұл коммуникативтік тәсілдеменің ережелерін бұзбайды: егер ана тілінде 5 минут ішінде ережені түсіндіруге болатын болса, онда шет тілінде оны түсіндіруге сабақтың барлық уақытын зая жіберудің қажеті жоқ.

Мұндай оқытудың негізгі мақсаты грамматикалық құзыреттілікті қалыптастыру емес (сөз тіркестері мен сөйлемдерді сауатты құру, мезгіл шақтарын дұрыс қолдану, әр түрлі сөйлемдердің құру түрлерін білу), коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру. Сөзсіз, грамматикалық құзыреттілік маңызды, бірақ коммуникативтік тәсілдемеде грамматикалық ережелерді іс жүзіндегі қарым-қатынаста қолдануға негізделген.

Коммуникативтік құзыреттілік тілді әр түрлі мақсат пен функцияда қолдануды, әр түрлі сипаттағы және типтегі мәтіндерді құру, оқу және түсіну, шектеулі лексикалық және грамматикалық базасы болғанның өзінде әңгімеге араласуды қамтамасыз етеді.

Коммуникативтік тәсілде, ең біріншіден, тілдік құрылымдардың дұрыстығына емес, диалогты әрі қарай өрбіту нұсқасын ұғыну, жалпы коммуникативтік мақсатқа жету, өзгертіп айту дағдысын дамыту параметрлеріне назар аударылады.

Коммуникативтік оқытуда **білім алушы тек қана тіл туралы білімді меңгермейді, сонымен қатар, мәдени-әлеуметтік компонентті де меңгереді: қоғамдағы тәртіп үлгісі, сол елдің мәдениеті мен мәдениет нормалары туралы білімі, осылардың бәрі шынайы қарым-қатынастың жағдаяттарында сөйлеушімен өзара қарым-қатынас жасауға көмектеседі.**

Мақсатты үш тілді оқытуда қолданылатын келесі әдістемелік тәсіл – мәдениетаралық-коммуникативтік тәсіл. Бұл тәсілде тілдерді оқытуда тұлғаның мәдениетаралық қарым-қатынасқа қажетті қасиеттерін дамытуға көңіл бөлінеді. Мұндай тәсіл бірнеше міндеттерді шешуге мүмкіндік береді:

– туған жері, оның ерекшелігі, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы түсінік қалыптастыру. Бұл білім алушының когнитивті тәжірибесін кеңейтуге және құндылық жүйесінің бағдарын, оның ішінде өз еліне, өлкесіне деген сүйіспеншілік, ұлттық мәдениетке, тілге құрметпен қарауын қалыптастыру үшін қажет;

– өз жерінің тарихы, мәдениеті, салт-дәстүрі туралы алынған ақпаратты

тарату үшін жағдай жасау;

– мәдени-білім кеңістігінде тұлғаның өзін-өзі іске асыруын қамтамасыз ету.

Осы тәсілдердің негізінде үш тілде оқыту келесі қағидаттардан құрылады:

1) тіл мен мәдениетті бірге оқыту қағидаты, бұл – тілді мәдениет аралық қатынас құралы ғана емес, сонымен қатар, әлеуметтік құндылық, мәдени-ұлттық мұраның бейнесі, қоршаған ақиқатты тану құралы ретінде оқыту;

2) білім беру мазмұнындағы қазақ тілі (мемлекеттік) және орыс тілінің теңгерілмділік қағидаты, біріншіден, нақты аймақтың әлеуметтік лингвистикалық жағдайының ерекшеліктерін есепке алу қажеттілігін білдіреді. Көп жағдайда, Қазақстанның әр аймағындағы тілдердің қолданыс белсенділігі бірдей емес. Өйткені еліміздің оңтүстік аймағында орыс тілінің белсенділігі төмендеу, керісінше, солтүстік аймақтарда қолдану аясы кеңірек;

3) «білімге екі жақты ену» қағидаты – біріншіден, тіл білім беру үрдерісінде әрі оқыту құралы, әрі оқу пәні ретінде қолданылатынын білдіреді:

3.1. тіл оқу бағдарламалары аясында оқу пәні ретінде қазақ тілді емес мектептерде «Қазақ тілі» (1-4-сыныптарда), «Қазақ тілі мен әдебиеті» (5-11-сыныптарда); оқыту орыс тілді емес мектептерде «Орыс тілі» (1-4-сыныптарда), «Орыс тілі мен әдебиеті» (5-11-сыныптарда); оқыту тіліне қарамастан барлық мектептерде «Ағылшын тілі» (1-11-сыныптарда) оқытылады;

3.2. тіл оқыту құралы ретінде тілдік пәндердің басқа пәндермен кірігу механизмі болып қолданысқа енеді, сондықтан негізгі мектепте оқыту тіліне қарамастан «Қазақ тілі мен әдебиеті» және «Қазақстан тарихы» пәндері қазақ тілінде, «Орыс тілі мен әдебиеті» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері орыс тілінде, жоғары сыныптарда «Жаратылыстану», «Информатика», «Физика», «Химия», «Биология» пәндері ағылшын тілінде оқыту жоспарланған.

Мектептердің үш тілде оқытуы бойынша дайындығын анықтау үшін 2018 жылы мониторинг өткізу жоспарлануда. Осыған дайын мектептер 2019 жылдан бастап белгіленген пәндерді ағылшын тілінде беруге құқығы бар.

Сонымен бірге, білім алушылар мен ата-аналар өз қалауларын білдірген жағдайда ғана, ағылшын тілінде оқыту жүзеге асырылады. Мұны қаламаған білім алушылар бұл пәндерді оқыту тілінде оқиды

«Күнделік» электронды мектеп журналдары жүйесі туралы

Қазіргі уақытта «Күнделік» электронды мектеп журналдары жүйесін Қазақстанның 4000 аса мектептері қолданады. Жоба 14 облыс, сонымен қатар Астана және Алматы қалалары аумағында жұмыс істейді.

«Күнделік» жүйесіне елдегі кез келген қалалық, ауылдық мектептердің тегін қосылуға мүмкіндігі бар, сонымен қатар, осы мектептердің барлық білім алушылары, ата-аналары бағаларын, үй тапсырмасын, сабақ кестесін, мектеп

жаңалықтарын және басқа да пайдалы ақпараттарды тегін алу мүмкіндігіне ие болады.

Портал «Күнделік» Қазақстан Республикасы білім беру ұйымдарының білім алушыларына арналған электронды журналдар мен күнделіктердің бірыңғай ақпараттық жүйесі» пилоттық жобасын енгізу туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 29 тамыздағы № 536 бұйрығы негізінде білім беру ұйымдарымен жұмыс істейді.

«Күнделік» журналын қолдану бойынша бірқатар сұрақтар туындауда, сондықтан Әдістемелік нұсқау хат аясында ең қажетті ақпараттар ұсынылған.

«Күнделік» журналы тегін болып табылады. Kundelik.kz сайты қолдануға абоненттік төлем алынбайды. Ата-аналарға әрқашан Kundelik.kz сайтында өзінің логині мен құпия сөзі арқылы «Балалар» - «Күнделік» бөліміндегі өз баласының электронды күнделігіне кіріп, бағалары мен үй тапсырмалары туралы білуге тегін мүмкіндік беріледі. Сайтты пайдаланғаны үшін мектептен де ешқандай төлем алынбайды.

Алдыңғы барлық жобалардан ерекшелігі Kundelik.kz жобасы бюджеттен қаржыландырылмайды. Сонымен, Kundelik.kz жүйесін әзірлеу, қолдау және дамытуға Қазақстан салық төлеушілері мен азаматтарының қаражаты жұмсалмайды.

Ешқандай жоба қаржыландырусыз мүмкін болмайды, сондықтан, болашақта ақылы қосымша міндетті емес қызметтер пайда болады деп болжануда. Бұл мысалы, білім беру қосымшалары және контент болуы мүмкін. «Білім алушы рейтингі» осындай міндетті емес қызмет үлгісі болып табылады. Әр ата-ана оған өз қалауымен қосылуға құқылы, ол ата-анаға нақты пән бойынша өз баласының үлгерім деңгейін сыныптың басқа да білім алушыларының үлгерімімен салыстыруға мүмкіндік береді. Бұл опцияның баланың бағасын электронды күнделік түрінде әрқашан тегін кез-келген уақытта қолжетімді түрде көрсетуге еш қатысы жоқ.

Тұтынушы деректерін қорғауға қатысты. Kundelik.kz сайты және тұтынушылардың барлық мәліметтері «Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі» ММ бекітілген және «Ұлттық ақпараттақ технологиялар» АҚ мемлекеттік ақпараттық жүйесі операторына тиесілі ақпараттық-есептеу ресурстарында, яғни Қазақстан Республикасы территориясында жабық қорғалған дата орталықта орналастырылады. Тұтынушылар деректері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің тікелей қарауында болады. Kundelik.kz жүйесіне кіру ешқандай деректер қолжетімді емес жабық болып табылады.

Күнделік.kz ішінде әлеуметтік желі бар. Бұл байланыстың заманауи құралы, соның арқасында тұтынушылар жүйе ішінде бір бірімен қарым-қатынас жасай алады. Осы әлеуметтік желіде басқа әлеуметтік желілер сияқты анонимді тұлғалар өз бетімен тіркеле алмайды. Әр тұтынушыны мектеп тіркейді. Сондықтан, Күнделік желісіне балаларға қауіп төндіретін анонимді тұлғалар шыға алмайды, бұндай тұтынушы бірден анықталып, бұғатталады және оған Қазақстан Республикасы Заңнамасы қолданылады.

Сонымен қатар, әр тұтынушы өз профилін өзінің деректері ешкімге көрінбейтіндей күйге келтіруді таңдай алады. Бұл Kundelik.kz-ті жасөспірімдер қарым-қатынасы үшін біршама қауіпсіз білім беру ортасына айналдырады.

Тіркеу барысында ЖИН қолдануға байланысты бірқатар мәселелер туындады. Тұтынушының ЖИН-і тіркеу үшін негізгі алаң болып табылмайды. Ата аналарға тіркелу үшін атын, әкесінің атын, туған күнін және жынысын тегін хабарлауы қажет болады. Басқа деректер міндетті емес және тіркелу үшін талап етілмейді. Ата аналардың тіркелуі өз қалауы бойынша іске асады, себебі, үлгерім туралы ақпаратпен қатар, ата-ана мұғалімдер және мектеп әкімшілігінен жеке хабарлама да ала алады. Сөйтіп, ата-аналар мен педагогтер арасында тікелей онлайн қарым-қатынас орнайды. Сонымен қатар, болашақта ата-аналарға арналған, мысалы, Ата-аналар Кеңесі және т.б. ақпараттық бөлімдер пайда болады.

Электронды журналмен қатар қағаз есептілік формасын пайдалануға қатысты.

Мектеп әкімшілігінің мұғалімдерден электронды және қағаз журналды қатар жүргізуін талап етуге сәйкес қандай да бір нормативтік құжаттар жоқ.

Мұғалімдердің қалауымен бір электронды журналды немесе электронды және қағаз журналды қатар жүргізуге рұқсат беріледі.

Түсіндіру жұмысы мақсатында ата-аналар мен білім алушылар тарапынан жиі кездесетін сұрақтар сараланды.

✓ *Қалай тіркелуге болады? Жүйеге қалай кіруге болады?*

Білім алушылар және ата-аналарға тіркелуге арналған логин және құпия сөз алу үшін мектептегі мәліметтерді Жүйеге енгізуге жауапты тұлға, яғни әкімгер болып табылатын қызметкерге өтінішпен баруы қажет. Егер әкімгер туралы ақпарат болмаған жағдайда мәліметтерді алу үшін сынып жетекшісіне өтінішпен барады.

Жүйеге тіркелу бойынша нұсқау тұтынушыларға қолдау көрсету порталында: <https://help.kundelik.kz/hc/ru/articles/217862948> қолжетімді орналасқан.

✓ *Не үшін профилді теңшеуде өз Т.А.Ә өзгертуге болмайды және қажет болғанда оларды қалай өзгертуге болады?*

Тұтынушылардың Т.А.Ә, туған күнін, және жынысын редакциялау құқығының болмауы, жоғары тұрған инстанцияға ұсыну үшін «Kundelik.kz» ААЖ көмегімен білім алушы, ата-аналар және қызметкерлер туралы мәліметтерді жинау автоматты түрде іске асуымен шартталған. Білім беру саласындағы электронды құжат айналымының мәні осыда.

Берілген ақпараттың дұрыстығын қамтамасыз ету үшін жеке мәліметтерді редакциялауға тек келесі құқықтары бар мектеп қызметкерлері:

- әкімгер;
- сынып жетекшісі ғана құқылы.

✓ *Бағаларды, үй тапсырмасын және сабақ кестесін қалай көруге болады?*

Білім алушы оқу ақпараттарына өту үшін экранның жоғарғы жағындағы навигациялық жолақтан «Білім беру»- «Күнделік» бөлімін таңдауы қажет

Ата-аналар үшін сол навигациялық жолақта «Балалар» бөлімі бар. Берілген сілтемені басқанда ол барлық мәліметтер жиналған бетке түседі.

«Күнделік» сілтемесі бойынша:

- күнделікті (ағымдағы аптаның әдепкі қалпы бойынша сабақ, баға және үй тапсырмасы жөніндегі ақпараттар);

- статистиканы (осы есеп беру кезеңіндегі оқыған пәндері бойынша сараланған бағалар («5», «4», «3», «2») саны және жақсы бағалар пайызы);

- пән бойынша статистиканы (фильтрде таңдалған пәндер және есеп беру кезеңі бойынша барлық бағалар туралы жиынтық ақпарат);

- семестр/тоқсан/ триместр бойынша статистиканы (берілген есептік кезеңде оқытылған пәндер бойынша барлық бағалар және қатыспағаны туралы жиынтық ақпарат);

- қорытынды статистиканы (қазіргі уақытта қойылған барлық қорытынды бағаларының жиынтық тізімдемесі) көруге болады.

Үй тапсырмасы «Үй тапсырмасы» бөлімінде қолжетімді, ал қоңырау және сабақ кестесін «Сабақ кестесі» бөлімінен табуға болады.

Мұғалімдер тарапынан біршама жиі қойылатын сұрақтар.

✓ *Біз «**Kundelik.kz**» жүйесіне тіркелдік. Әрі қарай не істейміз?*

Мектеп профилін қосу жөніндегі негізгі нұсқаулық «Әкімгер басшылығы» болып табылады, ол мектепті әкімгермен қосудың негізгі кезеңі туралы айтады.

Тұтынушыларға қолдау көрсету порталындағы мақалада: <https://help.kundelik.kz/hc/ru/articles/218048528> мектеп профилін қосу сызбасы берілген және ақпаратты енгізу кезеңдері көрсетілген.

Жүйеге мұғалімдердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының деректерін қалай жаппай енгізуге болады?

Мектеп профилін толтыру кезінде қызметкер уақытын үнемдеу үшін жүйеде мұғалімдердің, білім алушылардың және олардың ата-аналарының деректерін импорттауға болады. Тұтынушыларға қолдау көрсету порталындағы мақалада: <https://help.kundelik.kz/hc/ru/articles/218493437> қажетті үлгідегі тұлға импорты бойынша нұсқаулық бар.

✓ *Жүйеде жұмыс істеу үшін қандай браузерді пайдалану қажет? Арнайы бағдарламалық қамтамасыз етуді орнату қажет пе?*

Жоқ, Жүйеге кіру және жұмыс істеу қарапайым браузермен іске асады. Тұтынушыларға қолдау көрсету порталындағы «Ұсынылатын браузерлер» мақаласында: <https://help.kundelik.kz/hc/ru/articles/218352647> Жүйенің дұрыс

жұмыс істеуіне кепілдік беретін және қолдайтын браузерлер тізбесі бар. Мақала ақпараттары ай сайын жаңартылып отырады.

Kundelik.kz пайдалануға қатысты кез келген сұрақтар, қиындық туындаған жағдайда <https://help.kundelik.kz/hc/ru> адресіндегі Тұтынушыларға қолдау көрсету орталығына хабарласуға болады

Сонымен қатар www.kundelik.kz сайтында көрсетілген компания Call орталық да көмек көрсетеді.

1 12 ЖЫЛДЫҚ БІЛІМ БЕРУГЕ КӨШУ. МЕКТЕПАЛДЫ ДАЯРЛЫҚ СЫНЫПТАРЫНДА ЖӘНЕ ТОПТАРЫНДА ТӘРБИЕЛЕУ МЕН ОҚЫТУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту баланы жас және жеке мүмкіндіктеріне сәйкес жан-жақты дамытуға, әлеуметтік дағдыларға қол жеткізуді қамтамасыз ететін адамгершілік нормаларын қалыптастыруға бағытталған білім беру жүйесінің негізі.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (бұдан әрі – БҒДМБ) аясында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты міндеті балаларды мектепке сапалы дайындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнын жаңарту.

Балаларды мектепке сапалы дайындауды қамтамасыз ету мақсатында Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту жүйесіндегі басым бағыттары айқындалған:

- білім беру ұйымдарында педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту және мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту педагогы кәсібінің беделін көтеру;

- демографиялық жағдайды ескере отырып, мектепке дейінгі ұйымдардың желісін ұлғайту;

- балаларды мектепке сапалы дайындауға бағытталған мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту мазмұнын жаңарту.

2017-2018 оқу жылында меншік нысанына қарамастан мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) барлық түрлері мен нысандарында білім беру процесі ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпыға міндетті мемлекеттік стандартына (бұдан әрі – МТОМЖБС), ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (бұдан әрі – Үлгілік бағдарлама), ҚР Білім және ғылым министрлігінің 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарына (1 қосыша) және Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына арналған әдістемелік нұсқаулыққа (бұдан әрі – Нұсқаулық) сәйкес ұйымдастырылады.

Үлгілік бағдарламаның мазмұнын игеру балалардың жас және жеке ерекшеліктерін ескеріп оларды жан-жақты дамытуға бағытталған «Денсаулық», «Коммуникация», «Таным», «Шығармашылық» және «Әлеумет» білім беру салаларын кіріктіру арқылы мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізуді қамтамасыз етеді.

Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жаңартылған мазмұнын енгізу білім беру ұйымдарында білім беру процесін жетілдіруге ықпал ететін жаңа тәсілдерді талап етеді.

Ұйымдастырылған оқу қызметтері Перспективалық жоспар мен Үлгілік оқу жоспарына сәйкес іске асырылады.

Нұсқаулықта мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) педагогтеріне білім беру әрекетін жоспарлы және жүйелі түрде ұйымдастыруға мүмкіндік беретін перспективалық ортақ жоспарлау ұсынылған.

Перспективалық жоспар білім беру салалары бойынша ортақ тақырыптар арқылы балалардың күтілетін нәтижелерге жететін көрсеткіштері оқу жылының әрбір айына жасалады:

6-кесте – Перспективалық жоспар білім беру салалары бойынша ортақ тақырыптар арқылы балалардың күтілетін нәтижелерге жететін көрсеткіштері

№	Тақырыптардың атаулары	Айы
1	«Балабақша»	Қыркүйек
2	«Менің отбасым»	Қазан
3	«Дені саудың жаны сау»	Қараша
4	«Менің Қазақстаным»	Желтоқсан
5	«Табиғат әлемі»	Қаңтар
6	«Бізді қоршаған әлем»	Ақпан
7	«Салт-дәстүрлер мен фольклор»	Наурыз
8	«Біз еңбекқор баламыз»	Сәуір
9	«Әрқашан күн сөнбесін!»	Мамыр

Кіріктіру принципіне сәйкес бір саланың білім беру әрекеті барысында басқа білім беру салаларының міндеттерін бір мезгілде шешу қажет. «Денсаулық» білім беру саласының міндеттерін іске асыру кезінде бір мезгілде «Әлеумет», «Таным», «Коммуникация» білім беру салаларына қатысты дағдылары қалыптасады. Білім беру салалары мазмұнын кіріктіру балалардың жас ерекшеліктеріне сәйкес олардың міндеттерін біріктіру әдістерімен жүзеге асырылады. Кіріктіру принципін іске асыру балалардың танымдық белсенділігін дамытудың тұтас жүйесін құруға мүмкіндік береді, оның табиғатына сәйкес қоршаған ортаны тұтастай қабылдауды қамтамасыз етеді.

Білім беру процесін құру балалардың жастарына сәйкес жұмыстың түрлері мен әдістеріне негізделуі қажет. Жұмыстың түрлері мен әдістерін таңдауды педагог өздігінен және білім беру ұйымы бағытының ерекшелігіне, оның жабдықталуына (материалдық-техникалық база), мәдени және аймақтық ерекшеліктеріне, педагогикалық процеске қатысушылардың жұмыс тәжірибесі мен педагогтердің шығармашылық әлеуетіне байланысты таңдайды.

Мысалы, «Табиғат әлемі» тақырыбын оқу кезінде педагог ұйымдастырылған оқу қызметі барысында, сондай-ақ басқа білім беру салаларымен кіріктіре отырып, балалардың табиғат, жануарлар мен өсімдіктер туралы түсініктерін кеңейтеді.

7-кесте – «Табиғат әлемі» тақырыбы

Тақырып: Табиғат әлемі				
«Денсаулық»	«Коммуникация»	«Таным»	«Шығармашылық»	«Әлеумет»
Табиғат жағдайларында тұрмыста, көшеде қауіпсіз мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру ; табиғат туралы алған білімдерін ойын әрекетінде (түрлі қимылды ойындарды ұйымдастыру және өткізу) бейнелеу.	«Жәндіктер. Қосмекенділер», «Аялайық, гүлдерді», «Жануарлар әлемі», «Құстар - біздің досымыз», «Жыл мезгілдері» және т.б. тақырыптық топтар бойынша балалар шығармашылығы арқылы сөздік қорды байыту.	Өсімдіктер мен жануарлардың тірі табиғат бөлігі екендігін анықтау, байқаған заңдылықтарды айта білу және қорытынды жасау; адам өміріне өсімдіктің маңызын түсіндіру.	Ішкі жан-дүниесін табиғат туралы өнер құралдарымен байыту. Көркем және музыкалық әрекет арқылы табиғаттың күрделі емес суретін бейнелеу.	Әлеуметтік ортаға бейімделе білуін қалыптастыру, экологиялық мәдениет негіздерін дамытуға ықпал ету; табиғат сұлулығы өте құнды, сондықтан оны қорғау қажет екенін түсіндіру

Мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг ұйымдастыру және өткізу

Мектепке дейінгі білім беру саласындағы БҒДМБ негізгі бағыттарының бірі – мектеп жасына дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының дамуын қадағалау бойынша индикаторлар жүйесін жетілдіру болып табылады.

«Индикатор» түсінігі МТОМЖБС-да баланың даму деңгейінің көрсеткіші ретінде айқындалған. Баланың даму деңгейлерінің көрсеткіштері Үлгілік бағдарламада жартыжылдықтар бойынша білім беру салаларының күтілетін нәтижелері ретінде қарастырылған.

МТОМЖБС сәйкес балалардың даму деңгейлерін қадағалау бала жетістіктерінің мониторингі негізінде жүзеге асырылады және 3 деңгейде ұсынылады:

1-ші деңгей – бала белгілі бір қимыл мен біліктерді қайталай алады;

2-ші деңгей – бала не істеп жатқанын түсінеді, белгілі бір білім қорына ие;

3-ші деңгей – бала өзінің білетінін жасай алады, білімін өз бетінше және шығармашылықпен қолданады.

Мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) педагогтеріне «Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру бойынша балалардың біліктері

мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу» әдістемелік ұсынымдамасын басшылыққа ала отырып, диагностика жүргізу ұсынылады (құрал «Мектепке дейінгі балалық шақ» ММ сайтына орналастырылған).

Диагностиканы оқу жылының басында, ортасында және соңында жүргізу ұсынылады (бастапқы бақылау – 1-10 қыркүйек, аралық – 10-20 қаңтар, қорытынды – 20-30 мамыр). Нәтижелері Бақылау парағына толтырылады. Алынған деректер негізінде Баланың жеке даму картасы толтырылады.

Бастапқы бақылау ересек топтың қорытынды бақылауы нәтижелері (II жартыжылдықтың күтілетін нәтижелері) бойынша жүргізіледі. Осы диагностиканың негізінде педагог-психолог және педагог-мамандармен бірлесе отырып, баланың жеке даму деңгейін анықтайды, сондай-ақ, бір жыл бойына балаға педагогикалық қолдау қажет ететін жұмыстың міндеттерін анықтайды.

I жартыжылдық қорытындысы бойынша аралық диагностика (қаңтарда) жүргізіледі. Педагогикалық аралық диагностика жүргізудің мақсаты білім беру стратегиясында балаға қатысты дұрыс таңдалған бағалау және даму динамикасын анықтау болып табылады. Диагностиканың бұл түрінің нәтижесі бойынша педагогтер қажет болған жағдайда педагогикалық процеске түзетулер енгізуі мүмкін.

Қорытынды диагностика II жартыжылдықтың күтілетін нәтижесі негізінде оқу жылының соңында (мамырда) жүргізіледі. Мониторинг нәтижелері бойынша Үлгілік оқу бағдарламасы мазмұнын игеру деңгейі бағаланады және баланы дамытудың жаңа міндеттерін ескере отырып, бұдан әрі педагогикалық процестің перспективасын анықтайды.

Мектеп жасына дейінгі балаларды дамыту мониторингісі оның дамуының түрлі кезеңдерінде өзгерісті белгілеуге, балалардың жеке дамуына сауатты педагогикалық қолдау көрсетуге және балалармен одан әрі түзету жұмысын жүргізуге мүмкіндік береді.

Мектепке дейінгі білім берудің жаңартылған мазмұнын іске асыру барысында балаларда мектепалды даярлық сыныбы (тобы) түлегінің моделін сомдайтын мынадай дағдылар қалыптасады:

- 1) дене бітімі дамыған;
- 2) білуге құмар;
- 3) белсенді;
- 4) эмоциялық елгезек;
- 5) үлкендермен және құрдастарымен қарым-қатынас жасау құралдары мен өзара іс-қимыл тәсілдерін меңгерген;
- 6) өзі, отбасы, қоғам (жақын әлеумет), мемлекет (елі), әлем және табиғат туралы алғашқы түсініктері бар;
- 7) мектепте оқуға қажетті біліктер мен дағдыларды игерген.

Педагогикалық процесті ұйымдастыруға қойылатын талаптар

МТОМЖБС талаптарын іске асыру үшін әрбір мектепалды даярлық сыныбында (тобында) әр балаға оның жас ерекшелік мүмкіндіктері мен жеке қабілеттерін неғұрлым толықтай ашуға жағдай жасау ұсынылады.

Психологиялық-педагогикалық жағдайларға қойылатын талаптар:

- тәрбиелік, дамытушылық және білімдік мақсаттары мен міндеттерінің бірлігін қамтамасыз етуі тиіс;

- білім беру процесі перспективалық жоспарлау негізінде ортақ тақырыптарға сәйкес білім беру салаларын кіріктіру принциптерін ескере отырып құрылады (аталған тәсіл тәрбие мен оқыту жүйесінің тұтастығын қамтамасыз етеді және практика, эксперимент жүргізу үшін мүмкіндіктерді кеңейтеді, ұғымдық ойлаудың негізгі дағдыларын дамытады);

- ақпараттық ресурстарды қолданады (масс-медиа, интернет және т.б.);

- жобалау міндетті түрде балалардың жас ерекшеліктерін, қызығушылықтарын, ұйымдастырылған оқу әрекетіндегі (ҰОӘ) өңірлік компонентті және балалардың бірлескен және дербес әрекеттеріндегі режимдік сәттерін ескере отырып, жүзеге асырады;

- балаларға шамадан тыс жүктеме жүктеуге болмайды, нақты жүктемемен қамтамасыз ету;

- тәрбиеленушілерде түрлі іс-әрекеттерге қатысуға деген ынта қалыптасады;

- Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын игеру және балалармен түзету жұмысын жүргізу бойынша диагностика уақытында жүргізіледі;

- балалар мен олардың ата-аналары үшін білім беру процесінің қолжетімділігі, ашықтылығы мен тартымдылығы қамтамасыз етіледі.

Заттық-кеңістік дамытушы ортаға қойылатын талаптар:

Мектепалды даярлық сыныптары (топтары) өз қызметінде «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» Санитариялық қағидаларын (ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы) басшылыққа алады.

- мазмұны қауіпсіздік, вариативтілік, қол жетімділік, ашықтық және икемділік принциптеріне, гендерлік ерекшеліктерге, баланың қажеттіліктеріне сәйкес келуі тиіс;

- мазмұны «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясына негізделген жалпы адами құндылықтарға, патриотизм мен толеранттылыққа тәрбиелеуге ықпал етуі тиіс;

- оқу жылы бойына өзгермейтін аймақтарды қатаң реттеуден бас тарту қажет;

- қоршаған орта баланың жеке тұлғасын дамытуға, балаға зерттеушілік бағытты игеруге, алған білімдерін өмірде қолдана білуге ықпал етуі тиіс;

- аймақтардың көркем безендірілуі және дизайны эстетикалық талғамға сәйкес және әдемі болуы тиіс.

Педагогикалық процестің мазмұнына қойылатын талаптар:

Мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) оқу процесі бес күндік жұмыс аптасы бойынша жүзеге асырылады.

Мектепалды даярлық сыныптарының (топтарының) педагог қызметкерлері білім беру процесін ұйымдастыру төмендегі құжаттарды басшылыққа алады:

- перспективалық жоспарлау;

- циклограмма;
- мониторинг (Бақылау парақтары мен Баланың жеке даму картасы).

Педагог перспективалық жоспардың негізінде ортақ тақырыптарға сәйкес бір аптаға циклограмма жасайды.

Педагог перспективалық жоспарды негізге ала отырып (айлық ортақ тақырыптар, апталық тақырыпшалар) циклограмма құрастыру кезінде алға қойылған мақсаттарды іске асыру үшін ҰОӘ бойынша әдебиеттерді, оқу-әдістемелік құралдарды, тақырып бойынша иллюстрацияларды, өлеңдер, жұмбақтар, ойындарды және т.б. таңдайды. Одан әрі ол ҰОӘ ерекшеліктеріне сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің құралдарын, әдістерін және тәсілдерін анықтайды.

ҰОӘ мазмұнын педагог құрастырады, ол:

I. Кіріспе бөлім (тақырыпқа ену: балалардың өткен материалдарды қалай игергенін білу үшін жетелеуші сұрақтар, жаңа тақырыпқа біртіндеп көшу);

II. Негізгі бөлім (жаңа материал (ойын түрінде); жаңа материалды бекіту сұрақтары (ойын түрінде);

III. Қорытынды бөлімнен (сабақ бойы не өткенін, есте сақтағанын, не ұнағанын балалармен есіне түсіру, бекіту сұрақтары, жаңа материалды бекіту ойындары) тұрады.

ҰОӘ барысында оқу қызметі, ойын әрекеті, күн тәртібінің сәттері барысында педагог балалардың дамуын бақылап, мәселелерді анықтайды. Бақылау мәліметтері диагностиканы жүргізуге негіз бола алады.

Педагог Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу жөніндегі әдістемелік ұсынымдамаларға сәйкес әрбір баланың даму динамикасы мен болашағын Баланың жеке даму картасында және Бақылау парағында белгілейді.

Мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) жұмыс істейтін педагогтердің қызметін ұйымдастыру

БҒДМБ сәйкес мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың басты міндеттерінің бірі педагог кадрлардың сапалық құрамын жақсарту мен педагог кәсібінің беделін көтеру болып табылады.

Мектепке дейінгі ұйым қызметкерлерінің құқығы мен міндеттері Қазақстан Республикасының Конституциясымен, «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңымен, Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (07.04.2017 жылғы өзгерістер мен толықтыруларымен), Білім беру ұйымдарының жарғысымен және басқа да нормативтік актілермен реттеледі.

Педагогикалық қызметке білім деңгейі мен біліктілігін тиісті деңгейдегі мемлекеттік үлгідегі құжаттармен растайтын тиісті бейіні бойынша арнайы педагогикалық немесе кәсіптік білімі бар адамдар жіберіледі.

Білім беру процесінің тиімділігін арттыру мақсатында мектепалды даярлық сыныптарында (топтарында) жұмыс істейтін педагогтерге:

- тәрбиеленушілердің жас ерекшеліктері мен даму мақсатына сәйкес оқыту мен тәрбиелеудің технологияларын таңдау;
- тәрбиеленушілерге педагогикалық қолдау көрсету тәсілдерін әзірлеу, кедергілер мен қиыншылықтарды жеңе білуге көмектесу;
- ақпараттық ресурстарды (масс-медиа, интернет және т.б.) қолдану;
- вариативтік бөлімдегі баламалы авторлық бағдарламаларды, МДТОМЖС талаптарын сақтау барысында тәрбиелеудің, оқытудың және сауықтырудың жаңа технологияларын өздігінен таңдау және қолдану;
- өз қызметіне талдау жасау;
- білім беру ұйымдары тәрбиеленушілерінің, ата-аналары мен қызметкерлерінің қарым-қатынасы ынтымақтастық, өзара сыйластық негізінде және жеке басының ерекшеліктеріне сәйкес тәрбиеленушіні еркін дамытуды ұсынуды ескере отырып құру ұсынылады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі Заңының негізінде мектепалды сыныптарда апталық нормативтік оқу жүктемесі 24 сағатты құрайды (мемлекеттік жалпыға міндетті білім стандартының бес білім беру саласының мазмұнын іске асыруға бағытталған негізгі оқу жүктемесіне 20 сағат, мектепке дейінгі ұйымның күн тәртібіне сәйкес жүзеге асырылатын басқа да іс-әрекет түрлеріне (ойын, өзіндік, шығармашылық, жеке жұмыс және т.б.) 4 сағат көзделген.

Мектепалды даярлық топтары мен сыныптарда ұзақтығы 25-30 минут болатын сабақтардың саны бестен артық болмауы керек. Бірқалыпты қарқында қимылды ойындар ұйымдастырылатын сабақтардың арасындағы үзілістердің ұзақтығы 10-12 минут болуы тиіс.

Мектепке дейінгі ұйымдардың қызметін реттейтін нормативтік құқықтық құжаттар тізбесі

1. «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (27.07.2007ж. № 319-III, 13.01.2015 жылғы өзгерістер және толықтыруларымен).

2. «Қазақстан Республикасындағы Тіл туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (11.07.1997 ж. № 151, 30.01.2014 жылғы өзгерістер және толықтыруларымен).

3. «Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздері туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2012 жылғы 28 маусымдағы № 23-V).

4. «Ойыншықтардың қауіпсіздігі туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2007 жылғы 21 шілдедегі №306).

5. «Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (2002 жылғы 11 шілдедегі № 343).

6. Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы (ҚР Президентінің 2016 жылғы 1 наурыздағы № 205 Жарлығы).

7. «Балаларды мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқыту объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидалары (ҚР ҰЭМ 2015 жылғы 17 наурыздағы № 217 бұйрығы).

8. «Мектепке дейінгі балалар ұйымдарына жіберу үшін мектепке дейінгі (7 жасқа дейін) жастағы балаларды кезекке қою» мемлекеттік көрсетілетін қызмет стандарты (Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 қаулысы).

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту саласында жергілікті атқарушы органдар көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттарын бекіту туралы (ҚР БҒМ 2015 жылғы 7 сәуірдегі № 172 бұйрығы).

10. Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты (ҚР Үкіметінің 2016 жылғы 13 мамырдағы № 292 қаулысы).

11. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы (ҚР Білім және ғылым министрінің м.а. 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.)

12. Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидалары (07.04.2017 жылғы өзгерістер және толықтыруларымен).

13. Ойыншықтарды психологиялық-педагогикалық сараптамадан өткізу ережесі (ҚР БҒМ 2008 жылғы 10 маусымдағы № 337 бұйрығы).

14. Білім және ғылым саласындағы азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын, сондай-ақ Мектепке дейінгі, бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагог қызметкерлер мен оларға теңестірілген тұлғаларды аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттары (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрі міндетін атқарушының 2013 жылғы 7 тамыздағы № 323 бұйрығы)

15. Қазақстан Республикасында мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (ҚР БҒМ 2016 жылғы 22 маусымдағы № 391 бұйрығының 1-қосымшасы)

16. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына әдістемелік нұсқаулық. – «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы. - Астана, 2017 ж.

17. Үлгілік оқу бағдарламасының мазмұнын меңгеру бойынша балалардың біліктері мен дағдыларының дамуына мониторинг жүргізу бойынша әдістемелік ұсынымдар. «Мектепке дейінгі балалық шақ» республикалық орталығы . – Астана, 2017 ж.

2 ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Орта білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының басты міндеттерінің бірі – еліміздің болашағының біртұтас іргетасын және жалпыазаматтық біріктіруші мақсат жүйесінің негізін құратын жаңа идеологиялық тұжырымдама «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы мен Патриоттық Актісін жүзеге асыру болып табылады.

«Мәңгілік Ел» – ұлттық сана-сезім мен отаншылдықтың дамуының жоғары деңгейіндегі, инновациялық экономика жағдайында табысты еңбек ететін, жалпыадамзаттық және ұлттық құндылықтарды бойына сіңірген, елінің тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар қоғамның әлеуметтік белсенді мүшелерін тәрбиелеу. «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясы құндылықтарының қоғамдық санада, білім беру және тәрбие жүйесінде бекуін қамтамасыз ету керек.

Осы мақсатта мектеп басшылары мен тәрбие жұмысын ұйымдастырушыларға көмек ретінде «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыруды әдіснамалық және ғылыми-әдістемелік қолдау бойынша жұмыстар жүргізілуде.

Ы.Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «2016-2017 оқу жылында Қазақстан Республикасының жалпы орта білім беретін ұйымдарында оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы» әдістемелік-нұсқау хат» әзірлеп, оған «Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі» тарауын енгізді.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы» тарауы қосылған Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздері әзірленіп, бекітілді.

«Мәңгілік Ел» Патриоттық Актісі аясында 2016 жылғы 1 қыркүйек – Білім күні «Мен елімнің патриотымын» атты Бірыңғай сабақ өткізу бойынша барлық аумақтарға әдістемелік құрал жіберілді. 2017 жылғы 1 қыркүйекте өтетін Бірыңғай сабақ бойынша әдістемелік ұсынымдар осы Әдістемелік-нұсқау хатта беріліп отыр.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы 2017 жылғы 31 наурызда Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісі депутатының, ҚР Білім және ғылым министрлігі, өңірлік білім басқармалары өкілдері, еліміздің барлық облыстарынан, Астана және Алматы қалаларынан педагогикалық жұртшылықтың қатысуымен білім беру ұйымдарында «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық патриоттық идеясының негізгі принциптерін іске асыру бойынша республикалық онлайн-конференция өткізді.

«Мәңгілік Ел» идеясы мектеп мазмұнына академиялық пәндер, зерттеушілік және сабақтан тыс іс-әрекет, қосымша білім, элективті курстар арқылы енеді.

Бастауыш білім деңгейінің 1-4-сынып пәндері бойынша Үлгілік оқу бағдарламаларының «Оқу процесін ұйымдастыруға педагогикалық тәсілдер» 3-бөлімінде «Орыс тілі» (оқыту орыс тілінде емес мектептер үшін), «Жаратылыстану», «Дүниетану», «Музыка», «Көркем еңбек», «Дене шынықтыру» пәндері бойынша «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясының

құндылықтары енгізілген. Бастауыш білім деңгейінің 1-4-сыныптарына арналған «Дүниетану» пәнінің Үлгілік оқу бағдарламасында оқыту мақсаттарының ішінде – Қазақстанның ресми емес рәміздерінің маңызын түсіндіру («Алтын адам», «Бәйтерек» монументтері, «Мәңгілік Ел» салтанат қақпасы).

Осындай жұмыстар негізгі және жоғары мектеп пәндерінің Үлгілік оқу бағдарламаларында да жалғасады.

Мектептердің 2017-2018 оқу жылындағы тәрбие жұмысының тағы бір ерекшелігі **Мемлекет басшысы Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты мақаласындағы** қоғамды рухани жаңғыртудың ауқымды идеялары мен тұжырымдамалық тәсілдерді терең зерделеу және білім алушылар арасында таратуды ұйымдастыру болып табылады. Елбасы: «Мақсатқа жету үшін біздің санамыз ісімізден озып жүруі, яғни одан бұрын жаңғырып отыруы тиіс. Бұл саяси және экономикалық жаңғыруларды толықтырып қана қоймай, олардың өзегіне айналады», – деп атап көрсетті.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев бағдарламалық құжаттың **«XXI ғасырдағы ұлттық сана туралы»** 1 бөлімінде тұтас қоғамның және әрбір қазақстандықтың санасын жаңғыртудың бірнеше бағытын атап өтеді.

1. Бәсекелік қабілет

Қазіргі таңда жеке адам ғана емес, тұтас халықтың өзі бәсекелік қабілетін арттырса ғана табысқа жетуге мүмкіндік алады.

2. Прагматизм

Нақты мақсатқа жетуге, білім алуға, саламатты өмір салтын ұстануға, кәсіби тұрғыдан жетілуге басымдық бере отырып, осы жолда әр нәрсені ұтымды пайдалану – мінез-құлықтың прагматизмі деген осы.

Бүгінде радикалды идеологиялар ғасыры келмеске кетті. Реализм мен прагматизм ғана таяу онжылдықтардың ұраны болуға жарайды.

3. Ұлттық бірегейлікті сақтау

Ұлттық жаңғыру деген ұғымның өзі ұлттық сананың кемелденуін білдіреді.

4. Білімнің салтанат құруы

Мақалада құндылықтар жүйесінде білімді бәрінен биік қоятын ұлт қана табысқа жететіндігі баса айтылады.

5. Қазақстанның революциялық емес, эволюциялық дамуы

Мемлекет Басшысы ХХ ғасыр халқымыз үшін қасіретке толы, зобалаң да зұлмат ғасыр болғандығын атап өтті.

Біріншіден, ұлттық дамудың көнеден жалғасып келе жатқан өзімізге ғана тән жолы біржола күйретіліп, қоғамдық құрылымның бізге жат үлгісі еріксіз таңылды.

Екіншіден, ұлтымызға адам айтқысыз демографиялық соққы жасалды. Оның жарасы бір ғасырдан бері әлі жазылмай келеді.

Үшіншіден, қазақтың тілі мен мәдениеті құрдымға кете жаздады.

Төртіншіден, еліміздің көптеген өңірлері экологиялық апат аймақтарына айналды. Мұндай жағдайда білім алушыларда апат қауіп-қатерінің азаюы мен қауіпсіздік мәдениетін қалыптастыру мәселелерін талқылау маңызды.

Сонымен қатар, Президент ХХ ғасыр Қазақстанға бірқатар игіліктерін де бергеніне назар аударды.

Бүгінде революциялар өңін өзгертіп, ұлттық, діни, мәдени, сепаратистік перде жамылды. Бірақ, бәрі де, түптеп келгенде, қантөгіспен, экономикалық күйреумен аяқталатынын көріп отырмыз.

«Сондықтан, – деп жазады Н.Ә. Назарбаев – әлемдегі оқиғаларды ой елегінен өткізіп, қорытынды жасау – қоғамның да, саяси партиялар мен қозғалыстардың да, білім беру жүйесінің де ауқымды дүниетанымдық, рухани жұмысының бір бөлігі».

6. Сананың ашықтығы

Сананың ашықтығы зерденің үш ерекшелігін білдіреді.

Біріншіден, ол дүйім дүниеде, Жер шарының өзіне қатысты аумағында және өз еліңнің айналасында не болып жатқанын түсінуге мүмкіндік береді.

Екіншіден, ол жаңа технологияның ағыны алып келетін өзгерістердің бәріне дайын болу деген сөз. Таяудағы он жылда біздің өмір салтымыз түбегейлі өзгереді. Біз бұған да дайын болуымыз керек.

Үшіншіден, бұл – өзгелердің тәжірибесін алып, ең озық жетістіктерін бойға сіңіру мүмкіндігі.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев өзінің іргелі еңбегінің *«Таяу жылдардағы міндеттер»* тарауында алдағы жылдарда мықтап қолға алу қажет болатын бірнеше жобаны ұсынады.

Біріншіден, қазақ тілін біртіндеп латын әліпбиіне көшіру жұмыстарын бастау қажет.

Екінші, қоғамдық және гуманитарлық ғылымдар бойынша «Жаңа гуманитарлық білім. Қазақ тіліндегі 100 жаңа оқулық» жобасы.

Ең алдымен, жүз мыңдаған студентке жаңа сапалық деңгейде білім беруге мүмкіндік береді. Жаңа мамандар ашықтық, прагматизм мен бәсекелік қабілет сияқты сананы жаңғыртудың негізгі қағидаларын қоғамда орнықтыратын басты күшке айналады. Осылайша, болашақтың негізі білім ордаларының аудиторияларында қаланады.

Үшіншіден, Президент «Туған жер» бағдарламасын қолға алуды ұсынады. Оның ауқымы ізінше оп-оңай кеңейіп, «Туған елге» ұласады.

Туған жерге, оның мәдениеті мен салт-дәстүрлеріне айрықша іңкәрлікпен атсалысу – шынайы патриотизмнің маңызды көріністерінің бірі. Бұл кез келген халықты әншейін біріге салған қауым емес, шын мәніндегі ұлт ететін мәдени-генетикалық кодының негізі.

Патриотизмнің ең жақсы үлгісі орта мектепте туған жердің тарихын оқудан көрініс тапса игі.

Төртіншіден, Елбасы жергілікті нысандар мен елді мекендерге бағытталған «Туған жер» бағдарламасынан бөлек, біз халықтың санасына одан да маңыздырақ – жалпыұлттық қасиетті орындар ұғымын сіңіруіміз қажет деп

санайды. Ол үшін «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы керек.

Бағдарламалық құжат авторы Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Ясауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және басқа да жерлерді өзара сабақтастыра отырып, ұлт жадында біртұтас кешен ретінде орнықтыруды ұсынады.

Бесіншіден, «Мемлекет басшысы ұсынып отырған тағы бір жоба Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға тиіспіз.

Әлем бізді қара алтынмен немесе сыртқы саясаттағы ірі бастамаларымызбен ғана емес, мәдени жетістіктерімізбен де тануы керек.

Алтыншыдан, Н.Ә. Назарбаев ақылымен, қолымен, дарынымен заманауи Қазақстанды жасап жатқан нақты адамдарды қоғамға таныту үшін «Қазақстандағы 100 жаңа есім» жобасын іске асыруды ұсынды.

Мемлекет Басшысы, қорытындылай келе, екі дәуір түйіскен шақта Қазақстанға түбегейлі жаңғыру және жаңа идеялар арқылы болашағын баянды ете түсудің теңдессіз тарихи мүмкіндігі беріліп отырғандығына сенім білдіреді.

ҚР Президенті Н.Ә. Назарбаевтың «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» атты еңбегін жалпы білім беретін оқу мекемелерінде оқытуда білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеру, тұлғаны оның рухани мәдениеті, танымдық қызығушылығы, әлеуметтік ақпаратты объективті қабылдауға мүмкіндік беретін сын тұрғысынан ойлау және әлеуметтік рөлдердегі практикалық қызмет көзқарас жағынан дамытуға назар аудару қажет.

2017 жылы Қазақстан Республикасы ЭКСПО халықаралық көрмесін қабылдаған барлық кеңестен кейінгі елдер арасында бірінші мемлекет болып отыр. Адамгершілік және көшбасшылық қасиеттері бар азамат пен патриотты қалыптастыру мақсатында білім беру ұйымдарында шын мәнінде ғаламшарлық ауқымдағы оқиғаға арналған іс-шараларды кеңінен өткізу керек.

Тәрбие жұмысында Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 22 сәуірдегі № 227 бұйрығымен бекітілген Тәрбиенің тұжырымдамалық негіздерін басшылыққа алу керек.

Сынып сағаттарын өткізу кезінде тәрбиенің жаңа технологиялары мен белсенді формаларын өнімді пайдалану ұсынылады. Ресурс ретінде отандық әдебиеттерді, кинематографты, публицистиканы, поэзияны, өзінің өмірлік жағдаяты туралы шығармаларды қолдану ұсынылады.

Мұғалімдерге, сынып жетекшілеріне, тәрбиешілер мен ата-аналарға көмек ретінде білім беру ұйымдарындағы тәрбие процесіне әдіснамалық қолдау көрсету бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірленіп, Академияның сайтында орналастырылды (www.nao.kz).

**2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының
жалпы орта білім беру ұйымдарында «Мен - өз елімнің
патриотымын» тақырыбы бойынша Білім сабағын өткізуге
әдістемелік ұсынымдама**

Мазмұны

1. Сабақтың тұжырымдамалық идеясы. Таңдау негіздемесі.
2. Сабақтың мақсаты және кешенді міндеттері.
3. Сабақтың ресурстық картасы.
4. Сабақ өткізу бойынша ұсынымдамалар:
 - 1-ші концентрі: 1-4-сыныптар,
 - 2-ші концентрі: 5-7-сыныптар,
 - 3-ші концентрі: 8-9-сыныптар концентрі.
5. Қосымша.
 - 5.1. Сабақта жұмыс істеу үшін инновациялық тәсілдердің «қоржыны»
 - 5.2. Глоссарий.

1. Сабақтың тұжырымдамалық идеясы. Таңдау негіздемесі.

«Мен-өз елімнің патриотымын» тақырыбы бойынша білім сабағының *тұжырымдамалық идеясы* қоғам мүддесінде азаматтық, әлеуметтік әрекеттерге дайындықты қамтамасыз ететін өскелең ұрпақты патриотизмге тәрбиелеудің қажеттілігі *идеясы болып табылады.*

Таңдау негіздемесі.

- МӘҢГІЛІК ЕЛДІҢ жеті берік негізі ретінде Жаңа Қазақстандық Патриотизмді түсінуге арналған мемлекет орнатудың белгілері:

- 1) Тәуелсіздік және Астана, Жалпыұлттық бірлік;
- 2) бейбітшілік пен келісім;
- 3) Зайырлы Мемлекет және Жоғары Руханият;
- 4) Инновация негізіндегі тұрақты Экономикалық Өсім;
- 5) Жалпыға ортақ Еңбек Қоғамы;
- 6) тарихтың, мәдениет пен тілдің ортақтығы;
- 7) Ұлттық қауіпсіздік және Қазақстанның жалпы әлемдік және өңірлік проблемаларды шешуге жаһандық тұрғыдан қатысуы.

- Мемлекет басшысы Н.Ә.Назарбаев «БОЛАШАҚҚА КӨЗҚАРАС: ҚОҒАМДЫҚ САНАНЫ ЖАҢҒЫРТУ» мақаласында «Туған жерден» ауқымдырақ «Туған елге» көшетін ұлттық сана-сезімнің жаңарту бағдарламасын ұсынды.

«Туған жер» бағдарламасы:

- біріншіден, туған өлкенің тарихын зерттеуге, тарихи-мәдени ескерткіштер мен жергілікті ауқымдағы мәдени объектілерді қалпына келтіруге;

- екіншіден, елдің басқа өңірлеріне қоныстанған бизнесмендер, шенеуніктер, зиялы қауым өкілдері және жастардың жәрдемдесуімен кіші отанын қолдауға (аймақты жасылдандыру, мектептерді компьютерлендіруге

көмек көрсету, жергілікті мұражайлар мен галереялардың көркемөнер қорларын қолдау және т. б.);

үшіншіден, демеушілік көмекті қоса алғанда кіші отанына көмектесетін түрлі қолдау және әлеуметтік құрмет нысандарын іздеуге;

төртіншіден, «Қазақстанның қасиетті рухани құндылықтары» немесе «Қазақстанның киелі жерлерінің географиясы» жобасы арқылы халықтың жалпыұлттық киелілік санасын нығайтуға, киелі жерлердің мәдени және рухани мұрасы «бірыңғай өріс, бір тізбек» құрылған кезде;

бесіншіден, «отандық мәдениет БҰҰ-ның алты тілінде: ағылшын, орыс, қытай, испан, араб, француз тілдерінде естілсін деп «Жаһандағы заманауи қазақстандық мәдениет» жобасын іске асыруға бағытталған. «... Бұл үлкен аудармашылық жұмыс және біздің мәдени жетістіктерімізді жетілдірудің арнайы әдістері - кітаптар, пьесалар, мүсіндер, суреттер, музыкалық шығармалар, ғылыми жаңалықтар және т. б.»;

алтыншыдан, «Қазақстанның 100 жаңа адамы» жобасын іске асыру арқылы қоғамның назары біздің замандастарымыздың тарихына бағытталатын болады - «бұл осы қарқынды жылдары табысқа қол жеткізген түрлі аймақтардағы, әртүрлі жастағы және түрлі ұлттағы 100 нақты адамның тарихы болып табылады.

2. Сабақтың мақсаты және кешендік міндеттері.

Мақсаты – қоғамда өздерін көрсете және өз еліне пайдалы бола алатын, Жаңа Қазақстандық Патриотизмнің құндылықтары мен мұраттары жүйесін иеленетін білім алушы-патриот тәрбиелеу.

Кешенді міндеттері:

- білім алушылардың жаңа білімді, ақпараттық ресурстарға сүйене отырып зияткерлік қажеттіліктерін меңгеруін қамтамасыз ету;

- білім алушылардың ұлттық рәміздер, негізгі құндылықтар, жаңа қазақстандық патриотизм, мәдени-генетикалық код, «Мәңгілік Ел», жаңғырту, ұлттық сана, бәсекеге қабілеттілік, прагматизм, ұлттық бірегейлік, меритократикалық қоғам», «білімнің салтанат құруы» ұғымдарын меңгеруге көмектесу;

- білім алушылардың зерттеу, шығармашылық, коммуникативтік құзыреттіліктерін дамыту;

- білім алушыларды зияткерлік және шығармашылық дамыту;

- жастардың бойында жоғары патриоттық сананы қалыптастыру;

– Қазақстандық патриотизмді және белсенді азаматтық ұстанымды ынталандыру.

8-кесте – Сабақтың ресурстық картасы.

<i>Ресімдеу</i>	Мемлекеттік Елтаңба, Мемлекеттік Ту бейнеленген плакаттар
	Қазақстан Республикасының картасы (физикалық, саяси) Қазақстан экономикасының әртүрлі саласына үлес қосқан атақты адамдардың суреттері және т.б.

<i>Музыкалық және бейне көркемдеу</i>	Мемлекеттік Әнұранның, «Атамекен», «Менің Қазақстаным» әндерінің аудиожазбасы, «Менің Қазақстаным» бейнеоролигі, «Astana EXPO – 2017 5 ғимараты» бейне
<i>Сабақтың техникалық құрал-жабдықтары</i>	Интерактивті тақта Бейнепроектор Компьютер
<i>Үлестірмелі материалдар</i>	Патриотизм, Отан туралы өлеңдер мен нақыл сөздер, тіл туралы, еңбек туралы мақал-мәтелдер және т.б.
<i>Эпиграфтар</i>	«Өз Отанының патриоты болу – бұл Қазақстанды өз жүрегінде ұстау!» Н.Ә. Назарбаев «Патриот болу нені білдіреді? Сүю –иә, бірақ тек өз жерін ғана емес, бірақ оған міндетті түрде нақты бір нәрсе істеу". Ш. Уәлиханов
<i>Тақырыптық көрмелер мен ақпараттық стендтер</i>	«Мен – Қазақстанның патриотымын». «Қазақстан әлемдік қоғамдастық жолында» «Қазақстанның болашағы - менің болашағым», «Материалдық мәдениет - ұлттың қазынасы» және т.б.
<i>Дайындыққа арналған әдебиет</i>	1. Назарбаев Н.Ә. «Болашаққа бағдар: рухани жаңғыру» мақаласы. 2017 жылғы 12 сәуір. http://www.akorda.kz/kz/events/akorda_news/press_conferences/memleket-basshysynyn-bolashakka-bagdar-ruhani-zhangyru-atty-makalasy 2. 2016 жылы 26 сәуірдегі Қазақстан халықтары Ассамблеясының XXIV сессиясында қабылданған «Мәңгілік Ел» патриоттық актісі. 3. http://www.metod-kopilka.ru/klassnyy_chas_po_kazahstanskomu_patriotizmu_quoty_a_-_patriot_rkquot-22113.htm 4. http://collegu.ucoz.ru/publ/65-1-0-15615 5. http://collegu.ucoz.ru/publ/41-1-0-22272 6. Мыңбаев А.К., Садвакасова З.М. Инновационные методы обучения, или КАК ИНТЕРЕСНО ПРЕПОДАВАТЬ. – Алматы, 2007. 7. Карты ума – правила составления http://rumapping.ru/mind-maps/creation/mindmaps-pravila 8. Дуличанская Н.Н. Интерактивные методы обучения как средство формирования ключевых компетенций // Наука и образование: электронное научно-техническое издание. – 2011. 9. http://flatik.ru/patrioticheskoe-vospitanie-shkolenikov-celi-i-

zadachi

10.http://festival.1september.ru/articles/565945/

4. Сабақ өткізу бойынша ұсынымдамалар

Білім сабағын ұйымдастыру кезінде:

- білім алушылардың жас ерекшеліктерін;
- пәнаралық байланысты және білім алушылардың әдебиет, тарих, география және т.б. сабақтарда алған білімдерін;
- жеке педагогикалық іс-тәжірибені;
- патриоттық тәрбиенің бағыттарын ескеру керек.

Білім беру ұйымдарында патриоттық тәрбие жүйесіндегі негізгі бағыттар:

Рухани-адамгершілік. Білім алушылардың патриоттық тәрбие процесінде жоғары құндылықтарды, әлеуметтік маңызды процестердің және нақты өмір құбылыстарының идеалдары мен бағдарларын, оларды анықтайтын принциптер ретінде басшылыққа алу қабілетін, тәжірибелік қызмет ұстанымдарын ұғынуы. Мәдениет пен білімділікті арттыру; Отанға лайықты қызмет көрсетуге дайын екендіктерін көрсететін идеяны түсіну; жоғары адамгершілік мінез-құлық нормаларын, жауапкершілік және ұжымшылдық, маңызды рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи құндылықтарды дарыту.

Тарихи-өлкетану. Білім алушыларды оқыту мен патриоттық тәрбие процесінде өткенге қатысты сезімтал тәжірибенің деңгейінде тарихи-мәдени негіздерді тануы; Отанның қайталанбайтындығын, оның тағдырын, тұтастықты, ата-бабалардың және замандастарының істеріне қатысты мақтанышты, сондай-ақ қоғамда және мемлекетте болып жатқан тарихи жауапкершілікті ұғыну.

Азаматтық-патриоттық. Білім алушы тұлғасында қоғамдық өмірдің толыққанды қатысушысы болуға мүмкіндік беретін қасиеттерді қалыптастыру. Құқықтық мәдениетке және заңды орындауға, жоғары адамгершілік пен жалпы мәдениетке, мемлекет пен қоғамдағы саяси және құқықтық оқиғалар мен процестерді бағалау дағдыларына, азаматтық ұстанымға, өз халқына саналы, жанқиярлық, ерікті қызмет көрсетуге үнемі дайын болуға және өзінің конституциялық міндетін орындауға тәрбиелеу.

Әлеуметтік-патриоттық. Ұрпақаралық рухани-адамгершілік және мәдени-тарихи сабақтастықты жандандыру, өмірлік белсенді ұстанымды, аяушылық сезімдерін және егде жастағы адамдарға қатысты қамқорлықты қалыптастыру.

Әскери-патриоттық. Жастардың бойында жоғары патриоттық сана, Отанға қызмет идеясын, оның қарулы қорғаныс қабілетін; отандық армияның әскери дәстүрлерін, әскери қызметті, әскери киімді құрметтеуді қалыптастыруға тәрбиелеу процесін бағдарлау.

Ерлік-патриоттық. Ерлік кәсіптерді, отан тарихындағы көрнекті қайраткерлер және кең танылған батырлық күндерді насихаттауға тәрбиелеу процесін бағдарлау.

Спорттық-патриоттық. Тәрбиелеу процесінде жұмысқа қабілетті адамды қалыптастыру; білім алушының тұлғалық моральдық-жігерлік қасиеттерін дамыту (күш, ептілік, төзімділік, бәсекеге қабілеттілік және т.б.); дене шынықтыру сабағында және спортпен айналысу арқылы Отанға қызмет ету және отанды қорғауға дайындық тәжірибесін қалыптастыру. Осы бағыт бойынша тәрбие жұмысының жүйесі - аурулардың алдын алу құралдарының бірі, денсаулықты нығайту және жағымсыз және зиянды әдеттерді болдырмау.

Бірінші сабақтан бастап, *ПАТРИОТ* - өз мемлекетінің жерінде, елінде, тарихына ат салысатын *адам* екенін атап өту маңызды.

ПАТРИОТИЗМ ген арқылы қаланбайды, бұл - жеке тұлға, азамат, патриот ретінде өзін-өзі білдіру, мемлекет өміріне белсене қатысу арқылы барлық қоршаған ортамен қалыптасатын әлеуметтік сапа.

Мұғалімге сабаққа дайындық кезінде патриотизмге үш негізгі құрылымды қамтитын тұлғалық қасиеттер жүйесі ретінде назар аудару қажет:

1. Сезімдерді қамтитын сезімдік-эмоционалдық қасиеттер:

- кіші отанына деген сүйіспеншілік;
- өз халқының мүмкіндіктері мен күштеріне сену;
- өз ұлтына тиесілі болғанына мақтаныш;
- Отанның тарихтағы рөлі мен ұлылығын түсіну;
- ұлттық мәдениетке деген махаббат;
- Отанын қорғауға дайын болу;
- мемлекет пен халықтың мәселелеріне қатыстылық;
- этностың, әлеуметтік топ ішінде жеке тұлғалардың өзара жақын болуы және т.б.

2. Тұлғалық құндылықтар жүйесінің көрсеткіштерін қамтитын рухани-құндылықтық қасиеттері:

- Отан игілігі үшін өзін-өзі құрбан ету;
- Отан мүддесін жекеден жоғары қою қабілеті;
- ұлттың рухани-адамгершілік мұрасын өте құрметтеу;
- құндылық бағытында мемлекеттік деңгейдегі құндылықтардың басым болуы;
- ұлттық-конфессиялық рухани құндылықтар, адалдық.

3. Тұлғаның патриоттық санасын көрсететін, практикалық қызметін қамтитын практикалық-қызметтік:

- өз өміріне қауіппен Отан мүддесін қорғауға шынымен дайындығы;
- сайлау, сауалнамалар, референдум кезінде патриоттық ұстанымын нақты білдіру;
- қоғамның, әлеуметтік топ, жеке тұлғаның құндылық бағдары жүйесінде мемлекеттік деңгейдегі құндылықтардың басым болуы;
- практикалық іс-әрекеттердің декларацияланған құндылықтары мен сезімдеріне сәйкес келуі;
- белгілі бір этникалық топпен және ішкі ұлттық бірлігін жоғары дәрежесімен өзін-өзі сәйкестендіру;

- ұлттық-мемлекеттік мүдделерін ұғынуы және оларға қоғамда бұқаралық әлеуметтік іс-әрекеттер сәйкестігі.

Сабақ Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранымен ашылады, Қазақстан Республикасының Мемлекеттік хаттамасына сәйкес рәміздерге - Елтаңба, Туға ресімдеуге қойылатын талаптар орындалады.

Сабақ практикаға бағытталған құрылымға сәйкес болуы тиіс: *білу – түсіну – қолдану. Инновациялық технологиялар, әдістер, интерактивті тәсілдерді* пайдалану ұсынылады: «Идеялар себеті», «Блумның алты сатысы» «Ыстық орындық» әдісі, «Кластер», «Синквейн жазу», «Ақыл картасы», «Түрлендірілген дебаттар», «Жобалау пікірталасы».

Рефлексия әрбір білім алушымен «Тегтер бұлты» инновациялық тәсіл көмегімен жүргізіледі, онда мыналар толтырылуы қажет:

Ментаныстым.

Мағаноңай болған жоқ.

Менқол жеткіздім.

Меністей алдым.

.....болса жақсы болар еді.

Меніңесімде қалды.

Меністеп көремін.

4.1 1-4-сыныптар концентрі

Сабақтың тақырыбы: «Мен - патриотпын».

Сабақ арқауы: МЕН –КІШІ ОТАНЫМНЫҢ ПАТРИОТЫМЫН.

I-блок. Уәждемелік

Білім алушылар өз бетінше синквейн құрайды, шамамен мынадай мазмұндағы:

Патриот

Аса өнегелі, жауапты

Еңбектенеді, жасайды, күреседі,

Өз Отанын сүйеді,

Азамат.

II-блок. Практикаға бағдарланған

Осы сыныптар концентрі білім алушылары үшін белсенді әуестік, эмоционалды әсершілдік тән, осыдан Білім сабағын өткізудің келесі түрлері арқылы патриотизм құндылықтарын бағдарлану ұсынылады:

• Өзінің туған қаласы, ауылына арналған «Менің қалам (менің ауылым) кеше-бүгін-болашақта» атты суреттердің көрме конкурсы, қорғалынуы керек;

• Ұжымдық шығармашылық іс: «Менің қаламның, ауылымның тарихын жазамыз» («Қала, ауыл тарихы») (таныс оқиғалар, қызықты адамдар, мақтануға тұрарлық «кіші Отан» патриоттары ұжымдық КІТАБЫН шығару) және басқа да ұжымдық шығармашылық істер;

• «Менің жерлестерім және олардың біздің қала, ауыл үшін еңбектері», «Қала, ауылды түрлендіруге менің отбасымның үлесі» (әркім өз суреттерін қорғайды) фото-көрмесі

• «Мен - қала құрлысшысымын» рөлдік ойыны («Лего» конструкторынан қала, ауылдың жаңа бөлігінің макетін жасау) және т.б.

III блок. Рефлексия. «Тегтер бұлты» инновациялық тәсілі.

Сабақ өткізу нәтижесінде білім алушылар:

- патриотизмге өз анықтамасын бере;
- тарихи оқиғаларды атау және патриотизмге байланысты кіші Отанының тарихымен байланысты тұлғалармен мысалдар келтіре;
- патриотизм мен оның көріністеріне өз ұстанымын ұстана алады.

Зерттеу әдістері: «Ойлану». «Басқа адамнан сұрау». «Қадағалау (Фото, сурет)», «Ақпаратты кітаптардан, газет-журналдардан алу», ата-аналармен бірлесіп бейнефильмдер түсіру.

4.2 5-7-сыныптар концентрі

Сабақтың тақырыбы: «Мен - патриотпын».

Сабақтың арқауы: МЕН – МӘДЕНИ ҰЛТТЫҚ ИГІЛІКТЕР ПАТРИОТЫМЫН.

I-блок. Мотивациялық

«Ассоциация» тәсілі

Әр білім алушыға «Патриот» ұғымы кіммен немесе немен байланыстырылатынын ойлану және сөйлемдерді жалғастыру ұсынылады:

Патриот – бұл.....

Болжамды жауаптар:

1. Өз елін жақсы көретін, құрметтейтін және қорғауға дайын адам.
2. Өз үйін, қаласын, дүниеге келген және өскен жерін жақсы көретін адам.
3. Ұлттық рәміздерді - Әнұраны, Туы, Елтаңбасын және өз елінің Президентін мақтан тұтатын адам.
4. Әлемдегі спорттық және басқа да біздің жеңістермен мақтанатын адам.
5. Туған жері үшін ерлік жасауға дайын адам.
6. Қай жерде жүрсе де Отанын есінде сақтайтын адам.
7. Елі үшін өз еңбегімен көп нәрсе жасай алады.
8. Мемлекеттік және ана тілдерін, өз мәдениетін жақсы көретін және білетін адам.
9. Зандарға бағынады және Отанымыздың игілігі үшін бәрін жасайды.
10. Өз Отанына берілген, елі үшін құрметті және қажет адам.
11. Елі әлемдегі ең үздік ел болуын және барлығы лайықты өмір сүрсе деп армандайтын және сол үшін бәрін жасайтын адам.
12. Ұлы Отан соғысының батырлары сияқты Отанға жанын арнайды.
13. Өз елінің тарихын, салт-дәстүрін, ұлттық мерекелерін біледі, ата-бабаларын мақтан тұтады.

14. Жақсы оқиды, себебі алған білімдері қоғамға пайда әкелуі мүмкін.

II-блок. Практикаға бағдарланған

Осы жас аралығындағы білім алушылардың бойында мінез-құлық қалыптасады, қарым-қатынас, диалог арқылы практикалық іске деген мотивация пайда болады.

Осы сыныптар концентрі үшін мынадай сабақ түрлері ұсынылады:

• «Жібек жолы» іскерлік ойыны: сауда керуені жолымен білім алушылар қалаларға біздің ұлттық бірегейліктің базасын құрайтын ежелгі ескерткіштер орналасқан қалаларға аялдама жасайды. Шағын топтарда жұмыс істей отырып осы ескерткіштер туралы постер дайындайды және қорғайды. Ұлытау төріндегі жәдігерлер кешенін, Қожа Ахмет Яссауи кесенесін, Тараздың ежелгі ескерткіштерін, Бекет ата кесенесін, Алтайдағы көне қорымдар мен Жетісудың киелі мекендерін және ежелгі Отырар қаласы, ЮНЕСКО-ның Бүкіләлемдік Мұралар тізіміне енгізілген Тамғалы археологиялық кешені айналасындағы ескерткіштерді сипаттау ұсынылады;

• «Шығыс шеберлері» жәрмеңкесі. Қазақ халқының жарқын тарихы бар сәндік-қолданбалы өнер бұйымдары, олардың арасында ежелгі шеберлердің бұйымдары да болуы мүмкін, мысалы, «Қарғалылық олжа», қазіргі заманғы белгілі шеберлердің жұмыстары. Білім алушылар бұйымдардың шығу тарихын, оларды шеберлер қалай жасағанын айтады. Мүмкіндігіне қарай шеберлік сыныптарын көрсетеді, мысалы, қыш заттары қалай дайындалатындығы туралы;

• «Мұражай алаңы». Қазақстан мұражай залдарында тарихи реконструкциялау элементтері бар театрландырылған экскурсия ұсынылады Мұражай экспонаттарымен таныстыратын білім алушы-экскурссия жетекшісін даярлауды қарастыру; сабаққа музыкалық шығармалар, суреттер, слайд-шоу, мультимедиялық презентациялар енгізіп экспозиция ресімдеу. Білім алушылардың тақырыпты және экскурссия материалдарын толық «тереңірек меңгеруі» үшін театрландырылған сценарий және әртүрлі есте қалатын костюмдердегі білім алушы топтарын дайындау.

III блок. Рефлексия. «Тегтер бұлты» инновациялық тәсілі.

Сабақ өткізу нәтижесінде білім алушылар:

- «патриотизм» ұғымымен тығыз байланысты ассоциативті қатар құруды;
- сәндік-қолданбалы өнер заттарын сипаттау және патриоттық сананы ынталандыратын тарихи оқиғаларды қайта жаңартуды;
- мұражай сайты материалдарын пайдалануды орындай алады.

Зерттеу әдістері: «Тарихи қайта қалпына келтіру», материалды «тереңірек меңгеру», сайттар, мұражай әдебиеті материалдарын зерделеу.

4.3. 8-9-сыныптар концентрі

Сабақтың тақырыбы: «Мен-патриотпын».

Сабақтың арқауы: «МЕН – ПАТРИОТ – АЗАМАТ

I-блок. Уәждемелік

Білім алушыларға адамның азаматтық-патриоттық ұстанымын сипаттайтын адамның қасиетін анықтау және 9-кестені толтыру ұсынылады:

9-кесте – Білім алушыларға адамның азаматтық-патриоттық ұстанымын сипаттайтын адамның қасиетін анықтау

Патриотқа тән қасиет	Патриот емес адамның қасиеті	Маған тән қасиеттер (алдыңғы бағандардан)
<p>Болжамды жауаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • жауапкершілік; • әділеттілік; • төзімділік; • адалдық; • батылдылық; • шыдамдылық; • ризашылдық; • зейінділік. 	<p>Болжамды жауаптар:</p> <ul style="list-style-type: none"> • өзі өмір сүріп жатқан қоғамды құрметтемеу; • жауапсыздық; • отбасы алдындағы борыштың болмауы; • берекесіздік; • бағдарсыздық (өз елі туралы дұрыс пікірде болмау және оны жақсарту үшін ештеңе жасамайды); • арамтамақтық, жұмыс істегісі келмеу; • Отанға деген сүйіспеншіліктің болмауы. 	

Кестені толтырып болғаннан кейін білім алушыларға «Сіз қандай қасиетті ең басты деп ойлайсыз және неге?» деген сұраққа жауап беру ұсынылады.

II-блок. Практикаға бағдарланған

Жастық кезең белсенді өмірлік ұстанымның, өзін-өзі анықтау, өз маңыздылығы түсінудің қалыптасуымен байланысты. Осы жас категориясы үшін болашақ кәсібін таңдау және оның еліміздің бүгінгі өмірімен байланысы маңызды болып табылады.

Аталған сыныптар концентрі үшін мынадай сабақ түрлері ұсынылады:

• «Жастардың азаматтық бастамаларға құқығы бар» пікірталасы.

• «Белсенді азаматтық ұстаным керек пе?» подиум-пікірсайысы. Пікірсайыс үшін білім алушылар азаматтық қоғамдастықтар бойынша бірігеді. Мынадай қоғамдастықтар ұсынылады: «Таза қала» экологиялық қозғалысы, жануарларды қорғау жөніндегі бастамашыл топ, «АРГО» азаматтық қоғамды дамыту қауымдастығы, Off-line қоғамдастығы, «Азаматтық құқық» қоғамдастығы. Әрбір қоғамдастық өз спикерлерін ұсынады.

• Ұсынылған мысалдар азаматтық мінез-құлықтың көрсеткіші болып табылатындығы туралы қысқаша пікірсайыс:

1) егер ол азамат болса, ол туған өлкесінің табиғаты құрып бара жатқанына немқұрайлы қарай алмайды, ол экологиялық отрядта жұмыс істейді және ағаштар егеді. Ол өз ауласын тәртіпте ұстауға көмектеседі және ешқашан қағазды жерге тастамайды. Кешке саябақта ол орындыққа аяғымен шығып отырмайды және кетерде оны сындырып кетпейді.

2) азамат елінің өткен тарихын сақтайды, көне ескерткіштерді қалпына келтіруге қатысады;

3) азамат адамдар ешқашан тең болмағанын, сондықтан бай адамдарды қызғанудың дұрыс еместігін түсінеді. Ол табандылық, мақсаткерлік, жұмыс қабілеттілігі және кәсібилік көрсету арқылы материалдық әл-ауқатқа және тәуелсіздікке жете алады;

• Келесі әрекеттерді азаматтық әрекеттер деп айтуға болатындығы туралы қысқаша пікірталас:

1) білім алушылар тоғайларды тазалау бойынша сенбілік өткізді және тұрғындарға өз қаласының жасыл желектерін аялап ұстуға үндеу дайындады;

2) жастар ғибадатхананы қалпына келтіруге қатысады;

3) білім алушылар соғыс ардагерлеріне арналған госпиталдерді қамқорлыққа алады;

• Жобалық пікірталас. Елестетіп көріңізші, сіз мұндай жағдайда не істер едіңіз:

1) Көршілерде өрт болды...

2) Науқасқа шұғыл қан тапсыру қажет болды...

3) Бөтен адам үшін дәрі-дәрмекке барып келу қажеттігі туындады...

• Отанға қызмет жасауда менің болашақ мамандығым. Шағын топтарда кластермен жұмыс істеу және оны қорғау.

III блок. Рефлексия. «Тегтер бұлты» инновациялық тәсілі.

Сабақтың нәтижесінде білім алушылар:

- құндылықтарды декларациялау (мысалы, «Патриот болу - бұл азаматтық ұстанымының болуы»);

- құндылықты оған қол сұғушылықтан қорғауды;

- іс-әрекеттерді білдіретін құндылық қарым-қатынасты (мысалы, көмекке келу немесе адамға көмектесуді сұрау);

- құндылықтарға деген нақты көзқарасты іс жүзінде іске асыруды ұйымдастыруды (мысалы, ұсыныс: «Іс-шаралар өткізетін жер болуы үшін мектеп айналасын тәртіпке келтіру») меңгереді.

Зерттеу әдістері: жобаны, кластерді қорғау мен дайындау әдісі.

5. Қосымша

5.1 Сабақта жұмыс істеу үшін «Қоржын» инновациялық әдісін қолдану

«Идеялар қоржыны» – «қызығушылықтар өрісін» анықтайтын әдіс.

«Идеялар қоржынымен» жұмыс жасау алгоритмі:

Сабақтың тақырыбы жарияланады.

Жеке жұмыс. Әр білім алушы тақырып бойынша өзінің білгенін дәптеріне қысқаша жазады. Бұл кезең – 2-3 минутқа созылады.

Топпен немесе жұппен жұмыс жасау. Қатысушылар қай жерде ойларының сәйкес келгенін және сәйкес келмегенін түсіндіре отырып ақпарат алмасады. Жүргізілу уақыты — 3 минут.

Сыныппен жұмыс. Бұл кезеңде әрбір топ тақырып бойынша өз білімдерін көрсетіп, пікірлерін білдіреді, берілген сұрақтар бойынша идеяларын айтады. Оның үстіне жауаптар қайталанбауы тиіс. Барлық айтылғандарды мұғалім тақтаға қысқаша жазып тұрады.

«Қоржынға» тақырыпқа қатысты: идеялар, есімдер, күндер, фактілер, жорамалдар, терминдер және тағы басқалары салынады.

«Блумның алты қадамы» әдісі. Әрбір қадамға сұрақтар беріледі:

1. Неге? - Why?
2. Түсіндір - Explain
3. Ата - Tell
4. Ұсын - Offer
5. Ойлан тап - Invent
6. Бөліс – Share

«Ыстық орындық» әдісі. Берілген әдіс проблемаларды талдау дағдыларын дамытуға, өз ұстанымын негіздеуге көмектеседі. *Жүргізілу реті:* бір білім алушы барлық білім алушылардың алдында орындықта отырады, қалғандары жарты шеңбер құрып отырады. *Жүргізілу алгоритмі:* Бір оқушы алға шығып, өз ойын айтып, тақырып бойынша сұрақтарға жауап береді. Өзіндік көзқарасы бар білім алушыларға немесе сұраққа қосымша қосатын ойы бар оқушыларға шығып жауап беруіне болады. Білім алушылар белгілі бір адамның рөліне кіріп ойнай алады.

Кластер — белгілі өз сипаттары бар, дербес бірлік болып саналатын, бірнеше біртектес даналарды бір топқа графикалық түрде біріктіру. Ол оқу материалдарын жүйелеп, қорытуға ықпал ететін бейнені білдіреді.

«Синквейн жазу» әдісі. «Синквейн» француз тілінен аударғанда белгілі бір ережемен жазылатын бес жолдан тұратын өлең дегенді білдіреді. Синквейн жазылу тәртібі:

Бірінші жолға бір сөзден тұратын - зат есім. Бұл синквейннің тақырыбы.

Екінші жолға синквейннің тақырыбын ашатын – екі сын есім.

Үшінші жолға синквейннің тақырыбына қатысты іс-әрекетті сипаттайтын үш етістік.

Төртінші жолға білім алушы тақырыпқа қатысты білдіретін бірнеше сөздерден құралған сөйлем. Ол қанатты сөздер, дәйексөз немесе білім алушы тұрғысынан айтылатын мәнмәтіндегі сөйлем болуы мүмкін.

Соңғы жол – бұл түйіндеме-сөз, тақырыпқа жаңа интерпретация беріп және оған өзінің жеке қатынасын білдіруге мүмкіндік береді. Мүмкіндігінше синквейннің тақырыбы эмоционалды болуы тиіс.

«Ақыл картасы» әдісі. Ақыл картасымен жұмыс істеу технологиясын Тони Бьюзен қатысушылардың визуалды ойлау қабілетін дамыту үшін құрастырған.

Ережелер орындалуы керек. Қағаз көлденең жатуы тиіс. Ең негізгі элементі ең ортасында орналасады. Осы карта туралы адамның аты, кітаптың атауы, жоспардың атауы. Орталық міндетті түрде түрлі-түсті болуы тиіс, кем дегенде үш түсті! Ал қалғандары осы орталықтың айналасында орналасады. Карта – бұл ағаш. Тұтастық – ол дөңгелек. Дөңгелек – тұтастықтың белгісі.

Барлық тақырыпшалар міндетті түрде бір-бірімен байланысты болуы керек. Әйтпесе ол карта емес, тағы мәтін болып кетеді. Әсіресе центрдегі тақырыпты басқа тақырыпшалармен байланыстыратын сызықтар маңызды. Бұл сызықтар әрқайсысының өзіндік түсі, формасы болады және бұл сызықтарда сөздер (тек сөйлем емес) жазылуы мүмкін. Мысалы, тақырыпшаларды гүл түрінде құрастыруға болады. Жасыл түсте – аса маңызды емес шаруалар, көк түсте – міндетті шаруалар, қызыл түсте – шұғыл шаруалар. Суреттер ақыл картасындағы ең маңызды элементтер, осының арқасында картаны оқу және түсіну біршама жылдам болады.

Әрбір маңызды желі немесе тораптан келесі топиктардың желі сызықтары тарайды (бұл, мысалы, шеңбер, немесе сопақша, немесе ромб).

Өзгертілген Дебаттар.

Бұл Дебат нысанының белгілі бір элементтерін пайдалану немесе ережелеріне біраз өзгерістер енгізілген Дебат түрі.

- сөйлеу регламентінің қысқаруы,
- командадағы ойыншылар санының көбеюі,
- аудиториядан сұрақ қою мүмкіндігі бар,
- тайм-аут кезінде аудиториямен сөйлесуге мүмкіндік болуы,
- ойынның соңында ымырашыл, дұрыс шешім қабылдайтын топтың құрылуы,
- ойынның жүргізушісі мұғалім болады.

Жобалық дискуссия. Бұл белгілі бір тақырыпта жоба дайындау және қорғау әдісіне негізделген. Топтық талқылаудың тиімділігін асыру үшін қажет әдістерді дискуссия жасау арқылы білуіміз керек:

1. Ойды дәлелдеуге және рәсімдеуге арналған нақтылайтын сұрақтар («Сіз мұнымен нені айтқыңыз келіп тұр...?», «Сіз мұның дұрыс екенін қалай дәлелдейсіз?»).

2. Парафраз – айтылғандарды түсініп, нақтылау және қайта ойластыруға ынтылындыру үшін кейбір сөздерді қайталау («Сіз былай деп айттыңыз...сонда?», «Мен сізді былай түсіндім...?»)

3. Түсініспеушілік таныту – қатысушылардың пікірлерді нақтылап түсінуге, қайталауға итермелеу («Мен сізді түсінбедім, сіз не дегіңіз келіп тұр, өтінемін, түсіндіріңізші...?»).

4. «Күмәндану» – әлсіз және мұқият ойластырылмай айтылған ойларды сиретеді («Солай ма еді?», «Сіз осы айтқаныңызға сенімдісіз бе?»).

5. «Альтернатива» – жүргізуші қарама-қарсы жағдайға назар аударып басқа көзқарасты ұсынады.

6. «Сандыраққа жеткізу» – жүргізуші айтылған бекітумен келіседі де, бірақ содан кейін одан сандырақ қорытындылар шығарады.

«Тарихи қайта қалпына келтіру» - қазіргі немесе ежелгі тарихи дәуірді жаңадан жасау және ғылыми талдау мен зерттеу мақсатында археологиялық, суретті, жазбаша көздерді пайдалана отырып аймақты жаңадан жасау арқылы материалдық және рухани мәдениет объектілерін терең зерттеу үшін арналған рөлдік ойындар әдісі. Келесі ережелерді орындау керек. Біріншіден, экспозицияларда тұрмыс-тіршілік қана емес, сонымен қатар әртүрлі заттардың қызметтерін, сондай-ақ халық мәдениетін сипаттайтын үдерістер мен құбылыстарды көрсетуге тырысамыз. Екіншіден, мәдени ландшафтты модельдеу, үй жануарларын асырау, мұражайлық экспозицияларды «тірілту» мақсатында дәстүрлі қолөнердің қайта тууы және ұлттық қолданбалы өнер маңызды және перспективалық міндет болып табылады.

5.2 Глоссарий

Мемлекеттік рәміздер (ұлттық) (греч. sym-bolon - белгі) – конституциямен немесе арнайы заңмен бекітілген белгілі бір мемлекеттің өзіндік өмір салтын, бүкіл болмыс ерекшелігін, айрықша арман-аңсарын, басқалармен байланыс мұратын, белгілі бір идеологиялық мағынаны білдіретін белгілер. Ең негізгі рәміздерге мемлекеттік ту, мемлекеттік елтаңба, мемлекеттік әнұран, мемлекеттік түстер, мемлекет басшысының байрағы, мемлекеттік мөр, мемлекеттік ұраны жатады.

Негізгі ұлттық құндылықтар - бұл белгілі бір ұлтқа тән халық ғасырлар бойы жинақтаған, ұрпақтан-ұрпаққа берілетін адами қадір-қасиет, әлеуметтік-тарихи, мәдени отбасылық дәстүрлер жүйесі.

Өркениеттік (әлеуметтік-мәдени, мәдени-генетикалық) код – белгілі бір өркениетке тән тұрақты мәдени-генетикалық белгілердің жиынтығы.

Азамат - белгілі бір мемлекетке заңды түрде тиесілі тұлға.

Азаматтық патриотизм – Отанға деген мемлекеттік ауқымындағы сүйіспеншілік, ұлттық және құқықтық сана-сезім, азаматтық мораль: өз отбасымен, үйімен, өз халқымен, ауласымен, спорт клубымен, қаласымен, аймағымен, елімен мақтануы.

Азаматтық қоғам - өзін барлық деңгейде - жергілікті ұйымдардан жалпы халықтық (мемлекеттік) деңгейге дейін қалыптастыра алатын, өзінің сұраныстары мен қызығушылықтарын таңдаулы демократиялық билік органдары, өзін-өзі басқару органдары, сондай-ақ азаматтық қоғам институттары арқылы ашық көрсете алатын қоғам. Тәрбие білім берудің басты мақсаты болып табылатын, азаматтық қоғам онда жауапты азаматтың міндетті түрде болуын болжайды.

Жаңа қазақстандық патриотизм «Қазақстан-2050» стратегиясындағы қазақстандық даму үлгісі негізінде көпұлтты қоғамның, идеологиялық, мәдени және рухани шоғырландыру идеологиясы мен стратегиясы болып табылады.

Патриотизм өзінің жеке мүдделерінен мемлекеттің мүдделерін жоғары қоятын, оған адал қызмет ететін, өз мемлекетінің жоғары дәрежелі бірегей азаматы.

Ұлттық таным – өзінің ұлттық қызығушылықтарын қоғамның танып білуі. Ұлтты, өмір сүретін территориясын, экономикалық ресурстарын, рухани құндылықтарын қорғау.

Меритократия («лайықтылар билігі», от лат. meritus — лайықты және басқа. -греч. κράτος — билік, басқару) — әлеуметтік шығу тегі мен қаржылық жағдайына қарамастан, билік басында қабілетті адамдар отыруы тиіс деген ұстанымдағы басқару түрі. Көбінесе екі түрлі мағынада қолданылады. Терминнің бірінші мағынасы аристократия мен демократияға қарама-қайшы келетін, басшылар арнайы әзірленген таланттар ішінен алынатын жүйеге сәйкес келеді. Екіншісі, неғұрлым кең таралған - дарынды және еңбекқор адамдарға болашақта бәсекеге қабілетті, қоғамда жоғары лауазымға ие болуға мүмкіндік беру үшін бастапқы шарттарды қоя білу.

Меритократикалық қоғам — бұл істеген еңбегі үшін марапатталатын қоғам. Демек, адал еңбегі, әскери немесе азаматтық ерлігі, қайырымдылығы үшін.

Мәңгілік Ел – Болашағы Біртұтас Ұлт.

Лейтмотив – жетекші мотив (адам әрекетіндегі, оқиғалар тізбегіндегі үстем бастама деген кеңірек мағынаға ие).

3 2012 ЖЫЛҒЫ МЖМБС ЖӘНЕ 2013 ЖЫЛЫ ЕНГІЗІЛГЕН ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫ БОЙЫНША ОҚИТЫН МЕКТЕПТЕРДЕ БІЛІМ БЕРУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2017-2018 оқу жылы 1-ші және 2-ші сынып оқушылары жаңартылған білім мазмұны бойынша оқитын болады.

3, 4-сыныптардың білім алушылары 2012 жылғы МЖМБС бойынша оқуды жалғастырады.

Бастауыш сынып мұғалімдерінің негізгі міндеті – оқу, шығармашылық, көркемдік, еңбек, спорттық іс-әрекеттерде дербестікті қалыптастыру, алдына қойған мақсаты бар, еңбексүйгіш, салауатты өмір сүруге ұмтылатын, өз жұмысын жоспарлай алатын және өздігінен білім ала алатын, негізгі мектепте оқуға (білім алуға) дайын оқушыны тәрбиелеу.

4-сыныптың білім алушыларын оқытуда білім беру процесіне оқытудың белсенді түрлерін (дәлелдерді құру, жалпы сыныптық, топтық, жұптық жұмыстарды ұйымдастыру, диалог әдісі, бір сабақ аясында әртүрлі тапсырмаларды қолдану) енгізуге ерекше назар аудару қажет. Әсіресе оқу, жазу, математика және жаратылыстану бойынша функционалдық сауаттылықты қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет, өйткені 4-сынып оқушылары бастауыш сыныпты аяқтаған соң, 5-сыныпта жаңартылған бағдарлама бойынша оқитын болады.

Білім алушының сабақтағы іс-әрекеті мұғалімнің іс-әрекетінен басым болуын қамтамасыз ету өте маңызды. Бұл міндетті шешуде оқуға ынтасы жоғары және оқуда қиындықтары бар балалар үшін сабаққа арналған тапсырмаларды дайындауда оқытудың қосымша ресурстарын тарту, оқыту түрлерінің көптүрлілігі, бақылау және өзіндік бақылау жұмыстарының түрлері көмектеседі. Сын тұрғысынан ойлау стратегиясын қолдану әр оқушының жұмыс істеуіне және сол арқылы оқытудың тиімділігін арттыруға мүмкіндік береді.

Бастауыш білім берудің мазмұны жеті білім саласын құрайды:

- «Тіл және әдебиет»;
- «Математика»;
- «Жаратылыстану»;
- «Адам және қоғам»;
- «Өнер»;
- «Технология»;
- «Дене шынықтыру».

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

Қазақ тілі

«Қазақ тілі» пәні – бастауыш сынып оқушыларын алғашқы тілдік білім негіздерімен қаруландыратын, тіл арқылы қарым-қатынас жасау қызметінің

барлық дағдысын (тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым) меңгертетін және олардың ақыл-ойын дамытатын пән.

3,4-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – алғашқы тілдік мағлұматтарды меңгерту, сауатты жазу, оқу дағдыларын жетілдіру, ақыл-ойы мен шығармашылық қабілеттерін, ауызекі және жазба тілде қарым-қатынас жасау дағдыларын жетілдіру, жеке тұлғаның қалыптасуы мен дамуына мүмкіндік жасау.

Оқу бағдарламасындағы материалдар жүйелі-шоғырланған ұстанымға негізделіп, кешенді сипатта берілген. Пән мазмұны «Тіл және сөйлеу», «Дыбыс және әріп», «Мәтін», «Сөйлем», «Күрделі сөздер», «Сөз және оның мағынасы», «Сөз құрамы», «Сөз таптары», «Сөйлеу мәдениеті» бөлімдерінен тұрады.

«Қазақ тілі» пәні 3, 4-сыныптарда аптасына 4 сағаттан оқытылып, жылдық жүктемесі 136 сағатты құрайды.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқушылардың жетістік деңгейін бағалау жазбаша жұмыс түрлері арқылы жүргізіледі:

- диктант;
- грамматикалық тапсырмалар;
- бақылау ретіндегі көшіру;
- бақылау мазмұндамасы;
- бақылау шығармасы;
- тест тапсырмалары.

Диктантты ұйымдастыру және өткізу

Диктантқа арналған мәтіндер орфографиялық тұрғыдан оқушыларға таныс болуы керек, яғни өтілген сабақтардың материалдары негізінде алынады.

Егер мәтін құрамында өтілмеген емле, тыныс белгілері немесе айтылуы мен жазылуы қиын сөздер кездесе, олар түсіндіріліп, тақтаға жазылады;

- мұғалім диктант мәтінін орфоэпиялық нормаларға сүйеніп, кідіріс жасап, оқиды;

- оқушыларға оқылған дыбыс, буын, сөз және сөйлемнің мән-мағынасын түсініп, іштей қайталап, қалай жазылатынын еске түсірген соң жазуға кірісу ұсынылады;

- жазу барысында 6-8 сөзден құралған сөйлемдер қайталанатын;

- мәтінді түгел жазып болған соң мұғалім диктант мәтінін әр сөйлемнен кейін кідіріс жасай отырып, қайта толық оқиды.

Оқушылардың грамматикалық талдау дағдыларын тексеру мақсатында алынған бақылау жұмыстарында 2-3 грамматикалық талдау тапсырмалары болады.

3, 4-сыныптарда грамматикалық тапсырмалары бар бақылау жұмыстары 35-40 минут өткізіледі.

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қателер мен кемшіліктердің жіктелуі:

Қателер:

- сөздегі әріптердің орнын ауыстыру, алмастыру, артық әріптерді қосып жазу, сөздердің жазылу ережесін бұзу сияқты өрескел қателер;

- емле ережесі бойынша қате жазылған сөздер;

- мәтінде өтілген тыныс белгілерінің болмауы (сөйлемнің соңында) және бас әріптің сөйлем басында жазылмауы;

- орфографиялық ережелер бойынша жіберілген қателер; бір ережеге сәйкес келетін сөздердің әртүрлі сөзде кездесуі екі қате болып саналады;

- бірдей әріптен жіберілген қате үш рет қайталанса, екі қатеге есептелінеді, екі рет жіберілсе, бір қатеге есептелінеді;

- мазмұндама жазу кезінде шығарманың мәнін, мазмұнын өзгертетіндей, алшақтайтындай авторлық мәтіннен айтарлықтай ауытқулардың болуы;

- бөлімдердің арасында байланыстың болмауы, сөздік қоры жұтаң, мазмұнының негізгі бөлімінің болмауы, автор мәтінінде көрсетілген маңызды оқиғалардың қалдырылуы;

- мазмұндамада сөздердің сәйкес мағынада қолданылмауы.

Диктантта мына қателер бір қате ретінде саналады: екі түзету; екі пунктуациялық қате; бір сөзден жіберілген қатенің қайталануы; екі өрескел емес қате.

Өрескел емес қателер: сөзде бір әріптің қайталануы; сөздің қате тасымалдануы; сөйлемде бір сөздің екі рет қайталанып жазылуы, аяқталмаған сөз.

Кемшіліктер: келесі сөйлем бас әріппен жазылған жағдайда сөйлем соңында тыныс белгісінің қойылмауы; азат жолдың болмауы; мазмұндама жазу кезінде авторлық мәтіндегі оқиға қисынының шамалы бұзылуы.

Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық тұрғыдан таныс болмаған жағдайда, яғни жіберілген қателер өтілген сабақтардың материалдарында қарастырылмаған жағдайда жіберілген қателер *диктантта қате деп саналмайды*.

«5» бағасы оқушы барлық тапсырмаларды қатесіз орындаған, түсініктерді, анықтамаларды, ережелерді саналы түрде меңгеруін анықтаған және жұмысты орындау барысында білімін өз бетінше қолдана алған жағдайда қойылады;

«4» бағасы оқушы ережелер мен анықтамаларды саналы түрде меңгерсе; сөз, сөйлем талдау барысында білімдерін қолдана білсе, кемінде тапсырмалардың 3/4 бөлігін дұрыс орындаса (1-2 қате жіберілсе), қойылады;

«3» бағасы оқушы оқылған тақырыптардың белгілі бір бөліктерін меңгерген, тапсырмалардың жартысынан артығын дұрыс орындаған жағдайда (3-5 қате жіберілсе) қойылады;

«2» бағасы оқушының оқу материалын нашар білетіні анықталса, көптеген грамматикалық тапсырмаларды орындай алмаса (5-тен артық қате жіберілсе), қойылады.

Мазмұндаманы, шығарманы ұйымдастыру және өткізу.

3, 4-сыныптарда оқушылардың өз ойын жазба тілде тиянақты түрде жеткізу білігін тексеру мақсатында мазмұндама, шығарма жазуға үйрететін жұмыс жүргізіледі. Осы жұмыстарға 1 сағаттан кем емес уақыт бөлу ұсынылады. Үйрету сипатындағы шығармашылық жұмысты жүргізудің кезеңділігі – шамамен 15 күнде бір рет.

Мазмұндама тақырыптарының көлемі диктант мәтіндерінің көлеміне

қарағанда шамамен 15-20 сөзге артық болуы тиіс.

Шығарма тақырыбын таңдауда оның өмірмен байланыстылығы, балалар тәжірибесі мен қызығушылығына жақындығы, мазмұнының, мәтін құрылысы мен оның тілдік безендірілуінің қолжетімділігі ескерілуі қажет.

Бастауыш сыныптарда мазмұндама мен шығарма үйретушілік сипатта болатынын ескере отырып, үйретушілік сипаттағы шығарма мен мазмұндама үшін қанағаттанарлықсыз баға қойылмайды, қанағаттанарлықсыз баға тек 4-сыныптың бірінші жартыжылдығы соңында бақылау мақсатындағы шығарма үшін және оқу жылының соңында бақылау мақсатындағы мазмұндама үшін қойылады.

3-сыныпта мазмұндама, шығарманы тексергенде, 1 баға қойылады; 4-сыныпта мазмұндама және шығарма үшін 2 баға қойылады: 1 баға – мазмұны үшін, 1 баға сауаттылығы үшін.

«5» деген баға автордың мәтіні (мазмұндама) жүйелі әрі дұрыс баяндалса; тақырып толығымен ашылған болса, сөздік қоры бай және сөздерді қолдануда, сөз тіркестері мен сөйлемдерді құруда кемшіліктер жоқ болса; сондай-ақ орфографиялық қате (1-2 түзету рұқсат етіледі) жіберілмесе, қойылады.

«4» деген баға жұмыста автор мәтіні (мазмұндама) дұрыс, барынша толық берілген, мәтін мазмұны ашылған (шығарма), бірақ ойды баяндаудың бірізділігі шамалы ауытқыған, аздаған (1-2) фактілік және сөз қателері, сондай-ақ 1-2 емле қате, 1-2 түзету болған жағдайда қойылады.

«3» деген баға мәтін мазмұнында ауытқушылықтар бар (мазмұндама), тақырыптан біршама алшақтаған (шығарма), ойдың баяндау бірізділігі бұзылған жағдайда, 2-3 сөйлем құрылысында кейбір кемшіліктер болғанда, сөздік қоры аз, 3- 6 қате және 1-2 түзету болғанда қойылады;

«2» деген баға қорытынды мазмұндама мен шығармалар мазмұнынан айтарлықтай алшақтаған, қателері көп, ой жүйесі сақталмаған, бөлімдер арасында байланыс жоқ, сөздік қоры жұтаң, 6-дан артық қате және 3-5 түзету болған жағдайда қойылады.

Үйрету мақсатындағы мазмұндама мен шығарма сыныпта мұғалімнің басшылығымен орындалады. Оқушыларға (3, 4-сыныптар) мазмұндама жазғызу оқулық мәтіні және таныс емес мәтіндер негізінде кезектестіріп жүргізілуі керек.

Сөздік диктанттар ағымдағы тексеру жұмысы және бақылау (тоқсанына 1 рет) ретінде өткізіледі. Сөздік диктанттардың мазмұны жазылуы ережемен реттелмейтін сөздерден құралады.

Сөздік диктантқа берілетін сөздер саны:

- 3-сыныпта – 8-10 сөз;

- 4-сыныпта – 10-12 сөз.

Сөздік диктантты бағалау:

«5» – қатесіз;

«4» – 1 қате, 1 түзету жіберілсе;

«3» – 2 қате бар, 1 түзету жіберілсе;

«2» – 3-5 қате жіберілсе.

Тест тапсырмаларын бағалау

Оқушыларды тапсырманы орындауға алдын ала дайындау қажет. Ол үшін алдыңғы сабақтардың бірінің соңындағы 10-15 минутты бөлу керек. Тестілеудің тапсырмаларына ұқсас 1-2 тапсырманы тақтаға жазып қойып, оларды оқушылармен бірге орындау ұсынылады.

10-кесте – Тест тапсырмаларын бағалау нормасы

Базалық деңгей			
0 - 60%	60 - 77%	77 - 90%	90 - 100%
бағасы «2»	бағасы «3»	бағасы «4»	бағасы «5»

Төмендегі 11-кестеде тоқсандар бойынша қазақ тілінен ұсынылатын қорытынды бақылау жұмыстарының саны көрсетілген.

11-кесте – Қорытынды бақылау жұмыстарының саны (грамматикалық тапсырмалары бар диктанттар)

Тоқсан	3-сынып		4-сынып	
	Тақырыптық	Бақылау	Тақырыптық	Бақылау
I	2	2	2	2
II	2	1	2	1
III	2	1	2	1
IV	2	1	2	1
Барлығы	8	5	8	5

12-кесте – Қорытынды бақылау жұмыстарының түрлері

Жұмыс түрлері	Сыныптар			
	III		IV	
	I жартыжылдық	II жартыжылд.	I жартыжылдық	II жартыжылд.
Мәтінді бақылау ретінде көшіру	1	2	1	1
Бақылау шығармасы	-	-	1	-
Бақылау мазмұндамасы	-	-	-	1
Бақылау сөздік диктанты	2	2	1	1

Төмендегі 13-кестеде 3, 4-сынып оқушылары үшін ұсынылатын диктант мәтінінің көлемі көрсетілген.

13-кесте – Диктант мәтінінің көлемі

Сыныптар	Тоқсандар/сөздер саны			
	I	II	III	IV
3-сынып	32-35	35-40	40-55	55-60
4-сынып	63-65	65-68	68-70	70-75

Грамматикалық тапсырманы орындағандағы бағалау нормасы

«5» бағасы барлық тапсырмалар қатесіз орындалса, қойылады.

«4» бағасы оқушы кемінде тапсырмалардың 3/4 бөлігін дұрыс орындаса, қойылады.

«3» бағасы егер оқушы тапсырмалардың 1/2 бөлігінен артығын дұрыс орындаса, қойылады;

«2» бағасы егер оқушы кемінде тапсырмалардың 1/2 бөлігін дұрыс орындаса, қойылады.

Мәтінді көшіріп жазудан (оқулықтан, тақтадан және т.б.) тұратын оқушылардың жазбаша ағымдық және қорытынды тексеру жұмыстарын жүргізуде төмендегі нормалар қолданылады:

14-кесте – Мәтінді көшірудің көлемі

Сыныптар	Тоқсандар			
	I	II	III	IV
3-сынып	40-45	45-50	50-55	55-60
4-сынып	63-65	65-68	68-70	70-75

15-кесте – Мәтінді көшірудің бағалау нормалары

Бағалар	3-сынып	4-сынып
«5»	қатесі жоқ	қатесі жоқ
«4»	1 қате, 1 түзету	1 қате, 1 түзету
«3»	2 қате, 1 түзету	2 қате, 1 түзету
«2»	3 қате, 1-2 түзету	3 қате, 1-2 түзету

Әдебиеттік оқу

«Әдебиеттік оқу» пәні – бастауыш сынып оқушыларының ауызша және жазбаша тілін дамытуды, яғни сөздік қорын байытуды, байланыстыра және грамматикалық тұрғыдан жүйелі сөйлеуге үйретуді, сөйлеу мәдениетін

қалыптастыруды көздейді. Ұлттық тәрбие, рухани-мәдени құндылықтар, ана тілі және қазақ халқының салт-дәстүрі негізінде сусындаған жеке тұлғаны қалыптастыруға ықпал етеді.

«Әдебиеттік оқу» пәнін оқытудың ерекшелігі – дұрыс, мәнерлеп және шапшаң оқуды меңгерту, оқушыны шығарма авторының көзқарасын түсінуге жетелеу және мәтінді қабылдаушы оқырман ретінде тәрбиелеу, көркем-шығармашылық және танымдық қабілеттерін дамыту, сөз өнеріне деген қызығушылығы мен эстетикалық талғамын қалыптастыру, сөйлеу әрекетінің барлық түрін жетілдіру, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылық пен рухани-адамгершілік тәрбие беру.

Пән мазмұны балалар әдебиеті (ауызекі, жазба) үлгілерін, жазушылар өмірбаяны мен шығармашылығы туралы қысқаша мәліметтерді, ғылыми-танымдық шығармаларды оқытып үйретеді, мақала, естелік, өмірбаян туралы түсінік қалыптастырады, әдеби-теориялық білімдерді меңгертеді, монолог, диалог құруға дағдыландырады.

«Әдебиеттік оқу» пәні 3, 4-сыныптарда аптасына 4 сағаттан оқытылып, оқу жылы бойынша әр сыныпта 136 сағатты құрайды.

Қорытынды тексеруді ұйымдастыру үшін және оқыту нәтижелерін бағалау үшін әртүрлі тапсырмалар қолданылады:

- кешенді әртүрлі деңгейлі жұмыстар (ағымдағы тексеру үшін);
- әдебиеттік диктанттар (әдеби білімін және сауаттылығын тексеру үшін);
- өтілген шығарма, тақырып, бөлім бойынша тест тапсырмалары;
- дауыстап және іштей оқу дағдыларын жаппай тексеруге арналған сұрақтары мен тапсырмалары бар мәтіндер;
- оқу әрекеттерінің қалыптасуын тексеруге арналған диагностикалық тапсырмалар және тест тапсырмалары;
- дауыстап оқу дағдысын жеке тексеруге арналған мәтіндер мен тапсырмалар (әр жартыжылдық соңында);
- іштей оқу дағдысын тексеруге арналған мәтіндер мен тапсырмалар (3, 4-сыныптардың соңында);
- оқырмандық біліктерінің және білімділігінің деңгейін тексеру бойынша кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстар (әр жартыжылдық соңында);
- қорытынды тест тапсырмалары (кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстардың бір түрі);
- 3-сыныптан бастап балалар кітабымен жұмыс бойынша тапсырмалар оқығандығы және өтілген шығармаларды білуі бойынша ағымдық және қорытынды тексеруге жатады.

16-кесте – Тексеру және бақылау жұмыстарының саны

Тоқсан	3-сынып		4-сынып	
	Тексеру	Бақылау	Тексеру	Бақылау
I	1	1	1	1
II	1	1	1	1

III	1	1	1	1
IV	1	1	1	1
Барлығы	4	4	4	4

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қате мен кемшіліктердің жіктелуі

Қателер:

- қате оқу (әріптердің орнын ауыстыру, алмастыру, сөздерді, әріптерді тастап кету, сөздерді, буындарды, әріптерді қосып оқу);
- мәтінді толығымен мағыналық кідіріс жасамай оқу;
- дауыстап оқығанда, сөздің айтылу ырғағы мен анықтығын бұзу;
- белгіленген оқу уақытында оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу;
- мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап бере алмау, оқылғаннан негізгі ойды бөліп көрсете алмау, оқылған мәтіннен негізгі мазмұнды түсінгенін білдіретін мәтіндегі сөздер және сөйлемдерді таба алмау;
- мазмұнын айтуда шығарма оқиғасының бірізділігін бұзу;
- жатқа айтуға дайындалған мәтінді шала білу; бірсарынды оқу; мәнерлеп оқи алмау.

Кемшіліктер:

- дауыстап оқуда мағыналық кідіріс, ырғақ пен сөздердің айтылу анықтығының шамалы бұзылуы;
- оқылған мәтінді белгіленгеннен көбірек уақытта түсінуі;
- шығарманың негізгі ойын тұжырымдаудағы дәлсіздік;
- мәнерлеп оқуды мақсатты қолдана алмауы, кейіпкердің мінезін көрсетуде мәнерлеудің жеткіліксіздігі.

3-сыныптағы бағалау нормалары:

Оқушыға «5» деген баға егер ол оқыған мәтіннің мазмұнын түсінген; мәтінді мәнерлеп оқуда дауыс ырғағын сақтаған; өздігінен мәтіндерді бөліктерге бөле алатын; бастысын бөліп көрсететін, оқытылған мазмұнды жеткізе алатын, сөйлеу тілін грамматикалық дұрыс қоя білетін, мәнмәтіндегі сөз мағынасын түсінетін, мәтіннен өздігінен кейіпкерлер мен табиғатты бейнелеу үшін автор қолданған әрекеттегі тұлға мен сипаттауды сөз бен сөйлемдерін таба алатын, өлеңді жатқа айтатын және оны мәнерлеп оқыған жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға мәтінді саналы түрде мәнерлеп оқыған; оқуда және кішігірім қажет оқиғаларды табуда 1-2 өрескел емес қателер жіберілген; оқығаннан негізгі мәнін дұрыс түсінген, бірақ анық жеткізе алмайтын, өлеңді жатқа білген, оны мәнерлеп оқитын, бірақ шамалы қателер жіберген (қайталаулар, ұзақ кідіріс және тағы басқа) жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға оқыған мәтіннің мазмұнын дәйекті түрде жеткізетін, негізгі ойды көрсетіп, мұғалімнің көмегімен жетелеуші сұрақтары арқылы мәтінді бөліктерге бөле алатын; мазмұндау барысында мәтіннің мазмұнын сақтамай қателесіп, оны мұғалімнің көмегімен түзететін; мәтінді жатқа айтатын, бірақ оны толық білмейтін; өлең мәтінін бірсарынды оқитын жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға сөздерді толық оқыған; 6 және одан да көп қате жіберген; негізгі ойды көрсете алмайтын және қосымша сұрақтар арқылы мәтінді бөліктерге бөле алмайтын; өлең мәтінін жатқа толық білмейтін сөздерді нақты айтпайтын жағдайда қойылады.

4-сыныптағы бағалау нормалары:

Оқушыға «5» деген баға әдеби сөздерді оқудың барлық негізгі нормаларын сақтай отырып, жылдам, түсініп, саналы, дұрыс оқыған; дұрыс ойын дауыс ырғағы арқылы жеткізіп, мәтінді толық, қысқаша және таңдап айтып беретін; өздігінен қарапайым жоспарларды құратын, оқыған мәтіннің негізгі ойын анықтай алатын; белгілі тақырыпқа сай (табиғат, оқиға, кейіпкерлер туралы) әңгіме құрастыра алатын; өлеңді жатқа мәнерлеп айтатын жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға мәтінді түсіне отырып, жылдам әрі мәнерлі оқыған, кідірістер мен логикалық екпінді дұрыс қолдана алған, оқығанда және кідірістер мен логикалық екпінді анықтағанда 1-2 қате жіберген, мәтінге сай жоспар құрастыра алған, мәтін мазмұнын толық айтқан; өздігінен мәтіннің негізгі ойын анықтай алған, өлең мәтінін мәнерлеп жатқа айтқан, бірақ шамалы дәлсіздіктер жіберілген жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға саналы түрде және бірсарынды оқыған, жеткіліксіз мәнерлеп оқитын, оқуда 3-тен 5-ке дейін қате жіберілген; мәтін мазмұнын толық және қысқаша жеткізетін, мұғалімнің жетелеуші сұрақтары арқылы жоспар құрастыра алатын, мәтінді жатқа айту барысында жіберілген қателерді мұғалімнің көмегімен түзететін жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға жеке сөздерді толық оқыған, көп мөлшерде сөздерді және буындарды ауыстырып, тастап кету қателіктерін жіберген, мәтін мазмұнын жетік меңгермеген, сөздерді толық оқи алмаған, 6 және одан да көп қате жіберген (II жартыжылдықта), мәтіннің мазмұнын тікелей, қысқаша және өз қалауынша айта алмайтын, мұғалімнің жетелеуші сұрақтары арқылы өздігімен жоспар құра алмайтын, жатқа айту барысында өлеңді толық жеткізе алмаған жағдайда қойылады.

Оқушылардың үйде оқуын бағалауда алдын ала дайындықсыз оқуға қарағанда жоғарырақ талаптар қойылады.

Сабақ барысында оқу үшін баға оқушының ауызша жауабы мен өз бетімен оқуы негізінде қойылады. Бағаға оқу көлемі: 3-сыныпта – 1/3 беті; 4-сыныпта – 1/2 беті болуы керек.

Оқушының оқу дағдысын қорытынды тексеру жылына үш рет: кіріс тексеру, I және II жартыжылдықтың соңында жүргізіледі.

17-кесте – Оқу техникасының нормасы (минутына оқылатын сөздер саны)

Сыныптар	3-сынып	4-сынып
I жартыжылдық	60 сөз және одан артық	75 сөз және одан артық
II жартыжылдық	65 сөз және одан артық	80 сөз және одан артық

Ескерту: Шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

18-кесте – Жартыжылдықтар бойынша оқу техникасын бағалау

<i>3-сыныптағы оқу техникасы</i>		
Бағасы	I жартыжылдық	II жартыжылдық
«5»	60 сөз және одан артық	65 сөз және одан артық
«4»	51-59 сөз	60-64 сөз
«3»	45-50 сөз	51-59 сөз
«2»	45 сөзден кем	50 сөзден кем
<i>4-сыныптағы оқу техникасы</i>		
Бағасы	I жартыжылдық	II жартыжылдық
«5»	75 сөз және одан артық	80 сөз және одан артық
«4»	65-74 сөз	75-79 сөз
«3»	60-64 сөз	65-74 сөз
«2»	60 сөзден кем	65 сөзден кем

Бастауыш сынып оқушысының дайындық деңгейіне төмендегі талаптар қойылады:

- 3-сыныпта көлемі 200-250 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау және әңгімелеу; халық ауыз әдебиеті үлгілерін және 3-4 өтірік өлеңді, 4–5 өлеңді жатқа айту; 15-20 мақал-мәтел мен жұмбақ, жаңылтпашты жатқа айту; 30-35 сөзден тұратын мазмұндама мен шығарма жазу;

4-сыныпта көлемі 300-350 сөзден тұратын мәтін мазмұнын толық, қысқаша және жоспар бойынша таңдау және әңгімелеу; көркем шығармадан алған әсерін 8-10 сөйлеммен жазбаша түрде орындау; 40-45 сөзден тұратын мазмұндама мен шығарма жазу.

Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес сыныптар үшін)

Учебный предмет «Русский язык» в школах с нерусским языком обучения закладывает фундамент общего филологического образования учащихся как целостной системы, изучающей духовную культуру народа, выраженную в языке и литературном творчестве.

Роль русского языка в системе образования определяется как язык межнационального общения в многонациональном государстве.

Цели обучения русскому языку:

- формирование и развитие элементарной русской речи на ограниченном лексико-грамматическом материале;
- взаимосвязанное обучение видам речевой деятельности (аудирование, говорение, чтение, письмо);
- практическое усвоение элементов уровней русского языка (фонетики, графики, орфоэпии, лексики, грамматики, словообразования, орфографии, пунктуации);
- воспитание средствами русского языка коммуникативной, нравственной и эстетической культуры.

Задачи:

- научить учащихся строить простейшие типовые предложения, широко употребляемые в русской речи, обогатить словарный запас учащихся (в пределах лексико-грамматического минимума);
- научить распространять простейшие типовые предложения за счёт ранее усвоенных слов и словосочетаний по законам синтаксического строя русского языка;
- формировать элементарные навыки активного пользования синтаксическими конструкциями для выражения собственных мыслей, чувств и наблюдений в рамках тематики для чтения и развития речи;
- совершенствовать навыки чтения и письма, полученные на уроках родного языка; дифференцировать звуки и буквы в системе гласных и согласных с учётом различий в фонетических системах родного и русского языков.

Содержание учебного предмета «Русский язык» состоит из трех блоков: речевой деятельности, языкового материала и текстов для чтения и развития речи, охватывающих сферы общения: учебную, социально-бытовую, социально-культурную, игровую. Так как текст выступает как единица обучения и развития речи, для отбора рекомендуются адаптированные тексты из произведений детских писателей прозаического характера, стихотворения, а также произведения малого жанра (пословицы, поговорки, загадки), сказки.

При отборе содержания обучения русскому языку как второму следует учитывать сферу речевой деятельности учащихся начальных классов, уровневые минимумы (лексический, грамматический, тематико-ситуативный, фонетико-орфоэпический и др.) для начального этапа обучения, явления транспозиции и интерференции.

Ведущими компонентами при отборе языкового материала являются словарь (список слов для активного усвоения) и тематика для чтения и развития речи.

На начальном этапе обучения русскому языку как второму учащиеся должны усвоить 1000 лексических единиц (в каждом классе примерно 450-500 слов).

Особенности предмета русского языка. Содержание предмета состоит из трех блоков: речевой деятельности, языкового материала и текстов для чтения и развития речи, охватывающих учебную, социально-бытовую, социально-культурную, игровую сферы общения. Так как текст выступает как единица обучения и развития речи, для отбора рекомендуются адаптированные тексты из произведений детских писателей прозаического характера, стихотворения, а также произведения малого жанра (пословицы, поговорки, загадки, сказки).

В содержание предмета внесены следующие коррективы:

- дано подробное пояснение к структуре речевых моделей (синтаксических конструкций на основе единого грамматического минимума);
- внесены дополнительные лексические единицы, список слов для активного усвоения на основе учёта как речевой деятельности, так и единого лексического минимума по русскому языку для начального этапа обучения

русскому языку как второму.

В тематику для чтения и развития речи учащихся внесены новые темы – это «День за днём», «Ключ к счастью – в труде» и другие.

Материал фонетики дан с учётом дифференциации звуков и букв, представляющих трудность для учащихся начальных классов школ с нерусским языком обучения.

В соответствии с действующим базисным учебным планом общее количество часов распределено по разделам.

Учебный предмет «Русский язык» вводится с 3-го класса, для итогового контроля после 4-го класса разработаны требования к владению речевыми умениями и навыками (аудирование, говорение, чтение, письмо), а также усвоению языковых знаний (элементарные сведения по фонетике, грамматике, лексике и синтаксису).

На основе текстового материала выявляются знания о символике РК и этнокультуроведческие материалы.

Учащиеся 3-го класса должны понимать прослушанное сообщение, речь учителя, звукозапись продолжительностью звучания 1-2 минуты; составлять высказывание из 2-4 предложений; сознательно, плавно читать вслух небольшие тексты, соблюдая паузы, словесные ударения; учить наизусть небольшие стихотворения; задавать друг другу вопросы, отвечать на поставленные вопросы; пересказывать прочитанный текст; писать по образцу и под диктовку слова и предложения, написание которых не расходится с произношением.

В 3-м классе проводятся контрольные (письменные) работы: контрольное списывание в первом полугодии 2 раза в четверть и 1 раз в третьей четверти; контрольный словарный диктант; контрольный диктант (без грамматического задания в общеобразовательных школах и с грамматическим заданием в лицеях и гимназиях) 1 раз в третьей четверти и 2 раза в четвёртой четверти.

Учащиеся 4-го класса должны уметь выделять основную мысль и структурные элементы текста, пересказывать прочитанное; составлять связное монологическое высказывание из 3-4-х предложений, составлять рассказ-описание, рассказ-повествование; писать под диктовку небольшие тексты из 30-40 слов и изложение из 5-6 предложений; зрительные, зрительно-слуховые, словарные, картинные диктанты; строить диалог; выразительно читать текст; знать наизусть не менее трёх стихотворений в четверти.

В 4-м классе проводятся контрольные (письменные) работы: контрольный словарный диктант; контрольный диктант (без грамматического задания в общеобразовательных школах и с грамматическим заданием в лицеях и гимназиях) 1 раз в четверть, изложение во втором полугодии 1 раз в четверть.

Итоговый контроль осуществляется в конце четверти и учебного года.

Учебная нагрузка по предмету «Русский язык» для школ с нерусским языком обучения составляет:

- 1) в 3 классе – 2 часа в неделю, в учебном году – 68 часов;
- 2) в 4 классе – 2 часа в неделю, в учебном году – 68 часов.

Шет тілі

Бастауыш сыныптарда ағылшын тілін оқытудың мақсаты қарапайым деңгейде меңгеруге бағытталған және Шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттіліктері (CEFR) бойынша А1 қарапайым деңгейіне (*Breakthrough*) сәйкес келеді.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

3, 4-сыныптарда пәндік нәтижелер екі аспектіде көрсетілген:

3-сынып оқушылары:

1) кемінде 120 жаңа лексикалық бірлікті;

2) синонимдер мен антонимдерді;

3) зат есімнің көпше түрін жасауды; деректі/дерексіз зат есімдерді; *some, any* белгісіздік есімдіктерін, *no* болымсыз есімдігін пайдалануды; *can, may* модальдық етістіктердің болымды және болымсыз түрлерін; реттік сан есімдерді, 100-ге дейін есептік сан есімдерді; сұраулы сөйлемдердің түрлерін (жалпы, арнайы, альтернативті);

4) клише-репликаларды, сөйлеу этикетінің нормаларын;

5) ағылшын тіліндегі балалар әдебиеті шығармаларын (ертегі, өлең, ұйқастырма, санамақ, әндерді) білуі тиіс.

3-сынып оқушылары:

1) болымды, болымсыз, сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау (дауыс ырғағын келтіре сөйлеу);

2) қатаң және үнді дауыссыздар, ұзақ және қысқа дауысты дыбыстар, ағылшын тіліндегі ерекше дыбыстарды ажырата білу;

3) сөйлеуде жаңа лексиканы қолдану;

4) 3-4 репликадан тұратын этикеттік сипаттағы диалог жүргізу; диалог көлемі диалог көлемі әр сұхбаттасушы тарапынан 3-5 репликадан тұратын сұрастыру диалогін, әрекет етуге түрткі болатын диалогті, пікір алмасу диалогін жүргізу;

5) нақты тақырыптық жағдайлар шеңберінде пікірін қарапайым сөздермен жеткізу;

6) қоршаған ортаға қатысты эмоциялық-бағалық қатынасын білдіру;

7) аудио-, бейнематериалдардың негізгі мазмұнын түсіну, мәтіннің дыбысталу уақыты – 1 минутке дейін;

8) көлемі 40 сөзден аспайтын қарапайым мәтіндердің мазмұнын түсінуі;

9) жеке хат жазу, өзі туралы қысқаша ақпаратты баяндау, коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінді жасауды білуі тиіс.

4-сынып оқушылары:

1) көлемі 450 сөзді құрайтын жаңа лексикалық бірліктерді;

2) оқылған грамматикалық материалды (қарапайым сөйлемнің құрылымы, өздік есімдіктер, сын есімнің шырайлары);

3) оқытылатын тілдің елінде күнделікті қарым-қатынас жағдайларында қабылданған мінез-құлық этикеті бойынша клише-репликаларды (сөйлеу этикеті және іс-қимыл этикеті) білуі тиіс.

4-сынып оқушылары:

1) болымды, болымсыз, сұраулы сөйлемдерді дұрыс интонациялау (дауыс ырғағын келтіре айту);

2) *er, -est, -y* жұрнақтары арқылы сын есімдер жасау, күрделі зат есімдер жасау: *toy shop, shoe shop, etc*;

3) әр сұхбаттасушы тарапынан 4-5 репликадан тұратын этикеттік сипаттағы диалог, сұрастыру диалогін, әрекет етуге түрткі болатын диалог, пікір алмасу диалогін жүргізу;

4) өзі, туыстары, достары туралы (жұмыс түрі, кәсібі, қызығушылықтары мен әуестігі, мектептегі оқуы туралы және т.б.), үй және жабайы жануарлар туралы, жыл мезгілдері туралы ақпараттарды ұсыну;

5) монолог көлемі 5-6 сөйлемді құрайды;

6) аудио-, бейнематериалдардың негізгі мазмұнын түсіну, мәтіннің дыбысталу уақыты – 1 минутке дейін;

7) дұрыс дауыс ырғағымен және дұрыс екпінмен дауыстап мәнерлеп оқу;

8) оқудың негізгі түрлерін ажырата білу (танысу, зерделеу және, іздеу-қарау), мәтін көлемі 50-60 сөзден артық емес;

9) жеке және электрондық хаттарды жазу, хаттың көлемі – 30-40 сөзге дейін; өзі туралы қысқаша ақпаратты баяндау, коммуникативтік міндеттерге сәйкес мәтіннен үзінді көшірмелер жасай білуі тиіс.

3-сыныптан бастап шет тіліндегі сөздер мен сөйлемдерді жазуға арналған сөздіктерді енгізу ұсынылады. Оқушылардың жаттығулар мен грамматикалық тапсырмаларды орындауға арналған жұмыс дәптерлері болуы қажет.

Бақылау жұмыстарының ұсынылатын нормалары

Алған білімдерінің динамикасын анықтау мен мониторингін жасау үшін әрбір тоқсанның аяғында бақылау жұмысын жүргізу ұсынылады.

Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, әрбір тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым – 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға – 14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балға қойылады.

Жазба жұмыстарының ұсынылатын нормалары

Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазу дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, жеке хат, электрондық хат, суреттегі адам туралы бірнеше сөйлем жазуды ұсынуға болады (оқушы бұл адамның аты-жөнін, мекенжайын ойдан шығарады), мәтінді ағылшын тілінде көшіріп жазу, оқу міндетіне сәйкес одан сөздерді теріп жазу немесе оған сөздерді қойып жазу, үлгіге қарап отырып, қысқаша құттықтаулар жазу:

3-сыныпта – 20-25 сөзге дейін,

4-сыныпта – 30-40 сөзге дейін.

«МАТЕМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика» оқу пәні бастауыш білім беру деңгейінде «Математика» білім саласының кіріктірілген оқу пәні болып табылады. Оны оқып-білу нөл

мен 1 000 000 көлеміндегі натурал сандардың арифметикасын, маңызды шамаларды, сондай-ақ негізгі орта білім беру деңгейінде одан әрі қарай оқытуды жалғастыру үшін алгебра және геометрияның қарапайым алғашқы түсініктерін қамтиды.

Математика

Оқу пәні ұлттық және жалпыазаматтық құндылықтар негізінде тұлғаның интеллектуалды дамуының қажетті деңгейіне жетуге бағытталған математиканың базалық негізін сапалы меңгеруді, көрнекі-бейнелік, логикалық және абстрактылы ойлауды қалыптастыруды, негізгі орта білім деңгейінде алгебра мен геометрияны меңгеруге практикалық негіз жасауды қамтамасыз етеді.

3-сыныпта қайталауға берілген сағаттар саны 4 сағаттан 14 сағатқа дейін артты. Осыған байланысты алғашқы 14 сабақтың мазмұны толығымен өзгертілген.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

3, 4-сыныптарда – аптасына 5 сағат, оқу жылына 170 сағатты құрайды.

19-кесте – Тексеру және бақылау жұмыстарының саны

Қорытынды бақылау жұмыстарының саны (құрама бақылау жұмысы)	3-сынып		4-сынып	
	Тақырыптық	Бақылау	Тақырыптық	Бақылау
Тоқсан				
I	2	2	2	2
II	2	1	2	1
III	2	1	2	1
IV	2	1	2	1
Барлығы	8	5	8	5

Кіріс бақылау жұмысындағы қиын тапсырмалар қосымша тапсырма ретінде беріледі және тек қана «4» немесе «5» деген баға қойылады; кіріс жұмысы үшін журналға «2» бағасы қойылмайды.

Қатемен жұмыс жасау барысында міндетті түрде есепті шығарудың жолдарын талдау қажет.

20-кесте – Бақылау ауызша есептеу және математикалық диктанттардың саны

Жұмыс түрі	3-сынып		4-сынып	
	I жарты жылдық	II жарты жылдық	I жарты жылдық	II жарты жылдық
Ауызша	2	2	2	2

Есептеу				
Математикалық Диктант	2	2	2	2

Ауызша есептеу мен математикалық диктанттың бағалау нормалары

Бақылау ауызша есептеу: «5» бағасы – қатесіз; «4» бағасы – 1-2 қате; «3» бағасы – 3-4 қате.

Бақылау математикалық диктанты: «5» бағасы – қатесіз; «4» бағасы – 1-2 қате және 1-2 кемшілік; «3» бағасы – 3-4 қате және 1-2 кемшілік; «2» бағасы – 5 және одан көп қате.

Бағалау нормасы

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қате мен кемшіліктердің жіктелуі

Қателер:

- тапсырманы орындау негізінде немесе оны орындау барысында қолданылатын негізгі ұғымдардың анықтамасын, ережелерін, алгоритмдерін білмеу және дұрыс қолдана алмау;

- амал, тәсілдерді дұрыс таңдамау; тапсырманың мақсаты есептеу білігі мен дағдысын тексеру кезінде қате есептеу;

- дұрыс жауап алуға әсер ететін математикалық есептеулер, амал, тәсілдерді қалдырып кету;

- түсіндірме мәтіннің, тапсырма жауабының, шама атауының орындалған амал мен алынған нәтижеге сәйкессіздігі, орындалған өлшеулер мен геометриялық құрылымның берілген параметрге сәйкессіздігі.

Кемшіліктер:

- мәліметтерді (таңбалар, сандар, белгілеу, шамалар) дұрыс көшірмеу;

- математикалық ұғымдардың, шамалардың қате жазылуы;

- тапсырма жауабының болмауы немесе жауабында жіберілген қателер; егер 2 кемшілігі болса, ол 1 қатеге саналады.

Өрескел қателер:

- мысалдар мен есептердегі есеп қателері, арифметикалық амалдарды орындау тәртібін білмеудегі қате;

- есепті қате шығару (амалдарды орындамау, амалдарды дұрыс таңдамау, артық амалдар);

- есепті немесе мысалды аяғына дейін шығармау; орындалмаған тапсырма.

Өрескел емес қателер:

- есептеудің тиімсіз тәсілдері; есепті шығаруда амалға сұрақтың дұрыс қойылмауы;

- қате тұжырымдалған есептің жауабы;

- мәліметтерді қате көшіру (сан, белгі); түрлендірулерді аяғына дейін жеткізбеу.

Математика бойынша жұмыста жіберілген грамматикалық қате үшін баға төмендетілмейді. Лас безендірілген жұмыс, каллиграфия ережесін сақтамағаны

үшін 1 балл төмендетіледі, бірақ 3-тен төмен емес.

Жазбаша жұмыстарды бағалау

Мысалдардан құралған жұмыс: «5» – қатесіз; «4» – 1 өрескел қате және 1-2 өрескел емес қате; «3» – 2-3 өрескел және 1-2 өрескел емес қате немесе 3 және одан да көп өрескел емес қате; «2» – 4 және одан да көп өрескел қатемен орындалған жағдайда қойылады.

Шартты есептерден құралған жұмыс: «5» – қатесіз; «4» – 1-2 өрескел емес қате; «3» – 1 өрескел және 3-4 өрескел емес қате; «2» – 2 және одан да көп өрескел қате болған жағдайда қойылады.

Құрама есептер: «5» – қатесіз; «4» – 1 өрескел және 1-2 өрескел емес қате (есептің шешуінде өрескел қателер болмауы қажет); «3» – 2-3 өрескел және 3-4 өрескел емес қате, бірақ есептің шығару жолдары дұрыс болуы қажет; «2» – 4 өрескел қатемен орындалған жағдайда қойылады.

Амалдардың орындалу ретін анықтауда жазба жұмысын бағалау: амалдар тәртібі қате таңдалса, арифметикалық амалдар дұрыс орындалмаса, қате болып саналады.

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Теңдеуді шешу жазба жұмыстарын бағалау: шешудің қате жолы, амалдардың дұрыс орындалмауы, тексеру дұрыс орындалмаса, қате болып саналады

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Геометриялық материалдармен байланысты жазба жұмыстарын бағалау: егер оқушы геометриялық фигураны қате құрса, өлшем бірліктерін ескермеген жағдайда, өлшем бірліктерін қате өрнектегенде, егер сызу құралдарын дұрыс пайдалана алмағанда қате болып саналады.

«5» – қатесіз; «4» – 1-2 қате; «3» – 3 қате; «2» – 4 және одан да көп қате болған жағдайда қойылады.

Ауызша жауаптарын бағалау

Оқушылардың ауызша жауабын бағалау көрсеткіші: жауаптың дұрыстығы, негізділігі, өз бетінше орындағаны, толықтығы.

Қателер: қойылған сұраққа қате жауап; қойылған сұраққа жауап бере алмау немесе мұғалімнің көмегінсіз тапсырманы орындай алмау; тапсырманы дұрыс орындаған жағдайда оны толық жеткізіп, түсіндіре алмау.

Кемшіліктер: қойылған сұраққа толық әрі нақты жауап бермеу; дұрыс жауап берген жағдайда өздігінен толық дұрыс жеткізе алмау; тапсырманы баяу орындау; математикалық ұғымдарды қате айту.

Оқушыға «5» деген баға меңгерген оқу білімін дұрыс және өздігінен қолдана алған; есептеулерін дұрыс әрі жылдам қолданған; өздігінен тапсырмаларды құрастырған (жоспар құрап, есептеп, есептің шығару жолдарын түсіндіріп және есептің сұрағына нақты жауап беру); тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындаған жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға «5» деген бағаның талаптарына сай болып, бірақ

жауабында дәлдіктер болмаған; есептеуде тиімді тәсілдерді қолданбаған; осы кемшіліктерді оқушы мұғалімнің сілтемелерімен өздігінен түзете алған жағдайда қойылады.

Оқушыға «3» деген баға өтілген сұрақтардың жартысынан көбін меңгерген, есепті шығару барысында қателер жіберген және сол қателерді мұғалімнің көмегімен түзеткен жағдайда қойылады.

Оқушыға «2» деген баға оқу бағдарламасын меңгермеген және мұғалімнің көмегімен есепті шығара алмаған жағдайда қойылады.

Оқушының күнделікті жұмысына мұғалімнің жүргізген бақылауы, ауызша сұрақтар, ағымдық және қорытынды бақылау жұмыстарының нәтижелері қорытынды баға қоюға негіз болады. Дегенмен ағымдық және қорытынды бақылау жұмыстарына көп мән беріледі.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дүниетану

Оқу пәні қоршаған әлем тұтастығы туралы білім мен адамзаттың табиғатпен қарым-қатынас жүйесі негізінде жалпы адами құндылықтарды қалыптастыруға бағытталған.

«Дүниетану» пәнін меңгеруде бастауыш сынып оқушылары биология, экология, география пәндерінің қарапайым ұғымдарымен танысады. «Дүниетану» пәнінің сабақтарында мұғалімге зілзалалардың, экологиялық апаттардың қауіп-қатері жағдайында қауіпсіз іс-әрекет ету мәселелерін талқылау ұсынылады.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі 3, 4-сыныптарда аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқушылардың білім, білік, дағдылары ауызша сұрақтар, бақылау, тест жұмыстары, тәжірибелік жұмыстар мен диктанттардың нәтижелері бойынша бағаланады.

Оқушыға «5» деген баға, егер ол оқу материалын табиғаттағы құбылыстарға жасалған бақылауларды ескеріп, жүйелі де логикалық түрде байланыстыра отырып баяндаған (бағдарлама көлемінде), тәжірибелік жұмыстарды дұрыс орындап және қойылған сұрақтарға толық жауап берген жағдайда қойылады.

Оқушыға «4» деген баға, егер оның жауабы «5» деген бағаның талаптарына сай болғанда, дегенмен оқушы нақты материалды баяндауда, кейбір практикалық жұмыстарды қолдануда жекелеген дәлсіздіктер жібергенде, қойылады. Осы кемшіліктердің барлығын мұғалім көрсеткеннен кейін оқушының өзі түзетеді.

Оқушыға «3» деген баға, егер ол оқу материалының негізгі мазмұнын меңгеріп, бірақ нақты қателер жіберсе, табиғаттағы құбылыстарды бақылау нәтижелерін қолдана алмаса, бағдарламада қарастырылған табиғаттағы құбылыстар мен нысандар арасындағы байланысты орнатуда, практикалық жұмыстарды орындауда қиналса, бірақ мұғалімнің көмегімен аталған

кемшіліктерін түзете алса қойылады.

Оқушыға «2» деген баға, егер оқу бағдарламасының көп бөлігін меңгермесе, мұғалімнің көмегімен де тәжірибелік жұмыстарды орындай алмаса қойылады.

21-кесте – Тексеру және бақылау жұмыстарының саны

Тоқсан	3-сынып		4-сынып	
	Тексеру	Бақылау	Тексеру	Бақылау
I	1	1	1	1
II	1	1	1	1
III	1	1	1	1
IV	1	1	2	1
Барлығы	4	4	5	4

Тест жұмысын бағалау

Тест қиындығы жағынан орташа деңгейлі тапсырмалардан тұрады. Қатені табу; дұрыс жауапты таңдау; айтылған ойды жалғастыру немесе түзету түріндегі тест тапсырмаларын қолдануға болады.

Тест жұмыстарын орындау үшін оқушыларды алдын ала дайындау қажет. Ол үшін алдыңғы сабақтардың бірінің соңында 10-15 минут уақыт бөлу керек. Тақтада өтілетін тест тапсырмаларына ұқсас 1-2 тапсырманы тақтаға жазып немесе іліп, оны оқушылармен бірге орындау ұсынылады.

22-кесте – Тест тапсырмаларын бағалау

Базалық деңгей			
0-60%	60-77%	77-90%	90-100%
Баға «2»	Баға «3»	Баға «4»	Баға «5»

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

Өзін-өзі тану

«Өзін-өзі тану» оқу пәнінің мақсаты оқушылардың өз ішкі әлемін танып білуіне мүмкіндік беру және өзімен, қоршаған ортамен үйлесімді қарым-қатынасын құруы болып табылады.

«Өзін-өзі тану» пәнінің базалық білім беру мазмұны төрт негізгі бөлімді қамтиды:

- 1) Өзін-өзі тану бақыты.
- 2) Адами қарым-қатынасқа үйренейік.
- 3) Адам болам десеңіз.
- 4) Әсемдік әлемінде.

Оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 3, 4-сыныптарда – 1 сағат,

оқу жылында барлығы 34 сағатты құрайды.

Білім берудің барлық деңгейлерінде 33-34-сабақтар қорытынды қайталау ретінде көрсетілген, ол курс аяқталғаннан кейін өтілген материалды жалпылау мен жүйелеуді білдіреді.

Қорытынды қайталаудың сағаттарын білім алушылардың портфолиосында байқалатын шығармашылық қызметінің нәтижелерін көрсету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Портфолио – білім алушылардың өзін-өзі тану процесіндегі жетістіктерін бейнелейтін шығармашылық жұмыстарының жиынтығы. Шығармашылық жұмыстар жеке, топтық және ұжымдық сипатта болуы мүмкін.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша білім алушылардың білімін бағалау білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар білім алушылардың танымдық қызметін дамыту мониторингінің, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға және қоғамға қызмет ету дағдыларына ұмтылудың өлшемшарты болып табылады.

Адамгершілік-рухани білім берудің ерекшеліктеріне сәйкес әрбір жартыжылдықтың қорытындысы бойынша «сынақ» деген бағалау болады. Егер білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың жалпы көлемінің кемінде 2/3 сәйкес келетін жетістіктерді көрсете алған жағдайда «сынақ» бағасы қойылады. Білім алушыға «сынақ» бағасын қоюда оның пән бойынша шығармашылық қызметін көрсететін портфолиосы назарға алынады. Портфолио сапасын талдауда білім алушының ұжымдық және топтық шығармашылықтағы белсенділігі, сондай-ақ жеке шығармашылық қызметте проблеманы ұғыну тереңдігі, оның ойының бағдарлығы, жалпыадамзаттық құндылықтар басымдығының мазмұны, адамға және қоршаған әлемге сүйіспеншілік негізінде сабақта қойылған проблемаларды шешу жолдарын іздестіру басты назарда болады.

«ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

Музыка

«Музыка» пәнінің мақсаты білім алушылардың музыкалық мәдениетін тәрбиелеуге, азаматтық тұлғасын, көркемдік талғамы мен шығармашылық қабілетін қалыптастыруға, алған білімдерін сабақта және өмірде пайдалана білуіне негізделген. Пәнді оқытуда «Қазақ халық музыкасы», «Музыкалық аспаптар», «Концертке және театрға саяхат», «Қазақстан – менің Отаным» сынды ең негізгі тақырыптарға аса мән беріледі. Пән мазмұны тереңдей түсіп, музыкалық құбылыстардың ауқымы кеңейеді.

Оқытудың әдістемелік жүйесі заманауи технологияларды пайдалануға негізделген. «Мұғалім – оқушы» технологиясы шынайы шығармашылық қарым-қатынас қалыптастырады. «Жетістік» технологиясы оқушылардың шығармашылық биігіне көтерілуіне көмектеседі. Бастауыш сыныптарда саяхат-сабақ, концерт-сабақ, ой бөлісу сабағы, репортаж-сабақ және т.б. әртүрлі сабақ түрлерін пайдалану ұсынылады.

«Музыка» пәні бойынша барлық сағат саны 3, 4-сыныптарда аптасына 1 сағаттан, жылына барлығы 34 сағатты құрайды.

Музыка сабағында жұмысты бағалау

«5» бағасы – аталған үш критерийлерге немесе алғашқы екеуіне сәйкес болғанда қойылады: музыкаға қызығушылық таныту, оған тікелей эмоционалды жауабы, тыңдаған немесе орындалған шығарма туралы өз ойын айту; іздену жағдайы барысында анықталған, оқушының белсенді жігері, және музыканы қабылдау барысында ең алдымен бастапқы білімдерін қолдану білігі; орындау дағдысының өсуі, бұл оқушының дайындық деңгейі мен сабақтағы белсенділігін есепке ала отырып, бағаланады.

«4» бағасы – екі немесе бір критерийлерге сәйкес болғанда;

«3» бағасы – берілген критерийлерге сәйкес болмағанда;

«2» бағасын қоюға жол берілмейді, себебі ол баланың қызығушылығын және соған сәйкес сұлулық пен мейірімділікке деген қажеттілігін жояды.

Бейнелеу өнері

Пәнді оқыту эстетикалық сезімдерін, бейнелеу өнеріне қызығушылығын тәрбиелеу; өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік туралы ойларын дамыту; адамгершілік сезімдерін тәрбиелеу, Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу; қиялын, кез келген іске шығармашылық тұрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту; халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу; аңғарымпаздығы мен көріп есте сақтау қабілетін дамытуға бағытталған.

Бағдарламадағы оқу материалы көркемдік білімнің іскерлік сипаты мен адамгершілік болмысын көрсететін блоктармен ұсынылған: «Көркемдік қызмет түрлері», «Көркемдік сауат негіздері», «Қоршаған әлемді тану», «Көркем-шығармашылық қызмет мазмұны».

Барлық блоктар кешенді түрде жалпы көркемдік білім мен тәрбие міндеттеріне бағытталған.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі 3, 4-сыныптарда аптасына 1 сағаттан, жылына барлығы 34 сағатты құрайды.

Бағалау нормалары:

«5» бағасы: оқушы сабақтың қойылған мақсатын толық орындай алады, меңгерілген материалды дұрыс түсіндіреді және алған білімін іс жүзінде қолдана алады; сурет композициясын дұрыс шешеді, яғни бейненің барлық компоненттерін өзара үйлесімді қиылыстырады, бейнені айрықша аңғарады және жеткізе сипаттай алады.

«4» бағасы: оқушылар бағдарлама материалын толық меңгерді, бірақ қосымша сипатта жеткіліксіз мазмұндайды; бейненің барлық компоненттерін өзара үйлесімді қиылыстырады, бірақ бейнені нақты сипаттай алмайды.

«3» бағасы: оқушылар сабақтың қойылған мақсатын толық орындай алмайды; меңгерілген материалды мазмұндауда дәлсіздік жібереді.

«2» бағасы: материалды мазмұндауда өрескел қателер жібереді; сабақтың

қойылған мақсатын орындай алмайды.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ САЛАСЫ

Еңбекке баулу

Оқу пәні бастапқы технологиялық білім, еңбек білігі мен дағдысын, іс-әрекетті жоспарлау және ұйымдастыру тәсілдерін меңгерту; сенсорика, қол саусақтарының ұсақ моторикасын, кеңістік қиялын, ақпарат түрлерінде бағдарлау қабілеттерін дамыту; қоршаған әлем өзгерісіндегі адам еңбегінің рөлі туралы білімді меңгерту; адам және адам еңбегіне құрметпен қарауға, еңбексүйгіштікке тәрбиелеуге бағытталған.

4-сынып оқулығында «Сым темірмен жұмыс», «Фольгамен әшекей бұйымдар жасау», «Қошқар мүйіз оюының орындалу реті» тақырыптары қарастырылмауына орай, мұғалім пәнді оқытуды жоспарлауда бұл тақырыптарды оқу бағдарламасына сәйкес басқа тақырыптармен алмастыра алады.

«Еңбекке баулу» пәні бойынша оқу жүктемесі 3, 4-сыныптарда аптасына 2 сағаттан, жылына 68 сағатты құрайды.

Бағалау нормалары:

Бағалар жалпы орындалған не жасалған бұйым, жеке технологиялық операциялар; жұмыс жоспарын құра білу, тәжірибе жасау, материалдардың қасиетін анықтау, материалдар мен құралдарды дұрыс атау, олардың міндетін анықтау, олармен қауіпсіз жұмыс ережесін атау білігі үшін қойылады.

Жалпы алғанда бұйымды орындау

«5» бағасы құралдармен қауіпсіз жұмыс ережесін сақтай отырып, қатесіз және мұқият жасалған бұйымға қойылады (қолданылатын материал бойынша құралды таңдау, сонымен қатар, сабақ бойы жұмыс орнында тазалықты сақтау білігі ескеріледі).

«4» бағасы осы талаптар есебінен қойылады, бірақ бұйым құрылымын бұзбай түзетуге жол беріледі.

«3» бағасы бұйым мұқият орындалмаған, бірақ құрылымы бұзылмаған жағдайда қойылады.

Көрсеткен дербестігі мен шығармашылықпен орындалған жұмыс үшін бағаны бір баллға көтеріп қоюға болады немесе қосымша бағаланады.

Құрылымы бұзылған, өз мақсатына сай емес бұйым бағаланбайды, оны түзетуге, қайта жасауға болады.

Тексеру жұмысы кезінде дайын бұйым үшін баға барлық оқушыларға қойылады. (Тексеру жұмыстары әр тоқсан сайын және жыл соңында жүргізіледі. Олар белгілі бір сабақтар санынан кейін жеке операцияларды меңгеруін тексеру немесе жұмыс түрлері бойынша қорытынды сабақ болуы мүмкін).

Жеке технологиялық операциялар

«5» бағасы әртүрлі белгілеулердің, материалдарды пішудің нақтылығына, бұгудің дұрыстығына, тегіс сырылуына; үлгіге немесе суретке сәйкес

конструктор бөлшектерінен бұйымды орындау дәлдігіне; материалдарды, құралдарды олардың мақсатына сәйкес бұйым құрылымына ұжымдық талдау жасағаннан соң жеке жұмыс жоспарын құруға (3-сынып); жоспар құру, бұйымға өздігімен талдау жасауына (4-сынып), түсіндірумен көрсету білігіне (3, 4-сыныптар) қойылады.

«4» бағасы, егер оқушы белгілеу кезінде дәлсіздікті жіберсе (3 мм дейін), пішуде 1 мм дейін белгілеу жолынан ауытқыса, материалды үнемсіз қолданса; жұмыс орнындағы тәртіпті мұғалімнің ескертуінен кейін сақтаса; жұмыс жоспарын мұғаліммен бірге құрса (3-сынып), алдағы жұмыс жоспарын өздігімен 1 қатемен құрса (4-сынып) қойылады.

«3» бағасы, егер оқушы белгілеу кезінде дәлсіздікті жіберсе: 2мм-ден 5 мм-ге дейін – 3-сыныпта, 5 мм-ге дейін – 4-сыныпта; материал мен құралдарды тиімсіз қолданса (3-сынып), мұғаліммен бірге жұмыс жоспарын құру кезінде 3 логикалық қате жіберсе (3-сынып), бұйымды жасаудың жұмыс жоспарын өздігімен құруда 2 логикалық қате жіберсе (4-сынып) қойылады.

Оқушылардың білімі мен біліктерін әділ бағалау үшін әр баланың бағдарлама материалын меңгеруін есепке алу қажет. Егер мұғалім сұрау мен бақылауды жоспарлаған жағдайда баға әділ болуы мүмкін. Сабақтың жоспарында бақылайтын 3-4 оқушының аты-жөнін жазады, олардың сабақ бойы жұмыс орнында тәртіпті қалай сақтайтынын бақылайды, 3-4 оқушының материал бойынша нақты бөлшектерін нақты белгілей алу ептігін бақылайды, келесі 3-4 оқушының желіммен мұқият жұмыс істеу ептілігін, сабақтағы құралдармен қауіпсіз жұмыс істеу тәртібін сақтай отырып сыруды орындауын немесе жұмыс істеуін бақылайды.

Егер оқушы мұғалім берген тапсырманы орындай алмаса, мұғалім жұмысты қалай орындау керек екенін оқушыға қайтадан көрсетуі тиіс. Бұл жағдайда баға бірнеше сабақтан соң қойылады.

Осылайша, бір сабақта мұғалім бірнеше бағалайды, бірақ олар оқушының нақты білімі мен білігіне қойылады.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дене шынықтыру

«Дене шынықтыру» оқу пәні – бұл дене шынықтыру қызметі, оқушылардың дене және психикалық саулығын сақтау туралы білімдер жүйесі.

Пәнді оқыту қимыл-қозғалыс негіздерін меңгеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру; өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қараудың қажеттілігін қалыптастыру; дене бітімінің және психикалық қасиеттерінің толық дамуы; салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылық жолмен қолдануға бағытталған.

«Шаңғы дайындығы» және «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен

(ырғақты, атлетикалық, кәсіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

Дене дамуында жетіспеушілігі бар балаларды сауықтыруға бағытталған дене шынықтыру пәнінен қосымша сабақтар немесе оқушылар мен ата-аналардың сұраныстары және қызығушылықтары ескерілген спорт түріндегі сабақтар оқу бағдарламасының вариативті жүктемесі арқылы орындалады.

«Денсаулық күні» оқу жылы ішінде 3-4 рет өткізіледі және каникул кезінде ұйымдастырылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына орналастырылды (www.nnpcsfk.kz).

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі 3, 4-сыныптарда – әр сыныпта аптасына 3 сағаттан, барлығы 102 сағатты құрайды.

Бағалау нормалары:

Оқушы іс-әрекетін бағалау кезінде олардың жеке ерекшеліктері мен психосоматикалық мүмкіндіктері ескеріледі.

Егер оқушы денсаулығының жағдайына байланысты практикалық тапсырмаларды орындай алмаса, оған теориялық тапсырмалар беріледі.

«5» бағасы, егер оқушы тапсырманы өзінің психосоматикалық мүмкіндіктеріне сәйкес өздігімен орындай алса қойылады.

«4» бағасы, егер оқушы тапсырманы өзінің қабілеттері мен психосоматикалық мүмкіндіктеріне сәйкес өздігімен орындай алса, бірақ мұғалімнің көмегіне шамалы сүйенген жағдайда қойылады.

«3» бағасы, егер оқушы тапсырманы өзінің ерекшеліктері мен психосоматикалық мүмкіндіктерінен төмен орындаса, қойылады. Тапсырманы орындауда мұғалімнің көмегіне үнемі сүйене береді.

«2» бағасы оқушы тапсырманы орындамағанда, мұғалімнің көмегін қолданбаған жағдайда қойылады.

НЕГІЗГІ ОРТА БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ (6, 8, 9-сыныптар)

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Ана тілі», «Әдебиет», «Шет тілі» оқу пәндері және «Абайтану» курсы кіреді.

«Қазақ тілі» (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін).

6, 8, 9 -сыныптарда оқу процесі ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (*ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген*) «Қазақ тілі» пәнінің үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

6 - сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

8 - сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;

9 - сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат.

Әрбір тоқсанда алынатын бақылау диктантының саны сол сыныптағы *апталық сағат санымен сәйкес* келуі керек.

Жалпы білім беретін мектеп білім алушыларға терең білім берумен қатар, олардың ауызекі тілі мен жазбаша тілін дамыту, ойын жүйелі айтып орамды сөйлеп әрі дұрыс жаза білуді талап етеді. Сондықтан қазіргі оқу процесі арқылы білім алушылардың жазбаша тіл мәдениетін дамытып, жүйелі жазу дәрежесін көтеру мақсатын қояды.

Әрбір мұғалім қазақ тілі мен әдебиет сабақтарында жазба жұмыстарын үйретіп, тіл дамыту сабақтарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білуде ең негізгі мәселенің бірі – білім алушының жас ерекшелігі мен білім қорына байланысты жазба жұмысын үйретудің міндеті мен көлемін анықтау болып табылады. Мұғалім сол міндет пен көлемге байланысты жазбаша тіл дамыту жұмысының түрін, көлемін, оның әдіс-тәсілдерін белгілейді, анықтайды.

Жазба жұмысына қойылатын талаптар (*диктант*).

23-кесте – Жазба жұмыстарының оқу тоқсандары бойынша бөлінуі

Сыныптар	Жазба жұмыстардың түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
6	Диктант	3	3	3	3	12
8	Диктант	3	3	3	3	12
9	Диктант	1	1	1	1	4
	Барлығы:	7	7	7	7	28

Диктант – білім алушылардың орфографиялық және пунктуациялық сауаттылығын тексерудің негізгі формаларының бірі. Білім алушылардың ауызша жауаптары және жазба жұмыстары бойынша бағдарламалық материалдарды қаншалықты деңгейде меңгергендігін ескере отырып, әр сыныпта белгілі бір нақты көлемде қорытынды жазба жұмыстары өткізіледі.

Диктант мәтіні үшін әдеби тіл нормаларына сай келетін мәтіндерді пайдалану ұсынылады .

24-кесте – Диктант нормасы

Сыныптар	Диктант саны	Сөздер саны	Орфограмма саны	Тыныс белгілері
6	12	100-110 сөз	16	3-4
8	12	120-150 сөз	24	10
9	4	150-170 сөз	24	15

Диктант белгілі бір тақырып бойынша білім алушылардың дайындығын тексеру мақсатында жүргізілетіндіктен, сол тақырыптың негізгі орфограммалар мен тыныс белгілері енгізіліп, сонымен қатар, бұрынғы алған дағдыларының беріктігін көрсетуі тиіс.

Диктанттың мәтінінде:

- 6 - 7 сөзден артық емес,

- 8-9 - сыныптарда - 10 сөзден артық емес өткен сабақтарда меңгерілген орфограммалар ғана енгізілуі қажет. Білім алушылар жазылуы қиын сөздермен және олардың емлесімен өткен сабақтарда таныс болуы тиіс.

Жылдың, тоқсанның аяғында болатын қорытынды диктанттарды білім алушылардың барлық өткен тақырыптар бойынша білімдерін тексеруге арналып құрылатындықтан қосымша тапсырмалар беру немесе бермеуді пән мұғалімі өзі шешеді.

Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:

- «5» деген баға еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен 1 қатесі (0/1) бар;

- «4» деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі бар (3/3) немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 (2/4) немесе емледен 1 немесе тыныс белгісінен 5 қатесі (1/5) бар, емледен бір типті (4/0) 4 қатесі бар;

- «3» деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі (6/5) бар немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате (5/6) бар немесе емледен 3, тыныс белгісінен 8 қатесі (3/8) бар;

- «2» деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі (9/5) бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі (8/9) бар диктанттарға қойылады.

Ескерту: бағалау кезінде қателердің қайталануы мен біртектілігіне назар аударылады. Егер қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, онда ол бір қатеге саналады. Бір типті немесе біртекті қателер дегеніміз сөздің жазылуының грамматикалық, фонетикалық ерекшелігіне байланысты бір ережеге негізделуі. Алғашқы

біртекті *үш қате* бір қатеге саналады да, келесі сондай қателер дербес есептеледі.

Диктант мәтінінде 5-тен артық түзету болса, бағасы 1 балға кемітіледі. 3 және одан артық түзетулер кездескен жағдайда *үздік баға* қойылмайды. Диктантқа баға қоярда түзетілгенімен, ескерілмейтін *орфографиялық және пунктуациялық қателер*:

- 1) сөзді тасымалдау;
- 2) мектеп бағдарламасына енбеген ережелер;
- 3) әлі меңгерілмеген ережелер;
- 4) арнайы жұмыс жүргізілмеген қиын сөздер.

Диктантты бағалауда қатенің сипатына мән берілген жөн. Қателердің ішінен жеңіл қателерді яғни сауаттылық үшін аса маңызды емес қателерді айырып алған дұрыс. Қателерді есептеу барысында екі жеңіл қате бір қатеге есептеледі.

Жеңіл қатеге жатады:

- 1) ережеге бағынбайтын сөздер;
- 2) автор сөзін берудегі тыныс белгілері.

Ескерту: диктант мәтінінде барлық цифрлар, оның ішінде мезгіл көрсеткіштері де сөзбен жазылады;

Диктантқа бір ғана баға қойылады. Қосымша тапсырмаларды орындағаны үшін бағалағанда төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады:

- «5» бағасы - оқушы барлық тапсырмаларды орындағанда;
- «4» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың 4/3 бөлігін орындағанда;
- «3» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындағанда;
- «2» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындамағанда

қойылады.

Ескерту: қосымша тапсырмаларды орындау барысында жіберілген орфографиялық және пунктуациялық қателер диктантқа баға қою барысында ескеріледі.

Емлелік қателерді түзету әдістері. Білім алушылардың жазба жұмыстарын мұқият тексеріп отыру олардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Қатемен жұмыс жүргізу жазба жұмысынан кейінгі келесі сабақтың 15-20 минутында іске асырылады. Оқу бағдарламасында «Қатемен жұмыс» түріне арнайы сағат бөлінбегендіктен журналға жазылмайды.

Мұғалімдер оқушылардың орфографиялық қателерін түзеткенде негізгі ескеретін жағдайлар:

- 1) мұғалім барлық қателерді түзетіп, соңғы өтілген тақырыптан кеткен қателердің астын сызып көрсетуге болады;
- 2) орфографиялық қателерді түзету үшін орфографиялық шартты белгілерді қолдануға болады. Мұндай шартты белгілер оқушыларға таныс болуы қажет;
- 3) түзетулер оқушының жіберген қателерін өзі сезетіндей дәрежеге жеткізілуі, оның қабілеттілігін арттыруға көмектесуі керек;
- 4) емлелік қателерді сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу жолымен түзету әдісі оқушылардың қателерін түзетудегі ең таңдаулы

тәсілдердің бірі;

5) сөздердің астын сызбай-ақ, дәптердің шетіне шартты белгі қоюға болады. Шартты белгі білім алушыға түсінікті болуы тиіс.

6) Білім алушы қате жазылған сөздің дұрыс нұсқасын ғана қайта көшіріп жазады.

«Қазақ тілі» пәнінен дәптер тексеру тәртібі:

Білім алушыларда болуы тиіс дәптерлер саны туралы мәліметтер ұсынылады.

25-кесте – Білім алушы дәптерлерінің саны

Пән	Жұмыс дәптері	Жазба жұмыс дәптері	Барлығы
Қазақ тілі	2	1	3

Дәптер тексеру тәртібі:

1) 6, 8, 9-сыныптарда жұмыс дәптерлері аптасына бір рет тексеріледі;

2) 9 - сыныптарда жұмыс дәптерлері 2 аптада бір рет тексеріледі;

«Қазақ тілі» пәнінен барлық дәптерлердегі жазба жұмыстарын мынадай тәртіппен орындау ұсынылады:

- дәптерге ұқыпты, түсінікті жазу; көк сиялы қаламмен жазу және қажет кезінде қара қарындаш пайдалану;

- дәптер сыртын үлгі бойынша білім алушы өзі толтыруы қажет:

«Қазақ тілі» пәнінен жазба жұмыстарына арналған дәптері (*бұл дәптерге диктанттар мен бақылау жұмыстары орындалады*).

Дәптердегі барлық жұмыстар төмендегі талаптарды, ережелерді сақтай отырып жүргізілуі керек:

- ай аты мен күн реті жазбаша жазылады;

- күн реті мен жұмыс түрінен соң нүкте қойылмайды. Дәптердің басынан, жол тасталмай, барлық жазбалар бір деңгейде жазылады.

- үй жұмысы сынып жұмысының жалғасы деп есептелінеді де, күн реті жазылмайды;

- жаттығу (тапсырма) сөзі толық жазылады, мысалы: 15-жаттығу (тапсырма);

- сынып немесе үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жол қалдырылмайды;

- мәтін азат жолдан басталады;

- сынып жұмысы мен үй жұмысының арасында 2 жол қалдырылады;

- талдау жасау тапсырмаларын орындағанда жақсы ұшталған қара қарындашпен орындаған жөн;

- ереже, емлені белгілеу үшін жасыл сияны қолдануға болады.

Баға тапсырмадан кейін дәптердің сол жақ шетіне нүктесіз қойылады.

Талдау жұмыстары қарындашпен орындалады (*сөз құрамына, сөйлем мүшелеріне талдау*).

Төл дыбыстарды дұрыс жазбаса қызыл жолға дұрыс жазылуы көрсетілуі

тиіс.

Дәптерге мүмкіндігінше мұғалімнің ескертулері жазылып отырады (*Дұрыс жаз. Қатесіз көшір.*).

Дәптерлерді тексеруден кейін келесі сабақта талдау жасалу қажет.

Дәптердегі барлық жұмыс қызыл сиялы қаламмен тексеріледі.

Диктанттан жіберілген қателер жол бойынша сол тұстағы қызыл жолға көрсетілуі керек:

- орфографиялық қате – /.

- тыныс белгілер қатесі – √

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру үшін (*әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.*) пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін оқытуды жоғары деңгейде ұйымдастыру үшін мұғалімдердің кәсіби біліктілігін жетілдіруде отандық және әлемдік тәжірибедегі жаңа оқыту технологияларын пайдаланудың артықшылықтары;

2. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін топтық жұмыстар арқылы оқыту жолдары;

3. Қазақ тілі мен әдебиеті пәнін құзыреттілік тұрғысынан оқыту нәтижелері туралы;

4. Білім алушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастырудың дидактикалық ұстанымдары;

5. Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін интербелсенді әдістер арқылы қалыптастыру;

6. Білім беруде қолданылатын сандық технологиялардың тиімділігі.

«Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін).

Мектепте білім алушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту – білім берудің басым мақсаттарының бірі. Оның нәтижесі білім алушылардың алған білімдерін практикалық жағдайларда тиімді және әлеуметтік бейімделу процесінде сәтті пайдалануға мүмкіндік беретін негізгі құзыреттіліктер жүйесін меңгеруі болып табылады. Білім беру нәтижелеріне табысты қол жеткізуді, алған білімін өмірлік жағдаяттарда қолдана алуын қамтамасыз ететін тиімді әдістерді білім беру процесіне оңтайлы енгізу – мектеп пен ұстаз қауымына қойылып отырған жауапты міндеттердің маңыздысы.

«Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілді) пәнінен оқу жүктемесінің көлемі төмендегідей белгіленген:

6 - сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

8 - сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

9 - сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінен өткізілетін жазба жұмыстарының нормалары

26-кесте – Жазба жұмысының, сыныптан тыс жұмыстардың саны (мазмұндама, шығарма, сыныптан тыс оқу)

Сыныптар	Жазба , сыныптан тыс жұмыстардың түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
6	Мазмұндама	2	2	-	-	4
	Шығарма	-	-	2	2	4
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12
8	Шығарма	1	1	1	1	4
	Эссе	1	1	1	1	4
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12
9	Эссе	1	1	1	1	4
	Шығарма	1	1	1	1	4
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12

Мазмұндама – білім алушының өз ана тілі мен әдебиетінен алған білімін тексерудің негізгі нысандарының бірі. Мазмұндама арқылы баланың өз ойын жазбаша жүйелі баяндай білу қабілеті мен тіл байлығы, сауаттылық деңгейі айқын көрінеді.

27-кесте – Мазмұндама мәтінінің көлемі

Сыныптар	Мәтін көлемі
6	150-200 сөз

28-кесте – Мазмұндама мәтінінің шартты белгілері

Шартты белгілер	
Белгілер	Нені білдіреді?
/	емле қатесі белгіленеді
V	тыныс белгісінен кеткен қате
Z	абзац керек деген белгі
Z	артық қойылған абзац
?	екі ұшты, осы сөйлемді ойлан деген белгі
?!	пікірді немесе фактіні бұрмалаудан кеткен кемшілік
!	осы жерге ерекше көңіл аудар
~ ~	ауыстыруды керек ететін, бірнеше қайталанған сөздер мен сөйлемдер
...	стильдік жағынан дұрыс құрылмаған, жөндеп жаз деген белгі
...	сөз қалдырып кетсе, түсініксіз сөйлемдерді белгілейді

Мазмұндама жаздыру арқылы оқушылардың тілдік материалдарды орынды қолдана білуге, жазбаша сөйлеудің ерекшелігін, мәтіннің синтаксистік құрылысын меңгертуге, ең басты қайта жасау қиялын дамытуға игі ықпал етеді. Осындай білім дағдыларын қалыптастыруда мазмұндаманың мынандай түрлерін жүргізуге болады:

- дайын мәтін бойынша мазмұндама;
- сурет бойынша мазмұндама;
- аяқталмаған мәтін бойынша мазмұндама.

Мәтін мазмұнын мазмұндап жазу формалары әртүрлі болады:

- мәтін мазмұнын дәлме-дәл жеткізіп жазу;
- мәтін мазмұнын өз беттерінше меңгеріп, өз сөздерімен құрастыру;
- өз жанынан қосымша оқиға қосу;
- мәтін формасын өзгерте мазмұндау, яғни, бірінші жақта, осы шақ формасында немесе керісінше мазмұндау;
- қысқарта мазмұндау, яғни, берілген мәтіннің тек түйінді, негізгі мәселелерін ғана мазмұндау, қажетсіз деп табылған детальдарды қысқарту;
- кеңейте мазмұндау, яғни, мәтін мазмұнына байланысты дәйексөз және эпиграф келтіре отырып мазмұндау;
- берілген мәтін мазмұнына лайықты ой қорытындысын жасау.

Шығарма мен мазмұндаманы бағалау. Оқушы шығармасын тексеру, бағалау негізінен бес салаға бөлініп қарастырылады:

- 1) мазмұндылығы мен идеялылығы;
- 2) ой-пікірдің жүйелілігі;
- 3) стилі;
- 4) грамматикалық сауаттылығы;
- 5) әдеби материалдарды пайдалануы.

Бұлардың қай-қайсысы да білім алушының білімін бағалауда маңызды. Білім алушылардың тақырыпты аша білу және стильге сәйкес тілдік құралдарды пайдалана алу дағдысы; тілдік нормалар мен сауатты жазу ережелерінің сақталуы; ой-пікірдің жүйелілігі, шығарманың тақырыпқа сәйкестігі, әрбір бөлімнің мөлшері мен пікір ұтымдылығы; тақырыпты ашуға байланысты сөз қолданысы, бір сөзді бірнеше рет қайталамауы, дәйексөзді ұтымды қолдана білуі; алынған әдеби материалдарының, дәлелдерінің нақтылығы, тақырыпты ашуда тиімді қолдануы бағалауда ескерілу ұсынылады.

Шығарма мен мазмұндама екі бағамен бағаланады:

- 1) бірінші баға – мазмұны мен тіл шеберлігіне (көркем тілмен жеткізілуі);
- 2) екінші баға – сауаттылығына, яғни, орфографиялық, пунктуациялық және тілдік нормалардың сақталуына қойылады;
- 3) баға дәптердің сол жақ шетіне қойылады;
- 4) жазба жұмысының бағасы өткізілген күнгі журналдағы бағанға қойылады.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша дәптермен жұмысты ұйымдастыру.

Дәптерлерді тексеру тәртібі. 6, 8, 9-сыныптарда жұмыс дәптерлері аптасына 1 рет тексерілуі қажет.

29-кесте – Білім алушы дәптерлерінің саны

Пән	Жұмыс дәптері	Жазба жұмыс дәптері	Барлығы
Қазақ әдебиеті	1	1	2

«Қазақ әдебиеті» пәнінен дәптердегі жазба жұмыстарын мынадай тәртіп бойынша орындау ұсынылады:

- дәптерге ұқыпты, түсінікті жазу;
- көк сиялы қаламмен жазу және қажет кезінде қара қарындаш пайдалану;
- дәптер сыртын үлгі бойынша білім алушы өзі толтыруы қажет.
- қазақ әдебиеті пәнінен жазба жұмыстарына арналған дәптері (*бұл дәптерге мазмұндама, шығарма, эссе орындалады*).

Дәптерлердегі барлық жұмыстар төмендегі талаптарды, ережелерді сақтай отырып жүргізілуі керек:

- ай аты мен күн реті жазбаша жазылады;
- күн реті мен жұмыс түрінен соң нүкте қойылмайды. Дәптердің басынан, жол тасталмай, барлық жазбалар бір деңгейде жазылады;
- сынып жұмысын немесе үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жол қалдырылмайды;
- мәтін азат жолдан басталады;
- сынып жұмысы мен үй жұмысының арасында 2 жол қалдырылады;
- дәптерлерді тексеруден кейін келесі сабақта талдау жасалу қажет;
- дәптердегі барлық жұмыс қызыл сиялы қаламмен тексеріледі.

Оқу жылдамдығы – білім алушы тұлғасының қалыптасуына әсер ететін маңызды факторлардың бірі болып табылады. Оқу дағдысын дұрыс қалыптастыру мынадай талаптардан туындайды:

- оқу техникасы (сөздерді, сөйлемдерді дұрыс оқу және дыбыстау);
- мәтінді түсінуі (оның мағынасын, мәнін, мазмұнын ұғыну).

Бұл екеуі бір-бірімен тығыз байланысты. Өйткені оқу техникасын жетілдірмей – түсіну, дұрыс оқу жүзеге аспайды.

Оқу жылдамдығын дамыту – мәтіндегі сөздерді қалай болса, солай бастырмалатып немесе сөздердің ара жігін айырмай оқу емес. Бұл – оқығанды түсінетіндей қалыптағы шапшандықпен оқу.

Оқу жылдамдығы дегеніміз – белгілі бір уақыт ішінде оқылатын мәтіннің көлемі. Жалпы, оқу техникасымен жұмыс – ұзақ процесс, оған балалар үнемі қызығушылық таныта қоймайды. Дегенмен жақсы оқу техникасы болмайынша, баланың жоғары сыныптарда білім алуы қиынға соғады.

Осыған орай, *Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы* мұғалімдерге көмек ретінде әзірлеген «**Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта мектеп деңгейлерінің оқыту тілдері бойынша әдістемелік ұсынымдама**» Академия сайтына (www.nao.kz) орналастырылды. Әдістемелік құралда оқу мәтіндерінің түрлері мен оқу техникасы, оқу әдістері қарастырылып, негізгі мектептердегі оқу нормативтері мен оқу

жылдамдықтарын тексеруі бойынша ұсынымдамалар берілген. Төменде берілген ұсынымдамаларды 6, 8, 9-сынып білім алушыларының оқу жылдамдықтарын дамыту барысында қолдану ұсынылады.

6, 8, 9-сыныптардағы оқу жылдамдығына қойылатын талаптар:

- 1) мәнерлеп оқу, логикалық екпінді ең маңызды сөздерге қойып оқу;
- 2) оқу барысында сөзді бұзбай, автордың айтатын ойын дұрыс жеткізу.

30-кесте – 6, 8, 9 – сыныптарға арналған оқу нормативтері

Сынып	Сөз саны	Таңба саны
6-сынып	105-110	720-780
8-сынып	120-130	840-900
9-сынып	130-155	900-1080

6, 8, 9 -сыныптарда оқу жылдамдығын тексерудің ерекшеліктері.

Оқу жылдамдығын тексеруге арналған мәтіндер төмендегі талаптарға сай болуы қажет:

- нақты сюжеттік негізінің бар болуы;
- күрделі емес құрылымда құрылған сөйлемдерден тұруы қажет;
- мәтіндер диалогтерден, өлең жолдарынан, түсініксіз сипаттаулардан болмауы керек ;

болмауы керек ;

- оқушыларға таныс сөздерден тұруы қажет;
- мүмкіндігіне қарай эмоционалдық қарым-қатынастан бейтарап болуы керек.

керек.

Оқу жылдамдығына талдау жасау барысында:

- оқу тәсілі;
- оқу қарқыны;
- оқу сауаттылығы;
- түсініп оқуы;
- мәнерлеп оқуы ескеріледі.

Оқу жылдамдығын тексеруге таңдалатын мәтіндер бала танымына жақын, етене таныс, күнделікті қарым-қатынас жасап отырған ортаға байланысты таңдалады. Мәтіндер қызғылықты, қоршаған орта мен табиғатты терең тануға ықпал ететін, дүниетанымын кеңейтетін, ұлттық рухты көтеретін, батырлыққа, ерлікке жетелейтін, баяндалатын іс-әрекет пен оқиғалар сабақтаса байланысқан, бірін-бірі толықтыратын болып келу жағы қарастырылады. Оқу жылдамдығын тексеру барысында мына төмендегі материалдарды пайдалануға болады:

- 1) жыл мезгілдері және олардың бір-бірінен өзгешеліктері, ерекшеліктері;
- 2) білім алушылардың өз бастарынан кешкен оқиғалары;
- 3) оқыған кітаптары, естіген әңгімелері, көрген кинофильмдері;
- 4) қоршаған орта мен табиғатты бақылаудан алған әсерлері мен ой-пікірлері;
- 5) балалардың еңбек әрекеттері, ойындары;
- 6) отбасы, ауылы, туған өлкесі;

- 7) үй жануарлары және олардың қасиеттері;
- 8) жабайы аңдар және құстар;
- 9) түрлі кәсіптер туралы;
- 10) туған елдің тарихы, ұлы ойшылдары мен ақын-жазушылары, билері мен батырлары т.б.

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2017-2018 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

15 тамыз - жазушы, әдебиеттанушы, ғалым, сыншы, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстан Республикасының еңбек сіңірген ғылым қайраткері Тұрсынбек Кәкішевтің туғанына 90 жыл (1927-1984)

5 қазан - Ұлт азаттық қозғалысының басшысы, атақты батыр Сырым Датұлының туғанына 275 жыл 100 жыл (1742);

4 мамыр - әйгілі жырау, дана би, абыз, қазақ ауыз әдеби шығармашылығының көрнекті өкілі Бұқар Жырау Қалқаманұлының туғанына 350 жыл (1668);

25 маусым - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың туғанына 125 жыл(1893 - 1937);

15 тамыз - ақын, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты Ғафу Қайырбековтің туғанына 90 жыл (1928-1994);

28 қазан -қазақ ақыны, ағартушы, қоғам қайраткері, ойшыл Сұлтанмахмұт Шоқпытұлы Торайғыровтың туғанына 125 жыл(1893-1920);

Қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын Ақан Сері (Ақжігіт) Қорамсаұлының дүниеге келгеніне 175 жыл (1843).

Оқыту қазақ тіліндегі мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне қосымша материалдар алу үшін ұсынылатын сайттар:

1. <http://nao.kz> - БІ. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;

2. <http://ustazuni.kz> - мұғалімдерге арналған сайт;

3. <https://infourok.ru/> - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабақтар сайты;

4. <http://abai.kz> - ақпараттық-танымдық сайт;

5. <http://u-s.kz> - ұстаздар сайты;

6. <http://ustaz.kz> - ашық сабақтар сайты;

7. <http://sabak> - сайт творческих учителей Казахстана;

8. <http://ojarovaroza.ucoz.kz> - қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімінің портфолиосы;

9. <http://sabaqtar.kz/kazaksh/> - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;

10. <http://bilimsite.kz/ustaz> - білімділер сайты;

11. <http://u-s.kz/publ/> - ұстаздар сайты;

12. <http://sabaq.kz> - ұстаздарға арналған танымдық-әдістемелік сайт;

13. <http://ped.kz> - ұстаздардың әлеуметтік порталы;

14. <http://oqu-zaman.kz> - ұстаздар мен білім алушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
15. <http://tarbie.org> - ұстаздар сайты;
16. <http://kazbilim-edu.kz> - оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану;
17. <http://bilimtime.kz> - ұстаздарға арналған сайт.

«Абайтану» курсы

ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы оқыту жүзеге асырылады.

Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары, білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Курсты қазақ тілі мен әдебиеті немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді. Мұғалімдерге көмек ретінде «Абайтану» курсы бағдарламасының мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша әдістемелік құралдар әзірленіп, Академия сайтына (www.nao.kz) орналастырылды.

Жалпы білім беретін мектептердің 9-сыныбына арналған «Абайтану» курсы ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген негізгі орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінен жүргізу ұсынылады.

Курс жүктемесінің көлемі:

9-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан жүргізілмейді.

Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес сыныптар үшін)

Основная цель обучения русскому языку в 6,8,9 классах - формирование коммуникативной компетенции учащихся путем использования языкового и речевого материала в контексте общения, умения пользоваться русской речью при параллельном владении родным и английским языками; воспитание на основе тематического содержания речевого материала языковой личности, придерживающейся активной гражданской позиции, ориентирующейся на нравственно-духовные ценности казахстанского общества, проявляющей толерантное отношение к другим культурам, готовой к сохранению и приумножению природного богатства, ведущей и пропагандирующей здоровый образ жизни, стремящейся к созидательному труду, обладающей технологической культурой.

Введение обновлённых стандартов обучения есть необходимое условие для формирования гражданской позиции, духовной и культурной жизни личности, чьи потребности и интересы находятся в соответствии с

государственными запросами. Благодаря ведущим целевым установкам и ожидаемым результатам освоения дисциплины «Русский язык» (личностным, метапредметным и предметным), становится возможным не только успешное обучение - овладение коммуникативной, лингвистической и языковой, культуроведческими компетенциями, но и социальная адаптация выпускника.

В основе реализации основной образовательной программы лежит системно-деятельностный подход, который предполагает:

- воспитание и развитие качеств личности, отвечающих требованиям информационного общества, инновационной экономики, задачам построения гражданского общества на основе принципов толерантности, диалога культур и уважения его многонационального, поликультурного и поликонфессионального состава;

- формирование соответствующей целям общего образования социальной среды развития обучающихся в системе образования, переход на 12-летнее обучение на основе разработки содержания и технологий образования, определяющих пути и способы достижения желаемого уровня (результата) личностного и познавательного развития обучающихся;

- ориентацию на достижение цели и основного результата образования – развитие на основе освоения универсальных учебных действий, познания и освоения мира личности обучающегося, его активной учебно-познавательной деятельности, формирование его готовности к саморазвитию и непрерывному образованию;

- признание решающей роли образования, способов организации образовательной деятельности и учебного сотрудничества в достижении целей личностного и социального развития обучающихся;

- учёт индивидуальных, возрастных, психологических и физиологических особенностей обучающихся, роли, значения видов деятельности и форм общения при построении образовательного процесса и определения образовательно-воспитательных целей и путей их достижения;

- разнообразие индивидуальных образовательных траекторий и индивидуальное развитие каждого обучающегося, в том числе одарённых детей, детей-инвалидов и детей с ограниченными возможностями здоровья.

Освоение курса русского языка согласно ГОСО, предполагает достижение не только предметных, но и личностных, метапредметных результатов.

К личностным результатам относятся:

- понимание русского языка как одной из основных национально-культурных ценностей русского народа, определяющей роли русского языка в развитии интеллектуальных и творческих способностей и моральных качеств личности, его значения в процессе получения школьного образования;

- осознание эстетической ценности русского языка, стремление к речевому совершенствованию;

- достаточный объем словарного запаса и усвоенных грамматических средств для свободного выражения мыслей и чувств в процессе речевого общения; способность к самооценке на основе наблюдения за собственной

речью.

В связи с планируемыми личностными результатами при работе над теоретическим материалом по предмету «Русский язык» необходимо создавать условия не только для обучения школьников на практике лингвистическому моделированию, но в большей степени для их положительной мотивации, поскольку механическое указание на языковой факт не может в полной мере способствовать усвоению в полной мере лингвистического явления.

Метапредметными результатами освоения программы по русскому языку являются:

- владение всеми видами речевой деятельности;
- применение всех приобретённых знаний, умений и навыков в повседневной жизни; способность использовать русский язык как средство получения знаний по другим учебным предметам; применение полученных знаний, умений и навыков анализа языковых явлений на межпредметном уровне;
- коммуникативно целесообразное взаимодействие с окружающими людьми в процессе речевого общения, совместного выполнения какого-нибудь задания, участия в спорах, обсуждение актуальных тем; овладение нормами речевого поведения в различных ситуациях формального и неформального межличностного и межкультурного общения.

Говоря о надпредметной функции курса русского языка, следует отметить нацеленность курса на формирование важнейших общеучебных умений, основу которой составляют все виды речемыслительной деятельности: коммуникативные (владение всеми видами речевой деятельности и основами культуры устной и письменной речи, базовыми умениями и навыками использования языка в жизненно важных для обучающихся сферах и ситуациях общения), интеллектуальные (сравнение и сопоставление, соотнесение, синтез и обобщение, абстрагирование, оценивание и классификация); информационные (умение осуществлять библиографический поиск, извлекать информацию из различных источников, умение работать с текстом), организационные (умение формулировать цель деятельности, планировать её, осуществлять самоконтроль, самооценку, самокоррекцию).

Научно-методическое обеспечение образовательного процесса

При наличии в классах 25 и более учащихся класс делится на две группы. Соответственно предложенному в Государственном общеобязательном стандарте образования Республики Казахстан в школах с казахским, узбекским, уйгурским, таджикским языками обучения предмет «Русский язык» изучается в 6, 8, 9 классах по 2 часа в неделю. Объем учебной нагрузки в каждом классе за учебный год по предмету «Русский язык» составляет 68 часов.

Соотношение часов на изучение материала и письменные работы. Объем письменных работ

Формами письменной работы в 6, 8, 9 классах являются диктант, изложение, в 6 классе – сочинение-описание/сочинение-повествование/сочинение-рассуждение, с 8 класса можно включить сочинение-эссе. В каждой четверти проводится в среднем 1 диктант (в первой четверти

допускается 2 диктанта), 1 изложение или 1 сочинение. Сочинения-эссе могут быть классными и домашними.

Объем письменных работ для 6 класса: текст контрольного диктанта содержит 60/70 слов; словарный диктант состоит из 15-20 слов; текст для подробного изложения включает 80-100 слов; текст для сжатого изложения увеличивается до 110-150 слов.

Объем письменных работ для 8 класса: текст контрольного диктанта содержит 80-100 слов; словарный диктант состоит из 25-30 слов; текст для подробного изложения включает 120 - 140 слов; текст для сжатого изложения увеличивается до 150-200 слов; примерный объем сочинения – 1-1,5 страницы (300-400 слов).

Объем письменных работ для 9 класса: текст контрольного диктанта содержит 100-120 слов; словарный диктант состоит из 30-35 слов; текст для подробного изложения включает 140-160 слов; текст для сжатого изложения увеличивается до 170-220 слов; примерный объем сочинения – 1,0-1,5 страницы (350-500 слов).

В 6, 8, 9 классах диктант оценивается одной оценкой, диктант с грамматическим заданием – двумя через дробь, изложение – двумя через дробь и выставляется в предмет «Русский язык», сочинение по русскому языку – двумя оценками через дробь, выставляется в предмет «Русский язык».

Ведение ученических тетрадей, соблюдение единого орфографического режима и нормы оценивания.

Для выполнения всех видов обучающих работ ученики должны иметь следующее количество тетрадей по русскому языку в 6, 8, 9 классах по русской речи – 2 рабочие тетради, в 6, 8, 9 классах на усмотрение учителя возможно ведение тетради – словаря и тетради – помощницы.

Для текущих контрольных письменных работ по русскому языку 2 тетради (в том числе одна для контрольных работ (находится у учителя, действует с начала и до конца года), другая 6, 8, 9 классы - для работ по развитию речи – сочинений, изложений по русской речи и литературе.

Диктант оценивается одной оценкой

Оценка «5» выставляется за безошибочную работу, а также при наличии в ней 1 негрубой орфографической или 1 негрубой пунктуационной ошибки.

Оценка «4» выставляется при наличии в диктанте 2 орфографических и пунктуационных ошибок, или 1 орфографической и 3 пунктуационных ошибок, 4 пунктуационных ошибок при отсутствии орфографических ошибок.

Оценка «4» может выставляться при 3 орфографических ошибках, если среди них есть однотипные.

Оценка «3» выставляется за диктант, в котором допущены 4 орфографических и 5 пунктуационных ошибок, 7 пунктуационных ошибок при отсутствии орфографических ошибок. В 5 классе допускается выставление «3» за диктант при 5 орфографических и 4 пунктуационных ошибках. Оценка «3» может быть выставлена также при 6 орфографических и 6 пунктуационных ошибках, если среди тех и других однотипные и негрубые ошибки.

Оценка «2» выставляется за диктант, в котором допущено до 7

орфографических и 7 пунктуационных ошибок, или 6 орфографических и 8 пунктуационных ошибок, 5 орфографических и 9 пунктуационных ошибок, 8 орфографических и 6 пунктуационных ошибок.

При оценке контрольного словарного диктанта рекомендуется руководствоваться следующим:

Оценка «5» ставится за диктант, в котором нет ошибок.

Оценка «4» ставится за диктант, в котором ученик допустил 1-2 ошибки.

Оценка «3» ставится за диктант, в котором допущено 3-4 ошибки.

Оценка «2» ставится за диктант, в котором допущено до 7 ошибок.

При оценке диктанта исправляются, но не учитываются орфографические и пунктуационные ошибки:

1) на правила, которые не включены в школьную программу;

2) на еще не изученные правила;

3) в словах с непроверяемыми написаниями, над которыми не проводилась специальная работа;

4) в передаче авторской пунктуации.

Исправляются, но не учитываются описки, неправильные написания, искажающие звуковой облик слова, например: «рапотает» (вместо *работает*), «дулпо» (вместо *дуло*), «мемля» (вместо *земля*).

При оценке диктантов важно также учитывать характер ошибок.

Среди ошибок следует выделять негрубые, т.е. не имеющие существенного значения для характеристики грамотности. При подсчете ошибок две негрубые считаются за одну.

К негрубым относятся ошибки:

1) в исключениях из правил;

2) в написании большой буквы в составных собственных наименованиях;

3) в случаях слитного и раздельного написания приставок в наречиях, образованных от существительных с предлогами, правописание которых не регулируется правилами;

4) в случаях раздельного и слитного написания *не* с прилагательными и причастиями, выступающими в роли сказуемого;

5) в написании *ы* и *и* после приставок;

6) в случаях трудного различия *не* и *ни* (Куда он только не обращался! Куда он ни обращался, никто не мог дать ему ответ. Никто иной не...; не кто иной, как; ничто иное не...; не что иное, как и др.);

7) в собственных именах нерусского происхождения;

8) в случаях, когда вместо одного знака препинания поставлен другой;

9) в пропуске одного из сочетающихся знаков препинания или в нарушении их последовательности.

Необходимо учитывать также повторяемость и однотипность ошибок. Если ошибка повторяется в одном и том же слове или в корне однокоренных слов, то она считается за одну ошибку.

Однотипными считаются ошибки на одно правило, если условия выбора правильного написания заключены в грамматических (*в армии, в здании; колют, борются*) и фонетических (*пирожок, сверчок*) особенностях данного

слова.

Не считаются однотипными ошибки на такое правило, в котором для выяснения правильного написания одного слова требуется подобрать другое (опорное) слово или его форму (*вода — воды, рот — ротик, грустный — грустить, резкий — резок*).

Первые три однотипные ошибки считаются за одну, каждая следующая подобная ошибка учитывается как самостоятельная.

Требования к оформлению и ведению тетрадей

Учащиеся пользуются стандартными тетрадями, состоящие из 12-18 листов. Тетрадь по предмету должна иметь аккуратный внешний вид. На ее обложке (первой странице) делается следующая запись:

Тетрадь
для _____

ученика(цы) _____ 6 «А» класса
средней школы №2
Фамилия, имя (в Р.П.) _____

На обложке тетрадей для контрольных работ, работ по развитию речи, делаются соответствующие записи.

При выполнении работ учащимся не разрешается писать на полях. Обязательным является соблюдение правила «красной» строки в тетрадях.

Дата выполнения работы и название месяца записывается в строку прописными буквами с точкой (оформление назывных предложений). На каждом уроке в тетрадях следует записывать его тему, указать вид выполняемой работы (классная, домашняя, самостоятельная, диктант, изложение, сочинение и т.д.). При выполнении домашней работы в тетрадях учащиеся должны делать следующую запись - Упражнение 34.

Устанавливается следующий порядок пропуска клеток и линеек в тетрадях:

по русскому языку – линейки внутри одной работы не пропускаются, между домашней и классной работой пропускают 2 линейки.

Итоговые контрольные работы по русской речи выполняются в специальных тетрадях, предназначенных для этого вида работ, поэтому слова «Контрольная работа» не пишутся: в тетрадях по русскому языку записывается только вид работы (например, диктант). Учащиеся ведут записи в тетрадях синей или фиолетовой пастой. Карандаш используется при подчеркивании, составлении таблиц и т.д. Учащимся запрещается писать в тетрадях красной пастой. По русскому языку проводятся текущие и итоговые письменные контрольные работы, самостоятельные работы, контроль знаний в форме теста.

Текущие контрольные работы имеют целью проверку усвоения изучаемого и проверяемого программного материала; их содержание и частотность определяются учителем с учетом степени сложности изучаемого материала, а также особенностей обучающихся каждого класса. Для

проведения текущих контрольных работ учитель может отводить весь урок или только часть его.

Итоговые контрольные работы проводятся:

- после изучения наиболее значимых тем программы;
- в конце учебной четверти;
- в конце полугодия.

В целях предупреждения перегрузки обучающихся время проведения текущих и итоговых контрольных работ определяется общешкольным графиком, составляемым администрацией школы по согласованию с учителями.

В один рабочий день следует давать в классе только одну письменную текущую или итоговую контрольную работу.

При планировании контрольных работ в каждом классе необходимо предусмотреть равномерное их распределение в течение всей четверти, не допуская скопления письменных контрольных работ к концу четверти, полугодия.

Запрещается проводить контрольные работы в первый и последний дни четверти.

Самостоятельные работы или тестирование могут быть рассчитаны как на целый урок, так и на часть урока, в зависимости от цели проведения контроля.

Порядок проверки письменных работ учащихся.

Тетради учащихся, в которых выполняются обучающие классные и домашние работы, проверяются по русской речи:

- в первом полугодии 6 класса - после каждого урока у всех учеников;
- во втором полугодии 6 класса и в 8,9 классах – после каждого урока только у слабоуспевающих учащихся, а у сильных - лишь наиболее значимые по своей важности, но с таким расчётом, чтобы раз в неделю тетради всех учащихся проверялись.

Изложения и сочинения по русскому языку и литературе, а также все виды контрольных работ по предметам проверяются у всех учащихся.

Проверка контрольных работ учителями осуществляется в следующие сроки:

- контрольные диктанты в 6, 8, 9 классах проверяются и возвращаются учащимся к следующему уроку;
- изложения и сочинения в 6,8 классах проверяются и возвращаются не позже, чем через неделю;
- сочинения в 9 классе проверяются не более 10 дней.

В проверяемых работах учитель отмечает и исправляет допущенные ошибки, руководствуясь следующим:

- на полях учитель обозначает ошибку определенным условным знаком (I – орфографическая ошибка, V – пунктуационная).

При проверке изложений и сочинений в 6, 8, 9 классах (как контрольных, так и обучающих) исправляются не только орфографические ошибки, но и фактические, логические, речевые (речевые ошибки подчеркиваются волнистой линией) и грамматические;

- исправление ошибок производится учителем только красной пастой.

Исправляя письменные работы, учитель пользуется следующими знаками:

Ошибка	Её обозначение на полях тетрадей
Орфографическая ошибка	I
Пунктуационная ошибка	V
Стилистическая неточность	Волнистая линия
Неясен, непонятен смысл	?
Речевой недочет	P
Нарушение начала абзаца	Z
Фактическая ошибка	Ф
Грамматическая ошибка	Г
Логические	Л

Диктант как форма контроля может быть заменен тестом по предмету. Итоговой работой в конце четверти должен быть контрольный диктант (с грамматическим заданием), либо контрольная работа.

Орыс әдебиеті

Изучение учебного предмета «Русская литература» должно быть направлено на формирование духовно-нравственных качеств и патриотических чувств учащихся, формирование казахстанского патриотизма и стремления воплотить в жизнь общенациональную идею «Мәңгілік Ел», развитие толерантности и умения общаться в условиях межэтнической и межкультурной коммуникации.

Планируемые результаты обучения в предметно-деятельностной форме определены учебными программами в соответствии с требованиями образовательного стандарта по учебному предмету «Русская литература». Подготовка учащихся предполагает формирование:

- теоретико-литературных и историко-литературных знаний;
- читательских умений;
- системы эмоционально-ценностных отношений;
- опыта литературно-творческой деятельности.

Результаты учебной деятельности учащихся по русской литературе оцениваются по следующим параметрам:

- содержательность и глубина устного и письменного высказывания, отражающая качество восприятия и понимания поэтического текста, сформированность аналитических и речевых умений, способность применять их на практике, самостоятельность оценок событий и характеров в художественных произведениях, их аргументированность;
- выразительность чтения наизусть произведений разных жанров;
- техника чтения незнакомого текста.

Поурочный контроль результатов учебной деятельности учащихся осуществляется в устной и письменной формах или в их сочетании

посредством проведения индивидуального, группового и фронтального опроса с использованием вопросов и заданий, содержащихся в учебниках, учебных, учебно-методических пособиях, а также других способов контроля.

Работая над текстом художественного произведения по вопросам учебника, учитель исправляет смысловые, а также речевые и грамматические ошибки в ответах учеников. Аналитические вопросы учебника могут быть предложены учащимся для письменного ответа после обсуждения их в устной форме на предыдущих уроках. При оценке результатов учебной деятельности учащихся учитываются их возрастные особенности.

Тематический контроль результатов учебной деятельности учащихся осуществляется в устной и письменной формах или в их сочетании.

При оценке устных ответов и письменных работ учащихся (развёрнутый ответ на вопрос, пересказ, рассказ о герое и др.) учитываются:

- правильность и мотивированность отбора эпизодов, картин, деталей для решения поставленной учителем задачи;
- понимание взаимосвязи событий, поступков и характеров персонажей и важнейших средств их изображения (в соответствии с требованиями программы);
- композиционная стройность и логика построения ответа;
- речевая грамотность, культура произношения (соблюдение орфоэпических норм, правильное интонирование).

Поощряется самостоятельность мысли учащихся, аргументированность и убедительность доводов, оригинальность подхода к решению задачи, эмоциональность ответа, выразительность и образность языка.

Оценкой устных ответов и письменных работ по литературе необходимо поощрять глубокое, индивидуально-личностное восприятие литературы как искусства слова.

При обучении предмета «Русская литература» необходимо усилить работу по развитию речи учащихся при изучении и анализе художественного произведения, написании сочинений, эссе и изложений.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету составляет:

6 класс – 34 часа, из них на: чтение и изучение – 26 часов, внеклассное чтение – 4 часа, развитие речи – 4 часа;

8 класс – 34 часа, из них на: чтение и изучение – 27 часов, внеклассное чтение – 3 часа, развитие речи – 4 часа;

9 класс – 34 часа, из них на: чтение и изучение – 26 часов, внеклассное чтение – 4 часа, развитие речи – 4 часа.

Все литературные произведения, на которые отводятся часы, предназначены для обязательного изучения.

По литературе у учащихся 6,8,9 классов одна тетрадь в линию. В 6,8,9 классах письменные работы по русской литературе носят обучающий характер. Отметки за обучающие работы выставляются по усмотрению учителя только по литературе и должны носить стимулирующий характер.

Отметки за сочинение (выполняется в тетрадях по развитию речи) по русской литературе выставляются в предмет «Русская литература» через дробь

в одну графу: первая – за содержание, вторая – за грамотность. Ошибки выносятся графически на поля и подсчитываются. При написании домашнего сочинения или других творческих работ отметка за работу выставляется в графу, соответствующую дате, когда давалось задание, или дате, когда проходила защита творческой работы.

Для написания сочинения по литературе (6,8,9 классы) можно использовать два урока литературы или один урок русского языка и один урок русской литературы.

На учебных занятиях по русской литературе для работы с текстами из списка для чтения и обсуждения следует использовать учебники и учебные пособия более ранних лет издания, издания серии «Школьная библиотека», а также интернет-ресурсы на сайтах.

Отметки за чтение наизусть выставляются на учебном занятии, следующем за учебным занятием, на котором было дано задание выучить наизусть, или на любом другом учебном занятии, тема которого включает изучение данного произведения.

Порядок проверки письменных работ учащихся

Тетради учащихся, в которых выполняют обучающие классные и домашние работы, проверяются по литературе:

- в 6, 8, 9 классах – не реже 2 раз в месяц.

Шет тілі

Шет тілі бойынша оқу бағдарламасының құрылымында «Ағылшын тілі», «Неміс тілі», «Француз тілі» пәндерінің базалық мазмұны маңызды аспекті болып табылады. Неміс тілін немесе француз тілін таңдауды ата-аналар мен білім алушылардың қажеттілігі мен сұраныстарын ескере отырып жалпы білім беретін мектептер жүзеге асырады.

«Шет тілі» пәнінің тілдік жүйесі (фонетика, лексика, грамматика), сөйлеу әрекетінің түрлері (тыңдалым, айтылым, жазылым, оқылым), оқылатын пәннің мәдениаралық қызметі болып табылады.

Негізгі орта білім деңгейіне арналған шет тілі курсы жалпы орта білім деңгейінде оқыту дайындығына бағытталған, яғни ол шет тілін меңгерудің жалпы еуропалық А1, А2, А2+ деңгейлеріне сәйкестендірілген:

6-сынып – А2+А2 («Бастапқы игерім 1»);

8-сынып – А2-В1 («Қалыптасу қарсаңындағы игерім 1.1»);

9-сынып – В1 («Қалыптасу қарсаңындағы игерім 2»).

Негізгі орта білім беру деңгейінде шет тілін оқытудың мақсаты – оқушылардың тілді меңгерудің жалпы еуропалық (А1, А2+, В1) қалыптасу алдындағы деңгейге сәйкес білім алушылардың тіл тасымалдаушылармен мәдениаралық қарым-қатынас жасау коммуникативтік біліктерін дамыту, оқушылардың функционалдық сауаттылықтарын қалыптастыру.

Бұл кезеңде келесі кезеңдердегідей танымдық процесс шоғырландырыла ұйымдастырылады: берілген кезеңде әуелгі кезеңнің тақырыптары мен сөйлеу аясы кеңейіп, оларға жаңа сөйлеу тақырыптары қосылады. Қатысымдық-сөйлеу әрекеті бір кезеңнен екінші кезеңге өтіп, репродуктивті әрекеттен

репродуктивті өнімді әрекетке, кейіннен өнімді әрекетке қарай дамиды.

6-сыныптарда айтылым дағдыларын (диалогтік және монологтік сөйлеу) дамыту үшін репродуктивті және репродуктивті өнімді жаттығулар қолданылады: диалог түріндегі сөзге үлгі-диалогтерді дыбыстау, фразалар, клишелер, идиомалық сөз тіркестері, сөйлеу құрылымы (грамматика), лексикалық бірліктер (лексика) қолданылуы мүмкін. Жаттығулар шығармашылық сипатта болуы мүмкін. Монологтік сөйлеу дағдыларын дамыту тірек сөздер, жоспар, логикалық сызба, ассоциациядан тұратын өнімді, репродуктивті және репродуктивті өнімді деңгейде жүзеге асырылады. Оқу материалын жақсы меңгеру үшін жаттығуларды алдымен жазбаша, кейін ауызша түрде орындауға болады.

6-сынып оқушылары «Шет тілі» оқу пәнін игеруде белгілі бір нәтижеге қол жеткізеді:

- шет тілін меңгерудің уәжін қалыптастыру және «Шет тілі» білім беру саласында өзін-өзі жетілдіруге ұмтылу;
- шет тілі оқу құралдары арқылы өзін-өзі таныту мүмкіндігін сезіну;
- өзінің жеке сөйлеу мәдениетін толықтай жетілдіруге ұмтылу;
- мәдениаралық және этникалық қарым-қатынаста коммуникативтік құзыреттілікті қалыптастыру.

8-9-сыныптарда (A2+B1 оқу деңгейі бойынша) қатысымдық-мәдениаралық құзыреттердің барлық компоненттерін дамыту жалғаса береді: грамматикалық және лексикалық минимум кеңейтіледі, тілдік және сөйлеу дағдылары нығайтылады, дискурсивті және әлеуметтік-мәдени біліктері дамиды. Бұл оқу деңгейінде өзіндік өмірлік тәжірибесі мен оқушылар білімін ескере отырып, үлгіге қарамай, вербальдық тірексіз байланысқан сөйлем құрау қабілеттерін қалыптастыру қажет.

Көптілді білім беруді енгізу жағдайында ағылшын тіліне ерекше назар аударылады.

6-сыныптарда лексикалық сөздік қорын қалыптастыру, тілдік емес пәндер бойынша бастапқы терминологиялық түсініктерді әзірлеу ұсынылады.

8-9-сыныптарда лексикалық сөздік қоры кеңейеді, тілдік емес пәндер бойынша терминологиялық түсініктерінің көлемі ұлғаяды.

Шет тілі сабақтарында білім алушылардың тұлғалық қасиетін қалыптастырудың маңызды аспектісі «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын іске асыру болып табылады:

- білім алушылар бойында шет тілінің қазіргі адам өмірінде және көп мәдениетті әлемдегі рөлі мен маңыздылығы туралы таным қалыптастыру, шет тілін қолдануда мәдениаралық қарым-қатынаста басқа халықтар әлемі мен мәдениетін тану құралы ретінде жаңа тәжірибе жинақтау;

- азаматтық теңдікті, өз халқы, туған өлкесі, өз елі үшін патриоттық және мақтанш сезімін, өз этникалық және ұлтқа қатыстылығын сезіну, тілдерді және мәдениетті меңгеру арқылы жалпы қабылданған адамзаттық және базалық ұлттық құндылықтарды дамыту;

- коммуникативтік құзыреттіліктері мен мәдениетін қалыптастыру, яғни өзінің сөйлесу мүмкіндігі мен қажеттілік деңгейінде ауызша (айтылым және

тыңдалым) және жазбаша (оқылым және жазылым) әртүрлі үлгіде тілді тасымалдаушымен қарым-қатынасқа дайын болуы және коммуникативтік міндеттер мен әңгімелесу әдебіне сәйкес сөйлесу және сөйлесуден басқа құралдарды барынша кең көлемде пайдалану;

- басқа елдердің мәдениетімен танысу арқылы өзге (бөгде) мәдениетке құрметпен қарау қарым-қатынасын қалыптастыру;

- ауызша және жазбаша қарым-қатынаста шет тілінде өзінің төл мәдениетін таныстыру қабілетін одан әрі дамыту.

Ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін қалыптастыру мақсатында шет тілі пәні мұғалімдеріне:

- оқыту материалдарының түпнұсқасын пайдалану (аудио-, бейнежазбалар, фильмдер, әндер, ғылыми және ойын-сауық журналдарынан мақалалар);

- шет тілінде сипаттама беру, мінездеме беру, салыстыру, талдау, диалог жүргізу, пікірталас, қажетті дәлелдемелер келтіру, жинақтау және қорытынды жасау дағдыларын қалыптастыру үшін БАҚ материалдарымен жұмыс жасау;

- оқушылардың сөздік қорын байыту мақсатында өз бетінше анықтамалармен және энциклопедиялық әдебиеттермен, электронды ресурстармен жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

- білім алушылардың қауіпсіз мәдениетті тәртібін қалыптастыру үшін қауіп-қатер жағдайындағы және түрлі жағдаяттардағы мінез-құлықтары туралы мәтіндерді жұмыс үшін қолдану ұсынылады.

Шет тілі бойынша апталық оқу жүктемесінің көлемі:

6, 8, 9-сыныптарда аптасына 2 сағаттан, жылына әрбір сыныпта 68 сағатты құрайды.

Білім алушы дәптерлерінің саны мен түрлері.

Білім алушылардың оқытудағы барлық жұмыс түрлерін орындауы үшін келесі дәптерлер саны болуы керек:

6-сыныптарда шет тілі бойынша сыныпта жұмыс істеуге арналған 2 жұмыс дәптері (егер оқулықпен бірге арнайы дәптерлері болса, онда 2 жұмыс дәптерін жүргізу қажет емес, өйткені жұмыс кітабы тақырыптар бойынша толық жаттығулар жиынтығын қамтыған, осыған орай 1 дәптерді жүргізу ұсынылады);

шет тіліндегі сөздерді жазу үшін 1 сөздік дәптер, бақылау және жазба жұмыстарына арналған 1 дәптер (кабинетте жыл бойына сақталады).

8 – 9 - сыныптарда сыныптағы жұмысқа арналған 1 жұмыс дәптері, шет тіліндегі сөздерді жазу үшін 1 сөздік дәптері;

бақылау және жазба жұмыстарға арналған 1 дәптер (жыл бойына кабинетте сақталады).

Білім алушы дәптерін жүргізуге қойылатын негізгі талаптар:

- дәптердің тысы оң жақтағы жоғарғы бұрышына қаланың, мектептің, сыныптың, пәннің атауы мен оқушының тегі, аты шет тілінде жазылып толтырылады;

- дәптердегі жазулар тек шет тілінде жүргізіледі;

- ай аты мен күн реті жазбаша толық жазылады;

- міндетті түрде жаттығу нөмірі мен беті көрсетіледі;
- мұғалім білім алушының қателері мен түсініктемелерін көрсетіп, бағаны сол жаққа қояды;
- білім алушылар дәптерлеріне жазуды көк немесе күлгін сиялы қаламмен жүргізеді;
- қара және жасыл сияларды, қарындашты астын сызуға немесе кесте құрғанда және т.б. қолдана алады;
- білім алушыларға дәптерге қызыл сиямен жазуға болмайды;
- сөздікке сөздер реттік нөмірі бойынша жазылады.

Дәптерлерді тексеруге қойылатын негізгі талаптар:

Мұғалім білім алушылардың жұмыс дәптерлерін тексергенде келесі тәртіпті ұстанады:

- 6, 8, 9 -сыныптар, маңызды деген жұмыстарды аптасына 1 рет;
- сөздіктер: 6, 8, 9-сыныптар – бір тоқсанда 1 рет;
- бақылау жұмыстары мен жазба тапсырмаларының барлық түрлері барлық оқушыларда тексеріледі.

Мұғалім бақылау жұмыстарын тексеруде келесі мерзімді ұстану керек: барлық сыныптардың білім алушыларының барлық бақылау жазба жұмыстарын келесі сабаққа дейін тексеріледі; мұғалім тексергеннен кейін қатемен жұмыс жүргізеді; білім алушылардың бақылау жұмысы дәптерлерін жыл бойына сақтайды.

Мұғалім 6, 8, 9-сыныптарда шет тілі бойынша тексерген жұмыстарда білім алушының жіберген барлық қателерін түзеуде келесі ережелерді басшылыққа алады:

- орфографиялық қатені сызып, үстіңгі жағына қажетті әріпті жазады;
- қажет емес пунктуациялық қате сызылады, қажеттісі қызыл сиямен жазылады;
- 6, 8, 9-сыныптарда эссе тексеру барысында орфографиялық және пунктуациялық қателермен қатар, нақты грамматикалық және тілдік қателерді де белгілейді.

Ұсынылатын бақылау жұмыстарының нормалары

Алған білімдерінің динамикасы мен мониторингін анықтау үшін оқу жылына 7 бақылау жұмысын жүргізуді ұсынамыз.

№ 1 кіріспе тест. Бұл жұмыс түрі өткен оқу жылында алған білімдердің диагностикасы мен бақылауын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектілерін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұсқаларының саны-5. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

№ 2 бақылау жұмысы 1-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда меңгерген барлық материалдарды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 3 бақылау жұмысы – 2-тоқсанның қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 2-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 4 диагностикалық тест (бақылау жұмысы). Бұл алдыңғы екі оқу тоқсанында алған білімдердің бақылау мен динамикасын қарастырады, тек лексикалық-грамматикалық аспектісін қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. Тест тапсырмаларының саны - 25, жауаптар нұсқаларының саны-5.

«5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 5 бақылау жұмысы –3-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 3-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 6 бақылау жұмысы – 4-тоқсан қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 4-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

№ 7 бақылау жұмысы – жылдық қорытындысы. Бұл бақылау жұмысы жыл бойына өтілген барлық тақырыптық материалдарды қамтиды. Лексика және грамматика бойынша 15 тапсырма, тыңдалым - 5 тапсырма, оқылым – 5 тапсырма. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 1-13 балл.

Ұсынылатын жазба жұмыстарының нормалары

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазылым дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Мысалы, 6-сынып оқушысына суреттегі адам туралы бірнеше сөйлем жазуды ұсынуға болады, оқушы осы адамның есімін, тегін мекенжайын және т.б. ойлап жазуы мүмкін. 9-сынып білім алушысына бейнематериал көрсетіп осы бейнематериал бойынша өз пікірін білдіруді ұсынуға болады. Жұмыстың бұл түрін жұмыс дәптерлеріне ресімдеп, жылына 4 рет ұйымдастыру ұсынылады.

Эссе жазуда келесі сөздердің нормаларын (барлық артикль сөздерді, есімдіктер мен қосымшаларды ескере отырып):

6-сыныпта - 40-60 сөз,

8-9-сыныпта - 100-130 сөзді ұсынамыз.

Ағылшын тілі бойынша бітіруші сынып оқушыларын қорытынды аттестаттау

Ағылшын тілі бойынша оқушыларды қорытынды аттестаттаудың негізгі ережелері:

- шет тілін бесінші пән ретінде таңдаған 9-сынып түлектері қорытынды аттестаттауды емтихан түрінде тапсырады;

- емтихан шет тілінде алған білімдері, біліктері мен дағдыларын қорытынды бақылау ретінде қарастырады.

Шет тілі бойынша емтихан үш кезеңнен тұрады: лексикалық-грамматикалық тест, таңдау бойынша бір тақырыпқа айтылым және мәтінді мазмұндау.

Лексика-грамматикалық тест 25 сұрақтан тұрады, оның 11 меңгерілген лексиканы қамтиды, 11 сұрағы грамматика бойынша және 3 сұрақ оқып жатқан тілдің елі, тарихы туралы. «5» деген баға – 21-25 балл, «4» деген баға -14-20 балл, «3» деген баға – 0-13 балл. Оқушының пәнге деген ынтасын арттырып, оны қолдау үшін «2» деген баға қою ұсынылмайды. Лексика-грамматикалық тест тапсырмаларын орындауға 25-30 минут беріледі.

«Айтылым» кезеңі. Бұл кезеңге тақырып оқып жатқан оқу бағдарламасынан алынады. Тақырыптар саны «Шет тілін» таңдап алған оқушылар санына байланысты, яғни бір оқушы - бір тақырып. Емтихан тапсырушылар саны аз болса 10-нан кем емес тақырып таңдалады, ал одан артық болса, 25 тақырыптан көп емес. Айтылым 5 балдық жүйемен бағаланады. «5» деген жоғары балды айтылымы 2-3 минуттан кем емес, сөйлемдері арасында логикалық байланыс бар, идиомалық тіркестерді, мақал-мәтелдер мен нақыл сөздерді қолданатын, сөздерді дұрыс айтатын, емтихан алушының сұрақтарына еркін жауап бере алатын, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді қолданатын емтихан тапсырушы ала алады.

«4» деген бағаны тақырыпты толық көлемде аша алмаса, айтылымында кідіріс бар, тіл құрылымын орынсыз пайдаланылған, салалас және сабақтас құрмалас сөйлемдерді, идиомалық тіркестерді қолданатын, емтихан алушының қарапайым сұрақтарына жауап беретін емтихан тапсырушы алады.

Егер тақырып толық ашылмаса, айтылымда логикалық байланыс болмаса, тіл құрылымы дұрыс қолданылмаса, сөздерді дұрыс айтқанымен, емтихан алушының сұрақтарына қиындықпен жауап берсе, онда емтихан тапсырушыға «3» деген баға қойылады.

«Мазмұндау» кезеңі. Мазмұндауға арналған мәтіндер, оқытылатын тіл бойынша оқу бағдарламасын толық қамтитын қосымша дереккөздерден алынады. Мәтін көлемі 500-700 сөзден аспау керек. Мазмұндауға арналған мәтін әдеби үзінді – әңгіме, тарихи дерек, мақала, өмірбаян және т.б. Мазмұндауға дайындалуға 10 минут беріледі. Емтихан тапсырушы мәтінді кемінде 2 рет оқып шығып, мазмұндап беру керек. Бұл кезең «5», «4», «3» деген бағалармен бағаланады.

Жоғары балл мәтінді логикалық тәртіпте, мәтіндегі уақытқа, деректерге, сандарға ерекше мән беріп, жаңаша айтып берген емтихан тапсырушыға қойылады. Емтихан тапсырушы мәтінді тек дайын үлгі бойынша ғана айтып бермей, перифраз қолданады, кейбір сөздерге қосымша анықтама береді, сөздерді нақты айтып, емтихан алушының қосымша сұрақтарына еркін жауап береді.

Мәтінді толық мазмұндап, сөздерді анық айтып, бірақ дайын үлгідегі

мәтіннен алшақтамай, яғни мәтіндегі лексиканы ғана қолданып, емтихан алушының сұрақтарына қиындықпен жауап берген емтихан тапсырушығы «4» деген баға қойылады. Ең төменгі балл мазмұндауға берілген мәтіннің көлемін сақтамаған, кейбір сөздерді қиындықпен айтатын, мәтіндегі маңызды кезеңдеріне тоқталмайтын, емтихан алушының сұрақтарына қиындықпен жауап беретін оқушыларға қойылады.

Барлық үш кезеңнің қорытындысы бойынша ортақ балл шығарылады. Барлық үш кезеңнің бағалары хаттаманың қосымшасына қойылады. Қосымшасыз хаттама жарамсыз болып табылады. Білім алушылардың тест жұмыстары, қосымша жауаптар парақшалары хаттамамен бірге тігіледі.

Емтихан және қорытынды бағалары журналға қойылады.

Бұл ережелер қай шет тілін оқуына қарамастан міндетті болып саналады.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері

Кемінде 3 шет тілі мұғалімінен құрылған бірлестік шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі болып табылады. 2017-2018 оқу жылында әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі бағыттары:

- Мемлекеттік стандартты орындау;
- жаңа нормативтік құқықтық құжаттарды зерделеу («100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 79-шы қадамы, Балалар құқықтары туралы конвенция, «Еңбек туралы», «Білім туралы», Қазақстан Республикасының Заңдары);
- 2017-2018 оқу жылына әдістемелік-нұсқау хатты зерделеу;
- мұғалім-кеңесшінің, көмекшінің негізгі міндеттерін атқаруда шығармашылық тәсілмен кәсіби құзыреттілікті жетілдіру;
- оқытудағы жаңа технологиялар;
- шет тілі мұғалімдерінің біліктіліктерін арттыру және өздігінен білім алуы;
- шет тіліндегі жаңа үрдістер мен өзгерістер;
- оқушылардың білім сапасын арттыру үшін шет тілі бойынша оқытуда электронды білім беру ресурстарын пайдалану.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі оқу жылының басында әдістемелік бірлестіктің жұмыс жоспарында көрсетілетін бірқатар міндеттер қояды. Әдістемелік бірлестіктің жоспары әдістемелік бірлестіктің барлық мүшелерімен келісіліп құрылады, міндеттер өзара тең бөлінеді. Жоспар оқу жылының әр айына құрылып, оқу мекемесінің басты міндеттерімен тығыз байланыстырылады. Әдістемелік бірлестіктің жоспары мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен және әдістемелік бірлестіктің жетекшісімен бекітіледі. Жоспарда әдістемелік бірлестік мұғалімдері жұмыстарының негізгі кезеңдері қарастырылады. Оқу жылына әдістемелік бірлестіктің 6 отырысын өткізу ұсынылады. Әдістемелік бірлестіктің әрбір отырысы ақпараттық-танымдық сипатта болу керек: баяндамалар, пікірталастар, презентациялар мен коучингтер түрінде болуы тиіс.

Жоспарға енгізу үшін ұсынылатын ісшаралар:

1. Ашық сабақтармен қатар оқу мекемесінде өткізілген ашық ісшараларды (әдістемелік бірлестіктің барлық мұғалімдері қатысқан) қамтыған әдістемелік бірлестіктің тақырыптық онкүндігі.

2. Пән бойынша олимпиаданың мектеп ішіндегі кезеңін ұйымдастыру және өткізу.
3. Дарынды және пәнге деген уәжі төмен балалармен жұмыс.
4. Егер бар болса жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс.
5. Жас мамандармен жұмыс, аға тәлімгерді тағайындау; Жас маманмен жүргізілетін тәлімгердің жұмыс жоспарын бекіту.
6. Бірлестік мұғалімдерінің өзара тәжірибелерімен алмасуы (өзара сабақтарға қатысуы), «Lessonstudy» өткізу.
7. Емтихандарға, байқауларға, олимпиадаларға, семинарларға дайындық.
8. Кіріс құжаттарымен жұмыс.
9. Мектепшілік бақылау.
10. Әкімшілік бақылау.
11. Біліктілік санатын жоғарылататын, немесе растайтын мұғалімдермен жұмыс.
12. Әр тоқсан және жыл қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімдері мен білім сапаларының мониторингі.
13. Бірлестік мұғалімдерінің рейтингісі.
14. Мұғалімдердің атқарған жұмыстары бойынша шығармашылық есебі (жыл соңында).
15. Білім алушылардың білімдерін қорытынды аттестаттау бойынша есеп.

Атқарылған жұмыстар туралы есеп ай сайын берілуі және әдістемелік бірлестіктің отырысында көрініс табу қажет. Жыл соңында жан-жақты, толық есеп беріледі (фотолармен, сызба-кестелермен және диаграммалармен).

2017-2018 оқу жылында жаратылыстану-математикалық циклінің (математика, биология, химия, география) мұғалімдерімен бірге кіріктірілген тақырыптық онкүндіктер өткізу ұсынылады. Мұндай ісшараларды өткізу көп еңбектенуді талап етеді, бірақ кіріктірілген сабақтар пәнге деген қызығушылықты арттырады. Мұндай онкүндіктер үш кезеңде өткізіледі: бастауыш, одан кейін орта және жоғары сынып оқушыларымен. Аталған ісшара пәннің аясында оқушылар мен мұғалімдерді жаңа жаңалықтарға ынтыландырып қана қоймайды; мұғалімдердің өзара тәжірибе алмасуы қолданылатын әдістердің жетілдірілуі мен кіріктірілуіне ықпал ететін болады. Оқып жатқан тілде сол елдің мәдениеті мен тарихын терең зерделеу мақсатында маңызды күндері мен мерейтойларына назар аудару ұсынылады, ол өз кезегінде, білім беру ұйымы базасында өткізілетін тақырыптық ісшараларда тікелей көрініс табуы тиіс.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

Негізгі орта білім деңгейінде «Математика және информатика» білім саласы бойынша 6, 8, 9-сыныптарда пәндерді оқыту ҚР МЖМБС-2012 және 2013 жылғы оқу бағдарламаларымен жүргізіледі және келесі пәндер оқытылады:

6-сынып - «Математика», «Информатика»;

8-9-сыныптар - «Алгебра», «Геометрия», «Информатика».

Аталған пәндерді негізгі орта білім деңгейінде оқыту практикалық жағдайларда қолдану және салалас пәндерді игеру үшін қажет математикалық білім мен біліктілік жүйесін меңгеруге; математикалық сауаттылықты, алгоритмдік, операциялық және сындарлы ойлау қабілеттерін, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар құралдары арқылы оқушылардың логикалық, интеллектуалды және шығармашылық қабілеттерін дамытуға; жеке, топтық және өздігінен жұмыс істеу біліктерін қалыптастыру мен дамытуға бағытталған.

Білім беру саласының пәндерін оқыту барысында әртүрлі адами іс-әрекеттер саласында кездесетін кең ауқымды өмірлік есептерді шешу үшін білім мен біліктерді пайдалану дағдыларын кеңейтуге, яғни функционалдық сауаттылықты дамыту бойынша жұмыстарға көңіл аудару керек.

«Математика» пәнін оқыту барысында математикалық сауаттылықты қалыптастыру мақсатымен:

- оқушыларға анықтамалықтарды қолдану, оқу, әдістемелік және анықтамалық әдебиеттерден анықтамаларды, формулалар және басқа да тұжырымдарды іздеу;

- математикалық формулаларды қолдану, дербес жағдайларды жалпылау негізінде шамалар арасындағы тәуелділіктің формулаларын өздігінен құрастыру;

- игерілген математикалық білім, білік, есептеу, өлшеу және графикалық дағдыларды пайдаланып практикаға бағытталған тапсырмаларды шешу;

- дәлелдемелі пайымдау жүргізу, талқылауға қатысу және логикалық негізделген қорытындылар жасау;

- математикалық мәтінмен жұмыс жасау (талдау, қажетті ақпаратты алу), математикалық терминология мен символдарды қолдана отырып, өз ойын ауызша және жазбаша түрде анық және нақты түсіндіру іскерліктерін үйрету ұсынылады.

«Информатика» пәнін оқыту барысында ақпараттық сауаттылық деңгейін көтеруге (ақпаратты, оның ішінде мәтін, сан, дыбыс, көрнекілік түрде берілген ақпараттарды іздеу, алу және көрсету әдіс-тәсілдерін меңгеру); ақпараттық есептерді шешуде АКТ-біліктілігінің негізіндерін (компьютерді және басқа да АКТ құралдарын қолдануды) білу және түсіну; алгоритмдік және логикалық ойлауды игеруге (алгоритмге сәйкес әрекет жасау және алгоритмді құрастыруға) айрықша көңіл аудару керек.

«Математика және информатика» білім саласының пәндерін оқыту процесінде білім сапасын жетілдіру мақсатында жеке тұлғаға бағытталған проблемалық оқыту, саралап оқыту тәсілдерін, сонымен қатар іс-әрекет түрлері мен тапсырмаларды ұқыпты іріктеу арқылы дамыта оқыту педагогикалық тәсілдерін қолдану ұсынылады.

Пәнге деген қызығушылықты арттыру жолдарының бірі оқушылардың жобалық іс-әрекеттерін дамыту жұмыстарын жүргізу болып табылады. Жобалау технологияларын қолдану пәні бойынша оқу сапасын көтеріп қана

қоймайды, пәнаралық байланысты жүзеге асырады және оқу пәнін игерудің тиімділігін арттырады. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлауды, мақсат қоюды, қажетті ақпаратты іздеуді, гипотезаны ұсыну және дәлелдеуді, тәжірибелер жүргізуді, орындалған жұмыстың нәтижелерін көрсетуді, талдау мен бағалауды, сонымен қатар өз жобаларын қорғауды үйренеді.

2017-2018 оқу жылындағы 6-сыныпта «Математика» және «Информатика», 8-9-сыныптарында «Алгебра», «Геометрия», «Информатика» пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының үлгілік нормасы келесі 31-кестеде берілген.

31-кесте – 6, 8-9 сыныптарда математика, алгебра, геометрия және информатика пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының үлгілік нормасы.

Сынып	Пән атауы	Аптадағы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны	Бақылау жұмысының нормасы
6	Математика	6	204	14-16
6	Информатика	1	34	6-7
8	Алгебра	3	102	7-9
8	Геометрия	2	68	7-8
8	Информатика	1	34	5-6
9	Алгебра	3	102	8-9
9	Геометрия	2	68	6-7
9	Информатика	1	34	3-4

Бақылау жұмыстарына пәндерге сәйкес жартыжылдық және жылдық бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстар кіреді.

Академия мұғалімдерге көмек ретінде *PISA*, *TIMSS* халықаралық зерттеулеріне оқушыларды дайындауға арналған есептер жинағын әзірледі. Жинақты Академияның сайтынан (www.nao.kz) алуға болады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Еліміздің Президенті «Қазақстанның Үшінші жаңғыруы: бәсекеге қабілеттілік» (2017 ж.) Қазақстан халқына жолдауында ең алдымен, білім беру жүйесінің рөлі өзгеруге тиіс екендігін атап өтті. «Біздің міндетіміз – білім беруді экономикалық өсудің жаңа моделінің орталық буынына айналдыру. Оқыту бағдарламалары сын тұрғысынан ойлау қабілетін және өз бетімен іздену дағдыларын дамытуға бағыттау қажет. Сонымен бірге, IT-білімді, қаржылық сауаттылықты қалыптастыруға, ұлтжандылықты дамытуға баса көңіл бөлу қажет». Бұның бәрі мемлекеттің дамуының жаңа кезеңінде өскелең ұрпақтың бойында жаңа құзыреттіліктердің, өмірде қажетті дағдылардың қалыптасуына ықпал етеді. Сондықтан білім алушылардың ғылыми жаратылыстану білімі ерекше және өзекті маңызға ие болады. Ол оқушылардың бойында табиғат

құбылыстары мен заңдылықтары туралы ұғым қалыптастырады, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашады, оқушылардың табиғат әлемін тануы ғана емес сонымен бірге өзгермелі әлемде өз орнын табуларына жағдай жасауға бағытталған және олардың дүниетанымын, мәдениеттануын және тәжірибеге бағдарланған сипаттамаларын қалыптастырады, интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, функционалдық сауаттылықтарын дамыту негізінде сын тұрғысынан ойлау қабілеттерін дамытады, тұлғалық сапасын және құндылықтар жүйесін тәрбиелейді.

Білім саласының құрамына ғылыми жаратылыстану бағытының пәндері: жаратылыстану, география, физика, химия және биология пәндері кіреді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктері:

– жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикаға, технологияға, әлеуметтік және этикалық ортаға әсерін түсіну; оқу, жобалау-зерттеушілік, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

– білім алушылардың оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке, өздігінен білім алуға ұмтылулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

– білім алушылар жаратылыстану ғылымының заңдары мен заңдылықтары туралы білімін адамның күнделікті іс-әрекетінде қолдану және салауатты өмір салтын қалыптастыру дағдыларын қалыптастыру

– білім алушылар іс-әрекетінде және шешім қабылдағанда жауапкершілік қарымқатынаста болуға тәрбиелеу, қоршаған ортаға өз ықпалының нәтижелерін болжауға үйрету, табиғатқа қамқорлық көзқарасын қалыптастыру, өмір сүруге Жер бетіндегі ең жоғарғы құндылық ретінде қарау, сонымен қатар адамның өзінің өмірі мен денсаулығына жауапкершілікке тәрбиелеу.

Пәндердің оқу бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын таңдау оқу материалын оқудың бірізділігі принципі негізінде жүзеге асырылған.

Білім алушы тұлғасының функционалдық сауаттылығын қалыптастыру «Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың маңызды компоненті болып табылады. Оның негізгі компоненттерінің бірі ғылыми-жаратылыстану сауаттылығы болып саналады. Білім алушылардың:

- жаратылыстану ғылымындағы процестер мен құбылыстарды суреттеу, түсіндіру және болжау біліктілігін;

- дәлелдер мен шешімдерді түсіндіру біліктілігін;

- ғылыми әдістердің көмегімен зерттеу әдістерін түсінуге, шешілетін сұрақтар мен мәселелерді анықтауды дамытуға қажетті жағдайлар жасалуы тиіс.

География, физика, химия және биология сабақтарында ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытуға қажетті танымдық біліктілігін дамыту үшін ерекше көңіл аударылады.

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау үшін түрлі проблемалары бар жағдаяттар қолданылады. Олар адамдардың күнделікті өмірімен, денсаулықты сақтаумен, техника мен технологияны дамыту үшін қажетті ғылыми-жаратылыстану білімін қолданумен, қоршаған орта

проблемаларымен байланысты болуы тиіс.

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамыту жұмысын арттыру қажеттілігіне байланысты Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтындағы әдістемелік құралдар ұсынылады (www.nao.kz).

Мұғалімдердің басты мақсаты білім алушылардың пәндік білімді тәжірибеде қолдану біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру, яғни тәжірибеге бағытталған білім беру.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің практикалық бөлімі бұл мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану біліктілігінің қалыптасуына, өз білімдері мен біліктілігін күнделікті өмірде қолдануларына жағдай жасайтын есептер, тапсырмалар оқытудың жан-жақты құралы болып табылады.

Мектеп оқушыларының ғылыми-жаратылыстану біліктілігі табысты қалыптасуы үшін, мұғалімге оны қалыптастырудың келесі дидактикалық шарттарын есепке алуы ұсынылады:

- білім алушылардың білімдері мен біліктілігін кешенді қолдануы бойынша өздіктерінен іс-әрекет жасауға бағыттау;
- пәнішілік байланыстың көмегімен, білімді кешенді қолдану және тасымалдау үшін білімді жүйелеу білігін қалыптастыру;
- репродуктивті іс-әрекеттен, ғылыми-жаратылыстану пәндері бойынша білім және біліктілігін кешенді қолдануға негізделген іс-әрекетке ауысу;
- кешенді мәселелерді шешу барысында түрлі білім салаларынан алынған білім және біліктілігін кеңінен қолдануға жағдай жасайтын және білім мен біліктілігін кешенді қолдану шеберлігін бекіту үшін, оқушыларды неғұрлым күрделі іс-әрекет түрлеріне араластыру.

Пәндер бойынша сабақтарда жүргізілетін практикалық және зертханалық жұмыстарды талдау, жинақтау, бағалау, болжау, есептеу, түсіндіру, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтау, жобалық тапсырмалар орындау, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларын қалыптастыруға бағытталған.

Өлшеуіш ресурстары бар дәстүрлі және электрондық форматтағы білім және ақпарат көздерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жан-жақты қолдану арқылы жүргізілген түрлі оқу жұмыстары тәжірибеге бағытталған ойлауды дамытуға ықпал етеді. Сабақтарда білім берудің заманауи технологияларын белсенді қолдану ұсынылады. География, физика, химия және биология сабақтарындағы компьютерлік технологиялар:

- оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалануды;
- білім алушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдануды;
- пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыруды;
- оқу телекоммуникациялық жобаларды орындау барысында білім алушылардың өздігінен іздеу және зерттеу жұмыстары әдісін әзірлеуді;
- интернетті пайдалану арқылы оқу материалы аясындағы ақпаратты іздеу және өңдеуді;

- есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалануды;
- виртуалды практикалық және зертханалық жұмыстар жүргізуді қарастырады.

Ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолданумен өткізілетін сабақтарда оқу әрекетін жоспарлау барысында келесі аспектілерді ескеру ұсынылады:

- жалпы сабақтар жүйесіндегі орнын анықтау;
- білім алушылардың дайындық деңгейін есепке алумен, оқу бағдарламасының және сабақтың мақсаттарының талаптарына сәйкес, сабақ мазмұнының ұтымды жағын анықтау;
- сабақта және сабақтың жеке кезеңдерінде білім алушылардың біліктілігін және дағдыларының қалыптасу, ғылыми білімді меңгеру деңгейлерін болжау;
- сабақтың әр кезеңінде білім алушыларды ынталандыратын және бақылайтын оқытудың неғұрлым тиімді әдістерін, тәсілдерін және құралдарын таңдау;
- білім алушылардың өздігінен білім алуға талпынуын, танымдық белсенділігін қамтамасыз ететін, сабақ барысында топтық және жеке жұмыс істеудің үйлесімді түрлі формаларын таңдау;
- сабақта барлық дидактикалық принциптерді жүзеге асыру.

Сандық зертханалардың құралдары білім алушылар мен мұғалімдердің уақытын үнемдейді, «дала жағдайында» өлшеу жұмыстарын жүргізуге ықпал етеді.

Олар өлшеу жұмыстарының параметрлерін жеңіл өзгертіп, оқушыларды шығармашылыққа тартады. Сонымен бірге бейнеталдау жасауға арналған бағдарлама бейне көріністерден деректер алуға, оқушылардың өздері түсірген бейне көріністері, сонымен бірге оқу және танымал бейнефильмдердің үзінділері өмірдегі нақты жағдайларды зерттеуге, оларды мысалдар ретінде пайдалануға мүмкіндік береді.

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану ұсынылады. Оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА басылымдарында ұсынылған, халықаралық салыстырмалы PISA және TIMSS зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне көңіл аудару қажет.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері аясында сыныптан тыс, экскурсиялық-экспедициялық түрлі жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады. Сабақтарда міндетті түрде өлкетану аспектісі қарастырылып, сондай-ақ әртүрлі жағдаяттардағы қауіпсіздікті сақтау мәселесі талқылануы тиіс. Сабақ барысында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, ұжымда жұмыс істеу дағдылары мен біліктілігін дамытуға жағдай жасалуы тәжірибеге бағытталған оқытуға тиімді әсер етеді.

Мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін, зейінін және байқағыштығын, логикалық ойлауын және шығармашылық қиялын, есте

сақтау, тілдік және көптілділік, пәндік оқу, ғылыми және әдістемелік, мерзімді баспасөз басылымдардың, интернеттің, білім берудің сандық ресурстарының ақпараттарын қолдану дағдыларын дамыту маңызды.

Сабақтарда тәжірибелер, эксперименттер және зерттеулер жүргізу кезінде жүзеге асырылатын зерттеушілік дағдыларды дамыту барысында, тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған оқытудың мақсаттары жүзеге асырылады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктерін есепке ала отырып, оқушылардың жеке зерттеушілік жобаларды орындауы маңызды болып табылады. Білім алушылардың зерттеушілік қабілеттерін дамыту бойынша жұмысты үш бағытта жүргізуге болады:

– теориялық зерттеулер (ақпаратпен және модельдермен жұмыс істеуге бағытталған танымның теориялық әдістерімен байланысты топтық және жеке жұмыстар);

– эмпирикалық зерттеулер (практикалық және зертханалық жұмыстар);

– жеке зерттеушілік жобалар.

Практикалық және зерттеу жұмыстары, зертханалық жұмыстар эксперименттер жасау және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну тереңдетіледі. Білім алушылар себеп-салдар байланыстарын көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын-алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Физика, химия және биология мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады.

Физиканы оқытудың практикалық бағыттылығын жүзеге асыру үшін 8-сыныпта – 11 зертханалық жұмыс, 6 практикалық жұмыс, 4 бақылау жұмысы; 9-сыныпта 4 зертханалық жұмыс, 6 практикалық жұмыс, 6 бақылау жұмысы, 8 сағат зертханалық практикум жүргізіледі.

Биологияны оқытудың практикалық бағыттылығын жүзеге асыру үшін 8-сыныпта – 16 зертханалық жұмыс, 1 практикалық жұмыс; 9-сыныпта 9 зертханалық жұмыс, 3 практикалық жұмыс жүргізіледі.

Химияны оқытудың практикалық бағыттылығын жүзеге асыру үшін 8-сыныпта – 7 зертханалық жұмыс, 5 практикалық жұмыс; 9-сыныпта 10 зертханалық жұмыс, 3 практикалық жұмыс жүргізіледі.

Виртуалды зертханалық жұмыстарды (компьютерлік моделдеу бойынша) мүмкіндікке байланысты, стандартты құралдар қолданылатын басқа практикалық жұмыстармен алмастыру ұсынылады.

Зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау барысында (зертханалық жұмыстарға арналған дәптерде) сыныптың барлық оқушыларының жұмыстары міндетті түрде бағаланады. Практикалық жұмыстар – географияны оқыту процесінің ажырамас бөлігі, оларды орындау географиялық біліктілігін қалыптасуына ықпал етеді.

Географиядан бағаланатын практикалық жұмыстар оқу бағдарламасында көрсетілген және нөмірлермен белгіленген. «География» оқу пәні бойынша бақылау жұмыстары қарастырылмаған.

Мектеп оқушыларына оқыту процесі барысында экологиялық білім және тәрбие беру ең алдымен табиғаттың тұтастығы, ондағы құбылыстардың өзара қарым-қатынасы және олардың шарттарының себебі туралы көзқарас қалыптастырумен байланысты. Білім саласы пәндерінің курсы оқытқан кезінде оқушылар қоғамның, экономиканың және табиғаттың өзара байланысы туралы, Жерде тіршіліктің болуы үшін біздің планетамыздың атмосферасы және басқа да қабықтарының мәні, оны ластайтын негізгі ошақтар, ластанудың қоршаған ортаға және тіршілік процестеріне әсері, зиянды факторлардың әсерінен тірі табиғатты қорғау шаралары, табиғи ортаны өзгертудің (сонымен қатар оқушылардың өздері қатысатын жағдайларды қоса алғанда) апатты салдары туралы нақты мағлұмат алулары тиіс. Білім алушылар Жердің, материктің, елдің, өзінің туған өлкесінің табиғат кешеніндегі өзара байланысын жақсы түсінулері тиіс.

Бұл ретте білім алушылардың кез келген күтпеген ахуалда және зілзалалардың қауіпті жағдайында қауіпсіздікті сақтау әрекетінің мәдениетін қалыптастыру маңызды.

Бұл тәрбие жағынан қарағанда өте маңызды, себебі оқу пәндерін «экологияландыру» білім алушыларды экология мәселелерімен таныстырып қана қоймайды, сонымен қатар оларды табиғатты жауапкершілікпен қорғауға тәрбиелейді. Табиғатты жауапкершілікпен қорғау көзқарасы табиғатты қорғаудың тәжірибелік іс-әрекеті барысында пайда болады.

Сабақтан тыс уақытта келесі экологиялық зерттеулерді жүргізу ұсынылады:

- табиғат кешендерінің экологиясы;
- мектеп ішіндегі жарықты өлшеу;
- түрлі сусындардың қышқылдылығын өлшеу;
- мектеп ішіндегі бөлмелер ауасының физикалық-химиялық параметрлерін өлшеу;
- сыныпты желдетудің микроклиматқа әсері;
- топырақ құрамы қышқылдылығының өсімдік түрлерінің құрамына әсері;
- ортаның абиотикалық факторлары;
- урбандалған аумақтардың экологиясы;
- гүлденген судағы оттегі концентрациясын анықтау;
- қаланың түрлі ғимараттары ауасындағы оттегінің құрамын анықтау.

Пәндердің оқу бағдарламалары табиғаттағы процестер және адам іс-әрекеті туралы білімді қамтиды. Сабақтарда экологиялық проблемаларды шешудің және жаңа технологиялар негізінде қоғамның өндірістік күшін дамыту мүмкіндіктерінің заманауи жолдары қарастырылуы тиіс.

Ақпаратты жинақтау және зерттеу үшін сабақ барысында газеттердің, журналдардың, фильмдердің, бейнетаспа материалдарының, веб-сайттар мен әдебиеттердің материалдарын қолдану ұсынылады.

Пән бойынша академиялық лексиканы қалыптастыру үшін сабақта

терминологияны қолдану жұмысын жүйелі жүргізіп отыру қажет. Оқушылардың терминдерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ететін ауызша және жазбаша тапсырмалар қолдану ұсынылады. Білім алушылардың білім жетістігін бағалау барысында академиялық лексиканың дұрыс қолданылуына көңіл аудару қажет.

Сапалық және сандық есептерді шешуге бірдей деңгейде көңіл аудару керек, себебі құбылыстардың, процестердің мәнін түсіну және олардың шешімін табу дағдыларын қалыптастыру өте қажет.

Оқушылардың техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып, барлық оқу құралдарын және техникалық құрал-жабдықтарды дұрыс пайдалануы маңызды болып табылады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылар сарайлары жанындағы күндізгі және сырттай мектептерге қатысу ұсынылады. Білім алушыларға атом энергиясы бойынша «Росатом» мемлекеттік корпорацияның және «Қазақстанның ядролық қоғамы» қоғамдастығының іс-шараларына қатысу ұсынылады, олар жыл сайын өткізетін «Kazatomexpo» көрмесінде жоғары сынып оқушыларына арналған арнайы бағдарламалар ұйымдастырады.

Бұл бағдарламалар түрлі интерактивті форматтарды қамтиды. Оқушылар атом электр станциясының жұмысын зерделеуге мүмкіндік беретін, «басқа планетадан келушілердің атомды шабуылынан – құйынға дейін» атты түрлі ойын сценарийлерін жүргізумен, «Алақандағы АЭС» қосымшасымен таныса алады. Сілтеме: <http://www.kazatomprom.kz/>

Энергияның балама көздері, оларды өндірудің заманауи тәсілдері туралы ақпаратты: alternativenergy.ru; aqua-rmmt.com/otoplenie/alt; <http://www.helios-house.ru/alternativnaya-energiya.html> сілтемелері бойынша алуға болады.

География және биология сабақтарында «Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы» республикалық қоғамдық ұйымы материалдарын пайдалану ұсынылады. Сілтеме: kazgeography.org; kazgeography@nu.edu.kz

«ЭКСПО-2017» көрмесі жұмысының бағыттары туралы, сонымен қатар дүниежүзілік бұрынғы көрмелердің материалдарын келесі сілтемелер арқылы алуға болады: skachatreferat.ru/poisk/экспо; <http://www.skachatreferat.ru/poisk/>

«ЭКСПО-2017» көрмесінде «Болашақтың энергиясы» тақырыбына сәйкес ең соңғы және ақылды технологиялар қолданылады:

1) «Smart Grid» деп аталатын электр желілерін басқару жүйесі. Адамдар санын есептеуде әртүрлі сенсорларды қолдану және соған сәйкес жарықты бөлу, бұл энергия пайдалануды үнемдеуге мүмкіндік береді. Аталған технология автоматты режимде жүктемелерді бөлу бойынша шешімдерді қабылдау үшін шынайы уақыт режимінде барлық ірі нысандардың энергия тұтынуын қадағалауға мүмкіндік береді.

2) Деректерді өңдеу орталығы. Көрме кешенінің аумағында ең соңғы технологияларды қолданумен құрылған Деректерді өңдеу орталығы (бұдан әрі – «ДӨО») құрылған. ДӨО қуаты ұйымдастырушының сервистік жұмыстары үшін ғана емес, сол сияқты ресми қатысушылардың сервистерін өрістетуге мүмкіндік беру үшін де есептелген. Деректерді хакерлердің шабуылынан,

қауіпсіздік периметрі ішіне дендеп енуден және вирустық қауіптен қорғау ең соңғы бағдарламалық және аппараттық құралдардың көмегімен қамтамасыз етіледі.

3) Жаңартылмалы энергия көздері:

- Күн энергиясы. Көрме аумағында күн энергиясы электр энергиясы мен жылуды түрлендіру үшін – белсенді түрде, сол сияқты Күннің табиғи әрекетін ескере отырып – пассивті де пайдаланылады. Сондай-ақ көрсетпелік мақсаттарда қазақстандық өндірістің фотоэлектрлік панельдерін де қолданады.

- Жел энергиясы. Көрме нысандарын жел энергиясынан электрмен жабдықтау шусыз жел генераторларымен ұсынылған.

- Жер энергиясы. Көрме нысандарына арналған жылыту жүктемелерін алмастыру үшін геотермалды энергияны пайдаланылады. Жасыл ғимараттарды сертификаттау талаптарына сәйкес келуі үшін қазіргі заманғы әлемдік стандарттарға жауап беретін және планетаның озон қабатына залалын тигізбейтін хладагенттер пайдаланылады.

4) Көрме кешеніндегі барлық көлік қою орындары ең жаңа технологияларды пайдаланумен автоматтандырылған. Көрме аумағына кіретін көлік құралдарын сәйкестендірудің сан алуан әдістері қолданылады.

5) Телекоммуникациялық сервистер. Көрменің мобильді сервистеріне кірудің қолайлы болуы үшін Көрме кешенінің бүкіл аумағында WiFi ашық желісі жұмыс істейді.

6) Ресми қатысушылардың ыңғайлы жұмыс істеуі үшін бөлінген байланыс арналары (бұдан әрі – «VPN») ұсынылады. Деректерді беру арналарының қауіпсіздігі үшін VPN туннельдерін ұйымдастыру нүкте-нүкте әдісімен ұйымдастырылады. Сәйкестендіру және кіру үшін, мамандандырылған бақылау және кіруді басқару серверлері қолданылады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабақтарындағы сын тұрғысынан келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәнмәтінді есепке ала отырып тындау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Сондықтан оқушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін білім алушыларды:

– пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;

– олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұрақтар қоюға;

– тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;

– жеке тәжірибесінің артуына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болады.

Мұғаліммен жұмысты талқылау, талдау және шешімдерді алдын-ала қарастыру барысында білім алушылардың өздерінің оқу процесін жеткілікті деңгейде түсінулеріне, сонымен қатар білімді бағалау, түсіндіру және тануларына көмек көрсету ұсынылады. Оқушы әрекеті алгоритмінің үлгісі:

– ақпаратпен *танысыңыз*. Тапсырма оқу барысында алынған ақпаратқа да, оқулықтар, энциклопедиялар немесе web-сайттар тәрізді бірнеше дереккөзден жинақталған ақпаратқа шолудың немесе сауалнаманың

қорытындысы болуы мүмкін;

– аргумент негізінде жатқан зерттеудің құрылымын дәлелдейтін немесе келесі әрекетті анықтайтын негізгі бөлімдерді, пікірлерді немесе болжамдарды *анықтаңыз*;

– көзбен және ауызша дәлелдеу, апараттың негізгі компоненттерінің өзарабайналысын және біріктірілу принциптерін *талдаңыз*;

– жеке компоненттер арасындағы ұқсастықтарды және айырмашылықтарды *салыстырыңыз және зерттеңіз*;

– түрлі ақпарат көздерін, дәлелдерді немесе идеяларды біріктіру арқылы *білімді жинақтаңыз*. Түрлі ақпарат көздері арасындағы байланысты табыңыз;

– дәлелдемелердің анықтығын және дәйектілігін, сонымен қатар дәлелдердің болжамдар мен туындаған идеяларды қолдайтынын немесе қарсы келетінін *бағалаңыз*;

– сұрақтардың жауаптарын түсіндірудің нәтижесінде алынған *білімді қолданыңыз*;

– тұжырымдалған шешімдерді *дәлелдеңіз*, олардың өзектілігі мен маңыздылығын негіздеңіз.

Жаратылыстану, география, физика, химия және биология сабақтарындағы пәнаралық байланыстар, қоршаған әлемдегі процестер мен құбылыстардың өзара байланысын көрсете отырып, бір пәнді оқу барысында басқа пән бойынша білімді меңгеру процесінде қолдану білігін, жүйелі ойлауды дамытуда ерекше рөл атқарады.

Пәнаралық байланыс – бұл түрлі оқу пәндерін сәйкестендіріп оқытуға мүмкіндік беретін әдіс:

1) түрлі ғылымдарды кіріктіру процесі ретінде, заманауи ғылыми білімнің ерекшеліктерін көрсету;

2) білім алушылардың сана-сезімінде қоршаған әлемнің тұтас бейнесін қалыптастыруды қамтамасыз ету.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудағы пәнаралық байланыстар келесі әдістемелік тәсілдер мен жолдарды қолдану арқылы жүзеге асырылады:

– пәннің маңызды заңдылықтарын ашу үшін география, биология, химия, физика пәндерінен алған білімдеріне назар аудару;

– басқа оқу пәндерінен алынған білімді жүйелеу және қайта есіне түсіру үшін кешенді сипаттағы мәселелер қою;

– пәнаралық негіздегі арнайы тапсырмалар мен жаттығуларды орындау, есептер шығару;

– кестелер мен иллюстрациялармен жұмыс істеу;

– пәнаралық тақырыптарды зерделеу және пәнаралық жобалар орындау;

– мектеп курстарынан алынған білімді қамтуды талап ететін ғаламдық, аймақтық, жергілікті және табиғат нысандарының проблемаларына кешенді сипаттама құрастыру;

– мектеп оқушыларын туған өлкенің табиғатын қорғау мен зерттеудің түрлі іс-әрекеттеріне қатыстыру.

Дидактика тұрғысынан пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқытудың

ғылыми деңгейін арттырады, оқу материалының мазмұнына, мұғалім қолданатын оқытудың әдістеріне, сонымен қатар оқушылардың өз бетімен жүзеге асыратын оқу тәсілдеріне әсер етеді. Сонымен қатар, пәнаралық байланысты белсенді пайдалану, жаратылыстану бағыты пәндерін оқыту процесінде оңтайландыруға және білім алушыларға түсетін оқу жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің сабақтарында пәнаралық байланысты қолдану ғылыми-жаратылыстанудың негізін құрайтын – «өмір», «адам», «табиғат кешені», «экономика және экология», «зат», «дене», «энергия», «күш», «қозғалыс» және «даму» ұғымдарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Пәнаралық байланыстар зерттеудің (эксперименттік әдіс, жобалық және модельдеу әдісі және т.б.) жалпы әдістерінде қолданылуы мүмкін. Мұғалімге пәнаралық байланыстың: бұрынғы, жалғаспалы және келешекті түрлерін қолдану ұсынылады.

Бұрынғы пәнаралық байланыстар – басқа пәндерден бұрын алынған білімдеріне сүйенуді қарастырады.

Жалғаспалы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар, көптеген сұрақтар мен ұғымдар бір мезгілде бірнеше пәнде зерделенуі мүмкін екенін қарастырады (мысалы, дыбыс туралы түсінік физикада, ал есту органдары – биологияда оқылады және т.с.с.).

Келешекте пәнаралық байланыстар материалды бір пәннен оқу, сол материалды басқа пәндерден оқудан бұрын жүзеге асырылады (мысалы, атомның құрылысы туралы ұғым физика пәнінде химияға қарағанда бұрын оқытылады). Бұл жағдайда химия мұғалімі физикадан алынған білімге сүйенеді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінде «тұрақты даму», «даму стратегиялары», «индустриалды-инновациялық реформа», «жасыл экономика», «жасыл энергетика», «ел шаруашылығы», «таза технологиялар» терминдерінің ғылыми-теориялық және практикалық мәнін зерделеу, аймақтық және жергілікті аспектіде олардың қолданбалы ерекшелігін түсіну, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру контекстінде жаһандық геэкономикалық кеңістікте тұрақты дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру және дамыту маңызды болып табылады. Сабақтардың тәрбиелік мақсаты «Мәңгілік Ел» идеясын қамтып отыру тиіс.

Білім саласы пәндерінен қолданбалы курстардың немесе таңдау курстарының ұсынылатын тақырыптар. Тақырыптар мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларға байланысты өзгертілуі мүмкін:

Биология: «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Әлемнің ғылыми-жаратылыстану эволюциялық бейнесі», «Биологиядағы математикалық модельдер және әдістер», «Тамақтану және денсаулық», «Экологиялық этика», «Биология және денсаулық», «Әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстану бейнесі», «Биологиялық белсенді қоспалар», «Бәрі біздің түп-түқиямызда (генетика негіздері бойынша)», «Әлемнің інжу маржаны

(7–9-сынып қыздарына арналған курс)), «Менің денсаулығым – менің қолымда», «Тірі жасуша жұмбақтары», (Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары), «Биологияның проблемалары», «Жасушалар және тері», «Үй іргесіндегі телім», «Биогеография проблемалары», «Тері – денсаулық айнасы», «Заманауи микробиология», «Нанотехнологияға кіріспе».

География: «Әлеуметтік-экономикалық географияның математикалық модельдері және әдістері», «Картографиядағы математикалық модельдер мен әдістер», «Қазақстан географиясын оқудағы жобалық технологиялар», «Туған өлкедегі әлеуметтік-экономикалық процестерді модельдеу», «Дүниежүзілік энергетика және саясат», «Қазақстанның энергетикалық әлеуетінің дамуы», «Еліміздің бүгінгі жасыл энергетикасы», «Медициналық экология», «Медициналық география», «Жобалық есептер мен тапсырмаларды орындау әдісі», «География, тарих, өнер: қиылыстары және өзара байланысы», «Ауыртпалық қатерін төмендету және қауіпсіз орта».

Физика: «Мектептегі физикалық практикум: бақылау, тәжірибе, модельдеу», «Күрделілігі жоғары физикалық есептерді шығару», «Физикада жаңалықтар қалай ашылады», «Физикадағы әдістер және математикалық модельдер», «Қоршаған ортаның физикалық ластануы және оның адам өміріне әсері», «Физика және компьютер», «Өндірісті автоматтандыру негіздерін зерттейтін қолданбалы физика курсы», «Ауыл шаруашылық өндірісі материалдарынан қолданбалы физика курсы», «Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер», «Физика-техникалық модельдеу», «Ғарыштану негіздері», «Ғарыштағы физика», «Биофизика элементтері», «Биохимиялық физика», «Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері», «Радиациядан қорғану».

Химия: «Мектептің химиялық практикумы: бақылау, эксперимент, моделдеу», «Химияда жаңалық қалай ашылады», «Химияның әдістері және математикалық модельдері», «Экологиялық химия», «Күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығару», «Жай судың жұмбақтары», «Химия және тамақтану», «Ұзақ өмір сүру (кіріктірілген курс)», «Бейметалдар химиясы және өмір», «Ойланып қалған химия», «Химия және қоғам», «Химияның тарихы», «Химия, ғылыми фантастика шығармаларының негізі ретінде», «Химик-зертханашы мамандығымен танысу», «Химия және материалтану», «Агрономның химиялық құпиялары», «Химия және шаштараз өнері», «Химия және синтетикалық жуғыш құралдар», «Тамақтық қоспалар: плюстері мен минустері», «Косметика: кеше, бүгін, ертең», «Ас үйдегі химия», «Күнделікті өмірдегі заттар және материалдар», «Химиялық есептерді шығару әдісі», «Химиядан эксперименттік есептерді шығару әдісі».

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабақтарында пайдалануға ұсынылатын ресурстар:

- 1) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАҚ» АҚ <http://www.kazatomprom.kz/>
- 2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі: <http://energo.gov.kz/>
- 3) «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» АҚ <http://gharysh.kz/news/>
- 4) «Эврика» – білім беру мекемелерінде авторлық эксперименталдық бағдарламаларды жүзеге асыратын, 650-ден астам мектеп ұжымдарын

біріктіретін эксперименттік алаңдардың инновациялық білім беру желісі:
<http://www.eurekanet.ru>

5) Bookz.ru – электрондық кітаптар, журналдар және сөздіктер. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін, авторлардың алфавиттік каталогінен басқа шығармалардың алфавиттік каталогы да қолжетімді, яғни кітаптарды алфавиттік тізім бойынша іздеуге болады: www.bookz.ru.

6) EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. Көптеген энциклопедияладан айырмашылығы EOLSS білімінің ауқымы тақырып болып берілген. Пәндердің ішінде: математика, физика, энергетика, табиғатты қорғау – Жер және атмосфера туралы ғылым; экология, азық-түлік тағамдары және ауыл шаруашылығы туралы ғылымдар, адамзат ресурстары туралы, басқару және т.б., тілі – ағылшын: <http://www.eolss.net/>)

7) Энциклопедиялар әлемі кітапханасы: <http://www.encyclopedia.ru/>.

8) Britannica School – мазмұны және ақпараттары кең ауқымы, онда мыңдаған мақалалар, бейнелер, видео, түпдеректер, электронды кітаптар, ұсынылатын веб-сайттар, тезаурус және дүние жүзінің атласы шығады. Барлық контент оқытудың STEM жүйесі әдістемесімен негізделген. Жұмыс барысында оқушылар оқиды, жазады, зерттеулер жүргізеді және жаратылыстану ғылымдары саласындағы өздерінің сөздік қорларын байытады. Кіріктірілген «Мұғалімдерге арналған сабақ жоспары» аталған онлайн ресурстың артықшылығы болып табылады, бұл жерде мұғалім өз «Жоспарын» жасауға немесе басқа мұғалімдер құрастырған «Жоспарды» қолдануына болады. Аталған ресурсты сынып режимінде де, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау барысында және олимпиадаларға қатысу үшін қажетті ғылыми жоба орындау үшін де қолдануға болады: (<http://school.eb.co.uk>).

9) «Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері». Интерактивті анықтамалықтарда дүние жүзінің алдыңғы қатарлы елдерін сипаттайтын статистикалық ақпарат және негізгі көрсеткіштер берілген: <http://www.sci.aha.ru>.

10) Рубрикон. Ірі энциклопедиялық портал. Неғұрлым белгілі энциклопедиялар, сөздіктер және анықтамалықтар, суреттер және карталар берілген: <http://www.rubricon.com>.

11) Оқушылар оқу бағдарламасын меңгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады:

www.earthquakes.usgs.gov

www.geo.historic.ru

www.mygeog.ru

www.hobitus.com

www.meteosputnik.ru

www.stat.gov.kz

www.un.org

www.rgo.ru

www.geografia.ru/

www.e-cis.info

www.imf.org

www.mfa.gov.kz

www.theodora.com

www.undp.kz

www.geo2000.nm.ru

www.geographic.org

www.geography.about.com

www.kisi.kz

www.oecd.org

www.un.kz

www.unesco.kz

www.unesco.org

www.unmultimedia.org

www.volcanodiscovery.com

www.worldbank.org

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2017-2018 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

- Фернандо Магеллан (1522) басқарған алғашқы жер шарын айналу экспедициясының аяқталғанына 495 жыл;

- 525 жыл бұрын Христофор Колумб экспедициясы Сан-Сальвадор аралын ашты (Американың ашылуының ресми датасы) (1492 ж));

- 10 қыркүйек – Байкал көлі күні. Бұл күн 1999 жылы бекітілген және сол уақыттан бері жыл сайын тамыз айының төртінші жексенбісінде аталып өтілетін, 2008 жылы Иркут облысының Заңнамалық Жиналысының шешімімен Байкал күні қыркүйек айының екінші жексенбісіне ауыстырылды;

- 15 қыркүйек – халықаралық экологиялық «Гринпис» ұйымының Туған күні (1971 жылдың 15 қыркүйегі – ядролық сынаққа қарсы экологтардың ұйымдасқан бірінші акциясының өткен күні);

- 16 қыркүйек – озон қабатын қорғаудың халықаралық күні;

- 22 қыркүйек – ағылшын физигі Майкл Фарадейдің туғанына 225 жыл (1791-1867);

- 24 қыркүйек – Бүкіләлемдік теңіз күні. Бүкіләлемдік теңіз күнін 1978 жылы Біріккен Ұлттар Ұйымы Бас Ассамблеясы 10 сессиясының шешімімен қабылдаған. Біріккен Ұлттар Ұйымының бүкіләлемдік және халықаралық күндері жүйесіне кіреді. 1980 жылға дейін 17 наурызда аталып келді, кейінірек қыркүйек айының соңғы аптасының бір күнінде аталып өтетін болды;

- 1 қазан – аса көрнекті тарихшы, түркітанушы, географ, этнограф, жазушы Л.Н.Гумелевтың туғанына 105 жыл (1912-1992);

- 31 қазан – Қара теңіз күні;

- 19 қараша – орыстың алғашқы бүкіләлемдік маңызы бар жаратылыстанушы ғалымы, химик, физик, астроном, ақын, заманауи орыс әдеби тілінің негізін салушы Михаил Васильевич Ломоносовтың туғанына 305 жыл (1711–1765);

- 27 қараша – швед астрономы, физигі, метеорологы Андерс Цельсийдің туғанына 315 жыл (1701-1744);

- 29 қараша – табиғатты қорғаудың Бүкіләлемдік қауымдастығының құрылған күні. 1948 жылы бұл күні «Бүкіләлемдік Табиғатты Қорғау Одағы» негізін құраған, аталған ұйым табиғатты қорғаудың халықаралық коммерциялық емес ірі ұйымы, одақ 82 мемлекетті біріктіретін дүние жүзілік ерекше серіктестік болып саналады.

«География» оқу пәнінің 6, 8, 9- сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:

6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Биология» оқу пәнінің 6, 8, 9- сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:

6-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

- 8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.
«Физика» оқу пәнінің 8-9- сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:
8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.
«Химия» оқу пәнінің 8-9- сыныптардағы оқу жүктемесінің көлемі:
8-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
9-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім саласы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндерін қамтиды.

Қазіргі қоғам мен өткенді байланыстыратын тарихи сана өскелең ұрпаққа бүгінгі күнгі оқиғалардың мәні туралы түсінік қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Тарихи сана – бұл тарихты білу, тарихи тәжірибе мен оның сабақтарын ұғынып түсіну, әлеуметтік болжау (бүгінгі күн жағдайының мәнін, өткеннің инварианттылығы мен болашақтың баламалығын түсінуден), өз іс-әрекеті үшін тарихи жауапкершілікті түсіну. Оқу-тәрбие процесінің маңызды құрамдас бөлігі болып табылатын тарихи білім тұлғаның, азамат пен патриоттың қалыптасуына септігін тигізеді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының негізгі мақсаттарының бірі – білім алушылардың бойында тарихи ойлау дағдыларын қалыптастыру мен дамыту болып табылады.

Осыған байланысты сабақта білім алушылардың «тарихи тұрғыдан ойлау» білігін қалыптастыруға мүмкіндік беретін әр түрлі әдістер мен тәсілдерді (мысалы, оқытудың белсенді және проблемалық әдістерін, жобалау әдісін, тұжырымдамалық тұрғыдан оқытуды) қолдану қажет.

«Тарихи тұрғыдан ойлау» өткен заманның кез-келген құбылысын сол заманның контекстінде, бұрын болған және кейінгі тарихи оқиғалармен өзара байланысында көру, анықтау, бағалау, талдау қабілетін білдіреді. Бұл қабілетке ие болу арқылы білім алушы өткен тарихқа қатысты білім мен түсінікке негізделген өзіндік дәлелді ұстанымды қалыптастыра алады. Тарихи ойлау дағдылары әрбір сабақта олардың біртіндеп кеңеюі мен прогрессиясы негізінде дамытылуы қажет.

- «Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:
6-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
8-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
9-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты құрайды.
«Дүниежүзі тарихы» бойынша оқу жүктемесі:
6-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
8-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Адам. Қоғам. Құқық.» оқу пәні бойынша оқу жүктемесі:

9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Қолданыстағы оқу бағдарламасына сәйкес Дүниежүзінің және Қазақстанның ежелгі дүние тарихын жүйелі түрде оқу 6-сыныптан басталады. Тарихты зерделеу білім алушыларда адамзаттың өткен тарихи жолы туралы тұрақты білімін қалыптастыру үшін тиімді жағдай жасайтын оқиғалық-хронологиялық деңгейде іске асады. Бұл келесі сыныптарда күрделі тарихи материалдарды, негізгі ұғымдарды жеңіл менгеруге мүмкіндік береді.

Жаңа заман тарихын оқыту 8-сыныптан басталады. Жаңа тарихты оқытудың нәтижесінде, мұрағат материалдарын анықтау, тарихи оқиғалар мен жаңа процестерді талдау және салыстыру дағдылары қалыптасады.

«Алаш» қозғалысының 100 жылдығына байланысты «Алаш» қозғалысының көшбасшысы Ә. Бөкейханов туралы тақырыпты «Алаш» қозғалысы, «Алашорда үкіметі» оның қайраткерлері туралы қосымша мәліметтермен толықтыру ұсынылады.

9-сыныпта «Қазіргі заман тарихы» курсы ХХ ғасырдың басы мен ХХІ ғасырдағы ең маңызды процестерге, құбылыстарға, ұғымдарға баса назар аудару, адамзат дамуының жалпы бейнесі туралы түсінік қалыптастыруға негізделген.

Сонымен қатар саяси, әлеуметтік-экономикалық және рухани-мәдени дамуды, 1914-1918 жылдардағы бірінші дүниежүзілік соғыстан бастап қазіргі заманға дейінгі тарихи процестердің пайда болуын түсіну және түсіндірумен ерекшеленеді.

«Алаш» партиясының құрылуы. «Алаш-Орда» үкіметі. Қазақ халқының саяси көшбасшылары (Ә. Бөкейхан, А.Байтұрсынов, М.Дулатов, Б.Қаратаев, М.Тынышпаев, М.Шоқаев). ХХ ғасырдың басындағы қазақ зиялыларының ғылыми еңбектері. «Алаш-Орда» үкіметі бойынша білім беруде білім алушыларды «Алаш» партиясының ұлттық мемлекеттілікті жаңғыртудағы саясатын талдауға; қазақ зиялыларының қоғамдағы рөлі мен қызметіне талдау жасауға, ұлттық баспасөздің қоғамдық-саяси сананы оятудағы рөліне баға беруге бағыттау ұсынылады. Білім алушылар қоғамдық сананың рөлін қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдай білуі және оған баға беруі тиіс.

1937 жылғы саяси қуғын-сүргінге 80 жыл толуына байланысты білім алушыларды 1937 жылдағы әміршіл-әкімшіл жүйе саясатының зардаптарын талдауға бағыттау ұсынылады.

Сонымен қатар, мұғалімге білім алушылармен бірге түрлі жағдайлардағы қауіпсіз мінез-құлыққа қатысты мәселелерді және саяси, әлеуметтік, табиғи, экологиялық қауіп-қатер жағдайындағы дұрыс мінез-құлықтың маңыздылығын талқылау ұсынылады.

Тарих сабағында дұрыс құрастырылған сұрақтар маңызды орын алады. Мұғалімдерге «сатылап сұрақ қою» әдісін қолдану ұсынылады. Бұл әдісте дерекке немесе белгілі бір иллюстрацияға қойылатын сұрақтар жеңілден қиынға қарай күрделенеді.

Тарих сабағында себеп-салдарлық байланыстарды анықтау кең таралған. Берілген тарихи түсініктер бойынша тапсырмалар білім алушылар тарапынан

тек қана себеп пен салдарды анықтаумен шектелмей, бұл себептерді берілген белгілері бойынша жіктеу (мазмұны, уақыты және рөлі бойынша), түрлі себептер арасында өзара байланысты анықтау және оларды қатысты (маңыздылық) деңгейі бойынша орналастыруға мүмкіндік беретіндей түрде құрастырылуы қажет.

Білім алушылар белгілі бір тарихи оқиғалардың/ құбылыстардың/ процестердің маңыздылығын анықтай білуге үйренулері қажет. Мұғалімнің білім алушыларға маңыздылық сөзінде қандай мағына жатқандығын түсінуіне қолдау көрсетуі тиіс.

Мұғалімнің сабаққа арнайы әзірлейтін тапсырмалары:

- түсінікті болуы;
- саралаудың ескерілуі;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік беруі;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің бар болуы.

Картамен жұмысты тиімді деңгейде күшейту қажет. Ол үшін тарихи карталар мазмұнын талдау бойынша тапсырмаларды пайдалану ұсынылады.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар берген дұрыс.

Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;
- тұлғалық белгілерін сипаттау;
- өмірінің ең жарқын мыңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Пәнді оқыту кезінде барлық сынып білім алушыларының жұмыс жасауы және үздік нәтижелерге қол жеткізу үшін жеке, жұптық, топтық жұмыстарды ұйымдастыру ұсынылады.

Оқыту процесін оңтайландыру мақсатында топтық жұмысты ұйымдастыру өте тиімді болып табылады. Топтық жұмысты ұйымдастыру кезінде әрбір оқушының қабілеттері мен психологиялық ерекшеліктерін ескеру, олардың топтағы атқаратын негізгі міндеттерін анық түсіндіру қажет. Сонымен бірге топ мүшелерінің әрқашан өзгеріп отыруы да маңызды.

Жоғары сыныптарда түсіндіру және талдау дағдысын тереңдеп дамыту үшін оқытудың жаңа әдістері ұсынылады. Деңгейлеп оқыту, сын тұрғысынан ойлауды қалыптастыру, тірек-сызба, салыстырмалы талдау және тағы басқалар.

Мысалы: маңызды тарихи оқиғаларды талдауда STEEPLE-талдауы (S – әлеуметтік, T – технологиялық, E – экономикалық, E – қоршаған орта, P – саяси, L – құқықтық, E – этникалық факторлар) және т.б. қолдану ұсынылады. Бұл білім алушылардың түсіндіру және талдау дағдысын тереңдеп дамытуға мүмкіндік береді.

Білім алушылардың мазмұны жағынан мәндес пәндерді оқу кезінде алған білімдерін мақсатты және жүйелі түрде пайдалану дағдысын қалыптастыруда

оқытудың кіріктірілген тәсілін қолдану тиімді. Ол үшін оқу процесін ұйымдастыру кезінде сабақтарды әртүрлі пәндерден алынатын мәліметтер бірін-бірі толықтырып, тереңдететіндей түрде жоспарлау ұсынылады. Мысалы, Отандық және дүниежүзі тарихының кейбір тақырыптарын кіріктіруге болады. Халықаралық қатынастар тарихы және Қазақстанның сыртқы саясаты, әлемдік соғыстар тарихы, тарихтың жеке мәселелері, мәдениет т.б. тақырыптарын кіріктіруге болады. Тарих пәндерін кіріктіре оқыту жүйесін қалыптастыру оқыту процесінің коммуникативтік әлеуетін біршама арттырады.

Тарих сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет. Материал мазмұны «Мәңгілік Ел» идеясына сай болуы және Отанымыздың патриоттарын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі мол, толерантты азаматтарын тәрбиелеуге, қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын бекітуге бағытталуы қажет.

Білім алушылардың тарихи білімін тәжірибеде нақтылау мақсатында мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған жерлерге немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсия ұйымдастыру ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар:
<http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:
<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым - қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- 1) Қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі Қазбек би Келдібекұлының 350 жылдығы(1667-1764);
- 2) Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрестегі әйгілі батырларының бірі Тама Есет Көкіұлының 350 жылдығы (1667-1749);
- 3) Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл (1917-2017);
- 4) Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80-жыл (1937-2017);
- 5) Белгілі қолбасшы, қазақ халқының батыры Қабанбай батыр Қожақұлұлының 325-жылдығы (1692-1770);
- 6) Бірінші ресми емес қазақ Конституциясына «Қазақ елінің Жарғысы» 105 жыл (1912-2017);
- 7) Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл(1992-2017);
- 8) Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);
- 9) «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық

мамандандырылған көрмесі (маусым-қыркүйек, 2017);

Сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;

- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар өткізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар ұйымдастыру;

- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

Қоғамдық ғылымдар кешенін құрайтын кіріктірілген сипатқа тән «Адам. Қоғам. Құқық» пәнін оқыту оқушылардың назарын қазіргі қоғамдық, саяси, мәдени, әлеуметтік құбылыстарға, оларды реттеп отыратын заңдардың өзара байланысына аударуға негізделген.

Оқу процесінде білім алушылардың бүгінгі күнгі өзекті қоғамдық және құқықтық мәселелерге қатысты пікірталасқа қатысу дағдыларын дамыту; сын тұрғысынан талдау және қоғамдық және құқықтық қатынастармен байланысты практикалық жағдаяттарды бағалау дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға көңіл бөлу ұсынылады.

Білім алушының талдау қабілетін, қызығушылығын, дербестігін, жауапкершілігін дамытуға бағытталған оқытудың ұйымдастырушылық-әдістемелік түрлері:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

- білім алушылардың білім алуы «оқыту үшін бағалау» арқылы қолдау көрсету;

- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;

- білім алушылардың сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;

- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыру.

Пәндерді оқытуда білім алушылардың басқа пәндерден: «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Дүниежүзі тарихы», «Қазақстан тарихы», «Физика», «Биология», «География» және т.б. алған білімдеріне сүйену қажет.

Оқыту білімді жүйелі меңгеру, оқыту міндеттерін шешу процесінде мұғалім мен білім алушының бірлескен әрекеті ретінде қызмет етеді. Бұл жерде мұғалімнің қызметі оқыту үрдісін ұйымдастыру және басқарудан көрінеді.

«ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

«Музыка» пәнін оқытудың *мақсаты* – білім алушылардың музыкалық мәдениетін қалыптастыру, әлемнің музыкалық бейнесін меңгерту, тұлғаның шығармашылық қабілетін дамыту, музыкалық өнер шығармаларын бағалауда алған білімдерін қолдану дағдысын қалыптастыру, адамгершілік пен Қазақстан Республикасын – Отанын сүйуге тәрбиелеу.

Пәнді оқытудың міндеттері:

- дәстүрлі қазақ музыкасының өткен және қазіргі замандағы халық өмірімен байланысы, оның кәсіби композиторлық шығармашылықтағы рөлі туралы білім беру;

- оқушылардың қазіргі замандағы музыкалық құбылыстарға қызығушылығын дамыту, көркемдік талғамын мен музыкалық өнерге құндылық ретіндегі қатынасын қалыптастыру;

- музыканың басқа өнер түрлерімен байланысын ұғына білуге үйрету;

- музыкалық өнер арқылы білім алушыларды адамгершілік қасиеттерге тәрбиелеу;

- музыка өнерінің әртүрлі салаларында білім алушылардың шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Пән мазмұны қазақ және түркі халықтарының дәстүрлі мәдениеті, шығыс және батыс классикалық музыкасының, әлем музыкасының ең озық, қазақстандық заманауи өнер туындыларына негізделген және оқушылардың мәдени, құндылық, тұлғалық, зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын музыка өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

«Музыка» пәні пәнаралық интеграция принципін ұстана отырып, қазақ, орыс тілдері және әдебиет, тарих, бейнелеу өнерімен байланыстарын көрсете отырып, әртүрлі өнер түрлерінің өзара шартты байланысы туралы көзқарас қалыптастырады.

Оқытудың әдістемелік жүйесі үздіксіздік принципіне байланысты бастауыш пен негізгі мектеп арасындағы сабақтастық, жүйелілік пен бірізділікке сүйене отырып, негізгі тақырыптардың кеңейтілген мәдениеттанушылық деңгейде қайталануын қамтамасыз етеді. Музыкалық білім берудің әдістемесі оқушылардың дербестігін, музыкалық өнерге тұлғалық көзқараспен қарауын, мұғалім мен оқушы, оқушы мен оқушы арасында еркін пікір алысуын қалыптастыруға бағытталған. Шығармашылық тәсіл оқушының ән айтуы мен аспапта ойнау дағдысын қалыптастырудағы басты әдіс болып табылады.

6-сыныпқа арналған оқу пәнінің базалық мазмұны:

- «Сөзбен өрілген саз. Музыка және поэзия»;

- «Музыка және сурет»;

- «Өнер тұлғалары»;

- «Жаңа заманның жаңа әні»;
- «Музыкалық сауаттылық».

Оқушылардың дайындық деңгейлері пәндік, тұлғалық, жүйелік-әрекеттік нәтижелер бойынша бағаланады.

Сабақтың, сабақтан тыс, сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Музыка» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылының күнтізбесіне байланысты атап өтілетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80 жыл (1937-2017);
- Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл (1917-2017);
- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл (1992-2017);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);
- ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

«Музыка» пәні бойынша оқушылардың үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы (мәтінмен жұмыс, ән салуға жаттығу, тамақ гимнастикасы және т.б.) сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, музыка мен ән салуға қызығушылықты қалыптастыруға және оқушылардың вокалдық қабілеттерін жетілдіруге мүмкіндік береді.

«Музыка» пәні бойынша 6-сыныптарда сағат саны аптасына 1 сағат, оқу жылында барлығы 34 сағатты құрайды.

Бейнелеу өнері пәні тұлғаның эмоциялық-бейнелі, көркемдік ойлау түрін қалыптастыруға бағытталған рухани іс-әрекетінің шарты болып табылады.

Оқыту мақсаттары:

- эстетикалық сезімдерін, бейнелеу өнеріне қызығушылығын; адамгершілік сезімін қалыптастыру, өнегелі тәжірибесін байыту, ізгілік пен зұлымдық туралы ойларын қалыптастыру; Қазақстан және басқа елдердегі халықтардың мәдениетін құрметтеу;
- қиялын, кез келген іске шығармашылық тұрғыдан қарау ниеті мен икемділігін, өнер мен қоршаған әлемді қабылдау қабілетін, көркемдік қызметте бірлесіп жұмыс істеу шеберліктері мен дағдыларын дамыту;
- өнер құралдарының көмегімен оқушылардың шынайы өмірге деген эстетикалық көзқарасын тәрбиелеу және өмірлік түйсігін қалыптастыру;
- халық шығармашылығына деген қызығушылығы мен сүйіспеншілігін тәрбиелеу;
- аңғарымпаздығы мен көріп есте сақтау қабілетін дамыту;
- оқушылардың көркем композиция жасау мен орындалған жұмыстарды сыныпта қарап, талқылау процесінде көркемдік талғамын, талдау қабілеттері мен эстетикалық уәждемелерін дамыту.

Оқыту міндеттері:

- қоршаған әлемге көзқарасын өзінің шығармашылық жұмыстарында

көрсете білу қабілетін дамыту;

- сурет, кескіндеме, композиция бойынша бейнелеу сауаты негіздерімен, жылы және суық түстермен таныстыру және оларды айыра білуге үйрету;

- бейнелеу өнерінің түрлерімен (графика, кескіндеме, сәндік-қолданбалы өнер, мүсін, дизайн, сәулет өнері) және жанрларымен (пейзаж, портрет, натюрморт, анималистика және т.б.) таныстыру;

- көркемдік дағдыларды меңгеру (әртүрлі материалдармен жұмыс істеу және әртүрлі бейнелеу техникасын игеру);

- шынайы өмірде көркем мәдениеттің көрінісін байқау және түсіне білу қабілетін дамыту (мұражайлар, сәулет, дизайн, мүсін және т.б.);

- балаларда сезімдік-эмоциялық белгілерді: зейінді, есте сақтауды, қиялды, елестетуді дамыту;

- оқушылардың қолдарының моторикасын, иілгіштігін, икемділігін және көзбен шамалау дәлдігін жақсарту;

- өзінің көлемді композицияларын жасату немесе жазық және көлемді-кеңістіктік тәсілдер үйлесімдіктерін пайдалану арқылы көркемдік құрастыру элементтерімен таныстыру.

«Бейнелеу өнері» пәні бастауыш мектеп бағдарламасымен сабақтастығын сақтайды және өнерді мәдениеттің өзара байланысты екі түрінің біртұтастығы, халықтық және кәсіби ретінде қарастырады.

Бағдарлама гуманитарлық пәндердің басқа базалық курстарымен тығыз ықпалдастыруға бағытталған. Ол негізгі мектеп оқушыларының пластикалық өнердің әртүрлі материалдары мен техникаларын қолданып көркем бейне жасауына бағытталған көркем-шығармашылық қызметтің алуан түрлеріндегі бейнелі тілін меңгеруді көздейді: «Өнер туындыларын қабылдау», «Графика», «Мүсін», «Кескіндеме», «Композиция», «Сәндік-қолданбалы өнер», «Көркемдік құрастыру, дизайн және сәулет өнері».

Білім беру тәжірибесінде «Бейнелеу өнері» кескіндеме, графика, мүсін сияқты бейнелеу өнерлерімен қатар сәулет және сәндік-қолданбалы өнерді қамтитын барлық пластикалық өнерлерді түсінеді.

Сабақтардың маңызды нәтижелері:

- мектеп оқушыларының бейнелеу өнеріне қызығушылығы, суретте немесе мүсінде нақтылы түрде көрсетілген суретші шығармасының ойын түсіну және өзінше бағалау қаблеті, қазақ және әлемдік өнердің негізгі стильдері мен бағыттарын айыра білуі;

- өнер тарихында елеулі рөл атқарған шеберлердің шығармашылығымен танысуы, әйгілі шығармаларды білуі болып табылады.

Сабақтар тұлғаның жеке қасиеттерін, зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттарда жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады. Бейнелеу өнеріне оқыту жеке тұлғаның өз ойын білдіруіне және дамуына, одан кейін әлемдік көркем мәдениет үлгілерімен танысуына бағытталған.

Сабақта оқу қызметінің кез келген түрі өзіндік мәнге ие, оқушылардың мүдделерімен келісіледі, оларды оқушы өмірінде нақты пайдалануға бағдарланады. Өнерге деген қызығушылығы мен көркемдік талғамын дамыту

қалыптасқан шығармашылық іс-әрекеттің жеке тұлғалық тәжірибесі, өзіндік эстетикалық эталондары, өнер тілін меңгеруі негізінде қалыптасады.

Бейнелеу өнеріне оқыту барысында оқушыларға шығармашылық жұмыстың арқауын жасауда, қызмет түрлерін, көркем материалдарды, жеке немесе топтық жұмыстарды, шығармашылық тапсырмаларды орындау күрделілігін, үй тапсырмасының формаларын және т.б. таңдауда көбірек еркіндік беріледі. Олар оқушының мәдени, құндылықты, тұлғалық және зияткерлік қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Осылайша бөлімдерге бөлу ерекшелігі мынада, бірінші бөлім оқу материалының мазмұнын ашады, екінші бөлім оны тәжірибеде іске асырудың құралдарын береді, үшінші бөлім тапсырма тақырыбының рухани-адамгершілік, эмоциялық-құндылық бағыттылығын болжамдайды, төртінші бөлім бала көркемдік-шығармашылық тәжірибе алып шығатын қызмет түрлері мен шарттарынан тұрады. Барлық бөлімдер өнердің әртүрлі: типологиялық, тілдік, құндылыққа бағдарланған, қызметтік қырларын ашады. Олар (барлығы бірге) әр сабақта әртүрлі шамада кездесіп отырады. Барлық бөлімдер кешенді түрде жалпы көркемдік білім мен тәрбие міндеттеріне бағытталған.

Оқу материалы көркемдік білімнің іскерлік сипаты мен адамгершілік болмысын көрсететін:

- «Өнер мен көркемдік қызметтің адам және қоғам өміріндегі рөлі»;
- «Өмір мен өнердің рухани-адамгершілік проблемалары»;
- «Әсем өнерлер тілі және көркем бейне»;
- «Әсем өнер түрлері мен жанрлары» бөлімдерімен ұсынылған.

Сабақтың, сабақтан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80 жыл (1937-2017);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);
- «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық көрмесі (2017жылғы маусым-қыркүйек).

«Бейнелеу өнері» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 6-сыныпта – аптасына 1 сағат, жалпы саны – 34 сағат.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Технология» пәнін оқыту бағыты білім алушыларды материалдық құндылықтардың заманауи өндірісінің негізгі технологиялық процестерімен таныстыруға, кейінгі кәсіптік білім алуға және еңбек етуге қажетті дайындықтарын қамтамасыздандыруға негізделген.

Бағдарламаның мазмұны оқушының жеке тұлғасы, отбасы және қоғамның қажеттіліктерін, қазіргі заманғы педагогикалық ғылымының

жетістіктерін ескере отырып белгіленген.

Пәнді оқытудың *мақсаты* техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қамтамасыз еті, технологиялық ойлау қабілетін, орындаған жұмысына шығармашылық көзқараспен қарауын дамыту.

Оқыту міндеттері:

1) техника, технология және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімін қалыптастыру;

2) құрылымдық материалдарды өңдеу технологиясы, жобалауды іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы икемділіктер мен дағдыларын қалыптастыру;

3) технологиялық ойлау қабілеті мен еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;

4) оқып жүрген технологиялармен байланысты мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;

5) еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті процесінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дене және құқықтық тәрбие беру;

6) оқушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды оқыту барысындағы нәтижелері, оқушылардың үлгерімдерін бағалауын, негізгі мектепті аяқтайтын әр оқушының міндетті түрде меңгеруі тиіс білім мазмұнын көрсетеді. Оқушылардың дайындық деңгейі үш түрлі аспектілер: пәндік, тұлғалық, жүйелі іс-әрекет нәтижелері ескеріле отырып бағаланады. Осыған байланысты 6,8,9-сынып оқушыларына (ер балалар) келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі.

32-кесте – 6, 8, 9-сыныптарда ер балаларға арналған бөлімдердің тақырыптары.

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау.	1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау.
2. Ауылшаруашылық өндірісіндегі техника және технология.	2. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы.
3. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы.	3. Металды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы.
4. Металды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы.	4. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды

<p>5. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өңдеу технологиясы.</p> <p>6. Электротехника және электроника негіздері.</p> <p>7. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстары.</p> <p>8. Шығармашылық жобалау саласы.</p> <p>9. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім.</p>	<p>өңдеу технологиясы.</p> <p>5. Электротехника және электроника негіздері.</p> <p>6. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстары.</p> <p>7. Шығармашылық жобалау саласы.</p> <p>8. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім.</p>
---	---

Білім берудің негізгі түрлері оқушылардың оқу-практикалық, жобалау-іс әрекеті болып табылады. Жаттығулар, оқу-практикалық жұмыстар, жобалау әдістері – басым әдістер болып отыр. Бағдарламада қарастырылған барлық практикалық жұмыс түрлері материалдарды өңдеудің әртүрлі технологияларын, электромонтажды, құрылыс-әрлеу және жөндеу санитарлық-техникалық жұмыстарын, тағам әзірлеу, жеңіл тігін өнеркәсібінің негіздерін, есептеу және жобалау операцияларын меңгеруге бағытталған.

Мұғалім бар мүмкіндіктеріне сәйкес бағдарламада ұсынылған технологиялық операциялар топтамасын қамтамасыз ететін еңбек нысандарын таңдай алады. Сонымен қатар оқушы жасының шамасына сәйкес еңбек нысанын таңдап, оның қоғамдық және жеке құндылығы да ескеруі қажет. Оқушылар орындайтын практикалық жұмыстардың түрлері түсінікті, ұтымды, экологиялық талаптарға сәйкес болуы тиіс. Мұғалім жергілікті компонент пен өзінің жеке эстетикалық қызығушылықтарына сәйкес өз тапсырмалары нұсқаларын қосуға құқығы бар.

«Қазіргі заман өндірісі, техникалық және кәсіби білім беру» (9-сынып) жаңа бөлімінде техникалық және кәсіптік білім беру мекемелерінің түрлері, кәсіби іс әрекетке қойылатын жаңа талаптар, кәсіп туралы түсінік, мамандық және жұмыскердің кәсіби дәрежесі, мамандық таңдауға тұлғалық қасиеттердің әсері, аймақтық еңбек нарығы және білім саласында қызмет көрсету туралы мәселелер қарастырылады.

Сабақтар ағаш, металл өңдеу шеберханасында немесе құрамдастырылған шеберхана базасында өткізіледі. Технологиялық операцияларды орындау барысында оқушылардың еңбек қауіпсіздігінің қамтамасыз етілуіне үлкен назар аударылуы керек. Оқушылардың электр қауіпсіздігі, санитария мен жеке гигиенасын сақталуына ерекше назар аударылуы тиіс.

Сабақта қолдан жасалған электромеханикалық құралдар мен технологиялық машиналар қолдануға тыйым салынады. Кіріктірілген сипаттағы «Технология» пәні пәнаралық байланыстарды қолдану негіздерінде құрылуын көздейді. Есептеу операциялары және өлшем алуда алгебра және геометриямен, материалдардың қасиеттерінің сипаттамасында химиямен, машина мен механизмдердің жұмыс принциптерін және құрылымын оқытуда физикамен, сәндік қолданбалы өнер технологияларын оқытуда тарих және өнермен байланыстырылады.

Қала, ауыл және шағын жинақты мектептерде ұлдар мен қыздар тобына бөлу сыныптың толымдылығына қарамастан жүзеге асырылады. Осыған байланысты 6, 8, 9-сынып оқушыларына (қыз балалар) келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі.

33-кесте – 6, 8, 9-сыныптарда қыз балаларға арналған бөлімдердің тақырыптары.

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
1. Кабинетте жалпы тәртіп сақтау, қауіпсіздік техникасы ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі.	1. Кабинетте жалпы тәртіп сақтау, қауіпсіздік техникасы ережелері, санитарлық-гигиеналық талаптар және еңбек қауіпсіздігі.
2. Тағам әзірлеу технологиясы.	2. Тағам әзірлеу технологиясы.
3. Маталармен танысу. Мата өңдеу технологиясы. Тігін машинасымен жұмыс жасау. Киімді жобалау, дайындау және көркем әшекейлеу. Тігін машинасымен жұмыс жасау. Тігін машинасы элементтері. Киімді жобалау, дайындау және көркем әшекейлеу (белдемше, шалбар).	3. Маталармен танысу. Мата өңдеу технологиясы. Тігін машинасымен жұмыс жасау. Киімді жобалау, дайын-дау және көркем әшекейлеу (белдемше шалбар).
4. Сәндік қолданбалы өнер элементтерімен көркем материалдарды өңдеу технологиясы.	4. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өңдеу технологиясы.
5. Отбасы экономикасы. Кәсіпкерлік.	5. Отбасы экономикасы. Кәсіпкерлік.
6. Тұрғын үйдің ішкі көрінісі.	6. Тұрғын үйдің ішкі көрінісі.
7. Киім және аяқкиім күтімі. Жеке бас гигиенасы.	7. Киім және аяқкиім күтімі. Жеке бас гигиенасы.
8. Жеміс-көкөніс дақылдарын өсіру. технологиясы.	8. Жоба.
9. Көкөніс-жеміс өсіру негіздері. Көкөніс саласындағы күзгі жұмыстар	9. Кәсіби қызмет ету саласының технологиясы.
10. Жоба.	
11. Кәсіби қызмет ету саласының технологиясы.	

Кез келген халықтың мәдениетін алға тартушысы – халықтың қолөнері. Сол себепті оқушылардың білімін және еңбек дағдысын қалыптастыру мақсатында, сабақтарда халықтардың және ұлттардың мыңдаған жылдық қолөнерін қолдану және үйрету ұсынылады.

Сабақтың, сабақтан тыс, сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Технология» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін

мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);

- «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

«Технология» пәні бойынша оқушылардың үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, сабақтарда қарастырылатын тақырыптарға деген қызығушылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

«Технология» пәні бойынша сағаттар саны:

- 6-сынып – аптасына 1 сағат, жылына барлығы – 34 сағатты;

- 8-сынып – аптасына 1 сағат, жылына барлығы – 34 сағатты;

- 9-сынып – аптасына 1 сағат, жылына барлығы – 34 сағатты құрайды.

«Сызу» пәні негізгі орта білім беру деңгейіндегі 9-сыныпта оқытылады.

Курс ойдың аналитикалық және жасампаз компоненттерін қалыптастырып, білім алушының кеңістіктік ой қабілетін дамытатын негізгісі болып табылады.

Пәнді оқыту мақсаттары:

- логикалық және кеңістіктік ойын дамыту;

- геометриялық білімді негізінде тәжірибелік жұмыс дағдыларын дамыту;

- еңбектену іс-әрекеті дағдыларын: ұзақ күш салуға және интеллектуалдық жүктемеге қабілеттілікті, дербестікті және шыдамдылықты, бастаған ісін аяғына дейін жеткізуді дамыту;

- функционалдық графикалық сауаттылығын дамыту;

- шығармашылық әлеуетін және эстетикалық талғамдарын дамыту.

Оқыту міндеттері:

- бір, екі және үш проекция жазықтығына тік бұрыштап проекциялау негіздері туралы білімді, сызбаны (эскизді) және аксонометриялық проекциялар мен техникалық суреттерді құру әдістері туралы білімдерін қалыптастыру;

- әртүрлі тетікбөлшектердің және модельдердің қарапайым сызбалары мен эскиздерін, аксонометриялық проекциялары мен техникалық суреттерін орындауды және оқуды үйрету;

- заттың пішінін және оның құрылымдық ерекшеліктерін талдау арқылы, онымен қоса кеңістіктік бейнені проекциялық кескіндерінен және ауызша суреттеу арқылы ойша қайтадан жасау әдістерін пайдаланып, статикалық және динамикалық кеңістіктік ойлау қабілетін дамыту;

- оқулық және анықтамалық материалмен өздігінше жұмыс істеуді, Интернет-ресурстардан білім алуды үйрету;

- кескіні бойынша затты ойша өзгерту жалпы интеллектуалдық қабілетін қалыптастыру арқылы білім алушылардың кеңістіктік ойын дамыту;

- графикалық білімдерін жаңа жағдайларда қолдана білу, графикалық компьютерлік бағдарламаларда қарапайым сызба құруды үйрету.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын

музыка өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарлама міндетті графикалық жұмыстардың тізімін қамтиды, ол негізгі білік, дағдыларды анықтауға бағдар береді.

Заттың пішінін талдау дағдыларын қалыптастыруға, яғни проекция жазықтықтарына кескіндеуге, пайда болған кескіндерді талдауға, геометриялық денелерді, тетік бөлшектерді тануды қамтамасыз ететін жеке белгілерін анықтауға алғашқы сабақтан бастап ерекше назар аудару қажет.

Графикалық жұмыстың өнімсіз элементтерін болғызбауға тырысу керек (мысалы, есеп шартын және дайын сызбаларды көшіріп сызу). Тапсырмаларды орындау үшін пішімі А4 (торкөз) жұмыс дәптерін пайдаланған дұрыс.

Салуларды орындауда білім алушылардың белгілі бір іс-әрекет алгоритмін қалыптастыруын көздеу қажет. Бұл сызбаны тексеру кезінде де өзекті мәселе болып табылады.

Оқу уақытының көбі практикалық жұмыс орындауға бөлінуі тиіс. Міндетті графикалық жұмыстардан тыс сызу пәні сабақтарында түрлі графикалық есептерді қолданған дұрыс. Білім алушылардың танымдық қызметін жандандыру оқытудың түрлі әдіс-тәсілдерін қолдануымен және сабақтың әдістемелік қамтылуымен жүзеге асады

Сызуға оқыту барысында әр білім алушының өзіне тән ерекшеліктерін (дарындылығын, ойлау қабілетін, жеке мүддесін) есепке алып, оқушылардың интеллектуалдық даму деңгейін біртіндеп көтеру керек. Түрлі оқу құралдарын кеңінен пайдалану ұсынылады (карточка-тапсырмалар, анықтамалықтар, плакаттар, кестелер, модельдер, тетік бөлшектер жиынтығы және ақпараттық технологиялық құралдар).

Қазіргі қоғамның ақпараттандырылу жағдайына сай «Сызу» оқу пәнінің аса маңызды бағыты ол білім алушылардың компьютерлік графикалық сауаттылығын қалыптастыру (мектептің мүмкіндігіне қарай, жергілікті жағдайға лайықты компьютерлік бағдарламаны оқытуға болады).

Үй тапсырмасын орындау оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, оқуға деген қызығушылықтарын қалыптастыруға мүмкіндік береді. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

- орындалуының түрлілігімен ерекшеленетін шығармашылық, эксперименттік, проблемалық сипаттағы есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану;
- оқушыларды өздерінің оқу әрекеті нәтижелеріне талдау жасауға бағыттауын элементтері бар үй тапсырмаларын енгізу;
- үй тапсырмасын анықтау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшелігін ескеру.

«Сызу» пәні бойынша апталық оқу жүктемесі – 2 сағат, оқу жылында барлығы 68 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дене шынықтыру оқу пәні – бұл дене шынықтыру қызметі, оқушылардың дене және психикалық саулығын сақтау туралы білімдер жүйесі.

Пәнді оқыту тұлғаны қалыптастыру, адамның танымдық белсенділігінің дамуына бағытталған. Оқу бағдарламасының мазмұны оқушы, қоғам мен жанұя сұраныстарын ескере, қазіргі педагогикалық ғылым жетістіктерін айқындайды

Оқыту мақсаты:

✓ өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қараудың қажеттілігін және қимыл-қозғалыс негіздерін игеру арқылы оқушылардың дене мәдениетін қалыптастыру;

✓ дене бітімі және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;

✓ салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылық жолмен қолдану.

Оқыту міндеттері:

✓ денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі дене шынықтыру қасиеттерін дамыту;

✓ дамыту және сауықтыру бағытындағы дене жаттығулары, базалық спорт түрлерінің іс-қимыл әдістері мен техникасы арқылы қимылдық тәжірибені байыту, қимыл-қозғалыс мәдениетін қалыптастыру;

✓ дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы және салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерді игеру;

✓ өз денсаулықтарына ықтиярлықпен қарау, денсаулықты сақтау мен нығайту қажеттілігін қалыптастыруға тәрбиелеу;

✓ тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық әрекеттестік пен ынтымақтастықтың межелерін сақтау.

Оқу бағдарламасы екі бөлімнен тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент), «Денені жетілдіру» (әрекеттік компонент).

«Дене шынықтыру туралы білім» бөлімінің мазмұнында адамның таным белсенділігінің дамуы туралы негізгі түсініктері және қауіпсіздік техникасын қадағалау мен талап етудің ережелері берілсе, «Денені жетілдіру» бөлімінде оқушылардың дене дайындығын арттыруға бағытталған және жалпы дене шынықтыру дайындығын жетілдіру құралдары туралы мәліметтер берілген.

Дене шынықтыру дайындығын жетілдіру құралдары ретінде бағдарламаға айқындалған маңызы бар базалық спорт түрлерінен (жүзу, шаңғымен жарысу, спорттық ойындар, жеңіл атлетика, акробатика элементтерімен гимнастика) дене шынықтыру жаттығулары мен қозғалыс әрекеттері берілген. Қазақстандағы дене шынықтыру туралы тарихи ерекшеліктерді ашатын «Ұлттық ойындар» тақырыбы енгізілді.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын музыка өнері туындылары бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарламаның ұйымдастыру-әдістемелік талаптары:

✓ мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс

дағдысына байланысты ұсынылған бағдарламаның қай бөлімін болмасын өзінің материалдарымен толықтыруға (оқушыларға қойылатын негізгі талаптарды жүзеге асыру барысында) құқылы;

✓ «Гимнастика» тарауын («Жалпы дамытатын жаттығулар» және «Ырғақты гимнастика» бөлімдерін) меңгертуде қатаң тәртіпті сақтау міндетті емес;

✓ мұғалім апта кестесіндегі сабақ санына сәйкес балалардың даярлығы мен сабақтың нақты жағдайына қарай өз жұмысын ұйымдастырады;

✓ оқушылардың тактикалық ойлауын дамытуға, дене қасиеттерін тәрбиелеуге әсерін ескере отырып, ең оңтайлы қозғалыс ойындарының мазмұны болуы қажет;

✓ оқушылардың қозғалыс ойындарын игеруін тексеру мақсатында бақылау-сынақ алу сабақтары өткізілуі тиіс;

✓ дене шынықтыру сабақтарының тиімділігі екі параметр бойынша бағаланады:

а) жекелеген бақылау оқу нормативтерін орындау нәтижелері;

ә) мұғалімнің таңдауы бойынша нормативтерді орындау нәтижелері.

«Шаңғы дайындығы» және «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен (ырғақты, атлетикалық, кәсіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

Оқу жылы ішінде 4 реттен кем емес жалпы мектептік «Денсаулық күні» өткізіледі және каникул кезінде ұйымдастырылады.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

Оқушылардың дене шынықтыру бойынша үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, сабақта қарастырылған тақырыптарға қызығушылықтарын қалыптастыруға (қозғалыстарды қайталау, гимнастика жасау және т.б.) мүмкіндік береді. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына орналастырған (www.nnpcsfk.kz).

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

– Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл (1992-2017);

– Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);

– «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

«Дене шынықтыру» пәні бойынша 6, 8, 9-сыныптарда оқу жүктемесінің көлемі:

– 6-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

– 8-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

– 9-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

3.2 ЖАЛПЫ ОРТА БІЛІМ ДЕҢГЕЙІНДЕГІ ПӘНДЕРДІ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Тіл және әдебиет» білім саласына «Қазақ тілі», «Қазақ әдебиеті», «Орыс тілі», «Орыс әдебиеті», «Ана тілі», «Ұйғыр/Өзбек/Тәжік әдебиеті», «Шет тілі» оқу пәндері және «Абайтану» курсы кіреді.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін)

Тіл - «Мәңгілік Ел» идеясының басты негізі. Ана тілінді құрметтеу - ұлттық намысты ояту мен жаңғыртудың көзі. Арнайы оқытуды талап ететін қағидалар мен ережелер – білім алушылардың тілге саналы көзқарасы мен жауапкершілігін қалыптастырады. Келешекте тілдің иесі болатын жастардың тілдік сезімін күшейту, әсіресе, қазіргідей жаһандану өріс алған қоғамда өткірлене түсуде.

Дәл бүгінгі таңда жаһандану дәуірінің ұлттық құндылықтарға төндіріп тұрған қаупі үнемі қаперде болуы ескеріліп, бүкіл ұлттық құндылықтардың ұйытқысы қазақ тілін оқытуда басшылыққа алынған тенденциялары, оларды жүзеге асыру жолдары мен тірек қағидалары мыналар:

1) қазақ тілін оқытуды мемлекеттің даму стратегиясымен бірлікте қарау;
2) тілді оқытуды белгілі бір пәндік дағдыларға емес, білім алушының тұлғалық қабілеттерін дамытуға бағыттау;

3) тілдік білім мен біліктерді ХХІ ғасыр адамының бойында сөйлеу мәдениетін, ойлау мәдениетін және адамгершілік мәдениетті қатар дамытуға, қарым-қатынас мәдениетін бейімдеп, құзіреттіліктер қалыптастыруға бұру;

4) тілді ұлт болашағының мәдени иммунитетін қалыптастырудың тетігі ретінде оқыту. Тілге деген жауапкершілік пен патриотизмді тәрбиелеуге жаңа прагматикалық көзқарас тұрғысынан келу, тілді оқытудың құндылықтық бағдарын сабақ барысында күшейту.

Тілді оқытуда жеткіншек ұрпақтың функционалдық сауаттылығын қалыптастыруға басымдылық беру. Тілдік білімді оқушының сөйлеу тілінің базасы ретінде меңгерту және тәжірибелік машықтарды қалыптастыру бағытында жетілдіру.

Қазақ тілін оқытуда білім мен ғылымның интеграциясын жүзеге асыру жолы – «Қазақ тілі» пәнінің білім мазмұнын қазақ тіл білімінің дамуына сәйкестендіру арқылы тілді ғаламның бір бөлшегі ретінде таныту, тілді оқытуды Тарих – Білім – Мәдениет үштағанына негіздеу.

Қазақ тілі – мектепте оқытылатын барлық пәндердің, ғылымның кілті. Ғаламды танытып отырған барлық ғылым табыстары қазақ тілі пәнінде жаттығу мәтіні ретінде берілуі тиіс.

10-11-сыныптарда оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (*ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы №393 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы;

- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ тілі» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы қолданылады.

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- *қоғамдық-гуманитарлық бағыт:*

10-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;

11-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

- *жаратылыстану-математикалық бағыт:*

10-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

11-сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

Әрбір тоқсанда алынатын бақылау жұмысының (диктант, т.б.) саны сол сыныптағы апталық сағат санымен сәйкес келуі керек.

Қазақ тіліндегі жазба жұмыстарының негізгі мақсаты – дұрыс, сауатты жазуға, оқушының ауызша және жазбаша ойын, грамматикасын және стилистикасы жағынан дұрыс сөйлем құрап, жүйелі сөйлеуге үйрету. Мұғалім білім алушының ауызша және жазбаша тілін дұрыс дамытуда грамматикалық ережелерді жақсы білуге, тыныс белгілерін дұрыс қоюға үйретіп, көркем әдебиетті көп оқуға бағыт беріп, оның үлгісін көрсетіп отыруы тиіс. Әр мұғалім жазба жұмыстарын шығармашылықпен жүргізіп, дұрыс ұйымдастыра білсе, ол білім алушының күнделікті өмірдегі құбылысты жан-жақты түсіне білуіне, білгенін ауызекі сөздерінде қолдана білуіне жағдай жасау болып табылады.

Жазба жұмысына (*диктант*) қойылатын талаптар.

34-кесте – 10-11- сыныптарда ұсынылатын жазба жұмыстарының саны

Сыныптар	–	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
<i>Қоғамдық-гуманитарлық бағыты</i>						
10	–	2	2	2	2	8
11	–	2	2	2	2	8
<i>Жаратылыстану-математикалық бағыты</i>						
10	–	1	1	1	1	4
11	–	1	1	1	1	4

Диктантты бағалау төмендегі өлшемдерге негізделеді:

- «5» деген баға еш қатесі жоқ немесе орфографиялық жеңіл 1 қатеге (1/0) немесе тыныс белгісінен 1 қатесі (0/1);

- «4» деген баға емледен 3, тыныс белгісінен 3 қатесі (3/3) бар немесе емледен 2, тыныс белгісінен 4 (2/4), емледен 1, тыныс белгісінен 5 қатесі (1/5) бар, емледен бір типті 4 қатесі(4/0);

- «3» деген баға емледен 6, тыныс белгісінен 5 қатесі (6/5) бар немесе емледен 5, тыныс белгісінен 6 қате (5/6) бар немесе емледен 3, тыныс

белгісінен 8 қатесі (3/8);

- «2» деген баға емледен 9, тыныс белгісінен 5 қатесі (9/5) бар немесе емледен 8, тыныс белгісінен 9 қатесі (8/9).

Ескерту: бағалау кезінде қателердің қайталануы мен біртектілігіне назар аударылады. Егер қате бір сөздің құрамында немесе түбірлес сөздердің түбірінде қайталанса, онда ол бір қатеге саналады. Бір типті немесе біртекті қателер дегеніміз сөздің жазылуының грамматикалық, фонетикалық ерекшелігіне байланысты бір ережеге негізделуі. Алғашқы біртекті үш қате бір қатеге саналады да, келесі сондай қателер дербес есептеледі.

Диктант мәтінінде 5-тен артық түзету болса, бағасы 1 балға кемітіледі. 3 және одан артық түзетулер кездескен жағдайда үздік баға қойылмайды. Диктантқа баға қоярда түзетілгенімен, ескерілмейтін орфографиялық және пунктуациялық қателер:

- 1) сөзді тасымалдауда;
- 2) мектеп бағдарламасына енбеген ережелер;
- 3) әлі меңгерілмеген ережелер;
- 4) арнайы жұмыс жүргізілмеген қиын сөздер.

Диктантты бағалауда қатенің сипатына мән берілген жөн. Қателердің ішінен жеңіл қателерді яғни сауаттылық үшін аса маңызды емес қателерді айырып алған дұрыс. Қателерді есептеу барысында екі жеңіл қате бір қатеге есептеледі.

Жеңіл қатеге:

- ережеге бағынбайтын сөздер;
- автор сөзін берудегі тыныс белгілері жатады.

Ескерту: диктант мәтінінде барлық цифрлар, оның ішінде мезгіл көрсеткіштері де сөзбен жазылады.

Диктантқа бір ғана баға қойылады. Қосымша тапсырмаларды орындағаны үшін бағалағанда төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алу ұсынылады:

- «5» бағасы - оқушы барлық тапсырмаларды орындағанда;
- «4» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың 4/3 бөлігін орындағанда;
- «3» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындағанда ;
- «2» бағасы - оқушы барлық тапсырмалардың жартысын орындамағанда қойылады.

Ескерту: қосымша тапсырмаларды орындау барысында жіберілген орфографиялық және пунктуациялық қателер диктантқа баға қою барысында ескеріледі.

Емлектік қателерді түзету әдістері. Оқушылардың жазба жұмыстарын мұқият тексеріп отыру олардың сауаттылығын арттыруға көмектеседі. Қатемен жұмыс жүргізу жазба жұмысынан кейінгі келесі сабақтың 15-20 минутында іске асырылады. Оқу бағдарламасында «Қатемен жұмыс» түріне арнайы сағат бөлінбегендіктен журналға жазылмайды.

Мұғалімдер оқушылардың орфографиялық қателерін түзеткенде негізгі ескеретін жағдайлар:

- мұғалім барлық қателерді түзетіп, соңғы өтілген тақырыптан кеткен қателердің астын сызып көрсетуге болады;

- орфографиялық қателерді түзету үшін орфографиялық шартты белгілерді қолдануға болады. Мұндай шартты белгілер оқушыларға таныс болуы қажет;

- түзетулер оқушының жіберген қателерін өзі сезетіндей дәрежеге жеткізілуі, оның қабілеттілігін арттыруға көмектесуі керек;

- емлелік қателерді сызып тастап, оған қажетті әріпті үстіне жазу жолымен түзету әдісі оқушылардың қателерін түзетудегі ең таңдаулы тәсілдердің бірі;

- сөздердің астын сызбай-ақ, дәптердің шетіне шартты белгі қоюға болады. Шартты белгі оқушыға түсінікті болуы тиіс.

«Қазақ тілі» пәні бойынша дәптермен жұмыс.

10-11-сыныптарда «Қазақ тілі» пәнінен арнайы дәптерлер болуы тиіс және дәптерлері аптасына 1 рет тексерілуі қажет.

35-кесте – Оқушы дәптерлерінің саны

Пән	Жұмыс дәптері	Жазба жұмыс дәптері	Барлығы
Қазақ тілі	1	1	2

«Қазақ тілі» пәнінен дәптердегі жазба жұмыстары келесі тәртіппен орындау ұсынылады:

- дәптерге ұқыпты, түсінікті жазу; көк сиялы қаламмен жазу және қажет кезінде қара қарындаш пайдалану;

- дәптер сыртын үлгі бойынша оқушы өзі толтыруы қажет.

Дәптерлердегі барлық жұмыстар төмендегі талаптарды, ережелерді сақтай отырып жүргізілуі керек:

- ай аты мен күн реті жазбаша жазылады;

- күн реті мен жұмыс түрінен соң нүкте қойылмайды. Дәптердің басынан, жол тасталмай, барлық жазбалар бір деңгейде жазылады;

- үй жұмысы сынып жұмысының жалғасы деп есептелінеді де, күн реті жазылмайды;

- жаттығу (тапсырма) сөзі толық жазылады. Мысалы: 15-жаттығу (тапсырма);

- сынып жұмысын немесе үй жұмысын орындағанда тапсырмалар арасында жол қалдырылмайды;

- мәтін азат жолдан басталады;

- сынып жұмысы мен үй жұмысының арасында 2 жол қалдырылады;

- талдау жасау тапсырмаларын орындағанда жақсы ұшталған қара қарындашпен орындаған жөн;

- ереже, емлені белгілеу үшін жасыл сияны қолдануға болады;

- баға тапсырмадан кейін сол жақ шетіне нүктесіз қойылады;

- талдау жұмыстар қарындашпен орындалады (*сөз құрамына, сөйлем мүшелеріне талдау*);

- төл дыбыстарды дұрыс жазбаса жиек жолға дұрыс жазылуы көрсетілуі тиіс;

- дәптерлерді тексеруден кейін келесі сабақта талдау жасалу қажет;
- дәптердегі барлық жұмыс қызыл сиялы қаламмен тексеріледі.

Диктанттан жіберілген қателер жол бойынша сол тұстағы қызыл жолға көрсетілуі керек:

- орфографиялық қате - /.
- тыныс белгілер қатесі – √

Әдістемелік бірлестік отырыстарында қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби біліктілігін жетілдіру бойынша (*әдістемелік бірлестік, жас мамандар мектебі, педагогикалық шеберлігін жетілдіру мектебі, шығармашылық топ және т.б.*) пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

1. «Оқытуды ізгілендірудің мақсаты- оқушылардың өздігінен танымдық іс- әрекетін жүргізу»;

2. «Білім алушыны өз бетімен ізденуге үйрету және олардың шығармашылық бейімділіктері мен икемділіктерін дамыту – деңгейлеп, саралап оқытудың басты қажеттілігі»;

3. «Оқытудың тиімділігін арттыру мақсатында жаңа білім парадигмасына сүйену»;

4. «Критериалды бағалау жүйесін енгізудің теориялық-әдістемелік аспектілері»;

5. «Қазақ тілі мен әдебиеті пәні мұғалімдерінің кәсіби құзіреттілігін интербелсенді әдістер арқылы қалыптастыру»;

6. «Сыни ойлауды дамыту технологиясының дәстүрлі оқытудан басты айырмашылығы туралы»;

7. « Эссе жазу стратегиясы туралы».

Қазақ әдебиеті (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін)

10-11-сыныптардағы оқу процесінде Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 03 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (*ҚР Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 18 маусымдағы № 393 бұйрығымен өзгерістермен толықтырулар енгізілген*):

- жалпы орта білім беру деңгейінің қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы;
- жалпы орта білім беру деңгейінің жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптары үшін «Қазақ әдебиеті» пәнінен үлгілік оқу бағдарламасы қолданылады.

Пән бойынша оқу жүктемесі:

- қоғамдық-гуманитарлық бағыты бойынша:

10-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 3 сағаттан, барлығы – 102 сағатты құрайды.

- жаратылыстану-математика бағыты бойынша:

10-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 2 сағаттан, барлығы – 68 сағатты құрайды.

Пәнді оқытудың вариативті бөлігі қосымша оқу бағдарламасы арқылы білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты шеңберінде жүзеге

асады.

Жазба жұмыстарына (*эссе*) қойылатын талаптар.

36-кесте – 10-11-сыныптарға ұсынылатын жазба жұмыстары мен сыныптан тыс оқудың саны

Сыныптар	Жазба, сыныптан тыс оқу жұмыстарының түрлері	Оқу тоқсандары				Барлығы
		I	II	III	IV	
<i>Қоғамдық-гуманитарлық бағыт</i>						
10	Эссе	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	3	3	3	3	12
11	Эссе	3	3	3	3	12
	Сыныптан тыс оқу	1	1	1	1	4
	Барлығы:	4	4	4	4	16
<i>Жаратылыстану-математикалық бағыт</i>						
10	Эссе	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1			2
	Барлығы:	3	3	2	2	10
11	Эссе	2	2	2	2	8
	Сыныптан тыс оқу	1	1			2
	Барлығы:	3	3	2	2	10

37-кесте – Эссе көлемі

Сынып	Көлемі (оқушы дәптерінің беті)
10	6-8 бет
11	6-8 бет

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 16 қарашадағы № 660 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылынан бастап мектеп бітірушілер үшін жоғары оқу орындарына түсу емтиханы болып табылатын Ұлттық бірыңғай тестілеудің (бұдан әрі – ҰБТ) жаңа форматы енгізілді. Қорытынды аттестаттау – жалпы орта білім беру ұйымдарында өткізілетін 11 (12) - сынып білім алушыларына арналған мемлекеттік бітіру емтиханы. 11 (12) сынып білім алушылары қорытынды аттестаттауда ана тілі және әдебиетінен (оқыту тілі) эссе нысанында жазбаша емтихан тапсырады.

Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы (<http://nao.kz>) қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен эссе жазу туралы мұғалімдер мен оқушыларға көмекші құрал ретінде әдістемелік ұсынымдама әзірленді. Әдістемелік ұсынымдамада эссе термині, түрлері, құрылымы, ерекшелігі, талаптары және оның шығармадан айырмашылығы жөнінде түсінік берілген. Сонымен қатар, эссе тақырыптары, оны бағалау критерийлері және эссе жазу үлгісі ұсынылды.

Эссе – шығарма жанрының бір түрі

Эссе шығармашылық еркіндікті көздейді. Кез келген тақырыптың еркін стильде жазылуы оның ең негізгі көркемдігі болып табылады. Эссе - автордың жеке басының ойы, сезімі, әлемге деген көзқарасы. Бұл шығарманың басты мақсаты.

Алайда, шығармашылықтың еркіндігіне қарамастан, эссе жанрында жазу оңай емес, сондықтан қандайда бір проблеманың басты идеясын табуда ерекше көзқарастың болуы керектігін назарда ұстаған дұрыс.

38-кесте – Эссе мен шығарманың айырмашылығы.

	Эссе	Шығарма
Анықтамасы	Эссе дегеніміз (<i>фр. тіл. essai - тәжірбие, лат.т. exagium – құрау</i>) – философиялық, әдеби, тарихи, публицистикалық, әлеуметтану, саяси және тағы басқа саладағы ғылыми емес, автордың жеке көзқарасын білдіретін прозалық мәтін.	Шығарма – оқушының туған халқының әдебиетінен алған білімін өз ойымен, дүниетанымдық көзқарасымен еркін ұштастыра отырып баяндайтын шығармашылық төл еңбегі. Оқушыдан көркем шығарманы өзіндік ой-пікірі, көзқарасы тұрғысында терең талдап пайымдауы, әсерлі, көркем тілмен жүйелі баяндауы талап етіледі.
	Эссе – еркін композициялық құрылымға негізделген немесе көркем-публицистикалық жанрдың бір түрі	Шығарма – белгілі бір берілген тақырыпқа арналған, міндетті құрылымнан тұратын, тек пәндік білімге бағытталған шығармашылық жұмыс.
	Эссе қатаң түрде жоспарға негізделуі міндетті емес.	Шығармада жоспарды жазу міндетті.
	Эссе жеке көзқарас, сараптама, дәлелдемелергенегізделеді.	Шығарма формасы оның түріне байланысты, көбінесе көркем мәтінді талдауға негізделеді.
	Эссенің мақсаты – эссе жазушының өзіндік көзқарасын, сыни ойын жетілдіру, ұстанымын дәлелді бекіту үшін жан-жақты білім алып, ақпараттық қарулану, тақырыпты ашуда метатанымдық білігін тиімді қолдану, шығармашылық қабілетін шыңдау, ой жүйелілігін реттеу, жазу түрлеріне қарай жазу тәсілдерін таңдай біліп, эссе түріне қарай жазу стилін сақтау, ой жүйесінің бірізділігін сақтауда сөз	Шығарманың мақсаты – жазылым тілін дамыту, логикалық ойлауды дамыту, шығармашылық, қиялды, нақты нәрсені еркін, қызықты түрде беруге ұластыру, әдебиетті іштей түсіне отырып, оның мәні мен құдіретті орнын өз дүниесінде көркемдеп бере алу.

	оралымдарын тиімді қолдану, шығармашыл жазбаларда сөздік қорының байлығын дамыту, талдау жұмыстарында қажетті термин сөздерді тиімді қолдану.	
--	---	--

Әдеби эссе – эссе түрлерінің ішіндегі ең күрделісі. Эссенің *әдеби тақырыбы* таңдалған жағдайда авторлық ұстанымға сүйенуге және өзіндік көзқарасты тұжырымдау ұсынылады. Тезистерін әдеби туындыларға сүйене отырып, дәйектеу қажет. Әдеби эссенің мақсаты, өзіндік жазылу ерекшеліктері бар. Мақсаты, жазылу ерекшеліктері эссе тақырыптары арқылы айқындалады. Мысалы, «М.Әуезовтің «Көксерек» повесіндегі тосын және қатыгез эмоцияларды автордың оқырманына жеткізу тәсілдерін талдап жаз». Әдеби эсседе автордың тосын және қатыгез эмоцияларды жеткізу үшін қолданған тәсілдерін тауып, талдап жазады.

Еркін тақырыптар философиялық немесе адамгершілік мәселесі бойынша эссе жазуды болжайды Эссенің *еркін тақырыбын* таңдаған жағдайда өз ұстанымын көркем туындылардың мазмұнына, сондай-ақ, өзінің өмірлік тәжірибесіне (жеке әсерлеріне, өзіндік ойларына, біліміне және т.б.) сүйенуімен дәйектеуге болады.

Тақырыптардың біріне *пікір-эссе* жазған кезде білім алушы көркем туындылардың мазмұнына да, өзіндік өмірлік тәжірибесіне де (сезімі мен тақырыпқа қатысты ойларына және т.б.) сүйенумен дәйектер келтіруі мүмкін.

Мәдениет өкілдерінің бірінің пікірін білдіретін дәйексөз түрінде тұжырымдалған эссе тақырыптары еркін пайымдауды негіздейді, ол пікірдің әділдігін растайтын дәйектерді де, сондай-ақ, басқа көзқарастың болу мүмкіндігін дәлелдейтін қарама-қарсы дәйектерді де қамтуы мүмкін.

Оқушылар өздері таңдаған тақырып бойынша көлемі 250-300 сөзден тұратын эссе жазады. Оқушылар шимай парақты қолдана алады.

Эссенің композициясын мұқият ойластыру қажет.

Эссені анық және түсінікті етіп, сөйлеу тілі нормаларын сақтай отырып жазу қажет.

Эссе – ол тақырыпты түпкілікті және толық қамтуға есептелмеген нақты мәселе бойынша жеке көзқарасты білдіретін шағын көлемдегі, еркін композициялық прозалық шығарма. Эсседе ауқымды мәселелердің талдауы болмайды. Ол бір мәселе бойынша жаңа, субъективтік көзқарас болып табылады, ондай шығарма философиялық, тарихи-биографиялық, публицистикалық, әдеби-сыни, ғылыми-көпшілік немесе беллетристикалық сипатта болуы мүмкін. Эссенің мақсаты – өзіндік шығармашылық ойлау және сол ойды жазбаша бере білу дағдыларын дамыту. Эссе мазмұнында ең алдымен ойды нақты және сауатты тұжырымдау, ақпаратты жүйелеу, негізгі түсініктерді қолдану, себеп-салдар байланысын және тәжірибені нақты мысалдармен көрсете білу, ойларын қорытындылай білу бағаланады.

Эссе құрылымы оған қойылатын мынадай талаптармен анықталады:

- эссе авторының ойлары проблема бойынша қысқа тезистер ретінде беріледі;

- ойлар дәлелді болуы тиіс, сондықтан тезистерден кейін дәйектер жазылады.

Дәйектер – қоғамдық өмірден, алынған фактілер, оқиғалар, өмірлік жағдайлар мен өмірлік тәжірибелер, ғылыми дәлелдер, ғалымдардың пікірлеріне жүгіну және т.б. Әрбір тезиске екі дәйек келтіріледі, себебі бір дәйек келтіру көп жағдайларда жеткіліксіз, үш дәйек ықшамдыққа және көркемдікке бағытталған жанрда жазылған шығарманы «ауырлатуы» мүмкін.

Сонымен, эссенің құрылымы (тезистер мен дәйектердің саны тақырыпқа, құрылған жоспарға, ойды дамыту логикасына байланысты болады):

- кіріспе;
- тезис, дәйектер;
- тезис, дәйектер;
- қорытынды.

Кіріспе және қорытынды бөлімдерде қарастырылып отырған проблемаға назар аударуы қажет (кіріспеде мәселе қойылады, қорытындыда автордың ойы нақтыланады). Эссе тіліне эмоционалдық, экспрессивтік, көркемдік тән екенін оқушылардың түсінулеруі аса маңызды. Сонымен қатар, эсседе сленгті, шаблонды фразаларды, сөздерді қысқартудан аулақ болу қажет. Эссені жазуда қолданылатын тіл жеңіл қабылданатындай болуы тиіс.

Эссені жазудың формальді ережесіне сәйкес атауының болуымен ерекшеленеді. Эссенің ішкі құрылымы еркін болуы мүмкін. Бұл жазба жұмысының шағын түрі болғандықтан, соңында қорытындылауды міндетті түрде қайталау талап етілмейді, олар негізгі мәтіннің немесе атауының ішіне енгізілуі мүмкін. Дәйектеме мәселені тұжырымдаудың алдында болуы мүмкін. Мәселені тұжырымдау соңғы қорытындымен сәйкес келуі мүмкін.

Эссе жазу барысында мынадай типтік қателіктер жиі кездеседі:

- ұзақ кіріспе;
- детальдар санының жетіспеушілігі;
- мысалдары суреттелмей берілген пайымдаулар;
- көпсөзділік, себебі, эссе көлемі нақты мөлшермен шектелген;
- автордың шынайы ойын көрсете алмайын ұзын сөйлемдердің болуы, қайта керісінше қысқа сөйлемдер үлкен эсер қалдырады. Эсседе ұзын сөйлемдер мен қысқа сөйлемдер ауысып отырса, ол өте тиімді болады;

- ғылыми терминдерді қолдану, энциклопедиялық сөздерді келтіру эссені түсінуді ауырлатады және оқушының назарын басқа жаққа аударады, эссенің мәні төмендейді.

39-кесте – Эссе мазмұнын бағалау өлшемшарттары

Өлшемшарттар	Дескрипторлар	Балдары
Тақырыпты ашу тереңдігі	ұсынылған тақырыпты ұғынуы	1
	эссе тақырыпқа сай келмейді	0

және пікірлердің сенімділігі 2 балл	Проблеманы көрсетуі	1
	эссе проблемасы ашылмаған	0
Дәйектемелер 3 балл	эссе тақырыбына сәйкес келетін көркем шығармадан алынған дәйектердің болуы,	1
	көркем шығармадан алынған дәйектердің болмауы	0
	автордың ұстанымын нақтылайтын басқа дерекке здерден алынған дәйектердің болуы	1
	автордың ұстанымын нақтылайтын басқа дереккөздерден алынған дәйектердің болмауы	0
	автордың жеке көзқарасының болуы	1
	автордың жеке көзқарасының болмауы	0
Композициялық тұтастығы және логикалық жүйелілігі 3 балл	композициялық тұтастықтың болуы, пікірлердің бөліктері логикалық байланысты, ой біртіндеп дамиды	1
	тезистік бөлімнің болмауы	0
	ішкі логиканың болуы, жекеден жалпыға, жалпыдан жекеге өту дағдысының болуы	1
	логикалық байланыстың болмауы мағынасын түсінуге кедергі келтіреді	0
	сонылық, ерекшелік (қызықты байланыстар, ойламаған бұрылыстар)	1
	шығармашылық көрініс жоқ	0
Сөйлеу мәдениеті 2 балл	көркем – бейнелеу құралдарды және стилистік сөздерді, бай лексикасын қолдану	1
	сөйлеудегі бірыңғай грамматикалық құрылым	0
	эмоционалдылық, тіл шешендігі	1
	сөйлеу тілінің жұтаңдығы	0
	Барлық балдардың жиынтығы	10

Әдеби тақырып және еркін тақырып бойынша эссенің сауаттылығы келесі кестеде көрсетілген өлшемшарттармен бағаланады

40-кесте – Сауаттылықты бағалау өлшемшарттары

Өлшемшарттар	Дескрипторлар	Балдары
Орфография 3 балл	Орфографиялық қате жоқ, немесе 1 жеңіл қате	3
	1-2 қате жіберілді	2
	3-5 қате жіберілді	1
	5-тен көп қате жіберілді	0
Пунктуация 3 балл	пунктуациялық қате жоқ, немесе 1 қате жіберілді	3

	2-3 қате жіберілді	2
	4-5 қате жіберілді	1
	5-тен көп қате жіберілді	0
Грамматикалық норманы сақтау 2 балл	грамматикалық қате жоқ немесе, 1 қате жіберілді	2
	2-3 қате жіберілді	1
	4-тен көп қате жіберілді	0
Стилистикалық норманы сақтау 2 балл	стилистикалық қателері жоқ, немесе 1 қате жіберілді	2
	2-3 қате жіберілді	1
	3-тен көп қате жіберілді	0
	Барлық балдардың жиынтығы	10

Төменде бес балдық жүйе бойынша эссені бағалау шкаласы келтірілген

41-кесте – Бес балдық жүйе бойынша эссені бағалау

Бағалудың бес балдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Мазмұны	0–3	4–6	7–8	9–10
Сауаттылығы	0-3	4-6	7-8	9–10

Егер мектеп бітіруші таңдау пәні ретінде «Қазақ әдебиеті» пәнін тандаса, әдебиет пәні бойынша алған бағасына емтихан тапсыру барысындағы тестілеу бағасы қосылады. Қорытынды баға жоғарыдағы принцип бойынша қойылады.

Кітап оқу тілдік іс-әрекет ретінде коммуникация тәсілінің маңызды бір түріне жатады. Осыған байланысты сұраққа жауап беру ғана емес сұрақты қою дағдыларын дамытуға, драмалық шығармаларды рөлге бөліп оқуға қатысуға, сондай-ақ, мәтінді толық, қысқаша, таңдап, айтушының жағын өзгертіп айтып беруге ерекше мән беріледі. Жоғары сыныптарда оқудың негізгі түріне дауыстап оқу жатады. Дауыстап оқу оқудың қарқынын өңдеу үшін өнімсіз, сондықтан оқылатын мәтін көлемін біртіндеп көбейту арқылы білім алушылардың «іштен оқу» дағдыларын қалыптастыру қажет.

Жоғары кезеңде зерттеушілік және көз жүгірте оқу (қарап шығу) біліктіліктері жетіле түседі. Мәтін ақпарат алу көзі ретінде қолданылады.

Оқу стратегиялары

Оқушының білім жолы мен іс-әрекет бағдарламасы оқу стратегиясы деп аталады. Оқу стратегияларын үйрену ақпараттық деңгей иерархиясын ашу біліктілігі ғана емес (дәлел, пікір, пайымдау), мәтін мағынасының иерархиясы (негізгі ой, тақырып, тақырыпшалар, шағын тақырып және т.б.), және әрине, түсіну процесі (рефлексивтік ақпарат), яғни оқу барысындағы түсіну рәсімі. Мәтіннің мағынасын түсініп оқу қабілетін дамытуға аналитикалық, интерпретациялық және сыни оқу өнерін меңгеру көмектеседі. Мәтіннің

мағынасын түсініп оқу қабілетін меңгеру әр уақытта кітап бойынша өнімді оқуға мүмкіндік береді.

Стратегияны меңгеру барысында білім алушылардың тілдік қана емес, коммуникативтік құзыреттілігі де топта және жұпта іске асады.

№ 1 стратегия. Бағытталған оқу.

Мақсаты: оқу мәтінін мақсатты түрде оқу біліктілігін қалыптастыру.

Проблемалық сұрақтар қою, топта талдауға қатысу.

1. Өзектілігі.

«Ассоциативті бірлестік» тәсілі: мұғалім тақтаға түйінді сөзді немесе мәтін тақырыбын жазады, білім алушылар бірінен кейін бірі өздерінің ассоциацияларын айтады, мұғалім тақтаға жазып отырады. Бұл тәсілді қолдану білімді өзектендіреді, келесі іс-әрекетке деген қызығушылығын арттырады әрі жұмыс жасауға ынталана түседі.

2. Білім алушылар шағын көлемді мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды да белгіленген жерде тоқтайды.

3. Мұғалім оқылған мәтін бойынша проблемалық сұрақ қояды.

4. Бірнеше оқушының жауаптарын сыныпта талдайды.

5. Білім алушылар оқиганың одан әрі қарай қалай өрбитінін болжайды.

№2 стратегия. Жұппен оқу – жұпта талдап қорыту.

Мақсаты: негізгі ойды табу, оқығанын тезис түрінде талдап қорыту, проблемалық сұрақтар қою дағдыларын қалыптастыру.

1. Білім алушылар мұғалім таңдап алған мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды.

2. Мұғалім білім алушыларды жұпқа бөліп, нақты нұсқау береді. Әрбір білім алушы екі рөлді орындайды: баяндамашы – бір тезис түрінде мазмұнын қорытындылайды және оқиды ; респондент – баяндамашыны тыңдайды және нақты екі сұрақ қояды . Одан әрі рөлдермен алмасады.

3. Мұғалім талдауға барлық оқушыларды тартады.

№ 3. стратегия Оқимыз және сұраймыз.

Мақсаты: баспа ақпараттарымен өз бетінше жұмыс жасау, сұрақты тұжырымдау, жұпта жұмыс жасау біліктіліктерін қалыптастыру.

1. Білім алушылар ұсынылған, мұғалім таңдап алған мәтінді немесе мәтін бөлігін іштерінен оқиды.

2. Білім алушылар жұптасып оқылған мәтіннен қандай негізгі ойды алуға болатынын талдайды. (*Мәтінде қандай сөз жиі кездесті? Неше рет? Қандай сөз қалың шрифтпен белгіленген? Неге? Егер сіз мәтінді дауыстап оқысаңыз , осы сөйлемнің басты сөйлем екенін қалай түсіндірер едіңіз? Фразаны дауыс арқылы бөліп көрсету туралы. Бұл жерде жаттап оқу бар*).

3. Білім алушылардың бірі кілт сөзді пайдаланып сұрақты тұжырымдайды, екіншісі оған жауап береді.

4. Кілт сөзді, сұрақтар мен жауапты сыныпта талдау. Түзету жұмыстары.

№ 4 стратегия. Екі түрлі жазбаларға арналған күнделік.

Мақсаты: оқу барысында сұрақ қою, ақпаратты сын көзбен қарап бағалау, оқылғанды өз тәжірибесімен салыстыру біліктілігін қалыптастыру .

1. Мұғалім білім алушылардың дәптерін екі бөлікке бөлуіне нұсқау береді.

2. Оқу процесінде білім алушылар дәптердің сол жағына таңғалдырған, әсер берген, фактілерді еске түсірген, көз алдына келтірген бір ассоциация кезеңдерін жазады; оң жағына – бұл кезеңнің несімен таңғалдырғанын, қандай ойға жетелегенін, қандай ассоциация туғызғаны туралы ықшамды түсініктеме жазады.

№ 5. стратегия Белгілеп оқу.

Мақсаты: ойланып оқуын, ақпараттарды бағалап, автордың ойын өз сөзімен тұжырымдап оқу біліктілігін қалыптастыру.

Мұғалім білім алушыларға келесі қадамдар бойынша ақпаратты жұлдызшалармен дәптердің жиегіне жазуға тапсырма береді :

v

Таныс ақпарат.

+

Жаңа ақпарат.

--

Мен басқаша ойлап едім.

?

Бұл мені таңғалдырды, одан да көп білгім келеді.

Бұл стратегия мұғалімге белсенді оқу іс-әрекетіне сәйкес қолайлы жағдай туғызуға, ал оқушыға алған ақпаратын жүйелеуге, автордың ойын өз сөзімен тұжырымдауға, ойланып оқуға мүмкіндік береді

«Қазақ әдебиеті» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жоспарлау және ұйымдастыру кезінде 2017-2018 оқу жылында аталып өтілетін мерейтойлық күнтізбелік күндерге назар аударуды ұсынамыз:

4 мамыр - әйгілі жырау, дана би, абыз, қазақ ауыз әдеби шығармашылығының көрнекті өкілі Бұқар Жырау Қалқаманұлының туғанына 350 жыл (1668);

25 маусым - Алаш қозғалысының қайраткері, ақын, қазақ әдебиетінің жарқын жұлдызы Мағжан Бекенұлы Жұмабаевтың туғанына 125 жыл(1893 - 1937);

15 тамыз - Ақын, Қазақстан Республикасының халық жазушысы, ҚазКСР Мемлекеттік сыйлығының лауреаты, «Халықтар Достығы» ордені мен бірқатар медальдардың иегері Ғафу Қайырбековтің туғанына 90 жыл (1928);

28 қазан -қазақ ақыны, ағартушы, қоғам қайраткері, ойшыл Сұлтанмахмұт Шоқпытұлы Торайғыровтың туғанына 125 жыл(1893);

Қазақ халқының әйгілі әнші-композиторы, ақын Ақан Сері (Ақжігіт) Қорамсаұлының дүниеге келгеніне 175 жыл (1843).

Оқыту қазақ тіліндегі мектептердегі қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімдеріне қосымша материалдар алу үшін ұсынылатын сайттар:

1. <http://nao.kz> - Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының ресми сайты;

2. <http://ustazuni.kz> - мұғалімдерге арналған сайт;

3. <https://infourok.ru/> - ұстаздарға арналған білім көтеру, ашық сабақтар сайты;

4. <http://abai.kz> - ақпараттық-танымдық сайт;

5. <http://u-s.kz> - ұстаздар сайты;
6. <http://ustaz.kz> - ашық сабақтар сайты;
7. <http://sabak> - сайт творческих учителей Казахстана;
8. <http://ojarovaroza.ucoz.kz> - қазақ тілі мен әдебиеті пән мұғалімінің портфолиосы
9. <http://sabaqtar.kz/kazaksh/> - Қазақстан ұстаздарына арналған әдістемелік сайт;
10. <http://bilimsite.kz/ustaz> - білімділер сайты;
11. <http://u-s.kz/publ/> - ұстаздар сайты;
12. <http://sabaq.kz> - ұстаздарға арналған танымдық-әдістемелік сайт;
13. <http://ped.kz> - ұстаздардың әлеуметтік порталы;
14. <http://oqu-zaman.kz> - ұстаздар мен оқушыларға арналған қосалқы білімді сайт;
15. <http://tarbie.org> - ұстаздар сайты;
16. <http://kazbilim-edu.kz> - оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін қазақ тілі сабақтарында тиімді пайдалану;
17. <http://bilimtime.kz> - Ұстаздарға арналған сайт.
18. <https://kundelik.kz/>

«Абайтану» курсы

«Абайтану» курсы курсы оқу бағдарламасы ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламасы арқылы жүзеге асырылады.

Курстың білім мазмұны ұлы ақын шығармаларын терең де, жан-жақты таныту арқылы елжанды, халқымыздың әдебиетін, өнерін, салт-дәстүрін, мәдениетін, тілін ұлттық құндылық ретінде бағалайтын, эстетикалық талғамы жоғары,білім, білік, дағдылармен қаруланған, түйген ойларын іс жүзінде өз кәдесіне жарата білетін, ұлттық сана-сезімі қалыптасқан, өркениетті қоғамда өмір сүруге лайықты, терең ойлайтын дара тұлға қалыптастыруға бағытталған.

Курсты қазақ тілі мен әдебиеті немесе біліктілікті арттыру және қайта даярлау бойынша арнайы курстардан өткен пән мұғалімдері жүргізеді. Мұғалімдерге көмек ретінде «Абайтану» курсы бағдарламасының мазмұнын жобалау мен өткізу бойынша әдістемелік құралдар әзірленіп, Академия сайтына (www.nao.kz) орналастырылды.

Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныбына арналған «Абайтану» курсы ҚР БҒМ 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларының вариативтік компоненті есебінен жүргізу ұсынылады.

Курс жүктемесінің көлемі:

10 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

11 - сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Курс бойынша білім алушылардың оқу жетістігін ағымдық бағалау, сондай-ақ емтихан және ұлттық бірыңғай тестілеу жүргізілмейді.

Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес сыныптар үшін)

В соответствии с государственной задачей развития полиязычия в Казахстане овладение русским языком должно соответствовать среднему уровню – 3 подуровень (В 2.1 - В 2.2) – 10 класс и послесреднему уровню (В 2) – 11 класс.

В 11 классе с углубленным изучением языков возможно (не обязательно) достижение уровня С1: понимание объемных сложных текстов на различную тематику, распознавание скрытого значения, владение спонтанной речью в быстром темпе, отсутствие затруднений с подбором слов и выражений; гибкое и эффективное использование языка для общения в научной и профессиональной деятельности; умение создать точное, детальное, хорошо выстроенное сообщение на сложные темы, владение моделями организации текста, средствами связи и объединением его элементов.

Важнейшими задачами учебного предмета «Русский язык» в 10-11 классах являются: воспитание и развитие средствами русского языка и литературы интеллектуальной, духовно-нравственной личности, способной жить и трудиться в условиях информационного и поликультурного общества; воспитание гражданственности и патриотизма, сознательного отношения к языку как явлению культуры; воспитание интереса и любви к русскому языку и литературе; развитие и совершенствование способности к речевому взаимодействию и социальной адаптации, готовности к трудовой деятельности, осознанному выбору профессии; навыков самоорганизации и саморазвития; информационных умений и навыков; совершенствование речемыслительной деятельности, коммуникативных умений и навыков, обеспечивающих свободное владение русским литературным языком в разных сферах и ситуациях его использования; приобщение учащихся к духовно-нравственным ценностям русской литературы, развитие у них художественного мышления; воспитание у учащихся средствами русской литературы интереса к чтению, формирование эстетического вкуса, этических представлений и высокой читательской культуры.

Русский язык необходим гражданину Республики Казахстан как основное средство общения с другими людьми. Литература, созданная на русском языке, является носителем важных для самосознания народа и отдельной личности смыслов. Язык и литература фиксируют исторический опыт поколений и передают его потомкам. Цель – формирование умений и навыков свободного владения русским языком во всех видах речевой деятельности (слушание, говорение, чтение, письмо), в избранных сферах применения языка; формирование средствами русского языка интеллектуальной, духовно-нравственной, коммуникативной, гражданской культуры учащихся. От качества освоения языка, от умения читать и понимать зависит общая и специальная грамотность человека (в том числе, математическая, естественнонаучная, инженерно-техническая и др.). Таким образом, освоение русского языка гражданами Республики Казахстан во всем его многообразии является важнейшей для государства задачей.

При наличии в классах 25 и более учащихся, класс делится на две группы,

в течение года при выбытии учащихся – группы не объединяются.

В 11-х классах с углубленным изучением языков возможно (не обязательно) достижение уровня С1: понимание объемных сложных текстов на различную тематику, распознавание скрытого значения, владение спонтанной речью в быстром темпе, отсутствие затруднений с подбором слов и выражений; гибкое и эффективное использование языка для общения в научной и профессиональной деятельности; умение создать точное, детальное, хорошо выстроенное сообщение на сложные темы, владение моделями организации текста, средствами связи и объединением его элементов.

Соответственно предложенному в государственном общеобязательном стандарте образования Республики Казахстан в школах с нерусским языком обучения предмет «Русский язык» изучается в 10-11 классах общественно-гуманитарного направления – по 2 часа в неделю (объем учебной нагрузки за учебный год по предмету «Русский язык»: 10 класс (ОГН) – 68 часов; 11 класс (ОГН) – 68 часов); естественно-математического направления – по 1 часу в неделю (объем учебной нагрузки за учебный год по предмету «Русский язык» составляет: в 10 классе ЕМН – в неделю 1 час, всего – 34 часа; в 11 классе ЕМН – в неделю 1 час, всего – 34 часа).

Формами письменной работы в 10-11 классах являются диктант, изложение, сочинение, в том числе эссе. В каждой четверти проводится в среднем 1 диктант (в первой четверти допускается 2 диктанта), 1 изложение, 1 сочинение (эссе). Сочинения-эссе могут быть классными и домашними.

Объем контрольного диктанта по русскому языку для 10-11 классов школ с казахским языком обучения:

10 класс – 100-110 слов, 11 класс – 110-120 слов.

Объем словарного диктанта: 10-11 классы – 35-40 слов.

Примерный объем текста для подробного изложения:

10 класс – 160-170 слов, 11 класс – 170-180 слов.

Диктанты оцениваются одной оценкой, которая считается оценкой по русскому языку. Диктанты с грамматическим заданием оцениваются двумя оценками и заносятся через дробь в журнал по предмету «Русский язык».

Для сжатого изложения, а также итоговых и контрольных изложений объем текста может быть увеличен на 30 - 60 слов. Изложения оцениваются двумя оценками и заносятся через дробь в журнал по предмету «Русский язык».

Примерный объем сочинений:

10 класс – 2 – 2,5 страницы (600-1000 слов), 11 класс – 3 - 3,5 страницы (1000-1200 слов). Сочинения-эссе могут иметь меньший объем. Сочинения оцениваются двумя оценками, выставляются через дробь по предмету «Русский язык».

В любой проверяемой работе по русскому языку исправляются все допущенные учащимися ошибки (с вынесением на поля обозначений категории ошибок). Все графические работы проводятся в тетради простым карандашом.

Ведение ученических тетрадей, соблюдение единого орфографического режима и нормы оценивания.

Для выполнения всех видов обучающих работ учащиеся должны иметь

следующее количество тетрадей:

по русскому языку в 10-11 классах - 2 рабочие тетради, 1 тетрадь для контрольных работ (находится у учителя) и 1 тетрадь по развитию речи - для сочинений, изложений по русскому языку.

Диктант оценивается одной оценкой

Оценка «5» выставляется за безошибочную работу, а также при наличии в ней 1 негрубой орфографической или 1 негрубой пунктуационной ошибки.

Оценка «4» выставляется при наличии в диктанте 2 орфографических и пунктуационных ошибок, или 1 орфографической и 3 пунктуационных ошибок, 4 пунктуационных ошибок при отсутствии орфографических ошибок.

Оценка «4» может выставляться при 3 орфографических ошибках, если среди них есть однотипные.

Оценка «3» выставляется за диктант, в котором допущены 4 орфографических и 5 пунктуационных ошибок, 7 пунктуационных ошибок при отсутствии орфографических ошибок. В 5 классе допускается выставление «3» за диктант при 5 орфографических и 4 пунктуационных ошибках. Оценка «3» может быть выставлена также при 6 орфографических и 6 пунктуационных ошибках, если среди тех и других однотипные и негрубые ошибки.

Оценка «2» выставляется за диктант, в котором допущено до 7 орфографических и 7 пунктуационных ошибок, или 6 орфографических и 8 пунктуационных ошибок, 5 орфографических и 9 пунктуационных ошибок, 8 орфографических и 6 пунктуационных ошибок.

При оценке контрольного словарного диктанта рекомендуется руководствоваться следующим:

Оценка «5» ставится за диктант, в котором нет ошибок.

Оценка «4» ставится за диктант, в котором ученик допустил 1-2 ошибки.

Оценка «3» ставится за диктант, в котором допущено 3-4 ошибки.

Оценка «2» ставится за диктант, в котором допущено до 7 ошибок.

При оценке диктанта исправляются, но не учитываются орфографические и пунктуационные ошибки:

- 1) на правила, которые не включены в школьную программу;
- 2) на еще не изученные правила;
- 3) в словах с непроверяемыми написаниями, над которыми не проводилась специальная работа;
- 4) в передаче авторской пунктуации.

Исправляются, но не учитываются опiski, неправильные написания, искажающие звуковой облик слова, например: «рапотает» (вместо *работает*), «дулпо» (вместо *дуло*), «мемля» (вместо *земля*).

При оценке диктантов важно также учитывать характер ошибок.

Среди ошибок следует выделять негрубые, т.е. не имеющие существенного значения для характеристики грамотности. При подсчете ошибок две негрубые считаются за одну.

К негрубым относятся ошибки:

- 1) в исключениях из правил;

- 2) в написании большой буквы в составных собственных наименованиях;
- 3) в случаях слитного и раздельного написания приставок в наречиях, образованных от существительных с предлогами, правописание которых не регулируется правилами;
- 4) в случаях раздельного и слитного написания *не* с прилагательными и причастиями, выступающими в роли сказуемого;
- 5) в написании *ы* и *и* после приставок;
- 6) в случаях трудного различия *не* и *ни* (*Куда он только не обращался! Куда он ни обращался, никто не мог дать ему ответ. Никто иной не...; не кто иной, как; ничто иное не...; не что иное, как* и др.);
- 7) в собственных именах нерусского происхождения;
- 8) в случаях, когда вместо одного знака препинания поставлен другой;
- 9) в пропуске одного из сочетающихся знаков препинания или в нарушении их последовательности.

Необходимо учитывать также повторяемость и однотипность ошибок. Если ошибка повторяется в одном и том же слове или в корне однокоренных слов, то она считается за одну ошибку.

Однотипными считаются ошибки на одно правило, если условия выбора правильного написания заключены в грамматических (*в армии, в здании; колют, борются*) и фонетических (*пирожок, сверчок*) особенностях данного слова.

Не считаются однотипными ошибки на такое правило, в котором для выяснения правильного написания одного слова требуется подобрать другое (опорное) слово или его форму (*вода — воды, рот — ротик, грустный — грустить, резкий — резок*).

Первые три однотипные ошибки считаются за одну, каждая следующая подобная ошибка учитывается как самостоятельная.

Требования к оформлению и ведению тетрадей.

Учащиеся пользуются стандартными тетрадями, состоящие из 12-18 листов. Тетрадь по предмету должна иметь аккуратный внешний вид. На ее обложке (первой странице) делается следующая запись:

Тетрадь
для _____

ученика(цы) _10 «А» класса
средней школы №_2_
Фамилия, имя (в Р.П.) _____

На обложке тетрадей для контрольных работ, работ по развитию речи делаются соответствующие записи.

При выполнении работ учащимся не разрешается писать на полях. Обязательным является соблюдение правила «красной» строки в тетрадях.

Дата выполнения работы и название месяца записывается в строку

прописными буквами без точек. На каждом уроке в тетрадях следует записывать его тему, указать вид выполняемой работы (классная, домашняя, самостоятельная, диктант, изложение, сочинение и др.). При выполнении домашней работы в тетрадях учащиеся должны сделать следующую запись - Упражнение 34.

Устанавливается следующий порядок пропуска клеток и линеек в тетрадях:

по русскому языку – линейки внутри одной работы не пропускаются, между домашней и классной работой пропускают 2 линейки.

Итоговые контрольные работы по русской речи выполняются в специальных тетрадях, предназначенных для этого вида работ, поэтому слова «Контрольная работа» не пишутся: в тетрадях по русскому языку записывается только вид работы (например, диктант). Учащиеся ведут записи в тетрадях синей или фиолетовой пастой. Карандаш используется при подчеркивании, составлении таблиц и др. Учащимся запрещается писать в тетрадях красной пастой. По русской речи, русскому языку и литературе проводятся текущие и итоговые письменные контрольные работы, самостоятельные работы, контроль знаний в форме теста.

Текущие контрольные работы имеют целью проверку усвоения изучаемого и проверяемого программного материала; их содержание и частотность определяются учителем с учетом степени сложности изучаемого материала, а также особенностей обучающихся каждого класса. Для проведения текущих контрольных работ учитель может отводить весь урок или только часть его.

Итоговые контрольные работы проводятся:

- после изучения наиболее значимых тем программы,
- в конце учебной четверти,
- в конце полугодия.

В целях предупреждения перегрузки обучающихся время проведения текущих и итоговых контрольных работ определяется общешкольным графиком, составляемым администрацией школы по согласованию с учителями.

В один рабочий день следует давать в классе только одну письменную текущую или итоговую контрольную работу.

При планировании контрольных работ в каждом классе необходимо предусмотреть равномерное их распределение в течение всей четверти, не допуская скопления письменных контрольных работ к концу четверти, полугодия.

Запрещается проводить контрольные работы в первый день четверти, в первый день после праздника, в понедельник.

Самостоятельные работы или тестирование могут быть рассчитаны как на целый урок, так и на часть урока, в зависимости от цели проведения контроля.

Порядок проверки письменных работ учащихся.

Тетради учащихся, в которых выполняют обучающие классные и домашние работы, проверяются по русской речи:

в 10-11 классах - после каждого урока у слабых учащихся, а у остальных проверяются не все работы, а наиболее значимые по своей важности, но с таким расчётом, чтобы 2 раза в месяц учителем проверялись тетради всех учащихся.

Контрольные диктанты в 10-11 классах проверяются и возвращаются учащимся для работы над ошибками к следующему уроку; изложения и сочинения проверяются и возвращаются учащимся не позже чем через 2 дня, а в 10-11 классах – через неделю.

Филологическое образование тесно связано с формированием информационной культуры человека. Именно на филологической основе развивается важнейшая для современного человека компетенция – умение ориентироваться в нарастающем информационном потоке, определяя достоверность информации, корректно её, анализируя и интерпретируя.

Приоритетными направлениями в преподавании учебного предмета **«Русская литература»** являются:

- воспитание учащихся, формирование их духовно-нравственного мира, мировоззрения; воспитание патриотического чувства, толерантности;

- развитие и совершенствование всех видов речевой деятельности учащихся на русском языке на основе изучения произведений русской литературы;

- тесная связь изучения русской литературы с русским языком и казахским языком, казахской литературой.

Включение в традиционную форму урока блоков, интегрирующих материал русской и родной казахской литературы на основе общности тематики, проблематики, нравственных идеалов, ассоциативных связей;

- использование, наряду с формой традиционного урока, современных активных форм урока, опирающихся на принцип диалогизации, которые способствуют совершенствованию культуры межличностного общения, развивают неподготовленную связную речь учащихся на русском языке;

- воспитание на основе изучения казахской и русской литератур толерантности, уважительного отношения к литературе, традициям, обычаям, культуре, истории народов, проживающих в Республике Казахстан;

- изучение теоретико-литературных понятий в соотношении со знаниями, которые учащиеся приобретают в курсе казахской литературы. Особый упор необходимо сделать на изучение тех понятий, которые не имеют соответствия в казахской литературе учащихся. При использовании теоретико-литературных понятий в практике школьного анализа художественных текстов следует избегать излишнего наукообразия, учитывая национальный фактор, рассматривая понятие как необходимый инструмент постижения художественной сути произведения;

- перспективным направлением изучения русской литературы в школах с нерусским языком обучения является культуроведческий аспект, что является одной из новых стратегий образования вообще и литературного образования, в частности;

- реализация на уроках литературы внутрипредметных и межпредметных связей. Межпредметные связи осуществляются в первую очередь с предметами

«Русский язык» и «Казахская литература», «Казахский язык». Изучение литературы тесно связано с изучением истории Казахстана;

- реализация деятельностного, практикоориентированного и личностно-ориентированного подходов путём использования разнообразных видов деятельности, в том числе направленных на возможность самореализации личности учащегося (сочинения на литературные темы и по жизненным впечатлениям, собственные интерпретации литературных произведений, творческие работы различных жанров на русском языке, перевод фрагментов текста с русского языка на родной казахский и с родного казахского на русский и др.);

- формирование общих учебных умений и навыков и обобщенных способов деятельности, таких, как: сопоставление, классификация, умение анализировать, высказывать свое мнение, доказывать, аргументировать;

- формирование информационной культуры учащихся (умение грамотно использовать для решения познавательных и коммуникативных задач различные источники информации, в том числе мультимедийные ресурсы, ресурсы интернета и другие базы данных).

В связи с этим при обучении русской литературе необходимо усилить работу по формированию данного компонента функциональной грамотности как необходимого навыка использования знаний и умений для решения широкого диапазона жизненных задач в различных сферах человеческой деятельности, также в межличностном общении и социальных отношениях.

Изучение литературы, освоение воплощенных в литературе образцовых форм русской речи играет ведущую роль в процессах воспитания личности, развития ее нравственных качеств и творческих способностей, в приобщении к отечественной и мировой культуре, в продолжение национальных традиций и исторической преемственности поколений.

Количество часов в неделю по литературе составляет:

общественно-гуманитарное направление:

- в 10 классе 2 часа в неделю, общее количество – 68 часов; из них на: чтение и изучение – 58 часов, внеклассное чтение – 4 часа, развитие речи – 6 часов;

- в 11 классе 1 час в неделю, общее количество – 34 часа; из них на: чтение и изучение – 28 часов, внеклассное чтение – 4 часа, развитие речи – 2 часа;

естественно-математическое направление:

- в 10, 11 классах 1 час в неделю, общее количество – 34 часа; из них на: чтение и изучение – 30 часов, внеклассное чтение – 2 часа, развитие речи – 2 часа.

Ведение тетрадей: в 10-11 классах - по 2 тетради (1 рабочая, 1 тетрадь для творческих работ - сочинений).

Все литературные произведения, на которые отводятся часы, предназначены для обязательного изучения.

По русской литературе проводятся текущие и итоговые письменные контрольные работы, самостоятельные работы, контроль знаний в форме теста.

Текущие контрольные работы имеют целью проверку усвоения изучаемого и проверяемого программного материала; их содержание и частотность определяются учителем с учетом степени сложности изучаемого материала, а также особенностей обучающихся каждого класса. Для проведения текущих контрольных работ учитель может отводить весь урок или только часть его.

Отметки за сочинение (выполняется в тетрадях по развитию речи) по русской литературе выставляются по литературе через дробь в одну графу: первая – за содержание, вторая – за грамотность. Ошибки выносятся графически на поля и подсчитываются. При написании домашнего сочинения или других творческих работ отметка за работу выставляется в графу, соответствующую дате, когда давалось задание, или дате, когда проходила защита творческой работы.

Изложение и сочинение оценивается двумя оценками: первая – за содержание работы и речь, вторая – за грамотность (в журнале ее рекомендуется ставить на странице «Русский язык» и учитывать при выставлении итоговой оценки по русскому языку)

При выставлении оценки за содержание и речевое оформление согласно установленным нормам необходимо учитывать все требования, предъявляемые к раскрытию темы, а также к соблюдению речевых норм (богатство, выразительность, точность).

При выставлении второй оценки учитывается количество орфографических, пунктуационных и грамматических ошибок. Грамматические ошибки, таким образом, не учитываются при оценке языкового оформления сочинений и изложений.

Таблица 42 – Основные критерии оценки за изложение и сочинение

Оценка	Содержание и речь	Грамотность
«5»	1.Содержание работы полностью соответствует теме. 2.Фактические ошибки отсутствуют. 3.Содержание излагается последовательно. 4.Работа отличается богатством словаря, разнообразием используемых синтаксических конструкций, точностью словоупотребления. 5.Достигнуты стилевое единство и выразительность текста. В целом в работе допускается 1 недочет в содержании 1-2 речевых недочета.	Допускаются: 1 орфографическая, или 1 пунктуационная, или 1 грамматическая ошибки
«4»	1.Содержание работы в основном соответствует теме (имеются незначительные отклонения от темы). 2.Содержание в основном достоверно, но	Допускаются: 2 орфографические и 2 пунктуационные ошибки, или 1

	<p>имеются единичные фактические неточности.</p> <p>3.Имеются незначительные нарушения последовательности в изложении мыслей.</p> <p>4.Лексический и грамматический строй речи достаточно разнообразен.</p> <p>5.Стиль работы отличается единством и достаточной выразительностью.</p> <p>В целом в работе допускается не более 2 недочетов в содержании и не более 3-4 речевых недочетов.</p>	<p>орфографическая и 3 пунктуационные ошибки, или 4 пунктуационные ошибки при отсутствии орфографических ошибок, а также 2 грамматические ошибки</p>
«3»	<p>1.В работе допущены существенные отклонения</p> <p>2.Работа достоверна в главном, но в ней имеются отдельные фактические неточности.</p> <p>3.Допущены отдельные нарушения последовательности изложения</p> <p>4.Беден словарь и однообразны употребляемые синтаксические конструкции, встречается неправильное словоупотребление.</p> <p>5.Стиль работы не отличается единством, речь недостаточно выразительна.</p> <p>В целом в работе допускается не более 4 недочетов в содержании и 5 речевых недочетов.</p>	<p>Допускаются:</p> <p>4 орфографические и 4 пунктуационные ошибки, или 3 орф. и 5 пунк., или 7 пунк. при отсутствии орфографических (в 5 кл.-5 орф. и 4 пунк., а также 4 грамматических ошибки</p>
«2»	<p>Работа не соответствует теме. Допущено много фактических неточностей. Нарушена последовательность мыслей во всех частях работы, отсутствует связь между ними, работа не соответствует плану. Крайне беден словарь, работа написана короткими однотипными предложениями со слабо выраженной связью между ними, часты случаи неправильного словоупотребления. Нарушено стилевое единство текста. В целом в работе допущено 6 недочетов и до 7 речевых недочетов</p>	<p>Допускаются:</p> <p>7 орф. и 7 пунк. ошибок, или 6 орф. и 8 пунк., или 5 орф. и 9 пунк., или 9 пунк., или 8 орф. и 5пунк., а также 7 грамматических ошибок</p>

Оценка обучающих работ

Обучающие работы (различные упражнения и диктанты неконтрольного характера) оцениваются более строго, чем контрольные работы.

При оценке обучающих работ учитываются:

1) степень самостоятельности учащегося;

- 2) этап обучения;
- 3) объем работы;
- 4) четкость, аккуратность, каллиграфическая правильность письма.

Если возможные ошибки были предупреждены в ходе работы, оценки «5» и «4» ставятся только в том случае, когда ученик не допустил ошибок или допустил, но исправил ошибку. При этом выбор одной из оценок при одинаковом уровне грамотности и содержания определяется степенью аккуратности записи, подчеркиваний и других особенностей оформления, а также наличием или отсутствием описок. В работе, превышающей по количеству слов объем диктантов для данного класса, для оценки «4» допустимо и 2 исправления ошибок.

Первая и вторая работа, как классная, так и домашняя, при закреплении определенного умения или навыка проверяется, но по усмотрению учителя может не оцениваться.

Самостоятельные работы, выполненные без предшествовавшего анализа возможных ошибок, оцениваются по нормам для контрольных работ соответствующего или близкого вида.

Порядок проверки письменных работ учащихся

Тетради учащихся, в которых выполняются обучающие классные и домашние работы, проверяются по литературе:

- в 10-11 классах – не реже одного раза в месяц.

Сочинения в 10-11 классах проверяются не более 10 дней.

Для организации деятельности методических объединений учителей русского языка и литературы в 2017-2018 учебном году рекомендуется провести 4 заседания, организовать работу школы совершенствования педагогического мастерства, творческой группы и иных методических формирований, деятельность которых планируется с учетом кадрового состава педагогических работников, а также с учетом интересов и запросов учителей, профессиональных умений и навыков. Особое внимание необходимо уделить работе с молодыми педагогами. Деятельность школы молодого учителя должна быть направлена на адаптацию педагогов к профессии, оказание им помощи в овладении основами профессионального мастерства, формирование у них потребности в непрерывном самообразовании.

На заседаниях методических формирований учителей русского языка и литературы (методическое объединение, школа молодого учителя, школа совершенствования педагогического мастерства, творческие группы и др.) рекомендуется рассмотреть актуальные вопросы теории и методики преподавания предметов с учетом имеющегося эффективного педагогического опыта педагогов региона.

При планировании и организации внеклассной работы по учебным предметам рекомендуется обратить внимание на календарь юбилейных дат, которые будут отмечаться в 2017-2018 учебном году:

2 июля - 75 лет со дня рождения (1942) казахского поэта, писателя Мухтара Шаханова;

5 сентябрь - 200 лет со дня рождения русского поэта, писателя, драматурга Алексея Константиновича Толстого (1817-1875);

28 сентябрь - 120 лет со дня рождения (1897-1961) казахского писателя Мухтара Ауэзова;

8 октябрь - 125 лет со дня рождения русской поэтессы Марины Ивановны Цветаевой (1892-1941);

3 ноябрь - 130 лет со дня рождения русского поэта Самуила Яковлевича Маршака (1887-1964);

26 декабрь - 110 лет со дня рождения (1907-2003) народного писателя Казахстана, поэта Дихана Абилева;

25 январь - 80 лет со дня рождения В. Высоцкого, поэта, музыканта и актёра (25.01.1938);

8 сентябрь - 95 лет со дня рождения Р. Гамзатова, поэта, прозаика и публициста (8.09.1923);

9 сентябрь - 190 лет со дня рождения Л.Н. Толстого, русского писателя и мыслителя (09.09.1828);

9 ноябрь - 200 лет со дня рождения И. С. Тургенева русского писателя, поэта, публициста (09.11.1818);

23 ноябрь - 110 лет со дня рождения Н. Носова, детского писателя-прозаика, драматурга (23.11.1908);

1 декабрь - 105 лет со дня рождения В. Драгунского, русского советского писателя (1.12.1913);

5 декабрь - 205 лет со дня рождения Ф.И. Тютчева, знаменитого русского поэта и дипломата (05.12.1803).

Шет тілі

«Шет тілі» пәнін жалпы орта білім беру деңгейіндегі тілдерді меңгерудің жалпы еуропалық деңгейлеріне қатысты:

10-сынып – В1 («Қалыптасқан игерім 1»);

11-сынып – В1+В2 («Қалыптасқан игерім 1.2»).

Шет тілін оқытуды тәрбиелеу құралы ретінде, танымдық және басқа ұлттар мәдениетімен және оны тасымалдаушылармен өзара әрекет ету құралы ретінде болашақта бәсекеге қабілетті маман даярлау үшін оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамытуға, болашақта шет тілін меңгеру дағдысының артуын ілгерілетуге бағытталған. Функционалды сауаттылықты дамыту нәтижесінің бірі - шет тіліндегі өнімді жазбаша, ауызша коммуникацияға қабілеттілігі.

Орта мектептің жоғары сынып білім алушыларына шет тілін оқытудың мақсаттары мен міндеттері осылайша туындаған.

10-11-сыныптардағы шет тілін оқытудың басты мақсаты - білім алушылардың мәдени сұхбат жасауда, әсіресе, жастар туризмі, білім саласында өзіндік білімін көтеруде, Қазақстан Республикасында тұратын басқа ұлт өкілдерінің мәдениетімен, тұрмыс-тіршіліктерінің ерекшелігімен танысуда, Қазақстанның әлемдік мәдениетке қосқан үлесімен танысуда қарым-қатынас құралы ретінде шет тілін пайдалану мүмкіндігін дамытудан тұрады.

10-11-сыныптарда шет тілі пәнін оқытудың міндеттері:

- оқушылардың шет тіліндегі жалпы мәдениаралық қарым-қатынаста әлеуметтік-тұрмыстық және кәсіптік оқу саладағы коммуникативтік мәдениеті мен әлеуметтік білімін дамыту;

- жалпы мәдени үлгіде түрлі мәдениеттану ақпараттарын жинақтау, жүйелеу мен өңдей білуді дамыту және коммуникативті-танымдық мәселелерді шеше білуде түсіндіру, қолдана білу;

- пікірталастық қарым-қатынаста ағылшын тілді елдер мен Қазақстанда адамдардың мәдениеті, өмір сүру салты мен стилін шет тілінде әдеп негізінде оқыту;

- шет тілінің вариативтілігі мен оның ағылшын тілді және әлемнің басқа елдерінде қолданылу ерекшелігін, ресми және бейресми қарым-қатынастағы ауызша және жазбаша мәтіндердің құрылымдық ерекшелігі туралы білім алушылардың филологиялық білімдерін тереңдету;

- білім алушыларды тілдік, сөйлеу және әлеуметтік-мәдени құзыреттілік қалыптасу деңгейінде өзін-өзі бағалау негізіне оқыту және өзінің тілдік білімін жетілдіру қажеттілігін дамыту.

Шет тілін меңгеру заманауи коммуникативтік әдістер көмегімен оқушылардың интерактивті дағдыларын дамытуға мүмкіндік жасау және басқалармен қарым-қатынас жасау негізінде жақсы өткізуші болуын дамыту. Шет тілін білетін жақсы коммуникативті дағдылары бар оқушылар Қазақстан елінің дамуына өз үлестерін қосады.

Заманауи әлемдегі жаппай жаһандық коммуникация бойынша шет тілінде қарым-қатынас жасай білу біліктілігінің шешуші маңызы бар. Білім алушылар шет тілінде оқи білулері, жаза алулары және шет тілінде өзінің қатарластарымен және мұғалімдерімен түсінісіп, жоғары деңгейде қарым-қатынас жасай алулары керек. Шет тілі коммуникация, ғылым, бизнес, бос уақыт, саяхат және спорт саласында жиі қолданылады. Білім алушының шет тілі бойынша меңгерген жақсы білімі өзінің білімдік, экономикалық, әлеуметтік және мәдени тұрғыда дамуына зор мүмкіндік береді .

Орта мектепте шет тілінде білім беруді аяқтау кезеңінің негізгі айырмашылығы – шет тілі бейіндік оқытуды жүзеге асырудың құралы болып табылуында. Нақты бейіндік бағыт, яғни оқу мазмұнын қайта құрылымдау есебінен, жалпы білім беру тақырыптарын қысқартумен, болашақ білім алушыларды мамандыққа бағытталған оқу материалының кіріспесімен, коммуникативтік құзыреттілікті сөздік қорды байыту жолымен, мәтіндік материал негізінде бейіндік бағытты жетілдіру арқылы қол жеткізіледі.

Сондай-ақ, жоғары сыныптарда «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын жүзеге асыру жалғасын табуы тиіс. Бұл орайда қазіргі әлемде және Қазақстанда шет тілін білудің қажеттілігі мен маңыздылығы болашақта лауазымдық өсуге, кәсіби дамуға зор мүмкіндіктер ашатынын түсінуді қалыптастыру қажет. Шет тілі сабақтарындағы тыңдау материалдарын пайдалану - жас ерекшеліктері мен жоғары сынып оқушыларының тұлғалық мүддесіне жауап беруі, елдегі оқытылатын тілдің олардың кәсіптік бағдарлық және қайта даярлаумен танысуды қамтамасыз етуге, таңдаған кәсіптің ерекшелігімен және шет тілінің

болашақ мамандықты меңгерудегі рөлімен танысуға, ғылыми-техникалық және мәдени өрлеуге қосылуға, таңдап алған салада кәсіби бағыттағы жалпы ой-өрісін кеңейтуді қамтамасыз етуі қажет.

Бейіндік бағыттағы оқу материалдарымен жұмыс істеу кейбір продуктивті, рецептивті тілдік минимумдарды ұлғайтуға, сондай-ақ білімін, сөйлеу қызметінің барлық түрінде шеберлігі мен дағдысын арттыруға, әрі қарай колледждер мен жоғары оқу орындарында бейіндік бағыттағы базаны жалғастырып оқуға мүмкіндік береді.

Тұлғалық және бейіндік бағыттағы оқыту мазмұны мен шығармашылық-креативті оқыту деңгейін көтеруге мүмкіндігі бар қолданылған оқыту технологиялары жалпыеуропалық стандартқа сәйкес шет тілдерін B1+B2 деңгейінде білуді қамтамасыз етуі тиіс. Білім алушылар тілдік және сөйлеу тақырыптарын игеруі тиіс, әңгімелесу барысында тілдік материалды пайдалану, оқу және нақты тақырыптар шеңберінде коммуникативтік міндеттерге сәйкес ауызша және жазбаша түрдегі монологтік және диалогтік сөйлеулерді түсіну және ой қорытуы тиіс.

Шет тілі бойынша сағат саны:

- қоғамдық-гуманитарлық бағыты:

10-11-сыныптарда – аптасына 3 сағаттан, жылына жалпы сағат саны – 6102 сағатты құрайды;

- жаратылыстану-математикалық бағыты:

10-11-сыныптарда аптасына 2 сағаттан, жылына жалпы сағат саны – 68 сағатты құрайды.

Оқушы дәптерлерінің саны мен түрлері

Білім алушылар 10-11-сыныптарда шет тілдері бойынша оқытуда барлық жұмыс түрлерін орындау үшін 1 жұмыс дәптері (егер оқулықпен бірге арнайы дәптерлері болса, онда жұмыс дәптерін жүргізу қажет емес, өйткені жұмыс кітабы тақырыптар бойынша толық жаттығулар жиынтығын қамтыған, осыған орай 1 дәптер жүргізу ұсынылады), шет тіліндегі сөздерді жазу үшін 1 сөздік дәптері, бақылау және жазба жұмыстарына арналған 1 дәптері (кабинетте жыл бойына сақталады) болуы қажет.

Қазіргі білім беруде заманауи бағытты, соның ішінде шет тілдерді оқыту бойынша процесті ескере отырып, сөздік дәптерін үш тілде жүргізу ұсынылады (қазақ, орыс, ағылшын). Сонымен қатар, дұрыс дыбыстауға дағдыландыратын транскрипцияға ерекше көңіл бөлу керек және жеке сөздерді жазумен ғана шектелмей, сөздер мен идиомалық тіркестерді де жазып отыру қажет.

Оқушы дәптерін жүргізуге қойылатын негізгі талаптар:

- дәптердің сырты оң жақтағы жоғарғы бұрышына қаланың, мектептің, сыныптың, пәннің атуы мен оқушының тегі, аты шет тілінде жазылып толтырылады;

- дәптердегі жазулар тек шет тілінде жүргізіледі;

- ай аты мен күн реті жазбаша жазылады;

- міндетті түрде жаттығу нөмірі мен беті көрсетіледі;

- мұғалім оқушының қателерін көрсетіп, түсініктемелерімен бағаны дәптердің сол жағына қояды;

- оқушылар дәптерлеріне жазуды көк немесе күлгін сиялы қаламмен жүргізеді. Қара және жасыл сияларды, қарындашты астын сызуға немесе кесте құрғанда қолдана алады. Оқушыларға қызыл сиямен жазуға болмайды.

Дәптерлерді тексеруге қойылатын негізгі талаптар:

Мұғалім оқушылардың жұмыс дәптерін тексергенде келесі тәртіпті ұстанады:

10-11-сыныптарда маңызды деген жұмыстар 2 аптада 1 рет тексеріледі.

Барлық оқушылардың бақылау жұмыстары мен жазба тапсырмалары тексеріледі. Мұғалім бақылау жұмыстарын тексеруде келесі мерзімді ескеру керек: бақылау жұмыстары мен жазба тапсырмаларын келесі сабаққа дейін тексеру қажет; тексергеннен кейін қатемен жұмыс жүргізеді; оқушылардың бақылау жұмыс дәптерлерін жыл бойына сақтайды.

10-11-сыныптарда шет тілі бойынша тексерген жұмыстарда оқушының жіберген қателерін түзетуде келесі ережелерді басшылыққа алады:

- дұрыс емес пунктуациялық қате сызылады, дұрысы қызыл сиямен үстіне жазылады;

- 10-11- сыныптарда эссе тексеру барысында орфографиялық және пунктуациялық қателермен қатар грамматикалық және тілдік қателерді де белгілейді;

- 10-11 - сыныптарда шет тілі бойынша оқушы жіберген қатені түзеп, дұрыс әріпті жазады.

Ұсынылатын бақылау жұмыстарының нормалары

Алған білімдерінің динамикасы мен мониторингін анықтау үшін оқу жылында 7 бақылау жұмысын жүргізу ұсынылады. Жаңа форматтағы ҰБТ стандартына сәйкес тестілеу тапсырмаларын 40 сұраққа дейін көбейту ұсынылады.

№1 кіріспе тест. Бұл жұмыс түрі өткен оқу жылында алған білімдердің диагностикасы мен бақылауын қарастырады, тек лексика-грамматикалық аспектілерін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 40, жауаптар нұсқаларының саны-5. Бұл жұмыс түрін ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға – 9-24 балл. «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқу жылының бірінші күндерінен бастап оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

Шет тілі бойынша № 2 бақылау жұмысы – 1-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма. Бағалау ҰБТ жүйесі бойынша ұсынылады. «5» деген баға – 33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 балға қойылады.

Шет тілі бойынша № 3 бақылау жұмысы – 2-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша –

10 тапсырма. Бағалау ҰБТ жүйесі бойынша ұсынылады. «5» деген баға –33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 баллға қойылады.

№ 4 диагностикалық тест. Бұл алдыңғы екі оқу тоқсанда алған білімдердің бақылау мен динамикасын қарастырады, тек лексика-грамматикалық аспектісін қамтиды. Тест тапсырмаларының саны - 40, жауаптар нұсқаларының саны-5. Бұл жұмыс түрін ҰБТ жүйесі бойынша бағалау ұсынылады. «5» деген баға – 33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 баллға қойылады «2» деген бағаны қою ұсынылмайды, өйткені оқушының пәнге деген қызығушылығы мен ынтасын төмендетуі мүмкін.

Шет тілі бойынша № 5 бақылау жұмысы – 3-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма. Бағалау ҰБТ жүйесі бойынша ұсынылады. «5» деген баға –33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 баллға қойылады.

Шет тілі бойынша № 6 бақылау жұмысы – 4-тоқсан қорытындысы бойынша. Бұл бақылау жұмысы тіл дамытудың барлық бағыттарын есепке ала отырып, 1-ші тоқсанда меңгерген материалды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма. Бағалау ҰБТ жүйесі бойынша ұсынылады. «5» деген баға –33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 баллға қойылады.

Шет тілі бойынша №7 бақылау жұмысы – Оқу жылы бойынша барлық оқылған тақырыптарды қамтиды. Лексика, грамматика бойынша 20 тапсырма, тыңдалым бойынша-10 тапсырма, оқылым бойынша – 10 тапсырма. Бағалау ҰБТ жүйесі бойынша ұсынылады. «5» деген баға –33-40 балл, «4» деген баға -25-32 балл, «3» деген баға –9-24 баллға қойылады.

Ұсынылатын жазба жұмыстадың нормалары:

Оқушылардың функционалдық сауаттылығын дамыту үшін жазба жұмыстарын, соның ішінде эссе жазу ұсынылады. Жұмыстың бұл түрі оқушылардың сын тұрғысынан ойлауын және жазылым дағдыларын дамытуына мүмкіндік береді. Эссе жазуда келесі сөздердің нормаларын ұсынамыз (барлық артикль сөздерді, есімдіктер мен қосымшаларды ескере отырып):

- 10-11-сыныпта 140-150 сөз

Оқытылатын пәнге деген уәж бен қызығушылықты арттыру үшін пән бойынша үйірме жұмысының бір түрін ұйымдастыруға болады, мысалы мәнерлеп оқу клубы. Бұл клубтың мақсаты - шетел әдебиетіне деген қызығушылықты арттыру.

«Полиглот» клубы – көптілдікті дамытады және т.б. Клуб мүшелерінің жиыны ең аз дегенде жылына 4 рет болады, соңғысы есеп беру.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестіктері

Кемінде 3 шет тілі мұғалімнен құрылған бірлестік шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі болып табылады. 2017-2018 оқу жылында әдістемелік бірлестік жұмысының негізгі бағыттары:

- жаңа нормативті - құқықтық құжаттарды зерделеу («100 нақты қадам» Ұлт жоспарының 79-шы қадамы, Балалар құқықтары туралы конвенция, «Еңбек туралы», «Білім туралы» ҚР Заңдары);

- мұғалім-кеңесшінің, көмекшінің негізгі міндеттерін атқаруда шығармашылық тәсілмен кәсіби құзыреттілікті шыңдау;

- оқытуда жаңа технологияларды қолдану;

- оқу процесін жаңартылған білім мазмұны жағдайында ұйымдастыру ;

- шет тілі мұғалімдерінің жеке біліктіліктерін арттыру және өздігінен білім алуы;

- шет тіліндегі ілгері басқан процестерді зерделеу;

- оқушылардың білім сапасын артыру үшін шет тілі бойынша оқытудағы электронды дереккөздерді пайдалану.

Шет тілі мұғалімдерінің әдістемелік бірлестігі, оқу жылы басында жұмыс жоспарында көрсетілген бірқатар міндеттер қояды. Әдістемелік бірлестіктің жоспары барлық мүшелерімен келісіліп құрылады, міндеттер өзара тең бөлінеді. Жоспар оқу жылының әр айына құрылып, оқу мекемесінің басты міндеттерімен тығыз байланысады. Әдістемелік бірлестіктің жоспары мектептің ғылыми-әдістемелік кеңесімен, әдістемелік бірлестіктің жетекшісімен келісіледі. Жоспарда әдістемелік бірлестік мұғалімдері жұмыстарының және барлық білім беру деңгейлерінің (бастауыш, негізгі, орта, жалпы орта) негізгі кезеңдері қарастырылады. Оқу жылына 6 әдістемелік бірлестіктің отырысын өткізу ұсынылады. Әдістемелік бірлестіктің әр отырысы ақпараттық-танымдық сипатта болу керек: баяндамалар, пікірталастар, презентациялар мен коучингтер.

Әдістемелік бірлестік отырыстарында шет тілі мұғалімдеріне пәнді оқыту әдістемесі мен теориясының келесі мәселелерін қарау ұсынылады:

- ашық сабақтармен қатар оқу мекемесінде өткізілген ашық ісшараларды (әдістемелік бірлестіктің барлық мүшелері қатысқан) қамтыған әдістемелік бірлестіктің тақырыптық онкүндігі;

- пән бойынша олимпиада (олимпиаданың мектепішіндегі өткізілген кезеңінің күні көрсетіледі);

- дарынды және пәнге деген уәжі төмен балалармен жұмыс;

- жаңадан келген мұғалімдермен жұмыс, егер бар болса;

- жас мамандармен жұмыс, тәлімгерді тағайындау. Тәлімгер мен жас маманның жұмысы;

- бірлестік мұғалімдерінің өзара тәжірибе алмасуы (өзара сабақтарға қатысуы);

- емтихандарға, байқауларға, семинарларға дайындық;

- кіріс құжаттарымен жұмыс;

- мектепшілік бақылау;

- әкімшілік бақылау;

- біліктілік санатын жоғарлататын немесе растайтын мұғалімдермен жұмыс;

- әр тоқсан және жыл қорытындысы бойынша оқушылардың үлгерімдері мен білім сапаларының мониторингі;

- бірлестік мұғалімдерінің рейтингі;
- мұғалімдердің атқарған жұмыстары бойынша шығармашылық есебі (жыл соңында);
- оқушылар білімдерінің қорытынды аттестаттауы бойынша есеп.

Атқарылған жұмыстар туралы есеп ай сайын берілу керек және әдістемелік бірлестіктің отырысында көрініс табуы қажет. Жыл соңында толық жан-жақты есеп беріледі (фотолармен, сызба-кестелермен және диаграммалармен).

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Адам және қоғам» білім саласы «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық» пәндерін қамтиды.

Тарихты зерделеу өткен тарихи оқиғаларды түсіну және оларды талдау негізінде қазіргі замандағы орнын анықтау, азаматтық ұстанымын қалыптастыру және оқиғалар мен құбылыстарға жеке көзқарасын білдіре отырып, олардың маңызы мен мәнін түсінуді қамтамасыз ететін жеке тұлғаның тарихи санасын қалыптастыруға бағытталған.

«Адам. Қоғам. Құқық» пәнін оқыту – адам, қоғам және құқық туралы, қоғам дамуының негізгі үдерістері, әлеуметтік факторлардың адам өміріне әсері туралы ғылыми білімді меңгеруге негізделген.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда:

10-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;

11-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағатты қамтиды.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің оқу жүктемесі: қоғамдық-гуманитарлық бағытта:

10 сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағат;

11 сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылына 68 сағатты құрайды.

жаратылыстану -математикалық бағытта:

10 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

11 сынып – аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Адам.Қоғам.Құқық.» пәні бойынша оқу жүктемесі қоғамдық-гуманитарлық және жаратылыстану-математикалық бағыттарда:

10-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;

11-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Тарихи пәндерді оқыту бойынша әдістемелік ұсынымдар:

Тарихты 10-11 сыныптарда оқыту келесі біліктерді қалыптастыруға бағытталуы тиіс:

- әртүрлі деректердің ақпараттарымен (соның ішінде интернетте ұсынылған) жұмыс істей білу;
- анық тарихи фактілерден түсіндірулер мен көзқарастарды айыра білу;

- өзінің зерттеу және оқу әрекеттері нәтижесін бағалау және таныстыра білу, кемшіліктердің себептерін анықтау;

- тарихи оқиғалар мен қатысушыларға өз қарым-қатынасын түсіндіре білу;

- заманауи әлеуметтік-тарихи процестер мен дамудың ықтимал нұсқаларын болжауды талдай білу үшін игерген тәжірибесін, әрекетін және меңгерген білімдерін қолдана білу;

- қауіпсіз мәдениет қалыптастыру арқылы түрлі жағдайларда қауіп-қатерлерді талдай білуі және қауіпсіздікті қамтамасыз ете білуі керек.

10-сыныпта «Адам. Қоғам.Құқық» пәні бойынша адам мен қоғам арасындағы қатынастардың құқықтық реттелуі, отбасылық құндылықтар, адам құқықтары, оның қорғалуы, еңбек құқығы негіздері, мәдени құндылықтарды оқытуда білім алушыларды жауапкершілікке, мінез-құлық ережелерін қалыптастыруға, адами құндылықтарды, тұлға аралық қасиеттерді сақтауға бейімдеу ұсынылады.

11-сыныпта білім алушыларды адам өмірінің мәні, құқықтық мемлекет дамуының ерекшеліктері, қазіргі өркениеттік әлемде құқықтық сананы қалыптастыру, түрлі жағдайларда қауіп-қатерді азайту және қауіпсіздікті қамтамасыз етуге бағыттау ұсынылады. Этномәдени құндылықтарды құрметтеуді қалыптастыру мақсатты нұсқау болып табылады.

Пәндерді оқытудағы педагогикалық әдіс-тәсілдер:

10-11-сыныптарда тарих пәндерін оқыту, білім алушылардың жас және танымдық ерекшеліктеріне сай талдау, бағалау, зерттеу және жоспарлау дағдыларын қалыптастыратын әдіс-тәсілдер мен тапсырмалар көбірек қолданылуы керек. Мысалы, талдамалық эссе мен есеп жазу, салыстырмалы талдау жасау және тағы басқалар.

Пәнді оқытуды жетілдіруде оқытудың белсенді түрлері мен әдістерін, жаңа педагогикалық технологияларды қолдану, білім алушылардың дербес танымдық қызметін ұйымдастыру, практикалық және шығармашылық тапсырмалар, конференция, дебат, дискуссия, рөлдік ойындар, кейс әдісі, іскерлік ойындар, пікірталастар мен семинарларды және т.б. қолдану ұсынылады.

Пәндерді оқытуда кіріктіре оқыту әдісін қолданған дұрыс, мысалы, халықаралық қатынастар мен Қазақстанның сыртқы саясаты, әлемдік соғыстар тарихы, тарихтың жеке мәселелері, мәдениет және тағы басқа тақырыптарын кіріктіруге болады. Кіріктірілген байланыс жүйесін қалыптастыру оқыту процесінің коммуникативтік әлеуетін арттырады.

10-11-сыныптарда тарихи және қоғамдық білім берудің негізгі мәселелерінің бірі білім алушылардың білімді өз бетінше игеруі болып табылады. Соған сәйкес мұғалімнің басты міндеті білімнің жаңа мазмұнынан туындайтын сабақтың маңызды ерекшеліктерін анықтап, сабақтың үлгісін құру және сабақты жетілдірудің жолдарын тауып, оның сапасын арттыру. Ол үшін білім алушылардың әрқайсысы тарихи оқиғаларға ғылыми тұрғыдан баға беріп, олардың сабақтастық байланысын түсінуіне жағдай жасау қажет.

«Адам.Қоғам.Құқық» пәні бойынша алған білімді тәжірибеде қолдану тез

өзгермелі әлемде табысқа қол жеткізетін, өз елінің игілігі үшін жауапты Қазақстан Республикасының зияткер, әлеуметтік-рухани азаматын қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Пәнді оқытуда оқылған материалдарды ашу мен нақтылауға, оны білім алушылардың жеке әлеуметтік тәжірибесі, жеке бақылауы, олардың адамдардың қоғамдағы тәлімі мен әлеуметтік өмірі туралы қалыптасқан түсініктерімен байланыстыруға көмектесетін әдістерді қолдану ұсынылады.

Оқу процесінде ақпараттық коммуникациялық технологияларды дәстүрлі әдістермен сәйкестендіре отырып белсенді қолдану ұсынылады. Жобалық тақырыптар және шығармашылық тапсырмаларды (хабарлама, презентация, жобалар, коллаждар және т.б.) білім алушыларға алдын ала беру қажет.

Тарих сабақтарын жоспарлау және ұйымдастыру барысында оқытудың тәрбиелік компонентіне ерекше назар аудару қажет.

«Адам.Қоғам.Құқық» пәнінің мазмұны «Мәңгілік Ел» патриоттық актісін жүзеге асыруға сай болуы және қазақстандық қоғамның негізгі құндылықтарын бекітуге: Отанымыздың патриоттарын, құқықтық, демократиялық мемлекеттің, жеке адамның құқықтары мен бостандықтарын құрметтейтін, адамгершілігі мол, ұлттық сана сезімі тұрақты толерантты азаматтарын тәрбиелеуге бағытталуы тиіс.

Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау бойынша ұсынымдамалар.

Бітіру емтиханын өткізу формалары:

Қазақстан тарихы бойынша ауызша емтихан билеттер бойынша жүргізіледі. Құрастырылатын билеттердің саны – 30; әр билетте 3 сұрақ болады, оның екі сұрағы– ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі Қазақстан тарихы курсының негізгі бөлімдері мен тақырыптарының теориялық материалдары бойынша, үшінші сұрақ – практикалық түрде беріледі (тарихи карталар, терминология бойынша жұмыс, тарихи тұлғаны сипаттау).

Ауызша емтиханда білім алушы дайындалу үшін кем дегенде 20 минут уақыт беріледі. Егер білім алушы билет бойынша жауап бермесе, комиссия оған екінші билет алуға мүмкіндік береді (бұл жағдайда жауап бір баллға кемиді).

Мектеп бітірушілерді қорытынды аттестаттау мазмұнына қойылатын талаптар, бағалау өлшемдері:

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша мемлекеттік бітіру емтихандарына емтихан материалдары ҚР БҒМ Ұлттық тестілеу орталығымен әзірленеді.

Қазақстан тарихы пәнінен ауызша емтихан билеттерінің құрылымы мен мазмұны:

1-2- сұрақтар ежелгі және орта ғасырдағы, жаңа және қазіргі замандағы Қазақстан тарихы курсы материалдарын;

3-сұрақ __практикалық сипаттағы тапсырмаларды (тарихи карталар, термин сөздермен жұмыстар, тұлғаларға тарихи сипаттама) қамтиды.

Әрқайсысы ең жоғары 10 балмен бағаланатын 1 және 2 сұрақтарды бағалауға қойылатын талаптар:

- базалық деңгейдегі жауапқа 1-6 балл;
- жоғары деңгейдегі жауапқа 7-10 балл.

Базалық деңгей:

- Қазақстан тарихындағы негізгі фактілерді, құбылыстар мен процестерді білуі, тарихи оқиғаларды уақыт шеңберімен баяндай алуы.

Жоғары деңгей:

- қосымша тарихи, хронологиялық, картографиялық деректер негізінде қоғамдық-саяси жағдайды сипаттау, тарихи оқиғаларды талдау, жүйелеу, себеп-салдарлық байланыстарды анықтау;

- жинақтау, бағалау негізінде ой қорытынды жасау.

Тарихи карталармен, терминологиямен жұмыс және тарихи тұлғаларды сипаттау барысында билеттің 3-сұрағын максималды 10 балмен бағалауға келесі талаптар қойылады:

Сонымен бағалау өлшемдері:

- тарихи картадан оқиғалар мен нысандарды көрсету;
- тарихи фактілерді, құбылыстар мен процестерді тірек-сызбаларға түсіру, хронологиялық тізбек құру;
- тұлғаға тарихи сипаттама беру және оның тарихта алатын орнын бағалау;
- иллюстративті материалдар арқылы оқиға желісін баяндау.

43-кесте – Бағалау критерийлері

№	Критерийлер	Балдары
	Жалпы білім деңгейі	1
2	Нақты проблеманы білу және тарихи дереккөздерді пайдалану	5
3	Логикалық және талдамалық ойлауы және баяндау стилі	2
4	Тарихи материалды ашу дағдылары	1
5	Ой қорытындылауы	1

Ескерту: Билеттің әрбір 3 сұрағына жауап 10 (он) балмен бағаланады. Жалпы алғанда, 3 сұрақтың ең жоғары жиынтық балы 30 балды құрайды.

Сұрақтарға жауап беру барысында жинақтаған балды бес баллдық бағалау жүйесіне ауыстыру шкаласы төменде көрсетілген.

44- кесте – Есептеу шкаласы

Бағалаудың бес баллдық жүйесі бойынша баға	«2»	«3»	«4»	«5»
Жалпы балл	0-4	5-16	17-24	25-30

Емтихан жұмысының ұзақтығы сыныптағы оқушы санына (параллелдердегі) байланысты. Бітірушіге билет бойынша жауап дайындауға 20 минут уақыт беріледі.

Емтиханда заманауи техникалық құралдар мен құрылғыларды қолдануға тыйым салынады. Барлық қосымша қажетті материалдарды (карталар, сызбалар, кестелер және т.б.) мұғалім дайындайды.

Қосымша ресурстар ретінде сайт материалдарын кеңінен қолдану ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар

<http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>;

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:

<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады:

«Тарих» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

1) Қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі **Қазбек би Келдібекұлының 350 жылдығы** (1667-1764);

2) Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрестегі әйгілі батырларының бірі **Тама Есет Көкіұлының 350 жылдығы** (1667-1749);

3) **Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл** (1917-2017);

4) **Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80 жыл** (1937-2017);

5) Белгілі қолбасшы, қазақ халқының батыры **Қабанбай батыр Қожақұлұлының 325-жылдығы** (1692-1770);

6) Бірінші ресми емес қазақ Конституциясына **«Қазақ елінің Жарғысы» 105 жыл** (1912-2017);

7) **Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл** (1992-2017);

8) **Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл** (1992-2017);

9) **«ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық мамандандырылған көрмесі** (маусым-қыркүйек, 2017);

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда мектептен тыс сабақтар ұйымдастыру;

- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;

- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар, теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

2017-2018 оқу жылындағы әдістемелік қызметтерінің негізгі міндеттері:

- тарихи білім беру және оның сапасын көтерудің негізгі компоненттерін жүзеге асыру;
- мұғалімдердің кәсіби шеберліктерін жетілдіру: тарихты оқытудың тиімді әдістемесі мен әдістерін (технологиялар) игеру/меңгеру;
- тарихты оқытудың базалық және жоғары деңгейінде зерделеу, тиімді білім беру тәжірибесін тарату;
- білім алушыларды негізгі түйінді құзыреттермен бейіндік оқыту жағдайында білім беру стандарттары, тарих бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларына сәйкес білімді-әрекеттік компоненттерін меңгеру бойынша білім алушылардың оқу-танымдық қызметтерін ұйымдастыру;
- білім алушылардың бейіналды дайындық сапасын қамтамасыз ету.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

Жалпы орта білім деңгейінде «Математика және информатика» білім саласы бойынша «Алгебра және анализ бастамалары», «Геометрия», «Информатика» пәндері екі бағыт бойынша (жаратылыстану-математика бағыты және қоғамдық гуманитарлық бағыт) оқытылады.

Жаратылыстану-математика бағыты бойынша математикадан білім мазмұны оқушылардың бойында қоршаған әлем туралы біртұтас түсініктің қалыптасуына, оқушылардың интеллектуалдық қабілеттерін дамытуға ықпал ететін жалпы ғылыми біліктерді меңгеруіне бағытталған. Кейбір нақты математикалық жағдаяттардың математикалық моделін интерпретациялауда және құрастыруда қалыптасатын біліктілік жаратылыстану-математикалық бағытта шынайы процестер мен құбылыстарды, теориялық мәселелерді зерттеуде және қолданбалы есептер шығаруда қолданылады.

Математиканы оқытуда қалыптасқан теориялық сұрақтар мен есептерді шешудің зерттеу аппараты жаратылыстану-математика пәндерін оқыту үшін үлкен рөл атқарады. Жаратылыстану-математика бағытындағы сыныптарда математика пәнін оқыту математикадан білімі мен біліктілігінің белгілі деңгейін талап ететін мамандық бойынша оқу орнында оқушының оқуын жалғастыру мүмкіндігін қамтамасыз етуі тиіс.

Қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптарда математика курсының оқытудың *ерекшелігі* – адамды жалпы мәдени дамуға бағыттау, математика заңдарымен таныстыру және қазіргі заманауи өмірде еркін бағдар алуына қажетті адамның іс-әрекеттеріне байланысты математикалық білім мен біліктілікті қалыптастыру болып табылады. Бұл курс үшін көптеген

дәлелдеулері бар теориялық деректер берілмейді, теоремалардың қатаң түрде дәлелдеулері өте аз мөлшерде, негізінен, нақтылы пайымдаулардың үлгілері ретінде беріледі, түсіндірулер көрнекіліктермен негізделеді, жаттығулардың күрделілігі қарапайым деңгейімен шектеледі. Курстың кейбір дәстүрлі бөлімдері жалпыланған түрде (дәлелдеулерсіз, түсініктер деңгейінде) оқытылады.

Информатика пәнін оқытудың әдістемелік ерекшелігі қажетті нақты міндеттерді шешу үшін визуалды программалау және ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалана отырып, оқушылардың бойында бастапқы теориялық білім мазмұнын қалыптастыру болып табылады. Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-11-сыныптарға арналған информатика курсына есептерді шешу негізінде жүйелік және алгоритмдік ойлауды дамыту жалғасады, ал қоғамдық-гуманитарлық бағыттағы сыныптардағы информатика курсының ерекшелігі ақпараттық-коммуникациялық технологияларды тереңдете оқыту болып табылады.

«Математика және информатика» білім саласының пәндері бойынша білім сапасын жетілдіру мақсатында келесі педагогикалық тәсілдерді қолдану ұсынылады: саралап оқыту, іс-әрекеттік оқыту, жеке тұлғаға бағытталған оқыту, жүйелі оқыту.

Оқушылардың «Математика және информатика» білім саласының пәндеріне деген қызығушылықтарын арттыру мақсатында жобалық әдістерге баса назар аудару ұсынылады. Әр сыныптар бойынша жобалық іс-әрекетті оқытуға жеке сағаттар бөлінген. Жобалау технологияларын қолдану информатика пәні бойынша ғана оқу сапасын көтеріп қоймайды, пәнаралық байланыс жасайды. Жобалық іс-әрекеттерге тақырыптарды мұғалім өз қалауы бойынша өткен тараулардан алуына болады. Жобамен жұмыс істеу барысында оқушылар топтасып немесе жеке жұмыстарын жоспарлау, мақсат қою, қажетті ақпаратты іздеу, гипотезаны ұсыну және дәлелдеу, эксперименттер жүргізу, жасаған жұмыстарын талдау және бағалау, сондай-ақ, өз жобаларын қорғай алу біліктерін дамытады.

2017-2018 оқу жылындағы 10-11-сыныптарда «Математика және информатика» білім саласының пәндерінен өткізілетін бақылау жұмыстарының нормасы келесі кестеде берілген.

45-кесте – 10-11 сыныптарында «Математика және информатика» білім саласының пәндерінің оқу жүктемесі мен өткізілетін бақылау жұмыстарының нормасы.

Сынып	Пән	Аптадағы сағат саны	Оқу жылындағы сағат саны	Бақылау жұмыстарының нормасы
10 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	7-8
	Геометрия	2	68	5-6
	Информатика	1	34	3-4

10 ҚҒБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	5-6
	Геометрия	1	34	3-4
	Информатика	1	34	2-3
11 ЖМБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	6-7
	Геометрия	2	68	4-5
	Информатика	1	34	4-5
11 ҚҒБ	Алгебра және анализ бастамалары	3	102	5-6
	Геометрия	1	34	3-4
	Информатика	1	34	2-3

Бақылау жұмыстарына пәндерге сәйкес жартыжылдық және жылдық бақылау жұмыстары, практикалық жұмыстар кіреді.

Математика бойынша қорытынды аттестаттау

Қорытынды аттестаттау аясында алгебра және анализ бастамалары бойынша жазбаша емтихан, қоғамдық-гуманитарлық бағыт үшін 5 тапсырмадан, жаратылыстану-математикалық бағыт және математиканы тереңдетіп оқытатын мектептер (сыныптар) үшін 6 тапсырмадан тұрады.

Тапсырмалар теориялық материалды, ұғымдар мен тәсілдерді меңгеру дәрежесін, есептерді шешу біліктерін, функционалдық сауаттылық деңгейін айқындауға бағытталған.

Кез келген жазбаша емтиханды өткізу барысында басты назар оқыту бағытына, емтихан тапсырмаларының мазмұнына, жазбаша жұмысты рәсімдеуге және бағалауға аударылуы керек.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан тапсырмаларының мазмұны туралы

I. Жалпы білім беретін мектептердің 10-11-сыныптарында оқыту бағыттар бойынша жүргізіледі, сонымен қатар жекелеген мектептерде (сыныптарда) математика пәні тереңдетіліп оқытылады. Сондықтан емтихан тапсырмалары оқыту бағыттарына (қоғамдық-гуманитарлық бағыт, жаратылыстану-математика бағыты, математиканы тереңдетіп оқыту) сәйкес құрастырылуы тиіс.

II. Емтихан тапсырмаларының мазмұны оқыту бағытына сәйкес «Алгебра және анализ бастамалары» пәні оқу бағдарламасының барлық тарауларын қамтуы тиіс.

46-кесте – «Алгебра және анализ бастамалары» пәні бойынша оқу бағдарламасының тараулары

Қоғамдық-гуманитарлық бағыт	Жаратылыстану-математика бағыты	Математиканы тереңдетіп оқыту
-----------------------------	---------------------------------	-------------------------------

10-сынып		
Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі	Функция, оның қасиеттері және графигі
Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар	Тригонометриялық функциялар
Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер	Тригонометриялық теңдеулер мен теңсіздіктер
Туынды	Туынды	Туынды
Туындыны қолдану	Туындыны қолдану	Туындыны қолдану
11-сынып		
Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл	Алғашқы функция және интеграл
Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция	Дәреже және түбір. Дәрежелік функция
Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар	Көрсеткіштік және логарифмдік функциялар
Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер	Көрсеткіштік және логарифмдік теңдеулер мен теңсіздіктер
	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері	Теңдеулер және теңсіздіктер, теңдеулер мен теңсіздіктер жүйелері

III. Көрсетілген тарауларды ескере отырып, емтихан жұмыстарының тапсырмаларын «Есептеулер», «Өрнектерді тепе-тең түрлендіру», «Теңдеулер мен олардың жүйелері», «Теңсіздіктер мен олардың жүйелері», «Функция және оның графигі», «Мәтіндік есептер» бөлімдері бойынша құрастыру ұсынылады. Мәтіндік есептерде жазық фигураның ауданы және дене көлемін табу, ең үлкен немесе ең кіші мәнді табу есептерін және т.б. құрайды. Барлық тапсырмалар А, В, С, деңгейлеріне бөлінеді:

- А деңгейінің тапсырмаларын орындау үшін оқушыларда күрделі емес есептеулер мен түрлендірулерді, теңдеулер мен теңсіздіктерді шешудің стандарт тәсілдерін меңгеру бойынша базалық білімдері мен дағдылары болуы тиіс;

- В деңгейі – күрделілігі орташа деңгейдегі тапсырмалар;

- С деңгейі тапсырмаларын орындау үшін оқушыларда оқу бағдарламасымен бекітілген көлемде терең теориялық білімі болуы тиіс.

Оқыту бағытын ескере отырып, бақылау жұмысындағы емтихан тапсырмаларын төмендегідей бөлу ұсынылады:

1) қоғамдық-гуманитарлық бағыты сыныптары үшін үш тапсырма - А деңгейі, бір тапсырма – В деңгейі, бір тапсырма – С деңгейі, барлығы 5 тапсырма ($3A + 1B + 1C$);

2) жаратылыстану-математика бағыты сыныптары үшін үш тапсырма - А деңгейі, екі тапсырма - В деңгейі, бір тапсырма - С деңгейі, барлығы 6 тапсырма ($3A + 2B + 1C$);

3) физика-математикалық мектеп сыныптары (математиканы тереңдетіп оқытатын) үшін 1 тапсырма – А деңгейі, 3 тапсырма – В деңгейі, екі тапсырма – С деңгейінен, барлығы 6 тапсырма ($1A + 3B + 2C$).

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалау

Математика пәнінен бағаны қою кезінде маңызды және маңызды емес қателерді атауға болады (47-кесте)

47- кесте – Қате түрлері

Маңызды	Маңызды емес
оқушылардың формулаларды, ережелерді, негізгі қасиеттерді, теоремаларды білмейтінін және қолдана алмайтынын көрсететін қателер	тұжырымдамаларды анықтамаларды, теоремаларды, теориялық материалды беруде дәлдіктің болмауы
оқулықта қарастырылған есептерді шығару тәсілдерін білмеуі	графиктерді салуда дәлдіктің болмауы
функция графиктерін салу мен оқуды білмеуі	тиімсіз шешімді қолдануы
есептеу қателері, егер ол жаңылыс жазу болмаса	шешуде негіздеменің, түсініктеменің жеткіліксіз болуы немесе болмауы
логикалық қателер	жазулардың, сызбалар мен графиктердің ұқыпсыз орындалуы
түбірдің жоғалуы немесе жауабында бөгде түбірдің болуы	жауапты қысқартылатын бөлшек түрінде жазу, бөлімінде иррационалдың болуы

Емтихан жұмысын бағалау кезінде елеулі және елеусіз қателердің сипаттамасына көңіл бөлінуі керек. Елеулі және елеусіз қателерді ажырата білу өте маңызды. Көрнекті емес жағдайларды міндетті түрде негіздеу қажет. Мысалы, теңдеудің екі жағын квадраттауды түсіндіру, квадрат теңдеудің жалпы формулаларын, тригонометрия формулаларын және т.б. жазу қажет емес. Бірақ бөгде түбірдің болуын, түбірлердің болмауын, жазық фигураның ауданын және дененің көлемін табуды суретте қосымша сызықтарды жүргізуді және т.б. міндетті түрде негіздеп көрсету қажет.

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын бағалауға төмендегідей ұсыныстар жасалады.

48-кесте – Жазба емтихан жұмысын бағалау

«5»	«4»	«3»	«2»
Жұмыс толығымен орындалған: 5 (ҚГБ), 6 (ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма	Жұмыста 4 (ҚГБ), 4 немесе 6 (ЖМБ, тереңдетіп оқыту) тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Жұмыста 3 тапсырма дұрыс орындалған (деңгейіне байланысты емес)	Тапсырмалардың жартысынан көбі орындалмаған
Жұмыста математикалық қателер жоқ	Бір қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде, суреттер мен графиктерде екі-үш кемшіліктер жіберілген	Екі-үш қате немесе түрлендірулер мен есептеулерде, суреттер мен графиктерде үш-төрт кемшіліктер жіберілген, бірақ оқушы міндетті білім мен білікті меңгерген	Білім алушының тақырып бойынша міндетті білім мен біліктігін меңгермегенін көрсететін үштен артық қате жіберілген
Материал мазмұнының логикалығы және толықтығы	Материалды баяндауда жекелеген дәлсіздіктер жіберілген.	Материалды баяндау логикасы бұзылған, материал толығымен ашылмаған	Материалды баяндау логикасы бұзылған

Алгебра және анализ бастамалары бойынша емтихан жұмысын рәсімдеу

Емтихан жұмысын рәсімдеуде емтихан тапсырмаларын орындау барысында келесі талаптар сақталуы тиіс:

- есептің шығарылуының дұрыстығы;
- есептің шығарылуының негізделуі;
- есептің шығарылуының толықтығы;
- есептің шығарылуының тиімділігі;
- емле ережесінің сақталуы.

Суреттер, кестелер, графиктер және т.б. қаламмен салынады.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Жаратылыстану – табиғаттың құбылыстары мен заңдылықтары туралы ғылым. Жаратылыстану тұтас жүйе түрінде қарастыруға болатын, табиғат нысандары мен құбылыстарының түрлі қасиеттері туралы кең көлемді мәселелерін қамтиды. Табиғатты зерделеу адамның қоршаған әлемді танып білуге шынайы ұмтылысы және тәжірибелік іс-әрекеттің негізі болды. Негізгі ұғымдар, құбылыстардың өзгеру заңдылықтары туралы көзқарас, табиғат заңдарын қолдану тәсілдері оны зерттеуден туындаған болатын.

Қазіргі уақытта ғылыми-жаратылыстану білімі белсенді әрекеттердің өрісі болып табылады және оларға негізделген заманауи технологиялар адам өмірінің жаңа бейнесін қалыптастырады. «Жаратылыстану» білім саласы үшін заманауи жаратылыстанудың негізгі дүниетанымдық және әдіснамалық принциптерін, олардың басты бағыттары және әлемнің жалпы бейнесіндегі жалпы мәдени жағдайы зерделеу ұсынылады.

Жалпы орта білім деңгейіндегі «Жаратылыстану» білім саласы оқу пәндерінің мазмұны дүниетанымдық сипатымен ерекшеленеді, сонымен қатар оқушылардың бойында табиғат, табиғи құбылыстар, процестер, заңдылықтар туралы, Жер адам өмір сүретін планета ретінде, әлемнің ғылыми бейнесінің астрономиялық құрамы туралы кешенді, жүйелі және әлеуметтік-бағытталған көзқарас қалыптастырады.

Оқу пәндерінің мазмұны білім алушылардың жалпы мәдениетін қалыптастыруда, сонымен қатар жалпы білім берудің тәрбиелік және дамытушылық мақсаттарын және оқушылардың әлеуметтенуін жүзеге асыруда үлкен рөл атқарады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың ерекшеліктері:

– жаратылыстану ғылымдарының қоршаған ортаға, адам қызметінің экономикаға, технологияға, әлеуметтік және этикалық ортаға әсерін түсіну; оқу, жобалау-зерттеушілік, эксперименттік, сабақтан және сыныптан тыс іс-әрекеттер барысындағы қауіпсіздікті сақтап жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру;

– білім алушылардың оқу, жобалау-зерттеушілік, шығармашылық іс-әрекетке, өздігінен білім алуға ұмтылулары үшін қажетті жағдайлар жасау;

– білім алушылардың тірі жүйелерге қатысты ғылыми танымдық әдісін, маңызды классикалық және заманауи жетістіктерді меңгеруі;

- білім алушылар адамның қызметі және табиғи себептердің ықпалының нәтижесінде олардың өзгерістері мен жүйелердің құрылымы, жұмыс істеуі, дамуы туралы білімді меңгеруі

- пәнді бейінді оқыту негізінде білім алушылардың болашақ мамандығын өз бетімен таңдауға дайындау;

- білім алушылардың өздігінен жұмыс істеу дағдыларын дамыту болып табылады.

«Жаратылыстану» білім саласының құрамына: география, физика, химия және биология пәндері кіреді.

Оқу пәндері бағдарламаларының құрылымы мен мазмұнын таңдау оқу

материалын оқытудың бірізділігі принципі негізінде жүзеге асырылған.

Оқушылардың:

– жаратылыстану ғылымының процестері мен құбылыстарын сипаттау, түсіндіру және болжау біліктілігін;

– дәлелдер мен шешімдерді түсіндіру біліктілігін;

– ғылыми әдістердің көмегімен шешілуі мүмкін сұрақтар мен мәселелерді анықтау біліктілігін дамытуға бағытталуы қажет.

Төмендегі кестеде ғылыми-жаратылыстану циклі пәндерінің сабақтарында функционалдық сауаттылықты қалыптастыру бойынша ұсынылатын қызметтердің түрлерінің мазмұны келтірілген.

49-кесте – Ұсынылатын қызметтердің түрлері

	Ұсынылатын қызметтердің түрлері (жобалаудың параметрлері)	Білім беру бейіндері бойынша	
		ЖМБ	ҚГБ
1	Оқылатын тақырыптар бойынша шағын зерттеулер	Негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша жүйелі, сабақ барысында презентация жасау	Жекелеген сабақтарда презентациямен, жекелеген тақырыптар
2	Карталар, кестелер, сызба-нұсқалар, көрнекі құралдармен жұмыс	Талдау, өз бетінше шешімдер әзірлеу, жаңа сызбалар, жаңа білім	Талдау, қорытындылау
3	Түрлі күрделілік деңгейіндегі практикалық, зертханалық жұмыстар	Жоспарлы, жаттықтырушы, дамытушылық, іс-әрекеттік	Жоспарланған, іс-әрекеттік
4	Статистикалық материалдармен жұмыс	Әрдайым, негізгі бөлімдер және тақырыптар бойынша, міндетті түрде көрнекі-графикалық бейнелеу	Әрдайым, негізгі тақырыптар бойынша
5	Мерзімді баспасөз материалдарын, қосымша материалдарды зерделеу	Әрдайым, жаңа білім сабақтарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы	Оқушы үшін жаңа білім сабақтарындағы презентация, олардың функционалдық маңызы
6	Үй тапсырмасының тәжірибелік бағыттылығы	Жүйелі, жүйелі іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу, өздігінен даму міндеттері	Жүйелі, жүйелі іс-әрекет, өзін-өзі тәрбиелеу міндеттері

Білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын бағалау үшін түрлі проблемалары бар жағдаяттар қолданылады. Олар адамдардың күнделікті өмірімен, денсаулықты сақтаумен, техника мен технологияны дамыту үшін қажетті ғылыми-жаратылыстану білімін қолданумен, қоршаған орта проблемаларымен байланысты болуы тиіс.

Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында білім алушылардың ғылыми-жаратылыстану сауаттылығын дамытуға арналған әдістемелік құралдар ұсынылған (www.nao.kz).

Мұғалімдер үшін білім алушылардың оқу пәндері бойынша алған білімдерін күнделікті өмірде қолдану және тәжірибеге бағытталған біліктілігі мен дағдыларын қалыптастыру маңызды мақсат болып табылады.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің практикалық бөлімі бұл мақсаттарға жетуге мүмкіндік береді. Пәндер бойынша сабақта жасалатын практикалық және зертханалық жұмыстарды талдау, жинақтау, бағалау, болжау, есептеу, түсіндіру, құбылыстар мен процестердің сапалық және сандық сипаттарын анықтау, жобалық тапсырмалар орындау, тәжірибелер және эксперименттер жасау дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Төменде физикадан практикалық және зертханалық жұмыстардың тізімі берілген.

50-кесте – 10-11-сыныптарда физиканы оқыту барысында жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі.

Бағыты	ҚГБ		ЖМБ	
	10	11	10	11
сыныптар	10	11	10	11
зертханалық жұмыстар	3	6	13	6
практикалық жұмыстар	3		17	20
бақылау жұмыстары	2	2	5	4
физикалық практикум			4	10

51-кесте – 10-11-сыныптарда биологияны оқыту барысында жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі.

Бағыт	ҚГБ		ЖМБ	
	10	11	10	11
Сынып	10	11	10	11
Зертханалық жұмыс	3	2	6	2
Практикалық жұмыс	1	-	1	-

52-кесте – 10-11-сыныптарда химияны оқыту барысында жүргізілетін тәжірибеге бағытталған жұмыс түрлері және көлемі.

Бағыт	ҚГБ		ЖМБ	
	10	11	10	11
Сынып	10	11	10	11
Зертханалық жұмыс	7	8	8	6
Практикалық жұмыс	4	2	4	4

Өлшеуіш ресурстары бар дәстүрлі және электрондық форматтағы білім және ақпарат көздерін, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) жан-жақты қолдану арқылы жүргізілген түрлі оқу жұмыстары тәжірибеге бағытталған ойлауды дамытуға ықпал етеді. Сабақтарда білім берудің заманауи технологияларын белсенді қолдану ұсынылады. География, физика, химия және биология сабақтарындағы компьютерлік технологиялар:

- оқу материалын зерделеу барысында мультимедиа-технологияларды пайдалануды;
- білім алушылар мен мұғалімдердің күнделікті оқу жұмысында компьютерлерді құрал ретінде өнімді қолдануларын;
- пәнаралық байланыс технологиясын жүзеге асыруды;
- оқу телекоммуникациялық жобаларды орындау барысында білім алушылардың өздігінен іздеу және зерттеу жұмыстары әдісін әзірлеулерін;
- Интернетті пайдалану арқылы оқу материалы аясындағы ақпаратты іздеу және өңдеуді;
- есептерді шығару үшін электрондық кестелерді пайдалануды;
- виртуалды практикумдар және зертханалық жұмыстар жүргізуді қарастырады.

Сабақтарда және сабақтан тыс уақытта, оқу-зерттеушілік және өмірлік жағдаяттарда география, физика, химия және биология пәндерінен алған білімдерін қолдану біліктілігін дамытатын есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды кеңінен қолдану ұсынылады. Оқу тапсырмаларын әзірлеу барысында Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА басылымдарында ұсынылған, халықаралық салыстырмалы PISA және TIMSS зерттеулерінде қолданылатын тапсырмалар жүйесіне көңіл аудару қажет.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері аясында сыныптан тыс, экскурсиялық-экспедициялық түрлі жұмыстар ұйымдастыру ұсынылады. Сабақтарда міндетті түрде өлкетану аспектісі, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту және қауіпсіздікті сақтау сұрақтары қарастырылуы тиіс.

Сабақ барысында білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын, ұжымда жұмыс істеу дағдылары мен біліктілігін дамытуға жағдай жасалуы тәжірибеге бағытталған оқытуға тиімді әсер етеді.

Мектеп оқушыларының зерттеушілік қабілетін, зейінін және байқағыштығын, логикалық ойлауын және шығармашылық қиялын, есте сақтау, тілдік және көптілділік, пәндік оқу, ғылыми және әдістемелік, мерзімді баспасөз басылымдардың, интернеттің, білім берудің сандық ресурстарының ақпараттарын қолдану дағдыларын дамыту маңызды.

Сабақтарда тәжірибелер, эксперименттер және зерттеулер жүргізу кезінде жүзеге асырылатын зерттеушілік дағдыларды дамыту барысында, тұлғаның жеке қасиеттерін дамытуға бағытталған оқытудың мақсаттары жүзеге асырылады.

Практикалық және зерттеушілік жұмыстар, зертханалық тәжірибелер орындау, эксперименттер және эксперименттік есептер шығару, жобалар орындау, модельдер құрастыру барысында табиғи және әлеуметтік-экономикалық процестердің, құбылыстар мен заңдылықтардың мәнін түсіну

тереңдетіледі. Білім алушылар себеп-салдарлық байланыстарды көре білулері, қоршаған ортадағы өзгерістерді анықтай алулары, нақты жағдаяттардың салдарынан болатын қауіпті өзгерістердің алдын-алу тәсілдерін ұсына алулары тиіс.

Физика, химия және биология мұғалімдері кабинеттердің жабдықталуын және оқытудың электрондық құралдарын ескере отырып практикалық және зертханалық жұмыстардың, практикумдардың тақырыптарын өз беттерінше таңдай алады. Зертханалық және практикалық жұмыстарды орындау барысында (зертханалық жұмыстарға арналған дәптерде) сыныптың барлық оқушыларының жұмыстары міндетті түрде бағаланады. Географиядан бағаланатын практикалық жұмыстар оқу бағдарламасында көрсетілген және номерлермен белгіленген.

Пәндердің оқу бағдарламалары табиғаттағы процестер және адам іс-әрекеті туралы білімді қамтиды. Сабақтарда экологиялық проблемаларды шешудің және жаңа технологиялар негізінде қоғамның өндірістік күшін дамыту мүмкіндіктерінің заманауи жолдары қарастырылуы тиіс.

Білім саласы пәндері курсы зерделеу кезінде оқушылар қоғамның, экономиканың және табиғаттың өзара байланысы туралы, Жерде тіршіліктің болуы үшін біздің планетамыздың атмосферасы және басқа да қабықтарының мәні, оны ластайтын негізгі ошақтар, ластанудың қоршаған ортаға және тіршілік процестеріне әсері, зиянды факторлардың әсерінен тірі табиғатты қорғау шаралары, табиғи ортаны өзгертудің (сонымен қатар, оқушылардың өздері қатысатын жағдайларды қоса алғанда) апаттың салдары туралы нақты түсінік алулары тиіс. Оқушылар Жердің, материктің, елдің, өзінің туған өлкесінің табиғат кешеніндегі өзара байланысты жақсы түсінулері тиіс.

Оқушылардың жеке жобалық-зерттеу жұмыстарының үлгілік тақырыптары:

- Судың сапасын жақсарту жолдары.
- Жыралардың дамуын зерттеу.
- Өлкенің өнеркәсіптерінде таза технологияларды дамыту жобалары.
- Биогаз энергетикасы.
- Жергілікті жердің гидрографиясын зерттеу.
- Судың кермектігін анықтау.
- Сағызды зерттеу.
- Чипсыны зерттеу.
- Шайдың сапасын зерттеу.
- Сүттің сапасын зерттеу.
- Темекіні зерттеу.
- Сабынның сапасын зерттеу.
- Адамның еңбекке қабілеттілігіне музыканың әсерін зерделеу.
- Бөлме ауасының шаңмен ластануын зерттеу.
- Ағаштар мен бұталардың қабығын зерттеу.
- Адам денсаулығының атмосфераның жағдайына тәуелділігін зерделеу.
- Мектептегі жұмыс үстелдерінің жарықтануын зерттеу.
- Өз пәтеріндегі энергияны үнемдеу мүмкіндіктерін зерттеу.

Жалпы орта білім деңгейінде ғылыми-жаратылыстану циклінің пәндері (география, физика, химия және биология) үшін математикалық және ақпараттық сауаттылықты дамыту маңызды болып табылады. Ол ақпараттық құрылымдарды (сызбанұсқалар, кестелер) құрастыру және толтыру, ақпарат жинауды ұйымдастыру және оған талдау жасау, сызбалар құру және талдау, модельдеу әдістерін қолдану білігін қамтиды. Сонымен қатар проблемаларды талдауды, тапсырмаларды тұжырымдауды, мәтіндік шарттан формулаға, процесті суреттеуден оны ұсынуға өтуді және өзгерістің мәнін түсіндіруді қамтиды.

«Модель», «деректер», «параметрлер», «нақты және өзгермелі өлшемдер», «болуы мүмкін мән саласы» ұғымдары зерделенеді және қолданылады. Параметрлерінің мәні әртүрлі модельдермен зерттеулер жүргізіледі.

Орта мектепті бітірушінің мектептің ақпараттық білім беру ортасының жаратылыстанудың ғылыми аспектілері бойынша белсенділігі маңызды нәтиже болып саналады.

Бұл оның процесінің алгоритмін құру, алгоритм бойынша бағдарлама жасау және компьютердің көмегімен оны зерттеу қабілетінен көрініс табады. Оқушылар алынған деректер бойынша эксперименттің нәтижелерін зерттеу, математиканың және компьютердің кестелік деректерін қолдану, диаграммалар және тәуелділік графиктерін құру, дөңгелектеуді жүзеге асыру білігі, қателіктерді анықтау, яғни есептеулерді дәстүрлі құралдардың көмегімен ғана орындамай, ол үшін компьютерді және сандық құралдарды да қолдану дағдыларын меңгеруі маңызды болып табылады.

Бұл жоғары сынып оқушыларының география, физика, химия, биологияны зерттеудің озық тәжірибесін қалыптастыруға мүмкіндік береді, математикалық және ақпараттық сүйемелдеулер маңызды құралдар болып табылады.

Бұл мектептегі ғылыми-жаратылыстану білімін тереңдетуге және түрлендіруге, жоғары сынып білім алушыларын одан әрі кәсіби оқытуға дайындауға және инновациялық өзгерістер кезеңін дамытуға мүмкіндік береді.

Сабақтарда газеттердің, журналдардың, фильмдердің, бейне-таспа материалдары, веб-сайттар мен әдебиеттердің материалдарын қолдану ұсынылады.

Пән бойынша академиялық лексика қалыптастыру үшін сабақта терминологияны қолдану жұмыстарын әрдайым жүргізіп отыру қажет. Оқушылардың терминдерді дұрыс пайдалануын қамтамасыз ететін ауызша және жазбаша тапсырмалар қолдану ұсынылады. Білім алушылардың білім жетістігін бағалау барысында академиялық лексиканың дұрыс қолданылуына көңіл аудару қажет.

Сапалық және сандық есептерді шешуге тең дәрежеде көңіл бөлу керек, өйткені құбылыстардың, процестердің терең мәнін түсіну және оларды шешу дағдыларын қалыптастыруға қол жеткізу қажет.

Техника қауіпсіздігі ережелерін сақтай отырып барлық оқу құралдары және техникалық жабдықтарды білім алушылардың дұрыс пайдалануы маңызды болып табылады.

Білім алушылардың ғылыми-зерттеушілік дағдыларын дамыту үшін жоғары оқу орындары мен мектеп оқушылар сарайлары жанындағы күндізгі және сырттай оқу мектептеріне қатысу ұсынылады. Оқушыларға атом энергиясы бойынша «Росатом» мемлекеттік корпорацияның және «Қазақстанның ядролық қоғамы» қауымдастық іс-шараларына қатысу ұсынылады, олар жыл сайын өткізілетін «Kazatomexpo» көрмесінде жоғары сынып оқушыларына арналған арнайы бағдарламалар ұйымдастырады.

Бұл бағдарламалар түрлі интерактивті форматтарды қамтиды. Оқушылар атом электр стансасының жұмысын зерделеуге мүмкіндік беретін, «басқа планетадан келушілердің атомды шабуылынан – құйынға дейін» атты түрлі ойын сценарийлерін жүргізумен, «Алақандағы АЭС» қосымшасымен таныса алады. Сілтеме: <http://www.kazatomprom.kz/#!/about>

Энергияның балама көздері, оларды өндірудің заманауи тәсілдері туралы ақпаратты: alternativenergy.ru; aqua-rmnt.com/otoplenie/alt сілтемелері бойынша алуға болады.

География және биология сабақтарында «Қазақстан ұлттық географиялық қоғамы» республикалық қоғамдық ұйымы материалдарын пайдалану ұсынылады. Сілтеме: kazgeography.org; kazgeography@nu.edu.kz

«ЭКСПО-2017» көрмесі жұмысының бағыттары туралы, сонымен қатар дүниежүзілік бұрынғы көрмелердің материалдарын келесі сілтемелер арқылы алуға болады: skachatreferat.ru/poisk/экспо; <http://www.skachatreferat.ru/poisk/экспо-2017>.

Сабақтарда «Болашақ Энергиясы» көрмесінің жаңа және ақылды технологиялары материалдарын қолдануды ұсынамыз.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабақтарындағы сын тұрғысынан ойлау келесі дағдыларды дамытуды қарастырады: мәнмәтінді есепке ала отырып тыңдау, бақылау, талдау және жинақтау арқылы дәлелдеуге үйрену. Сондықтан оқушылардың бақылау, талдау, пайымдау және түсіндіру дағдыларын қалыптастыруларына жағдай жасау қажет. Ол үшін білім алушыларды:

- пайымдау мен дәлелдеуді жіктеуге және жинақтауға;
- олар туралы негізгі дереккөздерді бағалауға және сәйкес сұрақтар қоюға;
- тұжырымдамалар және қорытындылармен қоса алғанда негізгі дереккөздерді салыстыруға және талқылауға;
- жеке тәжірибесінің молаюына қарай өзінің көзқарастары мен болжамдарын қайта қарауға қатыстыруға болады.

География, физика, химия, биология сабақтарындағы пәнаралық байланыстар қоршаған әлемдегі процестер мен құбылыстардың өзара байланысын көрсете отырып, бір пәнді оқу барысында басқа пән бойынша білімді меңгеру процесінде қолдану білігін, жүйелі ойлауды дамытуда ерекше рөл атқарады.

Дидактика тұрғысынан пәнаралық байланысты жүзеге асыру оқытудың ғылыми деңгейін артырады, оқу материалының мазмұнына, мұғалім қолданатын оқытудың әдістеріне, сонымен қатар оқушылардың өз беттерінше

жүзеге асыратын оқу тәсілдеріне әсер етеді.

Сонымен қатар, пәнаралық байланысты белсенді пайдалану, жаратылыстану бағыты пәндерін оқыту процесінде оңтайландыруға және білім алушыларға түсетін оқу жүктемесін жеңілдетуге мүмкіндік береді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің сабақтарында пәнаралық байланысты қолдану ғылыми-жаратылыстанудың негізін құрайтын – «Өмір», «Адам», «Табиғат кешені», «Экономика және экология», «Зат», «Дене», «Энергия», «Күш», «Қозғалыс» және «Даму» ұғымдарының қалыптасуында маңызды рөл атқарады.

Жоғары сыныптардағы география, биология, химия, физика сабақтарында пәнаралық проблемалық жағдаяттар жасап отыру қажет, мысалы: кездейсоқтық, дәлелдеу, жоққа шығару, болжау жағдаяттары.

Мысалы, «География» оқу пәнінің «Табиғатты пайдалану және геоэкология», «Геоэкономика», «Геосаясат», «Елтану» және «Адамзаттың ғаламдық проблемалары» бөлімдерін өткенде зілзалалар жағдайында және қауіп-қатер ахуалында қауіпсіздікті сақтау, күтпеген жағдайды болжау және осы жағдайларда өзін ұстау ережелерін талқылауға болады, білім алушылардың қауіпсіздікті сақтау мәдениетін қалыптастыруға баса назар аударылады.

Пәнаралық байланыстар зерттеудің (эксперименттік әдіс, жобалық және модельдеу әдісі және т.б.) жалпы әдістерінде қолданылуы мүмкін. Мұғалімге пәнаралық байланыстың: бұрынғы, жалғаспалы және келешекті түрлерін қолдану ұсынылады.

Бұрынғы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар курстың материалын оқу барысында, басқа пәндерден бұрын алынған білімдерге сүйенуді қарастырады (мысалы, жаратылыстану, география, биология курстарынан алынған білім).

Жалғаспалы пәнаралық байланыстар – бұл байланыстар, көптеген сұрақтар мен ұғымдар бір мезгілде бірнеше пәнде зерделенуі мүмкін екенін қарастырады (мысалы, дыбыс туралы түсінік физикада, ал есту органдары – биологияда оқылады және т.с.с).

Келешекте пәнаралық байланыстар материалды бір пәннен оқу, сол материалды басқа пәндерден оқудан бұрын жүзеге асырылады (мысалы, атомның құрылысы туралы ұғым физика пәнінде химияға қарағанда бұрын оқытылады). Бұл жағдайда химия мұғалімі физикадан алынған білімге сүйенеді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінде «геоэкономикалық жағдай», «тұрақты даму», «даму стратегиялары», «индустриалды-инновациялық реформа», «жасыл экономика», «жасыл энергетика», «ел шаруашылығы», «ғылымды қажет ететін технологиялар», «таза технологиялар» терминдерінің ғылыми-теориялық және практикалық мәнін зерделеу, аймақтық және жергілікті аспектіде олардың қолданбалы ерекшелігін түсіну, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясын жүзеге асыру контекстінде жаһандық геоэкономикалық кеңістікте тұрақты дамып келе жатқан ел ретінде Қазақстан Республикасы туралы ғылыми негізделген көзқарас қалыптастыру және дамыту маңызды болып табылады. Сабақтардың тәрбиелік мақсаты «Мәңгілік Ел» идеясын

қамтып отыру тиіс.

Халықаралық маманданырылған «ЭКСПО-2017» көрмесін өткізу елдің дамуы үшін стратегиялық ерекшелігін және келешегін зерделеу үшін маңызды болып саналады.

Білім алушылардың үй тапсырмасын орындаулары – оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі. Оны дұрыс ұйымдастыру арқылы, сабақ барысында алынған білімді пысықтауға және тереңдетуге, оқушының оқуға деген тұрақты қызығушылығын арттыруға мүмкіндік пайда болады. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында келесі жағдайларды ескеру қажет:

– үй тапсырмаларын оқулық параграфтарын жаттап алуға және тапсырмаларды орындауға ғана пайдалануға болмайды. Шығармашылық, эксперименттік, проблемалық сипаттағы есептерді, тапсырмаларды және жаттығуларды көбірек қолдану қажет;

– үй тапсырмаларына оқушылардың өз оқу әрекеттерінің нәтижелеріне өзіндік талдау жасауға бағыттайтын тапсырма элементтерін қосу;

– үй тапсырмасына мазмұны және орындалу түрі бойынша түрлілігімен ерекшеленетін тапсырмалар беру;

– үй тапсырмасының көлемін анықтау барысында оқушылардың жеке және жас ерекшеліктері міндетті түрде есепке алынуы тиіс.

Білім саласы пәндерінің қолданбалы курстары немесе таңдау курстарының тақырыптары мұғалімдердің мүмкіндіктері және жағдайларға байланысты өзгертілуі мүмкін:

Биология: «Биологиялық модельдер және қолданбалы есептер», «Әлемнің ғылыми-жаратылыстану бейнесінің эволюциясы», «Тамақтану және денсаулық», «Экологиялық этика», «Биология және денсаулық», «Әлемнің заманауи ғылыми-жаратылыстану бейнесі», «Биологиялық белсенді заттар», «Бәрі біздің түп-түқиямызда (генетика негіздері бойынша)», «Менің денсаулығым – менің қолымда», «Тірі жасушаның жұмбақтары», «Тұқым қуалаушылықтың заңдылықтары», «Биология проблемалары», «Жасушалар және ұлпалар», «Биогеография проблемалары», «Тері – денсаулық айнасы», «Заманауи микробиология» «Нанотехнологияларға кіріспе», «Биотехнология және қауіпсіз орта» .

География: «Әлеуметтік-экономикалық географияның математикалық модельдері және әдістері», «Картографияның математикалық модельдері және әдістері», «Қазақстан географиясын оқу барысындағы жобалық технологиялар», «Туған өлкедегі әлеуметтік-экономикалық процестерді моделдеу», «Дүниежүзілік энергетика және саясат», «Қазақстанның энергетикалық әлеуетін дамыту», «Еліміздің бүгінгі жасыл энергетикасы», «Медициналық экология», «Медициналық география», «Жобалық есептер мен тапсырмаларды шешу әдістері», «География, тарих, өнер: қиылыстар және өзараәрекеттесу», «Адамзаттың жаһандық проблемалары және апаттар қаупін азайту» .

Физика: «Мектептің физикалық практикумы: бақылаулар, эксперимент, модельдеу», «Физикада жаңалықтар қалай ашылады», «Математикалық модельдер және физикадағы әдістер», «Күрделілігі жоғары физикалық

есептерді шығару», «Қоршаған ортаның физикалық ластануы және оның адам өміріне әсері», «Физика және компьютер», «Өндірісті автоматтандыру негіздерін зерделеудің қолданбалы физика курсы», «Ауыл шаруашылық өндірісі материалдарындағы қолданбалы физика курсы», «Физика ғылымындағы іргелі эксперименттер», «Физикалық-техникалық модельдеу», «Ғарышкерлік негіздері», «Ғарыш физикасы», «Биофизика элементтері», «Биохимиялық физика», «Заманауи ғарышкерліктің жетістіктері», «Радиациядан қорғану», «Апат қаупін азайту (техногендік, антропогендік және табиғат құбылысы)», «Табиғат құбылысының төтенше жағдайына дейін, кезінде және одан кейін қауіпсіздікті сақтау ережесі», «Техногендік сипаттағы төтенше жағдайларды болжап алдын алу».

Химия: «Мектептің химиялық практикумы: бақылаулар, эксперимент, модельдеу», «Химияда жаңалықтар қалай ашылады», «Экологиялық химия», «Күрделілігі жоғары химиялық есептерді шығару», «Жай судың жұмбақтары», «Химия және тамақтану», «Ұзақ өмір сүру (кіріктірілген курс)», «Бейметалдар химиясы және өмір», «Ойланып қалған химия», «Химия және қоғам», «Химияның тарихы», «Косметикалық химия әлемі», «Химия, ғылыми фантастика шығармаларының негізі ретінде», «Химия және материалтану», «Агрономның химиялық құпиялары», «Химия және шаштараз өнері», «Химия және СЖҚ», «Тамақтық қоспалар: плюстері мен минустері», «Косметика: кеше, бүгін, ертең», «Ас үйдегі химия», «Химиялық есептерді шығару әдісі», «Химиядан эксперименттік есептерді шығару әдісі», «Қауіпсіздік».

«Жаратылыстану» білім саласы пәндері сабақтарында пайдалануға ұсынылатын ресурстар:

- 1) «Қазатомөнеркәсіп» ҰАК» АҚ <http://www.kazatomprom.kz/>
- 2) Қазақстан Республикасы Энергетика министрлігі: <http://energo.gov.kz/>
- 3) «Қазақстан Ғарыш Сапары» Ұлттық компаниясы» АҚ: <http://gharysh.kz/news/>
- 4) «Эврика» – білім беру мекемелерінде авторлық эксперименталдық бағдарламаларды жүзеге асыратын, 650-ден астам мектеп ұжымдарын біріктіретін эксперименттік алаңдардың инновациялық білім беру желісі: <http://www.eurekanet.ru>

5) Bookz.ru – электрондық кітаптар, журналдар және сөздіктер. Навигацияның ыңғайлы болуы үшін, авторлардың алфавиттік каталогінен басқа шығармалардың алфавиттік каталогі де қолжетімді, яғни кітаптарды алфавиттік тізім бойынша іздеуге болады: www.bookz.ru.

6) EOLSS (Encyclopedia of Life Support Systems) – өмірді қамтамасыз ету жүйелерінің энциклопедиялары. Көптеген энциклопедияладан айырмашылығы EOLSS білімінің ауқымы тақырып болып берілген. Пәндердің ішінде: математика, физика, энергетика, табиғатты қорғау – Жер және атмосфера туралы ғылым; экология, азық-түлік тағамдары және ауыл шаруашылығы туралы ғылымдар, адамзат ресурстары туралы, басқару және т.б., тілі – ағылшын: [http://www.eolss.net/.](http://www.eolss.net/)

Энциклопедиялар әлемі кітапханасы: [http://www.encyclopedia.ru/.](http://www.encyclopedia.ru/)

8) Britannica School – мазмұны және ақпараттары кең ауқымды, онда

мыңдаған мақалалар, бейнелер, видео, түпдеректер, электронды кітаптар, ұсынылатын веб-сайттар, тезаурус және дүние жүзінің атласы шығады. Барлық контент оқытудың STEM жүйесі әдістемесімен негізделген. Жұмыс барысында оқушылар оқиды, жазады, зерттеулер жүргізеді және жаратылыстану ғылымдары саласындағы өздерінің сөздік қорларын байытады. Кіріктірілген «Мұғалімдерге арналған сабақ жоспары» аталған онлайн ресурстың артықшылығы болып табылады, мұғалім өзінің «Жоспарын» жасауға немесе басқа мұғалімдердің құрастырған «Жоспарын» қолдануына болады. Аталған ресурсты сынып режимінде де, сонымен қатар үй тапсырмасын орындау барысында және олимпиадаларға қатысу үшін қажетті ғылыми жоба орындау үшін де қолдануға болады: (<http://school.eb.co.uk>).

9) «Сандардағы және картадағы дүниежүзі елдері». Интерактивті анықтамалықтарда дүниежүзінің алдыңғы қатарлы елдерін сипаттайтын статистикалық ақпарат және негізгі көрсеткіштер берілген: <http://www.sci.aha.ru>.

10) Рубрикон. Ірі энциклопедиялық портал. Неғұрлым белгілі энциклопедиялар, сөздіктер және анықтамалықтар, суреттер және карталар берілген: <http://www.rubricon.com>.

11) Білім алушылар оқу бағдарламасын меңгеру барысында АКТ қолдану дағдыларын дамытады. «География» пәнінің оқу бағдарламасына сәйкес келесі веб-ресурстар ұсынылады:

www.earthquakes.usgs.gov	www.rgo.ru	www.geo2000.nm.ru
www.geo.historic.ru	www.geografia.ru/	www.geographic.org
www.mygeog.ru	www.e-cis.info	www.geography.about.com
www.hobitus.com	www.imf.org	www.kisi.kz
www.meteosputnik.ru	www.mfa.gov.kz	www.oecd.org
www.stat.gov.kz	www.theodora.com	www.un.kz
www.un.org	www.undp.kz	www.unesco.kz
www.unesco.org	www.unmultimedia.org	www.volcanodiscovery.com
www.worldbank.org		

Оқу жүктемесінің көлемі.

«География» :

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Биология»:

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Физика»:

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

«Химия»:

қоғамдық-гуманитарлық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат;

жаратылыстану-математикалық бағытында:

10-11-сыныптарда – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«ТЕХНОЛОГИЯ» БІЛІМ САЛАСЫ

Технология

«Технология» пәні оқушылардың өзіндік еңбек өміріне дайындалуларына, олардың жасампаз және қайта құрылу саласына байланысты, кәсіби тұрғыдан өзін-өзі анықтауға мүмкіндік жасайды.

10-11-сыныптарда пәнді оқытудың *мақсаты* – техника мен технология саласында оқушылардың заманауи өндірісінде алған білім жүйесінің нәтижелілігіне бағытталған функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сонымен қатар, технологиялық ойлау қабілетін, шығармашылық көзқарасын дамыту.

Мақсатқа сәйкес келесі *оқыту міндеттері* анықталған:

– техника, технология және заманауи өндіріс негіздерінен жүйеленген білімді қалыптастыру;

– құрылымдық материалдарды өңдеу технологиясы, жобалау іс-әрекеттерін іске асыру бойынша жалпы еңбектік, жалпы өндірістік және арнайы біліктер мен дағдыларын қалыптастыру;

– технологиялық ойлау қабілетін және еңбекке деген шығармашылық көзқарасын дамыту;

– оқып жүрген технологиялармен байланысты мамандықтар әлемі, еңбек нарығындағы олардың талап етілуі туралы түсініктерін қалыптастыру, өзінің өмірлік және кәсіби жоспарларын саналы түрде анықтауына ықпал ету;

– еңбек ету және кәсіби іс-әрекеті үрдісінде эстетикалық, адамгершілік, экономикалық, экологиялық, дене және құқықтық тәрбие беру;

– оқушылардың Қазақстан халықтарының ұлттық мәдениетіне, салт-дәстүрлеріне деген құрмет көзқарасын қалыптастыру.

«Технология» пәнін оқыту барысына барлық төрт компонент кіреді азаматтардың әлеуметтік тәжірибесі: біліп тану саласының тәжірибесі (түрлі облыстағы ақиқат туралы білімі), танымал әдістер саласында тәжірибе орындау, шығармашылық қызмет тәжірибесі мен нысандарға эмоционалды-құндылықтар қатынасы және адам қызметіне арналған тәжірибе құралдары. Бұл барлық компоненттер оқу курсының мазмұнында бар.

Соған байланысты 10-11-сынып материалдарында ұл балаларға келесі бөлімдер бойынша тақырыптар беріледі.

«Заманауи өндірісі және жоғарғы білім» жаңа бөлімі тұлғалық қабілеттер және мамандық таңдау, кәсіптік әрекетке қазіргі заман талабы, жоғарғы оқу орындары және жоғарғы білімді алу жолдарын оқыту мәселелерін қамтиды.

53-кесте – 10-11-сынып ер балаларына арналған бөлімдердің тақырыптары

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. 2. Ауылшаруашылық өндірісіндегі техника және технология. 3. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы. 4. Металды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы. 5. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өңдеу технологиясы. 6. Электротехника және электроника негіздері. 7. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстар. 8. Шығармашылық жобалау саласы. 9. Заманауи өндірісі, техникалық және кәсіби білім.	1. Қауіпсіздік техникасы және еңбекті қорғау. 2. Ағашты және ағаш материалдарды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы. 3. Металды қолмен және механикалық өңдеу технологиясы. 4. Сәндік қолданбалы өнерінің элементтерімен көркем материалдарды өңдеу технологиясы. 5. Электротехника және электроника негіздері. 6. Үй мәдениеті. Үй шаруашылығындағы жөндеу жұмыстар. 7. Шығармашылық жобалау саласы. 8. Қазіргі заман өндірісі және техникалық кәсіби білім.

Технологиялық дайындықты ұйымдастырудың әдістері мен түрлерін оқушылардың оқу-еңбек, қызмет көрсету іс-әрекеттеріне араласуға дайындығының деңгейіне байланысты анықтайды.

Сабақтарды өткізу барысында «Технология» пәнін оқытудың дидактикалық талаптарын сапалы іске асыруға ықпал ететін заманауи оқыту технологиялары, ұйымдастыру әдістері, оқу процестерін қадағалау және оқушылардың ғылыми-зерттеу жұмыстары қолданылады.

Басым әдістерге – жаттығу, практикалық-оқу жұмыстары, жобалау әдістері жатады. Оқу жылының соңында орындаған жобаларына қорғау ұйымдастыру ұсынылады. Жобаларды оқушылар жеке немесе топ болып орындай алады.

10-11-сынып оқушыларымен кәсіби бағытты апталық өткізу барысында кәсіби шешім қабылдауға дайындығын қалыптастыратын, сонымен қатар жұмысқа орналасу немесе білім алу траекториясының негізгі және қосымша (ықтималды) варианттарын таңдаудың қажеттілігі туралы, кәсіптік ұтқырлық және бәсекелестікке дайын болуы қажет екендігі туралы ой салатын тренинг сабақтар өткізу тиімді болып табылады.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын

дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

«Технология» пәнінің мазмұнында мәдениет сабақтастығы принципіне сәйкес адамгершілік пен ұлттық мәдени құндылықты қалыптастыратын, соның ішінде адам өмірі мен қоғам негізі әрекетінің құндылығы болып саналатын еңбек құндылығы басты орын алады.

10-11-сынып қыз балаларға келесі бөлімдер бойынша тақырыптар ұсынылады.

54-кесте – 10-11-сынып қыз балаларына арналған бөлімдердің тақырыптары

Ауыл мектептерінде	Қала мектептерінде
1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп дайындау.	1. Тағам әзірлеу технологиясы. 2. Құрастыру, моделдеу және иық киім өнімдерін жасау. Қазақтың ұлттық киімін тігіп даңбындау.

Қолөнер кәсібі әрбір халықтың мәдениетінің материалдық тасымалдаушысы болып табылады. Сондықтан оқушылардың еңбек пен технологиялық мәдениетін қалыптастыру, оның тұлға ретіндегі еңбекқорлық, азаматтық және патриоттық қасиеттеріне тәрбиелеу және мектеп бітірушілердің еңбек нарығы жағдайында кәсіби өзін-өзі анықтауы мақсатында технология сабағында көпғасырлық халықтық және ұлттық қолөнерлерді міндетті түрде оқыту мен қолдануға назар аударуды ұсынады.

Қаладағы, ауылдағы және шағын жинақты мектептерде сыныптардың толымдылығына қарамастан ұл мен қыз топтарына бөлінуі іске асырылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Технология» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);
- «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

10-11-сыныптарда «Технология» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі әрбір сыныпта аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дене шынықтыру

Дене шынықтыру оқу пәні ретінде жалпы білім беретін мектепте маңызды рөл атқарады, жалпыадамзаттық мәдениет саласында белсенді

шығармашылық түрде өзін-өзі жүзеге асыруға дайын тұлға қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Оқыту мақсаты:

- ✓ өз денсаулығына ықтиярлықпен қарау, оны нығайту мен ұзақ мерзім сақтай білу қажеттілігін тәрбиелеу;
- ✓ физикалық және психикалық қасиеттерінің толық дамуын;
- ✓ салауатты өмір салтын ұйымдастыруда дене тәрбиесі құралдарын шығармашылықпен қолдану.

Оқыту міндеттері:

- ✓ денсаулықты нығайту, ағзаның қызметтік мүмкіндіктерін арттыру және негізгі физикалық (дене) қасиеттерін дамыту;
- ✓ базалық спорт түрлерінің техникалық-тактикалық іс-қимыл әдістерін жетілдіру;
- ✓ денсаулығын ұзақ мерзім сақтау және нығайту қажеттілігіне, өз денсаулығына ықтиярлықпен қарауға тәрбиелеу;
- ✓ дене шынықтыру және спорт туралы, олардың тарихы, қазіргі дамуы мен салауатты өмір салтын қалыптастырудағы рөлі туралы білімдерін шыңдау;
- ✓ тұлғаны оң қасиеттерге тәрбиелеу, оқу және жарыс әрекеттерінде ұжымдық іс-қимыл мен ынтымақтастық межелерін сақтау.

Оқу бағдарламасы екі бөлімнен тұрады: «Дене шынықтыру туралы білім» (ақпараттық компонент), «Дене бітімін жетілдіру және шеберлік» (әрекеттік компонент).

Вариативті компонент дене шынықтыру мұғалімі оқу процесінің сан алуан түрлерін қолдануға және оқытудың заманауи әдістері мен педагогикалық технологияларын енгізуге бағдарлайды. Вариативті компонент мектептің тұрған орны, материалдық базасы мен аймақтың орналасу ерекшеліктерін, мұғалімнің мүмкіндіктері мен оқушының қызығушылықтарын ескеру қажеттілігіне негізделгендіктен, оқу материалдарын жергілікті білім беру мекемелері ұсынады және оны дене шынықтыру мұғалімі әзірлейді.

Бағдарламалық талаптарды ескеріп, әрбір оқушының жеке мүмкіндіктері мен жыныстық даму ерекшеліктерін бағамдай отырып, мұғалім өздігінен жеке талаптар қойып (қорытынды тапсырмалар), талаптардың өзіндік шкаласын құруына және сол бойынша оқушылардың жылдық үлгерімін бағалауына болады. Дене шынықтыру мұғаліміне оқыту-үйретудің барлық кезеңдерінде оқушылардың даму деңгейлерінің жеке жас ерекшеліктерін ескере отырып, сабақ үлгерімдерін шынайы бағалауға мүмкіндік береді.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Бағдарламаның ұйымдастыру-әдістемелік талаптары:

- ✓ мұғалім өз тәжірибесіне сүйеніп, балалармен нақты жағдайдағы жұмыс дағдысына байланысты ұсынылып отырылған бағдарламаның кез келген бөлімін өзінің материалдарымен толықтыруға (немесе түзетулер енгізуге) құқылы. Оқушыларға қойылатын негізгі талаптар жүзеге асыру барысында;
- ✓ мұғалім апта кестесіндегі сабақ санына сәйкес оқушылардың даярлығы

мен сабақтың нақты жағдайына қарай өз жұмысын ұйымдастырады;

✓ оқушылардың қозғалыс ойындарын игеруін тексеру мақсатында бақылау-сынақ алу сабақтары өткізілуі тиіс;

✓ дене тәрбиесі сабақтарының тиімділігі екі параметр бойынша бағаланады:

✓ а) жекелеген бақылау нормативтерінің нәтижелері;

✓ ә) Президент сынақтары нормативтерін орындау нәтижелері (мұғалімнің таңдауы бойынша).

«Шаңғы дайындығы» және «Жүзу» тараулары бойынша сабақтарды толық мәнінде жүргізуге мүмкіндігі жоқ республиканың аймақтарында оларды алмастыру ұсынылады. Мектеп ұжымының педагогикалық кеңесінің шешімі бойынша бұл сабақтар тиісінше дала жарысымен (кросс дайындығымен) және гимнастикамен (ырғақты, атлетикалық, кәсіби-қолданбалы) алмастырылуы мүмкін.

«Дене шынықтыру» пәнін оқыту барысында оқушыларды топқа бөлу барлық қажетті медициналық құжаттардың ұсынуымен, медициналық тексерістің нәтижесі көрсетілген анықтаманың негізінде іске асырылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл (1992-2017);

- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);

- «ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

Оқушылардың дене шынықтыру бойынша үй тапсырмасын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады. Дұрыс ұйымдастырылған жағдайда, үй тапсырмасы сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, сабақта қарастырылған тақырыптарға қызығушылықтарын қалыптастыруға (қозғалыстарды қайталау, гимнастика жасау және т.б.) мүмкіндік береді. Үй тапсырмасын тұжырымдау барысында оқушылардың жеке және гендерлік жас ерекшеліктерін ескеру қажет.

«Дене шынықтыру» пәні сабақтарын ұйымдастыру және өткізу мәселелері бойынша мұғалімдерге әдістемелік көмек көрсету мақсатында Ұлттық ғылыми-практикалық дене тәрбиесі орталығы әдістемелік құралдар әзірлеп, орталықтың сайтына орналастырылған (www.nnpcsfk.kz).

Дене шынықтыру пәнінің оқу жүктемесі:

10-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты;

11-сынып – аптасына 3 сағат, жылына барлығы – 102 сағатты құрайды.

Алғашқы әскери дайындық

Алғашқы әскери дайындық (бұдан әрі – АӘД) меншік түрі мен ведомствалық бағыныстылығына қарамастан, барлық типтегі жалпы білім беретін мектептерде, орта арнаулы оқу орындарында (колледждерде), кәсіптік-

техникалық мектептерде әскерге шақырылуға дейінгі және әскерге шақырылу жасындағы білім алушы жастардың міндетті оқытылатын пәні болып табылады.

Жалпы білім беретін мектептің 10-11-сыныптарында «Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқыту ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген оқу бағдарламалары арқылы жүзеге асырылады.

Қазақстан Республикасының білім беру мекемелерінде жастарды алғашқы әскери қызметке даярлау, өткізу және ұйымдастыру үшін негіз болып табылған құжаттар мыналар:

1) «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» Қазақстан Республикасының 2012 жылғы 16 ақпандағы Заңы.

2) «Азаматтарды әскери қызметке даярлау, ұйымдастыру және өткізу, сондай-ақ, алғашқы әскери дайындық бойынша оқу-материал базасын құру ережесін бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 11 ақпандағы №118 қаулысының күші жойылды, оны «Бастапқы әскери даярлықты ұйымдастыру және жүргізу, сондай-ақ оның оқу-материалдық базасын қалыптастыру қағидасын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2014 жылғы 19 желтоқсандағы № 606 бұйрығымен ауыстыру қажет.

Алғашқы әскери дайындық теориялық және практикалық сабақтарда іске асырылады. Теориялық сабақтар оқытудың дидактикалық материалдарын, техникалық құралдар мен инновациялық әдістерді қолдана отырып әңгімелеу және сұхбаттасу түрінде өткізіледі. Практикалық сабақтар қарулану және әскери-техникалық мүлікті, құралдарды және өзге де жабдықтарды қолдана отырып оқу материалын игеруге бағытталған.

Оқу пәнінің мақсаттары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету туралы түсінігін және әскери іс негіздері бойынша оқушылардың білімдерін қалыптастыру, оқушылардың өмірлік қабілеттері мен дағдыларының дамуын қалыптастыруға ықпал ету.

Оқу пәнінің міндеттері:

✓ оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінде қызмет ету үшін алғашқы әскери дайындықтың теориялық тиянақты білімдері негізінде, практикалық дағдыларды меңгере алатындай жағдайда даярлау;

✓ оқушыларды Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің қызметі туралы біртұтас түсінігінің өзара үйлесімді жүйесін қалыптастыру.

Сабақтарда тұлғаның жеке қасиеттерін және зерттеушілік дағдыларын дамытуға бағытталған мақсаттар жүзеге асырылады, бұл мақсаттар оқылатын тақырыптар бойынша зерттеу жұмыстарын жүргізу барысында орындалады.

Оқу пәнінің мазмұны мен құрылымы кіріспе сабақ, әскери істің негіздері бойынша тараулар, азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздерінен тұрады. Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдармен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

Оқушылардың практикалық дағдылары мен біліктіліктерін шыңдау және жетілдіру, сонымен қатар әскери істі оқу-үйренуге деген қызығушылықтарын

арттыру мақсатында оқу жылының соңында спорттық-қорғаныс сауықтыру лагерлерінде, әскери бөлім базаларында (басшылығымен келісе отырып) 10-сынып ұлдарымен 30 сағат көлеміндегі бескүндік далалық оқу жиыны өткізіледі. Далалық оқу жиындары алғашқы әскери дайындық курсына өту бағдарламасының міндетті кезеңі болып табылады. Ол жергілікті атқару органдарымен ұйымдастырылады және білім беру мекемелерінде қарастырылған вариативті (өзгермелі) сағат есебінен қамтамасыз етіледі.

11-сынып оқушыларының АӘД пәні бойынша нормативтер мен практикалық жаттығуларды орындауларын бағалау мақсатында, оқу жылының соңында 4 сағат көлеміндегі қорытынды тексеру сабақтары (сынақ) қарастырылған.

10-сыныпта өткізілетін әскери топография сабақтарында оқушыларға басқа (бөтен) жерлерде картасыз бағдарлау, сол ауданда өзінің орналасқан орнын анықтау және азимут бойынша жүру бағытын компастың көмегімен және компассыз табуды үйренеді. Ал, 11-сыныпта оқушылар азаматтық қорғаныс және медициналық білім негіздері сабақтарында бейбіт уақытта және соғыс кездерінде, табиғи апаттар, ірі көлемдегі зілзалалар және жаудың қазіргі заманғы қырып-жою қаруларын қолданған кезде Қазақстан Республикасының халқын қорғау бойынша іске асырылатын іс-шаралар үйретіледі. Сонымен қатар төтенше жағдайлар пайда болған аудандарда және зақымдану ошақтарында қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу, сондай-ақ жарақаттанған адамдарға алғашқы дәрігерлік көмек көрсету ережелерімен танысады.

Әрбір оқу орнында меншік түрі мен формасына қарамастан АӘД бойынша келесі оқу-материал базасы құрылады және жетілдіріліп отырады:

1) қамтамасыз ету табеліне сәйкес көрнекі құралдар, АӘД оқытудың көрнекілік, техникалық құралдарымен, стендтермен жабдықталған оқу бөлмесі;

2) алғашқы әскери дайындық, өмір қауіпсіздігінің негіздері және азаматтық қорғаныс, медициналық білім бойынша арнайы жабдықтарды сақтауға арналған бөлме;

3) саптық дайындық бойынша сабақ өткізу алаңы;

4) рота бойынша күндізгі кезекшінің міндеттерін іс жүзінде үйрететін орын;

5) сақшының міндеттерін үйретуге арналған орын;

6) тактикалық алаң;

7) кедергілерден өту жолының кешені;

8) жабдықталған ату тирі;

9) әскери және еңбек даңқының бұрышы.

Оқу орындарын қару және өзге де әскери-техникалық құралдар макеттерімен, оқу құралдарымен қамтамасыз ету оқу орнының есебінен іске асырылады.

Сабақтың, сабақтан тыс және сыныптан тыс іс-шаралардың тәрбиелік мақсатын «Мәңгілік Ел» идеясымен ұштастырып жүзеге асыру ұсынылады.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл (1992-2017);
- Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл (1992-2017);
- «ЭКСПО-2017» «Болашақ энергиясы» Халықаралық көрмесі (2017 жылғы маусым-қыркүйек).

Оқушылардың алғашқы әскери дайындық бойынша қорытынды тексеру сынақтарын орындаулары оқу процесінің қажетті элементтерінің бірі болып саналады, сабақта алынған білімді бекітуге және тереңдетуге, спортқа, әскери істерге қызығушылықтарын қалыптастырады, дене шынықтыруды жетілдіреді.

«Алғашқы әскери дайындық» пәні бойынша оқу жүктемесі:

10-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағат, қосымша далалық оқу жиынына 30 және қорытынды тексеру сынаққа 4 сағат вариативті бөлімнен қарастырылған;

11-сыныпта – аптасына 1 сағат, жылына барлығы 34 сағатты құрайды.

4 ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША БІЛІМ БЕРУДІ ҰЙЫМДАСТЫРУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

2017-2018 оқу жылында 1-ші және 2-ші сыныптар білім мазмұны жаңартылған оқу бағдарламалары бойынша оқытылатын болады.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының мазмұндық ерекшеліктері:

- пән мазмұнын жобалау кезіндегі «шиыршық» принципі, яғни білім мен біліктерді тігінен, сондай-ақ көлденеңінен біртіндеп кеңейту (дағдыларды тақырыптар және сыныптар бойынша күрделендіру);

- пәндік операциялардың ең маңызды түрлері бойынша жіктелетін және таным заңдылығына негізделген оқу мақсаттарының Блум таксономиясы бойынша иерархиясы;

- білім беру деңгейлері бойынша және бүкіл оқыту курсы бойында педагогикалық мақсаттарды тұжырымдау, бұл пәнішілік байланыстарды барынша ескеруге мүмкіндік береді;

- білім саласы ішіндегі пәндердің арасындағы байланыстарды, сондай-ақ пәнаралық байланыстарды жүзеге асыру үшін ортақ тақырыптардың болуы;

- бөлімдер мен ұсынылған тақырыптар мазмұнының уақыт талабына сәйкес болуы, әлеуметтік дағдыларды қалыптастыруға баса назар аудару;

- оқу процесін ұзақ мерзімді, орта мерзімді, қысқа мерзімді жоспарлар түрінде технологияландырылуы болып табылады.

Оқу бағдарламаларында оқу пәні бойынша үштілді білім беру іске асыру көзделген. Көптілді оқыту ортасын құру үшін әрбір оқу пәнінің қосатын үлесі жиынтықта үштілді білім беру саясатын іске асыруды қамтамасыз етеді.

Тілдерді оқыту негізі коммуникативтік тәсіл болып табылады, ол әрбір оқу пәні әдіс-амалдары – әртүрлі оқу жағдаяттарында білім және дағдыларымен алмасу, тілдік және сөйлеу нормалары жүйесін дұрыс пайдалану арқылы білім алушылардың сөйлеу қызметі дамуының жетекші принципі ретінде қарастырылады.

Тілдерді оқыту сөйлеу әрекетінің төрт түрін дамыту арқылы жүзеге асырылады: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылым.

Мұғалімнің білім алушылардың сөйлеуінің дамуына ықпал ететін, күнделікті жағдайларға жақындастырылған ортаның үлгісін жасауы өте маңызды.

Жаңа оқу бағдарламаларының тағы бір ерекшелігі – олардың пәндік білім мен дағдыларды ғана емес, сондай-ақ, кең ауқымды дағдыларды қалыптастыруға бағытталуы. Оқу мақсаттарының жүйесі мынадай кең ауқымды дағдыларды дамытудың негізі болып табылады: функционалдық және шығармашылық түрінде білімдерін қолдану, сын тұрғысынан ойлау, зерттеу жұмыстарын жүргізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану, қарым-қатынастың әртүрлерін қолдану, жеке және топта жұмыс істей алу, мәселелерді шешу және шешімдер қабылдау.

Жаңартылған оқу бағдарламаларының икемділігі мен жан-жақтылығы оның маңызды сипаттамасы болып табылады. Мұғалімдер тараудың және

тиісті тоқсанның аясында тараулар мен бөлімдерді оқытудың ретін өзі анықтауға құқылы. Мұғалімдер бірнеше мақсатқа жетуге бағытталған тапсырмаларды құрастыра алады. Оқу бағдарламасы мұғалімдердің оқу мақсатын жиынтықта орындаған жағдайда оқу бағдарламасындағы оқу мақсатына жетуге әкелетін бірнеше мақсаттарға бөлуіне мүмкіндік береді. Мұғалімдер тақырыпқа /оқу мақсатына берілген сағат санын өз бетімен анықтауларына болады. Бұл шешім оқу-әдістемелік бірлестігінің отырысында қабылдана алады. Жоспарлау кезінде мұғалімдер бекіту және қайталау сабақтарын ескерулері тиіс.

Оқу жоспарлары

Оқу бағдарламаларындағы пәндер бойынша оқу жоспарлары ұсыныс сипатында берілген. Оқу мақсаттарының жүйесі мен оқыту тәсілдеріне негізделген ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда мұғалімдер үшін тақырыптар мен бөлімдер бойынша сабақтарды өткізу, білім алушыларды сабақтарда ұйымдастыру бойынша ұсыныстар берілген, сондай-ақ оқыту ресурстары (интернет, мәтіндер, жаттығулар, бейне- және аудиоматериалдары және т.б.) көрсетілген.

Әрбір оқу пәні бойынша мазмұнын жобалаудың принципі өзгерген: сызықтық принципі «шиыршық» принципіне ауысты, яғни білім мен біліктің бірте-бірте тігінен де, көлденеңінен де ұлғайюы (дағдылардың тақырыптар және сыныптар бойынша күрделенуі).

Осыған байланысты оқу бағдарламасының мазмұнын құрудың негізі болып табылатын оқу материалдарын шиыршық тәріздес орналастыру принципін, сондай-ақ, сыныптар мен тоқсандар бойынша ұсынылған пәнаралық ортақ тақырыптарды оқу арқылы материал мазмұнын құрылымдауды ескеру керек. Мысалы, 1-сыныпта, түрлі дереккөздерді зерттей отырып, оқушы «отбасы» түсінігінің мәнін түсінуі және түсіндіре алуы тиіс, туыстық байланыстар жүйесіндегі басқа да отбасы мүшелеріне қатысты өз орнын анықтай алуы тиіс. 2-сыныпта ол отбасылық мұрағат материалдарының негізінде отбасы мүшелерінің сөздік портретін құрайды.

Ұзақ мерзімді жоспарларда: білім беруді дамытудың жалпы принциптері (оны дамыту тұжырымдамасы); дамытудың басты бағыты және бағдарламалары; көзделген оқу мақсаттарына қол жеткізуді қамтамасыз ететін маңызды шаралардың мазмұны мен жүзеге асыру бірізділігі көрсетіледі. Ұзақ мерзімді жоспар бір оқу жылына арналған оқу мақсаттарын қамтиды.

Әдетте орта мерзімді жоспарлауды мұғалімдер тобы немесе бір мұғалім жүзеге асырады, олар оқу бағдарламасын сабақтардың топтамасы түрінде құрылымдайды. Орта мерзімді жоспарлау ұзақ мерзімді жоспарда анықталған бағдарларды нақтылайды. Орта мерзімді жоспарларда белгіленген мерзімнің негізгі міндеттері тұжырымдалады. Мұнда әр тоқсанның немесе бөлімнің тақырыптары көрсетіледі. Бөлімдер ішінде сағаттарды бөлуді мұғалімнің қалауына қарай өзгертуге болады.

Қысқа мерзімді жоспарды немесе сабақ жоспарын, орта мерзімді

жоспарының соңында ұсынылған үлгі бойынша мұғалімнің өзі әзірлейді. Қысқа мерзімді жоспарды әзірлегенде мұғалімге саралап оқыту тәсіліне және оқушылардың жеке ерекшеліктеріне назар аудару ұсынылады. Сабақты жоспарлау мұғалімнің оқу мақсаттарына тиімді қол жеткізуіне мүмкіндік береді. Ол үшін мұғалім оқу материалы мен сабақтағы әрекет түрлерін мұқият іріктеп алуы керек. Мұғалім әр сабақтан кейін білім алушылар меңгере алмаған немесе түсінбеген жерлерін анықтау мақсатында сабаққа талдау (рефлексия) жасап отыруы керек.

Қысқа мерзімді жоспар құрған кезде мұғалімге төмендегі ұсыныстарды басшылыққа алуына болады:

- сабақты ұйымдастыру кезінде оқу бағдарламасында және оқу жоспарында көрсетілген мақсаттарды басшылыққа алу қажет;
- орта мерзімді жоспарда ұсынылған барлық іс-әрекеттерді ұйымдастыру ұсынылады;
- мұғалімнің қалауы бойынша іс-әрекет түрі қажеттілігіне қарай толықтырылып отырады.

Жаңа форматты сабақ балаларды оқыту процесіне белсенді тартуды, олардың талқылауларға қатысуын, өткен материалды талдау және қорытуын, зерттеу жүргізуін, бағалау пікірлерін айту, өзін-өзі бағалау және т. б. көздейді.

Сабақтың міндетті элементі ретінде оқушыны қолдауға бағытталған мұғалімнің әрекеттерін түзетуге мүмкіндік беретін кері байланыс болуы тиіс.

Қысқа мерзімді жоспарлау кезінде мұғалім міндетті түрде мыналарды анықтап, әзірлеуі қажет:

- тілдік оқу мақсаттары – терминдермен жұмыс және т.б.;
- саралау: білім алушыларға қолдау көрсету қалай жоспарланады? Қабілетті білім алушылардың алдына қандай міндеттер қою жоспарлануда? Білім алушылардың материалды меңгеру деңгейін қалай тексеруге болады?
- метапәндік байланыстар;
- денсаулығы мен қауіпсіздігін, «Мәңгілік Ел» ұлттық идеясының құндылықтарымен және АКТ-мен байланысын қамтамасыз ету.

Мұғалім тек білім көзі ретінде ғана емес, білім алушылардың өздерінің оқу-танымдық әрекеттерінің белсенді ұйымдастырушысы ретінде қызмет етуі тиіс.

Осыған байланысты сабақты жоспарлау бойынша барлық жұмысты оқытудың жаңа тәсілдерін ескере отырып, жүзеге асыру ұсынылады. Сондықтан, жаңартылған білім беру мазмұнын іске асыру аясында озық тәжірибелерді, оқыту мен оқудағы, бағалау жүйесіндегі жаңа технологиялар мен әдістерді енгізу, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды енгізудің тиімді жолдарын күшейту, оқытудағы әртүрлі сандық білім беру ресурстарын, мектепаралық желілік өзара іс-қимылды, мектепаралық оқу жоспарлары мен бағдарламаларын, «мұғалімдермен алмасуды», мектептегі пәндер бойынша оқытуда жаңа технологияларды қолданудың шеберлік сабақтарын пайдалануды кеңейту қажет.

Пәндерді, бөлімдерді, тақырыптарды кіріктіру, сондай-ақ пәнаралық

байланыстарды жүзеге асыру құралы – ортақ тақырыптар – жаңартылған бағдарламалардың бірден бір ерекшелігі болып табылады. Олар барлық пәндердің мазмұнымен, ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарлау жүйесімен байланысқан. Сондықтан мұғалім қысқа мерзімді жоспар әзірлеуде ортақ тақырыптар жүйесін сақтау және тапсырмаларды құрастыру мен оқушылардың сабақтағы қызметін ұйымдастыруда оларды ескеруі тиіс.

Бастауыш мектептің оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының мазмұны шынайы өмірмен тығыз байланысты, практикаға бағытталған және байқампаздық, білуге құмарлық, ақпаратпен жұмыс істей білу, өз көзқарасын білдіру сияқты қасиеттердің дамуына ықпал етеді.

1, 2-сыныптардың білім алушылары үшін «патриотизм», «адамгершілік құндылықтар жүйесі» сияқты ұғымдар әзірге абстрактылы сипатта болады. Ал «Менің отбасым және достарым», «Бізді қоршаған әлем», «Саяхат», «Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті» деген тақырыптар оларға жақын және түсінікті. Оқушылардың өз отбасы, үйі, ата-анасына деген махаббаты, достық туралы әңгімелер және кез келген саяхат туған үйінен басталатынын түсінуі, көп жағдайда оқушының өзін-өзі отбасы мүшесі ретінде айқындауын қамтамасыз етеді және адамгершілік бағдарларды қалыптастырады.

Ортақ тақырыптар әр тоқсанға екі-екіден тең бөлінген. Мұғалім әрбір ортақ тақырыпқа бөлінетін сағат санын білім алушылардың дайындық ерекшеліктеріне байланысты өзі өзгертеді.

55-кесте – 1,2-сыныптардың оқу бағдарламаларындағы ортақ тақырыптар

Тоқсан	Ортақ тақырыптар	
	1-сынып	2-сынып
I	Өзім туралы	Өзім туралы
	Менің мектебім	Менің отбасым және достарым
II	Менің отбасым және достарым	Менің мектебім
	Бізді қоршаған әлем	Менің туған өлкем
III	Саяхат	Дені саудыңжаны сау
	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті	Салт-дәстүр және ауыз әдебиеті
IV	Тағаммен сусын	Қоршаған орта
	Дені саудың жаны сау	Саяхат

Оқу бағдарламаларда күтілетін нәтижелер оқу мақсаттарының жүйесі түрінде тұжырымдалған, олар оқу пәнінің мазмұнын анықтау үшін негіз болып табылады.

Бағалау критерийлері бар оқу мақсаттары мен күтілетін нәтижелері мұғалімдерге өз жұмысын жоспарлауға және білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалауға, сондай-ақ оларды оқытудың келесі кезеңдері туралы хабардар етуге мүмкіндік береді.

Күтілетін нәтижелер мәнделс бірнеше оқу пәндерін біріктіретін әрбір білім саласының ерекшелігін ескере отырып, жобаланған.

Оқу мақсаттарының нақты сипаттамасы оқу бағдарламасына енгізілген. Оқу мақсаттары әрбір оқу пәнінде кемінде екі рет қайталануы тиіс. Белгілі бір оқу мақсаттары (базалық дағдыларды қалыптастыратын) оқу жылы ішінде бірнеше рет қайталануы және бекітіледі.

Әр сабақ оқу мақсаттарын және оларға жетудің критерийлерін айтудан/көрсетуден басталатынын есте сақтау маңызды. Әрбір білім алушы қойылған оқу мақсатын түсініп, ұғынуы керек және оған қалай жетуге болатынын білуі керек.

Оқытудың күтілетін нәтижелерінің жүйесі білім алушыларды оқыту және тәрбиелеудің мазмұндық негізін анықтайды.

Қысқа мерзімді жоспарды әзірлеу кезінде әр мұғалім, ең алдымен, оқу мақсатын бағдарлайды. Әдетте, бастауыш сыныптарда оқу пәндері бойынша сабақта 1 немесе 2 оқу мақсаты қойылуы мүмкін.

Әр оқу мақсаты бойынша бағалау критерийлерін мұғалім әзірлеуі тиіс. Сондай-ақ, мұғалім өзінің білім алушыларының дайындық деңгейіне сәйкес келсе, ЖӘК порталына орналастырылған жиынтық бағалау бойынша жинақтардағы бағалау критерийлерін пайдалануға құқығы бар.

Бастауыш мектептің өзінде оқыту процесі білім алушылардың функционалдық сауаттылықтары мен кең ауқымды дағдыларын қалыптастыруға бағытталған. Бұл ретте оқыту процесі дәстүрлі оқыту процесінен алшақтағанын және күтілетін нәтижелерге негізделетінін есте сақтау қажет. Күтілетін нәтижелер алты білім салалары бойынша анықталады және іс-әрекеттік аспектісін көрсетеді, яғни білім алушылар «біледі», «түсінеді», «қолданады», «талдайды», «жинақтайды», «бағалайды».

Бастауыш сынып мұғалімі жаңартылған оқу бағдарламаларын іске асыру аясында ұсынылған оқу процесін, қалыптастырушы және жиынтық бағалауды өткізуді ұйымдастыру бойынша әдістемелік құралдар мен нұсқауларға назар аударғаны жөн. Олардың электрондық нұсқалары Б. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының (www.nao.kz), «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының (smk.edu.kz) сайттарында орналастырылған.

Бастауыш сынып мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету мақсатында «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ «Жүйелі-әдістемелік кешен» (бұдан әрі – ЖӘК) порталы (smk.edu.kz) әзірленген.

ЖӘК мұғалімдер үшін ақпараттық-әдістемелік база, педагогикалық тәжірибе алмасу алаңы, желілік өзара әрекеттестікті дамытатын ақпараттық кеңістік, орта білім мазмұнын жаңарту аясында дайындалған онлайн платформа болып табылады.

ЖӘК-ті қалай пайдалану керек?

Пайдаланушыға порталға кіру үшін алдымен тіркелу қажет. Бұл үшін:

1. Порталдың басты бетіндегі «Тіркелу» батырмасын басу қажет. Сонда тиісті деректерді енгізуді қажет ететін тіркеу нысаны ашылады. Жүйе енгізілген жеке сәйкестендіру нөмірінің (ЖСН) дұрыстығын алдын ала

тексереді. Егер ЖСН дұрыс болса, тіркеу нысанының мына жолдары белсендендіріледі: «Тегі», «Есім», «Аймақ», «Ұйым/Мектеп», «E-mail» (қолданыстағы электрондық поштаны енгізу керек), «Күпия сөз» (күпия сөз кем дегенде алты таңбадан тұруы керек), «Күпия сөзді қайталаңыз». Тіркеу нысанын толтырып, «Тіркеу» батырмасын басқаннан кейін порталға кіруге болады.

2. Тіркелуден өткеннен кейін есеп жазбаны (аккаунтты) белсендендіру қажет. Бұл үшін тіркелу кезінде көрсеткен электрондық поштаға кіру керек. Жүйеден бірнеше секунд ішінде осы поштаға хабарлама келіп түседі. Хабарламаның ішінде көрсетілген сілтеме арқылы өтіп, есеп жазбаны белсендердіруге болады.

ЖӘК-тен нені табуға болады?

ЖӘК көруге/жүктеуге арналған қолжетімді файлдар орналастырылған төмендегі бөлімдерді қамтиды:

1. «*Жұмыста қолдануға арналған құжаттар*» бөлімінде Үлгілік оқу бағдарламалары, Үлгілік оқу жоспарлары, ҚР МЖМБС, орта мерзімді жоспарлар, қысқа мерзімді жоспарлар орналастырылған.

2. «*Сабақ бойынша жоспарлау*» бөлімінде пәндер және сыныптар бойынша оқу жоспарына сәйкес құрылымдалған сабақ жоспарлары, таныстырылым, аудио/бейне материалдар орналастырылған.

3. «*ОӘК*» бөлімінде бастауыш мектептің пәндеріне сәйкес оқулықтар мен жұмыс дәптерлері, мұғалімге арналған нұсқаулықтар мен оқу құралдарының электрондық нұсқалары, оқу мақсаттарына жету бойынша шеберлік сабақтары орналастырылған.

4. «*Критериалды бағалау*» бөлімінде критериалды бағалау бойынша нұсқаулықтар, қалыптастырушы және жиынтық бағалауға арналған тапсырмалар жинақтары, бейне және таныстырылым ресурстары орналастырылған.

5. «*Онлайн сабақтар мен семинарлар*» бөлімінде қалыптастырушы бағалау бойынша онлайн семинарлар, онлайн сабақтар орналастырылған. Педагогикалық тәжірибе алмасу процесін жүзеге асыру мақсатында мұғалімдерге жаңартылған бағдарлама бойынша өздерінің материалдарын жариялауға мүмкіндік берілген. Материалды орналастыру үшін жоғарғы оң жақ бұрышында орналасқан «Материалды қосу» батырмасын басу керек.

6. «*Форум*» жаңартылған білім мазмұнының өзекті бағыттары бойынша (ұйымдастырушылық мәселелер, оқулықтардың мазмұны, білім алушыларды бағалау және т.б.) сұрақтарды орналастырып, Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясының және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» ДББҰ қызметкерлерінен кеңес алуға мүмкіндік береді.

Әзірленген және «Жүйелі-әдістемелік кешені» порталында орналастырылған ресурстар пайдалану үшін ұсынылған, бірақ оларды мұғалімнің өзі әзірлеуге құқылы (қысқа мерзімді жоспарлар, тапсырмалар, пайдаланылатын ресурстар және т. б.).

1-сыныпта оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері

1-сыныпта оқу процесін ұйымдастыру – бастауыш білім беру деңгейінің ең күрделі және жауапты кезеңі.

1-сыныптарда оқытудың мақсаты – 6-7 жастағы балаларды буынмен оқу, тұтас сөздерді оқу, мәнерлі мазмұндау, жатқа айту қабілеттерін қалыптастыру, сауатты жазу қабілеттеріне дағдыландыру, байланыстыра сөйлеуін және т.б. дағдыларын дамыту болып табылады. Сондықтан, 1-ші сыныптықтардың танымдық қызметінің оң мотивациясын қалыптастыру ерекше маңызды болып саналады және оқу процесі қарапайымнан күрделіге, жеңілден қиынға өту принципі бойынша құрылуы тиіс.

1-сыныптардың оқушыларына оқу жылының I жартыжылдығында баға қойылмайды, ынталандырудың басқа әдістері мен тәсілдері қолданылады. 1-сыныпта оқушыларға үй тапсырмасы берілмейді.

Білім беру ұйымдарында оқу сабақтары сағат 08.00-ден ерте басталмайды.

«Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2013 жылғы 17 қыркүйектегі № 375 бұйрығына сәйкес 1-сыныпта балалардың оқу процесіне бейімделу кезеңін жеңілдету мақсатында оқу жүктемесі бірте-бірте ұлғайтылады, яғни оқу жүктемесін біртіндеп өсірудің «сатылы» сабақ кестесі қолданылады: I жартыжылдықта сабақтар 35 минуттан, II жартыжылдықтан бастап сабақтар 45 минуттан болады.

Оқу жылының барысында 1-сынып білім алушыларына III тоқсанда қосымша 1 апталық демалыс беріледі.

1-сыныптың сабақ кестесіне қосарланған сабақтар қойылмайды («Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын бекіту туралы» ҚР Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығы).

Сабақ кестесіндегі үзілістердің ұзақтығы оқушылардың тамақтануы мен белсенді демалысын ескеруі қажет.

4.1 БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ 1,2-СЫНЫПТАРЫНА АРНАЛҒАН ОҚУ ПӘНДЕРІ МАЗМҰНЫНЫҢ ӘДІСТЕМЕЛІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

«ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ» БІЛІМ САЛАСЫ

Сауат ашу

«Сауат ашу» пәні – бастауыш білімнің негізін құрайтын аса маңызды пәндердің бірі. «Сауат ашу» пәні – «Қазақ тілі», «Әдебиеттік оқу» пәндерінің құрамдас бөлігі, тіл және әдебиет туралы білім жүйесіне дайындық, сондай-ақ одан кейінгі оқытудың негізі болып табылады.

Дыбыс және әріппен таныстыруға бөлінетін сағат санын білім алушылардың оқу материалын, оқу мақсаттарын меңгеру деңгейіне және әр кезеңнің тапсырмаларын орындау деңгейіне байланысты мұғалімнің өзі реттей алады.

I жартыжылдықта оқу жылдамдығын тексермеуге болады. II жартыжылдықтың соңында оқу дағдысының қалыптасу нормасы минутына 25 және одан артық сөзді құрайды. *Ескерту:* Шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Пәнді оқытудың ерекшелігі оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру болып табылады, ол оқу мен жазу бойынша алған білім, білік, дағдыларын түрлі өмірлік жағдаяттарда пайдалануға мүмкіндік береді.

1-сынып білім алушылары:

- 1) 2-6 сөзден тұратын сөйлемдерді буындық тәсілмен тұтас оқу;
- 2) 4-8 сөйлемнен тұратын қысқаша мәтіндерді буындық тәсілмен тұтас оқу;
- 3) сөйлем, шағын мәтіндер (3-4 сөйлем) құрастырып жазу;
- 4) есту, есте сақтау арқылы сөздерді (3-7 сөз) жатқа жазу;
- 5) жай сөйлемдерді (1-2 сөйлем) жатқа жазу;
- 6) баспа әріптерімен берілген мәтінді (10-15 сөз) көшіріп жазу;
- 7) күрделі, айтылуы мен жазылуы әртүрлі сөздерді тыңдау арқылы жазу (8-10 сөз);
- 8) сөйлемдерді (3-4 сөзден тұратын), шағын мәтіндерді (10-15 сөз) тыңдау арқылы жазу;
- 9) белгілі бір тақырыпқа сөйлемдер құрастыру және жазу (2-4 сөйлем) жұмыстарын орындай алуы керек.

Жиынтық бағалаудың рәсімдер саны әрбір оқу пәні бойынша бастауыш мектеп мұғалімдеріне арналған критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік құралда реттеліп, ұсынылған.

56-кесте – Жиынтық бағалаудың рәсімдер саны

Пән/Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны

Сауат ашу, 1-сынып	-	-	2*	2*
-----------------------	---	---	----	----

* – Тексерілетін сөйлеу әрекетінің әрбір түрі үшін балдарды қою

«Сауат ашу» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 6 сағат, оқу жылына 198 сағатты құрайды.

Қазақ тілі (оқыту қазақ тіліндегі сыныптар үшін)

«Қазақ тілі» пәні бастауыш мектепте гуманитарлық білім берудің бастапқы өзегі болып табылады. Бастауыш мектепте «Қазақ тілі» пәнін оқытудың мақсаты – сөйлеу әрекетінің түрлерін: тыңдалым, айтылым, оқылым, жазылымды дамыту арқылы тіл туралы бастапқы білімді меңгерту және оны тілдік нормаларды сақтай отырып, оқу әрекеті мен күнделікті өмірде қолдану.

Пәннің мазмұны мәтін түрлері, көркем шығармалар мен аутентті материалдар арқылы оқушылардың сөздік қорын жаңа сөздермен толықтыруды, оқиғаны бойынша пікір білдіруді және оны дәлелдеуді, белгілі бір тақырыпқа байланысты өз ойын толық, жүйелі, түсінікті етіп ауызша және жазбаша жеткізе білуге дағдыландыруды, мәтін бойынша сұрақтар құрастырып, мүмкін болатын жауаптарды болжап, өзін-өзі бағалауды, мәтін бөлімдері арасында мағыналық байланыс орнатуды, жоспар құруды, сөйлеу мәдениетін қалыптастыруды қамтиды.

Пәнді оқытудың басты ерекшелігінің бірі оқушылардың сауаттылығын арттыру және тілін дамыту мақсатында жазба жұмыстарын жүргізіп отыру болып табылады. Мысалы, мына тапсырма үлгілері жазылым дағдысын дамытуға ықпал етеді:

- 1) оқушыларға таныс ертегі, әңгіме, өлеңдердің қысқаша мазмұнын жазу;
- 2) газет-журналдарға шағын хабарлама, мақала жазу;
- 3) белгілі оқиғаны өз ойынша өзгертіп аяқтау;
- 4) оқиғаны өз көзқарасымен өзгертіп аяқтау;
- 5) грамматикалық және ортақ тақырыптар аясында шығармашылық тапсырмалар (ребус, пиктограмма, сөзжұмбақ, сәйкестендіру және толықтыру тест тапсырмалары) құрастыру;
- 6) ақпаратты суреттер мен сызбалар, белгілер, пиктограммалар арқылы беру;
- 7) жазылуы қиын сөздер мен сөз тіркестерінен сөздік құрастыру;
- 8) сұхбатқа жазбаша сұрақтар дайындау.
- 9) диктант; грамматикалық тапсырмалар; бақылау ретіндегі көшіру; мазмұндама; шығарма; тест тапсырмалары.

Пән бойынша 2-сыныпта жүргізілетін жазба жұмыстарының көлемі:

- 1) сөздік диктант – 6-8 сөз;
- 2) диктант – 25-30 сөз;
- 3) мазмұндама – 40-60 сөз;
- 4) шығарма – 25-35 сөз.

«Қазақ тілі» пәні бойынша жиынтық бағалау жиынтық жұмыстарын жүргізуді көздейді. Бірақ қажеттілігіне қарай мұғалім қосымша жұмыстар

(диктант, мазмұндама, шығарма және т.б.) жүргізе алады, олардың нәтижелері сынып журналына қойылмайды. Ол білім алушылардың жетістіктеріне аралық мониторинг жүргізудің бір түрі және жүргізілген жұмыстардың нәтижелерін ұсына отырып, жүзеге асыруға мүмкіндік беретін кері байланыс болып табылады.

57-кесте – Жиынтық бағалаудың рәсімдер саны

Пән/Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
Қазақ тілі, 2-сынып	2*	2*	2*	2*

* –Тексерілетін сөйлеу әрекетінің әрбір түрі үшін балдарды қою

Қалыптастырушы және жиынтық бағалау шеңберінде бағаның төмендеуіне әсер ететін қателер мен кемшіліктердің жіктелуі:

Қателер:

- сөздегі әріптердің орнын ауыстыру, алмастыру, артық әріптерді қосып жазу, сөздердің жазылу ережесін бұзу сияқты өрескел қателер;
- емле ережесі бойынша қате жазылған сөздер;
- мәтінде өтілген тыныс белгілерінің болмауы (сөйлемнің соңында) және бас әріптің сөйлем басында жазылмауы;
- орфографиялық ережелер бойынша жіберілген қателер; бір ережеге сәйкес келетін сөздердің әртүрлі сөзде кездесуі екі қате болып саналады;
- бірдей әріптен жіберілген қате үш рет қайталанса, екі қатеге есептелінеді, екі рет жіберілсе, бір қатеге есептелінеді;
- мазмұндама жазу кезінде шығарманың мәнін, мазмұнын өзгертетіндей, алшақтайтындай авторлық мәтіннен айтарлықтай ауытқулардың болуы;
- бөлімдердің арасында байланыстың болмауы, сөздік қоры жұтаң, мазмұнының негізгі бөлімінің болмауы, автор мәтінінде көрсетілген маңызды оқиғалардың қалдырылуы;
- мазмұндамада сөздердің сәйкес мағынада қолданылмауы.

Диктантта мына қателер бір қате ретінде саналады: екі түзету; екі пунктуациялық қате; бір сөзден жіберілген қатенің қайталануы; екі өрескел емес қате.

Өрескел емес қателер: сөзде бір әріптің қайталануы; сөздің қате тасымалдануы; сөйлемде бір сөздің екі рет қайталанып жазылуы, аяқталмаған сөз.

Кемшіліктер: келесі сөйлем бас әріппен жазылған жағдайда сөйлем соңында тыныс белгісінің қойылмауы; азат жолдың болмауы; мазмұндама жазу кезінде авторлық мәтіндегі оқиға қисынының шамалы бұзылуы.

Диктант үшін ұсынылатын мәтіндер орфографиялық тұрғыдан таныс болмаған жағдайда, яғни жіберілген қателер өтілген сабақтардың материалдарында қарастырылмаған жағдайда жіберілген қателер *диктантта*

қате деп саналмайды.

Мазмұндаманы, шығарманы ұйымдастыру және өткізу

2-сыныпта оқушылардың өз ойын жазбаша тілде тиянақты түрде жеткізу білігін тексеру мақсатында мазмұндама, шығарма жазуға үйрететін жұмыс жүргізіледі. Осы жұмыстарға 1 сағаттан кем емес уақыт бөлу ұсынылады. Үйрету сипатындағы шығармашылық жұмыс жүргізудің кезеңділігі – шамамен 15 күнде бір рет.

Мазмұндама тақырыптарының көлемі диктант мәтіндерінің көлеміне қарағанда шамамен 15-20 сөзге артық болуы тиіс.

Шығарма жұмыстарын бағалау мәлшері

Шығарма тақырыбын таңдауда оның өмірмен байланыстылығы, балалар тәжірибесі мен қызығушылығына жақындығы, мазмұнының, мәтін құрылысы мен оның тілдік безендірілуінің қолжетімділігі ескерілуі қажет. Сонымен қатар бастауыш сынып білім алушыларына әртүрлі жағдайларда қауіпсіз іс-әрекеттер туралы және қауіпсіз іс-әрекеттер жасау мәдениеті туралы шығармалардың тақырыптары ұсынылады.

Сөздік диктанттар ағымдағы тексеру жұмысы және бақылау (тоқсанына 1 рет) ретінде өткізіледі. Сөздік диктанттардың мазмұнын жазылуы ережемен реттелмейтін сөздерден құралады.

«Қазақ тілі» пәні 2-сыныпта аптасына 4 сағаттан оқытылып, жылдық жүктемесі 136 сағатты құрайды.

Әдебиеттік оқу

«Әдебиеттік оқу» пәнінің мақсаты – бастауыш сынып білім алушыларының көркем шығарманы сезіммен қабылдауы, түсінуі, санасында қайта жаңғырта алуы және шығармадан қабылдағанын өзінің шығармашылық әрекетінде жүзеге асыруға ұмтылуы арқылы функционалдық сауаттылығын қалыптастыру.

Оқу бағдарламасында әдеби-шығармашылық қабілеттерін дамыту қарастырылған. Нақты шығармаларды оқып білу және қажетті шығармашылық тапсырмаларды орындау үшін, мұғалім білім алушылардың даярлық деңгейіне байланысты сабақтар санын анықтайды.

Қорытынды тексеруді ұйымдастыру үшін және оқыту нәтижелерін бағалау үшін әртүрлі тапсырмалар қолданылады:

- кешенді әртүрлі деңгейлі жұмыстар (ағымдағы тексеру үшін);
- әдебиеттік диктанттар (әдеби білімін және сауаттылығын тексеру үшін);
- өтілген шығарма, тақырып, бөлім бойынша тест тапсырмалары;
- дауыстап және іштей оқу дағдыларын жаппай тексеруге арналған сұрақтары мен тапсырмалары бар мәтіндер;
- оқу әрекеттерінің қалыптасуын тексеруге арналған диагностикалық тапсырмалар және тест тапсырмалары;
- дауыстап оқу дағдысын жеке тексеруге арналған мәтіндер мен тапсырмалар (әр жартыжылдық соңында);
- оқырмандық біліктерінің және білімділігінің деңгейін тексеру бойынша кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстар (әр жартыжылдық соңында);

- қорытынды тест тапсырмалары (кешенді әртүрлі деңгейлі қорытынды жұмыстардың бір түрі);

- оқулықпен жұмыс жасау дағдыларын тексеруге арналған бақылау жұмыстар (2-сыныптың I жартыжылдығының соңында)

2-сыныптың II жартыжылдығынан бастап балаларға арналған кітаппен жұмыстар бойынша тапсырмалар оқырмандық біліктерін және оқыған шығармалары жөніндегі ағымдық және қорытынды тексеруге жатады.

Бағаның төмендеуіне әсер ететін қате мен кемшіліктердің классификациясы

Қателер:

- қате оқу (әріптерді ауыстыру, сөздерді, әріптерді тастап кету, сөздерді, буындарды, әріптерді қосып оқу);

- мәтіннің бәрін мағыналық кідіріссіз оқу, дауыстап оқығанда сөздің айтылуын ырғағы мен анықтығын бұзу;

- қойылған оқу уақытында оқылған мәтіннің жалпы мағынасын түсінбеу;

- мәтін мазмұнына сай сұрақтарға жауап бере алмау, оқылғаннан негізгі ойды көрсете алмау;

- оқылған мәтіннен негізгі мазмұнды түсінуді білдіретен мәтіндегі сөз және сөйлемді таба алмау;

- мазмұнын айтуда шығарма оқиғасының бірізділігін бұзу;

- жатқа айтуға дайындалған мәтінді толық білмеу;

- бірсарынды оқу, мәнерлеп оқи алмауы.

Кемшіліктер:

- дауыстап оқуда мағыналық кідіріс, ырғақ пен сөздердің айтылу анықтығының бұзылуы;

- белгіленген уақыттан біршама артық уақытта оқылған мәтінді түсінуі;

- шығарманың негізгі ойын тұжырымдаудағы дәлсіздік; мәнерлеп оқуды мақсатты қолдана алмауы, кейіпкер мінезін көрсетудегі мәнерлеудің жеткіліксіздігі.

«Әдебиеттік оқу» пәні бойынша оқу дағдысының қалыптасуының шамалық нормасы:

2-сыныптың I жартыжылдық соңында минутына 40 және одан артық сөз оқуды; II жартыжылдық соңында 50 және одан артық сөз оқуды меңгеруі қажет. Ескерту: шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Жиынтық бағалаудың рәсімдер саны осы пәнге арналған критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік құралда көрсетілген.

58-кесте – Жиынтық бағалаудың рәсімдер саны

Пән/Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
Әдебиеттік оқу,	2*	2*	2*	2*

2-сынып			
---------	--	--	--

* –Тексерілетін сөйлеу әрекетінің әрбір түрі үшін балдарды қою

2-сыныпта «Әдебиеттік оқу» аптасына 3 сағаттан оқытылып, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Орыс тілі (оқыту орыс тілінде емес сыныптар үшін)

Целью обучения учебному предмету «Русский язык» является формирование навыков аудирования (слушания), говорения, чтения и письма в соответствии с правилами речевого этикета и нормами употребления языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения.

Важность предмета «Русский язык» в образовательной программе определена тем, что он используется как средство межнационального общения в Республике Казахстан и играет немаловажную роль в создании полиязычного пространства.

Изучение предмета «Русский язык» способствует:

- развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи;
- развитию связной речи (монолог, диалог, беседа);
- развитию осознанного, правильного, беглого, выразительного чтения;
- развитию творческого воображения;
- формированию общечеловеческих ценностей.

Положительным в обучении первому, второму и третьему языкам является введение единого речетематического режима, позволяющего расширить словарный запас, отрабатывать коммуникативные навыки в рамках интегрированной речевой тематики. По окончании начальной школы ученики должны владеть языком на элементарном уровне А1, А2 (начальный уровень) согласно системе уровней «Общеввропейской рамки владения языками» (CEFR).

Задачи обучения учебному предмету «Русский язык»:

1) развивать навыки аудирования (слушания), говорения, чтения, письма, необходимые для общения в социально-бытовой, социально-культурной, научно-популярной, учебной сферах жизни;

2) формировать знания о единицах языка, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях строить синтаксически правильные предложения в соответствии с нормами и правилами русского языка;

3) формировать и развивать навыки логического мышления, направленные на анализ, синтез, оценивание, интерпретацию полученной информации с учетом возрастных особенностей обучающихся;

4) формировать навыки поискового, ознакомительного, исследовательского чтения, составления диалога и монолога по прочитанной информации;

5) обогащать словарный запас учеников коммуникативно-актуальной лексикой и фразеологией русского языка;

б) формировать и развивать навыки использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий;

7) формировать понимание ценностей культур казахского, русского и других народов.

Программа способствует сознательному отношению обучающихся к языку как духовной ценности, средству общения для получения знаний в разных сферах человеческой деятельности. Программа способствует сознательному отношению обучающихся к языку как духовной ценности, средству общения для получения знаний в разных сферах человеческой деятельности.

Объем учебной нагрузки по предмету «Русский язык» составляет:

в 1 классе – 2 часа в неделю, 66 часов в учебном году;

во 2 классе – 2 часа в неделю, 68 часов в учебном году.

Ағылшын тілі

Бастауыш мектепте ағылшын тілін оқыту оқушылардың өзге тілге және қоршаған әлемге деген қызығушылығын оятады. Балалар тілді белсенді ойындар, әндер, өлеңдер, жобалық жұмыстар сияқты түрлі тәсілдер арқылы меңгереді.

Ағылшын тілі мұғалімі оқушылардың бастауыш сынып деңгейінде тілді түсіну дағдыларын дамытуға және оны оқуға деген қызығушылығын тудыруға көмектесе алады.

Бастауыш мектептегі ағылшын тілі бағдарламасы оқушыларға төмендегі тәсілдер арқылы тілді А1 деңгейінде меңгертуге бағытталған:

- талдау, бағалау және шығармашылық ойлау дағдыларының дамуына ықпал ететін әртүрлі тапсырмалар;
- ауқымды жазбаша және ауызша дереккөздермен жұмыс жасау.

1,2-сыныптар үшін ағылшын тілін меңгеру деңгейлері Шет тілін меңгерудегі жалпыеуропалық құзіреттілік деңгейлеріне (Common European Framework of Reference – CEFR) сәйкес болады.

59-кесте – Ағылшын тілін меңгеру деңгейі (1, 2-сыныптар)

Сынып	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі «кірерде»	Ағылшын тілін меңгеру деңгейі «шығарда»
1-сынып	starter	towards A1
2-сынып	towards A1	low A1

Бастауыш мектепте оқу бағдарламасының мазмұны білім алушылардың ағылшын тілін күнделікті жағдаяттарда қолдана білуін дамытуға және одан әрі үйрену үшін берік негізін қалауға бағытталған.

Ағылшын тілін меңгеру арқылы білім алушылар:

- ағылшын тілін қолдана отырып, ойындар ойнауға мүмкіндік беретін

нұсқауларды;

- қысқа диалогтерде күнделікті қолданылатын жалпы сөйлемдерді;
- ауызекі ағылшын тілін және аудиожазбаларды;
- әңгімелерді;
- ағылшынша мультфильмдерді, фильмдер мен бағдарламаларды түсіне

алады.

Білім алушылар ағылшын тілінде:

- оқиғалар мен қысқа мәтіндерді әңгімелей алады;
- берілген үлгілер негізінде сөйлемдерді жаза алады;
- әңгімелерді, қысқа пьесаларды, әндерді, ұйқастырмаларды сахналай

алады;

- қысқа диалогтердегі күнделікті қысқа сөйлемдерді қолдана алады.

Білім алушылар сандар, түстер, уақыт, ауа райы, тағам, киім, жануарлар, өсімдіктер, дене мүшелері, жеке ақпараттар, отбасы, достар, мектеп, ойындар, спорт, мерекелер, салт- дәстүрлер, ғимараттар, өнер, музыка, зерттеушілер мен өнертапқыштар, мифтер ұғымдарына байланысты тақырыптарға негізделген лексиканы меңгереді.

Бастауыш мектепте ағылшын тілі дағдыларының дамуы үш тілде ортақ тақырыптарды оқу арқылы іске асады.

Бастауыш мектептің оқу жоспарларындағы пәнаралақ байланыс (Cross Curricular Links) әр тақырыпта көрсетілген.

60-кесте – 1, 2-сыныптардың оқу бағдарламасындағы пәнаралық байланыс

Тақырыптар (Units)	Пәнаралық байланыс (Cross Curricular Links)
1-сынып	
All about me	The cross curricular links in this unit are learning the colours of the rainbow and performing simple addition and subtraction operations
My school	The cross-curricular dimension in this unit relates to links with early literacy in other subjects focusing on recognizing letter shapes as sound pictures and forming letters of regular size and shape between lines
My family and friends	The cross-curricular element in this unit relates to understanding and talking about kinship
The world around us	The cross-curricular links here are to aspects of geography relating to weather, seasons and types of terrain and habitat and to themes of cultural identity and international words
Travel	The cross-curricular links relate to means of transport and staying safe
Tradition and folklore	The cross-curricular themes in this unit relate widely to the themes of seasonal changes, traditional masks and the fairy tale genre

Food and drink	The cross-curricular links in this unit relate to foods which go together and animal food chains
2-сынып	
All about me	The cross-curricular focus in this unit is different customs (greetings) in different countries
My family and friends	The cross-curricular elements in this unit relate to learning about script and using an alphabet code
My school	The cross-curricular elements in this unit relates to performing simple maths operations in English and talking about spaces and behaviour in school
The world around us	The cross-cultural elements in this unit are geography skills in terms of the political map and environmental awareness through the recognition of the shape and meaning of signs
Health and body	The cross-curricular elements relate to maths in measuring lengths and tabulating data and awareness of different types of sport
Tradition and Customs	The cross-curricular focus is Kazakh history and legends and cultural differences
The natural environment	The cross-curricular element relates to seasonal changes and the different types of limb that animals have
Travel	The cross curricular focus is mathematical in terms of learning the names of and spotting shapes and the making and design of moving parts of a vehicle

1, 2-сыныптарға арналған оқу жоспары бойынша сабақтарды жоспарлауға ұсынымдар:

1) сабақта ұсақ моторикасын дамытуға байланысты ойындар, әндер, санамақтар, ұйқастырмаларды қолдану;

2) білім алушылардың оқу тапсырмаларын орындауда ынталандыру, білім алушыларды әртүрлі мадақтау түрлерін және қолдау тәсілдерін пайдалану арқылы қолайлы орта құру;

3) бастауыш сынып білім алушыларының психологиялық және жас ерекшеліктерін (жоғары эмоционалдылық, қозғалғыштық, сезімталдық, шаршағыштық) ескере отырып, оқытудың әдіс-тәсілдерін, формаларын ойластыру;

4) бастапқы кезеңде қателесу білім беру процесінің бір бөлігі болып табылатындықтан, білім алушылардың қателерін түзетпеу. Коммуникативті құзіреттілікті меңгерудің негізгі шартының бірі оқушының білім беру процесіне белсенді қатысуы болып табылады;

5) білім алушыларға сабақта таныс сөздерді, фразаларды және нұсқауларды ағылшын тілінде жиі қолдану қажет, бұл білім алушылардың үй тапсырмаларын орындаған кезінде сөздер мен фразаларды тиімді есте сақтауға және тануына мүмкіндік береді;

6) өз сөзін модельдеу, тиісті интонацияны, дауысты, айтылуы және ым-ишараларды пайдалана отырып, сөздер мен фразаларды баяу және анық айту;

7) мимиканы, эмоцияны, ым-ишараны, түрлі-түсті көрнекі құралдарды белсенді пайдалану (суреттер, ойыншықтар, постерлер), себебі олар білім алушылардың назарын жаңа сөздерді үйрену процесінде тиімді шоғырландырады;

8) білім алушылардың қызығушылығын арттыру және жұмыс нәтижелерін көрсету, өтілген материалды бекіту мақсатында сыныптағы арнайы бөлінген орынға («сөйлейтін қабырға», көрме және т.б.) білім алушылардың жұмыстарын орналастыру және жаңартып отыру.

«Ағылшын тілі» оқу пәні білім алушылардың өз халқының мәдениеті мен рухани құндылықтарын, ұлттық бірегейлігін, азаматтығын, адамгершілік нормаларын және сөйлеу мәдениеті туралы білімін қалыптастыруға көмектеседі.

Табиғи сөйлеу ортасы болмаған жағдайда ағылшын тілін үйрену процесін табиғи жағдайға жақын етіп құру үшін мына дидактикалық оқу принциптерін басшылыққа алу қажет: оқу материалын барынша азайту, коммуникативтілік және функционалдық, кешенділік, тәрбиелей отырып оқыту, белсенділік, көрнекілік, материалдың тақырыптық-жағдаяттық ұйымдастырылуы, жүйелілік және дәйектілік, меңгерудің беріктігі, қолжетімділік (шамасының жетуі), дараландыру және саралау.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында 66 сағатты;

2-сыныпта – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағатты құрайды.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика» оқу курсының негізгі мақсаты – білім алушылардың математикалық таным негіздерін меңгеруіне және тиісті дағдыларын қалыптастыруына мүмкіндік жасау. Бұл оқу пәні қоршаған ортаны бейнелеу мен түсіну тәсілі ретінде қабылдауды дамытуға бағытталған және білім алушылардың қабылдауы мен танымын кеңейтуді, математика ғылымына қызығушылығын талап етеді.

1,2-сыныптарда жиынтық жұмыстар басқа оқу пәндеріне қарағанда жиынтық жұмыстардың саны көбірек болады.

61-кесте – «Математика» оқу пәні бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны.

Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны

1-сынып	-	-	3	3
2-сынып	3	3	3	3

«Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 132 сағатты;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 4 сағат, оқу жылында – 136 сағатты құрайды.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Жаратылыстану

«Жаратылыстану» пәнінің маңыздылығы жаратылыстану ғылымы бойынша білім беру бастауыш мектеп жасындағы білім алушылардың табиғи білімқұмарлығының дамуына, әлем туралы ой-өрісінің кеңеюіне, ғылымды түсінудің және қоршаған ортаны тұтастай қабылдауының дамуына, қоршаған ортаны қорғау және бағалай білу біліктерінің дамуына ықпал етуімен анықталады.

Бастауыш мектепте «Жаратылыстану» пәнін оқу және меңгеру қоршаған әлемнің күрделілігі мен көпқырлылығын, сондай-ақ табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын; жанды және жансыз табиғатта болып жатқан кейбір табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін; жаратылыстану-ғылымдық білімнің адамның көптеген іс-әрекет түрлері үшін маңыздылығын; алуан түрлі практикалық және зерттеу әрекеттері арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысын түсінуге бағытталған.

Бастауыш мектептегі «Жаратылыстану» пәнінің оқу бағдарламасы «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін негізгі мектепте оқытудың негізін қалауға, алған білімдерін күнделікті өмірде (үйде, мектепте, табиғат әлемінде) кездесетін табиғат құбылыстары мен процестерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану білігін дамытуға бағытталған.

«Жаратылыстану» оқу пәнін оқыту және мақсаттарын іске асыру кезінде экологиялық қауіпсіздік мәселелеріне, денсаулық сақтайтын технологияларына, зілзалалардың қауіп-қатерін азайту мен қауіпсіз ортаны құру мәселелеріне ерекше назар аударылуы тиіс.

«Жаратылыстану» оқу пәнін оқыту барысында әр тоқсанда жиынтық бағалау рәсімдерінің нақты саны қарастырылған.

62-кесте – «Жаратылыстану» оқу пәні бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны

Сынып	Жиынтық бағалаудың рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
1-сынып	-	-	2	2

2-сынып	2	2	2	2
---------	---	---	---	---

Оқу пәні білім алушылардың адамның табиғи және әлеуметтік ортасы туралы білім жүйесі, табиғат пен қоғамның өзара байланысы мен өзара тәуелділігі туралы жалпы адамзаттық құндылықтар тұрғысындағы түсініктерін қалыптастыруға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәнін оқыту кезінде бастауыш мектеп білім алушылары биология, экология, география бойынша қарапайым ұғымдармен танысады.

«Жаратылыстану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағатты;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

«АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дүниетану

«Дүниетану» оқу пәнінің мазмұны адам, табиғат және қоғам, оның ішінде отбасы, мәдениет, денсаулық, қарым-қатынас, ұлт, қауымдастық, мемлекет, қоршаған табиғи орта сияқты оқыту нысандарына тоғыстырылған.

Бұл оқу пәні негізгі және жоғары мектепте қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар цикл пәндерінің негізін қалай отырып, олардың өзара байланысы мен тәуелділігі жөніндегі білім жүйесін құрайтын кіріктірілген пропедевтикалық пән.

Ол Қазақстан тұрғындарының әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және коммуникативтік өмірінің жалпы бейнесін көрсетеді, өзі, үйі, отбасы мәселелері негізінде оқушыларда қоршаған орта туралы түсініктерін дамытуға ықпал етеді.

«Дүниетану» пәні бойынша оқушылардың білімі мен біліктілігі қалыптастырушы бағалау шеңберінде сұрақ-жауап нәтижелері, бақылау жұмыстарының, тест тапсырмалары, практикалық жұмыстар мен диктанттар нәтижелері бойынша кері байланыс беру және білім алушылардың жеке қажеттіліктерін ескере отырып, қажетті форматтағы сабақты құру мақсатында, сонымен қатар, рәсімдер саны нақты анықталынған жиынтық бағалау шеңберінде бағаланады және сынып журналына балл қою қарастырылады.

63-кесте – «Дүниетану» оқу пәні бойынша жиынтық бағалаудың рәсімдер саны

Сынып	Жиынтық бағалау рәсімдері			
	I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
1-сынып	-	-	2	2
2-сынып	2	2	2	2

«Дүниетану» оқу пәні жалпыадамзаттық құндылықтар тұрғысынан білім алушылардың бойында адам, табиғат және қоғамның өзара байланысуы және өзара келісілуі туралы білім жүйесін қалыптастыруына бағытталған.

«Дүниетану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Өзін-өзі тану

Тұлғаның физикалық, психикалық және рухани дамуында үйлесімге қол жеткізуіне мүмкіндік беретін адамгершілік-рухани-білім нақты білім беру тәжірибесінде түрлі жолдармен, ең алдымен, «Өзін-өзі тану» пәні арқылы жүзеге асырылады.

Бастауыш мектепке арналған өзін-өзі тану бағдарламасы білім берудің құндылықты мәнін күшейте отырып, адамның сүю, өзіне сену, жақсылық жасау, тілектестік таныту, өзіне және басқаларға қамқорлық жасау, позитивті ойлау, адамгершілікті таңдау жасау, дәстүрлерді бағалау және еселеу, жасампаздық, өзіне жауапкершілік алу, ынтымақтасу, кемелдену қабілеттерін ашуды көздейді.

Пәннің негізгі базалық мазмұны бастауыш мектеп оқушыларының жас ерекшеліктерін ескере отырып төмендегі тарауларда ашылады:

- 1) «Ғасырлар даналығы»;
- 2) «Тату отбасы»;
- 3) «Адам болам десеңіз»;
- 4) «Қандай ғажап әлем!».

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Білім берудің барлық деңгейлерінде 33-34-сабақтар қорытынды қайталау ретінде көрсетілген, бұл курс аяқталғаннан кейін өтілген материалды жалпылау мен жүйелеуді білдіреді.

Қорытынды қайталаудың сағаттарын оқушылардың портфолиосында байқалатын шығармашылық қызметінің нәтижелерін көрсету мүмкіндігі ретінде қарастыруға болады.

Портфолио – оқушылардың өзін-өзі тану процесіндегі жетістіктерін бейнелейтін шығармашылық жұмыстарының жиынтығы. Шығармашылық жұмыстар жеке, топтық және ұжымдық сипатта болуы мүмкін.

«Өзін-өзі тану» пәні бойынша оқушылардың білімін бағалау Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар негізінде жүргізіледі. Бұл талаптар оқушылардың танымдық қызметін дамыту мониторингінің, өмірде жалпыадамзаттық құндылықтарға және қоғамға қызмет ету дағдыларына ұмтылудың критерийі болып табылады.

Аталған пәнді оқудың қорытындысы бойынша әрбір жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «сынақ» қойылады. Егер білім алушы білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптардың жалпы көлемінің

кемінде 2/3-не сәйкес келетін жетістіктерді көрсете алса, оған «сынақ» қойылады.

Оқушыға «есептелінді»/«есептелінген жоқ» белгілерін қоюда оның пән бойынша шығармашылық қызметін көрсететін портфолиосы назарға алынады. Портфолио сапасын талдауда оқушының ұжымдық және топтық шығармашылықтағы белсенділігі, сондай-ақ жеке шығармашылық қызметте проблеманы ұғыну тереңдігі, оның ойының бағдарлығы, жалпыадамзаттық құндылықтар басымдығының мазмұны, адамға және қоршаған әлемге сүйіспеншілік негізінде сабақта қойылған проблемаларды шешу жолдарын іздестіру басты назарда болады.

«ТЕХНОЛОГИЯ ЖӘНЕ ӨНЕР» БІЛІМ САЛАСЫ

Музыка

«Музыка» пәні адам өмірінің бөлігі ретінде, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің бөлігі ретінде білім алушылардың музыкаға деген құндылықтық қарым-қатынасын қалыптастыруға бағытталған.

«Музыка» пәнін оқытудың мақсаты – білім алушылардың музыка бойынша негізгі білімі мен біліктерін, музыкалық іс-әрекеттерінде шығармашылық пен өз ойын жеткізу және қарым-қатынас жасау тәсілдерін меңгеру, ұлттық және жалпыадамзаттық мәдениеттің адамгершілік-эстетикалық құндылықтары туралы түсініктерін қалыптастыру, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамыту болып табылады.

«Музыка» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады. «Музыка» пәні бойынша жартыжылдық соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/ «есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

«Музыка» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

Көркем еңбек

Бастауыш сыныптардағы жанартылған оқу бағдарламасының ерекшелігі «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» оқу пәндерін біріктіретін «Көркем еңбек» кіріктірілген пәнін енгізу болып табылады. Ол әртүрлі шығармашылық әрекет барысында көркем-технологиялық білімдерді, қабілеттер және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Түрлі материалдармен жұмыс істеу білім алушылардың технологиялық ойлауын, көркем-эстетикалық талғамын, шығармашылық, есте сақтау қабілеттерін, кеңістіктік қиялын, фантазиясы мен қол моторикасын дамытуға, көзбен нақты мөлшерлеу қабілетін жетілдіреді.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің маңыздылығы шынайы болмысты эстетикалық қабылдауды және еңбекқорлыққа тәрбиелеуді, адамның қоршаған

әлеммен өзара байланысы туралы білімді қалыптастырудың бірден-бір құралы болып табылады.

«Көркем еңбек» пәнін оқытудың мақсаты – жеке тұлғаның қалыптасуы және өз ойын білдіруінің негізі ретінде, рухани-адамгершілік мәдениетін дамыту, шығармашылық, кеңістіктік-образдық ойлауын, көркемдік-технологиялық білімінің негізін қалыптастыру.

Оқу бағдарламасының мазмұны көркемдік-шығармашылық іс-әрекеттің алуан түрін қарастырады. Сабақта іске асырылатын көркемдік іс-әрекеттің түрлерін «Көркем еңбек» пәнінің мұғалімі анықтайды. Сонымен бірге міндетті түрде көркемдік іс-әрекеттің үш түрі жүзеге асырылады: конструктивті, бейнелеу, сәндік.

«Көркем еңбек» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша жартыжылдық соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

Оқу процесінде әр түрлі жұмыстарды орындау барысында еңбек гигиенасының және қауіпсіздік техникасының ережелерін сақтау қажет.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 1-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 33 сағат;
- 2) 2-сыныпта – аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағатты құрайды.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дене шынықтыру

«Дене шынықтыру» пәнін оқытудың мақсаты денені салауатты шынықтыруға, спорттық-спецификалық қозғалу дағдылары мен дене бітімі қабілеттерін меңгеруге бағытталған дене шынықтырудың негіздерін қалыптастыру болып табылады.

Дене шынықтыру мұғалімі денсаулығына байланысты арнайы медициналық топқа жатқызылған оқушылармен сабақ ұйымдастыру үшін дене жаттығуларының өсіп келе жатқан ағзаға тигізетін ықпалы туралы жеткілікті білуі тиіс.

Дене шынықтыру мұғалімдері оқушы организмнің анатомиялық-физиологиялық ерекшеліктеріне (жетілуіне) сәйкес өздерінің педагогикалық тәсілдерін бақылауы және өзгертуі тиіс.

Арнайы медициналық топтағы білім алушылардың шалдыққан сырқаттарының ауырлығына және сипатына байланысты дене шынықтыру сабақтарында дифференциалды оқыту үшін оларды А және Б кіші топтарына бөлу ұсынылады:

1) А кіші тобы – денсаулықтары түрлі сырқаттармен әлсізденген, бірақ қалпына келтіруге болатын ауытқулары бар білім алушылар;

2) Б кіші тобы – сыртқы ағза мен ішкі органдар жүйесінде ауыр сырқатқа шалдыққан, қалпына келтіруге болмайтын өзгерістері бар білім алушылар (жүрек-қан тамырлары ауруы, несеп шығару жолдарының аурулары, бауыр аурулары; көз түбінің өзгеруі салдарынан көру қабілетінің жоғары деңгейде бұзылуы).

«Дене шынықтыру» пәнінің мұғалімі білім алушыларды олардың денсаулық жағдайларына сәйкес кіші топтарға бөледі; сырқаттану диагнозына байланысты білім алушыларға жаттығуларды белгілейді; оқыту, сабақ беру және бағалау процесіндегі әдістерін дараландырады; сабақтарда орындалатын қимыл-қозғалыс әрекетінде өз білімдерін жетік қолдана алатын, медициналық білімі бар мамандардың қолдауымен сабақ өткізеді.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады.

«Дене шынықтыру» пәні бойынша тоқсан соңында және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

Пән бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына:

- 1-сыныпта 3 сағат, оқу жылында 99 сағатты;

-2-сыныпта – аптасына 3 сағат, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

4.2 5,7-СЫНЫПТАРДА ЖАҢАРТЫЛҒАН БІЛІМ МАЗМҰНЫ БОЙЫНША ОҚУ ПРОЦЕСІН ҰЙЫМДАСТЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ



Назар аударыңыз!

Мұғалімдер бір бөлім көлеміндегі тақырыптардың оқытылу ретін және әр тақырыпты оқытуға берілетін сағат санын өздерінің мүмкіндіктеріне қарай анықтай алады.

ТІЛ ЖӘНЕ ӘДЕБИЕТ БІЛІМ САЛАСЫ

Қазақ тілі (оқыту қазақ тілінде)

Жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы ұлттық және халықаралық тәжірибелердің ең үздік үлгілерін басшылыққа алып жасалған. Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген.

5,7-сыныптарда оқу процесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ тілі» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен (оқыту қазақ тілінде) жүзеге асырылады. Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша оқылатын шығармалар, сағат саны, оқу мақсаттары нақты көрсетілді.

«Қазақ тілі» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5 - сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат;
- 2) 7 - сынып – аптасына 3 сағат, оқу жылында – 102 сағат.

«Қазақ тілі» пәнін оқыту мақсаты – жалпы білім беретін негізгі мектептерде ана тілін қадірлейтін, қоғамдық мәнін түсінетін тұлға қалыптастыру және қазақ әдеби тілі нормаларын сақтап, дұрыс қолдана білуге, еркін сөйлесуге және сауатты жазуға үйрету. Оқу мақсаттары мұғалім мен білім алушыларға болашақ қадамдары туралы өзара ой бөлісуге, оларды жоспарлау мен бағалауға мүмкіндік беретін бірізділік пен сабақтастықты көрсететін 4 бөлімнен тұрады және олардың жүйесі бірізді, оңайдан қиынға қарай, шиыршық принципі сақталып жасалған:

- 1) тыңдалым және айтылым;
- 2) оқылым;
- 3) жазылым;
- 4) әдеби тіл нормаларын сақтау.

«Қазақ тілі» пәнінің 5-сыныптағы базалық мазмұны бойынша білім алушылар:

1) тыңдалым және айтылым: тірек сөздер арқылы тақырыпты болжайды; негізгі ойды анықтайды; негізгі және қосымша ақпаратты анықтайды; қыстырма, қаратпа, одағай сөздер арқылы өз ойын білдіре алады;

2) оқылым: мәтіндегі негізгі және қосымша ақпаратты түсінеді; лексиканың ауызекі сөйлеу және жазба стильдік айырмашылықтарын мәтін арқылы таниды; хат, хабарлама, жарнама, нұсқаулық, хабарландырудың құрылымы, жанрлық ерекшеліктерін, ауызекі сөйлеу стиліндегі мәтіндер; оқылым стратегияларын қолданып, қажетті ақпаратты таба біледі;

3) жазылым: мәтін бөлімдеріне (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды) жоспар құруды; хат, хабарлама, жарнаманы жанрлық ерекшеліктеріне сай етіп жазуды; сюжетті суреттер негізінде әңгіме жазуды; эссенің бөлімдерін меңгеруді (кіріспе, негізгі бөлім, қорытынды); мекен мен оқиғаны сипаттайтын не суреттейтін эссе жазуды үйренеді.

4) әдеби тіл нормалары бойынша білім алушылар:

1) орфографиялық норма бойынша қазақ тілінің дыбыстар жүйесі; үндестік заңы; емле заңдылықтарын үйренеді;

2) орфоэпиялық норма бойынша ілгерінді, кейінді, тоғыспалы ықпал түрлерін ажырата алады;

3) лексикалық норма бойынша сөздердің тура және ауыспалы мағынасын, көп мағыналы сөздер мен синоним, омоним, антоним туралы білімдерін кеңейтеді;

4) грамматикалық норма бойынша туынды сөздер; күрделі сөздер: зат есімнің мағыналық түрлерін; сын есім, шырай категориясы; сан есім, мағыналық түрлерін; төл сөз бен төлеу сөз, автор сөзі туралы білімдерін кеңейтеді;

5) пунктуациялық норма бойынша төл сөз, төлеу сөз, автор сөзінің тыныс белгілерін дұрыс қолдануды үйренеді.

«Қазақ тілі» пәнінің 7-сыныптағы базалық мазмұны бойынша білім алушылар:

1) тыңдалым және айтылым дағдылары бойынша мәтін негізінде оқиғаның дамуы мен аяқталуын болжайды; әлеуметтік-қоғамдық, оқу-еңбек тақырыптарына байланысты диалог, монолог, полилогтердегі (интервью, пікірталас, жаңалық, ән, көркем әдеби шығармалардан үзінді) автор көзқарасы мен көтерілген мәселені талдайды; факті мен көзқарасты ажыратады; дауыс ырғағы мен сөйлеу мәнері арқылы негізгі ойды анықтайды; дәлелді жауап береді, салыстырады, талқылайды; коммуникативтік жағдаятқа сай көркем бейнелеуіш, эмоционалды-экспрессивті сөздерді және мақал-мәтелдер мен тұрақты тіркестерді еркін қолданып, диалогке қатысады, пікірталаста тез және дұрыс шешім қабылдай білуді үйренеді;

2) оқылым дағдысы бойынша мәтіндік және графиктік ақпаратты интерпретациялайды; тілдік құралдар арқылы публицистикалық және ресми стиль ерекшеліктерін таниды; хроника, хабар, очерктердің және кеңсе құжаттарының қызметтік жазбалардың құрылымы мен рәсімделуі арқылы жанрлық ерекшеліктерін ажыратады; мәтіннің тақырыбын, құрылымын, мақсатты аудиториясын, тілдік ерекшеліктеріне талдау жасайды; мәтін

негізінде проблемалық сұрақтар құрастырады; комментарий жасауды, іріктеп оқу, зерттеп оқу; сілтеме жасауды үйренеді.

3) жазылым дағдысы бойынша күрделі жоспар құруды; шағын мақала, нұсқаулық, әңгіме құрастырып жазуды; графиктік мәтін түрінде берілген процесті сипаттап жазуды; дискуссивті эссе жазуды; жинақы мәтін жазуды; мәтін негізінде лексикалық түзетулер енгізуді, редакциялауды үйренеді.

4) әдеби тіл нормалары дағдысы бойынша :

1) орфографиялық норма бойынша жалғаулар мен шылаулардың ерекшелігін ескере отырып, үндестік заңына сәйкес орфографиялық нормаға сай жазады;

2) орфоэпиялық норма бойынша сөйлеу тіліндегі интонация, кідіріс, логикалық екпіннің мәнін түсініп қолданады;

3) лексикалық норма бойынша фразеологизм, мақал-мәтелдердің эмоционалды мәнін, көркемдік ерекшеліктерін түсініп қолданады;

4) грамматикалық норма бойынша есімше; көсемше; тұйық етістік; шақ, рай түрлерін; еліктеу сөздер; шылау түрлерін; одағай; оқшау сөздер туралы білімдерін кеңейтеді;

5) пунктуациялық норма бойынша сөйлем соңында және сөйлем ішінде қойылатын тыныс белгілерін (даралаушы және ерекшелеуші) дұрыс қолдануды үйренеді.

Күнделікті сабақ жоспарын құруда назар аударатын мәселелер:

1) ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген оқу мақсаттары арқылы оқушылардың тілдік дағдылары дамытылып, жетілдіріліп отырады және тарау аяқталған соң сол дағдылар бойынша бағаланады;

2) бір тарау барысында оқу мақсаттарының ретін, оларға ұсынылатын сағат санын мұғалім өзі таңдап жоспарлай алады және мектеп журналына белгілі бір тарау бойынша ұсынылған тақырыпшаларды жазған дұрыс;

3) бір сабаққа таңдалатын оқу мақсатының саны 1-3 аралығында болуы қажет, үштен артық мақсат таңдалса оқушыға қиын тиеді және оны жүзеге асыру мүмкін болмайды;

4) қалыптастырушы және жинақтаушы бағалау оқу мақсаттарында көрсетілген дағдылар бойынша жүзеге асады;

5) күрделі деп танылған оқу мақсаттарын мұғалім сабақ мақсатына қарай бейімдейді және бірнеше бөлікке бөліп, бірнеше сабаққа жоспарлай алады;

6) бір сабақта сөйлеу әрекетінің бір немесе екі түрі ғана таңдалады. Егер сөйлеу әрекетінің екі түрін таңдаған кезде рецептивті (тыңдалым, оқылым) продуктивті дағдыға шығып отыруы қажет. Яғни оқушы тыңдаған не оқыған материал негізінде ауызша/жазбаша тапсырмалар орындауы қажет;

7) тыңдалым және оқылым дағдыларын қалыптастыру барысында мәтін кезеңдерін (мәтіналды кезең, мәтінмен жұмыс кезеңі, мәтінсоңы кезеңі) қатаң сақтау қажет;

8) жазылым және айтылым дағдыларын қалыптастыру барысында оқушыларға тақырып бойынша үлгі мәтіндер берілуі керек;

9) айтылым (диалог, монолог, полемика), жазылым (хат, хабарлама, мақала, т.б.);

10) грамматика коммуникативтік контексте оқытылады, яғни грамматика теориясынан гөрі оның функционалдығына, оқушылардың тілдік бірліктерді ауызша және жазбаша түрде орынды қолдана білуіне аса мән беріледі;

11) лексикалық тақырыптар бойынша материал таңдау барысында қазақ тілі пәні мұғалімінің басты міндеті оқушының сол тақырып бойынша тілдік қорын байыту, тақырып бойынша ақпараттар бере отырып, шынайы өмірмен байланыс орнату, пәнаралық байланысты жүзеге асыру барысында оқушылардың академиялық сөздерді орынды қолдана білуіне ықпал ету.

«Қазақ әдебиеті» (оқыту қазақ тілінде)

Оқу бағдарламасы Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы № 1080 қаулысымен бекітілген Орта білім берудің (бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім беру) мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына сәйкес әзірленген. 5, 7-сыныптарда оқу процесі Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 23 қарашадағы № 668 бұйрығымен бекітілген «Негізгі орта білім беру деңгейінің «Қазақ әдебиеті» пәнінен жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша қамтылатын шығармалар, сағат саны, оқу мақсаттары нақты көрсетілді.

«Қазақ әдебиеті» пәнін оқытудың мақсаты – оқушылардың бойында гуманистік, адамгершілік-эстетикалық, ұлттық құндылықтарды тәрбиелеу; ұлттық әдеби туындылармен қатар әлем әдебиеті туындыларымен таныстыру; көркем шығарманы тануда қажетті біліммен қаруландыра отырып, шығарманы мазмұн мен түр бірлігінде көркемдік тұтастық пен көркемдік бейнені талдау, жинақтай білу, шығарма идеясын, жазушы ұстанымын бағалай білу дағдыларын қалыптастыру.

«Қазақ әдебиеті» пәні әдебиетті өнердің басқа салаларымен (кескін, театр, кино, музыка) салыстыра қарастырып, өз ойын еркін, дәлелді, сараптай, салыстыра отырып жеткізе білетін тұлғаның қалыптасуына үлес қосады. Сонымен қатар әдебиетті «Қазақ тілі», «Тарих», «Орыс әдебиеті», «География» пәндері, мәдени, қоғамдық және тәрбиелік шаралармен байланыстыра отырып, жүзеге асыру көзделеді.

Негізгі орта білім берудің (жаңартылған мазмұнның) үлгілік оқу жоспарына сәйкес оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат;
- 2) 7-сынып – аптасына 2 сағат, оқу жылында – 68 сағат.

«Қазақ әдебиеті» пәні бағдарламасы үш негізгі дағдыны басшылыққа алады:

- 1) түсіну және жауап беру;
- 2) анализ және интерпретация;
- 3) бағалау және салыстыру.

1) *түсіну және жауап беру* дағдысы шеңберінде оқушы ұсынылған әдеби шығарманың жанрын, фабуласын, сюжетін анықтайды, кейіпкерлер портреті

мен образын ашады; шағын көлемді үзінділерді мәнерлеп оқиды, жатқа айтады; әдеби шығарманың тақырыбы мен идеясын түсініп, пікір алысады;

2) *анализ және интерпретация* дағдысын игеру арқылы білім алушы салыстыра суреттеулер мен қарама-қарсы суреттеулерді табады; шығармадағы тілдік бейнелеу: теңеу, эпитет, ауыспалы мағынадағы сөздер мен қайталауларды табады, өлең құрылысын талдап үйренеді; эпикалық шығармадағы автор бейнесін табады; көркем шығармадан алған әсерін сипаттап авторға хат, өлең жазады;

3) *бағалау және салыстыру* дағдысы арқылы шығарманың тарихи құндылығын бағалайды; кейіпкерлерді шынайы өмірмен салыстырып бағалайды; шығармадағы мәселеге өз ойын қосып әдеби эссе; сыни хабарлама жазып үйренеді.

Жалпы бағдарлама бойынша 5-сыныпта оқушылар бірнеше шығармалармен танысады. Олар: «Керқұла атты Кендебай» ертегісі; «Қобыланды батыр» жыры; Асан қайғының «Асан қайғының жерге айтқан сыны» аңызы; Дулат Бабатайұлының «О, Ақтан жас, Ақтан жас» өлеңі; Ыбырай Алтынсариннің «Қыпшақ Сейіткүл», «Атымтай Жомарт», «Дүние қалай етсең табылады?» әңгімелері; Ахмет Байтұрсынұлының «Егіннің бастары» мысалы, «Адамдық диқаншысы» өлеңі; Бердібек Соқпақбаевтың «Менің атым Қожа» хикаяты; Марат Қабанбайдың «Бауыр» әңгімесі; Тынымбай Нұрмағамбетовтің «Анасын сағынған бала» әңгімесі; Нұрдәулет Ақыштың «Нағыз әже қайда?» әңгімесі; Джек Лондонның «Мексика ұлы» әңгімесі.

7-сыныпта оқытылатын көркем шығармалар тізімі: Қазтуған жырау «Қазтуғанның қонысымен қоштасуы»; Орхон-Енисей ескерткіштері «Күлтегін» жыры; «Қыз Жібек» жыры; Жиёмбет жырау «Еңсегей бойлы Ер Есім»; Ш.Қанайұлы «Зар заман»; С.Аронұлы «Сүйінбайдың Қатағанмен айтысы»; Жамбыл Жабаев «Июнь жарлығы»; М.Жұмабаев «Батыр Баян»; М.Әуезов «Көксерек»; Қ.Қайсенов «Жау тылында»; С.Сарғасқаев «Тәмпіш қара»; М.Шаханов «Нарыңқұм зауалы»; Медетбек Темірхан «Тәуелсізбін» өлеңі; Т.Әбдіков «Қонақтар»; А.С.Пушкин «Ескерткіш».

Қазақ әдебиетінің әр кезеңінде жазылып, өзінің көркем құндылығын жоғалтпай келе жатқан туындылармен танысу арқылы оқушы әдеби талдау, сыни ойлау қабілеттеріне ие болып, шығармашылдық ізденіске қадам басады. Оқу мақсаттары белгілі бір тарау бойынша ұзақ мерзімді жоспарда көрсетілген тізімге сай жүзеге асады.

«Орыс тілі мен әдебиеті» (оқыту қазақ тіліндегі мектептер үшін)

Важность учебного предмета **«Русский язык и литература»** для школ с нерусским языком обучения определена приоритетным статусом русского языка как средства межнационального общения в Республике Казахстан и его значимостью в создании полиязычного пространства.

Изучение учебного предмета **«Русский язык и литература»** способствует развитию коммуникативных навыков в устной и письменной речи.

Учебный предмет «Русский язык и литература» способствует становлению мировоззрения учащегося, дает возможность пользоваться информацией различных сфер: социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно-профессиональной; помогает ориентироваться в общемировом образовательном пространстве.

Содержание учебной программы значительно расширяет взгляды учащихся на традиции и обычаи, образ жизни, историю своего и других народов, воспитывает толерантное отношение к другим народам, формирует представление об универсальных общечеловеческих ценностях.

Овладение русским языком поможет учащимся адаптироваться к условиям современного мира, успешно регулировать речевое поведение в соответствии с коммуникативной ситуацией; научит пользоваться различными источниками информации и современными информационными технологиями для выражения и обоснования собственного мнения.

Целью учебной программы по учебному предмету «Русский язык и литература» является формирование коммуникативных навыков, основанных на владении системой разноуровневых языковых средств, соблюдении правил норм русского литературного языка, правил речевого этикета, употреблении языковых единиц в речевой деятельности, ориентированной на ситуацию общения, что способствует развитию функциональной грамотности учащихся. Учебная программа направлена на развитие всех видов речевой деятельности: слушания, говорения, чтения и письма.

Задачами учебной программы по учебному предмету «Русский язык и литература» являются:

- развитие навыков слушания, говорения, чтения, письма, необходимых для общения в социально-бытовой, социально-культурной, научно-технической, учебно-профессиональной сферах жизни;
- формирование знаний о единицах языковой системы, правилах их сочетания, функционирования, навыках и умениях конструирования синтаксических структур в соответствии с нормами и правилами русского языка;
- формирование и развитие навыков мышления высокого порядка, направленных на анализ, синтез, оценку, интерпретацию полученной информации;
- формирование навыка поискового, ознакомительного, исследовательского чтения, переработки прочитанной информации;
- обогащение словарного запаса учащихся коммуникативно-актуальной лексикой и фразеологией русского языка;
- формирование толерантного отношения к языкам и культурам разных народов;
- формирование и развитие навыков использования информационно-коммуникационных и компьютерных технологий.

Содержание учебной программы организовано по разделам обучения, включающим виды речевой деятельности и использование языковых единиц.

Разделы разбиты на подразделы, которые содержат в себе цели обучения

по классам в виде ожидаемых результатов по классам.

Цели обучения, организованные последовательно внутри каждого подраздела, позволяют планировать работу и оценивать достижения учащихся, а также информировать их о следующих этапах обучения.

Грамматический материал изучается в контексте лексических тем на основе текстов художественных произведений.

В структуру учебной программы включен долгосрочный план, в котором отражены темы изучаемых разделов, цели обучения, изучаемые произведения художественной литературы на учебный год.

Цели обучения в учебной программе направлены на изучение темы урока, содержание и выработку навыков, которые учащиеся должны освоить на конкретном уроке.

Цели обучения содержатся в учебной программе, учебных планах. Учебная программа по предмету содержит цели обучения.

Краткосрочный план – это предложенные действия на основе целей обучения. При составлении краткосрочного плана учитель может руководствоваться следующими рекомендациями:

- при организации урока необходимо руководствоваться целями, указанными в учебной программе и в учебном плане;
- следует детализировать формулирование целей урока, то есть ставить конкретные, измеримые, достижимые цели;
- на уроке должны быть организованы все виды деятельности;
- при необходимости следует дополнить виды деятельности по усмотрению самого учителя.

В план урока следует включить следующие пункты:

- пишите четко сформулированные и подходящие цели урока;
- включите детали различных компонентов плана урока;
- предоставьте подробную информацию о стадиях учебной деятельности и достижения задач обучения, которые логически упорядочены и алгоритмированы для выполнения учащимися;
- определите соответствующие стратегии для разработки целевых знаний и навыков, предусмотрите проблемы и предложите решения, касающиеся необходимых навыков;
- спланируйте использование соответствующих материалов и ресурсов.

Наиболее эффективными в повышении успешности учащихся являются следующие стратегии:

- активное обучение (когда учащиеся выполняют задания и реализуют практические навыки);
- обратная связь (дискуссия об обучении, включающая в себя предоставление личного мнения, которая может происходить либо между сверстниками, либо между учителем и учащимся);
- укрепление уверенности (использование похвалы для мотивации и придания уверенности учащемуся);
- качество обучения (планирование дифференцированных заданий).

При изучении учебного предмета «Русский язык и литература» рекомендуется:

- создавать позитивную атмосферу обучения, вовлекать всех учащихся;
- воспитывать у учащихся уверенность, ответственность, активность и направлять на самоанализ, рефлексию и инновационную деятельность;
- использовать эффективные методы преподавания, направленные на развитие навыков учащихся;
- организовывать, управлять и планировать групповую (фронтальную или работу в малых группах), индивидуальную, парную или коллективную формы работы, эффективно использовать материалы, ресурсы и дополнительные материалы для проведения запланированных уроков, согласно установленным целям;
- использовать простой, понятный язык для объяснения учащимся идей, для инструктирования, в разъяснении значений слов;
- наблюдать за учащимися и предоставлять обратную связь.

В обучении русскому языку как второму рекомендуется исследовать методы активного чтения и письма, что в дальнейшем сформирует эффективные навыки говорения и аудирования.

Некоторые моменты, которые следует учитывать при использовании различных заданий:

- рекомендуется планировать множество различных заданий в рамках одного урока. На одном уроке необходимо включить четыре, пять или более различных заданий. Предусмотреть работу в коротких промежутках времени, например, 10 минут. Время, за которое учащиеся могут сосредоточить свое внимание, часто довольно короткое;

- обращать внимание, что каждое задание следует за предыдущим, и постоянно напоминать учащимся о главных учебных целях. Повторяйте задание по-разному. Например, сделать задание в устной форме, а затем попросить класс сделать ту же самую задачу в письменной форме. Это помогает учащимся понять задачу, приводит к плавному переходу, укрепляет предыдущее обучение и позволяет учащимся практиковать более одного навыка;

- включать индивидуальные, парные, групповые задания в деятельность всего класса.

Объем учебной нагрузки по учебному предмету «Русский язык и литература» составляет:

- 1) в 5 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году;
- 2) в 7 классе – 3 часа в неделю, 102 часа в учебном году.

При оценке языковых компетенций необходимо учитывать следующее:

1. Языковые ошибки учащихся следует отмечать и обращать их внимание на совершенные ошибки доступным для них способом, однако ошибки не могут повлиять на оценку, если ученик может доступно продемонстрировать свои знания. Главная задача ученика передать свое сообщение, грамматика при этом может страдать. Постепенно самовыражение становится более точным и корректным.

2. Ученики, отвечая на вопросы, могут использовать и первый язык. Поскольку вначале ограниченный словарный запас и знание целевого языка могут стать препятствием при высказываниях и ответах, то на первой стадии обучения это (по крайней мере, частично) разрешается. При этом следует договориться, в какой момент все ученики перейдут на ответы на неродном (целевом) языке и, начиная с того момента, применение первого языка становится скорее исключением.

3. Как правило, в устной речи учитель исправляет возникшую ошибку с помощью перефразирования, повторения правильной формы от ученика не требуется, потому что это может прервать выражаемую мысль, а также ученик может потерять уверенность в выражении мыслей на неродном языке.

4. Если одна и та же ошибка повторяется вновь, в конце объяснения соответствующей темы учитель приводит примеры правильных форм и при необходимости делает ударение на грамматике. Помимо этого, либо педагог, либо класс в целом, в виде совместной деятельности, могут привести некоторые соответствующие теме примеры выражений, имеющие то же самое лингвистическое содержание.

5. При проверке письменных работ языковые ошибки также не учитываются (если выраженная мысль или текст понятны), но педагог указывает это в своих комментариях.

6. На встрече учителя-предметника с учителем языка передается проблемный языковой материал, чтобы учитель языка мог повторить тему на следующем уроке.

Ағылшын тілі

Негізгі орта білім беруге арналған «Ағылшын тілі» пәнінің деңгейлік курсы жалпы еуропалық тілді меңгеру деңгейлеріне сәйкес жалпы орта білім беру деңгейін дайындауға арналған.

1) 5 – сынып – А2 (ортадан төмен)

2) 7 – сынып – В1 (төмен)

Негізгі орта білім беруге арналған шет тілін деңгейлеп оқытудың мақсаты білім алушылардың негізгі мектепті аяқтағанда В1 деңгейінде тілдік дағдыларын дамытуға бағытталған:

1) шығармашылық ойлауы мен бағалауын, талдау дағдыларын дамытуды қалыптастыратын әртүрлі тапсырмалар;

2) кең ауқымды ауызша және жазбаша дереккөздермен жұмыс жасау.

Оқу бағдарламасы шиыршық принципін негізделіп жасалған. Бұл тәсілдің негізгі мақсаты оқу барысында белгілі бір уақыт өткен соң қайталап отыруды қарастырады (оқу жылы немесе келесі сынып), алған білімдері мен дағдыларының тереңдігі, көлемі мен күрделілігі бойынша біртіндеп кеңейіп отырады. Сөйлеу әрекеті бойынша мақсатқа жетуі ойлау іс-әрекетінің дамуындағы «біледі, түсінеді» «айырады, салыстырадыға» алға басуын жобалайды. Қарапайымнан бастап жоғары ойлау дағдыларына дейін ойлану арқылы білім, білік және ойлау дағдылары дамиды және қалыптасады (Блум таксономиясы бойынша).

5, 7 - сыныптардағы бағдарлама мазмұны 6 бағыттан тұрады:

Strand 1:

Content, Strand 2:

Listening, Strand 3:

Speaking, Strand 4:

Reading Strand 5:

Writing, Strand 6: Use of English, әрқайсысы оңайдан қиынға қарай даму қағидаты бойынша қойылған оқу мақсаттарына бөлінеді, дағдыларының дауына қарай сыныптан сыныпқа, бір деңгейден екінші бір деңгейге көшкен сайын мақсаттар күрделене түседі.

Ұзақ мерзімді жоспар оқу бағдарламасының құрамына енгізілді және ұзақ мерзімді жоспарда әр сынып бойынша қамтылатын шығармалар, сағат саны, оқу мақсаттары нақты көрсетілді. Ұзақ мерзімді жоспар қысқа мерзімді жоспар жасауға негіз ретінде қолданылады.

5, 7 - сыныптарға арналған оқу бағдарламасы оқу процесінің әдіснамалақ әлеуетін кеңейтуге бағытталған. Шығармашылық және жобалық іс-әрекет, оқыту әдістерімен, әлеуметтік, мәдени білім алу жолымен өзіндік пәндік білімді саналы меңгеруді қамтамасыз етеді.

5,7-сыныптарға арналған оқу бағдарламасына тән сипат білім алушылардың әртүрлі жан-жақты дағдылары мен пәндік білім, біліктерін дамытуға арналған. Осылайша оқу мақсаттары жүйесі коммуникацияның түрлі тәсілдерін, зерттеушілік, сыни ойлау, АКТ, функциональдық және шығармашылық білімдерін, командалық жұмыс, өзіндік жұмыс, проблеманы шешу мен шешім қабылдау тәрізді түрлі тәсілдерді қолдануға және оларды дамытуға негіз болады. Бұл жан-жақты дағдылар білім алушының өмірде және мектепте табысқа жетуін қамтамасыз етеді.

5, 7 - сыныптарға арналған оқу бағдарламасында дәстүрлі гармониялық байланысы бар дәстүрлі нормативтік білім беру құжаттары мен инновациялық әдіснамалық стратегиялар кіреді. Оқу бағдарламасы өзінің ерекшелігі бар инновациялық құрылымды болып келеді.

Оқу бағдарламасы түрлі аудиторияларда тиімді жұмыс жасауға мүмкіндік береді. Білім алушылар мектеп ортасында өз қатарластарымен, мұғалімдерімен интерактивті тапсырмалар, ресми және ресми емес ауызша, жазбаша презентациялар кіретін осы бағдаламаның мүмкіндігі арқасында қарым-қатынас жасау арқылы мақсатқа жетеді. Сонымен қатар ағылшын тілін тасымалдаушыларға онлайн тәртібіндегі, өзара қарым-қатынасқа, сыныптан тыс жұмыстарға ерекше көңіл бөлінеді.

Жаңартылған бағдарлама оқушылардың шынайы өмір жағдаятында функциональдық сауаттылығын қалыптастыруға бағытталған. Ағылшын тілі бойынша жаңартылған бағдарлама лексикалық жиынтық, құрылымдық талаптар мен коммуникативтік конвенцияларды пайдалану шеңберінде ғана үйренуге шек қоймайды. Прагматикалық аспектісі барлық мүмкіндіктерді қарастырады, тілдік бояу мен қарым-қатынас жағдайларына, контекске, коммуникацияға қатысушылардың өзара қарым-қатынасында пайда болған ережелерге баса назар аударылады. Білім алушының лексикалық және

грамматикалық материалдарды контексте оқып үйренуі аталған жағдаятқа өзіндік қарым-қатынасын білдіреді. Пән бойынша оқылып жатқан тақырыпқа деген оқушылардың табиғи ішкі уәжі мен қызығушылығы кірігіп кетеді. Белсенді ойлау процесін техникалар мен тәсілдемелер қолдану арқылы белсенді оқыту түрлері тиімді және саналы түрде қолдануға болады деп болжанады. Оқушылардың жас ерекшелігі мен қызығушылығына сәйкес түрлі әдебиеттер мен ресурстарды қолдану ұсынылады.

5,7-сыныптардың тақырыптық мазмұны 2013 жылы бекітілген бағдарламаның тақырыптық мазмұнын толығымен жалғастырады. Сонымен қатар, келесі тақырыптар оқытылады:

5-сынып – Creativity (Art, Music, Stories and poems);

7- сынып – Communication and Technology, Space and Earth, Natural disasters.

Бағдарламаның міндетті компоненті ретінде ұсынылатын Independent Project бөлімі («Жобалық жұмыс»), зерттеушілік дағдыларын дамытуға мүмкіндік беретін (оқушылардың қызығушылығын тудыратын) Reading for Pleasure бөлімі, осының аясында оқушылар көркем шығармаларды және ғылыми-публицистикалық әдебиеттерді оқиды; әдеби шығармалардың түрлі жанрларымен танысады.

Үлгілік оқу жоспарына сәйкес **ағылшын тілі** бойынша оқу жүктемесінің көлемі::

5, 7 - сыныптарда – аптасына 3 сағат, жылына –102 сағат.

Ұсынылады:

1. Білім алушылардың шығармашылық дағдысын қалыптастыруға бағытталған «Independent project», юнитына назар аудару қажет. Жобалау жұмысы арқылы түрлі мақсаттар мен сөйлеу сөйлеу әрекетіне мұғалім фокус бойынша қалыптастырушы бағалауды жүргізеді. Жобалау жұмысының форматы мен мазмұны және (тақырыптық мазмұны, іс-әрекет формалары, күтілетін нәтижесі, әрекетті бағалау формалары және т.б.) мектеп ішінде әдістемелік бірлестіктерде әріптестермен талқыланады.

2. «Reading for pleasure» бөлімінде оқу дағдыларын дамыту аясы бойынша әдістемелік нұсқауларды қолдану. Ағылшын тіліне оқытудың көркем және оқу әдебиет мәтіндерімен жұмыс жасау міндетті элементі болып табылады және оқушылардың алған дағдыларын бекітуге мүмкіндік береді.

Заманауи коммуникативтік әдіс-тәсілдер арқылы ағылшын тілін оқу оқушыларға бірі-бірімен қарым-қатынас, жақсы коммуникатор болу арқылы интерактивті дағдыларын дамытуға мүмкіндік береді. Қазақстандық компонентті бағдарламаға қосу оның барлық деңгейіндегі тақырыптар мазмұнының ажырамас бөлігі болып табылады. Білім саласында осы пән үшін оқу мақсаттар жүйесі және іс-әрекет нәтижесі бар оқу бағдарламасы өзара байланысқан құндылықтар арқылы білім мен тәрбиенің бірізділігін қамтамасыз етеді

Шет тілі бойынша сыныптан тыс жұмыстарды жүргізудің үлкен білімдік, тәрбиелік және дамытушылық маңызы бар. Бұл жұмыс тек шет тілі туралы білімдерін арттырып қоймай оқушының мәдениеттану ой-өрісін,

шығармашылық белсенділігін тереңдетуге мүмкіндік береді, эстетикалық талғамын, өзге елдің тілі мен мәдениетін үйренуге деген қызығушылығын тудырады. Міндетті курспен қатар толық практикалық, тәрбиелік, дамыту мақсаттарын жүзеге асыруға толық жағдай жасайды. Шет тілін сыныптан тыс оқытуды моделдеу іс-әрекетінің негізгі тәсілдері :

- тақырыптық ойын кештері;
- елтануға арналған кіріспе үйірмелері;
- шет тілдері апталығы;
- бейнеклубтар, тілдік орталықтар;
- шет тіліндегі театрландырылған қойылымдар және т.б.

Тілдік құзыреттілікті бағалауда ескерілетін жағдайлар :

1. Білім алушылардың жіберген тілдік қателерін оларға түсінікті қарапайым тәсілдермен жеткізуге көңіл аудару қажет. Егер білім алушы өз білімін көрсете алған болса бағалауда әсері болмау керек. Білім алушының ең басты мақсаты өз ойын қарапайым сөзбен бере білуі керек. Сөйлеуде грамматикалық талаптар дұрыс сақталмауы мүмкін. Біртіндеп өзіндік сөйлеу дағдысы қалыптасып, нақтылана әрі дұрыстала түспек.

2. Сұраққа жауап беру барысында білім алушылар бірінші тілді қолдануы мүмкін. Олардың бастапқы шектеулі сөздік қорлары және мақсатты тіл бойынша білімдерінің аздығы сөйлеуі мен сұраққа дұрыс жауап беру барысында кедергі болуы мүмкін. Сондықтан барлық білім алушылар мақсатты тілге қашан көшуге болатынын келісіп алуға болады.

3. Мұғалім ережеге сәйкес ауызекі сөйлеу тілінде кеткен қателерді, сөйлемдерді қайта құру көмегімен дұрыстауға болады, бірақ білім алушыға дұрыс түрін қайталану міндетті емес, себебі өзге тілде ол өз ойын сенімді жеткізе алмауы мүмкін.

4. Егер бір рет жіберілген қате тағы да қайталанса, сәйкес тақырыпты түсіндіру соңында мұғалім дұрыс үлгідегі сөздерге мысалдар келтіреді және қажет болған жағдайда оның грамматикасына баса назар аударады. Бұдан өзге, сынып білім алушылары немесе мұғалім барлығы ынтымақтасқан іс-әрекет негізінде кейбір тақырыптарға байланысты лингвистикалық мазмұндағы сөйлемдерге мысалдар келтіре алады.

5. Жазба жұмысын тексеру барысында тілдік қателер ескерілмейді (егер білдіретін ойы мен мәтіні түсініксіз болса), бірақ педагог оны өзінің түсініктемесінде көрсетеді.

«МАТЕМАТИКА ЖӘНЕ ИНФОРМАТИКА» БІЛІМ САЛАСЫ

«Математика және информатика» білім саласы бойынша жаңартылған оқу бағдарламаларымен келесі пәндер оқытылады:

- 1) «Математика» – 5-сынып;
- 2) «Алгебра» – 7-сынып;
- 3) «Геометрия» – 7-сынып;
- 4) «Информатика» – 5, 7 -сыныптар.

Оқу пәндері бойынша оқу жүктемесінің көлемі төмендегі кестеде көрсетілген.

64-кесте – Оқу жүктемесінің көлемі

№	Сынып	Оқу пәнінің атауы	Жалпы жүктеме, сағат	
			Апталық	Жылдық
1	5	Математика	5	170
2	5	Информатика	1	34
3	7	Алгебра	3	102
4	7	Геометрия	2	68
5	7	Информатика	1	34

Негізгі орта білім беру деңгейінде «Математика», «Алгебра», «Геометрия» пәндерін оқытудың мақсаты - пән мазмұнын сапалы игеруді қамтамасыз ету, оқушылардың функционалдық сауаттылығын қалыптастыру, сыни тұрғыдан ойлауды дамыту, ғылыми-жаратылыстану пәндерін игеруге қажетті математикалық білім мен дағдылардың негіздерін игеру, оқу пәні материалдары негізінде оқушылардың интеллектуалдық деңгейін дамыту.

Оқу пәнін оқытудың мақсатына сәйкес келесі міндеттер анықталған:

- «Сандар», «Алгебра», «Геометрия», «Статистика және ықтималдықтар теориясы», «Математикалық модельдеу және анализ» бөлімдері бойынша математикалық білім, білік және дағдыларын қалыптастыру мен дамытуға жағдай жасау;

- әртүрлі мәнмәтіндідегі есептерді шешуде математикалық тілді және негізгі математикалық заңдарды қолдануға, санды қатынастар мен кеңістіктік формаларды оқып білуге мүмкіндік беру;

- есептерді шешу мақсатында оқушылардың білімдерін математикалық модельдерді құруға және керісінше, шынайы процестерді сипаттайтын математикалық модельдерді түсіндіруге бағыттау;

- өздігінен оқуға және болашақ таңдаған мамандығы бойынша білімін жалғастыруға қажетті физика, химия, биология және басқа да теориялық облыстарда зерттеулер мен есептерді шешу үшін және практикалық іс-әрекеттерінде математикалық әдістерді қолданудың қарапайым дағдыларын қалыптастыру;

- практикалық есептерді шешуде, алынған нәтижелерді бағалау мен анықтылығын орнатуда лайықты математикалық әдістерді таңдап алу үшін логикалық және сыни тұрғыдан ойлауын, шығармашылық қабілеттерін дамыту;

- коммуникативтік дағдыларын, оның ішінде, ақпаратты дұрыс және сауатты түрде беру, сонымен қатар әртүрлі ақпарат көздерінен, басылымдар мен электрондық құралдардан алынған ақпаратты қолдану қабілетін дамыту;

- өздігінен және топта жұмыс істеуде қажетті тәуелсіздік, жауапкершілік, бастамашылдық, табандылық, шыдамдылық пен толеранттылық сияқты тұлғалық қасиеттерді дамыту;

- математиканың даму тарихымен, математикалық ұғымдардың пайда болу тарихымен таныстыру;

- математиканы оқыту процесінде ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану дағдыларын дамыту.

«Информатика» оқу пәнін оқудың мақсаты оқушылардың бойында заманауи ақпараттық технологияларды пайдалана отырып ақпараттармен тиімді жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыру болып табылады.

«Информатика» пәнінің оқу бағдарламасы компьютердің жұмыс істеу қағидаларын түсінуді, объектілер мен жүйелерді талдау қабілеттерін, алгоритмдер әзірлеу және бағдарламалауды, шешімдер мен программалық қосымшаларды модельдеу және жобалауды, сондай-ақ түпкілікті өнімді бағалауды оқушылардың бойында қалыптастыруды көздейді.

Оқу мақсаттарына сәйкес келесі міндеттер анықталған:

- білім алушылардың бойында ақпараттық процестердің қоғамдағы рөлін, адамзат қызметінің әр түрлі саласында ақпараттық технологияларды пайдаланудың техникалық мүмкіндіктері мен перспективаларын түсінуді қалыптастыру;

- ақпараттық технологияларды күнделікті өмірде, оқуда және келешек еңбек іс – әрекетінде тиімді қолдану біліктерін дамыту;

- білім алушылардың жүйелерді талдауда, шешімдерді әзірлеу, программалық қосымшаларды қалыптастыру және өз өнімдерін бағалауда компьютерлердің жұмыс істеуі негізгі қағидаларын меңгеру;

- талдау, абстракция, модельдеу және программалау арқылы әр түрлі міндеттерді шеше білулерін дамыту;

- білім алушылардың логикалық, алгоритмдік, сонымен қатар, жалпылау мен үйлестік, тапсырмаларды құрамдас бөлікке ажырату мен ортақ заңдылықтарды бөлу, қойылған міндеттерді шешуде тиімді әрі оңтайлы тәсілдер табу мүмкіндіктерін қамтитын есептік ойлауды дамыту;

- білім алушылардың бойында ақпараттық мәдениетті қалыптастыру – жалпы ережелерді ұстану және жеке тұлға мен бүкіл қазақстандық әлеуметтің мүддесін көздеу;

- білім алушылардың ғылыми тілді меңгеруіне және пән бойынша ұғымдық аппаратты байытуына ықпал ету.

Оқушылардың оқу-ақпараттық құзыреттіліктерін дамыту мақсатында жобалау жұмысы арқылы ғылыми-зерттеу іс-әрекетін жүргізуге көңіл бөлу керек. Жобамен жұмыс істейтін оқушылар одан әрі жүргізетін жұмыстарын жеке немесе топпен жоспарлауы, мақсат қойып, қажетті ақпарат іздеп, гипотеза ұсынулары және дәлелдеулері, эксперименттер жүргізулері, атқарылған жұмыстың нәтижелерін ұсынып, талдау және бағалау жасап, сондай-ақ өз жобаларын шебер қорғаулары керек. Оқушылар, Интернет көптеген қол жетімді ақпарат көздерінің бірі екенін, олар оған қол жеткізіп және әр түрлі көздерден деректер жинай алатынын біледі.

Сонымен қатар проблемаларды өнертапқыштықпен шешу теориясы ерекшеліктерін дамыту және проблемалық-бағдарланған оқыту технологиясын пайдалану, оқу курсы мазмұны арқылы өз білімін толықтыру мен бағдарламаның құрамдас бөліктерін өздігінен қолдана білу қабілетін, оқушылардың интеллектуалдық және шығармашылық қабілеттерін, когнитивтік мүдделерін дамытуға назар аудару керек.

Бұл білім саласы пәндерінің мазмұны бөлімдер бойынша берілген. Бөлімдер атаулары төмендегі кестеде келтірілген.

65-кесте – Оқу бағдарламалары бөлімдерінің атаулары

Математика, 5-сынып	Алгебра, 7-сынып	Геометрия, 7-сынып	Информатика, 5-сынып	Информатика, 7-сынып
Сандар	Геометрия	Компьютерлік жүйелер	Компьютерлік жүйелер	
Алгебра			Ақпараттық процестер	
Статистика және ықтималдықтар теориясы			Компьютерлік ойлау	
Математикалық тіл және математикалық модель			Денсаулық және қауіпсіздік	

Бөлімдер бөлімшелерге бөлініп, әр бөлімшені оқып игеру сыныптар бойынша күтілетін нәтижелер түрінде оқу мақсаттары жүйесінде көрсетілген: дағдылар немесе біліктер, білім немесе түсініктер.

Сонымен қатар, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларында барлық пәндер бойынша ұзақ мерзімді жоспар берілген. Онда курс материалы тоқсандарға бөлініп көрсетілген. Ұзақ мерзімді жоспарда тақырыптарды игеруге және бөлімшелерді игеруге жұмсалатын сағат сандары көрсетілмеген. Бөлімшелердің арасында сағат санын бөлу құқығы практик-мұғалімге берілген, бірақ материал көрсетілген тоқсанда толық оқытылып болуы тиіс.

2013 жылғы оқу бағдарламаларымен салыстырғанда оқу пәндердің базалық мазмұнында аздаған өзгерістер бар.

1. 5-сынып, «Математика» оқу пәні.

2017-2018 оқу жылы 5-сыныпқа бастауыш сыныптарда қолданыстағы бағдарлама бойынша оқытылған оқушылар келеді. Сондықтан, 5-сыныпта «Математика» оқу пәнінің базалық мазмұны, шамалы өзгерістерді қоспағанда толығымен бұрынғыдай қалды. Атап айтқанда, қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында «Жиын» тарауы және «шиыршық» принципін сақтау мақсатында «Кеңістік фигураларының жазбалары» тарауы қосылған, оларды оқуға оқу жылына берілген 170 сағаттан сәйкесінше 5 сағат және 3 сағат бөлінеді.

Сонымен қатар базалық мазмұн тарауларын оқып игеруге бөлінген сағаттарда айырмашылық бар. «Натурал сандар және нөл саны» тарауын игеруге шамамен 15 сағат бөлінген. Қалған тарауларды игеруге бөлінген сағат

сандары өзгеріссіз. «Математикалық моделдеу және анализ» бөліміне баса назар аударылған.

Әр бөлімді игерген кезде мәтінді есептерді шығару ұсынылады.

Статистикалық мәліметтерді ұсынуға арналған тапсырмаларды орындауға көңіл бөлінген. Бұл практикаға бағытталған есептерді қарастыруға байланысты.

2. 7-сынып, «Алгебра» оқу пәні.

Оқу пәнінің базалық мазмұнында қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда елеулі өзгерістер жоқ. Егер, қолданыстағы оқу бағдарламасында 5 тарау оқытылатын болса, жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында 6 тарау оқытылады. Бұл, «функция» ұғымына қатысты материалдар жеке «Функция. Функцияның графигі» тарауы етіп берілген және бұл тарауға 6-сыныптан «Функция ұғымы», «Функцияның графигі», «Сызықтық функция және оның графигі», «Сызықтық функциялардың графиктерінің өзара орналасуы», «Екі айнымалысы бар сызықтық теңдеулер жүйесін графиктік тәсілмен шешу» тақырыптары көшірілген. Бұл тақырыптар 6-сынып оқушыларының игеруіне қиындық туғызады деп есептеп, практик-мұғалімдердің ұсыныстары бойынша ауыстырылған.

Практикаға бағытталған, зерттеушілік және шығармашылық тапсырмаларды шешу қажеттілігіне баса назар аудару керек.

3. 7-сынып, «Геометрия» оқу пәні

7-сыныпта оқушылар «Геометрия» оқу пәнін оқуға енді ғана кіріседі, сондықтан қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында өзгерістер жоқ.

Бұл арада пәнінің практикалық бағыттылығы күшейтіледі.

4. 5-сынып, «Информатика» оқу пәні.

Ширшықтық ұстанымын сақтау үшін 5-сыныпта «Ақпараттық процестер» бөліміндегі «Модельдеу» бөлімшесі «Компьютерлік ойлау» бөліміне ауыстырылды.

5. 7-сынып, «Информатика» оқу пәні.

Қолданыстағы оқу бағдарламасымен салыстырғанда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасында өзгерістер жоқ.

5,7-сыныптарда «Информатика» пәнін оқыту кезінде үштілділік саясатына ерекше көңіл бөлінуі керек. Пән үшін айрықша болып танылатын оқушылардың академиялық тілін дамыту ұсынылады. Бұл процесс әрбір сабақ үшін оқушылардың тілдік дағдыларын дамыту жолдарын анықтауды қамтиды. Мысалы: *«Оқушылар әлеуметтік желіні пайдалану мен атрибуттарын ауызша талқылай алады».*

Программалау тілі ағылшын тілі болып табылатынын, көптеген компьютерлік интерфейстер де ағылшын тілінде берілгенін айта кету керек. «Информатика» пәні жоғары сыныптарда білім алушылардың қалауы бойынша ағылшын тілінде оқып игеруіне болатынын пән мұғалімдері әрдайым естерінде сақтаулары керек. Мұғалімдер оқушылардың назарын, информатика бойынша (<http://tinyurl.com/NIS-CS-Lexicon>) лексиконда сипатталғандай академиялық тілді пайдалануға аударту, сондай-ақ ұқсастықтар мен метафораларды пайдалана отырып күрделі жүйелерді түсіндіру мүмкіндігі сияқты информатика

саласындағы жұмыстарға қажетті тілдік дағдыларға аудартулары керек. Одан бөтен, мұғалімдер оқушылардың бойында бай академиялық тіл қалыптастыру мақсатында, диалог/жазу үшін пайдалы сөздерді пайдалануды қамтитын мұқият және жүйелі түрде тілдік қолдау көрсетулері керек.

«ЖАРАТЫЛЫСТАНУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Жаратылыстану ғылымын оқыту білім алушылардың бойында табиғи құбылыстар мен заңдылықтар туралы түсініктерді қалыптастырып, табиғатты танудың ғылыми әдістерін ашып көрсетеді. Ол табиғаттың бір бөлігі ретінде адамға, табиғат әлемін ұғыну ғана емес, осы өзгергермелі әлемдегі өз орынын сезінуге бағытталған және жеке тұлғалық құндылық қасиеттер жүйесін тәрбиелеуге, жеке тұлғаның дүниетанымдық, мәдени, тәжірибеге бағдарланған қасиеттерін қалыптастыруға бағытталған.

Білім берудің жаңартылған мазмұны бойынша «Жаратылыстану» білім саласының оқыту ерекшеліктері:

- өмір бойы оқыту үшін білім мен дағдылар негіздерін қалыптастыру және тұлғаны дамыту;
- әртүрлі оқу, жобалау, зерттеу және сабақтан тыс іс-әрекеттерді үйлесімді байланыстыру арқылы өз бетімен жұмыс жасау дағдысын дамыту;
- өзін-өзі тану және социумдағы өзара іс-әрекеттер үшін негіз ретінде сыни және шығармашылық ойлау дағдыларын дамыту;
- оқу бағыттарын таңдауда оқушылардың өз тағдырын өзі шешуін қамтамасыз ету (бағыттар бойынша одан әрі тереңдетіп оқу үшін пәндерді анықтау).

«Жаратылыстану» білім саласының мазмұны кіріктірілген. Оның құрамына жаратылыстану ғылымының пәндері: жаратылыстану, география, биология, химия, физика кіреді.

Негізгі орта білім деңгейінде «Жаратылыстану» білім саласы бойынша келесі пәндер оқытылады:

5-сыныпта – «Жаратылыстану»;

7-сыныпта - «География», «Биология», «Химия», «Физика».

Пәндер бойынша оқу бағдарламалары «шиыршық» принципі арқылы құрастырылған, білім алушылар оқу процесі барысында бастапқы проблеманы назарынан шығармау, сонымен қатар мәселеге қатысты білімді біртіндеп кеңейту және тереңдету, қажетті дағдыларды қалыптастыру мен дамыту мүмкіндігіне ие болады.

Оқу бағдарламасы оқу жылы барысында бағдарламаның бөлімдерінің зерделену жүйесін анықтайтын ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тоқсан ішіндегі тақырыптардың оқытылу реті және сағат санын бөлу мұғалімнің қалауынша өзгертілуі мүмкін. Ұзақ мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеудің негізі болып саналады.

Білім алушылардың жобалық, ғылыми-зерттеушілік іс-әрекеттерін қалыптастыру «Жаратылыстану» білім саласы пәндерін оқытудың маңызды

компоненті. Білім алушылардың жобалау және ғылыми-зерттеушілік қабілеттерін мақсатқа бағыттап дамыту, олардың өзбетімен жұмыс істеуге ұмтылыстарын белсендіреді, интеллектуалдық әлеуеттерін ашады, адамгершілік және моральдық нормаларға қарсы келмейтін өзіндік өмірлік мақсаттарын қоюға және осы мақсаттарға жетудің тиімді жолдарын қарастыруға жетелейді. Жобалық және ғылыми-зерттеушілік әрекеттер арқылы білім алушылар тек міндетті оқу пәндері аясында ғана емес, сонымен қатар сабақтан тыс іс-әрекетті ұйымдастыру барысында да жаңа білімдерді меңгереді.

«Жаратылыстану» білім саласы пәндерінің тәрбиелік мақсаты - заманауи өркениетте және ғылымда мақтануға тұрарлық еңбектер арқылы, әртүрлі елдердің ғалымдары ашқан ұлы жаңалықтарды, жұмыстарды, ғылыми көзқарастарды зерттеумен жүзеге асады.

Осындай жұмыстардың жүргізілу нәтижесінде білім алушының бойында дүние жүзі халықтарының салт-дәстүрлері туралы жаңа білімі, қызығушылығы пайда болады, оларға деген құрмет сезімі қалыптасады, толеранттылық дамиды. Жаратылыстану ғылымдарының пайда болуы, заңдардың қалыптасуы, ғалымдардың ашқан жаңалықтары мен қорытындылары туралы сабақтардың тақырыптары мәдени білім беру ортасын қалыптастыру үшін үлкен әлеуеті бар.

«Жаратылыстану» оқу пәні бастауыш мектепте оқытылған «Жаратылыстану» пәні бағдарламасының логикалық жалғасы болып табылады. 5-сыныптың оқушыларына жаратылыстану бағытында білім беру, олардың білім құмарлықтарының дамуына, әлем туралы ой-өрістерін кеңейтуге, ғылымды ұғыну мен қоршаған әлемді тұтастай қабылдауларының дамуына, қоршаған әлемді бағалай және қорғай білу біліктіліктерінің дамуына көмектеседі.

5-сыныпта «Жаратылыстану» курсының мақсаты білім алушыларды жаратылыстану ғылымы тұрғысынан табиғат пен қоғамның өзара байланысы, табиғаттағы заңдылықтардың біртұтастығы туралы білім, ұғым, түсінік қалыптастыру және білімдерін күнделікті өмірде кездесетін табиғат құбылыстары мен үдерістерін түсіндіру, сипаттау, болжау үшін қолдану біліктігін дамытуға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні:

1) әлемнің қазіргі заманғы жаратылыстану ғылымы тұрғысынан қалыптасқан бейнесі мен жаратылыстану ғылымдарының әдістері туралы білім негіздерін қалыптастыру, жаратылыстанудың техника мен технология дамуына елеулі ықпал еткен маңызды идеялар және жетістіктерімен таныстыруға;

2) білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіндіру үшін бұқаралық ақпарат құралдары, интернет ресурстары, арнайы және ғылыми-көпшілік әдебиеттерден алынған жаратылыстану ғылымы тұрғысынан және өмірлік маңызды мазмұны бар ақпаратты қолдану және қабылдау біліктіліктерін меңгеруге;

3) интеллектуалдық, шығармашылық қабілеттерді, сын тұрғысынан ойлау қабілетін қарапайым зерттеулер, құбылыстарды талдау, жаратылыстану ғылымдық ақпаратты қабылдау және түсіндіру барысында дамытуға;

4) күнделікті өмірде өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз ету, заманауи

технологияларды сауатты пайдалану, денсаулық пен қоршаған ортаны қорғау үшін жаратылыстану ғылымдары бойынша білімдерін қолдануға бағытталған.

«Жаратылыстану» пәні негізгі мектептегі «Биология», «География», «Химия», «Физика» пәндерін зерделеу негізін қалауға бағытталған кіріктірілген курс болып табылады.

Бағдарлама халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес, білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін есепке алу арқылы әзірленген.

Оқу пәнінің мазмұны 7 бөлімнен тұрады:

- «Ғылым әлемі»;
- «Ғалам. Жер. Адам»;
- «Заттар және материалдар»;
- «Тірі және өлі табиғаттағы үдерістер»;
- «Энергия және қозғалыс»;
- «Экология және тұрақты даму»;
- «Әлемді өзгертетін жаңалықтар».

Білім алушыларға қоршаған әлемнің көптүрлілігін, табиғи құбылыстар мен процестердің өзара байланысын, тірі және өлі табиғатта болатын табиғи құбылыстар мен процестердің себептерін, табиғаттағы нысандар мен процестердің көптүрлілігін жүйелеу принциптерін, адамның көптеген іс-әрекеті үшін ғылыми-жаратылыстану білімінің маңыздылығын түсінуге мүмкіндік береді.

Аталған пәннің бірнеше негізгі мақсаты бар. Олардың бірі бақылау, ғылыми зерттеуді жоспарлау, деректерді алу және ұсыну, нәтижелерді түсіндіру тәрізді зерттеушілік, ойлау және коммуникативтік дағдыларды қалыптастыру және дамыту болып табылады. Мысалы, түрлі тақырыптарды зерделеу арқылы, білім алушы зерттеу жоспарын құрастыруды, жіктеуді, бақылауды, эксперименттер жүргізуді, нәтижелерді сипаттауды және бағалауды, қорытынды және тұжырымдама жасауды үйренеді. Пән үйде, мектепте, табиғатта бақылған нысандар мен құбылыстарды түсіндіру үшін, алынған білім мен дағдыларды күнделікті өмірде қолдану біліктерін дамытады.

«Жаратылыстану» оқу пәнінің басты мақсаты – білуге құмарлықты, баланың ой-өрісін, қоршаған әлемді ғылым тұрғысынан түсінуді, табиғи және адамның қолымен жасалған мұраларды бағалау және қорғау білігін дамыту. Аталған пәнді оқу қоршаған әлемнің түрлі нысандары мен құбылыстары туралы білім қорының жинақталуына, түрлі практикалық және зерттеушілік іс-әрекеттер арқылы алынған білімнің күнделікті өмірмен байланысы түсінігін қалыптастыруға ықпал етеді.

«Жаратылыстану» оқу пәні веб-сайттан ақпаратты іздеу, іріктеп алу, оқу және қойылған мәселені шешуде қолдану үшін; деректерді графикалық түрде ұсыну және оларды сипаттау барысында мәтінмен, кестелермен, слайдтармен жұмыс істеуде базалық офистік бағдарламаларды қолдану үшін интернетте жұмыс істеуді; ақпаратты өңдеу, оны қағаз және электрондық тасымалдағыштарда сақтау үшін ұйымдастыру техникаларын қолдануды қарастырады.

«Жаратылыстану» оқу пәні бойынша 5-сыныптағы оқу жүктемесінің көлемі – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

«**География**» – жаратылыстану, қоғамдық, әлеуметтік нысандар мен құбылыстарды зерделейтін оқу пәні. География табиғи және антропогендік нысандар арасындағы өзара байланысты және өзара тәуелділікті зерделейді.

География ғылымдар жүйесінде ерекше орын алады, себебі ол әлеуметтік, экономикалық, жаратылыстану және техникалық ғылымдардың тоғысқан шегінде дамиды. Географияның өзіне тән теориясы, әдіснамасы және зерттеу әдістері бар.

Жалпы білім беретін мектептердің 7-сыныбында «География» оқу пәнін оқудың мақсаты: дүниенің географиялық бейнесін тұтас қабылдайтын, географиялық ойлау қабілеті дамыған, географияның әдістері мен тілін білетін және қолданатын, географиялық мәдениеті бар тұлға тәрбиелеу.

«География» оқу пәнінің міндеттері:

1) географияның ғылыми пән ретіндегі рөлі мен оның қазіргі замандағы адамзат мәселелерін, сондай-ақ ғаламдық мәселелерді шешудегі әлеуетін түсінуге мүмкіндік беру;

2) оқушылардың бойында табиғат пен қоғам арасындағы өзара байланыстарға, осы байланыстардың кеңістіктік ерекшеліктеріне ғылыми көзқарастарды қалыптастыру;

3) қоғамдық өндірістің, табиғатты қорғау мен табиғатты тиімді пайдаланудың ғылыми-жаратылыстану, әлеуметтік-экономикалық негіздерін ашу;

4) оқушылардың географиялық зерттеу әдістері мен зерттеу дағдыларын игеруіне ықпал жасау;

5) оқушылардың география ғылымының түсініктері мен терминдерін меңгеруіне ықпал жасау;

6) кеңістіктік ойлау мен картографиялық дағдыларды қалыптастыру;

7) географиялық білімді күнделікті өмірде, өз іс-тәжірибесінде пайдалану дағдыларын қалыптастыру.

«География» оқу пәнінің мазмұны 6 бөлімді қамтиды: «Географиялық зерттеу әдістері»; «Картография және географиялық деректер базасы»; «Физикалық география»; «Әлеуметтік география»; «Экономикалық география»; «Елтану және саяси география негіздері».

Пәннің бөлімдері мен тақырыптары «шиыршық» *principi* негізінде әзірленген, бұл *princip* сәйкес әр сынып сайын тақырыптар бойынша білім мен дағды көлемі тереңдетіліп, қиындатып беріледі.

Бірінші және екінші бөлімдерге қатысты оқытудың ортақ мақсаттары, зерттеушілік және картографиялық дағдыларды қалыптастыру мақсатында, әр оқу жылының басында жеке сабақтар түрінде өткізіледі. Басқа бөлімдерді оқу барысында ортақ оқу мақсаттары оқылатын бөлім мәнмәтінінде зерделенеді. Оқудың мақсаттары тақырыптық бөлімді оқу барысында жүзеге асырылуы тиіс. Әр сабақты оқыту барысында мақсаттарды қайталап, яғни өткен мақсатпен толықтырып отыру қажет емес. Мысалы, атмосфера бөлімшесін оқу барысында

білім алушылар бір далалық зерттеу (мысалы, бақылау және өлшеу), бір картосхема құрастыру, бір номенклатура тапсыру және деректер базасы формасындағы бір кесте құрастырулары тиіс, яғни бұл жұмыстарды әр сабақта жасау қажетті емес. Тақырыпты ортақ оқу мақсаттарымен толықтыру реті мұғалімнің қалауынша жүзеге асырылады.

Ортақ оқу мақсаттарын бағалау оқытудың негізгі мақсатын бағалау аясында жүзеге асырылады. Мысалы, «7.3.3.6 - мұхит суының қозғалыстарын жіктеп, түсіндіреді» мақсатын, «7.2.1.1 - тақырып бойынша картосхемаларды жасай алады» мақсатымен толықтырған жағдайда, білім жетістігін бағалау негізінен 7.3.3.6 мақсатын бағалау арқылы жүзеге асырылады, ал ағыстар географиясын көрсететін картосхеманың болуы, бағалау критерийлерінің бірі рөлін атқарады. Сонымен қатар іс-әрекеттің бір түрінің көмегімен екінші өтпелі мақсатты да қамтуға болады, мысалы, 7.2.1.2 - географиялық номенклатура нысандарын картадан көрсетеді. Білім алушының өзі құрастырған картосхемасынан ағыстарды көрсетуі негізгі оқу мақсатын бағалаудың бір критерийі болып саналады.

Оқудың әр мақсаты бойынша тапсырмалар әзірлеу міндетті емес. Мұғалімдер оқудың бірнеше мақсатын қамтитын бір тапсырма әзірлеулеріне болады.

Жүйелі-әрекеттік тәсілді жүзеге асыру жағдайында әр тапсырма тәжірибеге бағытталған болып табылады. Бірінші және екінші бөлімдердің ортақ оқу мақсаттары бұл тәсілді күшейтуге мүмкіндік береді (бұл өтпелі мақсаттардың топтамасы әр тақырыпты оқытудың ұзақ мерзімді жоспарында анықталған). Демек, бағдарламада міндетті практикалық жұмыстар тізімі қарастырылмаған.

Білім алушылар мұғалімнің басқаруымен географиялық ақпарат көздерімен, географиялық зерттеу әдістерін қолданумен (далалық әдіс, бақылау әдісі), схемалар, графиктер, диаграммалар, профильдер құрастыру, географиялық карталармен жұмыс істеу арқылы орындайтын зерттеушілік жұмысқа көп көңіл аударылады.

Пән мұғалімдеріне әр білім алушыға қажетті білімді алуға жағдай жасайтын, ақпараттық-коммуникациялық технологияларды (АКТ) пайдалану ұсынылады. «География» пәнін оқу барысында ақпараттық-коммуникациялық технологияларды пайдалану:

- білім алушының оқу-танымдық қызығушылығын арттыру;
- оқу процесін тиімді ұйымдастыру;
- білім алушының оқу-танымдық әрекеттерін белсендендіру

мүмкіндіктерін береді.

«География» оқу пәні бойынша бағдарламада қарастырылған далалық зерттеу, бақылау және эксперименттік жұмыстарды мұғалімдер сыныптан тыс орындарда өткізе алады.

«География» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің 7-сыныптағы көлемі – аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

«Биология» пәні жаратылыстану ғылымдарының құрамдас бөлігі ретінде оқушыларға қоршаған ортаның көп түрлілігі мен эволюциясы туралы білім береді, тірі ағзалардың даму заңы мен заңдылықтарын қарастырады, сонымен қатар әлемнің таңғажайып құбылыстарын оқып-тануға және зерттеуге мүмкіндік береді.

7-сыныпқа арналған «Биология» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқушыларға алған білімдерін нысандар мен ақпаратты бақылау, топтастыру, жүйелендіру, салыстыру, талдау, себеп-салдарлық байланыстарды орнату сияқты дағдыларын дамыту үшін қолдануға көмектеседі.

«Биология» пәні: биологияның оқу құрал-жабдықтарын пайдалану бойынша, эксперименттік зерттеу жоспарын құру, зерттеулер жүргізу, алынған мәліметтерді жинау, өңдеу және түсінік беру сияқты бірқатар практикалық дағдыларды дамытуға мүмкіндік береді. Биологияны оқу, оқушыларға алған білім, білік пен дағдыны күнделікті өмірде қолдануға мүмкіндік береді.

«Биология» пәнінің мақсаты – оқушыларға органикалық дүниенің көптүрлілігі, ондағы болып жатқан құбылыстар мен үдерістердің заңдары мен заңдылықтары, сонымен қатар адам оның ажырамас бөлігі туралы білім мен түсінік жүйелерін беру.

Оқу пәнінің міндеттері:

1) жер бетіндегі барлық тірінің құндылығын түсіну үшін өмірдің құрылымды-функционалды және генетикалық негіздері туралы, тірі табиғаттың негізгі патшалықтары ағзаларының көбеюі мен дамуы, экожүйе, биоалуантүрлілік, эволюция туралы білім жүйесін асыру;

2) экологиялық этика нормалары мен ережелерін, табиғатқа жауапкершілікпен қарауын қалыптастыру;

3) генетикалық сауаттылықты қалыптастыру - салауатты өмір салты негіздері, психикалық, тән және моральдық денсаулық сақтау;

4) оқушылардың тұлғалық қасиеттерін дамыту, биологиялық білімдерін практикада қолдануға ұмтылу, медицина, ауыл шаруашылығы, биотехнология, экологиялық менеджмент және қоршаған ортаны қорғау саласындағы практикалық іс-шараларға қатысу;

«Биология» пәні бойынша жаңартылған оқу бағдарламасының негізі оқытудың төрт бөлімін қамтиды: «Тірі ағзалардың алуан түрлілігі, құрылымы және функциялары»; «Көбею, тұқым қуалаушылық, өзгергіштік»; «Эволюциялық даму, ағза және қоршаған орта»; «Кіріктірілген қолданбалы ғылымдар».

Биология бойынша білім беру бағдарламасы оқытудың бастапқы сатыларының өзінде пән туралы бүтіндей түсінік қалыптастыруға мүмкіндік береді.

Биология бойынша оқу бағдарламасына мынадай бөлімшелер енгізілді: «Тұқым қуалаушылық және өзгергіштік заңдылықтары», оның шеңберінде тұқым қуалайтын және жүре пайда болған белгілері қаралады, «Микробиология және биотехнология» – микроорганизмдер, антибиотиктер және антисептиктер туралы түсініктер енгізіледі.

Аталған бөлімшелерді оқыту оқушыларды қоршаған ортаны түсіну, сонымен қатар жоғары сыныптарда пәнді барынша тереңірек одан әрі зерделеуге көмектеседі.

Биология бойынша бағдарламаның негізгі ерекшеліктері болып биология бөлімдерін зерделеу жүйелілігінде оқытудың «шиыршық» *принципін* пайдаланылады. Бағдарламада 7-сыныптан бастап біртіндеп мазмұнының тереңдеуімен және күрделенуімен биология курсының барлық негізгі мәселелері оқытылады.

Демек, оқушылар ағзалардың әртүрлі топтарына тән биологиялық процестер мен құбылыстарды бір мезгілде зерделеу және салыстыру мүмкіндігін алады.

Оқу бағдарламасының мынадай бөлімдері бойынша тақырыптарды зерделеудің күрделілік және тереңдік деңгейіне назар аудару керек:

▪ «Тірі ағзалардың әралуандылығы» – оқушыларды ағзалардың әр түріне арналған анықтау-кілттерін құрастырған кезде дихотомия әдісіне оқыту.

▪ «Қорек» – адамның ас қорыту жүйесі бойынша білім негіздерін қалау (аталған тақырыпты оқушылар 9-сыныпта барынша толық зерделейтін болады).

▪ «Жасушалық цикл» – генетикалық материал туралы түсінікті енгізу (химиялық формуланы ғана және ДНҚ-мен байланысты оқушылар 10-сыныпта жан-жақты зерделейтін болады).

Сабақтарды жоспарлаған кезде практикалық дағдыларды дамытуға бағытталған белсенді оқыту әдістерін көбірек қарастыру керек.

«Биология» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

Мектепте «**Физика**» пәнін оқыту заманауи технологиялық әлемдегі өмірге дайындауда маңызды мағынаға ие.

Жаңартылған мазмұндағы 7-сыныпқа арналған «Физика» пәнін оқытудың мақсаты - білім алушылардың ғылыми дүниетанымдық негіздерін, әлемнің жаратылыстанымдық-ғылыми бейнесін тұтастай қабылдауын, өмірде маңызды практикалық мәселелерді шешуде табиғат құбылыстарын бақылау, жазу, талдау қабілеттерін қалыптастыру.

Оқу пәнін оқытудың негізгі міндеттері:

1) білім алушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізінде жатқан заңдылықтар мен принциптер туралы іргелі білімді, табиғатты танудың ғылыми әдістерін меңгерту;

2) білім алушылардың интеллектуалдық, ақпараттық, коммуникативтік және рефлексивтік мәдениетін, физикалық экспериментті және зерттеу жұмыстарын орындау дағдыларын дамыту;

3) оқу және зерттеу қызметіне жауапкершілікпен қарауға тәрбиелеу;

4) меңгерген дағдыларды табиғат ресурстарын пайдалану мен қоршаған ортаны қорғауда, қоғам мен адам өмірінің қауіпсіздігін қамтамасыз етуде қолдану.

7-сыныптың физика курсына табиғат құбылыстарын қарастырады, физиканың негізгі заңдарымен танысады және осы заңдарды техникада және күнделікті өмірде қолдану деңгейінде оқытылады.

Физика мен оның заңдары барлық жаратылыстану саласының өзегі екендігіне басты назар аударылады. Сондықтан, курстың ең маңызды міндеттердің бірі - оқушылардың әлемнің заманауи физикалық бейнесінің негізін және табиғатты танудың ғылыми әдістерді туралы түсініктерін қалыптастыру.

Қазіргі заманауи физика қарқынды дамып келе жатқан ғылым, оның жетістіктері адам қызметінің көптеген салаларында әсер етеді. Бағдарламаның мазмұны физика эксперименттік ғылым болып табылатына, оның заңдары фактілерге, тәжірибелер көмегіне сүйенетіне негізделеді.

Физика - нақты ғылым және құбылыстардың заңдылықтары сандармен зерттеледі, сондықтан басты назар физикалық заңдарды тұжырымдау мен оларды түсіндірудің математикалық аппарататын қолдануына аударылады.

7-сыныптың физика курсына кіріспе «атом», «зат», «материя» және «физикалық термин», «физикалық шама», «гипотеза» және «эксперимент», «өлшем» және «өлшеу қателігі» сияқты негізгі ұғымдарды оқытады, одан әрі оқу материалын оқыту кезінде қазіргі ғылымның заманауи деңгейі мен қоршаған ортамен байланыстың үзілмеуіне мүмкіндік береді.

Оқушылардың алған білімі қоршаған ортаға шығармашылық көзқарасын және оны дамытуға ықпал ететін болады және қоршаған орта туралы шындықты дұрыс талдауына көмектеседі.

Мектепте «Физика» пәнін оқыту заманауи технологиялық әлемдегі өмірге дайындауда маңызды мағынаға ие. Оқушылар оқу процесінде бақылау жүргізуге, топтастыруға, құбылыстарды бір-бірімен байланыстыру мен оларға түсінік беруге үйренулері тиіс. Ерекше басымдылық ғылыми мәселелерді әлеуметтік және тұлғалық маңызды міндеттер мәнмәтінінде қарастыра алатын ақпараттанған және сыни ойлайтын азаматты тәрбиелеуге аударылуы тиіс.

Оқушылар оқу процесінде бақылау жүргізуге, топтастыруға, құбылыстарды бір-бірімен байланыстыру мен оларға түсінік беруге үйренулері тиіс.

Жаңартылған мазмұндағы бағдарламаның ерекшелігі келешек мамандығында жетістіктің маңызды критерий болып табылатын білім алушылардың зерттеу дағдыларын қалыптастыру, өйткені проблеманы зерттеу, идеяларды сынақтан өткізу, жақсартудың жолдарын ұсыну қандай да болмасын проблеманы шешу үшін әмбебап операциялар болып табылады

Алған білімдерін практикада қолдану үшін оқушылар технология, коммуникация, медицина, ауыл шаруашылығы, түрлі өнеркәсіп және энергетика сияқты, адам қызметінің әртүрлі салаларындағы физиканың жетістіктері мен рөлін түсінуі қажет.

Физика пәні сабақтарында оқушылар тәжірибелер өткізіп қоймайды, мәліметтерді жинақтайды, жазып алады және талдайды; градиентті тәуелділігі мен табуға қатысты кестені құрастырады, соның ішінде Корнфильд әдісін пайдалана отырып ақаулықтарды табады, тәжірибені өткізуге әсер ететін

факторларды анықтайды және оны жақсарту жолдарын ұсынады. Осының арқасында, әрбір оқушы зерттеу жолын жеке меңгереді және қандай да болмасын физика заңдылығына қатысты қорытындыны жасай алады. Мысалы, сұйықтықтың кинематика саласындағы зертханалық жұмыстар кешенін орындау оқушылардың қазіргі күні сұранысқа ие «Мұнай-газ ісі», «Жылуэнергетика», «Сумен қамтамасыз ету» мамандықтарын сәтті игеруіне дайындай алады.

«Орындалуға міндетті тәжірибелік және зертханалық жұмыстар тізілімі» оқушыларға пән бойынша жаңа білім алып, зерттеу машықтарын дамытуға мүмкіндік беретіндей етіп іріктелген.

Жаңартылған бағдарламаның басты мақсаттарының бірі – физика шамаларын тәжірибе жүзінде анықтау, қолдағы құралдармен тәжірибе өткізу, көрсеткіштерді оқи білу және нәтижені талдау. Осыған байланысты, бұл қосылған тәжірибелік есептердің есесінен, оқу бағдарламасының әрбір бөлімшесі кем дегенде 3 практикалық жұмыстардан тұрады:

- ауырлық күшін зерттеу («Кинематика негіздері» бөлімшесі 7 сынып);
- түрлі денелердің созылуын зерттеу («Кинематика негіздері» бөлімшесі 7 сынып);
- жұмыстың мәнін график бойынша анықтау («Кинематика негіздері» бөлімшесі 7 сынып);
- ауырлық күші мен үйкеліс күшінің жұмысын салыстыру («Динамика негіздері» бөлімшесі 7 сынып);
- көлік түрлерінің қуатын бағалау («Сақталу заңдары» бөлімшесі 7-сынып);
- үстел теннисіне арналған шариктің тебілу биіктігін анықтау («Сақталу заңдары» бөлімшесі 7-сынып);
- күштің айналу осіне дейінгі қашықтыққа тәуелділігін зерттеу («Статика» бөлімшесі 7-сынып);

7-сыныптарға арналған «Физика» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 10 зертханалық жұмыс және 22 практикалық жұмыстан тұрады.

7-сыныпта физиканы оқыту математикадан өтілген білім мазмұнымен байланысына негізделеді. Мұғалім оқушылардың 6-сыныпта математиканы оқығанда қандай білім алғанына, 7-сыныпта математика сабақтарында нені қарастыратынына сүйенеді. Мұнда 7-сынып оқушылары қазірдің өзінде координаталық жазықтық және теріс сандармен, әріппен белгілеумен таныс екендігі, формуланы жаза аладытыны есте болу керек. Олар бүтін және бөлшек сандармен әрекеттерді орындауды біледі, арифметикалық ортаны таба алады, сызықтық теңдеулерді шешеді. Оқу жылының ішінде оқушылардың математикалық дайындығы екі белгісізі бар теңдеулер туралы білімімен толықтырылады, олар функция ұғымын және оның графикалық көрсетілімін меңгереді.

Физика және химияда көптеген ортақ ұғымдар зерттеледі: атом, молекула, физикалық және химиялық құбылыстар, масса, дененің агрегаттық

күйі. Осы шамаларды және оларды қолдану мен түсіндіруде бірдей анықтаманы қолдану қажет.

Физика мен биологияда өзарабайланысы ретінде жалпы және ішінара пайымдау болады. Табиғаттың біртұтастығын түсіну қабілеті және физика заңдарының әсері туралы білімі оқушылардың биологиядан алған білімдерін кеңейтуі мүмкін. Ол биологияның әдістерін физикамен байланыстырып пайдалануды қарастыруға ықпал етеді.

Жаңартылған білім беру мазмұнында жетістікке қол жеткізу үшін мыналарды жасау ұсынылады:

- ғылыми тілді қалыптастыру мақсатында оқушылардың сөздік қорын байыту, үш тілдегі физикалық терминологиямен таныстыру бойынша жүйелі жұмыстар жүргізу;

- физикалық процестерге диаграммалар, сызбалар, жалпылама және талдау кестелерін жасай білу дағдыларын, баяндау, сипаттау, салыстыру, графикті талдау, қорытынды жасау және жалпылама қорыту (жазбаша және ауызша); дағдыларын қалыптастыру

- есептердің шешімін сауатты ресімдеуге назар аудару;

- жүргізілген тәжірибелік және зертханалық жұмыстар бойынша кеңейтілген жазбаша есептерді немесе ауызша баяндамаларды дайындай білуді дамыту;

- оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу мәдениетін, олардың пікірлерінің қисындылығы және дәлелдермен түйінделу дәрежесін арттыру.

Оқу бағдарламасының келесі бөлімдері бойынша тақырыпты оқу күрделілігі және тереңдігі деңгейіне назар аудару қажет:

- «7.2.1.4 үдеудің не білдіретіндігін түсіну» - есептерді шешуде формулалар қолданбай, «үдеу» түсінігінің өзін ғана енгізу. 7-сынып деңгейінде үделген қозғалыс және «үдеу» түсінігі тек негізгі деңгейде оқытылады, сәйкесінше жылдамдықтың уақытқа тәуелділігі графигінің астында ауданды есептеу, тікбұрыштың ауданын есептеуге келтіріледі.

- «7.1.1.7 графикалық әдіспен бір түзу бойымен бағытталған векторды қоса және ала білу» - оқушыларға қиын емес есептер ұсыну және әр түрлі денелердің қозғалысының нақты мысалында жақсы меңгерілетін «вектор» бастапқы түсінігін енгізу ұсынылады.

- 7.3 «Қатты денелердің, сұйықтықтар мен газдардың қысымы» бөлімінде «Горричелли тәжірибесі» және «Атмосфералық қысым» тақырыптары қаралады.

«Физика» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Химия» пәні білім алушылардың дүниетанымдық көзқарасын дамытуда, әлемнің тұтас ғылыми бейнесін қалыптастыруда маңызды рөл атқарады. Бұл пән оқушыларға заттардың әртүрлілігі мен олардың өзгерістерінің маңыздылығын түсінуге көмектеседі. Жаңа заттарды алу мүмкіндіктерін аша отырып, оқушыларды қоршаған ортаның экологиялық

жағдайын берілген мәліметтер негізінде нақты бағалауға үйретеді.

7-сыныпқа арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы оқу мақсаттары оқушыларға заттар мен олардың айналымы, заттар қасиеттері, олардың құрамы мен құрылысына тәуелділігін түсіндіретін заңдар мен теориялар туралы білім жүйесін ұсыну, оқушыларға химиялық процестердің мағынасын, негізгі заңдар мен заңдылықтарды түсініп, оларды шынайы өмірде қауіпсіз қолдана алуға, ақпаратты сыни бағалауға және шешім қабылдауға мүмкіндік беру.

Химияны меңгергеннен кейін білім алушылар:

1) атомдар мен заттар молекулаларының құрылысын, химиялық үдеріс барысында олардың қасиеттерінің өзгерісін;

2) химиялық реакциялар кезінде заттың жалпы массасы мен энергиясының сақталуын;

3) химиялық реакцияның жылдамдығының химиялық процесс шартының ауысуына байланысты өзгеруін;

4) техникалық қауіпсіздік ережесін сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз химиялық айналымдарды жүргізуге болатындығын;

5) ғылыми әдістер мен эксперименттерді жоспарлауға;

б) шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы химиялық ақпаратты пайдаланып, өмір сапасын жақсартуға болатындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Бағдарлама халықаралық білім беру стандарттарына сәйкес білім алушылардың психологиялық және жас ерекшеліктерін ескеріліп әзірленген.

Оқу пәнінің мазмұны бес бөлімді қамтиды:

- «Заттардың бөлшектері»;

- «Химиялық реакциялардың жүру заңдылықтары»;

- «Химиядағы энергетика»;

- «Химия және қоршаған орта»;

- «Химия және өмір».

Білім алушылардың химиялық процестердің мәнін, заңдар мен заңдылықтардың мағынасын жетік түсінуге және оларды өмірде қауіпсіз қолдануға; проблемаларды шешуге, жағдайды сын тұрғысынан бағалауға және шешім қабылдауға, сондай-ақ, түрлі әдістермен тиімді коммуникация орнатуға мүмкіндік беру болып табылады.

Қоршаған ортада әртүрлі құбылыстар мен процестер болып жатады, олардың көпшілігі химия ғылымы түсіндіретін заңдар мен заңдылықтарға бағынады. Химия пәні оқушыларға Жерде адамның тіршілік әрекетіне өте маңызды көптеген табиғи заттар бар екендігін және табиғат байлықтарына ұқыпты қарау қажеттілігін түсінуге тәрбиелейтін мүмкіндік береді. Химияны оқу қоршаған ортада болып жатқан химиялық құбылыстардың мәнін түсінуге жетелейді.

Оқушылардың сыни және шығармашылықпен ойлауын, сонымен қатар көптеген эксперименттік және тәжірибелік дағдыларын дамыта отырып, проблеманы шешуде шығармашыл тәсілдерді қолдануды қолдайды. Бұл пәнді

оқу барысында оқушылардың зетханалық құрал-жабдықтарды қолдану мен эксперимент жүргізу дағдылары дамиды.

Басты назар әлеуметтік және тұлғалық маңызы бар мәселелерді, ғылым жетістіктері мен ашылымдарды түсінуге қабілетті жан-жақты ақпараттанған, сын тұрғысынан ойлайтын азамат тәрбиелеуге, назар аудару қажет.

Жаңартылған оқу бағдарламасы оқушылардың келесі білігі мен дағдыларын дамытуға бағытталған:

- қауіпсіздік техникасын пайдалана отырып құрылғылар мен құрал-жабдықтарды қолдану, тәжірибе жүргізу, химиялық заттарды анықтау, есептеулер жүргізу, моделдерді жинау;

- табиғи құбылыстар, үдерістер, заңдардың мәнін түсіну үшін лабораториялық тәжірибе және зерттеу жұмыстарын жүргізу, эксперименттік есептер шығару;

- қоршаған ортада болатын өзгерістердің себеп-салдарын анықтау, оларды берілген жағдаятты шешу үшін түсіндіру және әдістерді ұсыну.

Бұл оқу бағдарламасы табиғаттағы, адамзаттың іс-әрекетіндегі химиялық үдерістерді, экологиялық проблемаларды шешудегі химиялық технологиялардың мүмкіндіктері, химиялық өнімдер өндірісінің принциптері мен қоршаған ортаның сақталу тепе-теңдігі туралы білім береді.

Химияның оқу бағдарламасы оқушыларға:

- атомдар мен заттар молекулаларының құрылысын, химиялық үдеріс барысында олардың қасиеттерінің өзгерісін;

- химиялық реакциялар кезінде заттың жалпы массасы мен энергиясының сақталуын;

- химиялық реакцияның жылдамдығының химиялық процесс шартының ауысуына байланысты өзгеруін;

- ғылыми әдістер мен эксперименттерді жоспарлауға;

- қоғам үшін химияның кең ауқымды мүмкіндіктерін бағалауға;

- жағдайды шынайы бағалау, нәтижелерді қорытындылау, эксперименталды жұмыстар жүргізу кезінде қорытынды жасау маңыздылығын;

- техникалық қауіпсіздік ережесін сақтап, қоршаған ортаға қауіпсіз химиялық айналымдарды жүргізуге болатындығын;

- химияның маңызды заңдылықтарын пайдаланып химиялық процестер мен заңдылықтарды болжауға және түсіндіруге болатындығын;

- шығармашылық әдіс-тәсілдер арқылы химиялық ақпаратты пайдаланып, өмір сапасын жақсартуға болатындығын түсінуге мүмкіндік береді.

Оқушылар «Химия» пәнін 7-сыныптан бастап оқитын болғандықтан, оқушыларда негіз қалаушы түсініктерді, заңдар мен заңдылықтарды дұрыс түсіндіруді қалыптастыруға ерекше назар аудару қажет. Оқушылардың кейінгі сыныптарда осы пәнді оқуға деген қызығушылықтарын арттыру үшін барынша әртүрлі практикалық және лабораториялық жұмыстар жүргізу ұсынылады.

Оқушылардың жас ерекшеліктеріне сәйкес оқу бағдарламаларын тиімді жүзеге асыру үшін оқу мақсаттарымен анықталған, сәйкесінше сыныптарда оқытудың күтілетін нәтижелеріне ерекше назар аудару қажет.

Мысалы: «Заттардың агрегаттық күйінің өзгеруі» тақырыбы бойынша заттардың бір агрегаттық күйден екіншісіне өтуі бойынша білім негізін салу қажет. Оқушылар графикалық бейнелердегі өзгерістерді көрсете білуі, өзгерістерді анықтауы, қисықтың өзгеру немесе өзгермеу себебін түсіндіруі тиіс. Физикалық және химиялық құбылыстардың өту ерекшеліктерін бөлшектердің кинетикалық теориясы тұрғысынан терең түсінуді қалыптастыру үшін оқушылардың оқу жоспарларында ұсынылатын барлық практикалық жұмыстарды немесе олардың баламаларын орындауы міндетті. Бұл жоғары мектепте оқушыларға қоршаған ортада, сондай-ақ тірі ағзаларда өтетін үдерістердің себептері мен салдарын түсіндіруге бағытталған «Термодинамика», «Энергетика», «Кинетика», «Тепе-теңдік» бөлімдерін тиімді меңгеруге мүмкіндік береді.

Бағдарламада Блум таксономиясында белгіленген барлық дағдыларды дамыту көзделген. Дағдыларды таксономиялық әдістемеге сәйкес жеңілден күрделіге қарай дамыту нақты оқу мақсаттарында, сонымен қатар оқу жоспарларындағы мұғалімге арналған оқу үдерісін ұйымдастыруға байланысты ұсыныстар беріледі.

Әртүрлі сыныптарға жататын қосылыстардың қасиеттерін түсінуді жақсарту үшін 7-сыныпта барлық химиялық реакция теңдеулері сөзбен жазылады. Оқушылар жиі кездесетін қосылыстардың химиялық формулаларын олардың химиялық және физикалық қасиеттерімен танысу кезінде жаттайды.

«Ерітінділер және ерігіштік» тақырыбы бойынша 7-сыныптың оқушылары заттардың суда ерігіштігін анықтай білуі тиіс. Оқу бағдарламасы қауіпсіз зертханалық тәжірибелер, практикалық жұмыстар, көрсетілімдер, үй эксперименттерін жүргізіу және ұйымдастыру арқылы зерттеу дағдыларын қалыптастырады.

7-сыныптарға арналған «Химия» пәнінің жаңартылған мазмұндағы үлгілік оқу бағдарламасы 4-практикалық жұмыс, 12 зертханалық тәжірибелер мен көрсетілімдерден тұрады.

«Химия» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі 7 сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

АДАМ ЖӘНЕ ҚОҒАМ» БІЛІМ САЛАСЫ

«Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы» пәндері бойынша оқу бағдарламасының мазмұндық ерекшелігі: білім мазмұны хронологиялық реттілікпен берілген (көне дәуірден бүгінгі заманға дейін) және *әлеуметтік қатынастардың дамуы, мәдениеттің дамуы, мемлекеттің дамуы, экономикалық даму* бөлімдерін қамтиды.

Білім мазмұнын ұйымдастырудағы ерекшеліктер:

- тарихи пәндер мазмұнының көлемі тақырыптық бөлімдерді біріктіру арқылы ықшамдалған;

- тарихи пәндер арасындағы пәнаралық байланыс іске асырылған. Бұл өз кезегінде оқу материалдарын қайталамауға және Қазақстан тарихын әлемдік тарихи үдерістер контекстінде қарастыруға мүмкіндік береді;

- тарихи ойлау дағдыларын (тарихи үдерістер мен құбылыстарды зерттеу, талдау, түсіну және түсіндіру) дамытуға бағытталған;

- білім алушыларда тарихи сана, ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды дамытуға септігін тигізетін материалдарды зерделеуге ерекше көңіл бөлінген;

- пәннің оқу бағдарламасы «*шиыршық*» принципі негізінде әзірленген, яғни оқу мақсаттары мен тақырыптардың басым көпшілігі белгілі бір оқу кезеңінен кейін (оқу жылы барысында немесе келесі сыныптарда) білім мен дағдының көлемі көбірек, тереңірек, күрделірек деңгейде қайта қарастырылады.

Білім алушылардың дайындығына қойылатын талаптар:

Күтілетін пәндік нәтижелер әр бөлімдер мен тақырыптар бойынша анықталған *оқу мақсаттары* түрінде берілген. Күтілетін нәтижелердің (оқу мақсаттарының) тақырыптық мазмұнға сәйкес нақтылануы білім алушыларда пәндік білім мен дағдыларды нақты оқу материалы негізінде қалыптастыруға мүмкіндік туғызады.

Жаңартылған білім мазмұны бойынша тарихи концептілер (түсініктер) негізінде оқыту ұсынылады:

Оқыту келесі концептілердің (түсініктердің) негізінде құрылуы тиіс:

1) **өзгеріс және сабақтастық** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қоғам қаншалықты өзгеріске ұшырады)

2) **себеп-салдар** (мысалы, белгілі тарихи кезеңде қандай маңызды факторлар саяси үдерістерге әсер етті);

3) **дәйек** (белгілі тарихи кезеңнің өнері бізге құндылықтар, наным-сенімдер мен технологиялар туралы қандай мәлімет бере алады);

4) **ұқсастық пен айырмашылық** (мысалы, XIII-XV ғғ. Қазақстан территориясындағы мемлекеттердің саяси құрылысындағы ұқсастықтар мен айырмашылықтар);

5) **маңыздылық** (мысалы, Қазақ хандығының құрылуының тарихи маңызы неде);

6) **интерпретация** (мысалы, белгілі бір тарихи оқиғаны түрлі зерттеушілер қалай сипаттайды).

Тарихи концептілер негізінде оқытудың күтілетін нәтижелері:

1) «Өзгеріс пен сабақтастық»:

Білім алушылар: сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды уақыт пен кеңістікте талдауы және бағалауы; сабақтастық пен өзгеріске қатысты тарихи мысалдарды ұзақ уақыт бойы ауқымды тарихи процестер мен тақырыптарға дейін біріктіруі; тарихи оқиғалар мен процестердің белгілі бір уақыт межесінде жүйеленуі мен ұйымдасуының негізін (критерийлер) түсіндіре білуі тиіс.

2) «Себеп және салдар»

Білім алушылар: бір немесе бірнеше себептердің және/немесе

ықпалдардың өзара әрекеттесуін талдауы және бағалауы; ұқсастықтарды, себеп-салдарды, өзара байланысты көрсете отырып тарихи себептілікті түсінуі; тарихи құбылыс, оқиға немесе процесті басқа ұқсас тарихи құбылыстармен уақыт пен кеңістікте байланыстырудың әдістерін түсіндіре және бағалай білуі тиіс.

3) «Дәлел»:

Білім алушылар: қарастырылып отырған дәлелге қатысты: аудитория, мақсаттар, көзқарастар, формат, аргумент, шектеулер және контекст сынды тарихи айғақтың ерекшеліктерін талдауы; тарихи айғақтарды талдау және бағалау негізінде дәйекті қорытынды жасауы; өткен заман туралы объективті түсінік қалыптастыру мақсатында түпнұсқалық және қосалқы деректерден әртүрлі, қарама-қайшы айғақтарды талдай білуі тиіс.

4) «Ұқсастық пен айырмашылық»

Білім алушылар: белгілі бір жерде, белгіленген бір уақыт кезеңінде және/немесе әртүрлі қоғамдарда, немесе бір қоғамның ішіндегі өзара байланысқан тарихи оқиғаларды салыстыруы тиіс.

5) «Маңыздылық»

Білім алушылар: қоғамның дамуы үшін тарихи оқиғаның, құбылыстың, процестің маңыздылығын анықтауы тиіс.

6) «Интерпретация»

Білім алушылар: белгілі бір тарихи оқиғаға, құбылысқа, процеске қатысты әртүрлі көзқарастарды түсіндіруі және бағалауы тиіс.

Әр тақырыпқа сәйкес келетін нақты тарихи концептіге (түсінік) құрылған оқыту оқу материалдары негізінде білім алушылардың тарихи ойлау дағдысын дамытуға мүмкіндік береді. Бұл тәсіл зеттеуге негізделген оқытуды жүзеге асыруға мүмкіндік туғызады.

Әр сынып бойынша күтілетін нәтижелер білім алушылар жетуі тиіс минимум болып табылады, сонымен қатар, білім алушылар келесі сыныптарда қалыптасуы көзделген дағдыларды игереді.

Негізгі орта білім беру мазмұнын жаңарту аясында «Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» оқу пәндері мазмұнының жаңа құрылымы (сыныптар бойынша тарихи кезеңдерді бөлу) ұсынылады:

5 - сынып – ежелгі заман (шамамен 2 млн жыл бұрын – V ғасыр)

6 - сынып – ортағасырлар кезеңі (V - XVII ғасырлар);

7 - сынып – жаңа заман кезеңі (XVIII -XIX ғасырлар);

8 - сынып – қазіргі заман (XX ғасырдың бірінші жартысы);

9 - сынып – қазіргі заман (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін).

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша білім мазмұны жаңартылған бағдарламаға сәйкес, «Қазақстан тарихынан әңгімелер» пәні оқытылмайды. Себебі, бастауыш сыныпта «Дүниетану» (1-4-сынып) пәнінің жаңартылған оқу бағдарламасында білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, Қазақстан тарихының ежелгі дәуірден бүгінгі күнге дейінгі маңызды тарихи оқиғаларын оқытуға ерекше назар аударылған.

Сондықтан 2017-2018 оқу жылында білім мазмұны жаңартылған бағдарлама бойынша 5-сыныпта отандық тарихтың барлық курсы емес, тек қана Қазақстанның ежелгі заман тарихы (дүниежүзі тарихымен қатар) оқытылады.

Сонымен жаңартылған бағдарламаға сәйкес тарихты оқу пәні ретінде жүйелі оқыту толықтығы және логикалық аяқталуына қатысты тұтастығымен сипатталатын 5-сыныптан басталады.



Назар аударыңыздар!

2017-2018 оқу жылында тарих пәндері бойынша бір мезгілде 5,7-сыныптарда жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламаларын енгізу барысында қолданыстағы және жаңартылған оқу бағдарламалары мазмұнында хронологиялық кезеңдердің сәйкессіздігі орын алады.

66-кесте – Оқу бағдарламаларын салыстыру

Қолданыстағы бағдарламалар	Білім мазмұны жаңартылған бағдарламалар
5-сынып – Қазақстан тарихынан әңгімелер	5-сынып – Ежелгі заман тарихы
6-сынып – Ежелгі заман тарихы	6-сынып – Орта ғасырлар тарихы
7-сынып – Орта ғасырлар тарихы	7-сынып – Жаңа заман тарихы
8-сынып – Жаңа заман тарихы	8-сынып – Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың бірінші жартысы)
9-сынып – Қазіргі заман тарихы	9-сынып – Қазіргі заман тарихы (XX ғасырдың екінші жартысы – бүгінгі күнге дейін)

Алдағы уақытта жаңартылған білім беру мазмұнын кезең-кезеңімен енгізу кезінде мазмұнының сабақтастығын сақтау мақсатында:

1) 7-сыныпта 6-сыныптың (орта ғасырлар) жаңа бағдарламасы енгізіледі, бұл тарихи кезеңдерді оқытуда сабақтастықты сақтап қалуға мүмкіндік береді;

2) 8-сыныпта 7-сыныптың (жаңа кезең) жаңа бағдарламасы енгізіледі, бұл да тарихи оқиғаларды оқытуда сабақтастықты сақтауға мүмкіндік береді;

3) 9-сыныпта 8-9-сыныптардың (қазіргі заман тарихы) мазмұнын қамтитын өтпелі бағдарлама енгізіледі;

4) Барлық жалпы білім беретін мектептерде 9-сыныптың өтпелі бағдарламасы екі оқу жылында қолданылатын болады.

«Қазақстан тарихы» пәнін оқудың ерекшеліктері:

Оқу пәнінің мақсаты: білім алушылардың бойында тарихи сана, қазақстандық патриотизм, ұлттық және жалпы адамзаттық құндылықтарды қалыптастыру, зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамыту.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 5- сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат;
- 2) 7-сыныпта аптасына 2 сағат, оқу жылында 68 сағат.

5,7-сыныптарда «Қазақстан тарихы» пәні бойынша Қазақстан қоғамының ежелгі дәуірдегі және орта ғасырдағы әлеуметтік, мәдени, саяси, экономикалық салалардың негізгі даму кезеңдері оқытылады. Қазақстан тарихы ата-бабалар мәдениетінің бірегейлігі, тарихи процестердің біртұтастығы мен сабақтастығын түсінуге мүмкіндік береді. Көшпелілердің әлемдік тарихтағы орны мен ролін, адамзат өркениетіне қосқан үлесін жаңа өркениеттік тұрғыдан қарастырады. Оқу пәнінің өткенді саралау, бүгінгі күнді сипаттау және болашақты бағдарлаудағы маңызы ерекше.

Тарихты оқыту – оқу мақсаттарын анықтау, оқыту мазмұнына сәйкес материалдарды саралау, оқытудың тиімді әдістерін анықтауды және т.б. құрайтын күрделі процесс

Оқу пәнінің мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

- 1) Әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- 2) Мәдениеттің дамуы;
- 3) Мемлекеттің дамуы;
- 4) Қазақстанның экономикалық дамуы. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Мысалы, «Мәдениет» бөлімі бойынша оқу мақсаттары

Бөлімше	5-сынып	6-сынып	7-сынып	8-сынып	9-сынып
Өнер мен әдебиет	5.2.2.1 Археологиялық ескерткіштерді салыстыру	6.2.2.1 күй, аңыз, шежіре, эпостық жырлардың тарихи дереккөзі ретіндегі маңыздылығын айқындау	7.2.2.1 халық ауыз әдебиеті мен музыка өнері туындыларының тарихи дереккөзі ретінде құндылығын бағалау	8.2.2.1 қазақ зиялыларының шығармашылық мұрасын талдау және қоғамдық санаға тигізген әсеріне баға беру	9.2.2.1 кеңестік әдебиет пен өнер туындыларын да қоғамдық өмірдің бейнеленуін талдау

Пәнді оқытуда білім алушылардың тарихи ойлау дағдыларын дамыту және олардың тарихи процестердің мәнін түсінуіне көңіл бөлу ұсынылады.

Сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыру барысында оқу мақсатында нақты көрсетілмеген дағдыларды да дамытуға болады. Мысалы, «ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіру» оқу мақсаты білім алушылардың ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің құрылуын түсіндіруді қажет етеді. Оған қоса мұғалім білім алушыларға тарихи картадан ежелгі мемлекеттік бірлестіктердің орналасқан жерлерін көрсетуге тапсырма бере алады, бұл өз кезегінде білім алушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді.

«Дүниежүзі тарихы» пәнін оқудың ерекшеліктері:

«Дүниежүзі тарихы» пәні білім алушылардың бойында тарихи сана, толеранттылық, өз елі және басқа елдердің тарихы мен мәдениетіне құрметті қалыптастыру, ғасырлар бойы қалыптасқан жалпы адамзаттық құндылықтарды меңгерту және зерттеушілік, ойлау, коммуникативті дағдыларды дамытуға бағытталған.

«Дүниежүзі тарихы» пәні бойынша оқу жүктемесі:

- 1) 5-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат;
- 2) 7-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінің білім мазмұны төрт бөлімді қамтиды:

- 1) Әлеуметтік қатынастардың дамуы;
- 2) Мәдениеттің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- 3) Саяси жүйелердің дамуы мен өзара әрекеттестігі;
- 4) Экономикалық қатынастардың дамуы. Аталған бөлімдер сыныптар бойынша оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Жаңартылған бағдарламаға сәйкес тарихты оқу пәні ретінде жүйелі оқыту толықтығы және логикалық аяқталуына қатысты тұтастығымен сипатталатын 5-сыныптан басталады.

Бағдарлама білім алушылардың ежелгі дәуір өркениеті туралы жүйелі түсінігін қалыптастыруға бағытталған. Сондықтан адамға, оның өмір салтына, өзіндік ерекшелігіне, тұрмыс-тіршілігіне және мәдениеттің маңызды көріністері: дін, мифология, ғылым мен мәдениетке ерекше мән бере отырып, ежелгі қоғам тарихын кешенді сипаттауға басымдық берілген.

Сабақ мазмұны және оқытудың қолданылатын формалары мен әдістері білім алушылардың білімді толық меңгеруіне, білім алушының жеке тұлғасын қалыптастыруға және Ежелгі дүние тарихының тәрбиелік әлеуетін іске асыруға бағытталуы қажет. Тарихты зерделеу нәтижелерінің бірі өткен оқиғалардың жарқын және әсерлі бейнелері негізінде құрылған білім алушылардың тарихи түсінігін қалыптастыру болып табылады.

Оқыту процесінде білім алушылардың бейнелік түсінігін дамытуда көрнекіліктерді түрлендіріп қолданудың маңызы зор. 5-сынып білім алушылары сурет желісін, бейнефрагментті сипаттау, ерекшеліктерді анықтау, оған сұрақ қоя білу, қысқа әңгіме құру және онда тарихи ұғымдарды қолдана білуі қажет. Білім алушыларда тарихи картамен жұмыстың негізі 5-сыныптан қаланады, ол картаның шартты белгілерін қолдана білуі, тарихи және географиялық нысандарда дұрыс бағдарлана білуді қажет.

Жаңартылған оқу жоспарлары оқыту процесінің тиімділігі мен өнімділігін арттыруға бағытталған. Сонымен, тарихи ойлау дағдыларын пәндік (мазмұн) мақсаттармен байланыстыру оқыту мақсаттарын біршама қолжетімді және өлшемді етуге мүмкіндік береді.

Сонымен қатар оқу процесін ұйымдастыру барысында оқу мақсатында нақты көрсетілмеген дағдыларды да дамытуға болады. Мысалы, «Қоғамдағы діннің рөлін шектеуге қатысты адамдар өміріндегі өзгерістерді анықтау» (7-сынып) оқу мақсаты білім алушылардан міндетті түрде осы мәселе бойынша тарихи деректерге салыстырмалы талдау жасау негізінде себеп-салдарлық байланысты анықтауды қажет етеді.

Оған қоса мұғалім білім алушыларға тарихи картадан ислам мен христианның таралу динамикасын көрсетуге және сол арқылы білім алушылардың бойында уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізеді.

«Қазақстан тарихы» және «Дүниежүзі тарихы» пәндерін оқытуға әдістемелік ұсынымдар.

Мұғалім оқыту процесінің әдісі мен ұйымдастырылуын анықтайтын ұйымдастырушылық-әдіснамалық принциптер: білімнің зерделілігі, толықтығы, тұтастығы, сабақтастығы, өзара байланыстылығы мен білім алушылардың жас ерекшелігіне сәйкестігіне сүйену қажет.

Оқу процесінде білім алушыны ынталы, қызығушылығы жоғары, дербес, сенімді, жауапты, талдау жасай алуға бағыттайтын оқытудың түрлі формалары ұсынылады:

- мұқият іріктелген тапсырмалар мен іс-әрекет түрлері арқылы білім алушыларды ынталандыра және дамыта оқыту;

- білім алушыларды зерттеу және зерттеушілік жұмыстарын жүргізуге негізделген белсенді оқытуды ұйымдастыру;

- білім алушылардың сыни ойлау дағдыларын дамыту;

- білім алушылардың жеке мүмкіндіктерін ескере отырып, деңгейлік тапсырмалар құрастыру;

- білім алушылардың жеке, жұптық, топтық және тұтас сыныптық жұмыс түрлерін ұйымдастыруды қолдану ұсынылады.

Пәндерді оқытуда білім алушылардың басқа пәндерден алған білімдеріне сүйену қажет.

Пән мазмұнына сәйкес «Дүниежүзі тарихын» оқытуда тарихи зерттеу жүргізу (гипотезалар ұсыну, зерттеуге арналған сұрақтар құрастыру, деректерді талдау, әртүрлі көзқарастарды салыстыру, қорытындыларды тұжырымдау, өз көзқарасын анықтау) дағдыларын қалыптастыру мен дамыту ұсынылады.

Мұғалімнің сабаққа арнайы әзірлейтін тапсырмалары келесі критерийлерге сәйкес болуы қажет:

- тапсырманың мақсаты мен орындалуының қолжетімділігі;
- саралауға негізделуі;
- сын тұрғысынан ойлауды дамытуға мүмкіндік туғызуы;
- проблемалық оқытуға негізделуі;
- бағалау мүмкіндіктерінің болуы .

Жұмыстың келесі түрі – оқушының уақыт пен кеңістікте бағдарлану дағдыларының дамуына септігін тигізетін тарихи карталарды қолдануы болып табылады. Бұл тарихи оқиғаларды, олардың өзгерісі мен даму жағдайын картада белгілеуге берілетін тапсырмалардан көрінеді.

Білім алушылардың жас ерекшеліктерін ескере отырып, презентация, интеллект карталар, диаграммалар жасауға тапсырмалар беру ұсынылады.

Тарихи тұлғаға сипаттама бергенде мынадай арнайы жадынаманы қолдану ұсынылады:

- тарихи қайраткердің сыртқы бейнесін суреттеу;
- тұлғалық белгілерін сипаттау;

- өмірінің ең жарқын мыңызды фактілерін атау;
- тұлғаның тарихқа қосқан үлесіне баға беру.

Бұл тарихи тұлғалардың іске асырған ерекше әрекеттерінің білім алушының есінде ұзақ сақталуына мүмкіндік береді.

Тарих пәні ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды, адамдардың құқығы мен бостандығын құрметтейтін және қабылдайтын, Отанының дамуына өз үлесін қосуға ниетті тұлғаны тәрбиелеуден көрінетін «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық біріктіруші идеясын іске асыруда маңызды рөл атқарады..

Білім алушылардың тарихи білімін тәжірибеде нақтылау мақсатында мүмкіндігінше мұражайларға, тарихи ескерткіш орнатылған немесе тарихи-археологиялық орындарға экскурсиялар ұйымдастыру ұсынылады.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша ұсынылатын сайттар:
<http://www.tarih-begalinka.kz>; <http://www.e-history.kz>; <http://bilimsite.kz/tarih/>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

«Дүниежүзі тарихы» пәнінен ұсынылатын сайттар:
<http://www.world-history.ru>; <http://historic.ru>; <http://historyatlas.narod.ru>;
<http://testcenter.kz/entrants/for-ent/>.

Сыныптан тыс оқу-тәрбие жұмыстары білім алушыларды қоғамдық өмірге бейімдейтін, жұмыс тәжірибесін жинақтайтын, жаңа жағдайдағы қарым-қатынасқа үйрететін, қызығушылықтар мен талаптарды іске асыратын әлеуметтік ортаның бір бөлігі болып табылады.

Тәрбиелік компонент

Пән мазмұны біздің ата-бабаларымыздың бірегей мәдениетін, Қазақстанның әлемдік тарихтағы орны мен рөлін, оның әлемдік өркениетке қосқан үлесін түсінуге, мүмкіндік береді.

«Қазақстан тарихы» пәні бойынша сыныптан тыс жұмыстарды ұйымдастыру және жоспарлау барысында 2017-2018 оқу жылында мерекеленетін мерейтойлық шараларға көңіл бөлу ұсынылады:

- 1) Қазақ халқының XVII – XVIII-ғасырлардағы ұлы үш биінің бірі **Қазыбек би Келдібекұлының 350 жылдығы** (1667-1764);
- 2) Қазақ халқының жоңғар басқыншыларына қарсы күрестегі әйгілі батырларының бірі **Тама Есет Көкіұлының 350 жылдығы** (1667-1749);
- 3) **Алаш Орда үкіметінің құрылғанына 100 жыл** (1917-2017);
- 4) **Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарына 80 жыл** (1937-2017);
- 5) Белгілі қолбасшы, қазақ халқының батыры **Қабанбай батыр Қожақұлұлының 325-жылдығы** (1692-1770);
- 6) Бірінші ресми емес қазақ Конституциясына «Қазақ елінің Жарғысы» **105 жыл** (1912-2017);
- 7) **Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне 25 жыл** (1992-2017);
- 8) **Қазақстан Республикасының мемлекеттік рәміздеріне 25 жыл** (1992-2017);
- 9) «Астана ЭКСПО-2017 «Болашақ энергиясы» Халықаралық мамандандырылған көрмесі (маусым-қыркүйек, 2017);

Мектепте сыныптан тыс жұмыстар төмендегі шаралар арқылы жүзеге асады:

- базалық кәсіпорындарда, табиғат аясында, мәдени мекемелерде, мұражайларда;
- таңдауы бойынша еркін сабақтар, оқу пәндері бойынша сайыстар мен олимпиадалар жүргізу;
- оқу бағдарламаларына сай қосымша арнаулы сабақтар өткізу;
- кіріктірілген және пәнаралық оқу сабақтарын жүргізу және т.б.

Сыныптан тыс жұмыстар білім алушылардың пәнге деген қызығушылығын арттырып, алған білімдерін тереңдетіп, өздігінен іздене білуге үйретеді. Сонымен қатар теориялық білімін кеңейтіп, толықтыра түседі және білім алушылардың жеке қабілетін дамыта түседі.

«ӨНЕР»БІЛІМ САЛАСЫ

Музыка

5-сыныпқа арналған «Музыка» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Пәнді оқытудың мақсаты – қазақтың дәстүрлі музыкасы, әлем халықтары шығармашылығы, әлемдік классика және заманауи музыканың үздік үлгілері негізінде оқушылардың музыкалық мәдениеттілігін қалыптастыру, шығармашылық қабілетін дамыту

Пәнді оқытудың міндеттері:

- өзге өнер түрлері мен оқу пәніне музыка өнерін кіріктіре отырып әлем тұтастығының бейнесі жөнінде түсінігін қалыптастыру;
- музыка өнерінің жалпы адамзаттық қажеттілікті құбылыс ретінде, оның адам өміріндегі рөлі мен маңыздылығы туралы түсінігін қалыптастыру;
- сын тұрғысынан ойлауы мен музыкаға жағымды қарым-қатынасын, музыкалық іс-әрекет дағдыларын қалыптастыру;
- музыкалық шығармалар мен тапсырмаларды талдау, зерттеу және орындаушылық пен импровизациялау, презентациялау оқу пәндік-тақырыптық білім, білік, дағды аясында дамыту;
- музыкалық қабілеттілігін, белсенді шығармашылығын, орындаушылығы мен зерттеушілік дағдысын дамыту;
- музыка өнері негізінде коммуникация формалары жөнінде білімін қалыптастыру;
- музыкалық-шығармашылық жұмыстарға идеялар қосу негізінде өзін-өзі бағалау, өзін-өзі тану және өзін-өзі дамытуын қалыптастыру (шығармалар жазу, импровизация және өңдеу);
- ақпараттық-коммуникациялық технология құралдарын қолдану барысында музыкалық-орындаушылық және техникалық білімі мен біліктілігін қалыптастыру, дамыту.

«Музыка» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі: 5-сыныпта –

аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Музыка» пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны бөлімдер бойынша ұйымдастырылған. Бөлімдер пән бойынша оқыту мақсаттары және оған қол жеткізу реттілігін сыныптар бойынша мазмұндайтын бөлімшелерге бөлінген.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1. «Музыка тыңдау, орындау және талдау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- Музыка тыңдау және талдау;
- Музыкалық сауаттылық;
- Музыкалық-орындаушылық іс-әрекет.

2. «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар жасау» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- Идеялар және материалдарды жинақтау;
- Музыка шығару және импровизация.

3. «Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау» бөлімі келесі бөлімшені қамтиды:

- Музыкалық-шығармашылық жұмысты таныстыру және бағалау.

Әрбір бөлімшелерде көрсетілген оқу мақсаттары, мұғалімге үш түрлі іс-әрекетер арқылы (оқушылардың музыкалық сауаттылықты зерделеу, музыкалық-орындаушылық және музыкалық-шығармашылық іс-әрекеті) жұмысты жүйелі жоспарлауға, олардың жетістіктерін бағалауға және оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

Оқу бағдарламасында оқу пәнінің мазмұнын анықтаудың негізі болып табылатын оқыту мақсаттарының жүйесі түрінде ұсынылған күтілетін нәтижелері қалыптастырылған. Мазмұны тұрғысынан оқу бағдарламалары оқушыны өзін-өзі оқыту субъектісі және тұлғааралық қарым-қатынас субъектісі ретінде тәрбиелеуде нақты оқу пәнінің қосатын үлесін айқындайды.

5,7-сыныптарға арналған **«Көркем еңбек»** пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасы оқу мақсаттары жүйесі арқылы ұзақ мерзімді жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

Оқу бағдарламасының мақсаты – өнер және еңбек технологиясы саласында функционалды сауаттылықты қалыптастыру, шындыққа шығармашылықпен қарайтын тұлға дамыту.

«Көркем еңбек» оқу пәнінің бағдарламасы:

- қоршаған ортада өнер, дизайн мен технология туралы түсінік пен білімді дамытуға;

- Қазақстан және әлем халықтарының көркем-мәдениет мұрасын оқып үйренуге;

- өнер мен дизайнның көркем тәсілдері арқылы шығармашылық идеяларды, технологиялық дағдыларды дамытуға;

- зерттеу, жасау, талдау, нысандарды көркем түрлендіру үдерісінде оқушылардың шығармашылық және сын тұрғысынан ойлау дағдыларын дамытуға;

- оқу қызметінің барлық түрлерінде ақпараттық-коммуникативтік технологияларды пайдалану арқылы тәжірибе алуға (зерттеу, идеялардың шығармашылықпен іске асыру, жұмыстардың таныстырылымы);

- жұмыс нәтижесі үшін түрлі ақпарат көздері мен ресурстарының маңыздылығын түсіне отырып, зерттеу мен пайдалануға;

- эстетикалық, еңбекке баулу, экономикалық, экологиялық, патриоттық тәрбиелеу мен рухани-өнегелік құндылықтарын қалыптастыруға;

- уақыт, материалдың қасиеті мен басқа да факторлардың әсерін анықтап және оны ескере отырып қызметін өз бетінше жоспарлай алуға;

- оқу мақсаттарына жетуде бірігіп жұмыс істеуді ұйымдастыру (жеке, жұптық және топтық жұмыс) бойынша тәжірибе жинауға бағытталған.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

1) 5-сыныпта – аптасына 2 сағатты, оқу жылында 68 сағатты;

2) 7-сыныпта – аптасына 1 сағатты, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу бағдарламасының мазмұны материалдарды 5 ортақ білім беру бағыттары арқылы оқып-үйренуді қарастырады:

- Визуалды өнер;

- Сәндік-қолданбалы шығармашылық;

- Дизайн және технология;

- Үй мәдениеті;

- Тамақтану мәдениеті.

«Визуалды өнер» мен «Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімдерінің тақырыптары ер балалар мен қыз балалар үшін бірдей.

«Визуалды өнер» бөлімінің мазмұны:

- классикалық және заманауи өнер;

- қазақстандық суретшілердің шығармашылы;

- бейнелеу өнері жанрлары мен түрлері;

- сандық өнер (фотосурет, анимация, медиа құралдар);

- бейнелеу (визуалды) өнерінің көркем тәсілдері;

- көркемдік материалдар және техникалармен эксперименттеу бөлімдерін қамтиды.

«Сәндік-қолданбалы шығармашылық» бөлімінің мазмұны:

- сәндік-қолданбалы өнер ерекшеліктері мен негізгі пішіндері;

Қазақстанның және басқа елдердің сәндік-қолданбалы өнері;

- сәндік-қолданбалы өнер материалдары, технологиялары мен құралдары;

Ұлттық ою-өрнек; Ішкі көріністі сәнді безендіру қарастырады.

«Дизайн және технология» (ер балалар) бөлімінің мазмұны:

- негізгі конструкциялық, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды;

- материалдарды өңдеу құралдары мен жабдықтарын;
- материалдарды әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;
- әртүрлі материалдардан бұйым дизайнын;
- ұлттық тұрмыстық заттарды дайындау технологиясын;
- қазақстандық және әлемдік сәулет ескерткіштерін;
- макеттеуді;
- ішкі көрініс дизайнын;
- робототехника, көлік құралдарын модельдеуді қамтиды.

«Дизайн және технология» (қыз балалар) бөлімінің мазмұны:

- негізгі тоқыма, табиғи, жасанды және дәстүрлі емес материалдарды;
- тоқыма материалдарын өңдеу құралдары мен жабдықтарын;
- тоқыма материалдарын әртүрлі тәсілдермен өңдеуді;
- тоқыма материалдарынан бұйым дизайнын;
- сән индустриясын, стиль және образ, ұлттық киім элементтерін

дайындау технологиясын қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (ер балалар):

- тұрғын үйдің экологиясын;
- өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

- электр қуатының көздері туралы жалпы мәліметтерді, тұрмыстық техника және электр құралдарын қолдану мен жөндеуді;

- тұрмыстық жөндеу жұмыстарын, ішкі көріністі ұйымдастыру мен жоспарлауды қамтиды.

«Үй мәдениеті» бөлімінің мазмұны (қыз балалар):

- жеке гигиенаны, тұрғын үй экологиясын;
- өсімдік шаруашылығы, сәндік өсімдіктер шаруашылығы, ландшафтты дизайн негіздерін;

- киім күтімі мен ұзақ мерзімді сақтауды қамтиды.

«Тамақтану мәдениеті» бөлімінің мазмұны:

- дұрыс тамақтану негізін;

- дастарқан басында өзін-өзі дұрыс ұстау ережелерін, дастарқанды жабдықтауды;

- тағам әзірлеу технологиясын; Әлем халықтарының тағамдарын қамтиды.

Жалпы негізгі білім беру жүйесіндегі «Көркем еңбек» пәнінің ерекшелігі әртүрлі өнер түрлерін зерделеу, идеяларын өнер тәсілдері арқылы көрсету, әмбебап (тұрмыстық) және арнайы (пәндік) білімдер мен икемділікті, материалдар мен нысандарды түрлендіру және көркем өңдеу дағдыларын, үй шаруашылығын жүргізу, технологиялар мен техниканы қолдану машықтарын иелену болып табылады.

Ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларда ұсынылатын әрекет түрлері, «Өнер» білім саласы бойынша тақырыптар бейнелеу өнері мен көркем еңбек компоненттерінің мәнмәтінінде оқылатындай етіп құрылған.

Оқу жоспарының мазмұнына сызу және компьютерлік графика мен АКТ, сызулар құру үшін технологиялық құжаттар орындау дағдыларын дамытумен байланысты оқу мақсаттарына жетуге бағытталған әрекет түрлері қосылған.



Назар аударыңыз!

«Көркем еңбек» пәнінің оқу бағдарламасын бейнелеу өнері және технология пәнінің мұғалімі сабақ бере алатындай құрастырған. Бұл пәнді оқытуға аптасына 2 сағат берілгенін ескерсек, осы пәндерді жетекшілік жасайтын мұғалімдер сағаттарын жоғалтуы негізсіз болып табылады.

«ДЕНЕ ШЫНЫҚТЫРУ» БІЛІМ САЛАСЫ

Дене шынықтыру.

5,7-сыныптарға арналған «Дене шынықтыру» пәнінен жаңартылған мазмұндағы оқу бағдарламасының басты мақсаты – ағзаның бүкіл жүйелерін дамыту, оқушылардың физикалық қасиеттерін және олармен байланысты қабілеттерін жетілдіру болып табылады.

Дене шынықтыру пәнінің жеке тұлғаны тәрбиелеуде алатын орны ерекше. Ол оқушының дене дамуына, әлеуметтік, дербес және рухани қасиеттерін қалыптастыруға ықпал етеді. Мектептің білім беру жүйесінде дене шынықтыру оқушыларда салауатты өмір салтын қалыптастыруға бағытталған.

«Дене шынықтыру» пәнінің мақсаты – оқушыларды өз денсаулықтары мен психикаларын нығайтуға ынталандыру болып табылады. Оқушылардың дербес және жас ерекшеліктерін ескеріп, бойда қалыптасқан арнайы спорттық дағдылар мен сапаларды қолданып, сол арқылы олардың дене қабілеттерінің дамуларына ықпал ету.

Оқу бағдарламасы:

- дене тәрбиесі және спорттың даму тарихы туралы білім деңгейін қалыптастыруды;
- негізгі дене сапаларын жетілдіруді, арнайы спорттық біліктіліктер мен дағдыларды дамытуды;
- түрлі деректер арқылы ақпараттарды қолдану, оның мән-мағынасын түсіне отырып, коммуникативті дағдыларды дамытуды;
- идеялық және зерттеу дағдыларын дамытуды;
- адамгершілік-жігер қабілеттерін қалыптастыру міндеттерін шешуді көздейді.

Оқу бағдарламасы оқу жылы көлемінде бөлімдердің оқытылу ретін көрсететін ұзақ мерзімді жоспарға сәйкес жүзеге асырылады. Тақырыптарға сағат санының үлестірілуі және тоқсан көлемінде тақырыптардың оқытылу реттілігін мұғалім анықтай алады. Ұзақ мерзімді жоспар күнтізбелік-тақырыптық жоспарды әзірлеудің негізі бола алады.

«Дене шынықтыру» оқу пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі:

- 1) 5-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты;

2) 7-сыныпта – аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Негізгі мектептің 5-сыныбынан бастап дене шынықтыру сабақтары ер балалар және қыз балалар топтарына бөлу негізінде жүргізіледі.

«Дене шынықтыру» оқу пәнінің оқу бағдарламасының мазмұны оқытудың бөлімдері арқылы ұйымдастырылған. Бөлімдер сыныптар бойынша күтілетін нәтиже түрінде берілген оқу мақсаттарын қамтитын бөлімшелерден тұрады.

Оқу пәнінің мазмұны 3 бөлімнен тұрады:

1.«Қимыл-қозғалыс іс-әрекеттері» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- түрлі арнайы спорттық қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындау кезіндегі дәлдікті, бақылауды және үйлесімділікті дамыту;

- түрлі қимыл-қозғалыс комбинацияларын құру және оларды дене жаттығуларын орындауда қолдану реттілігі;

- арнайы спорттық техникаларды орындау кезінде қимыл-қозғалыс дағдыларын және олардың орындалу ретін түрлендіру;

- қимыл-қозғалыс әрекеттерін орындауды жақсарту үшін өзінің және өзгелердің біліктіліктерін бағалау;

- бірқатар дене жаттығуларының тактикаларын, стратегиялары мен құрылымдық идеяларын қолдану және бағалау;

қиындықты жеңе білу және қимыл-қозғалыс белсенділігімен байланысты қауіп-қатерлерге жауап қайтара білу.

2. «Шығармашылық қабілеттер және қимыл-қозғалыс дағдылары арқылы сыни көзқарасты қалыптастыру» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- қимыл-қозғалыс әрекеттері арқылы өзгермелі жағдайға жауап қайтара білуге бейімделу; көшбасшылық, сондай-ақ команда құрамында жұмыс істей білу дағдыларын дамыту және қолдану;

- қолайлы оқу-үйрену ортасын қалыптастыруға қажет бірқатар тиімді дағдыларды көрсету;

- дене жаттығулары аясындағы іс-әрекеттерді оңтайландыру және балама түрлерін құруға қажет ережелер мен құрылымдық тәсілдерді бағалау;

- өзінің және өзгелердің шығармашылық қабілеттерін сыни тұрғыдан бағалау және оны шешудің балама жолдарын ұсыну;

- жарыс іс-әрекеттерін және төрелік ету ережелерін білу;

- жарыс кезінде таза ойнау, патриотизм және ынтымақтастыққа жататын мінез-кұлық көрсету;

-түрлі қимыл-қозғалыстармен шарттастырылған рөлдерді орындау және олардың айырмашылықтарын сезіне білу.

3. «Денсаулық және салауатты өмір салты» бөлімі келесі бөлімшелерді қамтиды:

- жеке бас денсаулығы және салауатты өмір салты туралы білімді қалыптастыру;

- қыздырыну және қалпына келтіру жаттығуларын құру мен орындау;

- түрлі дене жаттығуларын іс жүзінде орындау, олардың ағзаға тигізетін әсері мен энегетикалық жүйемен байланысын зерттеу;

- денсаулықты нығайтуға бағытталған бірқатар дене жүктемелері кезінде

туындауы мүмкін қауіп-қатерді басқара білу стратегиясын құру және қолдану;
- басқалардың дене жаттығулары тәжірибесін байыту мақсатында білім, біліктілік және дағдыларды қолдану.

Әр бөлімшеде көрсетілген оқу мақсаттары мұғалімге оқушыларды дамыту бойынша жұмысты жүйелі жоспарлауға, сонымен қатар олардың жетістіктерін бағалауға, оқытудың келесі кезеңдері туралы ақпарат беруге мүмкіндік береді.

5 «ЗАЙЫРЛЫЛЫҚ ЖӘНЕ ДІНТАНУ НЕГІЗДЕРІ» КУРСЫ

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 15 шілдедегі №281 бұйрығына сәйкес 2016-2017 оқу жылында жалпы білім беретін мектептерге «Дінтану негіздері» факультативтік курсының орнына «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсы енгізілді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бойынша оқу жүктемесінің көлемі 9-сыныпта аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

9-сыныпта үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті есебінен «Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын міндетті түрде оқыту үшін аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат бөлінеді. Курсты «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы бойынша біліктілікті жетілдіру курсынан өткен, сертификаты бар «тарих» пәнінің мұғалімдері жүргізеді.

Осы факультативтік курс сыныптың оқу журналына жазылады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мәні және маңызы оның қазіргі қоғам қажеттілігі мен тұрақтылығының ғылыми тұғырнамасы ретіндегі өзектілігінен, қоғам тарихы, мәдениеті мен рухани құндылығын анықтайтын бастаулардан тұрады. «Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы жалпы орта білім жүйесіндегі әлеуметтік-гуманитарлық және қоғамтанулық білімнің құрамдас бөлігі болып табылады.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсын оқытудың мақсаты:

- білім алушыларды «зайырлылық» принципін құндылық, яғни мемлекет баяндылығының басты тұғыры ретінде қабылдауға, дінді зайырлы таным аясында тануға үйрету;

- діни сенім бостандығы, әлемдік және дәстүрлі діндердің, жаңа діни қозғалыстардың тарихы мен қазіргі жай-күйі, теріс пиғылды діни ағымдар мен тыйым салынған діни ұйымдар туралы жан-жақты білім беру;

- білім алушыларды экстремизм, терроризм және діни радикализм идеологияларын қабылдамауға үйрету, рухани-адамгершілік құндылықтар негізінде толеранттылық қасиетке тәрбиелеу және олардың гуманистік дүниетанымын қалыптастыру.

Оқытудың міндеттері:

1) білім алушыларға діннің мәні, тарихы және оның қазіргі қоғамдағы рөлі жөнінде жүйелі білім беру;

2) зайырлылықты мемлекеттік пен тәуелсіздіктің негізі ретінде таныта отырып, осы бағытта білім беру;

3) зайырлылық тұрғысынан діни сана, діни сенім, діни таным және діни тәжірибе негіздерін салыстыра білу дағдысын қалыптастыру;

4) діннің дүниетанымдық, мәдениеттанымдық және адамгершілік мәнін түсіндіру;

5) білім алушыларды діни сенім бостандығын құрметтеуге, толеранттылыққа баулу арқылы қазіргі қоғамдағы діни ағымдарға зайырлылық принципі негізінде баға беру дағдысын қалыптастыру;

6) Қазақстандағы этносаралық, конфессияаралық келісімді зайырлылық

нәтижесі ретінде таныта отырып, білім алушылардың бойында азаматтық мінез бен жауапкершілік қасиетті тәрбиелеу;

7) экстремизм, терроризм, діни радикализм секілді жаһандық жағымсыз құбылыстардың теріс идеологияларының ұлттық қауіпсіздікке, зайырлылық принципіне, қоғам тұрақтылығына төндіретін қауіп-қатерін түсіндіре отырып, зайырлы мемлекет принципіне құрмет сезімін тәрбиелеу;

8) құқықтық сауаттылықтың қоғам өміріндегі маңызын түсіндіру, осы тұрғыдағы білімін арттыру.

Бағдарламада берілген оқу материалын меңгеру аясында «Қазақстан тарихы», «Дүниежүзі тарихы», «Адам. Қоғам. Құқық», «Қазақ әдебиеті» пәндерімен және «Абайтану» курстарымен пәнаралық байланыс пен сабақтастық принципін орнату қарастырылған.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының мазмұндық желісі

Бағдарламада дін тарихын, оның жекелеген бағыттары мен ағымдарын егжей-тегжейлі сипаттау міндеті қойылмайды, тек жалпы мәліметтер беріледі.

Бағдарламада діни нанымдар мен діндердің пайда болуы, нығаюы және дамуы бойынша тарихи шолумен қатар: Зайырлы мемлекет және дін, зайырлық этикасы негіздері, адамның рухани өмірі мен қоғамдағы діннің рөлі, діни бірлестіктер мен ағымдар, жаңа діни ағымдар мен дәстүрлі діни жүйелердің танымдық, психологиялық, тұрмыстық деңгейдегі қарама-қайшылықтар дилемасы тақырыптары қамтылған.

Білім алушылардың жоғары рухани-адамгершілік қасиеттерін қалыптастыруда Әл-Фараби, Қожа Ахмет Яассауи, Абай, Ыбырай, Шәкәрім сияқты көрнекті ағартушылар мен ойшылдардың мәдени және рухани мұраларын оқыту айрықша маңызға ие.

Деструктивті ағымдардың, тыйым салынған діни ұйымдардың, бірлестіктердің белгілері мен салдарларын танып білуіне, діни экстремизм мен терроризмнің ұлттың қауіпсіздігі үшін қатерлілігін білім алушылардың ұғынуына айрықша назар аударылған.

«Қазақстан – дінаралық бейбітшілік пен келісім елі. Қазақстан Республикасының дін туралы заңнамалары. Зайырлылық – ұлттық қауіпсіздік пен мемлекеттік жүйенің іргетасы» мазмұндық желілері курстың басты жолы болуы тиіс.

Курстың мазмұнында білім алушылардың өзіндік зерттеу әрекеттерін ұйымдастыратын шығармашылық жобалар қарастырылған. Шығармашылық жобаларда, түрлі нысандағы ұйымдастырылған өздігінен жасалынған зерттеу жұмыстары барысында діндер мазмұнындағы рухани құндылықтар мен Қазақстанның дінге қатысты саясатының мәні мен мақсатын, діни бірлестіктер мен ағымдардың қызметі, мүддесі мен мақсатын ашып көрсетеді.

Курстың мазмұнын жүйелі және толық игерген жағдайда білім алушылар өмірге қажетті Қазақстан аумағындағы діндер мен діни бірлестіктердің мақсаты мен ерекшеліктері, Қазақстан Республикасының дінге қатысты саясатының мақсаты мен мәнін түсінетін мағлұматтар мен білімді меңгереді. Сонымен, жүйелі түрде игерілген білім білім алушыға Қазақстан Республикасының толыққанды азаматы ретінде рухани толысуға, өз халқының рухани мәдениетін

деструктивтік, радикалды діни бірлестіктердің зиянды әрекетінен сақтау және қорғау мүмкіндіктерін қалыптастыруға мүмкіндік алады, екінші жағынан, адамның қандай дінге жататынын анықтау, діни сана-сезім, басқа діндерге көзқарас және ізгілікті қарым-қатынас мәдениетін қалыптастырады.

Бұл курс білім алушылардың гуманистік дүниетанымға, жалпыадамзаттық құндылықтарға және толеранттыққа қайшы келетін ұстанымдар туралы ұғымдарын қалыптастырады.

Оқу процесін ұйымдастыруға әдістемелік нұсқаулық

Оқу бағдарламасына сәйкес оқу процесін келесі дидактикалық принциптерге сәйкес ұйымдастыру ұсынылады: ғылыми негізділік және қолжетімділік; жүйелілік мен сабақтастық; көрнекілік және абстрактылық; зерделілік және танымдық белсенділік; білімді меңгерудің орнықтылығы; пәнаралық және пәнішілік байланыс; табиғи сәйкестілік принципі; проблемалық принципі; саралау және даралау; оқу тапсырмалары деңгейінің әртүрлілігін қамтамасыз ету.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» факультативтік курсының оқу процесін ұйымдастыру барысында пікірталас, дөңгелек үстел, топпен талқылау, шағын жобаларды қорғау, рөлдік ойын және т.б. оқыту формаларын қолдану тиімді.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсы аясында алған білімдерін бекіту мақсатында білім алушыларға қызықтыратын тақырыптары бойынша шығармашылық-жобалық жұмыстар жасауға болады.

Жобаларды жеке және ұжыммен орындай алады. Олардың саны алған білімдерін бекіту үшін жеткілікті болуы керек.

Жобалар:

- дін мәселелері бойынша ғылыми-көпшілік басылымдар, журналдар, газет мақалаларына талдау жасау, таңдап алынған тақырыптары бойынша ауызша және жазбаша хабарлама дайындау, жағдаяттармен жұмыс жасау;

- діннің айрықша ерекшеліктерін анықтау;

- дәстүрлі діндердің біртұтас платформалары мен жалпы тұжырымдамаларын анықтау, оларды дәлелдей білулерін қалыптастыру;

- еліміздегі және өңірлердегі діни жағдайларды сараптау;

- Қазақстандағы қасиетті жерлер туралы ақпараттық шолу дайындау;

- толеранттылық және дінаралық келісім орнаған еліміздегі зайырлылықты дәлелдейтін мысалдар дайындауды қамтуы керек.

Оқу барысында:

- мәдени-тарихи, өркениеттілік мәніндегі, дін саласындағы Қазақстанның қазіргі саясаты мен қағидаларын басшылыққа алу;

- пәнді оқыту барысында қандай да бір діни бағыттарға артықшылықтар бермеу;

- жобаларды орындау үшін қажетті жағдайлар жасау;

- ақпарат, дін, рухани құндылықтар, мәдениет саласына қатысты заңнамалар талаптарын сақтауға ерекше көңіл бөлу қажет.

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының оқытуда білім алушының құбылыстарды бүтіндей тұтас қабылдауын қалыптастыру үшін білім алушының келесі пәндерді зерделеудегі пәнаралық білімін кіріктіріп қолдану ұсынылады:

«Қазақ тілі», «Орыс тілі»:

– білім алушылардың сөздік қорын зайырлылық және дін саласына қатысты терминдермен толықтыру;

– ұлттық мәдениетке және басқа халықтардың рухани - мәдени қайнар көздеріне құрмет пен ашықтыққа тәрбиелеу.

«Әдебиет»:

- дін қайраткерлерінің шығармаларын -қосымша көркем әдебиеттерді зерделеу, олардың жұмыстарын қазіргі рухани құндылықтар мен зайырлылық тұрғысынан бағалауды іске асыру;

«Тарих»:

- зайырлылық пен діндердің пайда болуы, таралуы және даму процестерін тарихи негіздеу;

- қоғамдық қатынастарға тарихи талдау жасау арқылы адам мен қоғам өмінідегі зайырлылық пен діндер рөлінің мәнін түсіну;

«География»:

- діндердің таралуының тарихи-географиялық кеңістігін дұрыс анықтау.

Оқушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар:

«Зайырлылық және дінтану негіздері» курсының оқу нәтижесінде білім алушылар:

- ғылыми тұрғыдан алғанда негізгі діни терминдер мен құбылыстарды;

- зайырлылық және дін ұғымдары ара-қатынасын;

- мемлекет, дін бірлестіктері және мәдениет арасындағы қарым-қатынас мәнін;

- діндер тарихы мен діни сенім ерекшеліктерін;

- қазақ мұсылмандығының танымдық ойларын;

- «Діни қызмет және діни бірлестіктер туралы» Қазақстан Республикасының Заңын;

- әл-Фарабидің, Қожа Ахмет Яссауидің, Абайдың, Шәкәрімнің, Ыбырай Алтынсариннің мәдени-ағартушылық рухани мұраларын;

- республикадағы мемлекет, мәдениет және діни бірлестіктер арасындағы қарым-қатынастың жайын;

- Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың конфессияаралық келісімді, елдегі және халықаралық деңгейдегі тұрақтылықты сақтау, елдегі және халықаралық қауымдастықтағы адамдардың шынайы діни сенімдеріне деген сыйластық көрсету саясатын;

- экстремистік, террористік, теріс сипаттағы ұйымдардың ерекшеліктерін, қауіптілігін біледі.

Сонымен бірге білім алушылар :

- зайырлық, діни сана-сезім, діни сенім, діни тәжірибе, діни ой-сана ұғымдарының ара жігін ажырату,

- экстремистік, террористік сипаттағы діни топтар мен ағымдар идеологиясы мен практикасына қарсы тұра білу иммунитетін қалыптастыру;

- діни, рухани маңызды мәселелер бойынша әртүрлі ой-талқы жасау, пікір-таластыра білу, осы саладағы маңызды оқиғалар мен құбылыстар, тұлғалар туралы мәліметтерді сауатты жеткізе білу;

- өз бетімен зайырлық және діни шығармалар туралы қажетті ақпараттық деректер нұсқасында тауып және оларды сараптай отырып қолдана біледі.

Оқыту барысында мұғалім оқушыда экстремистік, террористік діни топтар және ағымдар идеологиясы мен тәжірибелеріне қарсы иммунитет қалыптастыруға қол жеткізуі тиіс.

6 ШАҒЫН ЖИНАҚТЫ МЕКТЕПТЕРДЕ ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Шағын жинақты мектептерде білім беру қызметін ұйымдастыруда «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2012 жылғы 23 тамыздағы №1080 қаулысымен бекітілген Білім берудің тиісті деңгейлерінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты, «Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 17 қыркүйектегі №375 бұйрығы (3-қосымша) (бұдан әрі – Үлгілік қағида) басшылыққа алынады.

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы шағын жинақты мектепті білім алушылар контингенті шағын, біріктірілген сынып жиынтықтары және оқыту сабақтарын ұйымдастырудың арнайы формасы бар жалпы білім беретін мектеп ретінде анықтайды.

Шағын жинақты мектептер мен тірек мектептерінің (ресурстық орталық) қызметі Үлгілік қағидаларға және өзінің жарғысымен үлгілік оқу бағдарламаларына сәйкес жүзеге асырылады.

«Жалпы білім беру ұйымдарының (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру) түрлері бойынша қызметінің үлгілік қағидаларына сәйкес, шағын жинақталған мектепте:

жекелеген пәндерді оқыту кезінде және сыныпта 10-16 білім алушы болған жағдайда кіші топтарға бөлуге жол беріледі;

- сыныптарды бір сынып-жиынтыққа қосу және біріктіру кезінде әртүрлі жастағы білім алушылар саны 10 адамнан аспауы тиіс;

- сыныпты 3-10 адам аралығындағы және одан артық адамға толықтыруға рұқсат етіледі;

- үш немесе төрт сыныпты біріктірген кезде оқыту сабақтарын ұйымдастырудың сырғымалы кестесі қолданылады;

- бірінші және бітіруші сынып білім алушыларын біріктіріп оқытуға жол берілмейді.

- түрлі жастардағы оқыту әдістемелерін қолдану кезінде 2-ші және 3-сыныптарды; 3-ші және 4-сыныптарды, немесе 2-ші және 4-сыныптарды; 5-ші және 6-сыныптарды, 6-шы және 7-сыныптарды; 7-ші және 8-сыныптарды біріктіруге рұқсат етіледі.

Шағын жинақты мектептегі оқу іс-әрекетін ұйымдастыру дамытушы педагогикалық орта құруды талап етеді, оның негізінде әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара өнімді іс-қимылдарын және өз білімін жетілдіру идеясын жүзеге асыруға болады. Шағын жинақты мектеп өзінің білім беру әрекетінде келесі ұстанымдар мен тәсілдерді басшылыққа алады:

- білім алушылардың әртүрлі жаста екендігін ескеру;

- бір пәндік және бір тақырыптық ұстанымдарға негізделген кіріктіре оқыту сабақтарын ұйымдастыру;

- біріктірілген сыныптар үшін өзгермелі сабақ кестесін құрастыру;

- даралап және саралап оқыту;
- оқу процесінің технологиясы мен мазмұнын бейімдеу және вариативтілігі;
- білім алушылардың өздігінен білім алу қабілетін дамыту;
- тәрбие жұмыстарын ұйымдастыруда мәдени орталықтардан шалғай орналасқандығын ескеру;
- білім алушылардың оқу барысындағы бір-біріне өзара көмектесуі және ынтымақтастығы.

Өз кезегінде, түрлі жастағы топтарда сабақты ұйымдастыру келесі қағидаттарға негізделеді:

- түрлі жастағы білім алушыларды оқыту құралдарын, оқыту мазмұнын, тапсырмаларды кіріктіру және саралау;
- өзара оқыту;
- әртүрлі жастағы білім алушылардың өзара әрекеттерін басқару;
- балалардың психологиялық қорғанысын қамтамасыз ету;
- оқу сабағындағы білім алушылар құрамының жас ерекшеліктік ауқымын оңтайландыру. Білім алушылардың тиімді өзара әрекеттестігі үшін кеңес берілетін жас ерекшелік ауқымы – 3-4 жастан артық емес.

Сыныптарды біріктіру екі есе дайындалуды, сондай-ақ екі сабақ жоспарын бір жоспарға біріктіруге және сабақ барысында барлық білім алушылардың толық әрекеттілігін қамтамасыз етуге негізделген арнайы жоспарлауды талап етеді. Бұл жағдайда білім алушылардың өзіндік жұмысы, сондай-ақ топтық немесе жұптық жұмысы сабақтағы білім алушылар әрекетінің міндетті және жүйелі түріне айнала отырып, мұғалімге бір немесе екінші білім алушылар тобына кезек-кезек көңіл бөлу мүмкіндігін ұсына отырып, маңызды мәнге ие болады.

Бұл жұмыстар бағдарламаның талаптары мен білім алушылардың қабілетіне қарай, олардың мүмкіндіктерін ескере отырып, саралап жүргізіледі. Әртүрлі жастағы білім алушыларға өзіндік жұмыс ұйымдастыру оқу материалының мазмұнын тиянақты саралауды талап етеді. Әр сыныптың бағдарламасына сәйкестік деңгейін, білім алушылардың жас ерекшелігін ескере отырып, қосымша үлестірме материалдар әзірленеді.

Шағын жинақты мектептің ерекшелігі – сабақтың барлық кезеңдерінде жүргізілуі мүмкін күн сайынғы білім алушылардың өзіндік жұмысына негізделеді. Бір сабақтағы өзіндік жұмыстар саны реттелмейді. Жаңартылған білім мазмұнына көшу барысында білім алушылардың өз бетінше білім алу қабілеттерін арттыру маңызды орын алады. Өздігінен білім алатын, жан-жақты ізденетін, өмір жолын өзі болжай алатын тұлғаны қалыптастыруда өзіндік жұмыстардың құрылымын, мұғалім ізденіске бағыттайтын жетекші позициясын ұстанатын, жүйеленген дамытушылық бағыттағы іс-әрекетке айналдыру қажет.

Сонымен қатар, бастауыш мектеп білім алушыларының өзіндік жұмысы үшін уақыт шектеулері белгіленген: 2-сыныптағы жазу сабағында – 20 минуттан артық емес, 3-сыныпта – 25 минуттан артық емес; 2-сыныптағы

математика сабағында – 15 минуттан артық емес, 3 сыныпта – 20 минуттан артық емес.

Жоғарыда айтылғандарға байланысты шағын жинақты мектепте оқу іс-әрекетін ұйымдастыру уақытты дұрыс бөлу және пайдалануды, сабақтарды білім алушылардың жеке ерекшеліктерін, олардың дербес жұмыс істеу дағдылары ескере отырып, өзіндік жұмыстармен тиімді алмастыру арқылы жоспарлауды және тікелей педагогтың қатысуымен жүргізілетін жұмыстарды қамтиды. Мұғалім үшін білім алушылардың жас ерекшеліктеріне байланысты жеке іріктеліп алынған, балалар үшін қызықты және әртүрлі қажетті дидактикалық материалдардың көлемін анықтауға, дайындауға, қорытынды жүргізуге байланысты өзіндік жұмысты жоспарлау кезінде қиындық туындауы мүмкін.

Түрлі жастағы білім алушыларға білім беруді ұйымдастыру кезінде күнтізбелік жоспарды жасаудың да өзіндік ерекшелігі бар: бір пәндік сабақтарда сабақтарды бір тақырыпта өткізу мақсаты айқындалып, екі немесе одан да көп күнтізбелік жоспар салыстырылады. Сабақ кестесіне сәйкес білім алушылар, мысалы 2-ші және 4-сынып білім алушылары сабақты бір уақытта бастамайды. Әдетте мұғалім бір сынып білім алушыларымен жұмыс істейтін алғашқы бір-екі сабақ жаңа оқу материалын түсіндіруге бөлінеді. Екінші немесе үшінші сабаққа жиынтыққа кіретін басқа сыныптың білім алушылары келеді және мұғалім екі-үш сабақ екі сыныппен бір уақытта жұмыс істейді. Бір тақырыптық сабақтарды жоспарлау кезінде күнтізбелік-тақырыптық жоспар екі сыныптың бірлескен жұмысын қамтуы мүмкін. Сонымен бірге бір тақырыптық сабақтарды өткізу үшін бөлімдердің тұтастығына нұқсан келтірмей, кейбір тақырыптарды өту мерзімі бойынша жылжытуға болады.

Ол үшін барлық сыныпқа ортақ оқу мақсаттарын біріктіріп және әртүрлі жастағы топтар үшін оқыту міндеттерін нақтылау қажет; топтың барлық жас ерекшелігіндегі білім алушыларының бір мезгілде оқып, қабылдауына болатын білім мазмұны тақырыптан іріктеліп алынады; әр жастағы білім алушыларға оқу әрекетінің әдістері таңдалады; оқу мазмұнында әр жастағы білім алушылардың топтарына тән сұрақтар бөліп алынады; оқу материалының мазмұнының ерекшелігін ескеру арқылы топтық және жеке сабақ формаларының түрі таңдалады.

Мысалы, биологияны оқыту кезінде зертханалық жұмыстарды тақырыптары бойынша біріктіру ұсынылады (мысалы, 6-сыныптағы 35 зертханалық жұмыстың кейбіреулерін «Өсімдік жасушасының құрылысы» бөлімі бойынша; «Тамыр», «Өркен», «Гүл, жеміс», «Гүлді немесе жабықтұқымды өсімдіктер», «Даражарнақтылар класы» тараулары бойынша, «Саңырауқұлақтар дүниесі» бөлімі бойынша біріктіруге болады).

Пәнішілік байланысты жүзеге асыруға болмайтын жағдайда пәнаралақ кіріктіре оқыту мүмкіндігін қолдануға болады. Салалас пәндерді кіріктіре оқытуды ұйымдастырғанда пәндерді келесідей кіріктіре оқытуды: тіл - әдебиет, тарих-әдебиет, химия-биология, тарих-география, география-биология, математика-информатика және т.б. ұсынылады.

Кіріктірілген сабақтардың негізіне білім беру мазмұнының басты элементтерін бөлуге мүмкіндік беретін, жүйені құрайтын идеяларды, түсініктерді, оқу әрекетінің тәсілдерін дамытуды қарастыратын пәнаралық байланыстар салыну керек. Кіріктіру, бір жағынан «әлемді біртұтас» көрсетуге мүмкіндік береді, басқа жағынан бейінді саралау үшін қолдануға болатын оқу уақытын босатады.

Біріктірілген сыныптарда пәнішілік кіріктіре оқытудың мұғалімдер мен білім алушылар үшін төмендегідей артықшылықтары бар:

- білім беру саласындағы пәндердің мазмұнын әртүрлі деңгейде тұтастай игеру;
- білім алушылар әртүрлі сыныпта оқығанымен, олардың назарын бір пәннің мазмұнындағы ұқсас тақырыптарды білім, білік дағдылар негізінде кешенді игеруге бағыттау;
- ұжымдық оқыту әдісін тиімді қолдану және білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын дамыту;
- жоғарғы сынып білім алушылары өзінің білімін кіші жастағы сынып білім алушыларын оқыту және бағалау кезінде қолдану.

Шағын жинақты мектепте оқу процесін ұйымдастыруда тиімді педагогикалық технологиялар: деңгейлеп оқыту, саралап оқыту, ұжымдық оқыту, дидактикалық бірлікті ірілендіру, ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, дамыта оқыту, модульдік оқыту, сын тұрғысынан ойлау арқылы оқу мен жазу және т.б. қолданылады.

Шағын жинақты мектепке электронды оқыту жүйесін енгізу жеке және өздігінен оқытуды кеңінен қолдану арқылы әртүрлі жастағы ұжымдарда педагогикалық әрекеттегі қиындықтарды жоюға мүмкіндік береді. Қашықтықтық технологияларды қолданатын электронды оқыту бейіналды дайындық пен бейінді оқытудың бірыңғай ақпараттық-білім беру ортасын құру үшін қосымша мүмкіндіктер береді. Физика, химия және биология бойынша виртуалды зертханаларды пайдалану арқылы, мұғалімдер аталған пәндерді меңгеруге қажетті оқу жабдығының жеткіліксіздігі мәселесін шеше алады. Бұл бағытта физика, химия, биология, математика және жаратылыстану пәндерінен [bilimland \(www.bilimland.kz\)](http://www.bilimland.kz) білім беру платформасының виртуалды зертхана жұмыстарын пайдалану ұсынылады.

Сандық білім беру ресурстарын (бұдан әрі – СБР) базасын техникалық талаптары сәйкес келетін процессорге немесе ноутбукке орнатуға болады. Сондай-ақ, педагог әрекеті ақпаратты жаңғырту емес, білім алушыны оқу-танымдық процесте психологиялық-педагогикалық қолдаушы, ұйымдастырушы рөлінде болады. Мұғалімнің көмекшісі рөлінде оқу материалын өздігінен игеру дағдылары мен іскерліктерін меңгерген білім алушы да бола алады.

Шағын жинақты мектептегі оқыту процесі келесі принциптерге құрылады: нәтижелілік, үздіксіздік, кіріктірілу, икемділік, жеке тұрғыдан қарау, вариативтік, өзінділік, интерактивтік, ынтымақтастық және т.б. Мұғалімге көрсетілген мәселелерді шешуде баға жетпес көмекті электронды ресурстар және әртүрлі жас ерекшеліктердің өзара сабақтастығының барлық аспектілерін

және пәнаралық кіріктіруді ескеретін бейнесабақтарды дайындау көрсете алады. Оқу процесінде бейнересурстарды пайдалану талаптарын жасау кезінде шағын жинақты мектептегі оқытудың жекелеген ерекшеліктерін ескеру қажет.

Бейнесабақтар мектептегі, әсіресе ауылдық шағын жинақты және шалғайдағы мектептердегі оқу процесінің сапасын қамтамасыз ететін бірден-бір педагогикалық құрал болып табылады. Аталған мектептер, ұқсас байланыс желісі бола тұрып, біртұтас ақпараттық-білімдік ортадан, оның қазіргі техникалық-инновациялық шешімдерінен бөлектеніп қалады. Сондықтан мектептік СБР қорын құру осы мектептердегі білім сапасын арттытуға және мұғалімдердің біліктілігін арттыру мәселесін едәуір ілгері жылжытуға, жекелеген жағдайда, тіпті пән мұғалімдерінің жоқтығының орнын толтыруға қабілетті өзекті мәселенің шешімі болып табылады. Бүгінгі таңда әзірленген оқу бейнесабақтары мектеп бағдарламасының негізінде әзірленген, оқу материалын толықтыратын қосымша ақпараттар енген, ол оның тартымдылығы мен маңызын арттыра түскен. Сонымен бірге шағын жинақты мектептің өзіндік ерекшелігіне байланысты бейнесабақтарды оқыту процесінде қолданудың тәсілдерін ескеру керек.

Білім алушылардың бір жас тобы үшін сыныптарды біріктіру кезінде бейнежазба пайдалану екінші топ білім алушыларының сабақтан көңілін бөледі. Демек жаңа тақырыпты игеру үшін сабақтарды жеке жүргізу қажет. Мұндай жағдайда өзгермелі сабақ кестесіне деген қажеттілік туындайды, мысалы математика пәнінде бейнесабақты пайдаланып жаңа тақырыпты игеруге аптасына жеке жүргізілетін 2 сағат бөлінеді, ал 3 сағатты материалды бекіту мен есептер шығаруға дағдыландыру үшін сыныптарды біріктіру жағдайында пайдалануға болады. Әрбір нақты жағдайда (пән, сынып) сабақтарды мұқият жоспарлау қажет.

СБР пайдалану оқытушыдан үйлестірушіден бағдар берушіге дейінгі білім алушыларға өздігінен оқу дағдыларын игерту кезіндегі рөлін түпкілікті түрде өзгертеді. Сондай-ақ, топтық жұмысты ұйымдастыруда, психологиялық қолайлылық және өзара көмек, бәсекелестік, шығармашылық ізденіс және әртүрлі ортада қарым-қатынас жасау атмосферасын құруда мұғалімнің тәрбиелеушілік рөлі артады, ол білім алушылардың танымдық белсенділігінен көрініс табады.

Меңгерілетін пән ерекшеліктері және оқытушы тәжірибесі есебімен СБР пайдаланудың және материалдарын іріктеудің өз тәсілдері қалыптасуы тиіс. СБР қолданып сабақ жүргізу әдістемесі – оқыту процесі қосындыларының бірі, ал бағдарлама – негізінен мұғалімнің ақпарат беру функциясын орындайтын сабақтың бір бөлігі екендігіне негізделуі тиіс. Және оның тиімділігі өте жоғары дәрежеде педагогтың білім алушылардың танымдық қызметін ұйымдастыруына тәуелді. Сондықтан мұндай ұйымдастырудың келесі принциптерін бөліп көрсету қажет:

- Белсенді қабылдауға дайындау.

Пайдаланылатын бейнематериалдарды мақсатсыз пассивті қабылдау қарапайым сабақпен салыстырғанда пайымдауын төмендетеді, себебі бұл жағдайда білім алушылар негізгі қорытындылардан және жалпылаулардан тыс

қосалқы болса да әсерлі эпизодтарды еріксіз есте сақтайды. Білім алушылар бейнематериалдардан барлық қажетті ақпаратты алуы үшін бейнежазбаны қарағанға дейін олардың алдына негізгі танымдық міндеттерді анық қойып, алда тұрған оқу тапсырмалары туралы хабарлауы қажет. Бұған білім алушыларға бейнежазбаны қарағаннан кейін олар жауап беруі тиіс болатын сұрақтарды қою, осы сұрақтарды тақтаға жазу жолымен қол жеткізіледі. Егер оларға шығармашылық жұмыс орындау қажет болса, онда ертерек, бағдарламаға дейін бірнеше сабақ бұрын білім алушыларға ескертіп, қосымша әдебиет оқуға кеңес беру қажет. Сыныпта жалпы қызығушылық атмосферасын тудыру үшін түйінді мәселеге назар аудартатын қысқаша кіріспе сөз қосуға болады.

- Бейнематериалдарды пайдалану кезіндегі білім алушылардың оқу қызметін бақылау және басқару.

Барлық білім алушылар назарын пайдаланылатын материалға аударғанына көз жеткізу, білім алушылар өздеріне қажетті қысқаша мәліметтерді жазып отырады (INSERT-түртіп алу тәсілін пайдалануға болады, барлық білім алушылардың аталған тақырыпта қарастырылған жұмыс пен тапсырма түрлерін орындауын қадағалау қажет). Сондай-ақ бейнематериалдарды қолдану барысында сыныптың назарын ең маңызды фактілер мен түйіндерге аударып отырған пайдалы.

- Сабақта бейнематериалдарды пайдаланғаннан кейінгі білім алушылардың оқу әрекетін басқару.

- Мұғалімнің педагогикалық міндеті – бейнематериалды пайдаланғаннан кейін, сабақты баяндалған ақпарат желісінің логикасына сәйкес жалғастыру. Аудиовизуалды құралдармен көрсетілетін материал мұғалім пайдаланатын ақпараттың бөлігі болып табылады. Бейнематериал мұғалімді алмастыру үшін емес, оған көмекші ретінде қолданылады, сондықтан мұғалім сабақта кері байланыстың орнын толтыруы тиіс: мысалы, бейне материал көрсетілімі аяқталғаннан кейінгі аудиториядағы пікірталаспен ұластыру. Материалды әдістемелік құралдар мен ұсынымдарға, арнайы оқулықтарға сүйене отырып, шығармашылық дамыту және толықтыру ұсынылады.

Оқытуда білім алушылар бойындағы танымдық қызығушылықты, оқу әрекетіне ынтаны дамыту әдістері жақсы танымал және кеңінен қолданылады. Аудиовизуалды технологияны пайдалану барысында оны өздігінен білім алу қызметін ынталандыру жолымен, мысалы, тапсырма таңдау мүмкіндігі арқылы жоспарлы түрде толықтырып отырған дұрыс.

Ұлттық жобаны жүзеге асыру аясында электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі (бұдан әрі - ЭОАЖ) құрылды: білім беру ұйымдарының порталы, электрондық кітапхана, білім беру ұйымын басқару жүйесі және электрондық оқытудың басқа да құраушылары. Берілген электрондық оқытудың ақпараттық жүйесі <https://e.edu.kz> сайтында қолжетімді. ЭОАЖ-нің маңызды құраушысы 7511 СБР орналасқан электрондық кітапхана болып табылады.

Мұғалімдерге көмек ретінде СБР қолдану бойынша оқу-әдістемелік құралдар әзірленген. Олар ҚР БҒМ порталының (<https://e.edu.kz/98>) «Педагогтерге арналған басшылық» бөлімінде, сондай-ақ Ұлттық

ақпараттандыру орталығының сайтында: <http://nci.kz> орналасқан және ашық қолжетімді.

Bilimland.kz білім платформасын (www.imekter.kz; www.bilimland.kz; www.itest.kz), «Bilim Media Group» инновациялық компаниясы жасаған, «Білім беру ұйымдарында пайдалануға рұқсат етілген оқулықтардың, оқу-әдістемелік кешендердің, оқу құралдарының және басқа да қосымша әдебиеттердің, оның ішінде электрондық жеткізгіштердегі тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2013 жылғы 27 қыркүйектегі № 400 бұйрығына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2014 жылғы 10 желтоқсандағы №515 бұйрығына сәйкес қолдану ұсынылған.

Платформа үш тілде берілген: қазақ, ағылшын және орыс тілдерінде, барлық жастағы балаларға арналған курстар топтамасынан тұрады:

Бастауыш білім беру

Бастауыш математика – бастауыш мектептегі математиканың барлық негізгі тақырыптық бөлімдерін қамтитын кең көлемдегі интерактивті оқу материалдарының топтамасынан тұрады.

Орта білім беру

Математика және жаратылыстану-ғылыми бағыты бойынша

Математика, физика, химияны оқудың онлайн-курстары - Математика, физика, химияны оқудың интерактивті кешені, республикадағы жалпыға міндетті білім беру стандартына сәйкес барлық пәндердің мектеп бағдарламасының мазмұнын қамтиды.

Физика, химия, биология, математика және жаратылыстану пәндерінен виртуалды зертхана - қазіргі электрондық тренажёрлар жиынтығы және физика, химия, биология, математика және география пәндерінен жаттықтырушы құрал болып табылады.

Биология, информатика, дүниежүзі тарихы, география, жаратылыстану, дүниетану пәндерінен онлайн-сабақтар қамтылған.

Гуманитарлық пәндер циклы бойынша

Қазақ тілінің онлайн-курсы – кең көлемдегі интерактивті сабақтар топтамасын қамтиды, қазақ тілін екінші тіл ретінде оқыту бағдарламасының негізінде әзірленген.

Ағылшын тілінің онлайн-курсы – кең көлемдегі интерактивті сабақтар топтамасын қамтиды, ағылшын тілін шет тілі ретінде оқытудың халықаралық бағдарламасының негізінде әзірленген.

Француз тілінің онлайн-курсы – тілді меңгерудің бастапқы сатысындағы және аралық кезеңіндегі жасөспірімдерге арналған курс..

Неміс тілінің онлайн-курсы – тілді меңгерудің бастапқы сатысындағы және аралық кезеңіндегі жасөспірімдерге арналған курс.

Қазақ әдебиетінің аудиохрестоматиясы – ҚР БҒМ бекітілген мектеп бағдарламасына сәйкес келетін, шығармалардың барлық аудиожазбалары.

Бейнетоптама - 5 минутқа созылатын бейнероликтер топтамасынан тұрады, тақырыпты түсіндіруде визуалды материал болып табылады, оқыту процесінен бөлек тәрбие жұмыстарына да пайдаланылады.

Қосымша ресурстар

iTest – тест жұмыстарына дайындалуға арналған виртуалды жаттықтырушы.

iMektep – қазақ бастауыш мектебіне арналған толық бағдарлама курсы.

Оқу процесінде әртүрлі білім құралдарын және педагогикалық технологияларды пайдалану келесі міндеттерді шешуге бағытталады:

- МЖМБС талаптарына сәйкес оқу пәндерінің мазмұнын игеру, білім алушылардың білім сапасын арттыру;

- белгілі практикалық іс-әрекеттер түрлеріне білім алушылардың қабілеттерін дамыту;

- оқу процесінде интерактивтік, электрондық, ақпараттық қорларды тиімді пайдалану;

- оқыту деңгейі мен қарқынын, мазмұнның түрін кең таңдау;

- белгіленген білім саласын тереңдетіп оқуға білім алушылардың білім қажеттілігін қанағаттандыру;

- білім алушылардың коммуникативтік дағдыларын ашу және дамыту;

- қашықтықтан оқыту.

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасына сәйкес 2019 жылға дейін еліміздің жалпы білім беру мектептерін толығымен жаңартылған білім беру мазмұнына көшіру жоспарланған.

Жаңартылған білім мазмұны жүйесін енгізу шағын жинақты мектептердегі білім алушыларды оқытудың сапасын арттыруға мүмкіндік береді, себебі оқыту процесінде жаңа тәсілдерді қолдану, мұғалімнің жаңашыл көзқарасын қалыптастырады және оның оқыту процесіндегі бағыттаушы рөлі барлық оқу процесін технологияландыруға ықпал етеді. Білім беру құрылымын жаңарту, дәстүрлі репродуктивті стильден шығу және мектеп білім алушыларының танымдық белсенділігін және тәуелсіз ойлауын қамтамасыз ететін дамытушы жаңа конструктивтік білім беруге көшу болып табылады. Білім мазмұнын жаңарту бағдарламасы оқыту белсенді болуын, коллаборативті орта қалыптастыру жағдайында жүргізуді, саралап оқытуды, оны іске асыруда пәнаралық байланысты қамту арқылы жүзеге асыруды ұсынады. АКТ қолдану міндетті болып табылады, диалог арқылы оқыту, білім алушылардың зерттеу және жобалау жұмыстарын жүргізу әдістемесі қолданылады. Жаңартылған білім мазмұнына көшу оқу процесін дараландыру жағдайында жұмыс істеуге дайын болуды талап етеді.

2016-2017 оқу жылында 1-сыныптар толығымен жаңартылған білім мазмұны бағдарламасымен оқытуға көшірілді. Шағын жинақты мектепте оқу процесін ұйымдастырудың типтік ережесіне сәйкес 1-сынып біріктіріліп оқытылмайды.

2017-2018 оқу жылында республикадағы жалпы білім беретін мектептердің, соның ішінде шағын жинақты мектептердің 2,5,7-сыныптарын жаңартылған білім мазмұны бағдарламаларымен оқытуға көшіру жоспалануда.

Осыған байланысты, алдағы оқу жылында жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша шағын жинақты мектептердің

біріктірілген сыныптарында оқу процесін ұйымдастыру үшін оқу бағдарламаларын бейімдеу қажет.

Сондықтан біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастырудың келесі механизмі ұсынылады: ұзақ мерзімді және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларды талдау негізінде жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқытатын шағын жинақты мектептердің біріктірілген сыныптарына ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларын әзірлеу.

Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқытын біріктірілген сыныптарға ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларын әзірлеудегі алғашқы қадам - біріктірілетін сыныптардың ұзақ мерзімді және күнтізбелік-тақырыптық жоспарларын талдау.

Сыныптарды бірпәндік біріктіруде біртақырыптық сабақтар белгіленеді, бақылау жұмыстары, сынақ, мүмкіндігінше зертханалық жұмыстардың мерзімдері сәйкестендіріледі. Бағдарлама бойынша оқу материалының мазмұны іріктеліп, біріктірілетін сынып үшін модульдерге бөлінеді. Тақырыптар сәйкес келмеген жағдайда біріктіру бірпәндік болып қала береді және оқу процесін ұйымдастыру барысында бірнеше сыныппен қатар жұмыс жасауға мүмкіндік беретін белсенді педагогикалық тәсілдерді таңдауды қажет етеді.

Тақырыптарды іріктеу және сәйкестендіру жолымен алынған бейімделген оқу материалының негізінде, оқу мақсаты анықталады, жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқытын біріктірілген сыныпқа арналған ұзақ мерзімді жоспар әзірленеді. Ұзақ мерзімді жоспардың негізінде орта мерзімді жоспар құрылады. Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша оқытын ШЖМ біріктірілген сыныптарына ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларын әзірлеудің көрнекі алгоритмі келесі сызбада көрсетілген.

1-сызба – ШЖМ біріктірілген сыныптарына орта мерзімді және қысқа мерзімді жоспарларды әзірлеу схемасы.



Орта мерзімді жоспар тақырыптан, оқу мақсатынан, оқыту нәтижесінен және мұғалімнің тізбектелген сабақтар топтамасын өтіп болғаннан кейінгі рефлексиясынан тұрады. Орта мерзімді жоспар немесе тізбектелген сабақтар топтамасын жоспарлау келесі жолмен жүзеге асырылады:

- жұмыс кезеңділігінің ретін анықтау;
- жаңа тәсілдердің жеті модулін сыныптағы сабақ беру практикасына енгізу;
- тізбектелген сабақтар топтамасындағы әр сабақтың оқу мақсаттарын нақтылау (төрт сабақтан кем емес);
- нәтижені өлшеудің әдістері мен тәсілдерін анықтау;
- болжанған нәтижеге жету мақсатында оқытудың міндеттерін нақтылау;
- оқытудың барлық кезеңінде тұрақты оң динамиканы қамтамасыз ету;
- оқытумен барлық білім алушыларды түгел қамтамасыз ететін стратегиялық жоспарлауды жүзеге асыру;

Жаңартылған және қолданыстағы бағдарламалар бойынша бір мезгілде біріктірілген сыныптарда оқу процесін ұйымдастырып және сабақты жүргізу үшін орта мерзімді жоспардың оқу мақсаттары толықтырылады және түзетіледі. Орта мерзімді жоспар бойынша екі сыныптың оқу модульдерін біріктіру кезінде сағат сандарының сәйкестігі салыстырылады және бекіту, қайталау, білім алушылардың білімдерін тексеру сабақтарының есебінен қайта қаралады. Тізбектелген сабақтар топтамасының орта мерзімді жоспарының тақырыбы пән бойынша оқу бағдарламасының бөліміне сәйкес келуі қажет. Бұл жағдайда тізбектелген сабақтар топтамасын орта мерзімді жоспарлаудың мақсаты, біріктірілген сыныпта оқытудың барлық кезеңдерінде мақсатты оң өзгерістерді қамтамасыз ететін жүйелі-әрекеттік және оқу бағдарламасына сәйкес білім алушылардың жекелеген нәтижеге жетуін қамтамасыз етуге бағытталған.

Оқу мақсаттары тізбектелген сабақтар топтамасын құруға бағдар болып табылады. Орта мерзімді жоспар мұғалімге мақсатты жұмыс жасауға және оқыту объектілерін нақтылауға мүмкіндік береді. Бұрынғы күнтізбелік-тақырыптық жоспардағыдай, әрбір келесі сабақ бөлек сабақ болып табылмайды, керісінше алдыңғысының жалғасы болып табылады. Белгілі бір бөлімді оқыту барысында сын тұрғысынан ойлау тәсілі арқылы бағалап және нақтылай отырып, біртіндеп мұғалім өзінің болжау дағдыларын дамытады.

ШЖМ біріктірілген сыныптарының мұғалімдеріне сабақтың орта мерзімді жоспарын әзірлеу кестесінің тірек сұрақтарымен жасалған алғашқы нұсқасын пайдалану ұсынылады, жаңартылған білім мазмұнын енгізудің алғашқы кезеңінде бұл нұсқа мұғалімдерге көмек құралы ретінде өңделіп берілген.

67-кесте – Орта мерзімді жоспардың тірек сұрақтарымен берілген нұсқасы

Сабақтың тақырыбы және	Сіз қандай белсенді жұмыс түрін	Оқытумен барлық баланы	Сіз бағалауды қалай жүргізесіз	Оқытуда қандай нәтижеге	Қандай ресурстарды
------------------------	---------------------------------	------------------------	--------------------------------	-------------------------	--------------------

	оқытудың негізгі мақсаттары (Блум таксономиясы бойынша)	пайдаланасыз? Бағдарламан ың Модулдерін қосуды қалай жоспарладыңыз?	қалай қамтисыз, соның ішінде фокус топтағыларды)?	(қалыптастырушы және жиынтық бағалау)?	жетуді жоспарладыңыз?	пайдаланасыз?
1	1. Білу және түсіну					
	2. Қолдану/талдау /жинақтау					
	3. Бағалау					

Физика пәнінен 7-8-ші біріктірілген сыныптарға арналған сабақтарды біріктірудің үлгілік схемасын және орта мерзімді жоспардың үлгісін ұсынамыз.

68-кесте – Тоқсан бойынша оқу бағдарламасының сағат сандарын сәйкестендіру үлгісі шағын жинақты мектептің біріктірілген 7-8-сыныптарындағы физика пәнінің мысалында алынған.

Сыныптар	I	II	III	IV
7 сынып	2+2+3+5	4+8	11+7	2+5+3+5(қайталау)
8 сынып	7 + 5	6+5+1	11+7	10+5 (қайталау)

Біріктірілген сыныптардың оқу бағдарламасының негізінде біріктірілген жұмыс жоспарын дайындауда мұғалім тақырыптарды оқытудың жаңа реттілігін қалыптастыра алады (қисыны), кейбір тақырыптардың мазмұнын толықтыра алады (түсініктерін кеңейту, оқу материалының мазмұнын тереңдету), жекелеген тақырыптарға бөлінген сағат сандарын өзгерте алады (реттеу), тақырыптар аясын кеңейтіп, практикалық, өзіндік жұмыстарының саны мен ұзақтығын реттейді, білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарды толықтыра алады.

69-кесте – Физика пәнінен 7-8-сыныптарға арналған біртақырыптық орта мерзімді жоспар үлгісі

Тақырыбы	Негізгі мақсаты және оқыту міндеттері	Белсенді оқытуда пайдаланылатын жұмыс нысандары	Сабақтағы жұмыс түрі	Бағалау	Оқыту нәтижесі	Ресурстар
Жұмыс және қуат.	7.2.3.1 – механикалық жұмыс (7сын.)	Жеке және топтық жұмыс түрлерінде:	1. Теориялық шолу. (Жеке жұмыс)	Ынталандыру және мадақтау түріндегі	1. Шамалардың физикалық мағынасын	Оқулық, жұмыс дәптері, есептер

<p>және электр тогының жұмысы (8 сын.) түсініктерінің физикалық мағынасын ұғыну 7.2.3.7 - механикалық қуат (7сын.) және электр тогының қуаты (8 сын.) түсініктерінің физикалық мағынасын ұғыну 7.2.3.8 – жұмыс және қуаттың формулаларымен есеп шығару, білімін практикалық есептерді шығаруға қолдана алу</p>	<p>1.Эмоционалдық көңіл-күй қалыптастыру 2. «Миға шабуыл» 3.«Динамикалық шеңбер». 4.«Әуе шары» т.б.</p>	<p>2.Зерделенген материалды талдау. (Топтық жұмыс) 3.Қорытындылау. (біріктірілген) 4. Қысқаша қорытындыны дәптерге түсіру (Жеке жұмыс) 5.Формуласымен жұмыс және қуатты есептеп шығару. 6.Алған білімдерінің өмірде қолданылуына мысалдар келтіру.</p>	<p>ФБ. Критерийлері: 1.Анықтамасын біледі. 2. Шамаларды есептеу формулаларын біледі. 3.Шамалардың жазылуын, айтылуын, өлшем бірліктерін біледі. 4.Жұмыспен қуатты есептей алады. 5. Алған білімін өмірде қолдануға мысал келтіреді.</p>	<p>түсіндіре алады. 2. Жұмыс және қуаттың формулаларын есеп шығаруға, практикалық есептерді шығаруға қолдана алады. 3 Алған білімдерін өмір жағдайында қолдана алады.</p>	<p>жинағы, үлестірме материалдар, СБР</p>
--	---	--	---	---	---

Біртақырыптық біріктіру және ортақ мақсат қою мүмкіндігі болмаған жағдайда, бірпәндік біріктіру сабақтарының жоспарын әзірлеуде білім алушылардың білім деңгейіне қойылатын талаптарға сәйкес нақты оқу міндеттері қажеттілігінше бөлек қойылады, бірақ оқу процесін ұйымдастыру барысында бірнеше сыныппен қатар жұмыс жасауға мүмкіндік беретін ортақ белсенді педагогикалық тәсілдерді таңдауға болады.

Сонымен бірге ұзақ мерзімді және орта мерзімді жоспарларды әзірлеуде жаңартылған бағдарламада ортақ тақырыптардың барын ескеру ұсынылады, оқытудың жүйелілігін сақтай отырып, оқу материалының мазмұнын модульдерге бөлуде пайдаланылады.

Біріктірілген сыныпқа арналған қысқа мерзімді жоспарда сабақты ұйымдастыру және өткізу кезеңдерін құрылымдау үлгісі келесі кестеде көрсетілген:

70-кесте – Сабақты ұйымдастыру және өткізу кезеңдерін құрылымдау үлгісі.

1. Біріктірілген бөлім Бағдарлау-мотивациялық кезең <i>Екі сыныппен қатар жүргізіледі</i>	
2. Сараланған бөлім Операциялық-орындаушылық кезең <i>Әр сыныппен жеке жүргізілетін жұмыс</i>	
Білім алушының өзіндік жұмысы	Мұғалімнің нұсқаулығымен орындалатын тапсырмалар
Мұғалімнің нұсқаулығымен орындалатын тапсырмалар	Білім алушының өзіндік жұмысы
3. Біріктірілген бөлім Рефлексиялық-бағалау кезеңі <i>Екі сыныппен қатар жүргізіледі</i>	

Қазіргі кезеңде шағын жинақты мектеп мұғалімдері үшін «Қолданыстағы және жаңартылған бағдарламалар бойынша ШЖМ біріктірілген сыныптарында білім алушыларға оқу процесін ұйымдастыру механизмі» әдістемелік ұсынымдары әзірленуде, бұл құрал 2017-2018 оқу жылы басталғанға дейін Ы.Алтынсарин атындағы ҰБА сайтында орналастырылады (<http://nao.kz/>).

Қазақстан Республикасының әрбір өңірінде құрылған тірек мектептері (ресурстық орталықтар) шағын жинақты мектептерде білім сапасын арттыруда маңызды рөл атқарады. Қазіргі таңда жұмыс жасайтын мектептер базасында 160 ресурстық орталық құрылған, оған 488 магниттік шағын жинақты мектептер бекітілген.

Тірек мектептер (ресурстық орталықтар) базасында шағын жинақты мектеп білім алушыларына жылына үш рет (оқу жылының басында, ортасында және соңында) 10 күннен оқу сессиялары (бастапқы – қазан айының бірінші онкүндігінде, сессияаралық – ақпан айының бірінші онкүндігінде және қорытынды сәуір айының үшінші онкүндігінде) ұйымдастырылады.

Сессия басталғанға дейін магнитті мектеп білім алушыларынан кіріспе сынама алынады, оларды оқытудың жеке маршруттары анықталады, сессияаралық кезеңдегі жұмыс жоспарланады. Шағын жинақты мектеп білім алушылары сессия кезінде оқу процесіне белсенді қатысады. Олар физика, химия, биология сабақтарында толық жабдықталған кабинеттерде зертханалық жұмыстарды орындауға және ақпараттық технологияларды белсенді қолдануға мүмкіндік алады. Сессияаралық кезеңдегі шағын жинақты мектеп білім алушыларының оқу-танымдық әрекеті тірек мектебі (ресурстық орталық)

мұғалімдерінің қашықтан оқыту технологияларының көмегімен қолдауы арқылы жүргізіледі.

Тірек мектебінде (ресурстық орталық) қазақ, орыс, шет тілдерін, информатика пәндерін оқытқанда, музыка, дене шынықтыру, алғашқы әскери дайындық, технология сабақтарында, сондай-ақ, бейінді пәндер бойынша зертханалық және практикалық жұмыс жүргізгенде кіші топтарға бөлуге рұқсат етіледі. Пәндер бойынша кіші топтарға бөлу сынып толымдығы – 20-25 адам, ал 8-11-сыныптарда – 15-20 адам болғанда тірек мектебі (ресурстық орталық) Үйлестіру кеңесінің шешімімен жүргізіледі.

Тірек мектептерінде магниттік мектептердің оқу-тәрбие жоспарын ескере отырып келесі жұмыс жоспарлары әзірленеді және жүзеге асырылады:

- оқу-тәрбие жұмысының бірыңғай жоспары;
- бірыңғай оқу жұмыс жоспарлары;
- бірыңғай күнтізбелік-тақырыптық жоспарлар;
- бірыңғай әдістемелік жұмыс жоспары;
- сессия аралық кезеңнің жұмыс жоспары;
- күндізгі сессияларды жүргізу жоспарлары;
- қашықтан оқыту сессияларын жүргізу жоспарлары;
- жобалау, зерттеу, кәсіби бағдар бағытындағы арнайы курстардың бірыңғай бағдарламалары;
- сабақтардың өтілу күнімен қатаң сәйкестікте жүргізілетін жеке-дара оқыту.

Оқу-тәрбие жұмысы тірек мектептері мен магниттік мектептердің тығыз байланысын талап етеді, бұл үшін педагогикалық ұжымның жұмысын ұйымдастырудағы міндеттері көрсетіліп, мектептердің әкімшілік корпустарынан Кеңейтілген Педагогикалық кеңес (бұдан әрі - КПК) құрылады, ол оқу процесін, сонымен бірге тәрбие жұмысын ұйымдастыруды, сессия және сессияаралық кезеңдердегі кәсіби бағдарлау іс-шараларын қоса алғанда, тірек мектебі мен магниттік мектептердің стратегиялық бағдарын орындауға бағытталған. КПК жұмысының маңызды бағыты – сессия және сессияаралық кезеңдердегі тірек мектебі мен магниттік мектептердің жұмыстарына мониторинг жүргізу және бақылау, білім алушыларының сессия кезеңіндегі сапалы білім алуына және сессияаралық кезеңнің тапсырмаларын орындатудағы ШЖМ педагогтерінің жауапкершілігін реттейтін нормативтік құжаттарды әзірлеу.

Магнитті мектеп білім алушылары білімінің жоғарылауы мен кемшіліктерін айқын көруі үшін салыстырмалы талдау, мониторинг, графиктер салынады, шағын жинақты мектеп білім алушыларының оқу қиындықтар аймағын жою бойынша дербестігін белсендету мақсатында түзету жұмыстары жүргізіледі. Жеке оқыту маршрутын жүзеге асыру бойынша қорытынды сессияда білім алушының негізгі пәндер мен таңдау курстары бойынша түйінді қиындықтары анықталып, олардың дайындық деңгейі бағаланады.

Магнитті мектептердің білім алушыларының тірек мектебінде оқыту деңгейіне байланысты білім беру процесін келесідей ұйымдастыру ұсынылады:

1) Магнитті мектептердің 1-4-сыныптары сырттай оқиды, яғни шығармашылық, зерттеушілік жобаларды орындайды, сайыстарға дайындалады. Жылына бір рет тірек мектебіндегі конкурстар мен конференцияларға қатысу үшін бара алады.

2) 5-7-сыныптар магнитті және тірек мектептеріндегі пән мұғалімдерінің жетекшілігімен қашықтан оқытылады (магнитті және тірек мектептерінде материалдық-техникалық базасы жеткілікті, интернет болған жағдайда). Кафедралар немесе мектептің әдіс бірлестігінің отырыстарында жұмыс жоспарлары, сынама тапсырмалар әзірленеді. Сонымен қатар, магниттік мектептің мұғалімдеріне, білім алушыларына арналған онлайн семинарлар ұйымдастырылады.

3) 8-11-сыныптар тікелей оқытылады және сессияларға шығады (бейіналды және бейінді дайындықтың ұйымдастырылуымен). Сессияаралық кезеңді сессиялық кезеңмен сабақтастықты сақтай отырып жүргізу қажет. Берілген жұмыс тірек және магнитті мектептердің даму бағдарламасы мен шаралар жоспарына сәйкес ұйымдастырылуы керек.

Ақпараттық-коммуникативтік технологияларды қолдану, білім ресурстарын пайдалану арқылы сессияаралық кезеңде тірек мектептерінің (ресурстық орталықтардың) шағын жинақты мектептермен байланыс жасауына мүмкіндік береді. Білім алушының жан-жақты дамуына жағдай туғызатын және белсенді тұлғаны тәрбиелейтін дамыта оқыту әдіс-тәсілдері кеңінен қолданылады. Шағын жинақты мектептер тірек мектептерге (ресурстық орталықтарға) бекітілген магниттік мектеп ретінде қызмет еткен жағдайда, бейнесабақтар немесе қашықтықтан оқытуды қолдану арқылы бейіндік оқыту бағдарламасын тиімді ұйымдастырудың төмендегідей шешімдері ұсынылады:

1. Бейне ресурстар пайдаланылатын сабақтарда білім алушыларды бағыттарға бөлмей, пәндердің базалық (міндетті) мазмұнын қамтамасыз ете отырып, магниттік мектептерде және тірек мектептерінде бір уақытта көрсетілуі мүмкін. Мұндай жағдайда мұғалімдері оқыту жоспарларын мұқият біріктіруге тиіс болатын магниттік және тірек мектептердің оқыту процестерін үйлестіру маңызды мәнге ие болады.

2. Сессия кезеңінде магниттік мектеп білім алушылары бейіндік (жаратылыстану-математикалық және қоғамдық-гуманитарлық) бағыттар бойынша тірек мектептерінде оқиды.

Модуль мазмұнына 1-модульге кірмей қалған әр бағыт үшін ерекше инварианттық бөлім сұрақтары енгізіледі. Мұнда СБР банкі, сонымен қатар жеке тақырыптарды тереңдетіп оқығанда да, сондай-ақ тәжірибелік сабақтарды, зертханалық жұмыстарды, өзіндік жұмыстарды, жобалар, презентациялар және т.б. дайындауда қолданылуы мүмкін.

3. СБР банкін үлгілік оқу жоспарының мектептік компоненті есебінен жүзеге асатын қолданбалы курстарды өткізуде қолдану.

4. СБР банкін таңдау курстарын өткізуде қолдану (үлгілік оқу жоспарының білім алушы компонентінің сағаттары).

Жаңартылған білім мазмұны жүйесіне көшкен шағын жинақты мектептердің және тірек мектептерінің (ресурстық орталықтардың) мұғалімдері

келесі жұмыстарды жүргізе білуі керек:

- нәтижеге жету үшін оқу мақсаттарын тұжырымдай білу;
- оқыту процесінде оқу материалын меңгеруді ұйымдастыру;
- оқу материалдарын оқу мақсаттарына сәйкестендіріп дайындау;
- оқыту процесіне ақпараттық орта әлеуетін пайдалану;
- білім алушылардың тұлғалық-белсенділік бағытта ілгері дамуына жағдай жасау;
- психологиялық жайлылық және қолдау атмосферасын қалыптастыру;
- білім алушыларды өз білімін жетілдіруге, өз қабілетін ашуға және өз мүмкіндіктерін пайдалануға дайындау;
- қойылған мақсатқа жетуге бағытталған аралық нәтижені бағалау.

7 МАМАНДАНДЫРЫЛҒАН БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ОҚЫТУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Дарынды балалармен жұмыс істеудің теориясы мен практикасы аясында білім беру мазмұнын жаңарту жағдайындағы әдістемелік ұсыныстарында мамандандырылған білім беру ұйымдарында дарынды балалармен жұмыс істеу ерекшеліктері мен бағыттары, принциптері мен мәнінің жалпы көрінісі баяндалған.

Әдістемелік ұсыныстар «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығының оқу-әдістемелік кеңесінің отырысында қаралды және мақұлданды.

Қоғам өмірінің барлық салаларындағы жаһандық өзгерістер, ақыл-ой қабілеттері жоғары балаларды тиімді оқытуды ұйымдастыру мәселесін білім беру жүйесінің алдына қоя отырып, жаңа заман талабына жауап бере алатын, шығармашыл, дарынды адамдардың қажеттілігін күшейтіп отыр. Қазіргі мамандандырылған мектептер балалардың әлеуетін барынша ашу үшін оларға жағдай туғызу, білім берудің барлық сатыларында балалардың табиғи дарынын анықтау және дамытуды көздейді. Оқушылардың әлеуетін ашу үшін жағдай жасау, шығармашыл тұлға тәрбиелеу және дарындылығын ересек өмірде іске асыру, білім мазмұнын жаңарту жағдайында мамандандырылған білім беру ұйымдарының кезек күттірмес міндетіне айналады.

Дарынды балалармен атқарылатын жұмыс мазмұны әрбір оқу пәндері аясында анықталады, алайда бұл мазмұнды айқындайтын оқу бағдарламаларын іріктеудің жалпы талаптары, мектептің ерекшелігіне бағдарламаның сәйкестігі болып табылады. Жарияланғандар арасында мұндай бағдарлама болмаған жағдайда қолданыстағы бағдарламаларға түзетулер енгізілуі немесе авторлық бағдарламалар жасалуы мүмкін. Оқу материалының мазмұны оқушыларды үздіксіз оқуға бейімдеуі тиіс, мұндай балалар үшін таным процесі өзіндік құнды болуы керек. Ең бастысы, одан әрі өзін-өзі жетілдіру және өздігінен білім алуға бағыттаушы, өз бетімен жұмыс істеуге талаптандырушы, ойды дамытушы идеялар мен тәсілдер, әдістер сияқты фактілерге емес біртіндеп оқытуға көшу керек, оған жету үшін қаншама рухани, интеллектуалдық және физикалық күш-жігер жұмсалатын мақсатты бірте-бірте көрсету қажет.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарындағы жұмыс формалары мен әдістері: интеллектуалды дарынды оқушыларды оқытуға қолданылатын, әрине, шығармашылық сипаттағы әдістер жетекші және негізгі болып табылады – жеке және топтық жұмыс формасы негізіндегі проблемалық, ізденушілік, эвристикалық, зерттеушілік, жобалау жұмыстары.

Оқушылардың өз ойын іске асыру мен шығармашылығын таныту үшін кеңістік беретін және даралап оқыту идеясын іске асыратын технология, технологиялардың ең тиімдісі болып табылады. Бұл проблемалық оқыту технологиясымен үйлесетін жобалап оқыту технологиясы және «шағын топтармен жұмыс» оқыту әдістемесі.

1. Проблемалық оқыту технологиясы. Бұл технология базалық ретінде қарастырылады, себебі, оқушының өзгертушілік іс-әрекеті проблемалық сипаттағы тапсырмаларды орындау процесінде неғұрлым тиімді іске асырылуы мүмкін. Тәжірибе көрсетіп отырғандай, проблемалық мазмұндағы міндеттерді шешу оқушылардың танымдық белсенділігінің жоғары деңгейін қамтамасыз етеді.

Проблемалық оқыту процесінің құрылымы өзара байланысты және күрделенген жағдайлар кешенін білдіреді. Проблемалық оқыту технологиясын іске асыра отырып, мұғалім танымдық (проблемалық) міндет түрлерінде проблемалық сұрақтарды жиі қолданады.

Проблемалық міндетті шешу алгоритмі төрт кезенді қамтиды:

1) проблеманы түсіну, сұрақтың ішіндегі қарама-қайшылықты анықтау, себеп-салдарлық байланыстар тізбегіндегі үзікті анықтау;

2) гипотезалар қалыптастыру және болжамдарды дәлелдеу жолдарын іздеу;

3) гипотезаны дәлелдеу, оның барысында оқушылар сұрақты немесе тапсырманы қайта тұжырымдайды;

4) зерттелетін себеп-салдарлық байланыстар - тереңдетілетін және танымдық объектінің немесе құбылыстың жаңа тараптары анықталатын жалпы қорытынды.

Осылайша, проблемалық жағдай туғызатын мақсатты түрде құрастырылған міндеттер жиынтығы, өзара байланыстар мен өзара тәуелділіктер деңгейінде ойлауды дамыта білуді дамыту сияқты проблемалық оқытудың басты функциясын қамтамасыз етуге арналған. Бұл мектеп оқушыларына оқушылық зерттеулер процесіне қажетті шығармашылық іс-әрекетте белгілі бір тәжірибе жинақтауына мүмкіндік береді.

2. Шағын топтарда оқыту әдісі. Бұл әдістеме семинарлық сабақтарда неғұрлым тиімді қолданылады. «Шағын топтарда» оқытудың мәні, сыныптың 3-4 шағын топтарға бөлінетіндігінде. Олардың әрқайсысына 5-7 адамнан кіргені орынды, өйткені мұндай мөлшерде оқу барысында өзара қарым-қатынас жасау неғұрлым тиімді.

3. Жобалап оқыту технологиясы. Жобалап оқыту жүйесінің негізі, өзіндік іздестіру әрекеті процесінде оқушылардың білімді шығармашылықпен игеруі болып табылады, яғни жобалау. Маңыздысы, өзінің мәні бойынша жобалап оқыту тұлғалық бағдарланған болып табылады, демек оқушыларға өз тәжірибесінен және басқалардың тәжірибесінен үйренуге мүмкіндік береді. Бұл оқушылардың танымдық қызығушылығын арттырады, оқудағы жетістігін түсінуге, өз еңбегі нәтижелерінен қанағаттанарлық сезім алуына мүмкіндік береді.

Қазіргі уақытта жеке және топтық жобалар, нақты практикалық міндеттерді шешуге бағытталған жобалар және жаратылыстану-математикалық пәндердің мазмұнын кіріктіруші жобалар үлкен маңыздылыққа ие болуда. Мысалы, математикада – «Көпжақтар және ежелгі философтардың Ғалам мен кеңістік туралы түсініктері», физикада – «Физика және ғарыштық зерттеулер», химияда – «Су проблемасы және ынтымақтастық стратегиясы», «Шылым

шегушілердің бойында липидтердің еркін-радикалды тотығу реакциясының жүруіне шылым шегудің әсері», биологияда – «Тірі ағзалардағы симметрия», «Тірі табиғаттағы көпжақтар» және басқалар.

4. Білім беру процесін ұйымдастыру түрлерінің бірі ретінде арнайы курстар, мазмұндары оқушыларға өздерін қызықтыратын салалар бойынша білім алуға немесе мектеп бағдарламасының жекелеген бөлімдерін тереңдете зерттеуге, өздерінің зерттеу жобаларын орындауға мүмкіндік беретін мамандандырылған білім беру ұйымдарының оқу сабақтары жүйесін білдіреді.

Арнайы курстың ерекшелігі, оның мазмұнының негізін сабақтарда қарастырылмайтын, бірақ балалардың оқып білуі үшін түсінікті және қызықты тақырыптар құрайтыны болып табылады; ақпарат көзі ретінде мұғалімнің ауызша баяндай отырып жұмыс істеуін, проблемаларды өз бетінше ұғынуды, қосымша әдебиетпен белсенді жұмыс істеуді талап етеді.

Мектепте оқу процесін ұйымдастырудың негізгі түрі сабақ болып қала береді. Жекелеген сабақ аясында түрлері, әдістері мен тәсілдері саралау және даралауға бағытталғандығы және әртүрлілігімен ерекшеленуі тиіс. Оқушыларды өзіндік танымдық әрекеттерге, пікірталас, диалогтерге тартудың алуан түрлері, түрлі шығармашылық тапсырмалар, топтық жұмыс түрлері кеңінен таратылуы керек. Аталған жұмыс түрлері мен іс-әрекеттер түрлі практикумдарда, зерттеу сабақтарын жүргізуде және бейінді пәндерді оқу кезінде сыныпты шағын топтарға бөлу жағдайында зертханалық сабақтар өткізуде, семинар түріндегі жұмыстар аясында кеңінен қолдау табады.

Әрбір оқу пәні қолданылатын формалар, әдістер мен тәсілдерді анықтайды, мысалы химия бойынша «Мыс тауының ғажайып құпиясы» эксперименттік тапсырмаларды орындау, стандартты емес есептерді шешу, интеллектуалды-шығармашылық ойындар, экскурсоводтар мен журналистер ретінде экскурсияларда оқушылардың жұмысы және т.б.

Сабақтан тыс жұмыс түрлері мен әдістері арасында оқушылардың сабақтан тыс зерттеушілік жұмыс жүйесі, оқушыларды түрлі олимпиадаларға және конкурстарға қатысуға тарту, интеллектуалды марафон, сайыстар, мектептік ғылыми қоғамдар, кіші ғылым академиясы, үйірмелер, түрлі факультативтер дарынды оқушыларды анықтау және дамытуда кең мүмкіндіктерге ие.

Мамандандырылған білім беру ұйымы дарынды балалардың ғылым негіздерін, мәдениет, өнер, спорт, әскери істі терең меңгеруіне бағытталған, элиталық біліммен қамтамасыз ететін мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламасын жүзеге асырады. Алға қойылған мақсаттарға байланысты, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 19 шілдедегі №289 бұйрығымен бекітілген Мамандандырылған мектептері қызметтерінің үлгілік ережелерінде қосымша сағаттар анықталып, белгіленген. Атап айтқанда, саралап және жекелеп оқыту міндеттерін шешу, оқушылардың зерттеушілік қызығушылығын дамыту үшін әрбір бейіндік пән бойынша әр сыныпқа аптасына 4 сағат есебінен қаражат, оқушылардың шығармашылық және зерттеушілік қызметін дамыту бойынша жеке сабақтан тыс жұмыстар үшін әр сыныпқа 0,25 ставка бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының ерекшеліктерін ескере отырып, дарынды балалар үшін мектепке жылына 1500 сағат есебінен жоғары білікті мамандармен шарттық негізде жекелеген курстар мен дәрістерге ақы төлеу үшін қаражат бөлінеді. Ерекше дарынды оқушылармен бағдарламаларды жеделдетіп өткізуді ұйымдастырған жағдайда әр міндетті пән бойынша 0,25 ставка мөлшерінде қаражат бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарында білім беру процесін ұйымдастыру, білім беру саласының уәкілетті органы бекітетін, мамандандырылған білім беру ұйымына арналған үлгілік оқу жоспарлары негізінде әзірленген оқу жұмыс жоспарлары бойынша жүзеге асырылады.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарының жұмыс оқу жоспары мен мамандандырылған оқу бағдарламаларын әзірлеуді дербес жүзеге асырады.

Мамандандырылған мектептердің оқу жұмыс жоспарларын білім беру ұйымдарының әкімшілігі бекітеді және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Дарын» республикалық ғылыми-практикалық орталығымен, білім беру саласындағы жергілікті атқарушы органдарымен келістіріледі.

Мамандандырылған жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламалары негізінде әзірленеді және білім алушылардың ғылым, мәдениет, өнер, спорт негіздерін терең меңгеруіне, олардың шығармашылық әлеуеттері мен дарын-қабілеттерін дамытуға бағытталған.

Мамандандырылған мектептер оқу жоспарының вариативті бөлігі құрамына кіретін және бағыт ерекшелігін сипаттайтын оқу пәндері бойынша жұмыстың оқу жоспары мен бағдарламаларын дербес жүзеге асырады.

Мамандандырылған білім беру ұйымдары олардың жарғысында белгіленген нысандар, құралдар және оқу әдісін өздігінен таңдай алады.

Кіріктірілген білім беру бағдарламалары пәнаралық, деңгейаралық, халықаралық болып бөлінеді. Кіріктірілген білім беру бағдарламаларын іске асыру үшін білім беру саласындағы ғалымдар, академиктер, шетел мамандары тартылады.

Мамандандырылған білім беру ұйымы ішкі бейіндік пәндері, сондай-ақ кадр әлеуеті мүмкіндіктері мен білім алушылардың сұраныстарына сәйкес қолданбалы курстар мен факультативтер саласындағы білімдерін анықтайды.

Мамандандырылған білім беру ұйымының әрбір деңгейінде сынып-комплект саны және сыныптағы білім алушылар саны тиісті жағдайлар бар болғанда қалыптасады.

Мемлекеттік (орыс тілінде оқитын сыныптар үшін) және орыс тілін (қазақ тілінде оқитын сыныптар үшін), ақпараттық-есептеу техника негіздерін, ритмика, хореография, музыка, дене шынықтыру, технологияны зерделеу, сондай-ақ, зертханалық жұмыстарды жүргізу, бейінді пәндер бойынша практикалық жұмыстарды жүргізу барысында сыныптар 2 топқа бөлінеді; шет тілін және шет тіліндегі пәндерді оқу барысында – 3 топқа бөлінеді.

Мамандандырылған білім беру ұйымдарынан сыныптарды қосымша бөлу жүйесі, икемді вариативті сабақ кестесі, деңгейлеп оқыту жүйесі, кеңес беру

және таңдау бойынша пәндер арқылы жалпы орта білім беру деңгейінде бейінді саралауды жүзеге асыру толық күн тәртібінде жұмыс істеуді талап етеді.

Білім алушылардың оқу-тәрбие қызметін тиімді ұйымдастыру үшін 10 сынып-комплектіге психологтің 1 ставка есебінен психологиялық қызмет құрылады, егер сынып-комплектінің саны көбейтілсе психологтің ставка мөлшерінің саны тиісті жылға қарастырылған жалақы қорына байланысты көбейтіледі.

Мамандандырылған мектептер оның бейініне сәйкес жоғары оқу орындарымен және басқа да ғылыми мекемелермен ынтымақтастықты жүзеге асырады.

Гимназиялардың вариативтік және кәсіптік бағдарланған арнайы курстарының оқу бағдарламалары жоғары оқу орындарының тиісті кафедраларымен келісіледі.

Мамандандырылған мектептер ақылы қосымша білім беру қызметтерін көрсетеді. Ақылы білім беру қызметтерін айырбасқа және бюджеттен қаржыландырылатын негізгі білім беру қызметі аясында жасалмайды.

8 КЕШКІ МЕКТЕПТЕРДЕГІ ОҚУ-ТӘРБИЕ ЖҰМЫСЫНЫҢ ЕРЕКШЕЛІГІ

Кешкі мектеп және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдер жалпы білім беретін пәндер, таңдау курстары және факультативтер бойынша негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу бағдарламаларын, сондай-ақ өзіндік ерекшеліктері мен мүмкіндіктеріне қарай – қосымша білім беру бағдарламаларын іске асырады. Кешкі мектепте және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдерінде білім беру күндізгі оқу нысаны бойынша (сыныпта 15 бен 18 жас аралығында 20 білім алушы), сырттай оқу нысаны (10-15 білім алушы) және сырттай жеке оқу тобы (сыныпта 9 білім алушы) бойынша жүзеге асырылады.

Ерекше жағдайларда және талапқа сай шарттар болған жағдайда, кешкі мектепте қашықтықтан оқыту технологиясы жүзеге асыруы мүмкін.

Оқытудың барлық нысандары бір білім беру ұйымының шеңберінде жүзеге асырылады.

Кешкі мектептегі оқу жылының ұзақтығы күндізгі оқу нысаны бойынша – 34 апта, сырттай оқу нысанында – 36 аптаны құрайды.

Күндізгі оқу нысаны бойынша оқушыларды аттестаттау тоқсан сайын, сырттай оқу нысаны бойынша жарты жылдықтар бойынша жүзеге асырылады.

Сыныпта 20 және одан да көп білім алушы болған жағдайда тек күндізгі оқу нысаны бойынша орыс тілді мектептерде қазақ тілі мен әдебиетін, қазақ тілді мектептерде орыс тілі мен әдебиетін, шет тілдері және информатиканы топтарға бөліп оқыту жүргізіледі.

Қатаң және ерекше тәртіптегі жабық мекемелер жанындағы кешкі мектептерде сыныптағы оқушы саны 10 адамнан аспайды, топқа бөліп оқыту жүргізілмейді.

Мектепте білім беру процесін ұйымдастыру жалпы білім беретін оқу бағдарламаларымен, оқу жұмыс жоспарымен реттеледі.

Кешкі мектептің оқу жоспарында тек негізгі пәндерді сағат санын қысқарта отырып (міндетті апталық жүктеме (Инвариантты компонент) 22 сағат) оқыту қарастырылады. Кешкі мектепте технология, бейнелеу, дене тәрбиесі, АӘД сабақтарын оқыту қарастырылмаған.

Вариативтік компонент бойынша әр сыныпқа аптасына 3сағаттан артық қарастырылмайды.

Кешкі мектеп, негізгі оқу пәндері бойынша (қазақ тілі, қазақ әдебиеті, орыс тілі, орыс әдебиеті, алгебра, геометрия, Қазақстан тарихы, дүние жүзі тарихы, құқық негіздері, география, биология, физика, химия, шет тілі, информатика (Негізгі орта білім беру деңгейінің 5-9-сыныптары үшін (қазақ және орыс оқыту тілі) ҚР Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығына қосымша) жаңартылған білім беру мазмұны бойынша ұсынылған Үлгілік оқу бағдарламаларын өзінің білім беру қызметінің ерекшелігіне қарай бейімдеп алуға мүмкіндігі бар.

Әр сыныпта оқыту аптасына 3-4 күнде жүзеге асырылады. Сырттай оқыту нысаны бойынша білім беруді сессиялық тәртіпте жүргізуге болады.

Жанартылған білім беру мазмұны бойынша оқу пәндерін оқыту ерекшеліктері

Оқу пәндерінің мазмұндық ерекшеліктері:

Оқу процесі заманауи педагогикалық технологиялардың енгізілуі мен технологиялануын ғана емес, сонымен қатар оқытудың дәстүрлі түріне қарағанда, оқушыны дамытуда басымдыққа ие мектептегі білім беру барысында күрделеніп отыратын және материалды қайта қарауды көздейтін оқытудың шиыршық түрінің дамуын да ескере отырып, кешкі мектептің оқу бағдарламаларының мазмұны барлық пәндер бойынша қайта қаралуы керек.

Оқу бағдарламаларына «теориядан тәжірибеге» тәсілін, оқу материалының пәнішілік және пәнаралық сабақтастығын қарастыратын әдіс негізге алынуы қажет. Мұндай әдістің енгізілуі жобалау, зерттеу, тәжірибе және зертханалық жұмыстарды жүргізу нәтижесінде жаңа білімнің меңгерілуі мен функционалдық сауаттылық дағдыларының қалыптасуын қарастырады.

Білім беру процесіне оқытудың белсенді әдістерін енгізу функционалдық сауаттылықты өз бетінше дамытуды, білімді белсенді «игеруді», коммуникативтік дағдыларды дамытуды, тілдерді үйренудегі коммуникативтік тәсілді, тәжірибеде білімді шығармашылықпен қолдануды және мәселені шешуде шығармашылық әдісті қарастырады.

Кешкі мектеп жылдық күнтізбелік оқу кестесін белгілеуде, бағалау жүйесін, білім алушыларды аттестаттау тәртібі мен мерзімін таңдауда дербес.

Жазба жұмыстарының орындалуына қойылатын талаптар:

«Тіл және әдебиет» білім саласы

«Қазақ тілі», «Орыс тілі» пәндері бойынша жазба жұмыстары тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылының басында - 1 жазба жұмысы.

Қазақ және орыс тілдері бойынша эссе – жылына 2 рет.

Қазақ және орыс тілдері бойынша тест жұмысы – жылына 2 рет.

Қазақ және орыс әдебиеті бойынша шығарма – жылына 2 рет.

Эссені қазақ және орыс әдебиетінен білім алушылар жылына 2 рет жазады.

«Математика и информатика» білім саласы

«Алгебра», «Геометрия», «Физика» пәндері бойынша бақылау жұмыстары тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылының басында - 1 бақылау жұмысы.

«Физика» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8 сынып – жылына 4;

9 сынып – жылына 4;

10 сынып – жылына 4;

11 сынып – жылына 4 рет жасалынады.

«Физика» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8 сынып – жылына 4;

9 сынып – жылына 4 рет өткізіледі.

«Информатика» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары – әр сыныпта жылына 4 рет.

«Жаратылыстану» білім саласы

«Химия» пәні бойынша бақылау жұмыстары тоқсанына бір рет жүргізіледі, оқу жылының басында - 1 бақылау жұмысы.

«География» және «Биология» пәндері бойынша бақылау жұмыстары – жылына 2 рет (тест түрінде).

«Биология» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8 сынып – жылына 4;

9 сынып – жылына 4;

10 сынып – жылына 4 рет өткізіледі.

«Химия» пәні бойынша зертханалық жұмыстар:

8 сынып – жылына 4;

9 сынып – жылына 4;

10 сынып – жылына 4;

11 сынып – жылына 4 рет өткізіледі.

«Химия» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8 сынып – жылына 2;

9 сынып – жылына 2;

10 сынып – жылына 2;

11 сынып – жылына 2 рет өткізіледі.

«География» пәні бойынша тәжірибе жұмыстары:

8 сынып – жылына 4;

9 сынып – жылына 4;

10 сынып – жылына 4;

11 сынып – жылына 4 рет өткізіледі.

Сырттай оқу нысаны бойынша сыныптарда қазақ тілі, орыс тілі, қазақ әдебиеті, орыс әдебиеті, алгебра, тарих, (адам, қоғам, құқық), АҚҚ, география, биология, физика, химия пәндері бойынша апта сайын өтілген материал бойынша сынақ тапсырылады.

Сынақтар ауызша, жоба, зерттеу жұмысы, бақылау, зертхана, тәжірибе жұмыстары, тест түрінде тапсырылады.

Кешкі мектептің тәрбие жұмысы әлеуметтік жағдайы төмен кәмілеттік жасқа толмаған жасөспірімдерді оңалту, бейімдеу, әлеуметтендіру және тұлға ретінде дамытуға бағытталған, яғни оқушыларға тәрбие жүйесінің ықпалы, негізінен, оқушылардың бойындағы адамгершілік және құқықтық тәртібін түзетуге бағытталған.

Кешкі мектептің және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдердің негізгі міндеті– түрлі себептермен күндізгі мектепте, колледждерде оқи алмаған, мысалы, педагогикалық бақылаусыз қалу, ауру себептері, оқуға деген ынтасының болмауы, отбасындағы ауыр тұрмыс жағдайы және т.б. байланысты келген «қиын» жасөспірімдерді әлеуметтік-психологиялық оңалту және бейімдеу болып табылады.

Кешкі мектеп ұстаздарының міндеті – жаңартылған бағдарламаны қолдану барысында оқушылардың бойында негізгі адами нормалар мен өнегені қалыптастыру, толеранттылық пен басқа мәдениет пен көзқарастарға құрмет көрсету, жауапкершілігі жоғары, дені сау баланы тәрбиелеу.

Кешкі мектептің ерекшеліктерінің бірі –«проблемалық (қиын)» балалармен жұмыс. Олар жұмысқа қабілеттерінің төмен болуы, оқуға ынтасының болмауы мен тәртіпсіздігімен ерекшеленеді.

Тәрбие жұмысының басым бағыттары:

– қазақстандық патриотизм мен азаматтылыққа тәрбиелеу, құқықтық тәрбие, тарихи таным, ұлттық дәстүр мен мәдениет, әлеуметтік әрекеттестік дағдыларын дамыту, «Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясы негізінде азаматтық және құқықтық жауапкершілікті дамыту;

– рухани-адамгершілік тәрбиесі;

– салауатты өмір салты;

– ұлтаралық толеранттылық пен қоғамдық келісім;

–күқық бұзушылық пен кәмілетке толмағандар арасында бақылаусыздықтың алдын алу;

– кәмелетке толмағандар арасында экстремизм мен терроризмнің алдын алу;

– кәмелетке толмағандар арасында нашақорлық, токсикомания, маскүнемдік пен темекі тартудың алдын алу;

– жасөспірім қыздар тәрбиесі;

– оқушыларды кәсіби бағдарлау;

– ата-аналармен әлеуметтік әріптестік.

Кешкі мектептің және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдердің ерекшеліктеріне сай оқу процесі мен мектепшілік бақылауды тиімді ұйымдастыру үшін мектеп әкімшілігі үшін төмендегі нормативтер бекітілген:

№	Бақылау нысанасы	Нормасы
1	Сабақтарға және сыныптан тыс іс-шараларға қатысу және оларды талдау	Айына 8-10 сабақ (директордың орынбасарлары үшін); Айына 2-3 сабақ (мектеп директорлары үшін)
2	Сынып журналдарын тексеру	Тоқсанына 1 рет
3	Пәндер бойынша оқу бағдарламалары-ның орындалуын тексеру	Тоқсанына 1 рет
4	Оқушылардың жеке іс құжаттарын тексеру	Жылына 2 рет
5	Пәндер бойынша тақырыптық және күнтізбелік жоспарларды тексеру	Жылына 2 рет
6	Алфавиттік кітапты тексеру	Жылына 2 рет

Кешкі мектеп және күндізгі мектептер жанындағы кешкі бөлімдер кәсіпорындармен уағдаластық бойынша, қосымша білім беру қызметін, оның ішінде ақылы қызмет ретінде білім алушылардың кәсіптік дайындық жұмысын жүргізе алады.

Сырттай немесе кешкі оқыту сабақтарын сессиялық режимде ұйымдастыру кезінде сессиялардың уақытын Мектептің педагогикалық кеңесі белгілейді.

Негізгі орта және жалпы орта білім беру курстары бойынша бағдарламаларды меңгеру бітірушілерді міндетті қорытынды аттестаттаумен аяқталады. Кешкі мектеп бітірушілеріне олар қорытынды аттестаттаудан өткеннен кейін тиісті білім туралы мемлекеттік үлгідегі құжат беріледі.

Кешкі мектептегі білім беру процесін жетілдіру мақсатында Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер, психологиялық және әлеуметтік-педагогикалық қызмет құрылады. Олардың қызметі мектеп Жарғысында және қолданыстағы білім беру саласындағы заңнамада белгіленген тәртіпте жүзеге асырылады.

9 ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ЖҮЗЕГЕ АСЫРАТЫН ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДАҒЫ ОҚЫТУДЫҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Білім беру саласындағы мемлекеттік кепілдіктерге сәйкес даму мүмкіндігі шектеулі азаматтарға барлық білім беру деңгейлерінде білім алу үшін, даму бұзылысын түзеу үшін және әлеуметтік бейімдеу үшін арнайы жағдайлар қамтамасыз етіледі.

«Кемтар балаларды әлеуметтік және медициналық-педагогикалық түзеу арқылы қолдау туралы» Қазақстан Республикасының Заңында (2002 жылғы 11 шілдедегі №343) мүмкіндігі шектеулі балалар үш жастан бастап мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш және негізгі орта білімді жеті-он жастан бастап алатыны анықталған.

Білім беру саласындағы нормативтік және құқықтық актілер жалпы білім беретін мектепте денсаулығына байланысты білім алуда ұдайы немесе уақытша қиындық көріп жүрген, арнайы, жалпы білім беретін оқу бағдарламалары мен қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын қажет ететін балалар үшін қалыпты және арнайы сыныптардың ашылуы қарастырылған.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылармен бірлесе оқытатын қалыпты (бұдан әрі - инклюзивті) және арнайы сыныптарын жалпы білім беретін мектепте құру тәртібі Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген «Жалпы білім беру ұйымдары (бастауыш, негізгі орта және жалпы орта) қызметінің үлгілік қағидаларында» (бұдан әрі – Үлгілік қағидалар) берілген.

Үлгілік қағидалардың 18 тармағына сәйкес жалпы білім беретін мектептерде инклюзивті және арнайы сыныптар халықтың қажеттілігін, оның ішінде мектепке дейінгі және мектеп жасындағы мүгедек баланы тәрбиелеп жатқан ата-аналардың мүддесін есепке ала отырып, білім беруді жергілікті басқару органдарының келісімі бойынша ашылады.

Инклюзивті және арнайы сыныптардың толымдылығын анықтауда келесілерге назар аударған жөн:

- әрбір инклюзивті сыныпта екі даму мүмкіндігі шектеулі баладан артық оқытылмауы тиіс (Үлгілік қағидалардың 18 т.);

- арнайы сыныптар бұзылыс түрлері бойынша ашылады және сыныптағы білім алушылардың саны бұзылыс түріне байланысты болады. Арнайы сыныптардың толымдылығын анықтауда Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы №499 қаулысымен бекітілген Арнайы білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларының 3-тармағын және Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика министрінің 2014 жылғы 29 желтоқсандағы № 179 бұйрығымен бекітілген «Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар» санитариялық қағидаларын (9-қосымша, 2-кесте) басшылыққа алу ұсынылады;

- жалпы білім беретін мектептердегі инклюзивті және арнайы сыныптарға балаларды қабылдау Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 8 сәуірдегі № 179 бұйрығымен бекітілген «Бастауыш, негізгі орта, жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін бағдарламалары

бойынша оқыту үшін ведомстволық бағыныстылығына қарамастан білім беру ұйымдарына құжаттарды қабылдау және оқуға қабылдау» (1-қосымша) мемлекеттік көрсетілетін қызмет Стандартының талаптарына сәйкес жүзеге асырылады.

Жалпы білім беретін мектептегі арнайы сыныптар жұмысы ұзартылған күн тәртібінде ұйымдастырылады, яғни бұзылған қызметтерді еңсеру мен орнын толтыру және қажетті денсаулық сақтаушы педагогикалық режимді қамтамасыз ету бойынша қажетті жағдайларды құру. Қажет болған жағдайда, ұзартылған күн тәртібіне жалпы білім беретін сыныптардың ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылары да қатыса алады.

Жалпы білім беретін ұйымдарға қосылған ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балалар жалпы білім беретін оқу бағдарламалары бойынша, сондай-ақ ҚР МЖБС негізінде жасалған арнайы білім беру бағдарламалары бойынша ПМПК (психологиялық-медициналық-педагогикалық консультация) ұсынымдарына сәйкес білім алады.

2017-2018 оқу жылында 1, 2, 5, 7 сыныптарының білім алушыларын оқыту жаңартылған білім мазмұнына кезеңдеп өту аясындағы ҚР МЖБС және ҮОЖ сәйкес іске асырылатынын ескерген жөн.

Ерекше білім беруге қажеттіліктері бар білім алушылардың оқу бағдарламасын меңгерудің ерекшеліктеріне байланысты мұғалім олар үшін жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларын бейімдей алады. Ал сабақтар ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды оқытуға жеке ықпалды қолдану арқылы жүргізіледі.

Білім беру ұйымдарында балалардың денсаулығын сақтау, сондай-ақ білім алушылардың ерекше білім алу және қосымша білім беру қызметтерін алудағы олардың қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін жайлы жағдай құру қамтамасыз етіледі.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру ұйымдарының педагогикалық кеңесі жеке оқу жоспарлары мен жеке бағдарламаларды, ерекше білім беруге қажеттіліктері бар балаларды психологиялық-педагогикалық қолдаудың жеке бағдарламасын бекітеді.

Оқытудың түзете-дамыту бағыттылығы жалпы білім беретін цикл пәндері, түзету пәндері аясында, сондай-ақ қосымша білім беру жүйесінде іске асырылады.



Назар аударыңыз!

Бастауыш, негізгі және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарының вариативтік компоненті толығымен түзету пәндері бойынша жүргізілетін сабақтарға бөлінеді. Ерекше білім беружі қажет ететін балаларға арналған элективтік курстар, мектеп компонентінің курстары өткізілмейді.

Инклюзивті және арнайы сыныптардағы даму мүмкіндігі шектеулі барлық білім алушыларға арналған түзету сабақтарын арнайы педагогтер Жеке бағдарламаларына сәйкес іске асырады.

Психологиялық-педагогикалық қолдау қызметінің жұмысын ұйымдастыру үшін инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын білім беру

ұйымдарының штатында келесі мамандардың болуы ұсынылады: психолог, арнайы педагогтер (тифлопедагог, сурдопедагог, логопед, олигофренопедагог), ЕДШ нұсқаушысы, әлеуметтік педагог.

Жоғарыда аталған мамандар болмаған жағдайда ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға түзету-педагогикалық қолдау психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінде және оңалту орталықтарында көрсетіледі.

Мигрант, оралман балаларды оқу-тәрбие процесіне кіріктіру және қазақ тілі мен орыс тілдерін меңгерту мақсатында қосымша сабақтар, тілдік үйірмелер, факультативті сағаттар ұйымдастырылады. Оларға қолдау қызметі мамандарының психологиялық-педагогикалық және тілдік көмек жасауы қажетті шарт болып табылады.

Инклюзивті білім берудің мақсаттары мен міндеттеріне тиімді жету үшін жалпы білім беретін мектептер оралмандарды бейімдейтін және кіріктіретін орталықтармен, ресурстық орталықтармен, кәмелеттік жасқа толмағандарды бейімдейтін орталықтармен, арнайы білім беру ұйымдарымен, сондай-ақ, ПМПК, оңалту орталықтары және психологиялық-педагогикалық түзеу кабинеттерімен өзара әрекеттестікті ұйымдастырады.

Мұғалімдерге арналған ұсынымдамалар

Тіл мен әдебиет пәндерінің мұғалімі оқушылардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілі кемшіліктерін ескеріп, сөздердің дұрыс дыбысталу, сөйлеу тілінің лексикалық-грамматикалық жағы, байланыстырып сөйлеу дамуының деңгейіне назар аударған жөн. Сонымен қоса мұғалімге жасына сай тұрмыстық міндеттерді шешу үшін балалардың ауызша және жазбаша сөйлеу тілін қолдану іскерлігін дамытқан дұрыс.

Математика және жаратылыстану пәндерінің мұғалімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балалардың танымдық әрекеті мен эмоциялық-ерік саласындағы ерекшеліктерін ескеру қажет.

Адам және қоғам білім саласына қатысты пәндердің мұғалімі ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларды оқытуда оларды қоғамға бейімдеу және мінез-құлықтарын түзету үшін бұл пәндердің жағымды әлеуметтендірушілік және тәрбиелік әлеуеттерін ескереді.

Музыка және бейнелеу өнері пәндерінің мұғалімі тірек-қимыл аппараты және сөйлеу, есту, көру бұзылыстары бар балаларды оқыту процесіндегі қиындықтарын, оңтайлы психологиялық-эмоциялық күйге келтіруін, жалпы және ұсақ моториканы дамытуын және танымдық іс-әрекетін белсендіруін ескерген жөн. Сонымен қоса, ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларда жасырын таланттар мен шығармашылық әлеуетін таныту ықтималдығы жоғары болғандықтан, олардың шығармашылық қабілеттерін дамытуға көңіл бөлген маңызды.

Технология пәнінің мұғалімі жеке тәсілдерді қолдану және жеңілдетілген тапсырмалар беру арқылы білім алушылардың сенсорикасын (сезімталдығын) және ұсақ моторикасын, танымдық әрекеті мен қабілеттерін ескерген дұрыс.

Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі тірек-қимыл аппаратындағы бұзылыстарын ескеріп, жалпы және ұсақ моторикасына назар аударуы, сонымен бірге, мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың денсаулығын нығайту

мен дене дамуына арналған арнайы жаттығуларды жоспарлауы қажет. Сонымен қатар, сабақ өткізу кезінде есту, көру бұзылыстары бар балалардың ерекшеліктерін ескеру (анық және нақты командалар беру, әрекеттерді арнайы көрсету және т.б.) және емдік дене шынықтыруды ұйымдастыру керек.

Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын ұйымдардағы тәрбие процесінің ерекшелігі мектеп деңгейінде ерекше білім беруге қажеттілігі бар балаларға толерантты қарым-қатынасты тәрбиелеу, сондай-ақ негізгі құндылықтармен таныстыру, білім беру процесінің барлық субъектілерінің инклюзивті білім беруге жағымды көзқарасын қалыптастыру, ересектердің «ерекше балаларға» ұстанымын өзгерту болып табылады.

Білім алушылардың оқу жетістіктерін бағалау

Жаңартылған білім мазмұнына өтуге байланысты 1, 2, 5, 7 сыныптардағы білім алушылардың оқыту нәтижелерін бағалауда оқу жетістіктерін бағалау жүйесі қолданылады.

Мүмкіндігі шектеулі білім алушыларды бағалау кезінде ҚР МЖБС-да көрсетілген білім алушылардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптарға бағдарлануы қажет. Алайда, кейбір білім алушыларда бағдарламаны меңгеру мерзімі ұзағырақ, оның нәтижесінде олар қалыпты дамыған балалардың бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру деңгейіне сәйкес келетін деңгейге жетеді.

Білім беру саласында мүмкіндігі шектеулі балалардың құқықтары және олар орындауы қажет міндеттері тең болуы маңызды. Осы орайда, олардың жетістіктерін бағалаудың негізгі мазмұны шектеуді, яғни бұзылысты (көру, есту, сөйлеу, тірек-қимыл аппараты, әлеуметтік-эмоциялық сала) ескере отырып, қалыпты дамыған құрбыларымен бірдей болуы қажет. Бұл жағдайда бағалануы керек:

– арнайы оқу дағдыларының қалыптасқандығы, мысалы, көру бұзылыстары бар балалардың Л. Брайль шрифті мен меңгеріп және/немесе тегіс баспалы шрифтпен жазу мен оқу;

– білім беру салалары бойынша құзырет: ауызша және жазбаша коммуникацияны қолдану, саналы оқу мен жазуға қабілетті болу; математикалық білімнің элементтерін практикалық қолдану іскерлігі, олардың өмірге қажетті мәнін түсіну және т.с.с.;

– әлеуметтік-тұлғалық нәтижелерді бағалау: өз күшін адекватты бағалай алу, физикалық жүктемеде, медициналық препараттарды қолданғанда, аз таныс заттық-кеңістіктік ортада (бөлмеде, көшеде) өз бетінше қозғалу кезінде ненің болатынын және болмайтынын түсіну.

Жалпы білім беретін мектептің ерекше білім беруге қажеттілігі бар түлектері, оның қатарында есту, көру қабілетінде, тірек-қимыл аппаратында бұзылыстары бар және күрделі тіл кемістігі бар, психикалық дамуы тежелген түлектер алған білім деңгейін растайтын мемлекеттік үлгідегі құжат алады.

Білім беру ресурстары мен технологиялары

Қазақстанда инклюзивті білім беруді ғылыми-әдіснамалық және оқу-әдістемелік қолдау мақсатында бірқатар әдістемелік ұсынымдар мен құралдар әзірлену үстінде. Ы. Алтынсарин атындағы ҰБА әзірлеген ғылыми-әдіснамалық

және оқу-әдістемелік ресурстар академияның сайтында мына сілтеме бойынша қолжетімді <http://nao.kz/blogs/fromorg/2/22>:

1. Қазақстан Республикасында инклюзивті білім беруді дамытудың тұжырымдамалық тәсілдері.

2. Инклюзивтік білім беруде әдіснамалық және оқу-әдістемелік сүйемелдеу бойынша тәсілдеме ұстанымдарын табысты ендірудің әлемдік тәжірибесін талдау.

3. Мүмкіндіктері шектеулі балалардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі бойынша әдістемелік ұсынымдар.

4. Ерекше оқыту қажеттіліктеріне қарай қысқа мерзімдік, орташа мерзімдік және ұзақ мерзімдік негізде оқушыларға психологиялық-педагогикалық қолдау көрсету. Әдістемелік ұсынымдар.

5. Ерекше қажеттіліктері бар балаларды жалпы білім беру процесіне енгізу үлгілерін дайындау. Әдістемелік ұсыныстар.

6. Білім беру ұйымдарының тәжірибесіне инклюзивтік педагогика мен енгізу жүйесінің қағидаларын дайындау. Әдістемелік ұсынымдар.

7. Инклюзивті білім беру жағдайында қызмет ететін мұғалімдердің кәсіби құзіреттіліктеріне қойылатын талаптарды дайындау бойынша әдістемелік ұсынымдар.

8. Мектептік консилиумдар құру және ерекше қажеттіліктері бар балаларға интенсивті, кең және арнайы қолдау көрсету.

9. Инклюзивті білім беру жағдайында ерекше қажеттіліктері бар оқушылардың оқу жетістіктерін критериалды бағалау жүйесі

10. Жалпы білім беретін мектептерде арнайы сыныптардың жұмысын ұйымдастыру

11. Инклюзивтік білім беру жағдайында 8 санат бойынша ерекше білім беруде қажеттіліктері бар балалардың оқытуын ұйымдастыру

12. Білім беру ұйымдарындағы психологиялық-педагогикалық консилиум ережесі

13. Инклюзивті білім берудің Ресурстық орталығының ережесі.

10 ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАЛПЫ БІЛІМ БЕРЕТІН МЕКТЕПТЕРІНДЕГІ БАЛАЛАРҒА ҚОСЫМША БІЛІМ БЕРУДІҢ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қосымша білім беру – білім алушылар мен тәрбиеленушілердің жан-жақты қажеттіліктерін қанағаттандыру мақсатында жүзеге асырылатын тәрбиелеу мен оқыту процесі («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 39-бабының 1-тармағы).

Білім алушылардың жан-жақты қажеттіліктері балаларға қосымша білім берудің әлеуметтік-педагогикалық, көркем-эстетикалық, музыкалық, ғылыми-техникалық, туристік-өлкетану, экологиялық-биологиялық, әскери-патриоттық, спорттық-сауықтыру, жобалық-зерттеу және басқа да бағыттары бойынша қамтамасыз етіледі.

Қосымша білім берудің білім беретін оқу бағдарламалары бойынша білім беру қызметтерін білім алушыларға бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары көрсетеді және шарттық негізде ұсынады («Білім туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 37-бабының 1-тармағы

Республикада балаларға қосымша білім беру тиімділігін қамтамасыз ету үшін келесі заңнамалық және нормативтік құқықтық актілер іске асырылады:

«Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңы (1, 4, 5, 6, 11, 14, 23, 28, 37, 51, 52, 63, 65-баптары);

«Балаларға арналған қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдары қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР Үкіметінің 2013 жылғы 17 мамырдағы № 499 қаулысы;

«Балаларға арналған қосымша білім беру ұйымдары түрлерінің қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2013 жылғы 14 маусымдағы № 228 бұйрығы;

«Балалар музыка мектептерінің, балалар көркемөнер мектептерінің және балалар өнер мектептерінің үлгілік оқу жоспарлары мен бағдарламаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ-нің 2011 жылғы 29 желтоқсандағы № 543 бұйрығы;

Республикадағы жалпы білім беретін мектептердегі балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері 2017-2018 оқу жылдарында жалпы орта және қосымша білімнің мейлінше тығыз ынтымақтасуының қажет екендігін көрсетіп отыр.

Заманауи мектептердің мазмұны мен технологияларындағы өзгерістердің инновациялық сипаты қосымша білім беру есебінен күшейтілуі мүмкін, себебі қосымша білімнің сипаты қызметтің түрін таңдаудағы еркіндікті, білім алушылардың жоғары деңгейдегі уәждемелін болжайды, яғни тұлғаның өзін шынайы шығармашылық танытуын болжайды.

Жаңа ұрпақтың білім беру стандарттарын енгізу жағдайында балаларға қосымша білім беруді негізгі жалпы білім беру бағдарламаларының құрамына енгізудің өзектілігі мектепте алған білім, білік және дағдыларын практика жүзінде қолдануға итермелейтін, білім алушылардың танымдық уәждемелерін

ынталандыратын жалпы білімнің құрамдас бөліктерінің вариативтілігін күшейту қажеттілігімен байланысты болып отыр.

Жалпы орта және балаларға арналған қосымша білімнің ынтымақтасуы заманауи педагогикадағы күрделі мәселелерді - тәрбиелеу, оқыту және дамыту процестерін жақындастыруға көмектеседі.

Аталған бағытты дамытудың қажеттілігі біртұтас білім беру кеңістігін сақтауға негізделеді.

Мектептегі сабақтың оқу сабақтарын өткізу процесінде қосымша білімге тән технологияларды пайдалануға болады. Бұл кешенді сабақтар, оқу жобалары, дискуссиялық технологиялар, ойындар болуы мүмкін. Әдетте, ол сабақтан тыс, тікелей мұғалімнің қадағалауымен өтетін білім алушылардың өз беттерімен жасаған жеке немесе ұжымдық қызметтерін қарастырады. Мектептегі сабақ оқу сабағы аясында қосымша білім беру бағдарламаларын іске асыру процесі кезінде материалдың мазмұнын кеңейту және тереңдету деңгейінде, сондай-ақ мектеп сабағының жеке элементтерін сабақтан тыс қызметтің түрлі формаларында қарастыру есебінен де өз жалғасын табуы мүмкін.

Мектептерде сабақтан тыс жұмыстарды ұйымдастыруда пәндік үйірмелер мен секциялар маңызды орын алады. Бұл бір жағынан – пән бойынша сабақтан тыс жұмыс, ал екінші жағынан – қосымша білімнің бөлігі.

Қосымша білім беру тұлғаның нақты жас кезеңі жағдайындағы ерекшеліктеріне байланысты білім берудің әр деңгейі үшін өзінің мазмұнды модулін ұсына алады:

мектепке дейінгі білім деңгейінде – мектеп алды даярлық;

бастауыш білім деңгейінде – білім алушылардың көзқарастарын меңгеруге көмек: түрлі оқу қауымдастықтарына қосу;

негізгі орта білім деңгейінде – тұлғаның өзін-өзі анықтау процесін қолдау: түрлі қызмет салаларындағы маңызды спекторды кеңейту және оларды шешу тәжірибелерін алу;

жалпы орта білім деңгейінде – білім алушылардың өзін өзі кәсіби анықтау процесін сүйемелдеу, кәсіби бағдарлануды қамтамасыз ету.

Мектепте балаларға қосымша білім беруді дамытудың негізгі ерекшеліктері:

1) *білім беру құндылықтарын жағымды қабылдау және оның мазмұнын тиімді меңгеру үшін кең жалпы мәдени және эмоциялық-боямды орта құру;*

2) *«жалықтырмайтын» тәрбиені іске асыру - балаларды қызметтің тұлғалық маңызды шығармашылық түрлеріне қосудың арқасында, осы процесте өскелең ұрпақтың адамгершілік, рухани, мәдени бағдарларының «байқаусыз» қалыптасуы өтеді;*

3) *балаларға қосымша білім беру ұйымдарында өздерінің қабілеттерін іске асыру үшін қызметтің осы немесе басқа түріне ерекше қызығушылық (көркемдік, техникалық, спорттық және басқа) білдіретін білім алушылардың бағдарлануы;*

4) *білім алушылардың жеке білім жолын анықтауға, өмірлік және кәсіби жоспарларын нақтылауға, маңызды жеке қасиеттерін қалыптастыруға*

қажетті негізгі білімдеріндегі қандай да бір оқу курстарының болмауына байланысты олардың орнын толтыру.

«Мәңгілік Ел» жалпыұлттық идеясын іске асыру жағдайларында қосымша білім беру педагогтерімен және мектеп мұғалімдерімен атқарылатын жұмыстар білімді, дамыған көшбасшы қабілеттеріне ие, таңдау кезінде өз бетінше шешім қабылдай алатын, ынтымақтастыққа және мәдениет аралық әрекеттестікке қабілетті, өз халқының тағдыры үшін жауапкершілік сезімі бар адамды қалыптастыруға бағытталуы тиіс.

Біздің балаларымыздың ұлттық идеология рухында, мәдени дәстүрлерде тәрбиеленгендігі маңызды. Идеологиялық құраушы барлық өткізілетін іс-шараларда болуы тиіс.

Қосымша білім беру педагогтеріне және мұғалімдеріне республикалық көрмелердің әдістемелік қорына белсенді жүгіну, кәсіби қызметтерінде көрмелік материалдарды пайдалану ұсынылады.

Мектептің балалар фольклорлық ұжымдарының педагогтеріне қазақ халқының ұлттық ерекшеліктері мен салт-дәстүрлерін зерттеу бойынша, әншілік, бишілік, халық қолөнері және тағы сол сияқты өңірлік фольклорлық дәстүрлерді сақтау және дамыту бойынша жұмыс жүргізуді жалғастыру ұсынылады. Сабақ барысында білім алушыларға халқымыздың адамгершілік құнды бағдарларын түсіндіруге ерекше ден қою қажет, олар: әйелдерге-аналарға деген құрмет, үлкендерге деген ізет, еңбекқорлық, әлеуметпен және табиғатпен және басқалармен үйлесімде өмір сүруге талпыну.

Театр шығармашылығы бірлестіктерінің педагогтеріне балалар театр шығармашылығы дамуының заманауи үрдістерін, театрдың интерактивті түрлерін дамытуды ескере отырып, жоғары адамгершілік мазмұнды драматургиялық материалдарды іздеуге көп көңіл бөлгендері жөн.

Бейнелеу және сәндік-қолданбалы шығармашылығының мектеп үйірмелері мен бірлестіктерінің педагогтеріне шығармашылық мәдениетін дамыту, әсемдік сезімін тәрбиелеу бойынша жұмыстарды жалғастыру қажет.

Тәжірибе көрсетіп отырғандай, **бейнелеу өнері, хореография, музыкамен** айналысу рухани-адамгершілік ағартудың қуатты механизмі болып табылады. Бірқатар дербес байқаулар мен көрмелердің құрылымы **«Өнер арқылы - бірлікке және өзара түсіністікке»** атты келесі номинациялар бойынша жалпы идеямен біріктірілген болуы мүмкін:

1) **«Ұлттық салт-дәстүрлер мен әдет-ғұрыптар»** (байқау қатысушылары ұлттық әдет-ғұрыптың сипаттамасын ұсынады немесе көрсетеді, сондай-ақ өз халқының салт-дәстүрлерін айтып береді);

2) **«Ұлттық әндер, поэзия, ойындар мен билер»** (байқау қатысушылары фольклор шығармаларын ана тілінде орындайды, биді, сондай-ақ ұлттық және халықтық ойындарды көрсетеді);

3) **«Ұлттық киім»** (ұлттық киімді немесе оның бөліктерін көрсету. Оның тарихын, символикасын және аталған бұйымды жасау тәсілдерін аңгімелеуіне болады);

4) **«Дәстүр ордасы»** сәндік-қолданбалы шығармашылық (осы номинацияның байқау бағдарламасына шығармашылық жұмыстардың

авторлары және отбасы жәдігерлерін сақтаушылар қатысады (ұлттық ойыншық, кесте, тігін, құрақ құрау, тоқыма, өру, моншақ, ағаштан ою, қыш және т.б.). «Кішкентай кереметтер» балалар және отбасылық жұмыстардың көрмесі);

5) «Ұлттық асхана тағамдары» (байқау қатысушылары дайындаған тағамдарын ұсынып, осы тағамға байланысты ұлттық дәстүрлерді айтып берулері керек, сондай-ақ ұсынған тағамдардың жасау жолдарын көркемдеп ресімдейді);

б) «Отбасы альбомы» шығармашылық жобасы (байқау қатысушылары өз тегінің өкілдері туралы әңгіме дайындайды. Әңгіме фото суреттерді, бейнежазбаларды, хаттарды, жазба күнделіктерін, басылымдарды, отбасы мүшелерінің шығармашылық жұмыстарын және үйде сақталған қызықты тарихы бар ерекше заттарды көрсетумен сүйемелденуі мүмкін);

7) «Біз – Қазақстандықтармыз» бейнежобасы және басқалары.

Туризмде үлкен рухани-адамгершіліктік әлеует жатыр. Экскурсиялық қызметті ұйымдастыру балаларды өз халқының, өз елінің тарихына, мәдени мұрасына тартуға ықпал етеді. Оқушылардың туристік-өткетану экспедициялары аясында жыл сайын жаяу, шаңғылы, су, велосипед жорықтары, сан түрлі бағдарлар бойынша экспедициялар мен экскурсиялар өткізген жөн.

«Туған өлкенің көрікті жерлерінен – Қазақстанның киелі жерлеріне», «Ұлы Дала Елі», «Қазақстан – менің алтын бесігім», «Сенің өмірдегі бірінші асуың», «Алтын компас» және басқа тақырыптарда, жергілікті табиғат және тарихи ескерткіштерден бастап Еліміздің астанасы – Астана қаласына және елдің басқа да өңірлеріне дейін оқушылардың экскурсиялары мен экспедицияларын ұйымдастыруды белсендіру маңызды.

Жаңа оқу жылында еліміз үшін ең маңызды оқиға «ЭКСПО-2017» халықаралық көрмесіне ерекше назар бағытталуы керек.

Сынып жетекшілеріне, қосымша білім педагогтеріне жас өлкетанушылар, экологтер мен табиғат танушылар арасында «Болашақтың энергиясы» ұранымен сабақтар топтамасын өткізу ұсынылады. Мұндай іс-шараны өткізудің формалары алуантүрлі («Жасыл планета», «ЭКСПО – 2017 балалардың көзімен» көрмелері, «ЭКСПО туралы менің көзқарасым» суреттер байқауы, «Ландшафты дизайн», «Екінші өмір», «Туған өлкенің биотүрлерін сақтаймыз және дамытамыз», «Денсаулық және қоршаған орта», «Жасыл экономика» және басқа номинациялар бойынша әлеуметтік маңызы бар зерттеу жобалары).

Мұндай ісшаралар балаларды жастайынан өзекті мәселелер туралы білім алуларын ғана емес, сондай-ақ оларды жаңа көріністерге тарта отырып, балалар үшін карьералық перспективаларды ашуды қамтамасыз етеді.

Қазақстан Республикасындағы жалпы орта білім беретін мектептерде аптаның алтыншы күні (сенбі) тәрбие процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері.

Республиканың жалпы білім беретін мектептеріне 1-сыныптан бастап (2016-2017 – 1 сынып; 2017-2018 – 2, 5 және 7 сыныптар; 2018-2019 – 3, 6, 8 және 10 сыныптар; 2019-2020 – 4, 9, 11 сыныптар) біртіндеп бес күндік аптаны

енгізуіне байланысты, алтыншы күннің (сенбі) тәрбие процесіне ерекше рөл беріліп отыр, ол білім беру жүйесінің барлық деңгейлеріндегі барлық педагогикалық процестің бөлігі болуы қажет.

5 күндік оқу аптасына ауысу кезінде білім алушының бос уақыты ұлғаяды. Сенбі күніндегі оқу-тәрбие процесін ұйымдастырудың негізі қосымша білім болуы қажет.

Сабақтан тыс уақытта, оның ішінде сенбі күні балалардың бос уақытын толық қамту үшін *пән мұғалімдерінің* әлеуеттерін тиімді пайдалану қажет.

Пән мұғалімдері қызығушылықтарына қарай үйірмелерді, секцияларды, студияларды, клубтарды жүргізе, сондай-ақ өз бейіндері бойынша сабақтан тыс уақытта танымдық, байқау, ойын-сауық бағдарламаларын, экскурсияларды және басқаларын ұйымдастыра алады. Мысалы, физика пәнінің мұғалімі «Қызықты физика», «Робототехника», техникалық шығармашылық үйірмелерін жүргізе алады (көлік, әуе, кеме және тағы басқа техника түрлерін үлгілеу).

Яғни, педагог күннің бірінші жартысында пән бойынша мұғалім болып, ал екінші жартысында қосымша білім беру педагогі болып қызмет атқарады.

Осыған байланысты, жергілікті атқарушы органдар жалпы орта білім беру ұйымдары мен қосымша білім берудің мектептен тыс ұйымдары үшін *қосымша білім беретін педагогтер мен педагог-ұйымдастырушылардың қосымша штаттық бірліктерін* қарастырады.

Сонымен қатар, сенбі білім алушылардың кәсіптік бағдар күні болып жариялануда: **екінші және төртінші сенбілер жоғары оқу орындары мен колледждердің кәсіптік бағдар жұмыстарын жүргізуі үшін ашық болады.**

Осыған байланысты жергілікті атқарушы органдар мемлекеттік-жеке меншік серіктестік аясында білім беру және құқықтық тәрбие беру саласындағы басты бағыттардың бірі ретінде балалардың бос уақыттарын қамту бойынша кешенді шаралар қабылдауы қажет, нақтырақ айтқанда:

қауіп-қатер тобындағы жасөспірімдерді қарау үшін қосымша білім беру мұғалімдері мен педагогтері арасынан қоғамдық тәрбиешілер-тәлімгерлерді бекіту;

аула және мектеп жанындағы клубтарды ашу үшін бос тұрған ғимараттарды тиімді пайдалану;

балалар туристік базаларын, сыртқа шығу және жаяу өлкетану туристік жаңа маршруттарын және т.б. ашу.

Жалпы білім беретін мектептердегі алтыншы күнді (сенбі) өткізу туралы ұсынымдар.

Алтыншы күннің (сенбі) басты мақсаты – сенбі күндері оқушының әлеуметтік, моральді қалыпты, шығармашылық тұлғасын қалыптастыруға және оны сауықтыруға бағытталған білім алушылардың пайдалы бос уақытын қамтамасыз ететін тұтас білім беру жүйесін құру.

Алтыншы күннің (сенбі) негізгі міндеттері:

- қосымша білім беруде оқушылардың қажеттіліктері мен қызығушылықтарын барынша қанағаттандыру;

- балалар мен жасөспірімдер бірлестігінің қызметі үшін жағдай жасау, мектептегі өзін-өзі басқаруды жетілдіру;

- білім алушылардың бос уақыттарын барынша қамту есебінен жеткіншектер арасындағы құқықбұзушылық пен қылмыстарды тиімді алдын алу шараларын қамтамасыз ету;

- «отбасы-мектеп-әлеумет» байланысын нығайту;
- салауатты өмір салтын қалыптастыру болып табылады).

Алтыншы күннің (сенбі) **негізгі бағыттары:**

- зияткерлік;
- патриоттық жән азаматтық-құқықтық;
- адамгершілік-рухани;
- ұлттық тәрбие;
- экологиялық, экономикалық;
- спорттық-сауықтыру;
- ақпараттық мәдениет;
- көп салалы мәдениеттілік (шығармашылық, көркемдік-эстетикалық және мәдени-танымдық);
- білім алушылардың кәсіби бағдары (әр айдың екінші, төртінші сенбісі бола алады).

Бес күндік оқу жағдайында алтыншы күн (сенбі) оқушылардың денсалығын сақтауға, білім алушылардың, сондай-ақ мұғалімдердің өздігінен білім алуға және дамуға уақытын көбірек бөлуге бағытталуы қажет және балалардың қызығушылықтарын ескеріп, сондай-ақ оларды ұжымдық және жеке тақырыптық ғылыми-зерттеушілік және шығармашылық жобаларды іске асыруға араластыру арқылы балалардың шығармашылық әлеуетін дамытуға бағытталуы қажет.

Бұл Күн түрлерінің, формаларының және балалардың жалпы мәдени, көркемдік, әлеуметтік, тұрмыстық, кәсіби және басқа да қызығушылықтары негізінде бағыттарының түрлі болуымен, оған педагогтер мен ата-аналардың мейлінше көп жұмылдырылуымен сипатталады.

Жұмыстың формалары білім алушының сабақтан тыс қызметін шектелмеуі қажет (*музыка, аспаздық, спорт, фестивальдар, олимпиадалар, «Алло, біз таланттарды іздейміз» байқаулары, жарыстар, КТК, қашықтықтан өткізілетін бағдарламалар, театрларға, мұражайларға, кинотеатрларға, дәрістерге бару, «Бәрін білгім келеді» балалар журналдарын әзірлеу және басып шығару және т.б.*).

Сенбі күні мектепте **білім алушыларға арналған келесі іс-шаралар** өткізілуі мүмкін:

факультативтер, дайындық курстары, пәндік олимпиадалар, танымдық, байқау-көңіл көтеру бағдарламалары, экскурсиялар, мәдениет мекемелері мен мектептен тыс жұмыс орталықтарына бару, тақырыптық би кештері, спорттық жарыстар, бейін бойынша іс-шаралар, қызығушылықтары бойынша мектеп студияларының, клубтарының жұмысы, спорттық секциялар, үйірмелер:

- *журналистика*, жас репортер немесе редактор жазбаша және ауызша жанрда өз күшетірін сынап көреді;

- *психология*, ол жерде балаларды өздерін дұрыс түсінуге, қоршаған ортамен араласуды, өз қабілеттерін дамытуды және кемшіліктерін жеңуді үйретеді;

- *тарихи-археологиялық*, теорияны мұражайларға барумен оқуды, жорықтарда жергілікті жерлерді зерттеумен үйлестіреді;

- *техникалық шығармашылық*, пайдаланушының компьютерді, компьютерлік техниканы, IT-технологияларды, робототехниканы қолданудың бүгінгі таңда қажетті дағдыларын меңгеруге бағытталған;

- үштілділік жағдайындағы *шет ел тілдері*;

- қисынды ойлауды, ден қоюды, өз бетінше әрекет етуді және т.б. дамытуға арналған *шахматтық үйірмелер*.

Бұл өз кезегінде қызмет түрін ауыстыруды қамтамасыз етіп қоймай, сондай-ақ стилін, араласу ортасын, қоршаған жағдайды өзгертуді қамтамасыз етеді. Алтыншы күнді (сенбі) жүргізу үшін еңбекке баулу, бейнелеу өнері және дене шынықтыру пәндерінің бос мұғалімдерін жұмылдыруға болады.

Мұғалімдерге арналған ісшаралар: кәсіби байқаулар, сынып жетекшілерінің шығармашылық есеп берулері, мұғалімдердің әдістемелік бірлестіктерінің презентациялары мен есептері, тренингтер, көркемдік қолдан жасалған бұйымдардың байқаулары, мектептің психологиялық қызметінің кеңестері, мектеп жобалары: «*Сенбілік қарқын*», «*Қосымша білім күні*», «*Бос уақытты бірге өткізу күні*», «*Мектеп сенбісі*», «*Шығармашылық және дамыту күні*» және т.б.

Ата-аналарға арналған ісшаралар: ата-аналардың құқықтық жаппай оқуы, мектептің психологиялық қызметінің кеңесі, спорттық жарыстар, психолог және пән мұғалімдерімен бірге өткізілетін бейіндік іс-шаралар, дәрігерлермен, дін өкілдерімен, мемлекеттік емес ұйым өкілдерімен кездесу.

Алтыншы күнді (сенбі) ұйымдастыру барысында педагогтер білім алушылармен бос уақытты өткізу және дамыту қызметтері үшін қаланың, ауданның әлеуметтік мәдени мүмкіндіктерін белсенді түрде пайдалана алады.

Сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестіктерінің пән мұғалімдерімен және мектептегі өзін-өзі басқару органдарымен бірлесе отырып, мектептің алтыншы күнінің жоспарын әр тоқсан сайын әзірлеп отырғандары жөн. Осы күннің барлық іс-шаралары педагог-ұйымдастырушы немесе сынып жетекшісі толтырып отыратын келіп-кету журналының есебінде тіркеліп тұруы қажет. Келіп-кетуді есептеуді бақылау мектеп әкімшілігіне, яғни директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарына жүктеледі. Алтыншы күннің (сенбі) қорытындысы директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасарының қатысуымен өтетін жиналыстарда апта сайын қарастырылуы қажет.

Осылайша, жалпы білім беретін мектептерде балаларға қосымша білім беру ресурстарын қолдану біртұтас білім беру кеңістігі аясында білім алушылардың әлемді тұтас қабылдауын қалыптастыруға, тұлғаның жеке

қызығушылықтары мен қажеттіліктерін дамытуға жағдай жасауға мүмкіндік береді

11 ПИЛОТТЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА БАСТАУЫШ МЕКТЕПТІҢ ОҚУ БАҒДАРЛАМАЛАРЫН АПРОБАЦИЯДАН ӨТКІЗУ ТУРАЛЫ

Қазақстан Республикасындағы білім беру мен ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымымен бірлесе отырып, жаңартылған білім мазмұнын еліміздің жалпы білім беретін мектептеріне тарату бойынша жұмыстар жалғасуда.

2017-2018 оқу жылында 30 пилоттық мектептердің 3-сыныптарында Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының, білім мазмұны жаңартылған Үлгілік оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларының, байқау оқулықтары мен оқу-әдістемелік кешендерінің, оқу жетістіктерін бағалаудың критериалдық жүйесінің апробациясы, эксперимент режимінде оқыту сапасына тұрақты түрде мониторинг жүргізу жалғасын табады.

Апробацияны жүргізу мыналарға бағытталған:

- әзірленген білім сапасын бағалау жүйелерін, критериалды бағалау жүйесін, оқытудың жаңа әдіс-тәсілдерін тәжірибелі тексеру және жетілдіру;
- жаңартылған білім беру мазмұны аясында әзірленген оқу-әдістемелік кешендерді (ОӘК) және сандық білім беру ресурстарын енгізу;
- жаңа пәндерді енгізу және пәндер бойынша оқу бағдарламаларын жетілдіру бойынша түпкілікті нәтижелерді алу.

Жаңартылған білім беру мазмұнының апробациясы мониторингпен бірге жүреді, өйткені жалпы білім беретін мектептерге одан кейінгі енгізу жаңа енгізілімдердің тиімділігін анықтау үшін алдын ала жүргізілген зерттеу жұмыстарының негізінде жүзеге асырылуы тиіс. Апробация процесі кезіндегі мониторинг барысында оқу жылы бойында жинақталған ақпарат тез арада тиісті шаралар қабылдауды талап ететін проблемаларды, сондай-ақ шешу үшін көп уақыт пен деректерді қажет ететін мәселелерді (білім берудің белгілі бір деңгейі аяқталғанға дейін) анықтау және талдау үшін пайдаланылатын болады. Деректер оқу процесін ұйымдастыруды, оқу бағдарламалары мен оқу жоспарларының, бағалау жүйесінің, оқулықтар мен оқу-әдістемелік кешендерінің құрылымы мен мазмұнын, мұғалімдер мен мектеп басшыларының біліктілігін арттыру курстарының мазмұнын жетілдіру бойынша шешімдерді қолдау үшін пайдаланылады.

3-сыныптың оқу бағдарламалары оқушылардың нақты оқу мақсаттарына қол жеткізуіне бағдарланған және білімнің белгілі бір көлемін меңгеруді, сондай-ақ оларды оқудағы және өмірдегі проблемаларды шешуде қолдану дағдыларын дамытуға бағытталған.

Пән мазмұнын жобалаудың «шиыршық» принципі бойынша 3-сыныптағы оқу материалдары біртіндеп тігінен де, көлденеңінен де кеңейіп, қарапайымнан күрделіге көшіп отырады.

Бұл орайда, барлық бағдарламалар білім алушыларға қазақстандық патриотизм және азаматтық жауапкершілік, құрмет, ынтымақтастық, еңбек

және шығармашылық, ашықтық, өмір бойы білім алу сияқты ұлттық және жалпыадамзаттық құндылықтарды меңгертуге бағытталғанын ескеру қажет.

Пилоттық мектептердің 3-сыныптарында Қазақ тілі (Т1), Әдебиеттік оқу, «Математика», «Жаратылыстану» (жаратылыстану ғылымдарының негіздері), «Дүниетану» (қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарының негіздері), «Қазақ тілі (Т2)», «Русский язык (Я2)», «Ағылшын тілі» (тілдерді деңгейлеп оқыту), «Өзін-өзі тану», «Көркем еңбек», «Музыка», «Дене шынықтыру» оқу пәндерін оқыту жалғастырылады.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» (АКТ) жаңа пәні енгізіледі.

Оқу пәндері мазмұнының әдістемелік ерекшеліктері

Тілдік оқу пәндері. Қазақ тілді емес мектептерде қазақ тілін, орыс тілді емес мектептерде орыс тілін және ағылшын тілін деңгейлік оқыту.

3-сыныпта тілдік пәндерді оқытудың ерекшелігі коммуникативтік тәсілді жүзеге асыру болып табылады.

Коммуникативтік дағдыларды ортақ тақырыптарды оқыту барысында қалыптастыру қажет:

- Жанды табиғат
- Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен (Жарық пен қараңғы)
- Уақыт
- Сәулет өнері
- Өнер
- Атақты тұлғалар
- Су – тіршілік көзі
- Демалыс мәдениеті. Мерекелер

Коммуникативтік тәсіл 3-сынып білім алушыларының оқу сауаттылығын дамытуға бағытталған, яғни жазбаша мәтіндерді түсіну және оларға рефлексия жасау қабілетін дамыту, олардың мазмұнын өз мақсаттарына қол жеткізу үшін пайдалану, білімдерін және мүмкіндіктерін арттыру, қоғам өміріне белсенді қатысу. Базалық оқулықта, сондай-ақ қосымша ресурстарда (басқа да баспалардың пайдалануға ұсынылған оқулықтары, оқу-әдістемелік кешендері, хрестоматиялары және т.б.) ұсынылған әртүрлі жанрдағы мәтіндер осы мақсатта пайдаланылады.

3-сыныпта тілдерді оқыту барысында сөйлеу қызметінің төрт: тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым дағдысын дамытуға арналған осы тәсілді күшейту қажет. Екінші, үшінші тілдерді оқытудың оңтайлы тұстары сөздік қорын кеңейтуге, кіріктірілген тілдік тақырыптардың аясында коммуникативтік дағдыларды жетілдіруге мүмкіндік беретін бірыңғай сөйлеу-тақырыптық режимін енгізу болып табылады. Пәндерді оқыту CEFR (Шет тілдерін меңгерудің жалпыеуропалық құзыреттілігі) сәйкес жүзеге асырылады;

«Қазақ тілі» және «Әдебиеттік оқу» пәндерін оқыту сөйлеу қызметінің төрт түрін (тыңдалым, айтылым, оқылым және жазылым) меңгеруге; лексика, фонетика, грамматика туралы алғашқы білімді дамытуға; сауатты жазу мен оқу білігін меңгертуге; білім алушылардың сөйлеуін жетілдіруге; оқығанның

мазмұнын түсінуге, негізгі ойды бөліп көрсету білігін, саналы түрде оқуды дамыту мен қалыптастыруға; халық ауыз шығармашылығының түрлі жанрлары мен әдеби шығармалар туралы алғашқы білім беруге бағытталған.

3-сыныпта «Қазақ тілі» пәні аптасына 4 сағаттан оқытылып, оқу жылында 136 сағатты құрайды; ал «Әдебиеттік оқу» 3 сағаттан оқытылып, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

71-кесте – 3-сыныпта жазба жұмыстарының түрлері және көлемі

Жұмыс түрлері	3-сынып	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық
Сөздік диктант	7-9 сөз	9-12 сөз
Диктант	35-45 сөз	45-50 сөз
Көшіру	35-45 сөз	45-50 сөз
Мазмұндама	60-65 сөз	70-80 сөз
Шығарма	35-40 сөз	45-55 сөз

Мазмұндама мен шығарма үйрету сипатында болады. Оқу қарқыны (жылдамдығы) оқу тәсілімен, түсінуімен және мәнерлілігімен байланысты екенін және сол арқылы оқу дағдысының толыққанды қалыптасатынын есте сақтау қажет.

72-кесте – 3-сыныпта оқу дағдысы қалыптасуының шамалық нормалары

Сынып	Міндетті деңгей	
	I жартыжылдық	II жартыжылдық
3-сынып	60 сөз және одан артық	65 сөз және одан артық

Ескерту: Шылау, одағай, еліктеу сөздер, қос сөздер жеке сөз ретінде саналады.

Сондай-ақ, оқушының оқу жылдамдығы бағаланбайтынын, тек оқу дағдысы қалыптасуының алгоритмін құрудың критерийі болып табылатынын есте сақтау маңызды.

Сабақта көлемді оқу мақсаттарының бір бөлігі ғана қолданылуы мүмкін. Оқу мақсаттары бір тоқсанның ішінде сөйлеу әрекетінің түрлері бойынша қиылысады.

«Жаратылыстану» оқу пәні білім алушылардың бастапқы ғылыми білім деңгейін «Адам – Табиғат» жүйесінде қалыптастыруға бағытталған. «Жаратылыстану» оқу пәнінің сабақтарында білім беру процесі білім алушылардың табиғи қызығушылығын дамытуға, қоршаған әлемді ғылыми түсінуі мен көруін қалыптастыруға бағытталуы тиіс. Бұл – «География»,

«Биология», «Физика» және «Химия» оқу пәндерін меңгеруге бағытталған кіріспе курс. Бұл курс оқудың келесі деңгейлерінде кез келген білім саласы үшін маңызды болып табылатын зерттеушілік дағдыларының негізін қалайды.

3-сыныпта «Жаратылыстану» оқу пәні аптасына 2 сағаттан оқытылып, оқу жылында 68 сағатты құрайды.

«Жаратылыстану» пәнін оқыту оқу мақсаттарын іске асыруда әрекеттік тәсілді көздейді. Мысалы, «Деректерді алу және ұсыну» дағдысын дамыту мақсаттары бойынша 3-сыныптың білім алушысы қарапайым экспериментті жоспарлауы және жүргізуі тиіс.

3-сынып білім алушыларының жаратылыстану-ғылыми сауаттылығының негіздерін іздеу-зерттеу әрекетінің барысында дамыту қажет.

Бақылау және экскурсия сияқты оқыту түрлерін белсенді қолдана отырып, білім алушылардың әлемді сенсорлық қабылдауын дамыту және зерттеушілік дағдыларын қалыптастыруға болады.

Сондай-ақ, 3-сыныпта білім алушылардың алған білімдерін қоршаған әлемнің құбылыстарын түсіну үшін қолдану, ғылымды адам өмірінің сапасын жақсарту құралы ретінде ұғыну, күнделікті өмірде білімді өмір қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін қолдану маңызды.

Мұғалім қарапайым зерттеулерді жүргізу барысында білім алушылардың сын тұрғысынан ойлауын дамытуға, ғылыми ақпаратты қабылдай және интерпретациялай білуін дамытуға назар аударуы керек.

«Дүниетану» оқу пәні қоғамдық-гуманитарлық ғылымдарына кіріспе курс бола отырып, 3-сыныпта Қазақстан тұрғындары өмірінің әлеуметтік, моральдық, шығармашылық және коммуникативтік жақтарының жалпы бейнесін көрсетеді, өзі, үйі, отбасы мәселелері негізінде білім алушыларда қоршаған орта туралы түсініктерін дамыта түседі.

«Дүниетану» оқу пәні аптасына 1 сағат, оқу жылында – 34 сағат оқытылады.

3-сыныпта тарихты білу және түсіну Қазақстанның тарихи және қазіргі заманғы оқиғалары, олардың себептері, динамикасы, сабақтастығы туралы білімді меңгеруі арқылы, білім алушылардың әртүрлі дерек көздерімен жұмыс істеу, гипотезалар ұсыну, қорытындылар жасау біліктері арқылы қамтамасыз етілуі тиіс.

Географияны білу және түсіну білім алушылардың қоршаған ортаны танудың ғылыми негіздерін меңгеруі арқылы, олардың бастапқы картографиялық дағдыларының дамуы арқылы қамтамасыз етіледі.

Қоғам туралы білім алу және қоғамның даму заңдары туралы түсінік қалыптастыру, ең алдымен, білім алушылардың әлеуметтік ортада қауіпсіздік ережелерін және жалпыға бірдей мінез-құлық нормаларын сақтаудың маңыздылығын түсінуі екенін мұғалімнің ескеруі өте маңызды.

3-сынып білім алушыларының жұптық, топтық жұмыс істеу дағдыларын дамытуға және ұжымдық жұмыс істеу дағдыларын қалыптастыруға баса назар аудару маңызды.

«Математика» пәнін оқыту бейнелік және логикалық ойлауын дамытуға; оқу және практикалық міндеттерді табысты шешу үшін қажет пәндік біліктер

мен дағдылар қалыптастыруға; математикалық білімдер негізін меңгертуге; күнделікті өмірде математикалық білімді пайдалану білігін дамытуға бағытталған.

3-сыныпта «Математика» пәні бойынша оқу жүктемесінің көлемі аптасына 5 сағатты, оқу жылында 170 сағатты құрайды.

«Математика» оқу пәнінің мазмұны білім берудің бастауыштан кейінгі деңгейлерінде де оқыту жалғасын табатын бес бөлімнен тұрады:

1. Сандар мен шамалар.
2. Алгебра элементтері.
3. Геометрия элементтері.
4. Жиындар. Логика элементтері.
5. Математикалық модельдеу.

3-сыныпта математиканы оқыту курсы бойында білімдері мен дағдыларын жүйелі дамыту және тереңдету қамтамасыз етіледі, яғни сабақтастық және тереңдету принципі сақталады.

Пәннің оқу бағдарламасына «Комбинаторика», «Тізбектер», «Жиындар және олармен орындалатын амалдар» деп аталатын жаңа бөлімшелер (бүкіл математика курсы бойында білім алушылардың білімінің сабақтастығын қамтамасыз ету үшін, бұл тақырыптар бастауыш мектептің 2013 жылғы оқу бағдарламасында қарастырылмайды) енгізілді.

Мысалы, оқу бағдарламасы «Комбинаторика» бөлімшесі бойынша білім алушылардың мынадай білімдері мен дағдыларын дамытуды қарастырады:

- қоршаған ортадағы заттардан «екі - екіден» комбинациялар жиынын құрастыру;
- қоршаған ортадағы заттардан «үш-үштен» комбинациялар жиынын құрастыру;
- «мүмкіндіктер тармағы» туралы түсінігі болу, күнделікті өмірде кездесетін түрлі жағдаяттар мен есеп шығаруда қолдану;
- «таңдап алу» әдісімен комбинаторлық есептерді шығару.

Жаңа оқу бағдарламасында «Геометрия элементтері» бөлімшесі кеңінен қарастырылған, бұл негізгі орта және жоғары мектепте геометрияны табысты меңгерудің негізі болып табылады.

«Математика» пәнінен оқу бағдарламасының оқу мақсаттары білім алушылардың мыналарды білуіне бағытталған:

- шеңбер мен дөңгелекті, олардың элементтерін (центр, радиус, диаметр) ажырату және атау; симметриялы және симметриялы емес жазық фигураларды айыра білу және оларды қоршаған ортадағы заттармен сәйкестендіру;
- геометриялық фигураларды жіктеу;
- тікбұрышты үшбұрыш, шаршы, тіктөртбұрыш ауданы формуласын: $S = (a \cdot b) : 2$, $S = a^2$, $S = a \cdot b$ шығарып алу және қолдану;
- суретте кескінделген құрастырылған фигуралардың, қоршаған ортадағы жазық фигуралардың периметрін анықтау;
- берілген ауданы бойынша жазық фигуралар салу, олардың пішіндері өзгеруіне қарай ауданының қалай өзгеретінін түсіндіру;

- нүктелі қағазда параллель және қиылысатын түзулерді, қиылысатын геометриялық жазық фигураларды сызу, олардың қиылысу және бірігу аймағын табу;

- берілген қабырғалары бойынша тіктөртбұрыш пен шаршы, циркульдің көмегімен шеңбер салу;

- кеңістіктік геометриялық фигуралардың (тікбұрышты параллелепед, куб) жазбасын дайындау және олардың моделін құрастыру;

- солға және оңға бұрғанда, үстінен және жанынан қарағанда кеңістіктік фигуралардың қалпындағы өзгерістерді түсіндіру;

- жазық фигурада белгіленген нүктелердің орнын бір-біріне қатысты анықтау.

3-сынып білім алушыларының абстрактілі және кеңістікті ойлауын дамытады. Мұғалім білім алушылардың геометриялық түсініктері мен білімдерін кеңейтуге, логикалық, бейнелік ойлауын дамытуға, техникалық ойлау элементтерін және конструкторлық қабілеттерін қалыптастыруға, сондай-ақ 3-сынып білім алушыларының шығармашылық әлеуетін дамытуға назар аударуы қажет.

Математиканы оқыту барысында кейінгі оқу материалын оқып-білу үшін алған білімін және дағдыларын қолдана білуіне маңызды орын беріледі. Білім алушылар белгілі бір ұғымдармен, заңдармен және заңдылығымен оқу жылының бойында бірнеше рет кездеседі. Өткен материал білім алушының іс-әрекеті барысында қайталанатын бұл іс-әрекеттер оқу бағдарламасын берік және саналы меңгеруін қамтамасыз етуге ықпал етеді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәні

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәнін оқыту білім алушылардың ақпараттық сауаттылық негіздерін, АКТ-құзыреттілігін, логикалық және алгоритмдік ойлауын қалыптастыруды көздейді.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» оқу пәнінің интегративті, пәнаралық сипаты бар және бастауыш білім беруде АКТ-құзыреттілік пен жан-жақты оқу іс-әрекеттерін қалыптастырудың өзегі бола алады.

3-сыныптағы «Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқу жүктемесінің көлемі: аптасына 1 сағат, оқу жылында 34 сағат.

«Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар» пәні оқыту процесінде пайдаланылатын оқытуда әдістер мен тәсілдер мынадай:

- ойын арқылы оқыту;
- «компьютерсіз» оқыту;
- АКТ құралдарын пайдалана отырып, шығармашылық жұмыстар;
- шағын зерттеулер.

Осы пәнді оқыту процесінде мына тақырыптарға жобалық жұмыстарды жүргізуді ұсынамыз: «Астана бойынша виртуалды экскурсия», «Интернетте ауа райын жасау», «Мультимедиялық оқиғалар», «Суреттерден, фотографиялардан, аудиожазбалардан, бейнежазбалардан, анимациялардан тұратын оқиғаларды құрастыру», «Мультфильмдер әзірлеу» және т.б.

«Музыка» оқу пәні адам өмірінің бір бөлігі ретінде білім алушылардың

музыкалық білім негіздерін қалыптастыруға, қарапайым орындаушылық білімін, біліктері мен дағдыларын және музыкалық қызмет түрлерін меңгертуге, музыкалық және шығармашылық қабілеттерін дамытуға бағытталған.

3-сыныпта «Музыка» пәні аптасына 1 сағаттан оқытылып, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

«Музыка» пәнінің мазмұны қазақтың музыкалық фольклорының, дәстүрлі, классикалық және заманауи музыканың озық үлгілерін; музыкалық сауат негіздерін; орындау және тәжірибеде музыкамен айналысу үшін музыкалық материалды (композиторлар, халықтық және классикалық музыкалық аспаптар, музыкалық жанрлар мен стильдер туралы мағлұматтар); музыка шығару мен суырып-салмалылыққа арналған музыкалық-шығармашылық тапсырмаларды, сонымен қатар АКТ қолдануды; өнердің басқа түрлерімен және өзге пәндермен пәнаралық байланыс орнатуды қамтиды.

3-сыныптағы «Музыка» оқу пәнінің базалық мазмұны төмендегі бөлімдер арқылы жүзеге асырылады:

1) «Музыка тыңдау, талдау және орындау» (*Музыкалық сауаттылық; Музыканы тыңдау және талқылау; Музыкалық жанрлар; Музыкалық формалар; Аспаптарда ойнау және ән айту*);

2) «Музыкалық-шығармашылық жұмыстар құру»;

3) «Музыкалық-шығармашылық жұмысты көрсету және бағалау».

«Көркем еңбек» оқу пәні – кіріктірілген пән – «Бейнелеу өнері» және «Еңбекке баулу» пәндерінің негізінде әзірленген, бұл пән арқылы «Технология және өнер» білім саласының мазмұны эстетикалық мәнмәтінде өнерді әлемнің біртұтас бейнесіндей эстетикалық түсіну және қабылдаудың жалпы заңдылықтары негізінде іске асырылады.

3-сыныпта «Көркем еңбек» пәні аптасына 1 сағаттан оқытылып, оқу жылында 34 сағатты құрайды.

Оқу пәні түрлі шығармашылық қызметтегі кеңістіктік-бейнелік, шығармашылық ойлауын, рухани-адамгершілік мәдениетін, елесін, қиялын және аңғарымпаздығын, жеке тұлғаның қалыптасуын және өз ойын білдіруін дамытуды қамтамасыз ететін көркем-технологиялық білім, білік және дағдыларды қалыптастыруға бағытталған.

Оқу мақсаттары білім алушыларда белгілі бір дағды қалыптастыру үшін әрекет түрін, орындау техникасын, шығармашылық жұмысты жасаудың материалын мұғалімнің өзі таңдайтындай етіп тұжырымдалған.

«Көркем еңбек» пәні бойынша оқыту процесінде білім алушылардың АКТ құралдарын қолдану дағдыларын дамыту қажет. Ең алдымен, бұл көркем жұмыстарды жасау кезінде сандық компьютерлік технологияларды пайдалану, слайдтық презентацияларды жасау дағдыларын дамыту, шығармашылық жұмысты жасау үшін басқа білім алушылармен ынтымақтастық, қарым-қатынас жасау мен ақпарат алмасу және т.б.

3-сыныпта «Сәулет өнері» ортақ тақырыбының аясында 3.2.3.2 - «Әртүрлі тәсілдермен және материалдармен (ермексаз, қолданыстан шыққан, қағаз материалдары) көлемді пішіндер жасау» оқу мақсатына жету үшін білім

алушылар макеттер мен басқа да бұйымдар жасау кезінде әр түрлі техникалар мен материалдарды пайдалана алады.

Мысалы, «2.2 Шығармашылық жұмысты орындау материалдары мен техникалары» бөлімшесіндегі «3.2.2.1 - Аса күрделі әдістер мен тәсілдерді пайдаланып, материалдарды (көркемдік, табиғи және жасанды) және құралдарды қолдану, эксперимент жүргізу» оқу мақсатына жету кезінде көлемді аппликация техникасын (рулондық қатырма қағаз бен реңктелген қағазды пайдалану), көркем мүсіндеу техникасын (мүсіндеу үшін (пластика) массаны немесе ермексазды пайдалану), аралас техниканы (пластикалық бөтелкелерді, пластилин және т. б. пайдалану) қолдана алады.

«Дене шынықтыру» пәні бағдарламасының мақсаты дене тәрбиесінің негіздерін тану болып табылады. Бағдарлама оқушылардың спорттық-арнайы қозғалыс дағдыларын және дене қабілеттерін меңгертуімен қатар балалардың салауатты дене дамуына ықпал етуі қажет.

3-сыныптағы «Дене шынықтыру» пәні бойынша оқу жүктемесі аптасына 3 сағатты, оқу жылында 102 сағатты құрайды.

Дене шынықтыру сабағы – балаларды дене жаттығуларына жүйелі баулудың негізгі түрі. Дене шынықтыру сабағының негізгі міндеттерінің бірі балаларды дұрыс қозғалу дағдысына үйрету және дене қасиеттерін дамыту болып табылады. Дене шынықтыру сабағының мәні өзара байланысты сауықтыру, білім беру және тәрбиелеу міндеттерін жүйелі жүзеге асыруда жатыр. Олардың орындалуы баланың денесін шынықтыруды, денсаулығын нығайтуды, дұрыс қозғалыс дағдыларын меңгеруді, дене шынықтыру және спортқа деген эмоционалдық оң көзқарасын қалыптастыруды, тұлғалылығын жан-жақты дамытуды қамтамасыз етеді.

Сабақта оқушыларды ұйымдастырудың әдістерін пайдалану мұғалім белгілеген міндеттерге, сабақ жағдайларына, балалардың жас мөлшеріне байланысты болады. Оқыту кезінде ұйымдастырудың түрлі әдістерін, мысалы: жаппай (фронтальды) әдіс, үздіксіз әдіс, ауыспалы әдіс, топтық әдіс, жеке әдіс және т.б. аралас пайдалану дене шынықтыру сабағының тиімділігін арттырады.

Физикалық жүктеме тамырдың соғу қарқынымен анықталады. Жүктеменің жеткілікті деңгейімен дұрыс ұйымдастырылған сабақ кіріспе бөлімнен кейін тамырдың соғу жиілігі 20–25%-дан кем емес көрсеткіш бойынша сипатталады, жалпы дамыту жаттығуларынан кейін – 50%-дан кем емес, негізгі қозғалыстарды үйренгеннен кейін – 25%-дан кем емес, қозғалыс ойындардан кейін – 70–90%, кейде тіпті 100%-ға дейін жетеді. Сабақ соңында тамыр соғысы бастапқы деңгейге дейін қалпына келеді, не болмаса одан 15–20% жоғары болады.

Жаңартылған білім мазмұнын іске асыру барысында 30 пилоттық мектептердің 3-сыныптарында Қазақстан Республикасы Бастауыш білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарты апробациясының мониторингі және осы мектептердің мұғалімдеріне әдістемелік қолдау көрсету жалғасады.

2017-2018 оқу жылы пилоттық мектептердің 3-сыныптарында 1, 2-сыныптарда жүргізілген мониторингтің кезеңдері мен тәртіптері сақталады.

Бастапқы кезеңде статистикалық көрсеткіштерді жинау және талдау, білім алушыларды диагностикалық тестілеу жүргізіледі (қыркүйектің 2-3-ші аптасы). Мектеп директорларының орынбасарлары ТК 1.1А және 1.1Б толтырады, оны Академияға береді. Академия 30 пилоттық және 16 бақылау мектептерінің статистикалық көрсеткіштерін өңдейді, сондай-ақ «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымымен бірге пилоттық және бақылау мектептері 3-сыныптарының білім алушыларына диагностикалық тестілеу (кіруде) ұйымдастырады.

Бастауыш сыныптардың мұғалімдері ТК 2.1 және 3.1 толтырады. Мектеп директорларының орынбасарлары ТК 4.1 толтырады.

Екінші кезеңде алынған бастапқы деректерге талдау жасалады (қараша, қаңтар).

Бастапқы деректер талдауын Ұлттық білім академиясының қызметкерлері «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымымен бірге жүзеге асырады және пәндер бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларын, бағалау жөніндегі нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсыныстарды, ОӘК қолдану барысында мұғалімдерде туындаған проблемалар тізбесін жасайды.

Үшінші кезеңде мектептерге ресми түрде бару басталады (ақпан). Мектептерге ресми түрде бару бастапқы деректерді талдау кезінде анықталған проблемаларды зерделеу, апробация кезінде мектептерге әдістемелік қолдау көрсету мақсатында жүргізіледі және бақылау қызметін атқармайды.

Мектептерге бару кезінде мұғалімдердің, білім алушылардың, ата-аналар мен мектеп әкімшілігінің оқу бағдарламалары мен жоспарларының, ОӘК, бағалау жөніндегі нұсқаулықтар мен әдістемелік ұсыныстардың сапасы туралы пікірлері зерделенеді, апробация процесі кезінде мұғалімдерді әкімшілік тарапынан қолдау деңгейі анықталады.

3-тоқсанның соңында бастауыш сынып мұғалімдері ТК 2.1, 2.2, 3.1, мектеп директорларының орынбасарлары ТК 5.1 толтырады.

Төртінші кезеңде статистикалық көрсеткіштерді түзету және талдау, шығуда диагностикалық тестілеу (сәуір) жүргізіледі. Тестілеу нәтижелері бойынша пилоттық және бақылау мектептері білім алушыларының даму деңгейін кірудегі және шығудағы деректері негізінде салыстырмалы талдау жасалады. 4-тоқсанның соңында 3-сынып мұғалімдері ТК 2.1 және 3.1 толтырады.

Бесінші кезең бағалау жөніндегі оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсыныстарға, ОӘК өзгерістер енгізу бойынша қорытындылар мен ұсыныстардан тұрады (мамыр).

Ұлттық білім академиясы келісілген форма бойынша оқу бағдарламалары мен жоспарларына, бағалау жөніндегі оқу бағдарламалары, әдістемелік ұсыныстарға, ОӘК енгізетін өзгерістерді «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымымен үйлестіреді.

«Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымы Ұлттық білім академиясымен бірге қорытынды есептерді жасайды және құжаттарға өзгеріс енгізу жөніндегі ұсыныстарды дайындайды.

Алтыншы кезеңде өзгерістерді бекіту жүргізіледі (маусым).

Өзгерістерді енгізу бойынша қорытындылар мен ұсыныстар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі Үйлестіру кеңесіне енгізілген ұсыныстарды бекіту жөнінде шешім шығару үшін беріледі. Ұлттық білім академиясы және «Назарбаев Зияткерлік мектептері» Дербес білім беру ұйымының жұмыс топтары бекітілген өзгерістерді енгізеді.

Енгізілген барлық өзгерістерімен құжаттардың соңғы нұсқалары Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі бекітеді және барлық мүдделі тараптардың назарына ұсынады.

Пилоттық мектептердің 3-сыныптарына арналған *критериалды бағалау жүйесінің мазмұны* бастауыш мектеп деңгейіне қатысты бекітілген нормативтік-құқықтық актілермен және әдістемелік-нұсқаулық материалдармен реттеледі.

Оқу бағдарламасы мазмұнын меңгеруді тексеру мақсатында барлық оқу пәндері бойынша 3-сынып білім алушыларының оқу жетістіктерін критериалды бағалау өткізіледі. Критериалды бағалау жүйесі қалыптастырушы және жиынтық бағалауды қамтиды.

Қалыптастырушы бағалау кезінде білім алушыларға үздіксіз кері байланыс беріледі. Баға, балл қою жүргізілмейді, алайда мұғалім оқыту барысында оқу процесін дер кезінде түзетеді, білім алушылардың ықтимал олқылықтары мен кемшіліктерін жиынтық бағалауды өткізгенге дейін жояды.

Жиынтық бағалауды білім алушының оқу бағдарламасындағы бөлім/ортақ тақырыптар бойынша белгілі бір оқу кезеңінде (тоқсан, триместр, оқу жылы) оқуды аяқтағандағы ілгерілеуі туралы ақпаратты баға, балл қою арқылы мұғалімге, білім алушыға, ата-анаға жеткізу мақсатында өткізеді.

Жиынтық бағалау «Өзін-өзі тану», «Музыка», «Дене шынықтыру», «Көркем еңбек» пәндерінен басқа барлық пәндер бойынша өткізіледі. Бұл пәндер бойынша қалыптастырушы бағалау өткізіледі. Пән бойынша білім алушылардың қалыптастырушы бағалау нәтижелері оқушылар мен ата-аналарға берілетін кері байланыс үшін материал болып саналады. Дене шынықтыру бойынша «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы тоқсанның және оқу жылының соңында, ал қалған үш пән бойынша жартыжылдықтың және оқу жылының соңында «есептелінді»/«есептелінген жоқ» бағасы сынып журналына қойылады.

1-қосымша

Балды бағаға ауыстыру шкаласы

Жиынтық бағалау балының пайыздық мазмұны	Бағалау көрсеткіші	Баға
0 %–36%	Қанағаттанғысыз	«2»
40%–64%	Қанағаттанарлық	«3»
65%–84%	Жақсы	«4»
85%–100%	Өте жақсы	«5»

Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалаудың қорытындысы туралы ата-аналарға арналған ақпарат (рубрикалар)

Білім алушының аты-жөні	_____	Пән	_____
	_____	Сынып	_____
Тоқсан _____			
Бөлім/ортақ тақырыптар бойынша жиынтық бағалау «_____»			
Бағалау критерийлері	Оқу жетістігі деңгейі		
	Төмен	Орта	Жоғары
(бағалау критерийлерінің тұжырымдамасы)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің төмен деңгейінің сипаты)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің орта деңгейінің сипаты)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің жоғары деңгейінің сипаты)
(бағалау критерийлерінің тұжырымдамасы)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің төмен деңгейінің сипаты)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің орта деңгейінің сипаты)	(бағалау критерийлері бойынша білім алушылардың оқу жетістігінің жоғары деңгейінің сипаты)
Мұғалімнің қосымша пікірлері:	(мұғалімнің пікірі)		

Мұғалімнің аты-жөні: _____

Қолы: _____

Күні _____

3-сыныпта жүргізілетін жиынтық бағалау рәсімдерінің саны

№	Пәндер	Жиынтық бағалау рәсімдері			
		I тоқсандағы ЖБ саны	II тоқсандағы ЖБ саны	III тоқсандағы ЖБ саны	IV тоқсандағы ЖБ саны
1	Қазақ тілі	2*	2*	2*	2*
2	Әдебиеттік оқу	2*	2*	2*	2*
3	Русский язык (Я2)	2*	2*	2*	2*
4	Ағылшын тілі	2*	2*	2*	2*
5	Математика	3	3	3	3
6	Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар	2	2	2	2
7	Жаратылыстану	2	2	3	1
8	Дүниетану	2	2	2	2

* –Тексерілетін сөйлеу әрекетінің әрбір түрі үшін балдарды қою

12 ПИЛОТТЫҚ ОРТА БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНДА ЖАН БАСЫНА НОРМАТИВТІК ҚАРЖЫЛАНДЫРУДЫ ІСКЕ АСЫРУ ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Қазақстан Республикасында білім беруді және ғылымды дамытудың 2016-2019 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасында (бұдан әрі – Бағдарлама) апробацияның оң қорытындысы бойынша барлық қалалық мектептерде жан басына нормативтік қаржыландыруды енгізу процесін 2019 жылы аяқтау көзделген.

Жан басына қаржыландырудың мақсаттары:

- МЖМБС талаптарына сәйкес балалардың орта білім алуына арналған базалық шығыстарды анықтаудың бірыңғай тәсілін қалыптастыру;
- шығыстардың мөлшеріне әсер ететін объективті факторларды есепке алу (орналасу орнына, білім беру бағдарламалары түріне және білім беру деңгейіне байланысты);
- ұйымдарды емес, балаларды қолдаудың атаулы жүйесіне көшу және мемлекеттік шығыстарды мектепке емес, 1 оқушы басына жоспарлау;
- мектептерге қаржылық дербестік беру және менеджмент деңгейін, шешім қабылдаудағы ашықтықты арттыру;
- бюджет қаражатын ашық, әділ және мақсатты жұмсау болып табылады.

Бөлінетін бюджет қаражатының көлемі мектептердегі білім алушылардың санына байланысты.

Қазіргі уақытта білім беру процесі мен білім беру ортасына арналған шығыстар: білім беру процесіне қатысатын басқарушылық және негізгі персоналдың жалақысын, білім беру процесіне қатыспайтын басқарушылық, негізгі, әкімшілік, қосалқы және жұмысшы персоналының жалақысын; білім беру процесін ұйымдастыруға және жүзеге асыруға арналған шығыстарды; пошта және телефон байланыс қызметін төлеу шығыстарын; ғимараттарды, құрылыстарды, технологиялық жабдықтарды, компьютерлік және кеңсе техникасын, интерактивті жүйелерді ағымдағы жөндеуге, ұстауға және қызмет көрсетуге арналған шығыстарды; білім беру процесінде қолданылмайтын білім беру ұйымының қызметін қамтамасыз ету үшін қажетті тауарларды сатып алу шығындарын қамтиды.

Жан басына қаржыландыру еңбекақы төлеудің жаңа үлгісі емес, ол білім беру процесі мен білім беру ортасын іске асыруды қамтамасыз ету үшін мектептерге бюджет қаражатын бөлудің механизмі болып табылады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақы төлеу саласындағы барлық кепілдіктер сақталады. Мектеп қызметкерлеріне еңбекақыны есептеу және төлеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2015 жылғы 31 желтоқсандағы № 1193 қаулысына сәйкес жүргізіледі.

Жан басына қаржыландыру нормативінің мөлшері (яғни, 1 оқушыны оқыту құны) бір оқу жылына Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 30 қазандағы №440 бұйрығымен бекітілген орта білімді жан басына нормативтік қаржыландыру әдістемесі негізінде есептеледі.

1 оқушыны оқыту құны білім беру бағдарламаларының түріне, деңгейіне және жүзеге асырылу орнына байланысты өзгеріп отырады.

«Қаржы орталығы» АҚ мемлекеттік тапсырыс аясында пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландырудың енгізілуін қолдау және мониторингілеу қызметтерін көрсетеді.

2013 жылдың 1 қыркүйегінен бастап орта білім беруді жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізу республиканың 5 облысындағы (Ақмола, Алматы, Ақтөбе, Шығыс Қазақстан және Оңтүстік Қазақстан облыстары) 63 пилоттық мектепте жүзеге асырылуда. 2015 жылға дейін сынақтан өткізу 1-11 сыныптарда өткізілді.

2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР Үкіметінің шешімі бойынша жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізу республиканың 5 өңіріндегі 63 пилоттық мектептің 10-11 сыныптарында ғана одан әрі жалғастырылды.

2016 жылдың 1 қыркүйегінен бастап ҚР Үкіметі білім беру процесінің шығындар құрылымын, формуласын, сондай-ақ білім беру ортасын нормалауды қайта қарауды ескеріп республиканың 5 өңіріндегі пилоттық 63 мектептің 1-11 сыныптарында сынақтан өткізуді жалғастыру туралы шешім қабылдады.

2017 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚР БҒМ-ның шешімі бойынша орта білім беруді жан басына қаржыландыруды сынақтан өткізуге Астана қаласынан 5 және Алматы қаласынан 5 мектептен қосымша енгізілді.

Пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландыруды сынақтан өткізудің 4 жылдағы қорытындыларын талдау мынаны көрсетті.

2014-2015 оқу жылы пилоттық мектептерде өз біліктілігін арттырған қызметкерлердің саны 128 адамға көбейді, бұл қызметкерлердің жалпы орташа жылдық санының шамамен үштен бір бөлігін құрайды. Бұл 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 2,2%-ға және 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда 7,5%-ға көп.

Пилоттық мектептердің жоғары, бірінші және екінші санатты педагогикалық қызметкерлерінің үлесі 2013-2014 оқу жылы 60%-дан 2014-2015 оқу жылы 79%-ға дейін артты (2012-2013 оқу жылы бұл көрсеткіш 58%-ды құрады).

Балаларды дамытуға арналған үйірмелер мен секциялар 2013-2014 оқу жылымен салыстырғанда 243 бірлікке, 2012-2013 оқу жылымен салыстырғанда 416 бірлікке артып, 2014-2015 оқу жылы 1196 бірлікті құрады.

Егер 2012-2013 оқу жылы - 445, ал 2013-2014 оқу жылы 651 оқушыларға арналған танымдық және өнегелік іс-шаралар, мұғалімдерге тренингтер өткізілген болса, 2014-2015 оқу жылы бұл көрсеткіш 757 бірлікті құрады.

2014-2015 оқу жылы пилоттық мектептердің педагогтары шығарған әдістемелік құралдар мен басқа басылымдардың саны 2492-ге жетті. Бұл 2013-

2014 оқу жылымен салыстырғанда 2 есеге және 2012-2013 оқу жылының көрсеткішінен 2,1 есеге асып түсті.

Оқушылардың жалпы санына қарағанда конкурстар мен жарыстарда жеңімпаз, жүлдегер, лауреат атанған оқушылардың үлесі 2014-2015 оқу жылы 21% құрады. 2013-2014 оқу жылы бұл көрсеткіш 23%-ды, 2012-2013 оқу жылы 18%-ды құрады.

Пилоттық мектептердегі ҰБТ-ның орташа көрсеткіші соңғы үш жылда 71 балдан 80 балға дейін артты.

Ынталандыру төлемдері мен сыйлықақылардың арқасында пилоттық мектептердегі педагогикалық қызметкерлердің орташа айлық жалақысы 2014-2015 оқу жылы инфляция деңгейін есептемегенде 105,3 мың теңгені құрады, бұл сынақтан өткізудің бірінші жылындағыдан 1,5 есе жоғары.

Жоғарыда аталған сынақтан өткізу оқу жылдарының нәтижелері қаржыландыру принципін өзгерту мен білім беру сапасының оң динамикасы арасындағы өзара тікелей байланыс туралы қорытынды жасауға мүмкіндік береді.

2015-2016 оқу жылы бүкіл кезең бойы пилоттық жобаға бес облыстағы бұрыннан қатысатын 63 пилоттық мектептің 10-11 сыныптарының оқушылары ғана қатысты.

Осыған байланысты, пилоттық жобаның 2015-2016 оқу жылындағы форматы 2014-2015 оқу жылындағысынан өзгеше, тек кейбір көрсеткіштерді ғана салыстыруға болады. Олар мынадай:

1) пилоттық мектептердегі 10-11 сыныптардың орташа толымдылығы 20 адамды құрады. Оңтүстік Қазақстан облысының пилоттық мектептердегі сыныптардың ең жоғарғы толымдылығы – 24 оқушы. Бұл көрсеткіш 2014-2015 оқу жылының деңгейінде қалып отыр;

2) 10-11 сыныптардың жыл сайынғы үлгерімін бақылаудың 2015-2016 оқу жылындағы нәтижесі 56,7 балл, бұл 2014-2015 оқу жылының көрсеткішінен 1,5 балға жоғары. Пилоттық мектептері оқушыларының үлгерімі бойынша ең жоғарғы орташа көрсеткіш Оңтүстік Қазақстан облысы оқушыларында – 72 балл, ең төменгі көрсеткіш – 48 балл Алматы облысына тиесілі;

3) пилоттық мектептердегі «Алтын белгі» иегерлерінің саны 8 адамға артып, соңғы оқу жылында 74 адамды құрады;

4) жалпы орта білім туралы үздік аттестат алған түлектердің саны 2015-2016 оқу жылы 55 адамға жетті. 2014-2015 оқу жылы мұндай оқушылардың саны 22 адам болатын, яғни бұл көрсеткіш 2,5 есеге артты.

5) пилоттық мектептердегі соңғы оқу жылына ҰБТ-ның орташа көрсеткіші 76,8 балды құрады. ҰБТ-ны орташа 86,3 балмен Ақтөбе облысындағы және 84,6 балмен Шығыс Қазақстан облысындағы пилоттық мектептердің оқушылары оқу жылын әлдеқайда сәтті аяқтады. Бұл ретте 2014-2015 оқу жылымен салыстырғанда, көрсеткіштің 1,8 балға төмендегені байқалады.

2015-2016 оқу жылының қалған көрсеткіштері алдындағы оқу жылының деректерімен салыстыруға келмейді.

Қазіргі уақытта Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі 2018 жылдың 1 қаңтарынан бастап Астана мен Алматы қалаларының барлық мектептерін жан басына қаржыландырудан апробацияға қатыстыру туралы мәселені қарастыруда.

**1-8-сыныптарға арналған «Жолда жүру ережелері» оқу пәнінің
үлгілік күнтізбелік-тақырыптық жоспары**

1-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Көше күтпеген оқиғаларға толы.	1
2.	қазан	Жаяу жүргінші өтпелері.	1
3.	желтоқсан	Реттелетін жол қиылыстары. Бағдаршам.	1
4.	наурыз	Автобуспен немесе троллейбуспен сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Қай жерде ойнауға болады және қай жерде ойнауға болмайды.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

2-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Білім алушылардың көшеде және жолдарда жүрудің негізгі ережелері	1
2.	қазан	Реттелмейтін жол қиылыстары.	1
3.	желтоқсан	Реттеуші және оның белгілері.	1
4.	наурыз	Трамвайда және көліктің басқа да түрлерінде сапарға шығу.	1
5.	сәуір	Мектепке жол (Сенің күнделікті бағытын.)	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

3-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Балалардың көшеде, жолда жүру ережелері.	1
2.	қазан	Қай жерлерден жолдан өтуге болады.	1
3.	желтоқсан	Жол жүру белгілері және таңбалары.	1

4.	наурыз	Жарақаттанғанда көрсетілетін алғашқы медициналық көмек.	1
5.	сәуір	Сен – велосипедші.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

4-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелерін білеміз бе?	1
2.	қазан	Білім алушылардың топпен және қатармен жүру ережелері.	1
3.	желтоқсан	Жол жағдайларын макетте (пішімде) талдау. Арнайы авто алаңда өткізілетін тәжірибелік сабақтар.	1
4.	наурыз	Темір жол өтпелері.	1
5.	сәуір	Жарақаттар кезінде алғашқы медициналық көмек көрсету біліктілігін арттыру.	1
6.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
Барлығы:			6

5-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Біздің қала (ауыл), аудан.	1
2.	қазан	Жол таңбаларының белгіленуі.	1
3.	қараша	Қосымша секциялары бар бағдаршамдар.	1
4.	желтоқсан	Жол реттеушісінің белгілері.	1
5.	қаңтар	Жол жүру белгілері және олардың қолданысы.	1
6.	ақпан	Жүргізушінің еңбегінің ерекшеліктері мен негізгі міндеттері. Қазіргі заманғы көлік – жоғары қауіпті аймақ. Қоғамдық көлік.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысының қауіпсіздігіне ауа-райының әсер етуі.	1
8.	сәуір	Велосипедпен жүру.	1
9.	сәуір	Жараланған кезде алғашқы медициналық көмек көрсету. Жоғарғы және төменгі аяқ-қол дене бөліктерінің сынған немесе буын шығып	1

		кеткен кезде алғашқы медициналық көмек көрсету ережелері.	
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	10

6-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережелері (қайталау).	1
2.	қазан	Көлік құралдарының қозғалысы. Көлік құралдарының аялдама жолдары.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының нөмірлік, тану белгілері мен жазбалары.	1
4.	желтоқсан	Жол-көлік оқиғасы уақытындағы оқушылардың мінез-құлқы.	1
5.	қаңтар	Түрлі жарақаттар алған жағдайда алғашқы медициналық көмек.	1
6.	ақпан	Жол қозғалысының қауіпсіздігі.	1
7.	наурыз	Жол қозғалысына қатысушылардың құқықтары, міндеттері мен жауапкершіліктері.	1
8.	сәуір	жаяу жүргіншілерге арналған жол жүру ережесі. Жол "қақпан".	1
9.	сәуір	Жол-көлік оқиғаларына әкеп соқтыратын жол жағдайларын зерттеу .	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	10

7-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Автокөліктің еліміздің экономикасындағы рөлі.	1
2.	қазан	Көлік құралдарын пайдалану ережелері.	1
3.	қараша	Көлік құралдарының аялдау және тұрақтау орындары.	1
4.	желтоқсан	Интервал және арақашықтық. Қозғалыс жылдамдығы.	1
5.	қаңтар	Қозғалыс жол жолағы. Басып озу.	1

6.	ақпан	Жүргізушілердің жұмыс қабілеттілігі және олардың сенімділігі.	1
7.	наурыз	Автокөлікте медициналық қобдишаның болуы.	1
8.	сәуір	Темір жол қиылысынан өту. Қала сыртындағы жолдарда жүру ережелері.	1
9.	сәуір	велосипедшілер, мопедшілердің жолда жүру ережелері. Велосипедпен, мотоциклмен жолаушыларды және жүкті тасымалдау ережелері.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	10

8-сынып

№ р/с	Айлар	Тақырыптың атауы	Сағат саны
1.	қыркүйек	Жол жүру ережесінің пайда болу. Жол белгілерінің халықаралық тілі.	1
2.	қазан	Қозғалысты реттеу нысандары.	1
3.	қараша	Жол белгілері.	1
4.	желтоқсан	Жаяу жүргіншілер мен велосипедшілердің міндеттері мен жол жүру ережелерін бұзғаны үшін жауапкершілігі.	1
5.	қаңтар	Бастауыш сынып оқушыларымен ЖЖЕ (жол жүру ережелері бойынша) әңгімелесу.	1
6.	ақпан	Жол қиылысынан өту және жаяу жүргіншілер өтпелері. Қоғамдық көлік аялдамалары.	1
7.	наурыз	Жол-көлік оқиғасы уақытында есінен таңған адамдарға берілетін алғашқы медициналық көмек.	1
8.	сәуір	Буын шығып кеткен кездегі алғашқы медициналық көмек. Күйікке шалдыққан кездегі алғашқы медициналық көмек.	1
9.	сәуір	Аспалы қозғалтқышы бар велосипедтерге қойылатын техникалық талаптар. Велосипедшілер қозғалысына қойылатын қосымша талаптар.	1
10.	мамыр	Қорытынды сабақ.	1
		Барлығы:	10

МАЗМҰНЫ

Жалпы ережелер	3
1 12 жылдық білім беруге көшу. Мектепалды даярлық сыныптарында және топтарында тәрбиелеу-оқыту процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	41
2 Жалпы білім беру ұйымдарындағы тәрбие жұмысының ерекшеліктері	49
3 2012 жылғы МЖМБС және 2013 жылы енгізілген оқу бағдарламалары бойынша оқитын мектептерде білім беру процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері	67
«Тіл және әдебиет» білім саласы	67
«Математика» білім саласы	80
«Жаратылыстану» білім саласы	84
«Адам және қоғам» білім саласы	85
«Өнер» білім саласы	86
«Технология» білім саласы	88
«Дене шынықтыру» білім саласы	89
3.1 Негізгі орта білім деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері (6, 8, 9-сыныптар)	91
«Тіл және әдебиет» білім саласы	91
«Математика және информатика» білім саласы	117
«Жаратылыстану» білім саласы	119
«Адам және қоғам» білім саласы	132
«Өнер» білім саласы	137
«Технология» білім саласы	140
«Дене шынықтыру» білім саласы	146
3.2 Жалпы орта білім деңгейіндегі пәндерді оқыту ерекшеліктері	149
«Тіл және әдебиет» білім саласы	149
«Математика» білім саласы	179
«Жаратылыстану» білім саласы	184
«Адам және қоғам» білім саласы	190
«Технология» білім саласы	201
«Дене шынықтыру» білім саласы	203
4 Жаңартылған білім мазмұны бойынша білім беруді ұйымдастырудың ерекшеліктері	209
4.1 Бастауыш мектептің 1,2-сыныптарына арналған оқу пәндері мазмұнының әдістемелік ерекшеліктері	216
«Тіл және әдебиет» білім саласы	216
«Математика және информатика» білім саласы	225
«Жаратылыстану» білім саласы	226
«Адам және қоғам» білім саласы	227
«Технология» білім саласы	229
«Дене шынықтыру» білім саласы	230
4.2 5,7-сыныптарда жаңартылған білім мазмұны бойынша оқу процесін ұйымдастыру ерекшеліктері	232
«Тіл және әдебиет» білім саласы	232
«Математика және информатика» білім саласы	243
«Жаратылыстану» білім саласы	248
«Адам және қоғам» білім саласы	260
«Өнер» білім саласы	268
«Дене шынықтыру» білім саласы	272

5	Зайырлылық және дінтану негіздері курсы оқыту туралы	275
6	Шағын жинақты мектептерде оқыту ерекшеліктері	280
7	Мамандандырылған білім беру ұйымдарында оқыту ерекшеліктері	296
8	Кешкі мектептерде оқыту ерекшеліктері	301
9	Инклюзивті білім беруді жүзеге асыратын жалпы білім беру ұйымдарында оқытудың ерекшеліктері	306
10	Қазақстан Республикасының жалпы білім беру мектептеріндегі балаларға қосымша білім берудің ерекшеліктері	311
11	Пилоттық орта білім беру ұйымдарында бастауыш мектептің оқу бағдарламаларын апробациядан өткізу туралы (Қосымшалар 1-3)	318
12	Пилоттық орта білім беру ұйымдарында жан басына нормативтік қаржыландыруды іске асырудың ерекшеліктері	330
	Қосымша 4	334

**2017-2018 оқу жылында Қазақстан Республикасының
жалпы орта білім беретін ұйымдарында
оқу процесін ұйымдастырудың ерекшеліктері туралы**

Әдістемелік нұсқау хат

Басуға 24.04.2017 ж. қол қойылды. Пішімі 60×84 1/16.
Қағазы офсеттік. Офсеттік басылыс.
Қаріп түрі «Times New Roman». Шартты баспа табағы23.

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Ы. Алтынсарин атындағы Ұлттық білім академиясы» РМҚК
010000, Астана қ., Орынбор көшесі 4, «Алтын Орда» БО, 15-қабат.